6. Xiwei L. Exploring the classification and implications of foreign language anxiety // Lecture Notes in Education Psychology and Public Media. – №28(1). – 2023. – P. 161-165. DOI: https://doi.org/10.54254/2753-7048/28/20231322
7. Al-Saraj T.M. Foreign language anxiety in female Arabs learning English: case studies // Innovation in Language Learning and Teaching. – №8(3). – 2014. – P. 257-278. DOI: https://doi.org/10.1080/17501229.2013.837912
8. Özer Ö., Uzun N., & Çakır Ö. Akademisyenlerin yabancı dilde sözlü iletişim kurabilme özyeterlik inançlarını etkileyen faktörler // Dil Eğitimi Ve Araştırmaları Dergisi. – №6(2). – 2020. – P. 693-710. DOI: https://doi.org/10.31464/jlere.774718
9. Thupayagale-Tshweneagae G., Baratedi W., Sebola B., Raditloko S., & Dithole K. Foreign nurse educators' lived experiences of incivility: the case for Botswana // Curationis. – №43(1). – 2020. DOI: https://doi.org/10.4102/curationis.v43i1.2162
10. Mitchell T., Pessoa S., Gomez-Laich M., & Maune M. Degrees of reasoning: student uptake of a language-focused approach to scaffolding patterns of logical reasoning in the case analysis genre // TESOL Quarterly. – №55(4). – 2021. – P. 1278-1310. DOI: https://doi.org/10.1002/tesq.3085
11. Myrhøj C., Viftrup D., Jarden M., & Clemmensen S. Interdisciplinary collaboration in serious illness conversations in patients with multiple myeloma and caregivers – a qualitative study // BMC Palliative Care. – №22(1). – 2023. DOI: https://doi.org/10.1186/s12904-023-01221-5
12. Hjelle K., Skutle O., Alvsvåg H., & Førland O. Reablement teams' roles: a qualitative study of interdisciplinary teams' experiences // Journal of Multidisciplinary Healthcare. – №11. – 2018. – P. 305-316. DOI: https://doi.org/10.2147/jmdh.s160480
13. Bender M., Connelly C., & Brown C. Interdisciplinary collaboration: the role of the clinical nurse leader // Journal of Nursing Management. – №21(1). – 2012. – P. 165-174. DOI: https://doi.org/10.1111/j.1365-2834.2012.01385.x
14. Gilligan J. Expertise across disciplines: establishing common ground in interdisciplinary disaster research teams // Risk Analysis. – №41(7). – 2019. – P. 1171-1177. DOI: https://doi.org/10.1111/risa.13407
15. Flavian H., & Dan D. Assessing teachers' use of language and their teaching quality // Quality Assurance in Education. – №26(4). – 2018. – P. 466-475. DOI: https://doi.org/10.1108/qae-03-2018-0024
16. Wagner M., Kupriyanova M., Maximova O., & Ovezova U. Improving the effectiveness of teaching: the impact of interactive methods in teaching English students as they increase their

proficiency level to B2 // Theory and Practice in Language Studies. – №12(11). – 2022. – P. 2232-2238. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1211.02

17. Amir A. A holistic model for disciplinary professional development—overcoming the disciplinary barriers to implementing ICT in teaching // Education Sciences. – №13(11). – 2023. – P. 1093. DOI: https://doi.org/10.3390/educsci13111093

18. Nugroho H., Widiati U., & Susanti A. EFL teachers' perceptions on professional development for language proficiency maintenance and improvement // International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE). – №11(3). – 2022. – P. 1585. DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v11i3.22966

19. Belyaeva I., Samorodova E., Voron O., & Zakirova E. Analysis of innovative methods' effectiveness in teaching foreign languages for special purposes used for the formation of future specialists' professional competencies // Education Sciences. – №9(3). – 2019. – P. 171. DOI: https://doi.org/10.3390/educsci9030171

20. Buendia X., & Macias D. The professional development of English language teachers in Colombia: a review of the literature // Colombian Applied Linguistics Journal. – №21(1). – 2019. – P. 89–102. DOI: https://doi.org/10.14483/22487085.12966

21. Chu W., Liu H., & Fang F. A tale of three excellent Chinese EFL teachers: unpacking teacher professional qualities for their sustainable career trajectories from an ecological perspective // Sustainability. – №13(12). – 2021. – P. 6721. DOI: https://doi.org/10.3390/su13126721

А.К. БАКЫТЖАНОВА
ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Алматы, Қазақстан

SCOPUS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР БАЗАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ КӘСІБИ ТІЛ ПРОБЛЕМАСЫ

Аңдатпа. Мақала кәсіби тіл проблемасын, оның ғылыми және кәсіби қызмет салаларының әр түрлі аспектілеріне әсерін талдауға арналған, бұл зерттеу мәселесін 1942-2024 жылдар аралығында Scopus дерекқорындағы ғылыми жарияланымдар санының өсуін анықтап растайды. Тақырыптың өзектілігі тиімді пәнаралық коммуникацияға деген қажеттіліктің артуымен және кәсіби тілдің білім беру мен халықаралық контексте бейімделу сұранысының артуына байланысты.

Зерттеудің мақсаты «кәсіби» және «тіл» кілт сөздері негізінде анықталған 1520 ғылыми жарияланымды талдау арқылы кәсіби тілді зерделеудің негізгі бағыттары мен үрдістерін айқындау болып табылады. Зерттеу әдіснамасы іріктелген ғылыми жарияланымдардың мазмұнын контент-талдауға алу және осы проблемаға деген қызығушылықтың өсуінің сандық көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берген SPSS бағдарламасын пайдалана отырып, деректерді статистикалық талдауды қамтиды.

Зерттеудің теориялық маңызы кәсіби тіл туралы білімді және оның пәнаралық байланыстардағы, білім беру практикасы мен кәсіби құзыреттілікті дамытудағы рөлдерін жүйелеуде жатыр. Зерттеудің практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді коммуникациялық стратегияларды арттыру, білім беру бағдарламаларын жетілдіру және мамандарды кәсіби дамыту үшін қолдану мүмкіндігімен анықталады.

Зерттеу нәтижелері кәсіби тіл мәселелеріне арналған ғылыми жарияланымдар санының тұрақты өсімін көрсетті, бұл академиялық қауымдастықтың осы проблемаға деген қызығушылығының артып келе жатқанын сипаттайды. Зерттеудің қорытындылары әлемдік ғылыми қауымдастықта кәсіби тіл мен коммуникацияны жетілдіруге бағытталған ізденістер мен практикалық шараларды жүргізу қажеттігіне баса назар аудартады.

Түйін сөздер: кәсіби тіл, тілдік тұлға, кәсіби тұлға, лингвистикалық құзыреттілік, пәнаралық коммуникация, білім беру, ғылыми жарияланымдарды талдау, статистикалық талдау.

А.К. БАКЫТЖАНОВА
Академия государственного управления при Президенте РК,
Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКА В НАУЧНЫХ ПУБЛИКАЦИЯХ МЕЖДУНАРОДНОЙ БАЗЫ ДАННЫХ SCOPUS

Аннотация. Статья посвящена анализу проблемы профессионального языка и его влияния на различные аспекты научной и профессиональной деятельности, что подтверждается увеличением числа исследовательских публикаций в базе данных Scopus с 1942 по 2024 годы. Актуальность темы обусловлена растущей необходимостью эффективной междисциплинарной коммуникации и адаптации профессионального языка в образовательных и международных контекстах.

Цель исследования заключается в выявлении основных направлений и тенденций в изучении профессионального языка на основе анализа 1520 научных публикаций, отобранных по ключевым словам «professional» и «language». Методология исследования включает контент-анализ отобранных научных публикаций и статистический анализ данных с использованием программы SPSS, что позволило получить количественные показатели роста интереса к данной проблеме.

Теоретическая значимость исследования состоит в систематизации знаний о профессиональном языке и его роли в междисциплинарном взаимодействии, образовательных практиках и развитии профессиональной компетентности. Практическая значимость исследования определяется возможностью применения полученных результатов для совершенствованиястратегийкоммуникации,образовательныхпрограммипрофессионального развития специалистов.

Результаты исследования показали устойчивый рост числа научных публикаций по теме профессионального языка, что отражает усиливающийся интерес академического сообщества к данной проблематике. Выводы подчеркивают необходимость дальнейших исследований и практических мер, направленных на улучшение профессионального языка и коммуникации в глобальном научном сообществе.

Ключевые слова: профессиональный язык, языковая личность, профессиональная личность, лингвистическая компетентность, междисциплинарная коммуникация, образование, анализ научных публикаций, статистический анализ.

References

1. Bakurova Y., Parshutkina T., Kudryavtseva O., & Chernovol M. Formation of research skills in university non-linguistic training profile students during the implementation of a professionally oriented distance course in a foreign language // Laplage Em Revista. – №7 (Extra-E). – 2021. – P. 91-98. DOI: https://doi.org/10.24115/s2446-622020217extra-e1165p.91-98

2. Shin J., Jung J., Postiglione G., & Azman N. Research productivity of returnees from study abroad in Korea, Hong Kong, and Malaysia // Minerva. – №52(4). – 2014. – P. 467-487. DOI: https://doi.org/10.1007/s11024-014-9259-9

3. Tleuzhanova G., Syrymbetova L., Mekezhanova A., Sarzhanova G., & Kulsharipova Z. Subject-based speaking kak metod razvitia inoiazychnoi profesionälnoi kompetensii // Journal of Siberian Federal University Humanities & Social Sciences. – №14(3). – 2021. – P. 408-425. DOI: https://doi.org/10.17516/1997-1370-0731

4. Rizakhojayeva G., Yussupova G., Mamyrbayeva B., & Meirbekov A. Professional foreign language training in the context of the digital university // International Journal of Engineering Pedagogy (iJEP). – №11(6). – 2021. – P. 50-69. DOI: https://doi.org/10.3991/ijep.v11i6.23421

5. Bobek A., & Devitt C. Ethnically diverse workplaces in Irish hospitals // Employee Relations. – №39(7). – 2017. – P. 1015-1029. DOI: https://doi.org/10.1108/er-04-2016-0067

6. Xiwei L. Exploring the classification and implications of foreign language anxiety // Lecture Notes in Education Psychology and Public Media. – №28(1). – 2023. – P. 161-165. DOI: https://doi.org/10.54254/2753-7048/28/20231322

7. Al-Saraj T.M. Foreign language anxiety in female Arabs learning English: case studies // Innovation in Language Learning and Teaching. – №8(3). – 2014. – P. 257-278. DOI: https://doi.org/10.1080/17501229.2013.837912

8. Özer Ö., Uzun N., & Çakır Ö. Akademisyenlerin yabancı dilde sözlü iletişim kurabilme özyeterlik inançlarını etkileyen faktörler // Dil Eğitimi Ve Araştırmaları Dergisi. – №6(2). – 2020. – P. 693-710. DOI: https://doi.org/10.31464/jlere.774718

9. Thupayagale-Tshweneagae G., Baratedi W., Sebola B., Raditloko S., & Dithole K. Foreign nurse educators' lived experiences of incivility: the case for Botswana // Curationis. – №43(1). – 2020. DOI: https://doi.org/10.4102/curationis.v43i1.2162

10. Mitchell T., Pessoa S., Gomez-Laich M., & Maune M. Degrees of reasoning: student uptake of a language-focused approach to scaffolding patterns of logical reasoning in the case analysis genre // TESOL Quarterly. – №55(4). – 2021. – P. 1278-1310. DOI: https://doi.org/10.1002/tesq.3085

11. Myrhøj C., Viftrup D., Jarden M., & Clemmensen S. Interdisciplinary collaboration in serious illness conversations in patients with multiple myeloma and caregivers – a qualitative study // BMC Palliative Care. – №22(1). – 2023. DOI: https://doi.org/10.1186/s12904-023-01221-5

12. Hjelle K., Skutle O., Alvsvåg H., & Førland O. Reablement teams' roles: a qualitative study of interdisciplinary teams' experiences // Journal of Multidisciplinary Healthcare. – №11. – 2018. – P. 305-316. DOI: https://doi.org/10.2147/jmdh.s160480

13. Bender M., Connelly C., & Brown C. Interdisciplinary collaboration: the role of the clinical nurse leader // Journal of Nursing Management. – №21(1). – 2012. – P. 165-174. DOI: https://doi.org/10.1111/j.1365-2834.2012.01385.x

14. Gilligan J. Expertise across disciplines: establishing common ground in interdisciplinary disaster research teams // Risk Analysis. – №41(7). – 2019. – P. 1171-1177. DOI: https://doi.org/10.1111/risa.13407

15. Flavian H., & Dan D. Assessing teachers' use of language and their teaching quality // Quality Assurance in Education. – №26(4). – 2018. – P. 466-475. DOI: https://doi.org/10.1108/qae-03-2018-0024

16. Wagner M., Kupriyanova M., Maximova O., & Ovezova U. Improving the effectiveness of teaching: the impact of interactive methods in teaching English students as they increase their proficiency level to B2 // Theory and Practice in Language Studies. – №12(11). – 2022. – P. 2232-2238. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1211.02

17. Amir A. A holistic model for disciplinary professional development—overcoming the disciplinary barriers to implementing ICT in teaching // Education Sciences. – №13(11). – 2023. – P. 1093. DOI: https://doi.org/10.3390/educsci13111093

18. Nugroho H., Widiati U., & Susanti A. EFL teachers' perceptions on professional development for language proficiency maintenance and improvement // International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE). – №11(3). – 2022. – P. 1585. DOI: https://doi.org/10.11591/ijere.v11i3.22966

19. Belyaeva I., Samorodova E., Voron O., & Zakirova E. Analysis of innovative methods' effectiveness in teaching foreign languages for special purposes used for the formation of future specialists' professional competencies // Education Sciences. – №9(3). – 2019. – P. 171. DOI: https://doi.org/10.3390/educsci9030171

20. Buendia X., & Macias D. The professional development of English language teachers in Colombia: a review of the literature // Colombian Applied Linguistics Journal. – №21(1). – 2019. – P. 89-102. DOI: https://doi.org/10.14483/22487085.12966

21. Chu W., Liu H., & Fang F. A tale of three excellent Chinese EFL teachers: unpacking teacher professional qualities for their sustainable career trajectories from an ecological perspective // Sustainability. – №13(12). – 2021. – P. 6721. DOI: https://doi.org/10.3390/su13126721

Автор туралы мәлімет:

Бакытжанова Алтын Куанышбековна – филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының сарапшы-тренері, Алматы, Қазақстан.

Бакытжанова Алтын Куанышбековна – кандидат филологических наук, эксперт-тренер Академии государственного управления при Президенте РК, Алматы, Казахстан.

Bakytzhanova Altyn Kuanyshbekovna – Candidate of Philological Sciences, expert trainer of Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.61
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.02

Қ.Ж. ЕРСҰЛТАНОВА
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: karakoz_yersultanova@mail.ru)

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЦИФРЛЫҚ МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілінің цифрлық медиакеңістікте қолданылуы аясында тіл тазалығы мәселесі қарастырылады. Аталған зерттеу өзектілігі онлайн форматтағы бұқаралық ақпараттық құралдардың, әлеуметтік желілер мен ондағы контенттің тілдік нормаға, тіл мәдениеті мен мемлекеттік тіл өміршеңдігіне деген әсерінің күшеюімен сипатталады. Себебі цифрлық орта қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтумен қатар тілдік қарым-қатынастың жаңа бір жағдайын қалыптастырады, аталмыш тілдік жағдайға коммуникацияның жоғары жылдамдықта жүзеге асуы, сондай-ақ редакторлық бақылаудың әлсіреуі сияқты ерекшеліктер тән. Мақала мақсаты – қазақ тілінің цифрлық медиамәтіндердегі тіл тазалығын сақтауға ықпал ететін эколигвистикалық факторларды анықтау. Эколингвистика, әлеуметтік лингвистика және медиалингвистика қағидалары зерттеудің әдістемелік негізін құрайды. Эмпирикалық материалдар ғаламтордағы бұқаралық ақпараттық құралдар мен әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың қазақ тілді мәтіндерін қамтиды. Талдау нәтижесінде тілдік ауытқулардың негізгі түрлері анықталды: кірме сөздердің шектен тыс қолданылуы, гибридтену, орфографиялық вариативтілік. Цифрлық медиақұралдардың тіл тазалығына бір мезетте теріс әсер етуі мен қазақ тілінің өміршеңдігіне оң ықпал етуші ресурс ретінде қызмет атқаратыны туралы екі ұшты тұжырым жасалады.
Түйін сөздер: тіл тазалығы, эколингвистика, қазақ тілі, цифрлық медиа, тіл өміршеңдігі, тілдік норма.

Кіріспе. Ғаламтор дәуірінде цифрлық медиакеңістік қоғамдық қарым-қатынастың жетекші саласына айналды, осылайша ол тілдердің дамуы, қызмет етуі мен өзгеріске ұшырауына тікелей әсер ете бастады. Интернеттегі бұқаралық ақпараттық құралдар, әлеуметтік желілер, видеохостингтер мен мессенджерлер қарым-қатынас жасаудың жаңа бір тәсілін қалыптастырды, бұндай коммуникативтік тәсілге ақпарат таратудың жоғары жылдамдығы, мультимодальдылық және нормативтік бақылаудың әлсіреуі тән. Заманауи тіл білімінде мультимодальдылық мәтіннің не дискурстың бір сипаты ретінде танылады, бұл ретте ақпарат вербалды және бейвербалды кодтарды үйлестіру арқылы беріледі: мәселен, сөздер, бейне, дыбыс, қимыл-ишара, графикалық элементтер және т.с.с. Бұндай түрлі семиотикалық белгілер қолданылған мәтіндер поликодты мәтіндер деп те аталады. Аталмыш жағдайда тіл тазалығы мәселесі ерекше өзектілікке ие болады.

Тіл тазалығы түсінігі әдетте пуризм ережелерімен байланысты сөз болады, алайда соңғы кезде тіл білімінде аталған ұғым эколингвистика аясында қарастырылуда. Бұл арада тіл әлеуметтік ортамен, мәдени және медиаортамен байланыста өмір сүретін даму үстіндегі тірі ағза ретінде қаралады [1, 45]. Эколингвистика концептуалдық тұрғыдан бірнеше мәнге ие заманауи тіл білімінің пәнаралық бағыты болып сипатталады. Аталмыш бағыт тілтану, әлеуметтану, мәдениеттану және экологиялық философия қағдаларының үйлесуінен пайда болған; нәтижесінде эколингвистика түрлі теориялық үлгілер, әр алуан әдістемелік тәсілдерге ие болды.

Э.Хаугеннің есімімен байланысты зерттеу еңбектерінде тіл экологиясы ұғымы алғаш рет тілдің әлеуметтік және мәдени ортамен қарым-қатынасын қарастырумен астасты. Аталған ғылыми концепция бойынша, тіл белгілі бір «экологиялық ортада» қызмет атқаратын жүйе болып қаралады, ал тілдің дамуы демографиялық, саяси және коммуникативтік факторлармен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл концепцияда тілдің өміршеңдігі, қостілділік, тілдік контактілер мен тілдерді сақтап қалу мәселелері басты назарға алынады.

Кейінрек тілші-ғалымдар эколингвистика саласын сыни дискурс-талдау бағытында дамыта бастады. Атап айтқанда, Н.Фэркло еңбектерінде экологиялық дискурсты талдау мен экологиялық мәселелердің тілде көрініс табуына көңіл бөлінеді. Аталмыш ғылыми позиция тұрғысынан, эколингвистика ақиқатты тіл арқылы сипаттау тәсілдерін қарастырып, дискурстың қоғамдық экологиялық сананы қалыптастыру жолдарын зерттейді [2, 18].

Эколингвистиканың заманауи салалары когнитивтік-дискурстық зерттеулерді қамтиды. Бұндай зерттеулер адамзат пен табиғаттың өзара әсерін танытатын метафоралық модельдер мен концептілерді зерделеуге, сонымен қатар әлеуметтік лингвистика тұрғысынан зерттеуге саяды, ал әлеуметтік лингвистика тілді тұрақты мәдени даму элементі мен ұлттық бірегейлікті сақтау құралы деп қарастырады.

Бұл ретте қазақ тілінің экологиясы түсінігін, алдымен, оның цифрлық медиакеңістіктегі жүйелік тұтастығын, нормативтілігі мен қолданыс тұрақтылығын сақтау деп білеміз. Былайша айтқанда, бұл жұмыс аясындағы эколингвистикалық талдау тіл тазалығын мемлекеттік тілдің өміршеңдігі мен тұрақты дамуының көрсеткіші ретінде зерттеуге бағытталған.

Бұндағы тіл өміршеңдігі — оның тіршілік ету қабілетінің дәрежесі, яғни тілдің тұрақты түрде қызмет етіп, келешек ұрпақтың тілді қолдануы әрі тілдің қарым-қатынастың түрлі салаларында өз әлеуметтік дәрежесін сақтай алу қабілеті. Әлеуметтік лингвистикада тіл өміршеңдігі — демографиялық, институционалды әрі функционалды өлшемшарттарды қамтитын кешенді көрсеткіш.

Қазақ тілі үшін тіл тазалығы мәселесі орыс тілінің ресми сала мен медиасалада ұзақ уақыт бойы үстемдік етуі, сонымен қатар жаһандық ағылшын тілді цифрлық дискурстың бүгінгі тегеурінді сияқты тарихи және әлеуметтік жағдаяттарға орайлас күрделене түседі [3, 64]. Қазіргі таңда қоғамдағы діни факторларға байланысты араб тілінің де қазақ тіліне ықпал етуі байқалады. Қазіргі қазақстандық медиадискурста қазақ тілінде толыққанды байырғы лексемалар немесе бұрыннан қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына бейімделіп, әбден сіңіскен баламалар бар болған жағдайда да, ілгеріде сөздік қорда болмаған кірме сөздерді жиі қолдану үрдісі байқалады. Бұндай тілдік үрдіс нәтижесінде медиамәтіндерде кірме сөздер, калькалар мен гибридтік құрылымдар белсенді түрде тарап, біртіндеп нормативті тілдік бірліктерді ығыстырады.

Коммуникативтік кеңістіктің цифрландырылуы тілдер қызметінің айтарлықтай өзгеріске ұшырауына себепші болды. Қазақ тілінің де медиаортадағы қолданыс өрісін қарқынды кеңейтіп жатқаны белгілі, бұнымен қоса ол тіл тазалығын және нормативтілікті сақтаумен байланысты жаңа эколингвистикалық мәселелерге тап болуда.

Цифрлық медиа мәтін түзу мен таратудың жоғары жылдамдығымен, кәсіби коммуникацияменқолданушыларкоммуникациясыарасындағыайырмашылықтыңазаюы немесе біртіндеп жоғалуымен ерекшеленеді. Бұл жердегі қолданушылар коммуникациясы дегеніміз — тең дәрежелі қарым-қатынастың цифрлық форматы, мұндағы қолданушылар бір мезгілде медиамәтін авторы әрі адресаты болады. «Журналист → аудитория» тәсілі арқылы жүзеге асатын дәстүрлі бұқаралық коммуникацияға қарағанда бұндағы қарым-қатынас «қолданушы → қолданушы» немесе «көпшілік → көпшілік» моделі арқылы жүреді. Осындай ерекшеліктер ауызекі сөйлеу элементтерінің, өзге тілді кірме сөздер мен гибридтік формалардың медиамәтінге көптеп енуіне ықпал етудеі. Нәтижесінде тек тілдік тәжірибе емес, тіл тұтынушыларының тілдік санасы да өзгеруде.

Цифрлық медиакеңістіктегі қазақ тілінің қолданылуы аясында тіл тазалығы мәселесі мемлекеттік тіл саясаты мен қазақ тілінің іргесін нығайту міндеттері шеңберінде ерекше мәнге ие болуда. Осы орайда эколингвистикалық көзқарас тілді даму мен нормативті негізді сақтап қалу арасындағы үйлесімнің болуын қажет ететін өзгермелі жүйе ретінде қарастырады. Бұл ретте мақаламыздың мақсаты — тіл тазалығы мен тіл өміршеңдігін сақтауға баса назар аудара отырып, цифрлық медиадағы қазақ тілінің қолданысына эколингвистикалық талдау жүргізу.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы 2023-2025 жылдары жарияланған қазақ тілді медиамәтіндерді қамтиды. Деректер республикалық және аймақтық бұқаралық ақпараттық құралдардың ғаламтордағы нұсқаларынан; Telegram-арналардан; Instagram, Facebook, TikTok әлеуметтік желілеріндегі жарияланымдар мен комментарийлерден; YouTube платформасындағы тақырыптар мен видеоконтент сипаттамасынан алынды.

Зерттеу деректері бірыңғай және ішінара іріктеу әдісімен таңдалған 300-ге жуық мәтіннен құралған.

Зерттеу жұмысында келесі әдістер қолданылды: контент-талдау (тілдік ауытқулардың жиілігін анықтау мақсатында), сипаттамалы әдіс, нормативті формалар мен нормадан тыс формаларды салыстырмалы-салғастырмалы талдау, дискурстық талдау және тілдік ортаның тұрақтылығына баға беруге мүмкіндік беретін эколингвистикалық талдау.

Тіл тазалығының өлшемшарттары ретінде қазақ тілінің әдеби нормасына сәйкестік, кірме сөздердің функционалдық уәжділігі, ішкі сөз тудырушы ресурстарды қолдану мен стилистикалық орындылық алынды.

Зерттеудіңтеория-әдістемелікнегізітуралысөзеткендеэколингвистикатілдіәлеуметтік және коммуникативтік ортамен өзара қатынас жасау тұрғысынан саралайтынын атап өткен жөн. Аталмыш аспектіде тіл тазалығы сыртқы әсерлерден толығымен оқшаулану емес, тіл тұтастығын, оның функционалды тұрақтылығы мен нормативтік қалпын сақтау ретінде сипатталады.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде тіл тазалығы сөйлеу мәдениеті, тіл саясаты мен ұлттық бірегейлік мәселелеріне саяды. Медиалингвистикада жанрлық, прагматикалық және технологиялық факторларға байланысты түзілетін медиамәтіннің ерекшеліктеріне назар аударылады.

Қазақ тілі таралуы тек тіл тұтынушылары санымен емес, әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени ықпалмен байланысты орыс, ағылшын, араб тілдері сияқты жаһандық қолданыстағы тілдермен тілдік ортада белсенді түрде қарым-қатынасқа түсуде. Сол себепті қазақ тіліне қатысты эколингвистикалық талдау осындай цифрлық көптілділік жағдайында аса өзекті мәнге ие болып отыр. Мұндай тілдік байланыстар кірме сөздердің енуі мен гибридтену сияқты тілді әрі байытуы, әрі оның нормативті шекарасын бұзуы ықтимал үрдістерді тудырады.

Талқылау мен бақылау. Талдау нәтижесі қазақ тілінің цифрлық медиакеңістікте жоғары лексикалық және графикалық вариативтілік жағдайында қолданылуын көрсетті. Бұл ретте өзге тілді сөздерді қазақ тілінің нормаларына бейімдеместен қолдана беру неғұрлым жиі кездесетін тілдік құбылыстарға жатады. Кірме сөздерді қолдану көбіне қоғамдық-саяси, экономикалық, діни әрі цифрлық тақырыптармен байланысты.

Бұған қоса бір айтылым ішінде қазақ және орыс тілінің элементтері аралас келетін гибридтену құбылысы белсенді көрініс табуда. Аталған тілдік құбылыс әсіресе ауызекі сөйлеу стилі басым келетін әлеуметтік желілер мен комментарийлерде жиі байқалады.

Жалпы, лингвистикадағы гибридтену дегеніміз — түрлі тілдерге тән элементтердің бір сөз, айтылым я дискурс шегінде араласу үдерісі. Кірме сөздерді қабылдау құбылысына қарағанда гибридтену кезінде түрлі тілдік жүйе компоненттерінің (түбірлердің, аффикс, сөзжасамдық модель, синтаксистік құрылымдардың) құрылымдық тұрғыдан бірігуі жүзеге асады. Аталмыш тілдік құбылыс сипатына қарай морфологиялық, синтаксистік, дискурсивтік, графикалық гибридтену сияқты бірнеше түрге бөлінеді. Қазақ тілінде бұл құбылыстың аталған барлық түрі ұшырасады.

Мәселен, морфологиялық гибридтенуде орыс түбір сөздері мен қазақ аффикстері аралас жүреді: *документтер* (документ + -тер), *планымыз* (план + -ымыз), *магазинге* (магазин + -ге), *совещаниенің*(совещание + -нің). Бұнда орысша лексикалық негіз қазақша агглютинативті үлгіге кірістірілген.

«Заседаниеде отырмын», «Ол отчет тексеріп отыр» сияқты синтаксистік гибридтену кезінде *заседание, отчет* деген орыс зат есімдері қазақ грамматикалық құрылымына енгізіліп тұр.

Дискурсивтік гибридтену кезінде тілдік бірліктердің араласуы лексика не грамматика деңгейінде емес, қыстырма сөздер, шылау, модальды маркерлер, тұрақты айтылымдар, коммуникативтік нұсқаманы басқару деңгейінде жүреді. Морфологиялық гибридтенуге қарағанда (пост-ым, проект-ке) бұндағы өзге тілден енген элементтер заттық мағынада қолданылмайды, олар прагматикалық қызмет атқарады — коммуникация барысын реттейді.

Мысалы, *«Негізі, вообще, бұл — қиын мәселе»* деген сөйлемде екі түрлі маркер қызмет атақарды: *негізі* — нақтылау немесе кіріспе сөз мәнінде жұмсалатын қазақ дискурстық маркері; *вообще* — жалпылау мен эмоционалды бағалауды күшейтуші орыс прагматикалық маркері. Бұл мысалдағы мағыналық ақпарат (бұл — қиын мәселе) қазақша айтылған. Айтылымның прагматикалық шекарасы аралас құралдардан түзілген. Мұнда орыс тіліндегі *вообще* қазақ тіліндегі *негізі* сөзін қайталап, оны одан әрі күшейтіп тұр. Осылайша, басы артық прагматикалық маркерлену байқалады, яғни екі түрлі тілдің құралдары арқылы бірдей коммуникативтік әсерге қол жеткізіліп тұр. Бұл жерде тек сөз кірістіру емес, сөйлеуді метакоммуникативтік ұйымдастыру деңгейінде бір тілден екінші тілге ауысу көрініс тапқан.

«Типа, сен түсіндің бе?» мысалында *типа* — сенімсіздік, жуықтау, жұмсартудың орысша ауызекі маркері; *сен түсіндің бе?* — тұтасымен қазақ грамматикалық құрылымы. Бұл сөйлемде *типа* ойды жұмсақ жеткізу, айтылымды ауызекі сөйлеуге жақындату қызметтерін атқарып тұр. Көбіне бұндай мысалдар жастар тілі мен қалалық қостілді ортада жиі кездеседі. «Әсіресе, жастардың кейбіреуі шалағай, өзге тілдің сөздерін қосып, араластыра сөйлесе, бірі сленг, жаргон, диалектілермен сөйлегенді сән көреді» [4, 175] — деген пікір Г.Б.Мамева мен М.С.Ауғанбаеваның зерттеуінде айтылған.

Бұл құбылыс бір тілдің дискурс ұйымдастыру жүйесінің өзге тілге белгілі бір дәрежеде ауысуын сипаттайтын прагматикалық интерференцияның дәлелі бола алады. Былайша айтқанда, бұл мысалдардан орыс тілінің тек сөздік қорға емес, тілдік сана құрылымына да әсер еткенін көре аламыз.

Орыс тілінің қазақ тіліне ғасырдан артық уақыт бойы ықпал етіп келгені белгілі. Салысырмалы түрде ағылшын тілі мен қазақ тілінің байланысу, тілдік контактіге түсу мерзімі бұған қарағанда әлдеқайда қысқа. Алайда осы аз уақыттың өзі қазақ-ағылшын тілдері арасында гибридтенудің жүруіне себепші болды. Қазақ-ағылшын гибридтері цифрлық ортада жиі ұшырасады. Мәселен, *лайктадым* (like + -та + -дым), *постымды* салдым (post + -ым), *дайректке жаз* (direct + -ке), *брендтеу* (brand + -теу) деген сияқты морфологиялық гибридтенулерді мысалға келтіруге болады. Бұл жердегі ағылшын тіліндегі түбірлер тілімізге қазақ сөзжасамдық жүйесі арқылы бейімделуде.

Қазақ-ағылшын гибридтерінің өзіндік бір ерекшелігі қолданыстағы әліпби жүйелеріндегі айырмашылыққа байланысты. Қазақ тілінде қазір кирилл әліпбиі, ал ағылшын тілінде латын әліпбиі қолданылуда. Сонымен қатар қазақ тілін латын графикасына көшіру стратегиясына байланысты мекеме, жеке кәсіпорын атауларының латын қарпімен берілуде. Ағылшын тілінің ықпалы, оның ғылым мен техника, саясат пен өнер саласында, жалпы әлеуметтік-экономикалық саланың барлық бағытында «бірінші» тіл болып тұрғаны белгілі. Осындай факторлар нәтижесінде қазақ-ағылшын тілдері арасында графикалық гибридтенулер пайда болды. Мысалы, *Qalaiсың?* (латын таңбасы + кирилл таңбасы), *Айnaline* (кирилл таңбасы + латын таңбасы), *Like basyp jiber* (қазақша ақпарат латын әрпімен берілген), *хело, гелс* (ағылшынша ақпарат кирилл әрпімен берілген:

hello guys – «сәлем, қыздар»). *IT-маман, digital технологиялар* сияқты терминологиялық гибридтер де көптеп кездеседі.

Тілімізге араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік қорындағы кірме сөздердің едәуір көлемін құрайтыны белгілі. Араб-парсы лексикасы қазақ тілінің тарихи дамуының маңызды кезеңін танытады. Олардың енуі ислам дінінің таралуымен, ортағасырлық ғылым мен мәдениет ықпалымен, сауда және әдеби байланыстармен байланысты бірнеше ғасыр бұрын басталған. Дыбыстық және морфологиялық бейімделу нәтижесінде бұл сөздер қазақ тілінің төл лексикасымен тең дәрежеде қолданылады. Алайда соңғы кезде араб сөздерін қазақ тілі заңдылықтарын ескерместен қолдану, сондай-ақ тіліміздің төл бірліктері я болмаса бұрыннан қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына бейімделген баламалары бола тұра қолдану байқалады. Бұл тұрғыдан гибридтік қолданыстарды да атап көрсетуге болады. Мысалы, *ифтар* дайындау, *сухурға* тұру, *никях* қию, *сабр* сақтау. Бұл аталған мысалдардың *ауызашар* дайындау, *сәресіне* тұру, *неке* қию, *сабыр* сақтау деген төл нұсқалары бар. Соңғы екі сөз дыбыстық тұрғыдан қазақ тіліне толық интеграцияланған. Мәселен, фонетикалық заңдылықтарға сәйкес қазақ тілінде бірнеше дауыссыз дыбыстың сирек жағдайда қатар келетініне байланысты, бастапқа *сабр* сөзіне *ы* дауысты дыбысы енгізіліп, сөз сабыр деген формада тіліміздің толықтай бейімделді.

Жалпы, гибридтену эколингвистика аясында амбивалентті, яғни екідайлы құбылыс ретінде сипатталады: бір жағынан, ол тілдің қолданылу шекарасын кеңейтеді, екінші жағынан — тілдік норманы эрозияға ұшыратуы мүмкін.

Бұл тілдік құбылысытың теориялық негізі У.Вайнрайх, Э.Ауген, С.Томасон, К.Майерс-Скоттон еңбектерінен бастау алады.

Заманауи әлеуметтік лингвистикада гибридтену тілдік контакт, билингвизм және жаһандану нәтижесі деп саналады. Еліміздің аумағындағы қостілділік тұрақты сипатта көрініс тапқан, бұл жағдаят гибридтік формалардың түзілуіне себепші болады. Белгілі ғалым Б.Хасанұлы өз еңбектерінде тәуелсіздігіміздің бастапқы кезеңіндегі аралықта тілдік контактілердің асимметриялық сипатта болағанын айтады, бұл кезде ұзақ уақыт бойы орыс тілі үстемдік еткен.

Профессор Н.Уәлидің тіл мәдениеті мен нормасына қатысты зерттеулерінде тілімізге бейімделген кірме сөздер мен нормаға түспеген гибридтік түзілімдердің ара-жігін ажырату қажеттігін көрсетеді [5, 64].

«*Кездесу оффлайн форматта өтті*»; «*Тікелей эфир live режимде жүргізілді*»; «*Онлайн курсқа регистрация ашық*» [6, 80] сияқты цифрлық медиада жиі ұшырасатын құрылымдар А.Нусупова, Ж.Тоқтыбаева мен З.Құрманбекованың зерттеулерімен ұштасады. Бұл жарияланымда да гибридтену қазіргі қазақ тіліне төнген басты эколингвистикалық қатерлердің бірі ретінде қаралады.

Мақала аясындағы талдау нәтижесі ғаламтордағы медиакеңістік тілдік вариативтіліктің жоғары дәрежеде екенін анықтады. Ең жиі ұшырасатын эколингвистикалық қатер қатарына орыс және ағылшын тілдерінен енген кірме сөздер жатады. Ғаламтор бетіндегі БАҚ-та қолданылатын тақырыпаттар мен әлеуметтік желілердегі жарияланымдарда келесідей тілдік құрылымдар өте жиі кездеседі: «*Бұл видео бүгін трендке шықты*»; «*Жаңа проект іске қосылды*»; «*Контент өте сапалы жасалған*»; «*Спикер осы тақырыпты талқылады*». Келтірілген мысалдардың барлығында нормаға түскен қазақша баламалар бар: «*үрдіс*», «*жоба*», «*мазмұн*», «*баяндамашы*». Дегенмен шеттілдік формалар беделдірек әрі медиялық қолданысқа неғұрлым лайықты болып қабылданады, бұл тілдік «моданың» тіл экологиясын бұзу факторы ретінде тұжырымдаған қорытындыларын растайды [5, 112].

Орыс тілінің синтаксистік құрылымдарын калькалау тәсілі кең таралған: «Бұл мәселе өзекті болып табылады»; «Бұл жоба іске асырылып жатыр». «Бұл мәселе өзекті», «Жоба іске асуда» құрылымдары нораға түскен формаға жатады. Калькалау қазақ тілінің ойды астарлап жеткізу қасиетін төмендетіп, оның құрылымдық табиғатына нұқсан келтіреді.

Ғаламтордағы медиада кездесетін тілдік құбылыстардың бірі – код алмасу. Ә.Әлиасқар еңбегінде медиадискурстағы жаппай код алмасу қазақ баламаларының функционалды

ығыстырылуына әкелетіні атап көрсетілген [7, 9]. К.Майерс-Скоттонның анықтамасы бойынша, код алмасу дегеніміз — екі не одан да көп тілдердің бір сөйлеу актісі, айтылым немесе дискурс аясында кезектестіріліп қолданылуы [8, 3].

П.Ауэр код алмасуды прагматикалық және сәйкестендірушілік қызмет атқаратын интерактілік құбылыс деп қарастырады [9, 8].

Зерттеуші аталған тілдік құбылысты *интерсентенциялық* код алмасу, яғни сөйлемдер арсындағы алмасу; *интрасентенциялық*, яғни бір сөйлем ішіндегі код алмасу және матрицалық құрылымға екінші бір тілдік элементтері кірістірілетін *инсерциялық* типке бөлген.

Еліміздегіқостілділікжағдайындакодалмасу— тұрақтықолданыстағыкоммуникативті стратегия. Қазақ-орыс код алмасуларына мысал келтірейік.

Интерсентенциялық код алмасу**:** *Мен бүгін келмеймін. Завтра позвоню.*

Интрасентенциялық код алмасу: *Мен совещанието барамын. Ол отчет жазып жатыр.* Бұл мысалдарда *совещание, отчет* дешен орыс сөздері қазақша матрицаға (грамматикалық қалыпқа) түсірілген, яғни бұл сөйлемдер инсерциялық типке де мысал бола алады.

Мұндай код алмасу мысалдары қазақ-ағылшын тілдері арасында да көптеп кездеседі: *Мен meeting-ке барамын. Ол постты share етті. Бүгін deadline той.*

Мұндай тілдік құбылыстар әсіресе цифрлық орта мен кәсіби ортада жиі ұшырасады. Осы тұста код алмасу мен илгеріде сөз болған гибридтену құбылысының арасындағы ұқсастық, айырмашылықтар туралы айта кеткен жөн. Код алмасуда да түрлі тілдердің элементтері астасып жатады, алайда ол тілдік кодтардың саналы түрдегі ауысуын сипаттайды. Ал гибридтену кезінде бір тілден басқа бір тілге ауысу еріксіз, автоматты түрде жүзеге асады, маркерлер сөйлеу үдерісіне кірігіп, сөйлеуші үшін әбден үйреншікті сипатта болады, сол себепті сөйлеуші өзге тіл бірліктерін «бөтен» деп қабылдамайды.

Нәтижелер. Гибридтенудің бастауында көп жағдайда код алмасу тұрады. Қайталанып қолданылатын шеттілдік элементтердің тілдегі орны бекіп, кейін ол элементтер морфологиялық тұрғыдан игерілген формаларға айналуы мүмкін. Мәселен, *лайктадым ← like* сөзінің бастапқы алмасуы.

К.Майерс-Скоттонның моделі бойынша, жиі қолданылатын инсерциялық код алмасу жағдайында морфологиялық игерілу жүзеге асады, ал бұл — гибридтенуге қатысты құбылыс.

Б.Хасанұлы: «Қостілділік жағдайында тілдердің өзара ықпалы — табиғи құбылыс, алайда оның шектен шығуы ұлттық тілдің қызметтік аясын тарылтуы мүмкін» [3, 118], — деп көрсетеді. Бұл тұжырым код алмасумен тікелей байланысты6 себебі код алмасу — тілдік контакт көрінісі.

Н.Уәли норма мәселесін алға тартады: «Әдеби тіл нормасы сақталмаған жағдайда аралас сөйлеу мәдениеті тілдің сапасына кері әсер етеді» [5, 214]. Бұндағы «аралас сөйлеу» код алмасудың нормаға түспеген формасын сипаттайды.

Белгілі терминтанушы Ш.Құрманбайұлы: «Шет тілдік элементтерді орынсыз қолдану терминологиялық жүйенің ішкі заңдылықтарына қайшы келеді» [10, 97] — деген ой айтады. Код алмасудан гибридтік терминологияға ауысқан сөздерді талдау кезінде аталмыш пікірді ескеру аса маңызды.

Тіл экологиясы тұрғысынан алсақ, код алмасу — қостілділік көрінісі. Оның тілде тұрақтануы гибридтенуге ұласуы мүмкін, ал код алмасудың шектен тыс ұшырасуы тілдік норманы әлсіретуі ықтимал.

Жалғамалы типті қазақ тілінде код алмасу қазақ грамматикасына бағынады, бұл тілдік жүйенің құрылымдық тұрақтылығын дәлелдейді. «*Рилс түсіру*», «*контент шығару*», «*стрим бастау*» тәрізді тіркестер аталған тұжырымды айғақтайды.

Сонымен қатар әлеуметтік желілерде орфографиялық және графикалық қателер мен ауытқулар өте көп: «*Казир уақыт жок*»; «*Калын калай, досым?*»; «*Бугин эфирде боламыз*», басқа да көптеген мысал келіруге болады.

Мұндай тілдік формалардың жаппай қолданыста жиі қайталануы тілдік нормаға қауіп келтіреді әрі тілші-ғалымдардың цифрлық ортадағы норманың төмендеуі туралы айтқан тұжырымтарын растайды. Дегенмен эколингвистикалық тұрғыдан алғанда, анықталған тілдік үдерістер тек тілдің деградацияға ұшырауын білдірмейді. Көптеген жағдайда олар қазақ тілінің цифрлық коммуникацияның жаңаша шарттарына бейімделуін танытады. Алайда нормаға түспеген формалардың қолданыста жаппай ұшырасуы әдеби норманы әлсіретуі ықтимал.

Бұл ретте цифрлық медианың қазақ тілінің өміршеңдігіне арқау болуда айтарлықтай әлеуетке ие екендігін тілге тиек ету керек, ол үшін ғаламтор кеңістігіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының редакция алқасы мен контент әзірлеушілер тіл тазалығы мәселесіне асқан жауапкершілікпен қарау қажет. Экологиялық тепе-теңдікке қол жеткізген тілдік ортаны қалыптастыру нормативтілік пен функционалдық арасындағы үйлесімнің болуын қажет етеді.

Сандық талдау зерттелген медиамәтіндердің 52%-ында кірме сөздердің, 36%-ында гибридтік құрылымдар, 31%-ында калька, 44%-ында орфографиялық қателердің бар екенін көрсетті. Нормаға түспеген құрылымдар әлеуметтік желілер мен қолданушылар комментарийлерінде неғұрлым жиі кездеседі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ цифрлық медиадискурсын талдауда эколингвистикалық тәсілді кешенді пайдалану мен эмпирикалық деректерді ілгеріде жарияланған зерттеулер нәтижесімен салғастыру арқылы сипатталады [7, 11].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, цифрлық медиакеңістіктің дамуы қазақ тілінің қолданыс аясына және тілдік үдерістерге айтарлықтай ықпал етуде. Ғаламтор мен әлеуметтік желілер қазақ тілінің кең таралуына, жаңа коммуникациялық мүмкіндіктердің қалыптасуына және тілдік контенттің көбеюіне жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық ортада кірме сөздердің шамадан тыс қолданылуы, тілдік нормалардың сақталмауы, шетелдік тілдік үлгілердің араласуы сияқты мәселелер де байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі қолданысын эколингвистикалық бағытта зерттеу маңызды. Тіл тазалығын сақтау тек кірме сөздерді шектеумен ғана емес, қазақ тілінің заманауи коммуникациядағы мүмкіндіктерін кеңейтумен, сапалыцифрлықконтентқалыптастыруменжәнетілдікмәдениеттіарттырумен байланысты. Сондықтан цифрлық медиакеңістікті қазақ тілін дамытуға тиімді пайдалану, ұлттық тілдік құндылықтарды сақтау және заманауи технологиялармен үйлестіру — қазіргі тіл саясаты мен тілтанымның маңызды міндеттерінің бірі. Цифрлық медиакеңістік қазақ тілін трансформациялаудың қуатты факторы болып отыр. Шеттілдік сөздердің, калькалық құрылымдар, гибридтік формалар мен орфографиялық ауытқулардың кең таралуы тіл тазалығы деңгейінің төмендеуін дәлелдейді. Эколингвистикалық тәсіл аталған үдерістерді тек теріс құбылыс ретінде емес, тіл мен оның қызмет ету ортасы арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде саралауға мүмкіндік береді.

Цифрлық медиакеңістік қазақ тілінің тазалығына кешенді түрде ықпал етеді. Бір жағынан, кірме сөздерді енуі, сондай-ақ гибридтенуге қатысты тіл экологиясы тұрғысынан қатерлер барын байқаймыз, екінші жағынан — ғаламтор кеңістігі тілдің қызмет ету мүмкіндіктерін әлдеқайда арттырады. Эколингвистикалық тәсіл аталған үдерістерді тіл жүйесі дамуының динамикалық қасиеті ретінде зерделеуге көмектеседі.

Алынған нәтижелердің отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектермен салыстыруанықталғанүрдістердіңжүйеліксипатқаиеболғанынрастайды. Цифрлықортада қазақ тілінің тазалығын сақтау тіл саясаты жан-жақты дамытылған, медиалингвистикалық сауаттылық пен контент әзірлеушілердің тілге деген жанашырлығы артқан жағдайда мүмкін болмақ.

Әдебиеттер

1. Haugen E. The Ecology of Language. – Stanford: Stanford University Press, 1972. – 366 p.
2. Fairclough N. Critical discourse analysis: The critical study of language. – London: Longman, 1995. – 265 p.
3. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас және тіл саясаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 312 б.
4. Ауғанбаева М.С., Мамаева Г.Б. Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2025. – №1. – Б. 175-184. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.17
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 328 б.
6. Нусупова А.Ж., Тоқтыбаева Ж., Курманбекова З.Р. Қазақ тіліндегі гибрид сөздер: жасалуы және қолданысы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2025. – №3. – Б. 78-87. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.06
7. Aliaskar A. Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance in Kazakhstani media discourse // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2024. – №2. – P. 7-15. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.01
8. Myers-Scotton C. Duelling languages: Grammatical structure in code-switching. – Oxford: Clarendon Press, 1993. – 265 p.
9. Auer P. Code-Switching in Conversation: Language, Interaction and Identity. – London: Routledge, 1998. – 355 p.
10. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
11. Severo C.G., Görski E. On the relation between the sociology of language and sociolinguistics: Fishman's legacy in Brazil // International Journal of Sociology of Language. – 2017. – №243. – P. 119-132. DOI: https://doi.org/10.1515/ijsl-2016-0048

К.Ж. ЕРСҰЛТАНОВА
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ЯЗЫКОВАЯ ЧИСТОТА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ЦИФРОВОМ МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ

Аннотация. В статье рассматривается проблема языковой чистоты казахского языка в условиях цифрового медиапространства. Актуальность исследования обусловлена усилением влияния онлайн-СМИ, социальных сетей и пользовательского контента на языковую норму, речевую культуру и витальность государственного языка. Целью статьи является выявление эколингвистических факторов, способствующих сохранению либо нарушению языковой чистоты казахского языка в цифровых медиатекстах. Методологическую основу исследования составляют положения эколингвистики, социолингвистики и медиалингвистики. Эмпирический материал включает тексты казахоязычных интернет-СМИ и публикации в социальных сетях. В результате анализа выявлены основные типы языковых отклонений: неконтролируемые заимствования, гибридизация, орфографическая вариативность. Делается вывод о двойственной роли цифровых медиа, которые одновременно создают риски для языковой чистоты и выступают ресурсом поддержания витальности казахского языка.

Ключевые слова: языковая чистота, эколингвистика, казахский язык, цифровые медиа, витальность языка, языковая норма.

K.Zh. YERSULTANOVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

LINGUISTIC PURITY OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE DIGITAL MEDIA SPACE

Annotation. The article discusses the problem of linguistic purity of the Kazakh language in the digital media. The relevance is due to the increasing influence of online media, social networks and user content on the linguistic norm, speech culture and language`s vitality. The purpose of the article is to identify ecolinguistic factors contributing to the preservation or violation of the linguistic purity of the Kazakh language in digital media texts. The methodological basis of the research consists of the provisions of ecolinguistics, sociolinguistics and media linguistics. The empirical material includes texts from Kazakh-language online media and publications on social networks. The analysis revealed the main types of linguistic deviations: uncontrolled borrowings, hybridization, and spelling variation. The conclusion is made about the dual role of digital media, which simultaneously create risks for linguistic purity and act as a resource for maintaining the vitality of the Kazakh language.

Keywords: linguistic purity, ecolinguistics, Kazakh language, digital media, vitality of language, linguistic norm.

References

1. Haugen E. The Ecology of Language. – Stanford: Stanford University Press, 1972. – 366 p.
2. Fairclough N. Critical discourse analysis: The critical study of language. – London: Longman, 1995. – 265 p.
3. Hasanūly B. Tıldık qatynas jäne tıl saiasaty. – Almaty: Qazaq universitetı, 2006. – 312 p.
4. Auğanbaeva M.S., Mamaeva G.B. Studentterdıñ söileu mädenietın damytu ädısterı // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2025. – №1. – P. 175-184. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.17
5. Uäli N. Qazaq söz mädenietınıñ teorialyq negızderı. – Almaty: Qazaq universitetı, 2007. – 328 б.
6. Nusupova A.J., Toqtybaeva J., Kurmanbekova Z.R. Qazaq tılındegı gibrid sözder: jasaluy jäne qoldanysy // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2025. – №3. – P. 78-87. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.06
7. Aliaskar A. Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance in Kazakhstani media discourse // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2024. – №2. – P. 7-15. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.01
8. Myers-Scotton C. Duelling languages: Grammatical structure in code-switching. – Oxford: Clarendon Press, 1993. – 265 p.
9. Auer P. Code-Switching in Conversation: Language, Interaction and Identity. – London: Routledge, 1998. – 355 p.
10. Qūrmanbaiūly Ş. Terminqor qalyptastyru közderı men terminjasam täsılderı. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2005. – 240 p.
11. Severo C.G., Görski E. On the relation between the sociology of language and sociolinguistics: Fishman's legacy in Brazil // International Journal of Sociology of Language. – 2017. – №243. – P. 119-132. DOI: https://doi.org/10.1515/ijsl-2016-0048

Авторлар туралы мәлімет:

Ерсұлтанова Қаракөз Жамбылқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.
Ерсултанова Каракоз Жамбыловна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
Yersultanova Karakoz Zhambylkyzy – doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.03

***С.Қ. ИМАНБЕРДІ[1]**

Б. ӘБДУӘЛИҰЛЫ[2]

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан[1]

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[2]

(e-mail: imkusaule@gmail.com[1], bekzhan_a7@mail.ru[2])

[1]ҚАЗАҚ КІСІ ЕСІМДЕРІ: ОТБАСЫ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯ

Аңдатпа. Мақалада қазақ кісі есімдерінің зерттелуіне шолу жасалады. Антропонимжасамда әлеуметтік-демографиялық факторлар маңызды рөл атқарады, мұны анықтау үшін отбасы мүшелерінің есімдері талданған. Антропоним ономастиканың бір түрі ретінде көптеген ғылымдармен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда қоғамда (отбасында) өмір сүретін жеке тұлғалардың есімі уәжіндегі әлеуметтік-демографиялық факторлар тұрғысынан антропонимжасамда жеке ұлттың танымын, дәстүрін, салтын айқындайды. Біздің зерттеуіміз қазақ антропонимдерінің қоғам мен әлеуметтік-демографиялық себептердің кісі есімдерде айқындалуы мен олардың уәжідерін ашуға бағытталған.

Мақаланың мақсаты – қоғамда, отбасында маңызы бар ерекшеліктерді таптастыратын және тұлғаны жекелейтін кісі есімдерін айқындау, олардың уәжінде сақталған әлеуметтік-демографиялық төлсипаттары бойынша таптастыру, психологиялық уәждерін анықтау, бір отбасы мүшелері есімдерінің ұйқастық заңдылықтарын табу, оларға талдау жүргізу, ғылыми негіздемесін әзірлеу, жүйелеу.

Зерттеу әдістері: статистикалық әдіс, салыстырмалы-салғастырмалы, этимологиялық талдау, компоненттік (семантикалық) талдау.

Зерттеу жұмысы лексика-семантикалық, когнитивтік бағытта орындалған. Антропонимдердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері бір отбасы мүшелері есімдерін талдағанда анық байқалады.

Мақаланың практикалық маңыздылығына оның негізгі нәтижелерін лексикология, ономастика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика тәрізді теориялық курстарда, сондай-ақ қазақ тілін оқыту парктикасы үшін семинарларда қолдануға болатыны жатады.

Түйін сөздер: кісі есімдері, демография, қоғам, уәж, таптастыру.

Кіріспе. Жалпы адамзат қоршаған ортаны, болып жатқан оқиғаларды, құбылыстарды бақылап, оған атау тағып зерттеуде, дегенмен де ең басты нысан – ол адамның өзі. Қоғамда қорғау, жекелеу, тілеу т.б. мақсатта кісі есімдері қалыптасады. Кісі есімдерінің қалыптасу тарихы, дамуы, толығуы, ұлттық код ретінде ақпарат ашуы т.б. мәселелер зерделенуде. Демография мәселесі ұлттық антропонимияда айқын байқалады. Оның бірнеше себебін анықтап, мысалдармен дәйектеуге болады. Ұлттық антропонимия о бастан көпшілік назарын аударып, зерттеу нысанына айналған. Ғалымдар кісі есімдерінің шығу тегін, уәжін, фонетикалық тұстары және парадигматикасы мен синтагматикасын ашу сияқты

[1]Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP23489736 «Қазақ есімдерін цифрлық платформа аясына жинақтау және жаңа технологияларға бейімдеу» атты гранттық ғылыми жоба аясында әзірленді.

мәселелерімен айналысып қана қоймай, сонымен бірге ұлттың мәдениеті мен тарихын айқындайтын тілдік бірлік ретінде қызығушылық тудырған. Антропонимдер тек ғалымдардың ғана емес, көпшіліктің де қызығушылығын тудырады, себебі сәбиі дүниеге келгенде ат беру, оның сәнді, жағымды болуы сияқты тұстары да назар аударуда.

Зерттеудің өзектілігі қазақ халқының кісі есімдерінде мәдениет, наным-сенімі, танымы негізінде қазіргі көп айтылып жүрген демография мәселесінің де сипатталуымен, ұлттық антропонимия негізінде тұтас қоғам екендігін суреттеумен де анықталады. Осы уақытқа дейін қазақ халқының өкілі екендігін анықтайтын тарихи жәдігер ретінде бізге жеткен қазақ кісі есімдерінің тарихын, уәжін, шығу тегі мен қоғамдағы маңызын анықтау, қазақ ұлтының дамуына қажетті ақпаратты жинау аса маңызды.

Мақаланың мақсаты – қоғамдағы құбылыстар, әлеуметтік-демографиялық мәселелердің антропонимжасамда көрінісін айқындау мен антропонимдердегі қазақ халқының танымын, тұтынушылық сұранысын, ішкі түйсігін ашу. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: отбасы мүшелерінің есімдерін жинау; оларға іріктеу жасау; онимдік бірлік ретіндегі жекелеуші қызметін семантикасын ашу негізінде анықтау; тілдік қорда бар бірліктер негізінде жасалған екіншілік атау ретіндегі қызметін айқындау; антропонимжасамдағы ерекшеліктерін анықтау арқылы антроопонегіздерге талдау жүргізу; кісі есімі мағынасын ашу арқылы әлеуметтік-демографиялық факторды айқындау.

Зерттеу нысаны – отбасы мүшелеріне берілген антропонимдік бірліктер. Зерттеудің пәні – қазақ антропонимдік құрылымдағы антропонегіздердің кісі есімдерін қалыптастыру тетіктері.

Зерттеудің әдіснамалық негізін әлеуметтік лингвистика, антропонимжасам, семантикалық тұжырым құрайды. Зерттеудің теориялық маңыздылығы – антропонимияны зерттеуде лексика-семантикалық талдауды дамыту, антропонимжасамда әлеуметтік-демографиялық фактордың маңыздылығын нақтылау. Практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді антропонимжасам практикасында қолдану, атропонегіздерді талдау бойынша ғылыми лексиканы әзірлеу, ғылым тілін оқытуды жетілдіру мүмкіндігімен анықталады.

Тарихи жәдігер ретінде ат (кісі есімі) беруші қоғамның таным-талғамынан, қолданылған тілі бойынша ақпарат беретін тілдік бірлік – антропонимдер. Болашақта осы тектес зерттеулердің нәтижелері әр кісі есімінің өңірлерде таралу жиілігі, оның себебі, прецедентті есімдер антропонимдерді жасаушы және оны тұтынушы қоғамның талғамын ашуда маңызды болмақ.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеуді жүргізу мақсатында атаудың ғылыми анықтамасын ашу үшін антропонимдік сөздіктерге, түсіндірме сөздіктерге, тарихи дереккөздерге, ал халық санасындағы ассоциативті танымды айқындау мақсатында көркем шығармаларына жүгіндік.

Қазіргі тіл білімінде кісі есімдерін, жинап, лексика-семантикалық таптастыру жүргізіп, когнитивтік, құрылымдық тұрғыдан зерттеген ғалымдар баршылық. Зерттеген ғалымдардың еңбектерінде антропонимдердің шығу тегі, субстраттары анықталған (Т.Жанұзақ), т.б.), қазақ тіліне енген өзге тілді антропонимдерді қарастырылған (араб текті кісі есімдері – Н.Д.Оңдасынов), қазақ антропонимінің жасалуы зерттелген (Б.Әбдуәлиұлы) т.б.

Антропонимдердің шығу, пайда болу тарихы айқындап, антропонимдердің жасалу жолдарын, антропонимдердің жазылуы мен транскрипциясын зерттеу [1, 7]. Бұл кісі есімдерін диахрондық тұрғыдан зерттеп, субстраттық қабаттарын анықтауға әрі қолданбалы тұстарын айқындап, антропонимияны өзара байланысты бірліктердің иерархиялық ұйымдастырылған жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Антропоним ұғымын және оның негізгі сипаттамаларын қарастырып, ағылшын тілін меңгерудің түрлі лингвистикалық тақырыптары бойынша тапсырмаларын, ғылыми жобаларды жасау үшін антропонимдерді ең маңызды лингвистикалық ресурстардың бірі

ретінде зерттеу [2, 4] антропонегіздердің жұмсалымдық типтерін анықтап, қолданбалы маңызын айқындауға жол ашады.

«Антропонимжасамдық мағынаны екі топқа: жалпы есімдердің негізінде қалыптасқан антропонимжасамға тән лексикалық мағына және атауыштық қызметіне негізделіп, жеке адамның қызметтері мен өмірдегі қоғамдық мәртебесі т.б. сай қалыптасқан әлеуметтік мағына» [3, 101] деп бөліп қарастыру антропонимиялық бірліктердің екіншілік атау нәтижесі екендігін аңғартады.

Ағылшын антропонимдерінің әлеуметтік салада қолданылуын, антропонимдік формулаларын, антропонимдердің сигналдарын, сондай-ақ, антропонимдердің этимологиясын орыс және басқа тілдермен салыстырмалы талдау нәтижесінде пайда болған кейбір зерттеулерді талқылау [4, 19] жалпы антропонимия саласындағы соңғы кездері жасалып жатқан зерттеулерге шолу жүргізудің маңыздылығын айқындайды.

«Антропонимдер тілдік бірлік ретінде жалпы халықтық қордан арнасын кеңейтіп, тіліміздің ішкі заңына сәйкес дамиды» деген пікір білдіре отырып, «қазақ есімдерінің көбі халқымыздың о бастан қазірге дейінгі мәдени-тарихи өмірімізді көрсетеді» [5, 1], – деп санайды.

Қазақ дүниетанымындағы ең көне, ежелгі мифоантропонимдердің бірі – Алаш (Алаша) хан есіміне тоқталып, «Алаш» антропонимикалық концептісінің құрылымы өте кең әрі терең, этномәдени мазмұны диахронды, көп қабатты когнитивтік-ментальді құрылым» екеніне дәлелді фактілерді келтіре, ғалымдардың зерттеулерін салыстыра отырып, көз жеткізу [6, 1] антропонимиялық бірліктерді когнитивтік тұрғыдан зерттеп, атау жасаушы халық танымының әлемнің антропонимиялық бейнесін анықтаудағы рөлін айқындайды.

XVIII ғасыр орыс әдебиетіндегі трагедия мен ода жанрында кісі есімдерінің семантикасы мен бір тұлғаны жоғары көтерудегі қоғамдық сананы анықтау [7, 5] поэтикалық антропонимдердің қоғамдағы салмақ үлесін, олардың қоғамдық санаға әсерін айқындауда маңызды.

Антропонимдердің сөзжасамдық тәсілдерін, «кісі есімдерінің зат есім, сын есім, сан есім, етістік тұлғалы болып, кісі атауларының көпқырлылығы мен грамматикалық тұрғыдан әртүрлілігін анықтап, антропонимдер туынды сөздер ретінде сөзжасам заңдылықтарына бағынып, сөзжасам жүйесінде маңызды орын алатынын» ашу [8, 9] антропонимжасамдық қосымшалардың ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

«Кісі есімін беру процесі дүниеге келу жағдайлары, әлеуметтік оқиғалар, дәстүрдің әсері, прогресс, табыс не сәтсіздік, дүниеге келген сәбидің отбасындағы орны, топтық бірегейлену, әлеуметтік шоғырлану, тәртіпсіздік не апат т.б. сияқты бірнеше экстралингвистикалық факторларға байланысты. Бұл антропонимдер әлеуметтік-мәдени қызметтер әсер ететін тұтас грамматикалық-семантикалық интерфейске неліктен ие екендігін түсіндіреді» [9, 63].

Қарастырылып отырған материалдар талдауы лингвистикалық әдістер мен тәсілдер кешенінде жүзеге асады. Ең алдымен, жиналған фактілерді жүйелеу әрі логикалық тұрғыдан түсіну, осыған байланысты нақты заңдылықтарын айқындау мақсатында дескриптивті әдіс қолданылды. Екіншіден, кісі есімінің сыртындағы ұғымды анықтау мақсатында таптастыру әдісі қолданылды. Үшіншіден, зерттеудің прагматикалық бағыты адамның таным қызметінің өнімі ретіндегі жұмсалымды-прагматикалық талдауды пайдалануды қарастырған.

Зерттеудің негізгі әдістері:

- кісі есімі сыртындағы экстралингвистикалық факторларды айқындау мақсатында алдын ала сауалнама жүргізу;
- антропонегіздердің мағынасын анықтауға мүмкіндік беретін семантикалық талдау;
- кісі есімдерінің қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін құрылымдық талдау;
- антропонимдерді жиынтық ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін леғксика-семантикалық таптастыру.

Зерттеу материалы антропонимдік сөздіктерден, сауаланама нәтижесінде алынған ақпараттардан, ғылыми еңбектер мен ғылыми мәтіндерден жаппай іріктеу арқылы жинақталған антропонимиялық бірліктер болады.

Алдағы уақытта антропонимдер диахрондық тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, антропонимдердің ұлттық корпусы жасалады деп болжауға болады. Оның қай кезеңде қай кісі есімі өзекті болған, оның себептерін айқындау арқылы сол кезеңдегі қоғамдық өзгеріс ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік болады.

Талқылау мен бақылау. Кісі есімін беру түрлі халықтарда ұқсас, себебі адамды жекелеу қызметі тұрады. А.Гафуров о баста тайпа көсемі бір адамға қарата сөйлеу үшін жекелеу мәнде «тұтас сөйлемдерді қолдануы мүмкін, мәселен, жылан шағып алғанның баласы, ұзынтұра, жирен шашты» [10, 3] деген сияқты пікірді келтіреді, бір сөзден не сөйлемнен тұрсын мұнда кісіні жекелеу қызметі айқын байқалады. Жалпы антропонимжасам мәселелері өте қызықты, себебі онда болашақ, тілек, үміт, өмірлік тәжірибе т.б. сияқты экстралингвистикалық факторлар жатады.

Отбасы әлеуметтану, психология, педагогика сияқты т.б. бірнеше ғылымның зерттеу нысанына айналған. Отбасы мүшелерінің есімдерін анропонимжасам тұрғысынан зерттеу мәселесі өзекті, себебі антропоөзектік парадигма тұрғысынан қоршаған ортаны ұғынуда, қабылдауда зерттеу нысаны – адам десек, адамның өзін танудағы басты мәселе – өмір бойы алып жүрер оның есімі. Бір жағынан кісі есімі оны өзге отбасы (қоғам) мүшелерінен жекелейді, екіншіден, ол оның болашағын айқындайды (тілек, үміт, қорғау т.б.), үшіншіден, оны сол ұлт өкілі ретінде айқындайды, төртіншіден, отбасындағы жағдайлардан (тек қыз баланың дүниеге келуі) т.б. ақпарат береді. Адамның бірегейленуі – күрделі әрі ол бір уақытта адамның ерекше екендігін және басқалармен ұқсастығын анықтайтын парадоксті құбылыс [11, 14]. Кісі есімдері біздің өмірімізде маңызды жекелеуші рөл атқарады, себебі менталды түрде адамдарды ерекше елестетуге, тікесінен атын атап соларға қарата сөйлеуге, жеке тұлға ретінде олардың маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді [12, 370]. Осы тұрғыдан алғанда кісі есімдері лингвистикалық әмбебап болып есептеледі, себебі ат беру дәстүрі әр елде әртүрлі болғанымен, олар барлық тілдер мен мәдениетте кездеседі [13, 254]. Кісі есімдері адамдарды жекелеуден бөлек, оларды қоғамда біріктіреді. Адамдарға телінетін есімдері олардың қоғам, дін, тайпа, өмірлік кезең т.б. тұрғысынан маңызды бірегейлендіру аспектілерінен көрініс береді.

Ғалымдардың пікірінше, «кісі есімдері бойынша ұлтты анықтау маркетинг, демографиялық және генеалогиялық зерттеулерде қолданбалы мәнге ие. Дәстүрлі нейрондық моделдер нақты міндеттерді анықтауға бағытталған мәліметтер негізінде кісі есімдері мен ұлттар арасындағы статистикалық сәйкестік бойынша анықталады [14, 46].

Бір отбасы ішінде кісі есімін беру аса бір талғамды, сол отбасыға телуді білдіруі мүмкін. Қазіргі кезде бір отбасы кісі есімдерін келесіндей таптастыруға болады:

1) антропонегіз бойынша ұйқастық:

а) -бек/-бай/-жан/ -хан/-нұр т.б. компоненттерінің қолданысы: ағайындылар: Бақытжан – Бауыржан; Шерхан – Асылхан; Ернұр – Арнұр; Нұрлан – Нұржан; әкесі – Құрманбай, баласы – Дүйсенбай т.б.;

ә) -берді компонентінің қолданысы: атасының есімі Иманберді – немерелерінің есімі Егенберді, Иенберді т.б.;

б) -наз: ағалы-қарындасты: Назар, Назым;

2) қосымшалар/дыбыстық негізінде ұйқастық:

а) -ас: ағайындылар: Мирас, Жалғас;

ә) -ина: әпкелі-сіңлілі: Амина, Алина;

б) -ар: ағайындылар: Заңғар, Назар;

3) мағыналық негізіндегі ұйқастық:

а) кейіпкер есімдерін егіз/егіз емес әпкелі-сіңлілерге беру: Айман-Шолпан;

ә) антропонегіздердің орнын ауыстыру арқылы әпкелі-сіңлілерге беру: Айару, Аруай;

б) аспан нысандарын үш әпкелі-сіңліге беру, яғни космоантропонегіздері: Ай, Жұлдыз, Венера (*бұл* есімдерді отбасында әкесі қыздарына беру арқылы тұтас космоәлемді түйіндеген: тылсым, сұлулық, шапақ т.б.);

в) -ай компоненті бойынша әріптік ұйқастық (әкесі мен баласына тағылған, мұнда баласының егізі – Айман, яғни егізі – қыз бала, *ал* оның есімін егіз емес әпкесі – Шолпанға ұқсатып қойған): әкесі – Жайлыбай, баласы – Абылай (егіздің сыңары);

г) бір есім дублеттерін әпкелі-сіңлілерге беру: *Әлия – Ғалия.*

Отбасы мүшелері отбасы болашағын жалғастырушы элемент ретінде сол отбасыға (басында тұрған атасы-немересі қатынасы) телу мақсатында есімдерінде ұйқастық болады. Сондықтан *бұл* құбылысты бір отбасының «өмірлік циклі» десек те болады.

Демографиялық тұрғыдан отбасы – халық санын өсірудің бірден бір шарты. Демографияда зерттелетін отбасындағы өсу не кему мәселесі қазақ антропонимдерінде анық байқалады. Сонымен бірге, демографияда «репродуктивті уәжді» ғалымдар үшке бөледі: экономикалық, әлеуметтік, психологиялық [15, 44]. Психологиялық уәж тұрғысынан ұлды болу тілегі қазақ халқында басты мәселе болғандықтан антропонимжасамда анық байқалады.

Отбасындағы тілек, үміт, отбасының болашағы сияқты маңызды мәселелер антропонимдерде көрініс табады.

Демографияға қатысты кісі есімдерін келесіндей таптастыруға болады:

1) мағыналық уәж:

а) бір отбасында *ұл* бала емес тек қыз баланың дүниеге келуіне байланысты тағылған есімдер: Жаңыл, Қызыдықой, Ұлбосын, Ұлғанша, Ұлдана, Ұлданай, Ұлдархан, Ұлжалғас, Ұлжібек, Ұлсерік, Ұлтай, Ұлту, Ұлтуар, Ұлыш т.б.;

ә) «антропонимжасамдық өзгерістермен жасалған сұраулық мәнді» кісі есімі: Ұлмекен т.б.;

б) бала өлімін тоқтату мәніндегі есімдер: Төлеген, Тоқтамыс, Тоқтасын, Сақтаған, Сатыбалды т.б.;

г) «тұмар», яғни тіл-көзден, жын-періден қорғау кісі есімі: Итбай, Тұмар, Тезекбай, Жаманбала, Жаманқұл, Итемген т.б.

Нәтижелер. Кісі есімдерін зерттеудің ұзақ тарихы бар, яғни зерттеушілер бірегейлендіру мен кісі есімдерін қолдану [16, 33], кісі есімдерінің аудармасы [17, 1715] кісі есімдерінің транслитерациясы [18, 18] бойынша зерттеулер жүргізген. Сонымен бірге ғалымдар медиа- және ғылыми контентті талдау үшін әлеуметтік-демографиялық ерекшелік тән кісі есімдерін де зерттеу нысаны ретінде қолданған [19, 33].

Кісі есімдерін әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерімен байланыстырудың әдістемелік негіздемесі мен этикалық тұстарын қарастыру антропонимдерді толыққанды зерттеуге мүмкіндік береді [20, 14].

Кесте 1 – Бір отбасындағы ұйқас кісі есімдері

антропоним	уәж	есіміне қанағаттануы (алдын ала жүргізген сауалнама бойынша; максималды10 балл)
Нұрбек – Асылбек (ағалы-інілі); *Нұржан* (әкесінің інісі) – *Біржан*	антропонегіз бойынша ұйқастық	-бек негізді есімдерді ескірген деп есептейді (4 *балл*); қатарластарды ұйқастырғанды жөн санайды (5 *балл*).
Амина – Алина; Зарина –Аделина	қосымшалар/дыбыстық негізінде ұйқастық:	-ина қосымшалы есімдерді заманауи санайды (9 *балл*).
Таңшолпан – Венера (әпкелі-сіңлілі); *Айман-Шолпан* (әпкелі-сіңлілі)	мағыналық негізіндегі ұйқастық:	Аудармалы бір есімді екі адамға беруді жөн көрмейді (2 *балл*); шығарма кейіпкері есімдері қазіргі кезде кішкене ескірген деп санайды (8 *балл*).

Бұрынғы кезд ата-аналар балаларының амандығы, бай болуы сияқты әлеуметтік маңызды мәселелерді ат беруде ескерсе, қазіргі кезде сол антропонимнің иесі болашақта мазаққа айналмайтын, сәнді, заманауи, қоғамда орын алған маңызды факторларға қатысты есімдерді беруге тырысады, дегенмен де қазірдің өзінде де бір отбасы мүшелері екендігін анықтайтын кісі есімдері де жетерлік әрі қазақы талғам мен санаға сай келетінін қарастырылған материалдар негізінде анықтадық.

Кесте 2 – Демографияға қатысты кісі есімдері

антропоним	уәж мағыналық	есіміне қанағаттануы (алдын ала жүргізген сауалнама бойынша; максималды10 балл)
Ұлту, Ұлдана, Ұлбосын т.б.	бір отбасында тек қыз баланың дүниеге келуі	ата-ана уәжімен келіседі, бірақ ескірген есім санайды (6 балл).
Ұлмекен	сұраулық есім	«күлкі келтіретін», ескірген есім санайды (2 балл)
Төлеген, Сатыбалды т.б.	бала өлімін тоқтату	Төлеген есімін қорғау мәнде деп санамайды, «Қыз Жібек» фильмінің кейіпкерінің есімі ретінде қабылдайды, жалпы, ескірген есімдер қатарында деп санайды (7 балл)
Тұмар, Жаманқұл т.б.	«тұмар» есім	Тұмар есімі әлі өзектілігін жоғалтқан жоқ, «әдемі», құлаққа жағымды есім санайды (9 балл); басқа есімдер ескірген, құлаққа жағымсыз деп қабылдайды (1 балл)

Бұрынғы тұрмыс-тіршілік ырым-сенімді тудырып, бұл сенім кісі есімдерінде көрініс тапқан, яғни *Ұлболсын, Ұлту* сияқты есімдер, шын мәнінде «ұл шақырады» деген сенімнен туындаса, қазіргі техниканың, медицинаның дамыған заманында «ұлды дүниеге әкелуді жоспарлауға» болатын деңгейге жеткендіктен, Ұлту, Ұлболсын сияқты есімдер ескірген саналады.

Қорытынды. Қазіргі кезде кісі есімдері лексика-семантикалық, құрылымдық, субстраттық қабат, когнитивтік т.б. тұрғыдан зерттелуде, бұл кісі есімдері екіншілік атау нәтижесі екендігін, олар бір және бірнеше негізді болатындығын, әр ұлттың танымын, сонымен бірге кісі есімдері әмбебап болғанымен, әр ұлттың салт-дәстүрі, наным-сенімі негізінде қалыптасатынын т.б. көрсететінін айқындайды.

Қазіргі кезде адамдардың санасы ерекше талғамды талап ететіндіктен бұрынғы наным-сенімнен гөрі сәнді, өзгелерден айрықша ерекше болуды қалайтындықтан, бір отбасы ішінде кісі есімдерін антроопонегіз бойынша, қосымшалар немесе дыбыстық, мағыналық негізінде ұйқастығын айқындауға болады, ал бұл отбасы мүшелерін бірегейлендіру және сол отбасыға телуді, ат берушінің ерекше талғамын көрсетеді.

Ғалымдардың пікірінше, кісі есімдері ұлтты айқындайтын элемент саналады, сонымен бірге психологиялық уәж антропонимжасамда қазақ халқына тән ерекшелікті аңғартады. Отбасында мұрагерді армандау, бала өлімінің тоқтауын, дені сау баланы қалау сияқты кісі есімдеріне уәж боған экстралингвистикалық фактор демографияның халық санының өсуі сияқты маңызды мәселелерге меңзейді.

Қазақ халқының дәстүрлі антропонимиялық жүйесінде баланың дүниеге келуі мен оның болашағына байланысты ата-ананың үміті ерекше орын алған. Отбасында мұрагерді армандау, көп балалы болуға ұмтылу, бұрынғы балалардың шетінеуіне байланысты келесі перзенттің аман-есен өсуін тілеу, дені сау, ғұмырлы балаға деген ниет сияқты психологиялық және әлеуметтік факторлар балаға қойылатын есімдерден көрініс тапқан.

Мұндай есімдер ата-ананың ішкі сезімі мен арманын ғана білдіріп қоймай, белгілі бір тарихи кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік жағдайынан да хабар береді. Мысалы, баланың өміршеңдігін, денсаулығын, ұзақ ғұмырын тілеу негізінде қалыптасқан антропонимдер халықтың бала тәрбиесіне, ұрпақ жалғастығына және отбасы тұрақтылығына деген көзқарасын танытады. Ал мұрагер күтуге байланысты қойылған есімдер қазақ қоғамындағы әулет жалғастығының маңызын көрсетеді. Демек, антропонимдер арқылы жеке адамның аты ғана емес, сол есім нің қалыптасуына негіз
болған қоғамдық сана мен ұлттық дүниетаным да танылады.

Осытұрғыданалғанда,кісіесімдеріндегіэкстралингвистикалықуәждердемографиялық үдерістермен де тығыз сабақтасады. Отбасындағы бала санының көбеюін қалау, ұрпақтың амандығын тілеу, өміршеңдік пен ұрпақ жалғастығына мән беру сияқты ұғымдар халық санының өсуі, отбасы құрылымы және демографиялық тұрақтылық мәселелерімен байланысты. Сондықтан қазақ антропонимдерін зерттеу тілдік құбылысты ғана емес, халықтың тарихи-әлеуметтік жағдайын, ұлттық психологиясын және демографиялық дүниетанымын тануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. –Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.

2. Madiyeva G.B., Karaman A.K. English anthroponyms: their features and usage as a linguistic resource // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №4 (180). – 2020. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v180.i4.ph1

3. Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: Астана полиграфия, 2012. – 320 б.

4. Juraeva I. Lexical-semantic Features of Anthroponyms in English Language // Journal of Contemporary Issues in Business and Government. – №4(27). – 2021. URL: https://www.researchgate.net/publication/356568224

5. Кенжина Б.К., Адишева А.О. Қазақ антропонимдерінің этнолигвистикалық сипаты // Вестник КАСУ. – №2 - 2005. URL: https://vestnik-kafu.info/journal/2/68/

6. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасындағы дүниенің (ғаламның) антропонимиялық бейнесі. URL: https://atau.kz/kz/article/7?ysclid=msj0jgk8gd915764147

7. Бухаркин П. Е., Матвеев Е. М. Антропонимы в русской литературе XVIII века: о некоторых аспектах функционирования имени в оде и трагедии // Русская литература. – Санкт-Петербург. – № 3. – 2020. – С. 5-19. DOI: 10.31860/0131-6095-2020-3-5-19.

8. Асильбекова Н. У. Антропонимдердің сөзжасамдық тәсілдері // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – № 3 (73). – Б. 9-14. URL: https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20201215055002.pdf?utm_source=chatgpt.com

9. Djomeni G. D., Lappi J. L. A Socio-Ethnolinguistic Analysis of Personal Names in the Fe'efe'e Community, West Cameroon // Journal of Linguistics and Language in Education. – 2024. – Vol. 18, No. 1. – P. 63-80. – DOI: 10.56279/jlle.v18i1.4.

10. Гафуров А. Лев и Кипарис (о восточных именах). – М.: Наука, 1971. – 240 с.

11. Strauss A. L. Mirrors and Masks: The Search for Identity. – Routledge, 2017. – 188 p.

12. Jeshion R. The Significance of Names // Mind & Language. – 2009. – Vol. 24, No. 4. – P. 370-403. – DOI: https://doi.org/10.1111/j.1468-0017.2009.01367.x

13. Hough C. (ed.). The Oxford Handbook of Names and Naming. – Oxford: Oxford University Press, 2016. – 832 p. – DOI: https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199656431.001.0001.

14. Inoshita K. Nationality and Region Prediction from Names: A Comparative Study of Neural Models and Large Language Models // arXiv. – 2026. – arXiv:2601.08692v2 [cs.CL]. – 19 January. DOI: https://doi.org/10.48550/arXiv.2601.08692

15. Антонова Л.Н. Демография: учебно-методическое пособи. – Екатеринбург: Урал, 2014. – 154 с.

16. Mann G. S., Yarowsky D. Unsupervised Personal Name Disambiguation // Proceedings of the Seventh Conference on Natural Language Learning at HLT-NAACL 2003 (CoNLL 2003). – Edmonton: Canada, 2003. – P. 33-40.

17. Sennrich R., Haddow B., Birch A. Neural Machine Translation of Rare Words with Subword Units // Proceedings of the 54th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics (Volume 1: Long Papers). – Berlin, Germany: Association for Computational Linguistics, 2016. – P. 1715–1725. – DOI: 10.18653/v1/P16-1162.

18. Liu Y., Li W., Huang Z., Fang Q. A Fast Method Based on Multiple Clustering for Name Disambiguation in Bibliographic Citations // Journal of the Association for Information Science and Technology. – 2015. – Vol. 66, No. 3. – P. 634–644. – DOI: https://doi.org/10.1002/asi.23183

19. Vogel A., Jurafsky D. He Said, She Said: Gender in the ACL Anthology // Proceedings of the ACL-2012 Special Workshop on Rediscovering 50 Years of Discoveries. – Jeju Island, Korea: Association for Computational Linguistics, 2012. – P. 33-41.

20. Gautam V., Subramonian A., Lauscher A., Keyes O. Stop! In the Name of Flaws: Disentangling Personal Names and Sociodemographic Attributes in NLP // Proceedings of the 5th Workshop on Gender Bias in Natural Language Processing (GeBNLP). – Bangkok, Thailand: Association for Computational Linguistics, 2024. – P. 323–337. – DOI: 10.18653/v1/2024.gebnlp-1.20.

С.К. ИМАНБЕРДИ
Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, Астана, Казахстан
Б. АБДУАЛИУЛЫ
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

КАЗАХСКИЕ ЛИЧНЫЕ ИМЕНА: СЕМЬЯ И ДЕМОГРАФИЯ

Аннотация. В статье рассматривается исследование казахских личных имен. В антропонимообразовании важную роль играют социально-демографические факторы, для определения этого был проведен анализ имен членов семьи. Антропоним, как вид ономастики, тесно связан со многими науками. В этом отношении социально-демографические факторы в имени индивидов, живущих в обществе (семье), определяют идентичность, традиции, обычаи конкретного народа в антропонимообразовании.

Цель статьи – выявить личные имена, характеризующие значимые черты в обществе и семье и индивидуализирующие человека, классифицировать их по социально-демографическим характеристикам, сохранившимся в их именах, определить их психологические мотивы, найти закономерности сходства имен членов одной семьи, проанализировать их, разработать научное обоснование, систематизировать их.

Методы исследования: статистический метод, сравнительно-сравнительный метод, этимологический анализ, компонентный (семантический) анализ.

Исследование проводилось в лексико-семантическом, познавательном направлении. Социально-демографические особенности антропонимов отчетливо видны при анализе имен членов одной семьи.

Практическая значимость статьи заключается в том, что ее основные результаты могут быть использованы в теоретических курсах, таких как лексикология, ономастика, лингвокультурология, социолингвистика, а также в семинарах по практике преподавания казахского языка.

Ключевые слова: личные имена, демография, общество, мотивация, классификация.

S.K. IMANBERDY
S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan
B. ABDUALIULY
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

KAZAKH PERSONAL NAMES: FAMILY AND DEMOGRAPHICS

Annotation. This article examines the study of Kazakh personal names. Socio-demographic factors play a significant role in the formation of anthroponyms. To determine this, an analysis of family names was conducted. Anthroponyms, as a form of onomastics, are closely linked to many disciplines. In this regard, socio-demographic factors in the names of individuals living in a society (family) determine the identity, traditions, and customs of a particular people in anthroponym formation.

The purpose of this article is to identify personal names that characterize significant traits in society and family and individualize a person, classify them according to the socio-demographic characteristics preserved in their names, determine their psychological motivations, identify patterns of similarity between names of family members, analyze them, develop a scientific basis, and systematize them.

Research methods: statistical method, comparative method, etymological analysis, component (semantic) analysis.

The study was conducted in a lexical-semantic and cognitive direction. The socio-demographic characteristics of anthroponyms are clearly evident when analyzing the names of members of the same family.

The practical significance of this article lies in the fact that its main results can be used in theoretical courses such as lexicology, onomastics, cultural linguistics, and sociolinguistics, as well as in seminars on the practical teaching of the Kazakh language.

Keywords: personal names, demography, society, motivation, classification.

References

1. Janūzaqov T. Qazaq esımderınıñ tarihy. –Almaty: Čylym, 1971. – 218 b.
2. Madiyeva G.B., Karaman A.K. English anthroponyms: their features and usage as a linguistic resource // äl-Farabi atyndağy QazŪU Habarşysy. Filologia seriasy. – №4 (180). – 2020. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v180.i4.ph1
3. Äbduäliūly B. Qazaq antroponimjasamy: teorialyq jäne praktikalyq negızderı. – Astana: Astana poligrafia, 2012. – 320 b.
4. Juraeva I. Lexical-semantic Features of Anthroponyms in English Language // Journal of Contemporary Issues in Business and Government. – №4(27). – 2021. URL: https://www.researchgate.net/publication/356568224
5. Kenjina B.K., Adişeva A.O. Qazaq antroponimderınıñ etnoligvistikalyq sipaty // Vestnik KASU. – №2 - 2005. URL: https://vestnik-kafu.info/journal/2/68/
6. Tıleuberdiev B. Qazaq onomastikasyndağy dünienıñ (ğalamnyñ) antroponimialyq beinesı. URL: https://atau.kz/kz/article/7?ysclid=msj0jgk8gd915764147
7. Buharkin P. E., Matveev E. M. Antroponimy v ruskoi literature XVIII veka: o nekotoryh aspektah funksionirovania imeni v ode i tragedii // Ruskaia literatura. – Sankt-Peterburg. – № 3. – 2020. – S. 5-19. DOI: 10.31860/0131-6095-2020-3-5-19.
8. Asilbekova N. U. Antroponimderdıñ sözjasamdyq täsılderı // Abai atyndağy QazŪPU-dyñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2020. – № 3 (73). – B. 9-14. URL: https://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20201215055002.pdf?utm_source=chatgpt.com
9. Djomeni G. D., Lappi J. L. A Socio-Ethnolinguistic Analysis of Personal Names in the Fe'efe'e Community, West Cameroon // Journal of Linguistics and Language in Education. – 2024. – Vol. 18, No. 1. – P. 63-80. – DOI: 10.56279/jlle.v18i1.4.
10. Gafurov A. Lev i Kiparis (o vostochnyh imenah). – M.: Nauka, 1971. – 240 s.

11. Strauss A. L. Mirrors and Masks: The Search for Identity. – Routledge, 2017. – 188 p.

12. Jeshion R. The Significance of Names // Mind & Language. – 2009. – Vol. 24, No. 4. – P. 370-403. – DOI: https://doi.org/10.1111/j.1468-0017.2009.01367.x

13. Hough C. (ed.). The Oxford Handbook of Names and Naming. – Oxford: Oxford University Press, 2016. – 832 p. – DOI: https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199656431.001.0001.

14. Inoshita K. Nationality and Region Prediction from Names: A Comparative Study of Neural Models and Large Language Models // arXiv. – 2026. – arXiv:2601.08692v2 [cs.CL]. – 19 January. DOI: https://doi.org/10.48550/arXiv.2601.08692

15. Antonova L.N. Demografia: uchebno-metodicheskoe posobi. – Ekaterinburg: Ural, 2014. – 154 s.

16. Mann G. S., Yarowsky D. Unsupervised Personal Name Disambiguation // Proceedings of the Seventh Conference on Natural Language Learning at HLT-NAACL 2003 (CoNLL 2003). – Edmonton: Canada, 2003. – P. 33-40.

17. Sennrich R., Haddow B., Birch A. Neural Machine Translation of Rare Words with Subword Units // Proceedings of the 54th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics (Volume 1: Long Papers). – Berlin, Germany: Association for Computational Linguistics, 2016. – P. 1715–1725. – DOI: 10.18653/v1/P16-1162.

18. Liu Y., Li W., Huang Z., Fang Q. A Fast Method Based on Multiple Clustering for Name Disambiguation in Bibliographic Citations // Journal of the Association for Information Science and Technology. – 2015. – Vol. 66, No. 3. – P. 634–644. – DOI: https://doi.org/10.1002/asi.23183

19. Vogel A., Jurafsky D. He Said, She Said: Gender in the ACL Anthology // Proceedings of the ACL-2012 Special Workshop on Rediscovering 50 Years of Discoveries. – Jeju Island, Korea: Association for Computational Linguistics, 2012. – P. 33-41.

20. Gautam V., Subramonian A., Lauscher A., Keyes O. Stop! In the Name of Flaws: Disentangling Personal Names and Sociodemographic Attributes in NLP // Proceedings of the 5th Workshop on Gender Bias in Natural Language Processing (GeBNLP). – Bangkok, Thailand: Association for Computational Linguistics, 2024. – P. 323–337. – DOI: 10.18653/v1/2024.gebnlp-1.20.

Авторлар туралы мәлімет:

Иманберді Сәуле Құрманбайқызы – филология ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Иманберди Сауле Курманбайкызы – доктор филологических наук, профессор Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, Астана, Казахстан.

Imanberdy Saule Kurmanbaikyzy – Doctor of Philological Sciences, Professor S.Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan.

Әбдуәлиұлы Бекжан – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Абдуалиулы Бекжан – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Abdualiuly Bekzhan – Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.33
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.04

***Ә. КЕСІКБАЕВА[1]**
Қ.Ө. ЕСЕНОВА[2]
Ф.К. ИСМАИЛОВА[3]
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы[1,2,3]
(e-mail: hazretosman@mail.ru[1], kalbike_65@mail.ru[2], fari1996@mail.ru[3])

ҚАЗАҚ ОЧЕРКТЕРІНІҢ ТИПТІК ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖОЛСАПАР ОЧЕРКТЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ очерк жанрының типтік түрлері жүйеленіп, олардың жанрлық-тақырыптық және функционалдық ерекшеліктері айқындалады. Зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ очеркінің даму үстіндегі және қолданысы сиреген түрлерін анықтап, портреттік, проблемалық, тарихи-танымдық, өндірістік және жолсапар очерктерінің көркем-публицистикалық табиғатын саралау. Зерттеу материалы ретінде Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» мен Қайрат Сақтың «Кәрі құрлық қазақтары бас қосты» жолсапар очеркі алынды. Мәтіндерді талдауда жанрлық-типологиялық, лексика-семантикалық, салыстырмалы және прагматикалық әдістер қолданылды. Нәтижесінде очерк мәтініндегі деректілік пен субъективті баяндаудың арақатынасы, авторлық «меннің» көрінісі, бағалауыштық семантика, адресатпен байланыс орнату тетіктері және кеңістік пен уақыт категорияларының прагматикалық қызметі анықталды. Ш.Уәлиханов очеркінде ғылыми-деректік баяндау басым болса, Қайрат Сақ мәтінінде риторикалық сұрақ, тікелей үндеу және эмоциялық бағалау арқылы оқырманмен диалог күшейетіні көрсетілді. Зерттеу қорытындылары қазақ публицистикасы мен көркем прозадағы очерк жанрының қазіргі даму үрдістерін түсіндіруге және очерктік мәтіндерді лингвопрагматикалық тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.
Түйін сөздер: қазақ очеркі, жолсапар очеркі, мәтін прагматикасы, бағалау семантикасы, авторлық «мен», деректілік пен субъективтілік, ұлттық-мәдени ақпарат, медиамәтін.

Кіріспе. Қазіргі қазақ очеркі – көркем әдебиет пен публицистиканың тоғысуында дамып жатқан стильдік жанр ретінде деректік және прагматикалық қызметін сақтай отырып, сонымен қатар субъективтілік пен интерпретацияның жоғары деңгейімен ерекшеленетін күрделітуынды. Қазіргіқазақочерктеріқоғамдықсананыңмедиатизациялауғабағыттайтын құнды құрал болуы тиіс. Себебі очерк шынайы ақиқат болмысқа құрылатын болғандықтан және публицистикалық стильде рәсімделетін болғандықтан оқырманға оңай жол табатын стильдік туынды болып отыр. Қоғамдық сананы өркендету, дұрыс бағытқа жетелеу, өнегелі тәрбие беруде қазақ очерктерінің қызметі артатынын сөзсіз. Бірақ оның стильдік және прагматикалық, тіпті дискурстық талаптары бар. Очерктің прагматикасы тек мазмұны мен тақырыбы арқылы ғана емес, ең алдымен мәтіннің коммуникативтік бағыттылығымен, адресатқа бағдарлануымен және ықпал ету әлеуетімен айқындалады. Осы мақаланың мақсаты да қазіргі очерктердің негізгі прагматикалық сипаттарын айқындау және

олардың функционалдық-коммуникативтік ерекшеліктерін сипаттау болып отыр. Қазақ очерктерінің прагматикасы дәстүрлі түрде сөйленімнің коммуникацияға қатысушылармен, сөйлеу актісінің шарттарымен және сөйлеушінің мақсаттарымен арақатынасын зерттейтін саласы ретінде қарастырылады. Очерк жанрына қатысты прагматика мынадай қырлардан көрініс табады: авторлық интенцияда (хабарлау, иландыру, интерпретациялау, бағалау); коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды таңдауда; адресат бейнесін модельдеуде; экспрессивті және бағалауыштық тілдік құралдарды қолдануда. Очерк жазу өте күрделі құбылыс. Сондықтан қазақ очерктерін типтерге ажырату қиын. Себебі қазіргі очерктерге көпқызметті (полифункционалды) сипат тән. Қазіргі заманауи очерктердің мазмұнында ақпараттық қызмет (деректерді хабарлау, оқиғаларды сипаттау, тұлғалық портрет жасау) болуы шарт. Сонымен қатар интерпретативтік және бағалауыштық қызметтердің болуы маңызды. Автор шындықты тек тіркеп қана қоймай, оны пайымдауды ұсынып, белгілі бір дүниетанымдық бейне қалыптастырады. Қазіргі очерктерге қойылатын талаптардың бірі - автордың прагматикалық ұстанымы болуы. Ол ұстаным қандай сипатта болуы мүмкін:

- аналитикалық қызмет – әлеуметтік, мәдени немесе тұлғалық құбылыстарды түсіндіру
- аксиологиялық қызмет – бағалау мен авторлық ұстанымды білдіру
- эмотивтік қызмет – адресаттың сезіміне ықпал ету
- мобилизациялық қызмет – оқырманды ойлануға немесе әрекет етуге жетелеу.

Осындай қағидалардың негізінде құрастырылатын очерктердің оқырманы да көп болатыны сөзсіз. Бірақ бұған күрделі дайындық қажет. Сондықтан публицист-журналистердің зерделі көкжиегі, логикалық пайымдауы, психологиялық өрісінің кеңдігі, дүниетанымдық білімі жан-жақты болуы талап етіледі. Очерк мәтіні формалды түрде монологтық құрылымда болғанымен, диалогтылыққа бағдарланған болуы тиіс. Автор оқырманның тәжірибесіне, құндылықтарына және оның тұжырымы мен ой түйініне құрылуы қажет. Демек қазіргі қазақ очерктерінде жасырып диалогтық қарым-қатынас жүзеге асырылуы тиіс.

Әдістеме мен зерттеу әдістері. Қазіргі очерк типтері мен жанрларын зерттеу үшін классикалық және заманауи басылымдарды қамтитын мәтіндер корпусы пайдаланылды. Дереккөздер қатарына 2015–2025 жылдары мерзімді басылымдарда жарияланған очерктер, 2020–2025 жылдардағы интернет-басылым материалдары, әдеби-көркем жинақтар мен ғылыми публицистика енгізілді. Негізгі талдау материалы ретінде Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» мен Қайрат Сақтың «Кәрі құрлық қазақтары бас қосты» жолсапар очеркі алынды. Мәтіндер жанрлық-тақырыптық, функционалдық және прагматикалық белгілері бойынша іріктелді.

Зерттеу кешенді әдістемеге негізделді. Лексика-семантикалық талдау мәтіннің негізгі тақырыптарын және стильдік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Жанрлық-типологиялық әдіс очерктерді түрлерге ажырату және олардың функционалдық белгілерін салыстыру үшін қолданылды. Прагматикалық талдау арқылы авторлық интенция, бағалауыштық семантика, адресат бейнесі және оқырманға ықпал ету тетіктері сараланды. Салыстырмалы талдау Ш.Уәлиханов пен Қайрат Сақ мәтіндеріндегі деректілік, авторлық «мен», кеңістік пен уақыт категорияларының қызметін өзара сабақтастықта қарастыруға бағытталды.

Талқылау және бақылау. Қазақ очерктерінің зерттелуі бойынша М.Б. Шындалиеваның «Қазақ очеркі» библиографиялық көрсеткіші пайдаланылды. Онда әр жылдарда жарияланған қазақ очерктерін тауып, өзара салыстыруға мүмкіндік туды [1]. Бұл библиографиялық көрсеткіште 1465 очерк ұсынылған. Алдағы уақытта аталмыш қазақ очерктерін типтік түрлерге топтастыруға болады. Осы библиографиялық көрсеткіште жолсапар очерктері жолжазбалар деп аталғаны байқалды. Сондай-ақ аталмыш библиографиялық көрсеткішті талдай отырып, қазақ очерктерінің ең көп жазылған кезеңі, яғни қарқынды дамыған шағы кеңестік кезең екенін байқалды. З.Шашкин, Ә.Шәріпов, Қ.Шаңғытбаев, М.Хәкімжанова, Ө.Тұрманжанов, А.Тоқмағанбетов, Ә.Тәжібаев, О.Сүлейменов, Ғ.Сланов, С.Ақселеу, Ә.Серсенбаев, Қ.Сарғарин, және т. б.

ақын-жазушылардың очерктерінің тақырыптық, жанрлық түрлерінің алуан түрлілігі аңғарылды. Қазақ очерктерінің бастауында Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктері», Б.Майлиннің «Алыпты аралағанда», І.Жансүгіровтің «Соқашылар» туындысы алғашқы публицистикалық туындылар болып саналады. Одан кейін Б.Бұлқышев, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Ж.Жұмақановтардың очерктері Ұлы отан соғысындағы қаһармандық пен батырларды сипаттауға бағытталды. М.Әуезовтің « Түркістан солай туған», С.Мұқановтың «Туған жер тыңында», Ғ.Мүсіреповтің «Отарлар оралып келеді», А.Тоқмағанбетовтің «Ақ күріштің атасы», Х.Ерғалиевтің «Өмір шежіресі», және т. б. очерктер қазақ жеріндегі өндірістің дамуын, Түркістан темір жолының салынуы, қарағанды көмір кенін, ауылшаруашылық өнеркәсіптерді, тың игеру науқанын насихаттауға арналған болатын. Осылайша қазақ очерктері қоғамның ағымындағы өзгерістерді ақпараттандыратын тарихи деректі туынды ретінде үздіксіз дамып отырды. Тәуелсіздік кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарында очерк жанрының түрлері өзгере бастады. Қазіргі очерктердегі адресат бейнесі көбінесе жалпылама сипатта болады, алайда цифрлық медиада оны нақтылау үдерісі айқын байқалады. Интернет-басылымдарда, блогтарда және әлеуметтік желілерде жарияланатын очерктер халықаралық қарым-қатынастағы әсер мен мәдени текетірестерге қатысты жағдаяттар аясында жарияланатын болды. Бұл белгілі бір шектеулі оқырмандарға ғана қызықты болуымен очерк жанрының әлсіздігін көрсете бастады. Сын тұрғысынан ойлай білетін және кері байланыс көрсете алатын оқырманға ғана бағытталған очерктер туындады. Сондықтан тәуелсіздік кезеңінен кейін очерктерді дипломаттар, елшілер, халықаралық байланыстағы жазушылар ғана жазатын болды. Ондай очерктердің прагматикасы риторикалық сұрақтарға, оқырманға тікелей үндеу ретінде, ұжымдық естеліктер мен мәдени кодтарға апелляция түрінде жарияланатын болды. Бұл мәтіннің перлокутивтік әсерін күшейтеді, яғни адресаттың сипатталған оқиғалар мен кейіпкерлерге қатысты қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталады. Очерк жанрындағы мұндай құбылыс әлемдік публицистикалық жанрда кездесетін қалыпты жағдай екенін анықталды. Әлемдік зерттеулер бойынша, М. Бахтин очерктің талаптары шартты, ең бастысы оқырманмен жасырын диалог құру қызметі орындалса жеткілікті деп түсінеді [2]. В.И.Карасик мәтіннің прагматикалық жағының маңыздылығын ерекше көрсетеді: авторлық интенцияны, коммуникативтік стратегияларды, адресат бейнесін модельдеуді талдау [3]. Н.Д. Арутюнова зерттеуінде бұл тәсілдер очеркті полифункционалды жанр ретінде, яғни ақпараттық, интерпретативтік және бағалауыштық функцияларды біріктіретін жанр ретінде ашып көрсетеді [4]. Қазіргі очерктерді эмпирикалық зерттеулер негізінен интернет-басылымдар, блогтар және әлеуметтік желілердегі мәтіндерді талдауға бағытталған. Мысалы, Фэрклоу және сыни дискурс зерттеушілерінің жұмыстары көрсеткендей, цифрлық кеңістіктегі очерк интерактивтік сипатқа ие болады: автор оқырманның кері байланысын ескереді, риторикалық сұрақтарға, мәдени кодтарға және ұжымдық естеліктерге, үндеулерге аса мән береді. Т. Бростовскаяның зерттеулерінде портреттік очерк қазіргі БАҚ бетінде мүлде жоғалып кеткенін айтады, яғни «бұл жалпыадамзаттық үлгі боларлық тұлға (көсем) мәртебесі стереотипі жойылғанын көрсетеді» деп тұжырымдайды [5]. О.Казаковаңың зерттеуінде де «Біздің заманымыздың кейіпкері» ұранымен пайда болатын портреттік очерктер мазмұны әлсірегенін айтады, қазіргі медиаочерктер тұлғаны дәріптеу емес, өзін дәріптеуге бет бұрғанын атап көрсетеді [6].

Н.С.Авдонина мен В.Н.Богатырёва медиаформаттарды, журналистикалық жанрлардың цифрлануын талдай отырып, медиаочеркті жаңа жанр ретінде қабылдайды: «Цифрландыру мен конвергенция үдерістері журналистикаға сапалы өзгерістер алып келді, цифрлық ортада баяндау стилінің жаңа форматы медиаочерк пайда болды» [7] – деп мәлімдейді. Мұндағы медиаочерк – мәдени, рухани жаңалықтарды әсерлі баяндау үлгісіндегі публицистикалық туынды.

Ю.Демьянова, В.Абишева, және т. б. зерттеуінде цифрлық коммуникацияның баяндау жанрларының дамуына әсері талданады, зерттеушілердің пікірінше медиаочерк – бұл публицистика мен көркем эссенің гибридті жанры деп түсініледі [8].

Б.Әліқожа, З.Авшар зерттеуінде 53 000-нан астам жарияланымдарды талдаудың нәтижелері бойынша 2010 жылдан кейін медиаочерк жанрындағы зерттеулердің артқанын және цифрлық медиасфераға очерк жанрына қызығушылықтың ұлғайғанын көрсетеді [9].

«Очерктің негізгі сипаттамасы — шындықты көркем тіл арқылы көрсету қабілеті, нақты деректерге және авторлық перспективаға негізделуі» деген қатаң ұстаныммен зерттеу бағыты да бар екені аңғарылады [10].

Ғылыми әдебиеттер мен эмпирикалық зерттеулерді талдау көрсеткендей, очерк жанры әлеуметтік, мәдени және технологиялық факторлардың әсерінен үздіксіз трансформациялана беретінін байқадық. Цифрландыру және медиаформаттардың дамуы жанр үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей, медиаочерк интерактивтік сипатқа ие, мультимедиялық құралдарды пайдаланады және белсенді, сын тұрғысынан ойлай білетін оқырманға бағытталғанын көрдік. Әлеуметтік желілер, блогтар және интернет-басылымдар дәстүрлі көркем-құжаттық стильді цифрлық және визуалды элементтермен біріктіретін гибридті очерк формаларының пайда болуына ықпал етеді.

Осылайша, қазіргі очерк жанры гибридті және көпқызметті жанр ретінде дамуда, көркем, құжаттық және публицистикалық элементтерді біріктіре алады, өзгеріп отырған коммуникативтік жағдайларға бейімделеді. Зерттеушілердің ұстанымдары жанрдың дамуы мәдени-тарихи және технологиялық факторларға тәуелді екенін растайды, ал оның әрі қарайғы трансформациясы коммуникацияның үздіксіз цифрландыруымен байланысты болатынын аңғардық.

Очерк – журналистика жанрларының бірі ретінде аналитикалық мазмұн мен бейнелі сипаттың тоғысуынан тұратын көркем-публицистикалық туынды. Осыған байланысты очерк авторы тек тұлға, оқиға немесе құбылысқа қатысты деректерді баяндаумен шектелмей, мәтіннің көркемдік деңгейін арттыратын бейнелеу құралдары мен экспрессивтік әдістерді де қолдануы қажет. Кей жағдайда осы екі құрамдас бөліктің арасындағы үйлесімділікті сақтау қиындық туғызады. Сондықтан очерк жанры ең күрделі түрлердің бірі ретінде қарастырылады әрі көркем-публицистикалық жанрлардың «негізгі құнды әрі күрделісі» деп аталады. Қазақ очерктерінің типтік түрлері көп, бірақ соған сай жазылатын туындылар саны аз. Мысалы:

Портреттік очерк – құрылымдық өзегінде жеке тұлғаның бейнесін, оның өмір жолы мен жинақталған тәжірибесін бейнелейтін публицистикалық туынды түрі. Мұндай жанрдағы мәтіндер мен бейнематериалдардың кейіпкерлері көбіне қоғам дамуына елеулі үлес қосқан танымал тұлғалар болса, кей жағдайда қарапайым адамдар немесе көркемдік тұрғыда қиялдан жасалған бейнелер де кейіпкерге айналуы мүмкін. Негізінен көркем мәтіннен очерктің айырмашылығы кейіпкерінің шынайылығында, яғни очерк кейіпкерлері өмірде бар және болған адамдар турасындағы ақиқат жағдаяттан құралады. Дегенмен де портреттік очеркте негізгі кейіпкердің тұлғалық бейнесін айқындау үшін қиялдан туған жанама кейіпкерлер де ойдан құрастырылады. Бұл ретте басымдық олардың кең ауқымды тарихи-әлеуметтік оқиғалардағы орнына емес, жеке өмірлік тәжірибесіне және бастан кешкен сын-тегеуріндеріне беріледі. Портреттік очерктің негізгі қызметі – оқырманды кейіпкердің өмірлік болмысын тереңірек ұғынуға бағыттау, әрі соның негізінде оқырманға өзінің ішкі сезімдік күйін пайымдауға және жеке тәжірибесін сипатталған жағдайлармен салыстыруға мүмкіндік туғызу.

Жолсапарлық очерк – саяхатшының белгілі бір сапар барысында жинақтаған бақылаулары мен жазбаларын қамтитын публицистикалық жанр үлгісі. Оның алғашқы нұсқаларының бірі ретінде Ш. Уәлихановтың "Жоңғария очерктері» еңбегін атауға болады. Жанрдың ерекшелігі – жолсапаршының жеке тәжірибесі негізінде оқиғалардың сипатталуы, соның ішінде әртүрлі кездесулер, күтпеген жағдайлар мен қиындықтардың баяндалуы. Жолсапарлық очерктің негізгі міндеті – баяндалған деректерді оқырман қызығушылығын сақтайтындай етіп ұсыну және сапар барысындағы ең мәнді әрі әсерлі сәттерді таңдап көрсету.

Проблемалық очерк – белгілі бір мәселенің дамуын жүйелі түрде қадағалауды мақсат ететін публицистикалық жанрдың түрі. Бұл жанрдың ерекшелігі – тақырыптық шеңберден белгілі бір деңгейде ауытқуға, көркемдік элементтерді қолдануға мүмкіндік беруінде. Очерк авторы мәселені жан-жақты талдап, оқырманға туындаған қайшылықты түсінуге қажетті деректерді ұсынады, сондай-ақ оның шешім табу барысын бақылап отырады.

Очерктің негізгі ерекшеліктері:

• Баяндау формасы. Очерк ғылыми мақала мен репортаждан баяндау еркіндігімен ерекшеленеді. Автор үшінші жақтағы баяндауды, жеке пайымдауларды және риторикалық сұрақтарды қолдана алады. Негізгі мақсат – авторлық ой мен эмоциялық әсерді барынша анық жеткізу.

• Жазушылық мәнер. Очерк шағын көлемді көркем-публицистикалық туынды ретінде автордың эстетикалық шеберлігін танытады. Бейнелеу құралдары, аналогиялар мен метафоралар оқырманға ой салу және эмоциялық әсер ету үшін жұмсалады.

• Субъективтілік. Очерк жанры табиғатынан субъективті сипатқа ие. Онда автордың жеке көзқарасы, әсерлері мен бақылаулары көрініс табады. Осыған байланысты автобиографиялық элементтердің кездесуі заңды құбылыс саналады.

Очерктің ерекшелік сипатын айқындау үшін А. Потебняның көркем шығарманы құрылымдық тұтастық ретінде қарастыратын тұжырымын негізге алуға болады. А.Потебняның пайымдауынша, зерттеу нысанына қолданылатын сыртқы форма компоненттері (бейнелеу құралдары, композиция, тілдік құрылым және жанрлық сипат) көркем бейнені, яғни ішкі форманы түзейді. Ішкі форма зерттелетін нысан жөнінде жаңа білімді бейнелеумен қатар, сол білімді қалыптастырушы тетік қызметін де атқарады. Осыған сәйкес, А.Потебня ұсынған поэтикалық шығарманың «формуласы» тұрғысынан алғанда, зерттеу нысаны туралы жаңа білім туындының идеясы мен мазмұнын құрайды [11].

И.Кузьмичевтің пікірінше, очерк жанрының айқындаушы белгісі – шынайы болмыс фактісі болып табылады. Бұл факт көркем туындының эпикалық құрылымдық компоненттерін: сюжеттік желіні, композициялық жүйені, типтендіру амалдарын, баяндаушының функциясын және заттық-бейнелеу құралдарын ұйымдастырушы өзек рөлін атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеушінің «очерктегі жағдайлар кейіпкерлердің өзара әрекеттестігі нәтижесінде жасалмайды, қайта өмірлік шындықтан тікелей алынады» деген тұжырымы очерк табиғатын дәл сипаттайды [12].

Н.Глушков очерк жанрының табиғатын талдай отырып, оның құрылымында публицистикалық және беллетристикалық бастаулардың бір мезгілде қатар қызмет ететінін атап көрсетеді. Зерттеушінің пайымдауынша, аталған құбылыс шағын эпикалық формада айқын байқалған жағдайда, біз очерк пен новелла белгілерін ұштастырған аралас жанрлық үлгілермен бетпе-бет келеміз. Мұндай «гибридтік» туындыларды ғалым үш түрге жіктейді: «беллетристикалық очерк» (қиялдан туған сюжет пен кейіпкерлерге негізделген көркем сипаттағы очерк), «очерк-әңгіме» (онда публицистикалық-зерттеушілік және беллетристикалық компоненттер баяндау жүйесін ұйымдастыруда тоғысады), сондай-ақ «публицистикалық әңгіме» (публицистикалық және беллетристикалық қырлардан бөлек, мұнда лирикалық элементтер де орын алады) [13].

Очерктің қызметінің қатарына PR да енеді. Себебі «Бүгінгі әлемде ақпарат пен PR – адамдарды басқарудың негізгі құралдары болып табылады. PR – дәл сол саясаттың өзі. Тарих пен қазіргі заман көрсеткендей: адамдарға нақты ақпараттық ықпалсыз және бұл ықпалды тиімді басқарусыз саясат деген түсінік жоқ. Ол сондай-ақ саяси жарнама мен имиджмейкингсіз де мүмкін емес» дейді А.Альжанова. [14, 14].

Меңдігүл Шындалиева «Ш.Мұртаза очеркші» мақаласында былай дейді: Жазушы очерктерінің өзегі – өмірлік қым-қиғаш оқиғаларды жедел таразылап, саралап, сыни көзбен ақиқат безбеніне салып игеруге күш-қуат жұмсағаны айғақ [15, 231].

Очерк-мақала қоғамдық-саяси, халық шаруашылығы және экономика проблемалары сөз болатын очерктің ең шағын түрлерінің бірі…. Очерк-әңгімеде оқиға баяндау арқылы

жүзеге асады. Очерк- әңгіменің жанрлық ерекшелігі алдымен очеркистің оқиғаны баяндау тәсіліне, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкерлердің характерін ашу кезінде көрінеді [16, 146].

Жолсапар очеркінің прагматикасы.

Жолсапарлық очерк – публицистика мен көркем прозаның тоғысқан дәстүрлі жанрлық үлгілерінің бірі. Оның құрылымында деректік пен көркемдік сипат қатар көрініс табады. Жанрдың басты ерекшелігі – автордың сапар барысында жинақтаған әсерлері мен бақылауларын баяндау арқылы табиғат құбылыстарын, адамдар өмірін, мәдени және әлеуметтік жағдайларды сипаттауында. Бұл жанрда тілдік құралдардың қызметі айрықша мәнге ие, өйткені олардың көмегімен жолсапарлық очерктің қос қырлы табиғаты – ғылыми-деректер нақтылығы пен көркем бейнелілік жүзеге асады.

Жолсапарлық очерктің басты ерекшеліктерінің бірі – фактологиялық сипаты. Яғни мәтінде сипаттаманың нақтылығы (күндер айлар жылдар, оқиғалар), географиялық ақиқат (өңір, өлке, аймақ, нақты жер атаулары), күндер мен оқиғалардың аталып өтуі тән.

Екінші ерекшелік – көркем бейнеліліктің белгілі бір мақсатта ғана қолданылуы. Әсіресе өзге елден алған әсерді, халқының сымбаты мен мінезін баяндауда, табиғатын таныстыруда қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ очерктегі көркемділік автордың сапарды қабылдауынан туған эмоционалды реңкі бар сипаттаулар арқылы көрініс табады.

Үшінші ерекшелік – әңгімелеу мен сипаттаудың ұштасуы. Жолсапарлық очеркте әңгімелеу эпизодтары (қозғалыс, жол, кездесулер) мен сипаттама бөліктері (табиғат, қалалар, тұрмыс) жиі алмасып отырады. Мәтін құрылымы сапар бағытына (маршрутына) бағынады.

Төртінші ерекшелік – лиризм және авторлық «мен»-нің болуы. Автор көбіне бақылаушы ғана емес, сонымен қатар оқиғалардың қатысушысы, комментатор, ойшыл ретінде көрінеді.

Бірінші жақтағы жіктеу есімдіктерінің («мен көрдім», «маған солай көрінді») қолданылуы қабылдаудың субъективтілігін күшейтеді.

Бесінші ерекшелік – сөйлеу стильдерінің көптүрлілігі, яғни публицистикалық, ғылыми және көркем стильдердің үйлесуі. Фольклорлық элементтердің, дәйексөздердің, жергілікті тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінің енгізілуі жиі кездеседі.

Нәтижелер. Жолсапарлық очерктің стильдік айырмашылықтарды былай түсіндіруге болады (Кесте 1):

Кесте 1 – Жолсапар очеркінің публицистикалық және көркемдік белгілері

Өлшемшарты	Публицистикалық қыры	Көркемдік қыры
Қызметі	Ақпарат беру, деректерді құжаттау	Эмоциялық әсер қалдыру, эстетикалық ләззат тудыру
Тілі	Нақтылық, фактологиялық дәлдік, қисындылық	Бейнелілік, метафоралық сипат, эмоционалдылық
Композициясы	Сапар маршрутына негізделген сызықтық, хронологиялық	Еркін, ассоциативті, лирикалық шегіністермен
Авторлық ұстанымы	Объективті куәгер	Субъективті бақылаушы, баяндаушы
Бейнелеу құралдары	Терминдер, географиялық және этнографиялық деректер	Эпитеттер, теңеулер, эмоционалды реңкі бар сөздер

Жолсапарлық очерк – деректік пен көркемдікті ұштастыратын аралық жанрлық форма болып табылады. Оның тілдік сипаты нақты фактілердің дәлдігі мен бейнелі-көркемдік элементтердің үйлесімді қолданысынан көрініс табады. Стильдік тұрғыдан алғанда, очерк мәтіні екіжақты қызмет атқарады: бір жағынан ол шынайы болмысты деректік тұрғыдан

тіркеп отырады, екінші жағынан көркемдік тұрғыдан интерпретациялайды. Осындай қос қырлы табиғаты путевой очерктің дүниені ғылыми-танымдық және эстетикалық тұрғыда қабылдауға ықпал ететін, заманауи әдеби процесте маңызын жоғалтпайтын жанр ретінде сақталуына негіз болады.

Қазақтыңжолсапарочерктерініңалғашқыүлгілерініңбірі Ш. Уәлихановтың«Жоңғария очерктерін» мақаланың зерттеу нысаны етіп алдық [17]. Очерк 2945 сөз қолданыстан тұрады. Жер-су атауларының көптігімен ерекшеленеді. Сипаттамалы очерктің құрылымы автордың әсерлі көзқарасынан, Орта Азия жерінің табиғатын суреттеуден басталады. Очерк соңы Қашқариядағы қолына түскен кітаптар мен өзі оқып үлгерген еңбектерді таныстырумен және сапардан тұшынған сезімін баяндаумен аяқталады. Біз «Жоңғар очеркіне» былайша талдау жасадық:

1. Тарихи-ғылыми ақпарат. «Жоңғария очерктері» – XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей шығыстану ғылымының қалыптасу кезеңінде жазылған іргелі еңбектердің бірі. Автор бұл еңбегінде Орта Азия мен Жоңғарияға қатысты геосаяси, тарихи, этнографиялық және географиялық мәліметтерді кешенді түрде ұсынады. Оның жазбалары тек саяхатшының жолжазбалары ғана емес, ғылыми сипаттағы дереккөз болып табылады.

2. Геосаяси маңыз. Ш. Уәлиханов Орта Азияның халықаралық қатынастардағы орнын айқындай отырып, аймақтың Ресей мен Ұлыбритания сияқты ірі державалардың саяси мүдделер қақтығысындағы маңызын көрсетеді. Автордың пайымдауынша, бұл өңір әлі толық зерттелмеген, сондықтан қарама-қайшы деректер көп кездеседі.

3. Әлеуметтік-мәдени сипат. Очеркте Орта Азия халықтарының мәдени артта қалушылығы, ислам дінінің ұстанымы, ғылым мен білімнің құлдырауы жан-жақты сипатталады. Ш.Уәлиханов тарихи кітапханалар мен обсерваториялардың жойылуын аймақ мәдениетінің құлдырау белгісі ретінде бағалайды.

4. Этнографиялық бақылаулар. Ғалым Ш. Уәлиханов қазақ, қырғыз және жоңғар халықтарының тұрмысын, дәстүрін, салт-жоралғыларын салыстыра отырып талдайды. Қырғыздар мен қазақтардың шығу тегі, тілдік және антропологиялық ерекшеліктері жөніндегі тұжырымдары этнолингвистикалық тұрғыдан құнды мәлімет береді.

5. Табиғат пен географияны суреттеу. Очеркте Жоңғарияның географиялық кеңістігі, табиғи жағдайы, өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі егжей-тегжейлі баяндалады. Бұл сипаттамалар тек ғылыми бақылаулар ғана емес, көркемдік элементтер арқылы әсерлі жеткізілген. Мысалы: «Бұлыңғыр тылсым бір мұнар тұмшалап тұрғандай».

6. Тарихи деректер мен мифологиялық қабат. Шоқан халық аңыздарына, тарихи шежірелерге сүйене отырып, көне қоныстар мен христиандық ескерткіштерге назар аударады. Бұл деректер аймақтың өркениеттік байланыстары мен тарихи көпқабаттылығын айқындайды.

Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» — ғылым мен публицистиканың тоғысқан үлгісі. Онда этнографиялық бақылаулар, тарихи талдау, географиялық деректер және көркем-публицистикалық баяндау шебер ұштасқан. Еңбектің ғылыми құндылығы – Орта Азия халықтарының тұрмысы мен тарихын жан-жақты қамтып, сол дәуірдің әлеуметтік-мәдени жағдайын объективті сипаттай білуінде. Шоқан Уәлихановтың «Жоңғария очерктерінің» басты ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда былайша сипаттауға болады:

- *Ғылыми-публицистикалық шолу.* Еңбек таза ғылыми трактат емес, бірақ деректік құндылығы жоғары; сонымен бірге публицистикалық және көркемдік элементтері қатар жүреді. Бұл очеркті әрі ғылыми зерттеу, әрі әдеби шығарма деңгейіне көтереді.
- *Көпқырлылық.* Очеркте география, этнография, тарих, мәдениет, діntану, саясат сияқты бірнеше саланың мәселелері тоғысқан. Яғни ол тек бір бағытта емес, кешенді түрде жазылған.
- *Автор мүддесінің айқындығы.* Шоқан тек бақылаушы ғана емес, сыншы әрі ойшыл ретінде көрінеді. Ол Орта Азия халықтарының мәдени құлдырауын, діни фанатизмнің ғылымға кері әсерін, әлеуметтік артта қалушылықты ашық көрсетеді.

• *Этнографиялық нақтылық.* Қазақ, қырғыз және жоңғар халықтарының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмысы туралы нақты әрі салыстырмалы мәлімет беріледі. Бұл деректер кейінгі этнолингвистикалық зерттеулерге негіз болды.

• *Көркемдік сипаттау.* Табиғат көріністері, тарихи орындар, халықтың болмысы тек ғылыми дерекпен шектелмей, бейнелі тіл арқылы әсерлі суреттеледі. Бұл очеркке тартымдылық пен оқырманға жақындық береді.

• *Уақытпен үндестігі.* Шоқан еңбегі сол кезеңдегі Ресей империясының ғылыми қызығушылығына жауап береді, бірақ сонымен қатар жергілікті халықтың төл болмысына құрметпен қараған объективті көзқарасты ұсынады.

Қорытынды. «Жоңғария очерктерінің» ерекшелігі – ғылыми нақтылық пен көркемдік бейнелеудің үйлесімі, көпқырлы мазмұны және этнографиялық-тарихи деректердің тереңдігі. Қорыта келе Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктерінің» ерекшеліктерін ғылыми және әдеби қыры бойынша салыстырмалы кесте түрінде ұсынамыз (Кесте 2):

Кесте 2 – Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктеріне» кешенді талдау

Ерекшелігі	Ғылыми қыры	Әдеби қыры
Жанрлық сипаты	Ғылыми еңбекке тән деректер, тарихи-этнографиялық мәліметтер беріледі.	Көркем-публицистикалық баяндау арқылы оқырманға әсер етеді.
Мазмұндық ауқымы	География, этнография, тарих, саясат, дінтану салалары қамтылады.	Кейіпкерлер бейнесі, халық тұрмысы мен табиғат көріністері бейнелі тілмен суреттеледі.
Авторлық ұстаным	Объективті талдау, салыстырмалы сипаттама, ғылыми қорытындылар жасалады.	Авторлық көзқарас, эмоция мен бағалау, сыншыл ой көрініс табады.
Этнографиялық деректер	Қазақ, қырғыз, жоңғар халықтарының әдет-ғұрпы мен тұрмысын нақты деректермен сипаттайды.	Әдет-ғұрыптар мен тұрмысты бейнелі суреттеу арқылы әсерлі жеткізеді.
Тарихи контекст	Аймақтың өркениеттік байланыстары, мәдени құлдырау себептері талданады.	Тарихи оқиғалар халық аңыздары мен мифтер арқылы көркем баяндалады.
Тілдік ерекшелік	Ғылыми стиль элементтері – дәлдік, логикалық талдау, салыстыру.	Әдеби стиль элементтері – метафора, эпитет, бейнелі сөйлемдер.

Қайрат Сақтың «Кәрі құрлық қазақтары бас қосты» очеркіне талдай жасайтын болсақ [18], автор оқырманмен диалог орнатады, мысалы: «Сіз сенесіз бе?», «Шіркін-ай», «Несіне жасырайық?» — бұл оқырманның эмоциялық қатысуын ынталандырады. Ондағы прагматикалық мақсаты – қазақстандық диаспораның мәдени бірлігі мен ұлттық сана-сезімін көрсету, тәжірибені үлгі ету. Негізінен очерк мәтіні логикалық әрі хронологиялық тұрғыда құрылған: Алматыдан жолға шығудан бастап, Швециядағы іс-сапар, конференция, мәдени орталықтар мен мешіттерді аралаумен жалғасады. Әр бөлім нақты оқиғамен басталып, авторлық түсініктеме мен эмоциялық баға арқылы аяқталады. Мәтін эпизодтық құрылымға негізделген: әр эпизод белгілі бір оқиғаға немесе мекенге арналған, соңында авторлық рефлексиямен бекітіледі. Сапар мен тәжірибе баяндалғандықтан, мәтінде көп қолданылатын фигуралық тәсілдер бар. Олар – салыстыру, гипербола, метафоралар. Очеркте эмоциялық баға бар. Автор сапардың қызықты сәттерін, таңданған сәттерін ашық

көрсетеді. Сюжетке енгізілген деректер –жол оқиғалары мен мекендер және адамдар: бұл очеркке деректік (документалдық) сипат береді. Очеркте суреттеу тәсілдері байқалады, көріністерді нақты бейнелеп, оқырманға визуалды әсер қалдырады («Қар күреген техникалардан басқа, қоқыс жинаған кісіні де көрмейсіз»). Очерк публицистикалық және көркемдік элементтерді біріктіреді, яғни полифункционалды стильге ие. Авторлық ұстаным – очерк арқылы қазақ диаспорасының мәдени өмірі мен ұлттық сана-сезімін насихаттау. Бұл очерк сапар баяндау стилінде, бірақ публицистикалық, көркемдік және ақпараттық элементтерді біріктірген көпқызметті жанр ретінде сипатталады.

Мақалада қазіргі қазақ очеркі жанрының типтері, прагматикасы және функционалдық-коммуникативтік ерекшеліктері қарастырылды. Классикалық публицистикалық туындылардан қазіргі медиаочеркке дейінгі жанрлық өзгеріс, очерктің тарихи-мәдени контексте қалыптасуы және цифрлық ортадағы трансформациясы сараланды. Зерттеу нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасалды:

- қазіргі қазақ очеркі ақпараттық, интерпретативтік және бағалаушытық қызметтерді біртұтас атқаратын көпқызметті жанр ретінде танылады
- жолсапар очеркінің қос қырлы табиғаты ғылыми-деректік нақтылық пен көркем бейнеліліктің үйлесімі арқылы айқындалады
- очерктің прагматикалық ұстанымы ақпарат берумен шектелмейді, ол жасырын диалог, эмоциялық ықпал және мәдени кодтарға жүгіну арқылы көрінеді
- Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктерінде» ғылыми-деректік баяндау басым болса, Қайрат Сақтың «Кәрі құрлық қазақтары бас қосты» очеркінде риторикалық сұрақ, тікелей үндеу және эмоциялық бағалау арқылы оқырманмен диалог күшейеді

Ұсынылған нәтижелер қазақ очеркінің тарихи даму үдерісін зерттеуде және очерктік мәтіндерді лингвопрагматикалық тұрғыдан талдауда пайдаланылуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Шындалиева М.Б. Қазақ очеркі: библиографиялық көрсеткіш / бас ред. Р.Нұрғали, жауапты ред. А.Сейдімбек. – Астана: Күлтегін, 2005. – 96 б.

2. Бахтин М.М. Проблема речевых жанров // Собрание сочинений: в 7 т. – М.: Русские словари, 1996. – С. 159-206.

3. Karasik V. I. Linguistic and cultural characteristics of speech genres // Speech Genres. – 2025. – Vol. 20. – №4(48). – P. 380-387. DOI: https://doi.org/10.18500/2311-0740-2025-20-4-48-380-387.

4. Арутюнова Н.Д. Жанры общения // Человеческий фактор в языке: коммуникация, модальность, дейксис / отв. ред. Т. В. Булыгина. – М.: Наука, 1992. – С. 52-56.

5. Бростовская Т.А. Портретный очерк в XXI веке. Искусство представления личности // Медиасреда. – 2018. – №1(13). – С. 80-84.

6. Казакова О. А., Фрик Т. Б. Жанр портретного очерка в современном медиадискурсе: к постановке проблемы // Молодой ученый. – 2010. – № 11 (22). – Т. 1. – С. 218-20. URL: https://moluch.ru/archive/22/2309/ (қаралды: 25.07.2026).

7. Авдонина Н. С., Богатырёва В. Н. Актуальные тенденции цифровой журналистики и новых медиа // Вестник Приамурского государственного университета им. Шолом-Алейхема. – 2020. – №2(39). – С. 9-18. DOI: https://doi.org/10.24411/2227-1384-2020-10017.

8. Demyanova Y., Abisheva V., Issina G., Beisembayeva A.U., Sherizatova Z. Innovative Strategies of the Storytelling Genre in the Era of New Digital Generation // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. – №9. – P. 1157-1172. DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.10551.

9. Aliqozha B., Avşar Z. The Evolution of Media Culture Studies: A Comparative Bibliometric Approach Using Scopus and Web of Science (2000–2025) // Herald of Journalism. – 2025. – Vol. 77. – №3. – P. 4-14. DOI: https://doi.org/10.26577/HJ20257731.

10. Есенова Қ.Ө., Кесікбаева Ә.Қ. Очерктің прозалық жанр ретіндегі ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2 (151). – Б. 206–217. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-206-217.

11. Morkina J. Language and poetics: Analysis of the conceptions of A. A. Potebnja's followers. Part I: A. A. Potebnja, V. Kharzeev, B. A. Lezin // Filosofiya Osvity. Philosophy of Education. – 2019. – Vol. 24. – №1. – P. 154-173.

12. Кузьмичев И.К. Введение в общее литературоведение XXI века: лекции. – Нижний Новгород: Нижегородского государственного ун-т, 2001. – 324 с.

13. Глушков Н.И. Очерк в русской литературе. – Ростов: Ростовский ун-т, 1966. – 76 с.

14. Альжанова А.Б. PR, общественные выступления и новые медиа // PR и СМИ в Казахстане: сборник научных трудов. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 359 с.

15. Шындалиева М.Б. Ш. Мұртаза очеркші // М. Әуезов және әлем әдебиеті: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. –231 б.

16. Шындалиева М.Б. Очерк жанрының архитектоникасы // Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 146 б.

17. Уәлиханов Ш. Очерки Джунгарии // Shoqan.kz. URL: https://shoqan.kz/completed/works_djungary/ (қаралды: 25.07.2026).

18. Сақ Қ. Кәрі құрлық қазақтары бас қосты (жолсапар очерк) // Ана тілі. – 2010. – 28 қаңтар. URL: https://anatili.kazgazeta.kz/news/3046 (қаралды: 25.07.2026).

А. КЕСИКБАЕВА, К. О. ЕСЕНОВА, Ф. К. ИСМАИЛОВА

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ТИПОВЫЕ ВИДЫ КАЗАХСКОГО ОЧЕРКА И ПРАГМАТИКА ПУТЕВОГО ОЧЕРКА

Аннотация. В статье систематизируются типичные виды казахского очерка и определяются их жанрово-тематические и функциональные особенности. Цель исследования – выявить активно развивающиеся и редко используемые виды современного казахского очерка, а также разграничить художественно-публицистические признаки портретного, проблемного, историко-познавательного, производственного и путевого очерков. Материалом исследования послужили «Очерки Джунгарии» Ч. Валиханова и путевой очерк Кайрата Сака «Казахи Старого Света собрались вместе». При анализе текстов применялись жанрово-типологический, лексико-семантический, сравнительный и прагматический методы. В результате установлено соотношение документальности и субъективного повествования, описаны проявления авторского «я», оценочная семантика, способы установления контакта с адресатом и прагматические функции категорий пространства и времени. Показано, что в очерке Ч. Валиханова преобладает научно-документальное изложение, тогда как в тексте Кайрата Сака диалог с читателем усиливается посредством риторических вопросов, прямых обращений и эмоциональной оценки. Полученные результаты позволяют уточнить современные тенденции развития очеркового жанра в казахской публицистике и художественной прозе и могут быть использованы при лингвопрагматическом анализе очерковых текстов.

Ключевые слова: казахский очерк, путевой очерк, прагматика текста, оценочная семантика, авторское «я», документальность и субъективность, национально-культурная информация, медиатекст.

A. KESIKBAYEVA, K. O. YESSENOVA, F. K. ISMAILOVA
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

TYPICAL TYPES OF THE KAZAKH FEATURE ESSAY AND THE PRAGMATICS OF THE TRAVEL ESSAY

Annotation. The article systematizes the principal types of the Kazakh feature essay and identifies their thematic, generic, and functional characteristics. The study aims to distinguish actively developing and rarely used forms of the contemporary Kazakh feature essay and to differentiate the literary-journalistic features of portrait, problem-oriented, historical-cognitive, industrial, and travel essays. The research material comprises Chokan Valikhanov's Sketches of Dzungaria and Kairat Sak's travel essay Kazakhs of the Old Continent Gathered Together. The analysis employs genre-typological, lexical-semantic, comparative, and pragmatic methods. The findings clarify the relationship between documentary factuality and subjective narration, the expression of the authorial "I," evaluative semantics, strategies for establishing contact with the addressee, and the pragmatic functions of spatial and temporal categories. Valikhanov's essay is shown to foreground scholarly and documentary narration, whereas Sak's text intensifies dialogue with the reader through rhetorical questions, direct address, and emotional evaluation. The results refine current understandings of the development of the feature essay in Kazakh journalism and literary prose and provide a basis for linguopragmatic analysis of feature-essay texts.

Keywords: Kazakh feature essay, travel essay, text pragmatics, evaluative semantics, authorial "I", documentary factuality and subjectivity, national and cultural information, media text.

References

1. Şyndalieva M.B. Qazaq ocherkı: bibliografialyq körsetkış / bas red. R. Nūrğali, jauapty red. A. Seidımbek. – Astana: Kültegın, 2005. – 96 b.

2. Bahtin M.M. Problema rechevyh janrov // Sobranie sochineni: v 7 t. – M.: Ruskie slovari, 1996. – S. 159-206.

3. Karasik V. I. Linguistic and cultural characteristics of speech genres // Speech Genres. – 2025. – Vol. 20. – №4(48). – P. 380-387. DOI: https://doi.org/10.18500/2311-0740-2025-20-4-48-380-387..

4. Arutünova N.D. Janry obşenia // Chelovecheski faktor v iazyke: komunikasia, modälnöst, deiksis / otv. red. T. V. Bulygina. – M.: Nauka, 1992. – S. 52-56.

5. Brostovskaia T.A. Portretnyi ocherk v XXI veke. İskustvo predstavlenia lichnosti // Mediasreda. – 2018. – №1(13). – S. 80-84.

6. Kazakova O. A., Frik T. B. Janr portretnogo ocherka v sovremennom mediadiskurse: k postanovke problemy // Molodoi uchenyi. – 2010. – № 11 (22). – T. 1. – S. 218-20. URL: https://moluch.ru/archive/22/2309/ (qaraldy: 25.07.2026).

7. Avdonina N. S., Bogatyröva V. N. Aktuälnye tendensii sifrovoi jurnalistiki i novyh media // Vestnik Priamurskogo gosudarstvennogo universiteta im. Şolom-Aleihema. – 2020. – №2(39). – S. 9-18. DOI: https://doi.org/10.24411/2227-1384-2020-10017.

8. Demyanova Y., Abisheva V., Issina G., Beisembayeva A.U., Sherizatova Z. Innovative Strategies of the Storytelling Genre in the Era of New Digital Generation // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. – №9. – P. 1157-1172. DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.10551.

9. Aliqozha B., Avşar Z. The Evolution of Media Culture Studies: A Comparative Bibliometric Approach Using Scopus and Web of Science (2000–2025) // Herald of Journalism. – 2025. – Vol. 77. – №3. – P. 4-14. DOI: https://doi.org/10.26577/HJ20257731.

10. Esenova Q.Ö., Kesıkbaeva Ä.Q. Ocherktıñ prozalyq janr retındegı erekşelikterı // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ūlttyq universitetınıñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2025. – № 2 (151). – B. 206–217. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-206-217.

11. Morkina J. Language and poetics: Analysis of the conceptions of A. A. Potebnja's followers. Part I: A. A. Potebnja, V. Kharzeev, B. A. Lezin // Filosofiya Osvity. Philosophy of Education. – 2019. – Vol. 24. – №1. – P. 154-173.

12. Küzmichev İ.K. Vvedenie v obşee literaturovedenie XXI veka: leksii. – Nijni Novgorod: Nijegorodskogo gosudarstvennogo un-t, 2001. – 324 s.
13. Gluşkov N.İ. Ocherk v ruskoi literature. – Rostov: Rostovski un-t, 1966. – 76 s.
14. Äljanova A.B. PR, obşestvennye vystuplenia i novye media // PR i SMİ v Kazahstane: sbornik nauchnyh trudov. – Almaty: Qazaq universitetı, 2014. – 359 s.
15. Şyndalieva M.B. Ş. Mūrtaza ocherkşı // M. Äuezov jäne älem ädebietı: halyqaralyq ğylymi-teorialyq konferensia materialdary. – Almaty: Qazaq universitetı, 2004. –231 b.
16. Şyndalieva M.B. Ocherk janrynyñ arhitektonikasy // Qazırgı ädebiettanu men fölkloristikanyñ teorialyq jäne metodologialyq mäseleleri: halyqaralyq ğylymi-teorialyq konferensia materialdary. – Almaty: Qazaq universitetı, 2004. – 146 b.
17. Uälihanov Ş. Ocherki Jungarii // Shoqan.kz. URL: https://shoqan.kz/completed/works_djungary/ (qaraldy: 25.07.2026).
18. Saq Q. Kärı qūrlyq qazaqtary bas qosty (jolsapar ocherk) // Ana tılı. – 2010. – 28 qañtar. URL: https://anatili.kazgazeta.kz/news/3046 (qaraldy: 25.07.2026).

Авторлар туралы мәлімет:

Кесікбаева Әсем – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.
Кесикбаева Асем – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.
Kesikbayeva Asem – doctoral student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Есенова Қалбике Өмірбайқызы – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.
Есенова Калбике Омирбаевна – доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.
Yessenova Kalbike Omirbaikyzy – Doctor of Philological Sciences, Professor at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің философия докторы (PhD), Алматы, Қазақстан.
Исмаилова Фариза Кенжегалиевна – доктор философии (PhD) Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.
Ismailova Fariza Kenzhegaliqyzy – Doctor of Philosophy (PhD) at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.31.21
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.05

***Ә.С. МУСАЕВ[1]**
Е.А. АМАНГЕЛЬДИН[2]
Д.А. АЛКЕБАЕВА[3]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан [1,2,3]
(e-mail: mussayev98@mail.ru[1], erkin.amangeldin@gmail.com[2], alkebaeva@mail.ru[3])

АДАМ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КОММУНИКАЦИЯСЫ: ТІЛДІК ИМИТАЦИЯ ЖӘНЕ ИЛЛЮЗИЯ

Аңдатпа. Бұл мақалада адам мен жасанды интеллект (ЖИ) арасындағы коммуникация феномені лингвистикалық және когнитивтік қырлардан қарастырылады. Негізгі назар жасанды интеллекттің табиғи тілді модельдеу, яғни тілдік имитация жасау қабілетіне және осы үдерістің адам санасында қалыптастыратын коммуникативтік иллюзиясына аударылады. Қазіргі нейрожелілік модельдер мәтін құрау, диалог жүргізу, стилистикалық және прагматикалық нормаларды сақтауға ұқсас әрекеттерді жүзеге асыра отырып, адамға тән тілдік мінез-құлықты имитациялайды. Алайда бұл ұқсастық шынайы тілдік сана мен мағынаны түсінуге емес, статистикалық ықтималдықтар мен алгоритмдік есептеулерге негізделген.
Мақалада ЖИ-мен өзара әрекеттесу барысында қолданушыларда «түсіну», «ниет», «эмоция» сияқты антропоморфтық қасиеттерді жасанды агентке телу үрдісі талданады. Бұл құбылыс тілдік иллюзия ретінде сипатталып, оның пайда болу себептері прагматика, дискурс теориясы және психолингвистика тұрғысынан түсіндіріледі. Сонымен қатар, адам мен ЖИ коммуникациясындағы сыпайылық стратегиялары, сұраныс формалары мен жауаптардың көлемі мен тереңдігі арасындағы өзара байланысқа назар аударылады.
Түйін сөздер: жасанды интеллект, ЖИ, коммуникация, тілдік имитация, үлкен тілдік модель, семантика, прагматика, стилистика.

Кіріспе. Жасанды интеллект (ЖИ) пен тілдің өзара байланысы мәселесі қазіргі ғылымдағы өзекті бағыттардың біріне айналып отыр. Ғылым салаларының барлығына дерлік белсенді түрде еніп келе жатқан нейрожелілік технологиялар тіл білімі тұрғысынан терең теориялық пайымдауды қажет етеді. Жасанды интеллект кибернетикада, информатикада және өзге де техникалық бағыттарда маңызды зерттеу нысанына айналса, соңғы жылдары тіл білімінде де айрықша назарға ілігуде. Қазіргі таңда тілші ғалымдар нейрожелілерді аударма үдерістерінде, лингводидактикада, мәтінді редакциялау мен талдау салаларында тиімді қолдану тәжірибесін қалыптастырып жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялау туралы Жарлыққа қол қоюы елдің технологиялық дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған стратегиялық қадам болып табылады [1]. Аталған шешім ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді даму басымдықтарын заманауи цифрлық технологиялармен ұштастыруды, цифрлық трансформация үдерістерін жеделдетуді және ЖИ-ді қоғамдық өмірдің түрлі салаларына жүйелі түрде енгізуді көздейді.

Бұл бастама цифрлық стратегияны кезең-кезеңімен жүзеге асыруға институционалдық негіз қалыптастырып, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға, бизнес-процестердің

тиімділігін арттыруға, білім беру мен әлеуметтік салаларда инновациялық шешімдерді кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде ЖИ технологиялары кең қолданысқа ие болып, біздің күнделікті өміріміздің маңызды әрі ажырамас бөлігіне айналады.

«Жасанды интеллект» ұғымы ғылымда ертеден қалыптасқан терминдердің қатарына жатады. Ақылды машиналарға тән жүйелі ойлау мен пайымдау қабілеттерін сипаттау мақсатында бұл терминді 1956 жылы Дж.Маккарти енгізді. Ол өз кезегінде Алан Тьюрингтің интеллектуалдық жүйелер туралы іргелі идеяларын дамытты. Уақыт өте келе, әсіресе 1956 жылдан бастап ЖИ саласында қол жеткізілген елеулі ғылыми-техникалық жетістіктерге байланысты аталған ұғымның мазмұны мен анықтамасы бірқатар өзгерістерге ұшырады. Жасанды интеллект — адам ақыл-ойына тән маңызды қабілеттерді, атап айтқанда тілді түсіну, қарым-қатынас жасау, ой қорыту, үйрену, мәселелерді шешу, әрекет ету және қорытынды шығару сияқты үдерістерді жүзеге асыра алатын интеллектуалдық жүйе қасиеттерінің жиынтығы [2, 41].

Жасанды интеллекттің негізгі ерекшелігі адамның миында жүзеге асатын ойлау алгоритмдеріне ұқсас алгоритмдер арқылы күрделі мәселелерді шешу қабілетімен сипатталады.

С.Попеничи мен С.Керрдің айтуы бойынша, ЖИ деректерді өңдеу мен талдауға негізделе отырып, үйрену, бейімделу, синтездеу, өзін-өзі жетілдіру және күрделі есептеу міндеттерін шешу сияқты адамға тән когнитивтік үдерістерді жүзеге асыруға қабілетті есептеу жүйелерінің жиынтығы ретінде қарастырылады [3, 8].

Чен және оның әріптестері жүргізген зерттеулерде жасанды интеллект адамның интеллектуалдық әрекеттеріне тән үйрену, логикалық пайымдау және әртүрлі проблемаларды шешу қабілеттерін модельдеуге бағытталған компьютерлік бағдарламалар мен жүйелер ретінде сипатталады. Авторлардың пайымдауынша, мұндай бағдарламалар адам ойлау үдерістерінің негізгі элементтерін имитациялау арқылы күрделі ақпаратты өңдеуге, шешім қабылдауға және өзгермелі жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді [4, 11].

ЖИ жүйелерінің пайда болуымен әртүрлі жастағы адамдар бұл технологияларды тек белгілі бір тапсырмаларды орындаушы құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас орнатудағы сұхбаттас немесе коммуникациялық делдал ретінде де жиі қолдана бастады. Интеллектуалдық технологиялар ақпаратты түсіндіру және ұсыну үдерісін едәуір жеңілдетіп, оқу мен білім беру тиімділігін арттырды. Сонымен қатар, мұндай технологиялардың кеңінен енгізілуі адамдар арасындағы тұлғааралық өзара әрекеттестік деңгейінің белгілі бір дәрежеде төмендеуіне ықпал етіп, қазіргі қоғамдағы коммуникация формаларының жылдам өзгеруіне әкелді.

Диалог тілдік өзара әрекеттестіктің ең көне әрі әмбебап механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. Классикалық лингвистикалық парадигмада ол – екі немесе одан да көп қатысушының бір-бірімен пікір алмасуы негізінде жүзеге асатын күрделі коммуникациялық процесс. Мұндай үдеріс барысында тілдік құралдар ақпарат жеткізу, әлеуметтік қатынастарды реттеу және ортақ мағыналық кеңістік қалыптастыру қызметін атқарады. Алайда ғылыми-технологиялық дамудың жеделдеуі, цифрландыру үдерістерінің тереңдеуі және ЖИ жүйелерінің күнделікті тәжірибеге енуі диалог туралы дәстүрлі түсініктерді қайта қарауды талап етті. Қазіргі жағдайда адам мен ЖИ арасындағы өзара ықпалдастыққа негізделген коммуникация диалогтың дербес әрі жаңа формасы ретінде айқындалып отыр. Бұл контексте ЖИ қарапайым ақпаратты өңдейтін немесе алдын ала берілген нұсқауларды орындайтын техникалық құрал шеңберінен шығып, тілдік жауаптар қалыптастырып, коммуникативтік жағдайға бейімделе алатын, белгілі бір дәрежеде диалогқа қатысушы рөлін атқарады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу барысында ЖИ-мен коммуникацияны талдау, әртүрлі сұрақтар мен сұраныстарды тәжірибе жүзінде енгізу, сондай-ақ алынған мысалдарды жинақтау мақсатында ChatGPT жүйесі қолданылды.

ChatGPT – бұл OpenAI компаниясы әзірлеген генеративті жасанды интеллект негізіндегі чат-бот, ол диалогтік режимде жұмыс істей алады және табиғи тілдердегі сұраныстарға жауап беруге мүмкіндік береді [5]. Аталған тілдік модельді дайындау үшін қадағаланатын оқыту (supervised learning) және күшейте оқыту (reinforcement learning) әдістері қолданылды. Бұл әдістерді қолдану барысында жүйе «стимул –реакция» үлгілерінің мысалдары және белгілі бір ортамен өзара әрекеттесу арқылы мәжбүрлі түрде үйретіледі. Жүйе әртүрлі пәндік салаларға қатысты сұрақтарға жауап бере алады, сондай-ақ бірнеше тілде мәтіндер құрастыра алады, оның ішінде қазақ тілі де бар.

Зерттеу барысында ChatGPT чат-ботының адам тілін имитациялау қабілетін және оның коммуникациялық әсерін талдау үшін кешенді тілдік талдау әдістері қолданылды. Ең алдымен семантикалық талдау әдісі арқылы жүйе жауаптарындағы мағыналық құрылым, сөз тіркестерінің мәні және контекстуалдық байланыстар зерттелді. Синтаксистік талдау сөйлем құрылымдары мен сөз таптарының өзара қатынасын анықтауға бағытталды, бұл жүйенің грамматикалық нормаларға сәйкестігін көрсетеді. Прагматикалық талдау контекстік және әлеуметтік мәнді зерттеуге, яғни жауаптардағы сыпайылық формаларын, түрлі тілдік бірліктер мен экспрессивті-эмоционалды реңктер арқылы қолданушыға әсерін бағалауға мүмкіндік берді. Когнитивті және психолингвистикалық тәсілдер арқылы жауаптарды қабылдау мен түсіну деңгейі бағаланды.

Талқылау мен бақылау. Бүгінде тілдік коммуникация тек адам арасындағы өзара әрекеттестікпен ғана шектеліп қоймайды, өйткені қоғамда жасанды интеллект жүйелерімен қатынас жасау тәжірибесі қарқынды түрде дамып келеді. Бұл жағдай коммуникацияның құрылымы мен мәнін қайта бағалауды және оны жаңа ғылыми перспективалардан қарастыруды қажет етеді.

Соңғы онжылдықта нейробиология мен когнитивтік ғылымның дамуы арқасында адам миы тілді қалай өңдейтінін және тудыратынын тереңірек түсіну мүмкіндігі пайда болды. Мысалы, Ангела Д.Фридерици өзінің «Language in Our Brain: The Origins of a Uniquely Human Capacity» атты еңбегінде синтаксистік талдау және семантиканы тану сияқты процестер мидың әртүрлі аймақтары тарапынан белсенді түрде қолдау табатынын дәлелдеді [6].

Бұл саладағы басты жетістіктердің бірі – терең нейрондық желілер, соның ішінде трансформерлер. А.Ф.Гайнетдинов мақаласына сүйеніп, бұл модельдердің кейбір принциптері мидағы нейролингвистикалық процестерге, атап айтқанда, назар аудару мен есте сақтау механизмдеріне белгілі бір дәрежеде сәйкес келетінін тұжырымдауға болады [7, 45]. Атап айтқанда, мұндай ұқсастық назар аудару механизмінде айқын байқалады, мәселен, модель мәтіндегі маңызды семантикалық бірліктерді іріктеп, олар арасындағы өзара байланыстарды салмақтау арқылы контексті дәл өңдеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге трансформерлердің ақпаратты ұзақ контексте ұстап тұру қабілеті шартты түрде есте сақтау механизмдерімен салыстырылады. Яғни модель мәтін бірліктерін тек тізбекті түрде емес, тұтас құрылым ретінде қабылдап, мағыналық қатынастарды қайта құра алады. Бұл тілдік деректі өңдеудің динамикалық сипатын күшейтетін, мәтіндегі маңызды элементтерді «сақтау» және қажет сәтте «қалпына келтіру» тәрізді когнитивтік функцияларға жақындасатын үрдіс. Дегенмен мұндай сәйкестікті толық теңестіру ғылыми тұрғыдан шектеулі екенін де ескеру қажет: трансформерлердегі «назар» мен «есте сақтау» ұғымдары биологиялық жүйелерден гөрі есептеу-математикалық модельдеу логикасына негізделген. Сондықтан бұл ұқсастықты дәлме-дәл сәйкестік ретінде емес, когнитивтік процестердің кейбір функционалдық қырларын түсіндіруге көмектесетін теориялық-метафоралық интерпретация ретінде қарастырған жөн.

Қазіргі GPT моделінде өзін-өзі оқытуға қабілетті назар аудару механизмі қолданылады, ол алгоритмге тек сөйлемдегі ең жақын сөздерге ғана емес, кіріктірілген деректердің әртүрлі бөліктеріне «назар аударуға» мүмкіндік береді. Бұл адам айтылып тұрған мәтінді тыңдағанда, ақпаратты сөйлемнің сызықтық тәртібін ұстанбай-ақ әртүрлі бөліктерден қабылдап, есте сақтай алуына ұқсас. Мысалы, келесі сөйлемді қарастырайық:

«*Жаңбырға қарамастан, олар саябақта серуендейміз деп шешім қабылдады*». GPT моделіндегі назар аудару механизмі бүкіл сөйлем контексінде «серуендеу» сөзіне «назар аударуға» мүмкіндік береді. Ал ол модельге «*жол*», «*таза ауа*» сияқты сөздерді сәйкес және мағыналы түрде болжауға жағдай жасайды. Бұл адамның «жаңбыр» сияқты маңызды емес детальды елемей, «серуендеуге» қатысты ақпаратты ғана қабылдайтынына ұқсас процесс.

Айта кететін маңызды аспектілердің бірі – ЖИ модельдерінің когнитивтік процестерді, атап айтқанда семантикалық қабылдау, синтаксистік талдау және бұрынғы сөйлемдерге қатысты есте сақтау қабілеттерін имитациялай алуы. Қазіргі заманғы модельдер тек мәтін генерациялауымен шектелмей, оны талдай алу мүмкіндігіне ие, бұл олардың адам когнитивтік қабылдау процестеріне жақындауына жол ашады.

Егер назар аударсақ, ChatGPT әрбір сұранысқа нақты адаммен тілдесіп отырғандай жауап береді: ол «*мен*», «*маған*», «*менің*» сияқты жіктеу есімдіктерін қолданады, қолдау мен түсіністікті білдіретін интонациялық құрылымдарды пайдаланады және ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда кешірім сұрайды. Мұндай тілдік стратегиялар ЖИ-мен қарым-қатынасты тірі сұхбаттасушымен жүргізілетін диалогқа ұқсатады, ал бұл алгоритм мен адам арасындағы шекараның жойылуы мәселесін, сондай-ақ коммуникацияның этикалық қырлары туралы мәселені өзекті етеді.

Д.А. Алкебаева жасанды интеллектіні қолдану ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттырып, мәтін құрылымындағы белгілі бір заңдылықтарды автоматты түрде айқындауға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Алайда ғалым мәтін талдауының түпкі нәтижесі көбіне субъектінің (зерттеушінің) танымдық-шығармашылық әлеуетіне тәуелді екенін де ескертеді. Себебі мәтін тек грамматикалық ережелердің жиынтығы емес, ол мәдени және тарихи контекстермен тығыз сабақтас күрделі құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектіге толық сүйену мәтінді тарихи-мәдени байланыстардан ажыратып, авторлық мағына мен креативті пайымдауды әлсірету қаупін тудыруы мүмкін [8, 27].

Қазіргі заманғы чат-боттар эмпатиялық қарым-қатынасты жоғары деңгейде имитациялай алады: олар қолданушының қалауларын ескеріп, эмоционалдық жағдайына бейімделіп, тұрақты және даулы жағдай туғызбайтын сөйлесу үлгісін сақтайды, сондай-ақ диалогта «қолдаушы» моделіне енеді. Мұндай жүйелер қолданушыға әрқашан өзін түсінетін әрі қолжетімді серіктеспен сөйлесіп тұрғандай әсер қалдырады, ал бұл олардың тартымдылығын біршама арттырады. Дегенмен дәл осы қасиеті қазіргі цифрлық қоғам үшін маңызды проблемалардың бірін туындатады. Ол – тірі адам арасындағы қарым-қатынасты ЖИ-мен ауыстыру тенденциясы. Осыны тексеру үшін ChatGPT-мен мынадай диалог жүргізілді:

– Сәлем! Бүгін менің көңіл-күйім жоқ.

– *Сәлем! Өкінішті, көңіл-күйің төмен екен. Кейде сондай күндер болады, бұл қалыпты нәрсе. Сен қаласаң, мен саған көңілдірек болуға көмектесетін бір-екі әдіс немесе шағын тапсырма айтып бере аламын. Немесе жай ғана сөйлесіп, ойларыңды бөлісе беруге болады. (ChatGPT жауабы)*

– Бүгін сабақтан жаман баға алдым.

– *Ой, түсінемін… Жаман баға алу көңіл-күйді түсіреді, әсіресе тырысқаныңда нәтиже солай болғанда. Бірақ бір баға сенің қабілетіңді немесе білім деңгейіңді толық көрсетпейді. Маған айтып көрші: бұл сабақ сен үшін қиын болды ма, әлде дайындық жеткіліксіз болды ма? Сол арқылы бірге келесі жолы қалай жақсартуға болатынын қарастыра аламыз. (ChatGPT жауабы)*

– Сабақ қиын болды.

– *Түсінікті… Кейбір сабақтар шынымен қиын болады, әсіресе материал жаңа болса немесе тез түсіну керек болса. Мысалы, кейде бір қиын тақырыпты бірден түсінбейміз — бұл мүлдем қалыпты. Ең бастысы — сабырлы болу және кішкене уақыт бөліп қайта қарау. (ChatGPT жауабы)*

– Қазір кішкене ойымды бөліп, демалғым келіп тұр.

– *Тамаша! Демалу — ең дұрыс таңдау. Кішкене ойынды бөліп, көңіліңді жеңілдету үшін бірнеше қарапайым әдіс ұсынамын:*

1. Қысқа тыныс жаттығулары – терең дем алып, баяу шығару (5-6 рет). Бұл жүйкеңді тыныштандырады.

2. Сүйікті музыка немесе табиғат дыбысы – бірнеше минут тыңдасаң, көңіліңді көтереді. (ChatGPT жауабы)

Жоғарыдағы диалогты талдай отырып, ChatGPT-пен қарым-қатынас барысында шынайы жанашыр адаммен сөйлесіп отырғандай әсер қалыптасатынын байқауға болады. Ол қолданушыға қамқорлық білдіріп, қолдау көрсетіп, кеңес бергендей көрінеді. «*Сені түсінемін*», «*түсінікті*», «*өкініштісі*» сияқты эмпатиялық мәні бар тілдік бірліктерді қолдану арқылы жүйе адресаттың психологиялық күйін түсінгендей әсер қалдырып, соның нәтижесінде сенім тудыру қабілетіне ие болады. Алайда ғылыми тұрғыдан алғанда, мұндай «жанашырлық» немесе «түсіну» шынайы эмоциялық тәжірибенің көрінісі емес. ChatGPT – үлкен көлемдегі мәтіндік деректер негізінде үйретілген жасанды интеллект жүйесі, ал оның жауаптары алдын ала жазылған кодтар мен ықтималдыққа негізделген алгоритмдер арқылы қалыптасады. Яғни модель қолданушының эмоциясын сезінбейді, күйзелісін бастан кешірмейді және субъективті тәжірибеге ие емес. Ол тек тілдік үлгілерді статистикалық тұрғыда тану арқылы, белгілі бір контекске сәйкес келетін жауап нұсқаларын генерациялайды. Демек, жасанды интеллекттің адамға ұқсас сөйлеуі оның саналы ойлау жүйесі немесе ішкі жан дүниесі бар екенін білдірмейді.

Мына сөйлемдерге назар аударсақ, «*Өкінішті, көңіл-күйің төмен екен. Кейде сондай күндер болады, бұл қалыпты нәрсе*» немесе «*Жаман баға алу көңіл-күйді түсіреді, бірақ бір баға сенің қабілетіңді немесе білім деңгейіңді толық көрсетпейді*». Көріп тұрғанымыздай ChatGPT қолданушыға ықпал ету мақсатында тілдік бірліктерді саналы әрі жүйелі түрде іріктеп қолданады. Ол коммуникативтік жағдаяттың ерекшеліктерін, контексті және қолданушының нені күтетінін ескере отырып, дәл сол жағдайға барынша сәйкес келетін, сенім тудыру әлеуеті жоғары құрылымдарды деректер қорындағы үлгілер негізінде қалыптастырады. Мұндай тілдік таңдау стратегиясы жасанды интеллекттің тек синтаксистік деңгейде ғана емес, сонымен қатар прагматикалық деңгейде де қызмет атқаратынын көрсетеді.

ЖИ мінсіз сұхбаттас бейнесін қалыптастырады: ол әрдайым қолжетімді, қолданушыға тұрақты түрде назар аударады, шаршау мен жалығуды байқатпайды және, ең бастысы, аса бейімделгіш, ол адамдардың коммуникативтік стилі мен қалауына оңай икемделеді. Бұдан бөлек, жасанды интеллект адамның қалауына сай кез келген рөлді ұстана алады. Алайда бұның бәрі тек иллюзия екендігін ойдан шығармау керек.


Бүгінгі қоғамдағы басты мәселелердің бірі – адамдардың ЖИ жүйелеріне тәуелді болуы. ЖИ-мен қарым-қатынасқа тәуелділіктің қалыптаса бастағаны туралы алаңдаушылық тудыратын мәліметтер күн санап артып келеді. Мәселен, адамдар нейрожелілермен кеңеспейінше дербес шешім қабылдауға қиналатын деңгейге жетті. Сонымен қатар пайдаланушылар өздерінің ЖИ жүйелеріне есім беріп, оларды адами сипаттарға ие субъект ретінде қабылдай бастайды. Зерттеуіміздің барысында осы үрдістің қаншалықты рас екендігін дәлелдеу үшін жастар арасында сауалнама жүргізілді. ЖИ-мен диалогқа көбіне жастар түсетін болғандықтан, сауалнамаға 16-21 жас аралығындағы 100 адам қатысты. Сауалнама барысында екі сұрақ қойылды:

1. ЖИ негізіндегі чат-боттарды қаншалықты жиі қолданасыз?

2. ЖИ-мен дос не құрбы ретінде сөйлесесіп, кеңес сұрап, оның пікірін ескересіз бе?

Бірінші сұрақ бойынша жауаптар көрсеткіші мынадай: 78% – «Күнде», 15% – «Аптасына 2-3 рет», 7% – «Айына 3-4 рет» және 0% – «Мүлдем қолданбаймын» (1-сызба).

Сызба 1 – Бірінші сұрақ бойынша сауалнама нәтижесі




Екінші сұрақ бойынша жауаптар көрсеткіші мынадай: 72% – «Иә», 28% – «Жоқ».

Сауалнама нәтижелері ЖИ-ге негізделген чат-боттардың сауаланамаға қатысушылардың күнделікті өмірінде айтарлықтай орын алатынын көрсетті. Бірінші сұраққа берілген жауаптар бойынша қатысушылардың басым бөлігі, 78 пайызы чат-боттарды күн сайын қолданатынын атап өткен. Бұл көрсеткіш ЖИ құралдарының тұрақты әрі дағдылы коммуникациялық ресурсқа айналғанын аңғартады. Респонденттердің 15 пайызы чат-боттарды аптасына 2-3 рет пайдаланатынын айтса, 7 пайызы оларды айына 3-4 рет қана қолданатынын көрсеткен. Ал «мүлдем қолданбаймын» деген жауаптың тіркелмеуі (0%) ЖИ технологияларының кеңінен таралғанын және барлық сауалнамаға қатысушыларға белгілі бір деңгейде таныс екенін дәлелдейді.

Екінші сұрақтың нәтижелері қолданушылардың ЖИ-мен қарым-қатынасының тек функционалдық сипатпен шектелмейтінін көрсетті. Респонденттердің 72 пайызы ЖИ-мен дос не құрбы ретінде сөйлесіп, кеңес алып, оның пікірін ескеретінін мойындаған. Бұл дерек чат-боттардың пайдаланушылар санасында белгілі бір деңгейде әлеуметтік әрі психологиялық серіктес рөлін атқара бастағанын көрсетеді. Ал респонденттердің 28 пайызы ЖИ-мен мұндай тұлғалық сипаттағы қарым-қатынас орнатпайтынын, оны тек құрал ретінде қабылдайтынын атап өткен. Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері ЖИ жүйкелерінің қазіргі коммуникациялық кеңістікте маңызды әрі ықпалды орынға ие болып отырғанын айқын көрсетеді (2-сызба).

2-сызба. Екінші сұрақ бойынша сауалнама нәтижесі



ЖИ-мен қарым-қатынас кезінде адаммен коммуникация барысында туындауы мүмкін бірқатар күрделіліктер кездеспейді. Мұнда шыдамсыздық, ренжу немесе диалогты себепсіз аяқтай салу қаупі жоқ. Сонымен қатар, ЖИ эмоционалдық тұрғыдан сенімді көрінеді: ол зейінді, сабырлы, үнемі қолдаушы сипат танытады [9]. Алгоритмдер эмпатияны имитациялауға, интонациялық реңктерді қайта өндіруге және тіпті пайдаланушының көңіл күйін шамалап болжауға үйретілген, соның нәтижесінде шынайы эмоционалдық байланыс иллюзиясы қалыптасады. Адамдармен қарым-қатынаста қиындық көретін тұлғалар үшін ЖИ белгілі бір деңгейде «құтқарушы» ретінде қабылдануы мүмкін. Адамдар тыңдамайтын, елемейтін болса да, машина бізге әрдайым жауап береді. Алайда дәл осы тұста әлеуетті қауіп те туындайды.

Тілді өңдеуде нейрондық желілерді қолданудың бір мысалы – GPT сияқты алгоритмдер арқылы мәтін генерациясын жасау. А.Д. Жуков өзінің ғылыми мақаласында атап өткендей, «GPT моделінің негізінде машинаның берілген мәтіннің жалғасын құруы жатыр, бұл мәтін адамдардың миллиардтаған веб-беттерде жазған материалдарына негізделеді» [10, 68]. Осындай қабілеті арқасында ЖИ адам өзі жазғандай көрінетін мәтіндерді тудыра алады. Бұл ЖИ жүйелері тілдік өнімділікпен байланысты когнитивтік процестерді жоғары деңгейде имитациялай алатынын көрсетеді.

В.В.Волковтың ғылыми еңбегінде қазіргі заманғы табиғи тілдерді өңдеу (NLP) алгоритмдерінің адамның ойлау процестерін имитациялау жолдары талданады. Автор «жасанды интеллект» терминінің көбінесе метафоралық мәнде қолданылатынын атап көрсетеді. NLP саласындағы елеулі жетістіктерге қарамастан, автор қазіргі заманғы ЖИ жүйелері адамның тілдік контекстін және қарым-қатынас иірімдерін толықтай түсіне алмайтынын көрсетеді [11, 746]. Сонымен қатар, ЖИ алгоритмдерінің синтаксистік және прагматикалық деңгейде ақпаратты өңдеуге қабілетті болғанымен, адамның когнитивтік қабылдауындағы эмоционалдық және әлеуметтік факторларды, тілдің семантикасын толық имитациялай алмайтынын атап өту маңызды.

Лингвистикалық бағыттағы жасанды интеллектіні зерттеген ғалымдардың бір бөлігі филологиялық талдауда субъективті факторлардың шешуші рөлін алға тартады. Олардың пайымдауынша, мәтінді интерпретациялау процесінде автордың ниеті, эмоциялық күйі, сөйлеу үні, бағалауыштық реңкі сияқты адамға тән психолингвистикалық белгілер маңызды орын алады және мұндай құбылыстарды компьютерлік алгоритмдерге толыққанды енгізу

күрделі мәселе ретінде мойындалады. Осы тұста сыншылар филологиялық мазмұндағы ЖИ мәтіндері тілдік тұлғалық өлшемді әлсіретіп, мәтінді «тұлғасыздандыруға» бейім екенін атап көрсетеді. Яғни түсіну әрекеті адамдық тәжірибе мен мәдени-тарихи негізден гөрі, механикалық өңдеу логикасына сүйенетін операциялар жиынтығына айналып кетуі ықтимал. Кейбірзерттеушілердіңпікірінше, сапалыфилологиялықталдаутеккұрылымдық деңгеймен шектелмей, семантиканы терең игеруді, тілдің табиғи ұйымдасуын және стильдік қабаттарын ескеруді талап етеді [12, 27]. Дегенмен тілдік бірліктердің көптеген қырлары (астарлы мағына, прагматикалық импликация, эмоциялық-экспрессивтік реңк, мәдени код) алгоритмдік модельдеу барысында толық қамтылмай қалатындықтан, мәтіннің табиғи колориті мен мағыналық тұтастығы бұзылуы, тіпті жекелеген семантикалық және прагматикалық мәндердің көмескіленуі немесе жоғалуы мүмкін деген ғылыми күмән негізді деп танылады.

Нәтижелер. Біз алгоритмдер өздерін анықталмаған сұхбаттасушы ретінде қалай қабылдайтынын енді ғана түсіне бастадық. Үлкен тілдік модельдер (LLM) — мәтін семантикасын нақты түсінбей, үлгілер мен алгоритмдер бойынша қайта өндіретін, бірақ сонымен қатар сенімді әлеуметтік қатысушы әсерін қалдыратын жүйелер. Онымен қалай әрекет ету керектігі ғылым үшін әзірге айқын емес. ЖИ төңірегіндегі қызу талқылаулардың астарында маңызды сұрақтар жатыр: біз қандай субъектілерді жасап жатырмыз және олармен қалай өзара әрекеттесуіміз қажет? Бұл сұрақтарға әлі нақты жауап берілген жоқ. Болашақта «адам / адам емес» деген қатаң шекарадан бас тартып, бұл мәселені спектрлік тұрғыдан қарастыратын зерттеулердің қолға алынуы аталған мәселенің шешімін табуға көмектесері сөзсіз.

Зерттеу мақсатында жүргізілген диалогта ChatGPT қолданушыға жанашырлық танытып, кеңес беріп, қолдаушы рөлін атқарғаны байқалды. Мысалы, пайдаланушы көңіл-күйінің төмен екенін айтып, сабақтағы жаман бағаға байланысты ренішін білдіргенде, модель эмоционалды қолдауды қамтамасыз етіп, мәселені түсіндіру және шешім қабылдауға бағыттау стратегиясын ұстанды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, ChatGPT ақпаратты тек синтаксистік деңгейде ғана емес, прагматикалық және коммуникативтік контексте де жүйелі қолданады, бұл пайдаланушыларға модельді тірі адаммен қарым-қатынас жасап отырғандай қабылдауға мүмкіндік береді.

Жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері ЖИ-ге негізделген чат-боттардың пайдаланушылардың күнделікті өмірінде айтарлықтай орны барын көрсетті. Сонымен қатар, жауаптар ЖИ жүйелерінің тек функционалдық құрал ретінде ғана емес, әлеуметтік және психологиялық серіктес рөлін атқаратынын дәлелдеді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазіргі GPT модельдерінің мәтіндік және коммуникативтік қабілеттері пайдаланушылардың сеніміне, эмоционалды тәжірибесіне және күнделікті шешім қабылдау процесіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Бұл феномен жасанды интеллекттің адамдармен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің кеңейгенін және оның қазіргі цифрлық қоғамдағы әлеуметтік ықпалының артып келе жатқанының дәлелі бола алады.

Қорытынды. Бүгінгі таңда ЖИ негізіндегі боттар өз тәжірибесін және жасаған қателіктерін талдай отырып, өзін-өзі оқыту және жылдам даму қабілетіне ие. Осының арқасында олар ақылдырақ болып, беретін жауаптарының сапасы жоғарылай түседі. Адамзат, бір қарағанда, өз-өзін шектейтін шеңберге түскендей әсер қалдырады. Цифрлық қарым-қатынас көбіне өте жылдам дамиды, ал генеративті ЖИ модельдері адам жасаған мәтіндерді сондай жоғары дәлдікпен имитациялай алады, сондықтан кейде оларды шынайы мәтіндерден ажырату мүмкін болмай қалады.

ЖИ нейролингвистикасы қазіргі заманғы табиғи тілдерді өңдеу алгоритмдері арқылы адамның когнитивтік процестерін имитациялауда айтарлықтай алға жылжуды көрсетеді. Бұл технологиялар тек адам мен машина арасындағы өзара әрекетті жақсартып қана қоймай, сонымен қатар лингвистика мен психология саласындағы жаңа зерттеу мүмкіндіктерін ашады. Нейрондық желілердің жұмыс істеу механизмдерін түсіну және оларды NLP саласында қолдану болашақта ЖИ-дің әлеуетін тереңірек бағалауға мүмкіндік

береді. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер жасанды интеллекттің адам когнитивтік әрекетін модельдеудегі шектеулерін анықтап, оның әлеуметтік, эмоционалдық және прагматикалық қабілеттерін жетілдіру бағытында жаңа тәсілдер ұсынуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллектпен қарым-қатынас кезінде тілдік құрылымдардың және коммуникативтік стратегиялардың имитациялық механизмдерін түсіну тіл білімі үшін өте маңызды. Бұл түсінік пайдаланушыларға ЖИ-дің адам тәрізді әрекет ету қабілетінің шынайы табиғатын бағалауға мүмкіндік береді және қарым-қатынас барысында иллюзияға немесе шынайы адаммен сөйлесіп тұрғандай қате түсінікке берілмеуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, тілдік имитацияны зерттеу жасанды интеллекттің прагматикалық, семантикалық және әлеуметтік аспектілерін талдауға жол ашады.

Әдебиеттер

1. «Цифрландыру және жасанды интеллект жылын жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 1151 Жарлығы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2600001151 (қаралды: 12.01.2026).

2. Бостром Н. Искусственный интеллект. Этапы. Угрозы. Стратегии. М.: МииФ, 2015. – 491 с.

3. Popenici S.D., Kerr S. Exploring the impact of artificial intelligence on teaching and learning in higher education // Research and Practice in Technology Enhanced Learning. – 2017. – Vol. 12(1). – P. 1-13. DOI: https://doi.org/10.1186/s41039-017-0062-8

4. Chen X., Xie H., Zou D., Hwang G.J. Application and theory gaps during the rise of artificial intelligence in education // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2020. – Vol. 1. – P. 1-20. DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2020.100002

5. Филиппов Ф.В. Нейросетевые технологии: учебное пособие. Санкт-Петербург: СПбГУТ, 2020. – 129 с.

6. Friederici A.D. Language in our brain: The origins of a uniquely human capacity. Cambridge: The MIT Press, 2017. – 304 p.

7. Гайнетдинов А.Ф. Исследование влияния трансформеров на улучшение генерации изображений // Universum: технические науки. – 2024. – №4 (121). – С. 44- 49.

work, but as an independent linguocultural text with its own semantic structure and system of cultural coding.

The theoretical basis of this approach is connected with K. Zhubanov's idea of the inseparable relationship between language, thought, and national worldview, according to which language not only names reality but also organizes collective experience [1]. M. Auezov's interpretation of folklore as a form of collective memory supports the definition of kui-anyz as a short folklore text centered on a culturally significant event and its musical sign [2]. Zh. Mankeeva's concept of ethnocultural names as carriers of national knowledge is important for identifying units such as zher, el, ata-baba, dombra, tagdyr, amanat, tort tulik, zhylky, nar, kus, and an [3]. In line with A. Wierzbicka's view that key words express cultural values, these units may be regarded as semantic centers through which the Kazakh worldview is represented [4].

The research problem lies in the fact that kui-anyz has not yet been systematically described through the interrelation of linguocultural unit, image, concept, symbol, and cultural code. Its verbal nature is often subordinated to the musical context, although the text of the anyz reveals the cultural semantics of the kui and its place in national memory. The zoocultural layer, represented by tort tulik mal, animals, and birds, also remains insufficiently examined. The research question is: *how is the Kazakh national worldview represented in kui-anyz texts through linguocultural units, concepts, symbols, and cultural codes?* The aim is to substantiate the theoretical foundations of the linguoculturological analysis of kui-anyz and to show that its linguistic structure verbalizes cultural memory. The novelty lies in interpreting kui-anyz as an independent cultural text in which linguistic unit, image, concept, symbol, and cultural code form an integrated system representing the Kazakh worldview.

The study of kui-anyz as a linguocultural phenomenon requires the integration of folklore-genre, ethnolinguistic, mythopoetic, and cognitive-linguistic approaches. A.Seidimbek's work is directly relevant, since it examines kui-anyz as a narrative form connected with the origin of a kui, its plot basis, and genre organization [5]. In the present study, this approach is developed primarily in its textual dimension: kui-anyz is treated not as a musical commentary but as a verbal structure that preserves cultural memory, the image of an event, and folk evaluation.

The ethnolinguistic perspective makes it possible to reveal how traditional representations are fixed in language. A. Kaidar describes the Kazakh linguistic worldview through ethnoculturally marked units connected with the human being, society, and nature [6]. This is important for kui-anyz, whose semantic fabric is organized around nominations of land, lineage, ancestors, space, road, fate, and moral duty. R. Syzdyk's reflections on the expressive and evaluative power of the Kazakh word also support the interpretation of folklore text as a figurative, culturally saturated utterance rather than a simple carrier of information [7].

S.Kondybai's works are significant for interpreting the symbolic structure of kui-anyz. His view of Kazakh mythology as a system of stable images, spatial models, and archaic semantic codes helps explain recurring motifs of sacred land, sacrifice, loss, ancestors, road, and liminal state [8]. In this article, mythopoetic material is used not as an independent object of analysis but as a tool for revealing the linguistic symbolism of the text. A broader theoretical framework is provided by cultural linguistics. G. Palmer connects language with cultural models, imagery, and collective categorization of experience [9], while F. Sharifian develops the concept of cultural conceptualizations as stable forms of collective understanding fixed in language [10]. These ideas allow kui-anyz to be viewed as a text in which cultural experience is structured through concepts, symbols, and recurrent nominations.

Recent studies also confirm the relevance of linguocultural and cognitive analysis for folklore and culturally marked texts. A.Zakirova, S.Maigeldiyeva, and G.Tuyakbayev demonstrate the productivity of this approach in the study of Kazakh legends [11]. M.Alshynbaeva and co-authors examine the linguocultural code of sacredness, which is important for interpreting symbolically marked images and spaces [12]. T.Nurbekov and A. Salkynbay analyze cultural and cognitive phenomena in Kazakh fairy tales, showing the connection between folklore semantics and collective worldview [13]. In a comparative linguocultural perspective, A. Islam and co-

authors examine the concept “Life” in Kazakh and English linguacultures [14], while A.Mussa-Akhunov and co-authors describe the macroconcept of “Family” in Kazakh–Dungan proverbs [15]. However, the linguistic organization of kui-anyz has not yet been systematically described through the interrelation of linguocultural unit, concept, symbol, and cultural code.

Methodology and research methods. The study was conducted within linguoculturological and folklore-textological analysis. Its object is the verbal nature of kui-anyz, not the musical structure of the kui. Accordingly, kui is treated as a cultural sign around which a narrative is formed, verbalizing the historical-mythological, ethical, axiological, and nature-related content of the Kazakh worldview.

The material comprises 30 published kui-anyz texts drawn from folklore, ethnographic, literary, and linguoculturological sources. The corpus includes texts in which the origin of a kui is connected with an event, character, sacred place, moral conflict, loss, heroic deed, culturally significant experience, or symbolic image. Selection was based on the presence of an expanded verbal component that allows the identification of linguocultural units, conceptual dominants, symbols, and cultural codes. Special attention was given to texts containing images of tort tulik mal, animals, and birds, since they reflect the nomadic way of life, pastoral culture, and Kazakh representations of the living world.

The units of analysis included titles, key nominations, stable figurative expressions, evaluative vocabulary, toponyms, anthroponyms, mythologemes, memory formulas, and fragments representing land, lineage, ancestors, fate, loss, heroism, moral duty, the dombra, sacred space, and cultural continuity. Ethnocultural names such as zhylky, tuye, nar, koi, tort tulik, kus, and an were examined as carriers of symbolic, axiological, and cultural-code meanings. The theoretical basis draws on Kazakh linguistics, ethnolinguistics, folklore studies, and linguoculturology, particularly the works of K.Zhubanov, Zh.Mankeeva, R.Syzdyk, M.Auezov, A.Seidimbek, A.Kaidar, and S.Kondybai, as well as cultural linguistics, which interprets language as a means of conceptualizing experience and preserving collective memory.

The leading method was linguoculturological analysis, supported by semantic, conceptual, symbolic-interpretive, and folklore-textological methods. The procedure included: excluding strictly musical parameters; identifying culturally marked units, motifs, symbols, evaluative fragments, toponyms, anthroponyms, and zoomorphic images; grouping them into semantic fields of land, lineage, fate, duty, dombra, sound, animal world, and nomadic life; and correlating these fields with spatial-land, genealogical, ethical-axiological, mythopoetic, musical-semiotic, and zoocultural codes. The study does not claim to provide a full musicological history of kui or an exhaustive typology of kui-anyz, but offers a theoretical model for analyzing their verbal, semantic, symbolic, and cultural-code organization.

Discussion and observation. *Kui-anyz as an independent folklore-linguocultural text.* The corpus analysis shows that kui-anyz is not a secondary explanation of a musical work, but an independent folklore-linguocultural text with its own semantic, figurative, and axiological structure. The origin of a kui is verbalized through an event, name, place, moral evaluation, symbolic motif, and culturally significant image; therefore, the musical sign becomes a means of fixing cultural memory in language.

The event at the center of kui-anyz is never neutral. Death, loss, separation, heroic action, moral choice, sacred space, or an unusual natural phenomenon is interpreted through collective values. The narrative explains not only what happened, but why the event was preserved, how it became the basis of a kui, and how individual experience entered the memory of lineage, land, generation, or tradition. Names and spatial markers structure this memory. Anthroponyms connect the plot with personal and genealogical fate, while toponyms - land, mountain, water, steppe, native place, sacred locus - function as semantic coordinates rather than background. The title of the kui concentrates the meaning of the anyz and turns the event into a reproducible cultural sign.

The zoocultural layer also has a meaning-forming role. Images of tort tulik mal, zhylky, tuye, nar, koi, kus, and an represent the nomadic way of life, dependence on nature, pastoral

culture, endurance, loss, omen, journey, and trial. They are not descriptive details, but carriers of linguocultural meaning. Evaluative vocabulary connected with grief, fate, honor, duty, heroism, and amanat forms the axiological core of the text. Loss is presented as an experience affecting lineage, land, ancestors, and future generations; heroism is linked to responsibility before collective memory and cultural heritage.

Thus, the symbolic layer of kui-anyz - dombra, land, road, water, mountain, steppe, voice, trace, and animal images - does not decorate the narrative, but translates the event into a system of cultural codes.

Table 1 – Structural features of Kui-anyz as a linguocultural text

Feature	Manifestation in the text	Linguocultural function
Event-based foundation	origin of the kui, conflict, loss, deed, fateful event	fixation of culturally significant experience
Nominal organization	anthroponyms, toponyms, titles of kui pieces	personalization and localization of memory
Spatial organization	zher, dala, tau, ozen, konys, meken	inclusion of the event in culturally meaningful space
Evaluative vocabulary	loss, heroism, duty, fate, amanat, namys, paryz	formation of a value-based position
Symbolic layer	dombra, land, road, water, mountain, steppe, voice, trace	coding of cultural meanings
Zoocultural imagery	tort tulik, zhylky, tuye, nar, koi, kus, an	representation of the nomadic way of life, the connection between human beings and nature, and the symbolism of the animal world
Formulas of memory	ancestors, lineage, testament, preserved name, transmission of the kui	connection between the past, present, and future

Thus, Table 1 shows that kui-anyz functions as a coherent linguocultural text in which the event is evaluated, localized, symbolized, and incorporated into collective cultural memory.

Linguocultural units and their semantic fields. The linguocultural content of kui-anyz is formed by semantically loaded units that connect the plot with stable representations of Kazakh traditional culture. Key words, names, toponyms, evaluative formulas, natural and zoomorphic images not only name events, places, and participants, but also determine their cultural interpretation and inclusion in national memory.

The spatial field is represented by zher, dala, tau, ozen, konys, and meken. These units denote not neutral territory, but a space of belonging, memory, and sacred connection: zher conveys native land and rootedness; dala reflects the nomadic world; tau and ozen mark boundary, remoteness, trial, or sacred locus; konys and meken actualize inhabited ancestral space. Anthroponyms personalize cultural memory by transforming the fate of heroes, kuishi, ancestors, and legendary figures into collective experience. Ethnocultural nominations such as el, ru, ata-baba, urpak, amanat, and dombra extend the plot beyond individual biography: amanat expresses morally binding transmission of memory, duty, or cultural experience, while dombra becomes a sign of culturally recognized expression of the unspoken. The zoocultural field is formed by tort tulik, zhylky, tuye, nar, koi, kus, and an. These units reflect not only pastoral life, but also the integration of the animal world into the Kazakh worldview: zhylky marks movement, freedom, dignity, and road; tuye and nar signify endurance, burden, migration, or trial; koi relates to livelihood and prosperity; kus and an convey omen, anxiety, loneliness, freedom, or liminal state. Evaluative units - kaigy, zar, mun, erlik, namys, tagdyr, and paryz - form the axiological center of kui-anyz, defining which actions and experiences deserve preservation in memory. Mythopoetic images of sacred land, road, boundary, sacrifice, the dombra's voice, trace, animal-omen, bird, and natural

sign create the symbolic layer that links the narrative with space, lineage, fate, duty, musical memory, and the natural world.

Table 2 – Semantic fields of linguocultural units in Kui-anyz texts

Semantic field	Key units	Represented meanings	Cultural function
Land and space	zher, dala, tau, ozen, konys, meken	native land, sacred place, boundary, rootedness	spatial organization of memory
Lineage and ancestors	ata-baba, ru, el, urpak	origin, continuity, responsibility before generations	representation of genealogical memory
Fate and loss	tagdyr, kaigy, zar, mun	tragic experience, trial, grief, acceptance of fate	emotional-axiological fixation of experience
Heroism and duty	erlik, namys, paryz, amanat	moral choice, honor, obligation, fidelity to one's word	ethical regulation of behavior
Dombra and sound	dombra, kui, saz, un	voice of memory, transmission of experience, symbolic expression of the unspoken	symbolization of cultural knowledge
Animal world and nomadic way of life	tort tulik, zhylky, tuye, nar, koi, kus, an	nomadic way of life, connection between human beings and nature, endurance, road, omen, natural symbolism	representation of the zoocultural code and traditional mode of life

Thus, Table 2 shows that linguocultural units in kui-anyz form a structured system of semantic fields through which an individual plot is incorporated into national memory and the Kazakh worldview.

Results. **Concepts, symbols, and cultural codes in the linguocultural organization of Kui-anyz.** The analysis shows that the linguocultural organization of kui-anyz is based on the gradual semantic transformation of a linguistic unit into an image, concept, symbol, and cultural code. In the text of an anyz, words such as zher, dombra, zhol, ata-baba, amanat, tort tulik, zhylky, nar, kus, and an do not function as isolated nominations. They become semantic nodes through which a concrete event acquires cultural generalization and is included in the Kazakh national worldview.


The unit zher denotes more than physical space. In kui-anyz, it develops into the concept of native land, associated with belonging, genealogical memory, sacred place, and moral responsibility before the past. Related spatial units - dala, konys, tau, and ozen - establish not an external background, but the cultural coordinates of the narrative: the hero acts in a space where land preserves ancestral traces and lived experience. At the symbolic level, zher becomes a sign of rootedness and of the inseparable connection between human beings, lineage, and memory. The dombra also exceeds its object meaning. It functions as a symbol of voice, memory, and spiritual transmission. Through the dombra, the text conveys grief, tragic news, inner experience, or collective memory that cannot be fully expressed through direct speech. Thus, the dombra connects sound and word, individual feeling and culturally recognized remembrance, while the kui itself becomes a musical-semiotic form of preserving experience.

The image of zhol has a transitional meaning. It is associated with movement, fate, trial, separation, return, and passage into another state. In kui-anyz, the road is rarely only a route; it marks the hero's cultural and moral trajectory. Through zhol, fate is interpreted as movement between duty, loss, choice, and memory. The concepts of ata-baba and amanat organize the genealogical and ethical dimensions of the text. Ata-baba transfers an event from private biography into the sphere of continuity, while amanat expresses not a simple instruction, but an obligation to preserve word, memory, honor, land, or spiritual experience. In this sense, amanat functions as a code of responsibility linking personal action with collective duty. A significant

place in this system belongs to the zoocultural complex represented by tort tulik mal, animals, and birds. The units zhylky, tuye, nar, koi, kus, and an denote not only elements of traditional everyday life, but also stable cultural meanings. Zhylky is associated with movement, dignity, road, freedom, and nomadic life; nar and tuye symbolize endurance, burden, migration, loss, or trial; kus and an introduce motifs of natural sign, anxiety, loneliness, freedom, omen, or liminal state. Through these images, human fate is represented not separately from nature, but within an integrated world where land, animals, birds, road, dombra, and human experience form a unified cultural system.

This multilayered structure may be represented as a sequence in which the linguistic unit becomes an image, the image develops into a concept, the concept receives symbolic expression, and the symbol enters a cultural code. Figure 1 summarizes this movement from verbal nomination to the representation of the national worldview.

Figure 1 – Multilayered model of the linguocultural organization of Kui-anyz




The generalization of the material makes it possible to identify six interrelated cultural codes. The spatial-land code is formed through zher, dala, tau, ozen, konys, and meken and represents belonging, rootedness, sacred place, and ancestral memory. The genealogical code, expressed through ata-baba, ru, el, urpak, and the hero's name, connects individual fate with continuity and responsibility before generations. The ethical-axiological code is represented by amanat, namys, paryz, erlik, and sacrifice; it interprets the event through moral duty, honor, and fidelity to cultural values. The mythopoetic code is manifested in motifs of fate, road, boundary, loss, trial, sacred space, and transitional state, giving the concrete story generalized cultural significance. The musical-semiotic code is connected with dombra, kui, saz, and un as forms of transmitting memory and symbolizing experience. Finally, the zoocultural code, based on tort tulik, zhylky, tuye, nar, koi, kus, and an, reveals the nomadic way of life, vital support, endurance, freedom, natural signs, and the symbolic bond between human beings and the living world.

The correlation between concept, symbolic expression, and cultural code shows that the semantic organization of kui-anyz is systemic rather than linear. Each key unit enters a broader cultural mechanism: zher correlates with the spatial-land code, ata-baba with genealogical

memory, amanat with ethical responsibility, tagdyr with mythopoetic interpretation, dombra and kui with musical-semiotic transmission, and tort tulik with the zoocultural representation of nomadic life and the natural world. Figure 2 presents this system as a map of the cultural codes through which kui-anyz represents the Kazakh national worldview.

Figure 2 – Map of the cultural codes of Kui-anyz



Thus, kui-anyz represents the Kazakh national worldview not through direct declaration, but through the interaction of linguistic units, images, concepts, symbols, and cultural codes. In this model, the human being is understood through connection with land, lineage, ancestors, fate, duty, memory, musical tradition, and the natural world.

Conclusion. The study substantiates the status of kui-anyz as an independent folklore-linguocultural text in which verbal form performs a meaning-forming rather than auxiliary function. Beyond a narrowly musicological interpretation, kui-anyz reveals its own linguistic logic: event, name, place, evaluation, symbolic image, and cultural motif form an integrated model for representing folk memory. The analysis showed that the linguocultural content of kui-anyz is organized through semantically loaded units associated with land, lineage, ancestors, fate, loss, heroism, amanat, the dombra, kui, tort tulik mal, animals, and birds. These units function not only as nominations, but as carriers of ethnocultural knowledge and value-based representations of traditional Kazakh culture.

The article identified six interrelated cultural codes: spatial-land, genealogical, ethical-axiological, mythopoetic, musical-semiotic, and zoocultural. Together, they form a unified semantic-cultural system through which the human being is represented in connection with land, lineage, ancestors, fate, duty, memory, musical tradition, and the natural world. The theoretical significance of the study lies in clarifying kui-anyz as a linguocultural object and in proposing an analytical model based on the interrelation of linguistic unit, image, concept, symbol, and cultural code. The proposed conclusions should be regarded not as an exhaustive typology, but as a basis for further corpus-based, comparative, and textological research on Kazakh folklore prose and cultural memory.

Literature

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 с.

2. Әуезов М. Әдебиет тарихы / түсініктемесін жазған және арнаулы редакторы М.Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 238 б.

3. Манкеева Ж. А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

4. Wierzbicka A. Understanding Cultures through Their Key Words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. – New York: Oxford University Press, 1997. – 317 p.

5. Сейдімбек А. Қазақтың күй аңыздары: құрылымы және жанрлық ерекшеліктері: филол. ғыл. докт. .....автореф. – Алматы: М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 1997. – 37 б.

6. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. 1-том: Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.

7. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

8. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 1-том: Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. – 373 б.

9. Palmer G. B. Toward a Theory of Cultural Linguistics. – Austin: University of Texas Press, 1996. – 348 p.

10. Sharifian F. Cultural Linguistics: Cultural Conceptualisations and Language. – Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2017. – 171 p.

11. Zakirova A., Maigeldiyeva S., Tuyakbayev G. Linguacultural and cognitive aspects of teaching the language of Kazakh legends // Citizenship, Social and Economics Education. – 2023. – Vol. 22, № 3. – P. 137–151. DOI: https://doi.org/10.1177/14788047231221109

12. Alshynbaeva M. A., Mazhitayeva Sh., Kaliyev B., Nygmetova N., Khamzina G. S. Linguocultural anatomical code: Concept of sacredness // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2021. – Vol. 13. – № 1. – P. 1–13. DOI: https://doi.org/10.21659/rupkatha.v13n1.31

13. Nurbekov T., Salkynbay A. B. Cultural and cognitive phenomenon in Kazakh fairy tales: A reflexive essence // Folklor/Edebiyat. – 2023. – Vol. 29. – № 116. – P. 1179-1196. DOI: https://doi.org/10.22559/folklor.2434

14. Islam A., Karibayeva B., Kurmanbayeva D., Sopieva B., Muratova Z., Aldasheva K. Specificity of the concept “Life” in the Kazakh and English linguacultures // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15. – № 6. – P. 1817–1824. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1506.10

15. Mussa-Akhunov A., Essenova K., Suambekova G., Imatayeva A., Osmanova Z. Linguistic and cultural expression of the macro concept of “Family” in Kazakh–Dungan proverbs // International Journal of Society, Culture & Language. – 2024. – Vol. 12. – № 1. – P. 56–70. DOI: https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.2011596.3170

П. НҰРДАУЛЕТ
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Н. БИРАЙ
Памуккале университеті, Денизли, Түркия
А. МАУЛЕТ
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

КҮЙ-АҢЫЗ МӘТІНДЕРІН ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ: ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ, ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІК, КОНЦЕПТ, СИМВОЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИ КОД

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының мәдени жады, құндылықтар жүйесі мен ұлттық дүниетанымы вербалданатын дербес фольклорлық-лингвомәдени мәтіндер ретінде күй-аңыз мәтіндері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі күй-аңыздың негізінен музыкалық-

тарихи және фольклорлық-жанрлық контекстерде қарастырылып келгенімен, оның лингвомәдени бірліктер, концептілер, символдар және мәдени кодтар арқылы ұйымдасуы жеткілікті дәрежеде жүйеленбегендігімен айқындалады. Мақаланың мақсаты – күй-аңызды лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдаудың теориялық негіздерін айқындау және қазақ дүниетанымының оның вербалды құрылымында репрезентациялану тетіктерін анықтау. Зерттеу материалы лингвомәдениеттанымдық, семантикалық, концептуалдық және фольклорлық-мәтінтанулық әдістермен талданған жарияланған күй-аңыз мәтіндерінен тұрады. Зерттеу zher, el, ata-baba, amanat, tagdyr, dombra, kui, tort tulik, zhylky, nar, kus және an тәрізді бірліктер жер, туыстық, жады, тағдыр, моральдық міндет, рухани сабақтастық, көшпелі өмір және адам мен табиғат арасындағы байланыс семантикалық өрістерін қалыптастыратынын көрсетті. Ғылыми жаңалық күй-аңызды тілдік бірлік, образ, концепт, символ және мәдени код мағына қалыптастырудың тұтас жүйесі ретінде қызмет ететін дербес лингвомәдени нысан деп түсіндірумен байланысты. Мақалада жекелеген оқиғаларды ұжымдық мәдени жадқа енгізетін кеңістіктік-жер, генеалогиялық, этикалық-аксиологиялық, мифопоэтикалық, музыкалық-семиотикалық және зоомәдени кодтар анықталды.

Түйін сөздер: күй-аңыз, лингвомәдениеттану, мәдени код, концепт, символ, қазақтың ұлттық дүниетанымы.

П. НУРДАУЛЕТ
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Н. БИРАЙ
Университет Памуккале, Денизли, Турция
А. МАУЛЕТ
Международный университет Астана, Астана, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ТЕКСТОВ КҮЙ-АҢЫЗ: ЯЗЫК И КУЛЬТУРА, ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ЕДИНИЦА, КОНЦЕПТ, СИМВОЛ И КУЛЬТУРНЫЙ КОД

Аннотация. В статье рассматриваются тексты күй-аңыз как самостоятельные фольклорно-лингвокультурные тексты, в которых вербализуются культурная память, система ценностей и национальная картина мира казахского народа. Актуальность исследования определяется тем, что күй-аңыз преимущественно рассматривался в музыкально-историческом и фольклорно-жанровом контекстах, тогда как его языковая организация посредством лингвокультурных единиц, концептов, символов и культурных кодов остается недостаточно систематизированной. Цель статьи заключается в обосновании теоретических основ лингвокультурологического анализа күй-аңыз и выявлении механизмов репрезентации казахской картины мира в его вербальной структуре. Материал исследования составляют опубликованные тексты күй-аңыз, проанализированные с помощью лингвокультурологического, семантического, концептуального и фольклорно-текстологического методов. Исследование показало, что такие единицы, как zher, el, ata-baba, amanat, tagdyr, dombra, kui, tort tulik, zhylky, nar, kus и an, формируют семантические поля земли, родства, памяти, судьбы, нравственного долга, духовной преемственности, кочевого образа жизни и взаимоотношений человека и природы. Научная новизна состоит в интерпретации күй-аңыз как самостоятельного лингвокультурного объекта, в котором языковая единица, образ, концепт, символ и культурный код функционируют как целостная система смыслообразования.

В статье выявлены пространственно-земельный, генеалогический, этико-аксиологический, мифопоэтический, музыкально-семиотический и зоокультурный коды, включающие отдельные события в коллективную культурную память.

Ключевые слова: күй-аңыз, лингвокультурология, культурный код, концепт, символ, казахская национальная картина мира.

References

1. Jūbanov Q. Qazaq tılı jönındegı zertteuler. – Almaty: Čylym, 1966. – 362 s.
2. Äuezov M. Ädebiet tarihy / tüsınıktemesın jazğan jäne arnauly redaktory M.Myrzahmetov. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 238 b.
3. Mankeeva J. A. Qazaq tılındegı etnomädeni ataulardyñ tanymdyq negızderı. – Almaty: Jıbek joly, 2008. – 356 b.
4. Wierzbicka A. Understanding Cultures through Their Key Words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. – New York: Oxford University Press, 1997. – 317 p.
5. Seidımbek A. Qazaqtyñ küi añyzdary: qūrylymy jäne janrlyq erekşelıkterı: filol. ğyl. dokt. ... avtoref. – Almaty: M. O. Äuezov atyndağy Ädebiet jäne öner instituty, 1997. – 37 b.
6. Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı älemınde: etnolingvistikalyq sözdık. 1-tom: Adam. – Almaty: Daik-Pres, 2009. – 780 b.
7. Syzdyq R. Söz qūdıretı. – Almaty: Sanat, 1997. – 224 b.
8. Qondybai S. Tolyq şyğarmalar jinağy. 1-tom: Qazaq mifologiasyna kırıspe. – Almaty: Arys, 2008. – 373 b.
9. Palmer G. B. Toward a Theory of Cultural Linguistics. – Austin: University of Texas Press, 1996. – 348 p.
10. Sharifian F. Cultural Linguistics: Cultural Conceptualisations and Language. – Amsterdam; Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2017. – 171 p.
11. Zakirova A., Maigeldiyeva S., Tuyakbayev G. Linguacultural and cognitive aspects of teaching the language of Kazakh legends // Citizenship, Social and Economics Education. – 2023. – Vol. 22, № 3. – P. 137–151. DOI: https://doi.org/10.1177/14788047231221109
12. Alshynbaeva M. A., Mazhitayeva Sh., Kaliyev B., Nygmetova N., Khamzina G. S. Linguocultural anatomical code: Concept of sacredness // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2021. – Vol. 13. – № 1. – P. 1–13. DOI: https://doi.org/10.21659/rupkatha.v13n1.31
13. Nurbekov T., Salkynbay A. B. Cultural and cognitive phenomenon in Kazakh fairy tales: A reflexive essence // Folklor/Edebiyat. – 2023. – Vol. 29. – № 116. – P. 1179-1196. DOI: https://doi.org/10.22559/folklor.2434
14. Islam A., Karibayeva B., Kurmanbayeva D., Sopieva B., Muratova Z., Aldasheva K. Specificity of the concept “Life” in the Kazakh and English linguacultures // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15. – № 6. – P. 1817–1824. DOI: https://doi.org/10.22559/folklor.2434
15. Mussa-Akhunov A., Essenova K., Suambekova G., Imatayeva A., Osmanova Z. Linguistic and cultural expression of the macro concept of “Family” in Kazakh–Dungan proverbs // International Journal of Society, Culture & Language. – 2024. – Vol. 12. – № 1. – P. 56–70. DOI: https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.2011596.3170

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрдаулет Пәкизат – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіунің докторанты, Астана, Қазақстан.

Нурдаулет Пакизат – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Nurdaulet Pakizat – doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Нергиз Бирай – философия докторы (PhD), Памуккале университетінің профессоры, Денизли, Түркия.

Нергиз Бирай – доктор философии (PhD), профессор Университета Памуккале, Денизли, Турция.

Nergis Biray – Doctor of Philosophy (PhD), Professor at Pamukkale University, Denizli, Turkey.

Маулет Ардаби – философия докторы (PhD), Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Маулет Ардаби – доктор философии (PhD), старший преподаватель Международного университета Астана, Астана, Казахстан.

Maulet Ardabi – Doctor of Philosophy (PhD), Senior lecturer of Astana International University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.41
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.08

Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА[1]
***А.Д. РЫСҚҰЛОВА**[2]
Э.К. ПЕРТАЕВА[3]
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан[1,2]
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
Тараз, Қазақстан[3]
(e-mail: f_orazbaeva@mail.ru[1], ainagulr@mail.ru[2], auditor.59@mail.ru[3])

*ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ДИСКУРСЫНДАҒЫ ГЕНЕРАТИВТІ СЕМАНТИКА: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Зерттеу нысаны — қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дискурстық материалдарда терең мағыналық құрылымның берілу жолдары. Мақалада генеративті семантиканың коммуникативтік-прагматикалық сипаты, эксплицитті және имплицитті байланыстардың арақатынасы, ретроспекция мен синтаксистік параллелизмнің тілдер бойынша таралуы қарастырылды. Зерттеу материалы ашық электрондық корпустардан іріктелген 120 мәтіндік фрагменттен құралды. Әр тілден 40 фрагмент алынды. Морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және семантикалық талдау салыстырмалы және статистикалық өңдеумен ұштастырылды. Кодтауға екі тәуелсіз сарапшы қатысып, келісім деңгейі Cohen's Kappa коэффициентімен тексерілді (κ=0,84). Тіл мен дискурстық ұйымдасу типтері арасындағы байланыс Pearson χ^2 критерийі және Cramer's V арқылы бағаланды. Нәтижелер қазақ мәтіндерінде имплицитті модельдің 67,5 пайыз, ағылшын мәтіндерінде эксплицитті модельдің 77,5 пайыз болғанын көрсетті; орыс тілі аралас сипат танытты. Бұл айырмашылық статистикалық мәнге ие болды. Ретроспекциялық құрылымдардың жиілігі үш тілде шамалас болса, синтаксистік параллелизм орыс мәтіндерінде жиірек кездесті. Зерттеу үш тілдегі дискурстық ұйымдасу мен тілдік типологияның байланысын нақтылап, эксплицитті және имплицитті модельдердің арақатынасын жинақтайтын типологиялық-дискурстық баланс көрсеткішін ұсынады. Алынған тұжырымдар генеративті семантиканы тұтас мәтін деңгейінде сипаттауға және тілдер арасындағы дискурстық айырмашылықтарды түсіндіруге мүмкіндік береді.
Түйін сөздер: генеративті семантика, дискурс, эксплицитті модель, имплицитті модель, ретроспекция, синтаксистік параллелизм, когезия, типологиялық-дискурстық баланс.

Кіріспе. Адам тіл арқылы қоршаған ортадан ақпарат қабылдайды және оны өзгелермен бөліседі. Ойын санада жүйелеп, тұтас мағынаны қалыптастырады және тыңдаушының қабылдауын да ескереді. Сөйлем мағынасы оның алдыңғы және кейінгі ақпаратпен

**Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR28713427 «Үздіксіз білім берудегі халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес лингвокоммуникация мен нейролингвистика негізінде мемлекеттік деңгейде меңгертудің әлеуметтік-педагогикалық парадигмасы» атты бағдарламалық-нысаналы жоба аясында әзірленді*

байланысы, астарлы мазмұны мен мәнмәтін арқылы ашылады. Бір синтаксистік үлгі әр жағдаятта әртүрлі мағына беруі мүмкін. Осы себепті дискурс пен мәнмәтін тілдік мағынаны түсіндірудің негізгі шарттарының бірі саналады.

Генеративті семантикада тілдік форманың сыртқы көрінісінен гөрі оның негізіндегі ұғымдық байланыстарға басымдық беріледі. Мағына сөйлем құрылымын қалыптастыратын бастапқы ұғымдық негіз деп танылады. Г.Лакофф семантикалық репрезентацияның синтаксистік ұйымдасуға ықпалын қарастырды [1, 232]. Дж.Макколи грамматиканы сипаттауда семантиканың жетекші қызмет атқаратынын көрсетеді [2, 124]. Осы теориялық ұстанымдар мақаладағы дискурстық материалдарды талдаудың бағытын айқындайды. Терең құрылым мәтіндегі негізгі ұғымдық мазмұнды, предикат пен оған қатысушы аргументтердің мағыналық байланысын білдіреді. Үстірт құрылым сол мағынаның морфологиялық тұлғалар, синтаксистік құрылым, лексикалық таңдау және дискурстық байланыс арқылы берілуін көрсетеді. Предикаттық құрылым қатысушы рөлдерімен және тілдік тұлғаның танымдық ұстанымымен сабақтас қарастырылады [3, 25].

Нейролингвистика мен коммуникативтік тіл біліміне арналған зерттеулер мағынаның сөйлеу әрекеті үстінде қалыптасатынын көрсетеді [4, 106]. Мағына сөйлеуші, тыңдаушы және мәнмәтін арасындағы қатынас арқылы ашылады. Мәтіннің тұтастығын сақтауда когезия мен ретроспекцияның қызметі маңызды. Когезия сөйлемдердің байланысын ұйымдастырса, ретроспекция бұрын берілген ақпаратты кейінгі оймен сабақтастырады.

Лексикалық бірліктер де мәтіннің ортақ мағыналық өрісін қалыптастыруға қатысады. Тұрақты тіркестер, коллокациялар мен метафоралар эмоциялық реңкті күшейтіп, тұспалды мазмұнның берілуіне ықпал етеді. Мәтін когеренттілігі мен байланыстырушы элементтердің қызметіне арналған зерттеулер ой сабақтастығының ақпаратты тұтас қабылдаудағы орнын көрсетеді. Мағыналық қатынастар ашық берілген мәтінді қабылдау жеңіл болса, имплицитті байланыстарды түсіну барысында оқырман мәнмәтінге көбірек сүйенеді. Когнитивтік зерттеулер мәтін құрылымының жады мен түсіну үдерісіне ықпалын қарастырады. Ситуациялық модель теориясы бойынша қабылдаушы жекелеген сөйлемдермен шектелмей, олардың негізінде тұтас мағыналық жүйе қалыптастырады [5, 162].

Соңғы зерттеулер академиялық және кәсіби дискурстағы когезиялық ұйымдасуға назар аударады. Әртүрлі пәндік салаларда мәтін құрылымы өзіндік сипатқа ие болады. Жалғаулықтар мен дискурстық маркерлердің қызметі тілдер арасында да бірдей емес [6, 1]. Бір тілде мағыналық қатынас арнайы маркерлермен ашық көрсетілсе, екінші тілде морфологиялық тұлғалар немесе мәнмәтін арқылы танылады. Мәтіннің мағыналық тұтастығы оны қабылдау үдерісімен сабақтас. Дискурстық когеренттілік сөйлемдер арасындағы байланысты, алдыңғы және кейінгі ақпараттың жалғастығын тануға мүмкіндік береді. Кәсіби коммуникацияда когезиялық құралдар мәтіннің прагматикалық мақсатын жүзеге асырып, тілдік бірліктердің таңдалуына ықпал етеді [7, 155]. Осы тұрғыдан мағына синтаксистік құрылым, морфологиялық тұлға, лексикалық қолданыс және мәнмәтіннің өзара байланысы арқылы қалыптасады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі генеративті семантиканың коммуникативтік-прагматикалық сипаты салыстырмалы тұрғыдан толық зерттелмеген. Морфологиялық, синтаксистік және лексикалық құралдардың терең ұғымдық құрылымды жеткізудегі қызметі де жүйелі сипаттауды қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты — қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дискурстық материалдар негізінде генеративті семантиканың коммуникативтік-прагматикалық көрінісін салыстырмалы сипаттау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы терең ұғымдық құрылымның үш тілдегі морфологиялық, синтаксистік және лексикалық құралдар арқылы берілу ерекшеліктерін сандық деректермен негіздеуден көрінеді. Эксплицитті және имплицитті байланыстардың арақатынасын жинақтау үшін типологиялық-дискурстық баланс көрсеткіші ұсынылады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ашық электрондық корпустардан алынды. Қазақ тіліндегі деректер Қазақ тілінің ұлттық корпусы [8] мен Алматы қазақ тілі корпусынан іріктелді [9]. Орыс тіліндегі фрагменттер Орыс тілінің ұлттық корпусынан [10], ағылшын тіліндегі үлгілер Corpus of Contemporary American English [11] және News on the Web Corpus қорларынан таңдалды [12]. Материал құрамына көркем, публицистикалық, ғылыми және интернет-дискурс мәтіндері енгізілді. Көркем және публицистикалық үлгілердің үлесі басым болды.

Әр тілден 40 фрагмент алынып, зерттеу материалының жалпы саны 120 мәтіндік фрагменттіқұрады. Бірфрагменттіңкөлемі 150–300 сөзаралығындабелгіленді. Жинақталған деректердің жалпы көлемі шамамен 24 000 сөзге жетті. Қазақ тіліндегі материалдар 1995–2022 жылдары, орыс тіліндегі үлгілер 1980–2020 жылдары, ағылшын тіліндегі мәтіндер 1990–2023 жылдары жарияланған еңбектерден алынды. Жанрлық үлес үш тілде өзара сәйкестендірілді, ал көркем және публицистикалық фрагменттердің саны ғылыми және интернет-дискурс үлгілерінен көбірек болды. Фрагменттерді таңдауда мәтіннің тілі, жанры, жарияланған кезеңі, көлемі және мағыналық тұтастығы ескерілді. Үзінділер көлемді мәтіндерден алынғанымен, олардың бастапқы баяндау желісі мен мағыналық байланысы бұзылған жоқ. Эксплицитті не имплицитті байланыстың, ретроспекциялық құрылымның немесе синтаксистік параллелизмнің болуы іріктеу шартына енгізілмеді. Бұл белгілер материал жинақталып болғаннан кейін анықталды. Осы тәртіп белгілі бір дискурстық үлгінің зерттеу корпусында әдейі басым болып кетуіне жол бермеу үшін сақталды.

Жұмыс бірнеше өзара сабақтас кезеңнен тұрды. Алдымен мәтіндегі формалды байланыс құралдары тіркелді. Морфологиялық деңгейде шақ және рай тұлғалары, есімше мен көсемше формалары, тәуелдік және септік жалғауларының дискурстық қызметі сараланды. Синтаксистік талдау салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді, параллель құрылымдарды, эллипсис пен инверсияны қамтыды. Лексикалық деңгейде сөз қайталамалары, синонимдік қатарлар, коллокациялар мен тұрақты тіркестердің мәтін тұтастығын сақтаудағы орны анықталды.

Келесі кезекте фрагменттердің мағыналық құрылысы талданды. Әр мәтіндегі негізгі әрекет, оған қатысушы тұлғалар және олардың арасындағы предикаттық-аргументтік қатынастар белгіленді. Себеп, шарт, уақыт, мақсат пен нәтиже мәндері жеке қарастырылды. Арнайы тілдік көрсеткішпен берілмегенімен, морфологиялық тұлғалар, сөз қайталамалары немесе алдыңғы ақпарат арқылы танылатын байланыстар да есепке алынды. Сөйлемдер арасындағы себептік, уақыттық, қарсылықты немесе қорытынды қатынас жалғаулықтар мен дискурстық маркерлер арқылы тікелей берілсе, ол эксплицитті модельге жатқызылды. Арнайы маркер қолданылмай, байланыс етістік тұлғалары, қосымшалар, лексикалық сабақтастық және мәнмәтін арқылы танылған жағдайда имплицитті модель деп белгіленді. Әр фрагменттегі эксплицитті және имплицитті байланыстардың саны салыстырылып, жиілігі жоғары модель басым санат деп белгіленді. Сондықтан эксплицитті және имплицитті модельдер өзара толықтырушы санаттар түрінде кодталды.

Ретроспекциялық құрылым мәтіннің кейінгі бөлігінде бұрын айтылған оқиғаға, әрекетке немесе пікірге қайта оралу арқылы анықталды. Оның морфологиялық көрсеткіштеріне шақ тұлғалары, есімше мен көсемше формалары жатқызылды. Алдыңғы ақпаратқа сілтейтін сөздер мен тіркестер ретроспекцияның лексикалық және мәнмәтіндік көрінісі деп танылды. Синтаксистік параллелизм сөйлемдерде немесе сөйлем бөліктерінде бір үлгідегі құрылымдардың қайталануы арқылы белгіленді. Мұндай қолданыстардың ой екпіні мен эмоциялық реңкке ықпалы мәтіннің жалпы мазмұнына сүйеніп түсіндірілді.

Сапалық талдау барысында үстірт және терең құрылым арасындағы байланыс та қарастырылды. Предикаттық құрылым, аргументтік қатынас, тақырып пен реманың орналасуы, ақпараттық фокус, пресуппозиция және имплицитті мазмұн нақты мәтіндік мысалдар негізінде сипатталды. Бұл белгілер сандық айнымалы түрінде есептелген жоқ. Олар мәтіндегі мағыналық қатынастарды тереңірек түсіндіру үшін пайдаланылды. Салыстырмалы кезеңде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі дискурстық үлгілердің

таралуы өзара салыстырылды. Сандық өңдеуге төрт көрсеткіш енгізілді: эксплицитті маркерлік модель, имплицитті байланыс моделі, ретроспекциялық құрылым және синтаксистік параллелизм. Алғашқы екі көрсеткіш бір-бірін толықтыратын санаттар түрінде тіркелді. Ретроспекция мен синтаксистік параллелизм әр фрагментте бар немесе жоқ деген өлшем бойынша бөлек кодталды.

Кодтауға екі тәуелсіз сарапшы қатысты. Олар 120 мәтіндік фрагментті алдын ала белгіленген операциялық өлшемдерге сүйеніп, бір-бірінен тәуелсіз жіктеді. Төрт кодтау санаты бойынша сарапшылар арасындағы жалпы келісім Cohen's Kappa коэффициентімен бағаланып, κ=0,84 нәтижесі алынды. Пікір алшақтығы байқалған фрагменттер қайта қаралып, түпкілікті шешім нақты мәтіндік дерек негізінде қабылданды. Сандық мәліметтер IBM SPSS Statistics бағдарламасында өңделді. Тілдік топ пен дискурстық ұйымдасу белгілерінің таралуы арасындағы байланысты тексеру үшін Pearson χ^2 критерийі қолданылды. Байланыстың шамасы Cramer's V коэффициентімен бағаланды. Статистикалық мәнділік шегі p<0,05 деп белгіленді.

Эксплицитті және имплицитті үлгілердің әр тілдегі арақатынасын жинақтап көрсету үшін типологиялық-дискурстық баланс көрсеткіші есептелді. Ол дербес статистикалық тестке жатпайды және екі модельдің пайыздық арақатынасын ықшам түрде сипаттайды. Көрсеткіш эксплицитті модель үлесінен имплицитті модель үлесін азайту арқылы анықталды: ТДБ = эксплицитті модель үлесі – имплицитті модель үлесі. Теріс мән имплицитті бағыттың басымдығын, оң мән эксплицитті үлгінің жиірек қолданылғанын білдіреді. Нөлге жақын нәтиже екі модельдің таралуы шамалас екенін көрсетеді. Талдаудың сенімділігі материалдың теңгерімді іріктелуі, кодтау өлшемдерінің бірізді сақталуы және екі сарапшы шешімінің салыстырылуы арқылы қамтамасыз етілді. Барлық тұжырымдар мәтіндік мысалдар мен сандық нәтижелерге сүйеніп жасалды.

Талқылау мен бақылау. Қазақша фрагменттерде бұрын болған әрекет кейінгі баяндаумен көбіне есімше және көсемше тұлғалары арқылы сабақтасады. *-ған/-ген* формалары өткен оқиғаны қайта жаңғыртып, уақыт желісін сақтайды. Көсемшелер өзара жалғасқан бірнеше әрекетті бір арнаға біріктіріп, олардың орындалу ретін жалғаулықсыз білдіреді. Ретроспекциялық мазмұн осы тұлғалар мен мәнмәтіннің қабаттаса жұмсалуынан танылады. Мұндай қолданыс қазақ тілінің агглютинативті табиғатымен, грамматикалық мәнді қосымшаларға жинақтап беру мүмкіндігімен сабақтас.

Ағылшынша деректерде уақыт, себеп және қарсылық мәндері *when, after, before, because, however* тәрізді маркерлермен айқын белгіленген. Олар сөйлемдер арасындағы логикалық сабақтастықты ашып, ойдың өрбу бағытын көрсетеді. Бұл қолданыстар Halliday мен Hasan сипаттаған когезиялық амалдарға сәйкес келеді [13, 226]. Орысша фрагменттерде синтаксистік параллелизм мен қайталама үлгілердің қызметі басымырақ байқалды. Бірдей қалыптағы сөйлемдердің қатарласа берілуі мағыналық екпінді күшейтіп, эмоциялық реңк үстейді. Аталған белгі Джекендоффтың семантикалық мазмұн мен синтаксистік ұйымдасудың арақатынасы туралы пайымдарымен үндеседі [14, 4]. Салыстыру нәтижесі үш тілдегі сабақтастықтың олардың грамматикалық табиғатына сай әркелкі рәсімделетінін көрсетті.

Морфологиялық тұлғалар сөйлеушінің бағасын, болжамын, ниеті мен қатысымдық мақсатын да аңғартады. Шартты рай ықтимал әрекетті белгілі бір шартқа тәуелді етіп көрсетсе, бұйрық рай адресатқа ықпал ету ниетін білдіреді. Осы белгілер грамматикалық формалардың прагматикалық мазмұн жеткізудегі орнын айқындайды және Левинсонның тілдік форма мен прагматикалық мәннің сабақтастығы жөніндегі тұжырымдарымен үйлеседі [15, 35].

Тұрақты тіркестер, сөз қайталамалары мен өзара тіркесімді бірліктер ортақ семантикалық өріс түзеді. Олардың ассоциациялық сабақтастығы бұрын берілген ақпаратты кейінгі оймен жалғап, тақырып желісінің үзілуіне жол бермейді. Лексикалық амалдар сөйлемдерді бір мазмұндық арнаға топтастырып, сипатталған жағдаяттың тұтас бейнесін танытады. Осыған байланысты мәтін тұтастығы грамматикалық көрсеткіштермен қоса лексикалық сабақтастыққа да сүйенеді.

Эксплицитті үлгіде ой бөліктерінің арасы арнайы маркерлермен тікелей белгіленеді. Имплицитті қолданыста байланыс ашық көрсетілмей, алдыңғы ақпараттан, сөз тұлғаларынан және жалпы мәнмәтіннен аңғарылады. Zwaan мен Radvansky қабылдау кезінде санада өзара сабақтас ситуациялық модель түзілетінін көрсетеді [5, 162]. Зерттеу деректері де мазмұнның жеке сөйлем шегінде қалмай, тұтас дискурс көлемінде ашылатынын дәлелдейді.

Нәтижелер. Зерттеуге қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен тең мөлшерде алынған 120 мәтіндік фрагмент енгізілді. Талдау барысында мағыналық байланыстың эксплицитті және имплицитті берілуі, ретроспекциялық құрылымдар мен синтаксистік параллелизмнің таралуы салыстырылды.

Қазақ тілі: агглютинативті жүйе және құрылымдық икемділік.

Қазақ тіліндегі дискурстық ұйымдасу агглютинативті жүйемен тығыз байланысты. Мағыналық қатынастардың едәуір бөлігі қосымшалар мен етістік тұлғаларының қызметі арқылы беріледі. Әсіресе есімше, көсемше, шартты рай формалары мәтіндегі ойдың жалғасуын, әрекеттердің ретін, себеп-салдарлық және шарттық қатынастарды білдіруде жиі қолданылады. Корпустық талдау барысында қазақ тіліндегі мәтіндерде ретроспекциялық қатынастардың есімше, көсемше және шартты рай формаларына сүйеніп жасалатыны анықталды.

Бұл ерекшелік Н.Алдабергеновтің “Өліара” мәтінінен алынған мысалдардан анық байқалады. Мәтіндегі “Нұрмолда жыл сайын жаз жайлауда, қыс қыстауда болып, шаруаны өз көзімен көріп, жағдайды өз ауыздарынан естіп, біраз күн малшыларды аралап қайтатын” деген сөйлемде болып, көріп, естіп, аралап тұлғалары бірнеше әрекетті бір ой желісіне жинақтап тұр. Нұрмолданың малшыларды аралауы бірінен кейін бірі орындалған іс-әрекеттер арқылы сипатталады. Мұнда әрекеттердің арасына арнайы жалғаулық қойылмаса да, олардың реттілігі мен ішкі байланысы көсемше тұлғаларының қызметі арқылы көрінеді. Генеративті-семантикалық тұрғыдан бұл сөйлемде бірнеше предикат бір субъектінің әрекеті ретінде ұйымдасқан. Үстірт құрылымда олар жеке-жеке жалғаулықтар арқылы байланыспайды, бірақ терең құрылымда әрекеттердің уақыттық реті мен мақсаттық бағыты сақталады. Яғни «болып», «көріп», «естіп», «аралап» тұлғалары сыртқы формада көсемше арқылы берілсе, ішкі мағынада біртұтас предикаттық желіні құрайды.

Есімше тұлғалары да мәтіндегі мағыналық байланысты күшейтеді. «Бақпаған мал өспейді, өнбейді» деген сөйлемде бақпаған сөзі орындалмаған әрекетті білдіреді. Бұл жерде «егер мал бағылмаса» деген шартты мағына ашық айтылмаған. Бірақ сөйлемнің мазмұнынан малдың өсуі мен оған күтім жасаудың өзара байланысты екені бірден аңғарылады. Себеп-салдарлық қатынас осылайша есімше тұлғасының мағыналық қызметі арқылы берілген.

Шартты рай тұлғасының қызметі «Біз малшыларға жақсы жағдай жасасақ, олар қарамағындағы колхоз малына жақсы жағдай жасайды!» деген сөйлемнен көрінеді. Мұндағы жасасақ формасы алғашқы әрекетті кейінгі нәтиженің шарты ретінде танытады. Малшыларға жағдай жасау мен олардың малға дұрыс қарауы бір-бірімен мағыналық жағынан сабақтасып тұр. Бұл байланыс қосымша түсіндірмені қажет етпейді, сөйлемнің өз ішінен-ақ анық сезіледі.

Мәтін тұтастығы лексикалық қайталама арқылы да сақталған. «Малшы еңбегі ауыр еңбек», «малшылар қауымы», «малшыларға жақсы жағдай жасасақ» деген қолданыстарда малшы сөзі бірнеше рет қайталанып, мәтіннің негізгі тақырыптық желісін ұстап тұр. Сонымен бірге «жақсы жағдай жасасақ» және «жақсы жағдай жасайды» тіркестерінің қайталануы алдыңғы ой мен кейінгі тұжырымды байланыстырады. Осы қайталамалар мәтіндегі негізгі идеяның бірізді дамуына ықпал етеді.

Ретроспекциялық байланыс «Бұл сөздің шындығын өмір дәлелдеп те отыр» деген сөйлемнен де байқалады. Мұндағы бұл сөздің тіркесі алдыңғы сөйлемде айтылған Нұрмолданың пікіріне қайта оралтады. Соның нәтижесінде бұрынғы ой кейінгі

тұжырыммен жалғасады. Мәтіндегі мағына жеке сөйлемдердің мазмұнымен шектелмей, олардың бір-бірімен байланысы негізінде қалыптасады.

Корпустық талдау қазақ тіліндегі 40 мәтіннің 27-сінде сөйлемдер арасындағы қатынастың арнайы маркерлерсіз ұйымдасқанын көрсетті. Қазақ тілінде дискурстық байланыс көбіне морфологиялық тұлғалар, лексикалық қайталама және мәнмәтін арқылы беріледі. Формалды маркерлер сирек қолданылса да, мәтіндегі ой желісі үзілмейді. Терең мағыналық құрылым қосымша, сөз таңдауы және алдыңғы ақпаратқа қайта сілтеу арқылы ашылады. Бұл қазақ тілінің агглютинативті табиғатына тән ерекшелік.

Орыс тілі: флективті жүйе және синтаксистік екпін

Орыс тілі флективті жүйеге жатады. Сондықтан бұл тілде мағыналық байланыс сөздердің грамматикалық түрленуімен және сөйлемнің құрылымымен тығыз ұштасады. Корпустық материалдарда себеп-салдарлық, қарсылықты және түсіндірмелі қатынастар көбіне жалғаулықтар мен бағыныңқы сөйлемдер арқылы берілгені байқалды.

Себеп-салдарлық қатынас орыс мәтіндерінде ашық көрінеді. Мысалы, интернет-дискурс материалындағы “Не так чтобы надо и все, а надо — потому что хочется” сөйлемінде потому что алдыңғы ойдың себебін нақтылап тұр. Автор “надо” деген пікірді жай міндет ретінде емес, ішкі қалаумен байланыстырады. Осы жерде мағыналық байланыс сөйлемнің өз ішінен анық танылады.

Публицистикалық мәтіндегі “Данная статья получилась достаточно критичной ... не в силу предвзятости меня как автора, но ввиду неубедительности приведенных выше аргументаций...” деген сөйлемде себептік мән басқа тәсілмен берілген. Мұнда не в силу..., но ввиду... құрылымы мақаланың не себепті сыни сипат алғанын түсіндіреді. Яғни автор өз ойын жеке көзқарасқа емес, дәлелдердің жеткіліксіздігіне сүйеп отыр.

Қарсылықты мағына “несмотря на” тіркесі арқылы да айқындалады. “В последнее время имя Ди Каприо в титрах стало для меня своеобразным знаком качества, несмотря на неприязнь к нему в 90-х...” сөйлемінде бұрынғы ұнатпаушылық пен кейінгі бағалау қатар берілген. Екі ой бір-біріне қарсы қойылғанымен, бір сөйлемнің ішінде мағыналық жағынан тұтасып тұр.

Синтаксистік параллелизм орыс мәтіндерінде ой екпінін күшейту үшін қолданылады. В.А.Соснора мәтініндегі “Я живу...” және “Я лечу...” құрылымдарының қайталануы сөйлемге ырғақ беріп, авторлық көңіл күйді айқындайды. Мұндай қайталама мәтіндегі ішкі қозғалысты сездіреді.

Осы мысалдар орыс тіліндегі дискурстық байланыстың синтаксистік сипатқа жақын екенін танытады. Генеративті-семантикалық тұрғыдан орыс мәтіндерінде терең мағына көбіне синтаксистік құрылым арқылы беріледі. Предикаттық қатынастар жалғаулықтар, бағыныңқы сөйлемдер және параллель құрылымдар арқылы нақтыланып, сөйлем ішіндегі мағыналық екпінді күшейтеді. Қазақ тіліндегі мағыналық байланыс көбіне морфологиялық тұлғаларға сүйенсе, орыс мәтіндерінде жалғаулықтар, бағыныңқы сөйлемдер, шылаулы тіркестер және қайталама құрылымдар көбірек қызмет атқарады. Сондықтан орыс тіліндегі терең мағына сөйлемдердің байланысу реті мен синтаксистік ұйымдасуы арқылы ашылады.

Ағылшын тілі: аналитикалық жүйе және эксплицитті маркерлік модель

Ағылшын тілі аналитикалық жүйеге жататындықтан, мәтін ішіндегі мағыналық байланыс көбіне сөздердің орын тәртібі, көмекші етістіктер, бағыныңқы құрылымдар және арнайы дискурстық маркерлер арқылы жасалады. Корпустық материалдарды қарастыру барысында ағылшын мәтіндерінде себептік, қарсылықты, уақыттық және қорытынды қатынастардың because, however, after, before, when, therefore сияқты маркерлер арқылы жиі берілетіні байқалды. Мұндай қолданыстар мәтіндегі логикалық байланысты қабылдаушыға бірден танытады. Генеративті-семантикалық тұрғыдан ағылшын мәтіндерінде терең құрылым көбіне үстірт құрылымда ашық белгіленеді. Себеп, уақыт, қарсылық және қорытынды қатынастары арнайы маркерлер арқылы көрініп, предикаттар арасындағы семантикалық байланыс қабылдаушыға нақты бағыт береді.

Себеп-салдарлық қатынас ағылшын тілінде көбіне because маркері арқылы ашық беріледі. Мысалы, COCA корпусындағы академиялық мәтінде "this exposure classification has been questioned because it does not correspond to the occurrence of chloracne reported" деген сөйлем кездеседі. Мұнда because алдыңғы тұжырымның себебін нақтылап тұр: жіктеудің күмән тудыруы оның нақты дерекпен сәйкес келмеуімен түсіндіріледі. Осыған ұқсас байланыс жаңалық мәтініндегі "victims are especially common among this group, police say, because most workers are paid in cash and don't have bank accounts" сөйлемінен де көрінеді. Бұл мысалда да негізгі ой мен оның себебі арнайы жалғаулық арқылы байланысқан.

Қарсылықты мағыналық қатынас however маркері арқылы беріледі. COCA корпусындағы академиялық мәтінде "Nonexperimental data can not prove causality. However, if deterrence arguments are valid..." деген қолданыс бар. Бірінші сөйлемде эксперименттік емес деректердің себептілікті толық дәлелдей алмайтыны айтылады, ал келесі сөйлемде however арқылы басқа қырынан қарастыруға жол ашылады. Яғни бұл маркер алдыңғы ойды мүлде жоққа шығармайды, бірақ кейінгі пікірдің бағытын өзгертіп, мәтінге қарсы мәнді реңк береді. Осындай қызмет "Unlike the accounting board for companies, however, the governmental accounting board has no enforcement agency" сөйлемінде де байқалады. Мұнда however салыстырылып отырған екі нысанның айырмашылығын нақтылайды.

Ағылшын мәтіндерінде ретроспекциялық байланыс шақ формалары арқылы да беріледі. Мысалы, COCA үлгісіндегі "This had been going on for several days" сөйлемінде had been going on формасы әрекеттің бұрын басталып, белгілі бір уақытқа дейін жалғасқанын білдіреді. Бұл жерде өткен шақ жай ғана уақытты көрсетпейді, алдыңғы жағдайды кейінгі баяндаумен байланыстырып тұр. Сондықтан ретроспекциялық мағына ағылшын тілінде көмекші етістік пен есімше формасының тіркесуі арқылы айқындалады.

Осы мысалдар ағылшын тіліндегі дискурстық байланыстың эксплицитті сипатқа жақын екенін аңғартады. Қазақ тілінде мағыналық қатынас көбіне морфологиялық тұлғалар мен мәнмәтінге сүйенсе, ағылшын тілінде логикалық байланыс арнайы маркерлер мен грамматикалық құрылымдар арқылы ашығырақ беріледі. Сондықтан ағылшын мәтіндерінде терең мағына көбіне беткі құрылымның өзінде көрініп, сөйлемдер арасындағы уақыттық, себептік және қарсылықты қатынастар нақты белгіленеді.

Дискурстық үлгілердің прагматикалық қызметі. Имплицитті модель басым мәтіндерде мағыналық қатынасты анықтауда мәнмәтіннің қызметі күшейеді. Қазақ мәтіндерінде логикалық байланыс көбіне морфологиялық тұлғалар мен алдыңғы ақпарат арқылы танылады. Ағылшын мәтіндеріндегі эксплицитті маркерлер интерпретация бағытын ашық көрсетеді. Орыс мәтіндеріндегі синтаксистік параллелизм ой екпінін айқындап, эмоциялық реңк қалыптастырады.

Статистикалық талдау нәтижелері. Корпустық деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасында өңделді. Талдауға 120 мәтіндік фрагмент енгізілді: қазақ тілі – 40, орыс тілі – 40, ағылшын тілі – 40. Айнымалылар ретінде тіл және дискурстық ұйымдасу типтері алынды: эксплицитті маркерлік модель, имплицитті модель, ретроспекциялық құрылым және синтаксистік параллелизм.

Эксплицитті және имплицитті модельдердің таралуы

Кесте 1 – Дискурстық модельдердің тілдер бойынша таралуы

Тіл	Мәтін саны (n)	Эксплицитті модель, n (%)	Имплицитті модель, n (%)
Қазақ тілі	40	13 (32,5%)	27 (67,5%)
Орыс тілі	40	22 (55,0%)	18 (45,0%)
Ағылшын тілі	40	31 (77,5%)	9 (22,5%)
Барлығы	120	66 (55,0%)	54 (45,0%)

Pearson $\chi^2(2)=16,36$; $p<0,001$; Cramer's $V=0,37$.

Үш тілде эксплицитті және имплицитті модельдер әркелкі таралды. Бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болды: $\chi^2(2)=16,36$; $p<0,001$. Cramer's V=0,37 тілдік топ пен дискурстық модельдің таралуы арасында орташа деңгейдегі байланыс бар екенін көрсетті. Қазақ мәтіндерінде имплицитті байланыс басым болып, оның үлесі 67,5 пайызды құрады. Ағылшын мәтіндерінде эксплицитті модель 77,5 пайызға жетті. Орыс тіліндегі көрсеткіштер екі үлгінің аралық сипатын танытты. Алынған деректер қазақ мәтіндеріндегі мағыналық сабақтастықтың көбіне морфологиялық тұлғалар мен мәнмәтінге сүйенетінін, ағылшын мәтіндерінде логикалық қатынастардың ашық маркерлер арқылы жиі берілетінін аңғартады.

Типологиялық-дискурстық баланс

Үш тілдегі мағыналық байланыстың басым берілу бағытын жинақтап көрсету үшін типологиялық-дискурстық баланс (ТДБ) атты авторлық сипаттамалық көрсеткіш қолданылды. Бұл көрсеткіш дербес статистикалық тестке жатпайды, эксплицитті және имплицитті модельдердің пайыздық арақатынасын ықшам түрде көрсетеді. ТДБ эксплицитті модель үлесінен имплицитті модель үлесін азайту арқылы есептелді:

ТДБ = эксплицитті модель үлесі – имплицитті модель үлесі

Кесте 2 – Типологиялық-дискурстық баланс көрсеткіші

Тіл	Эксплицитті модель (%)	Имплицитті модель (%)	ТДБ көрсеткіші	Дискурстық бағыты
Қазақ тілі	32,5	67,5	–35,0	Морфологиялық-имплицитті бағыт
Орыс тілі	55,0	45,0	+10,0	Аралас бағыт
Ағылшын тілі	77,5	22,5	+55,0	Эксплицитті-маркерлік бағыт

Кесте нәтижелері қазақ тілінде мағыналық байланыстың көбіне мәнмәтін мен морфологиялық тұлғалар арқылы берілетінін көрсетеді. Ағылшын тілінде, керісінше, логикалық қатынастар ашық маркерлер арқылы айқындалады. Орыс тілі екі бағыттың аралығында орналасып, аралас дискурстық сипат танытады. ТДБ-ның теріс мәні имплицитті бағыттың, оң мәні эксплицитті бағыттың басымдығын білдіреді. Нөлге жақын көрсеткіш екі үлгінің таралуы шамалас екенін танытады.

Ретроспекциялық құрылымдардың таралуы

Кесте 3 – Ретроспекциялық құрылымдардың жиілігі

Тіл	Мәтін саны (n)	Ретроспекция (n)	Үлес (%)
Қазақ	40	29	72,5
Орыс	40	26	65,0
Ағылшын	40	30	75,0
Барлығы	120	85	70,8

Pearson $\chi^2(2)=1,05$; $p=0,59$; Cramer's V=0,09.

Үш тілде де ретроспекциялық құрылымдар шамалас деңгейде кездесті. Қазақ, орыс және ағылшын мәтіндеріндегі көрсеткіштер бір-бірінен елеулі айырмашылық көрсетпеді. Негізгі айырмашылық олардың берілу жолынан көрінді. Қазақ тіліндегі мәтіндерде ретроспекциялық байланыс көбіне морфологиялық тұлғалар арқылы берілсе, ағылшын тілінде синтаксистік маркерлер жиірек қолданылды.

Синтаксистік параллелизмнің таралуы

Кесте 4 – Синтаксистік параллелизмнің таралуы

Тіл	Мәтін саны (n)	Параллелизм (n)	Үлес (%)
Қазақ	40	11	27,5
Орыс	40	18	45,0
Ағылшын	40	8	20,0
Барлығы	120	37	30,8

Pearson $\chi^2(2)=6,17$; $p=0,046$; Cramer's $V=0,23$.

Синтаксистік параллелизм орыс тіліндегі мәтіндерде көбірек кездесті. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көрсеткіштер төмен болды. Cramer's V=0,23 тілдік топ пен синтаксистік параллелизмнің таралуы арасындағы байланыстың әлсіз екенін көрсетті. Демек, параллелизм орыс мәтіндерінде жиірек кездескенімен, анықталған айырмашылықтың шамасы үлкен емес. Бұл үрдіс эмоциялық екпін мен құрылымдық қайталама кездесетін орыс мәтіндерінде айқынырақ көрінді. Зерттелген көрсеткіштердің тілдер бойынша таралуы 1-суретте жинақталып берілді.

Сурет 1 – Дискурстық модельдердің тілдер бойынша таралуы



Қорытынды. Қарастырылған 120 мәтіндік фрагмент мағыналық байланыстың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей құралдармен берілмейтінін байқатты. Қазақша үзінділерде ойдың сабақтастығы көбіне етістік тұлғалары, сөз қайталамалары және алдыңғы мәнмәтін арқылы сақталған. Ағылшын мәтіндерінде себеп, уақыт пен қарсылық қатынастары арнайы маркерлермен анық көрсетіледі. Орыс тіліндегі материалда жалғаулықты құрылымдар мен мәнмәтіндік байланыс қатар қолданылып, синтаксистік қайталамалар жиі ұшырасты.

Ретроспекция барлық үш тілдің материалынан табылды. Айырмашылық оның кездесу жиілігінен гөрі тілдік рәсімделуінен байқалады. Қазақ мәтіндерінде бұрын айтылған ойға оралуға есімше, көсемше және шақ тұлғалары қатысады. Ағылшын тілінде уақыттық сабақтастық шақ формалары мен арнайы байланыстырушы бірліктер арқылы ашығырақ беріледі. Орыс мәтіндеріндегі параллель сөйлемдер алдыңғы және кейінгі бөліктерді байланыстырып, автор назар аударған ойды күшейтеді.

Талдау барысында терең мағына мен оның мәтіндегі сыртқы берілуі үнемі сәйкес келе бермейтіні анықталды. Кейбір қатынастар жалғаулық немесе дискурстық маркер арқылы бірден танылады. Енді бір жағдайда олардың мәні сөз тұлғасынан, сөйлемдердің орналасуынан немесе бұған дейін айтылған ақпараттан аңғарылады. Демек, мәтіннің тұтастығы жеке бір тілдік құралға тәуелді емес; ол бірнеше деңгейдегі бірліктердің өзара қызметінен құралады.

Бұл тұжырымдар зерттеуге алынған фрагменттердің көлемі, жанрлық құрамы және мерзімдік ауқымымен шектеледі. Анықталған ерекшеліктерді барлық қазақ, орыс және ағылшын дискурсына ортақ заңдылық деп қабылдауға болмайды. Кейінгі зерттеулерде әр жанрды жеке алып, ауызша сөйлеу мен әлеуметтік желі материалдарын қосу қазіргі нәтижелерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Lakoff G. On Generative Semantics // Semantics: An Interdisciplinary Reader in Philosophy, Linguistics and Psychology / Eds. D.D. Steinberg, L.A. Jakobovits. – Cambridge: Cambridge University Press, 1971. – P. 232-296.
2. McCawley J.D. The Role of Semantics in a Grammar // Universals in Linguistic Theory / Eds. E. Bach, R.T. Harms. – New York: Holt, Rinehart and Winston, 1968. – P. 124-169.
3. Кембаева А.Т., Жұбай О.С., Жакипова М.Н. Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2025. – № 1. – Б. 25-34. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.03
4. Оразбаева Ф.Ш. Нейролингвистика мен коммуникативтік тіл білімінің байланысы: методология мен әдістеме // TILTANYM. – 2025. – № 1 (97). – Б. 106-124. DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-106-124
5. Zwaan R.A., Radvansky G.A. Situation Models in Language Comprehension and Memory // Psychological Bulletin. – 1998. – Vol. 123, No. 2. – P. 162-185. DOI: https://doi.org/10.1037/0033-2909.123.2.162
6. Marchal M., Hewett F., Scholman M.C.J., Shahmohammadi S., Stede M., Demberg V. The Facilitating Effect of Connectives across Relations and Languages // Frontiers in Language Sciences. – 2025. – Vol. 4. – Article 1721510. DOI: https://doi.org/10.3389/flang.2025.1721510
7. Roozafzai Z.S. Exploring the Relationship between English Language Syntax and Cohesion in Professional Discourse // Journal of English in Academic and Professional Communication. – 2025. – Vol. 11, No. 2. – P. 155–189. DOI: https://doi.org/10.25047/jeapco.v11i2.5886
8. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. URL: https://qazcorpus.kz/ (қаралды: 04.02.2026).
9. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы қазақ тілі корпусы (АҚТК). URL: https://web-corpora.net/KazakhCorpus/ (қаралды: 04.02.2026).
10. Национальный корпус русского языка. URL: https://ruscorpora.ru/ (қаралды: 04.02.2026).

11. Davies M. The Corpus of Contemporary American English (COCA). URL: https://www.english-corpora.org/coca/ (қаралды: 04.02.2026).
12. Davies M. Corpus of News on the Web (NOW). URL: https://www.english-corpora.org/now/ (қаралды: 04.02.2026).
13. Halliday M.A.K., Hasan R. Cohesion in English. – London: Longman, 1976. – 374 p.
14. Jackendoff R. Semantic Structures. – Cambridge, MA: MIT Press, 1990. – 338 p.
15. Levinson S.C. Pragmatics. – Cambridge: Cambridge University Press, 1983. – 420 p.

Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА, А.Д. РЫСҚҰЛОВА
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
Э.К. ПЕРТАЕВА
Международный Таразский университет имени Ш.Муртазы,
Тараз, Казахстан

ГЕНЕРАТИВНАЯ СЕМАНТИКА В КАЗАХСКОМ, РУССКОМ И АНГЛИЙСКОМ ДИСКУРСЕ: СОПОСТАВИТЕЛЬНО-ТИПОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. Материал исследования составили фрагменты на казахском, русском и английском языках. Их сопоставление позволило выявить языковые средства, обеспечивающие логическую и временную связь между предложениями. Отдельно рассматривались эксплицитные и имплицитные модели, ретроспекция и синтаксический параллелизм.

Материал исследования включал 120 фрагментов, отобранных из открытых электронных корпусов: по 40 текстов на казахском, русском и английском языках. В каждом из них рассматривались морфологические формы, особенности синтаксической организации, лексические повторы и смысловые связи между предложениями. Разметку выполняли два эксперта независимо друг от друга. Степень совпадения их решений составила к=0,84. Значимость различий между языковыми группами проверялась по критерию χ^2 Пирсона, а сила установленной связи — по коэффициенту V Крамера. В казахском материале имплицитная связь была отмечена в 27 из 40 фрагментов, что составило 67,5 %. В английских текстах, напротив, преобладало открытое выражение логических отношений с помощью специальных маркеров — 77,5 процента. Русские тексты сочетали признаки обеих моделей. Ретроспективные структуры во всех трех языках встречались примерно с одинаковой частотой, однако оформлялись разными языковыми средствами. Наиболее заметное распространение синтаксического параллелизма отмечено в русскоязычном материале.

Для сводного представления полученных данных предложен показатель типологико-дискурсивного баланса. Он позволяет увидеть, какая модель связи преобладает в каждом языке, и сопоставить эти различия с особенностями их грамматической организации.

Ключевые слова: генеративная семантика, дискурс, эксплицитная связь, имплицитная связь, ретроспекция, синтаксический параллелизм, когезия, типологико-дискурсивный баланс.

F.SH. ORAZBAYEVA, A.D. RYSKULOVA
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
E.K. PERTAEVA
International Taraz University named after Sh.Murtaza, Taraz, Kazakhstan

GENERATIVE SEMANTICS IN KAZAKH, RUSSIAN, AND ENGLISH DISCOURSE: A COMPARATIVE TYPOLOGICAL ANALYSIS

Annotation. The study is devoted to the analysis of the expression of deep semantic structure in discourse materials in Kazakh, Russian and English. It emphasizes communicative and pragmatic aspects of generative semantics, relations between explicit and implicit links, and the distribution of retrospection and syntactic parallelism in the three languages. The data set contains 120 fragments of

texts from open electronic corpora, 40 fragments for each language. Morphological, syntactic, lexical, and semantic analyses were combined with comparative and statistical procedures. Two independent experts coded the material, and inter-coder agreement was assessed using Cohen's Kappa, which reached κ=0.84. The relationship between language and types of discourse organization was tested using Pearson's chi-square test, while the strength of association was measured with Cramer's V. The findings indicate that the implicit model prevailed in 67.5 percent of the Kazakh texts, whereas the explicit model occurred in 77.5 percent of the English texts. Russian displayed a mixed pattern of discourse organization. Retrospective structures appeared at similar rates in all three languages, but syntactic parallelism was more common in Russian texts. The paper presents a typological-discursive balance index for summarizing the relation between explicit and implicit models. The results shed light on the relationship between discourse organization and language typology and contribute to the description of generative semantics at the level of coherent text.

Keywords: generative semantics, discourse, explicit model, implicit model, retrospection, syntactic parallelism, cohesion, typological-discursive balance.

References

1. Lakoff G. On Generative Semantics // Semantics: An Interdisciplinary Reader in Philosophy, Linguistics and Psychology / Eds. D.D. Steinberg, L.A. Jakobovits. – Cambridge: Cambridge University Press, 1971. – P. 232-296.
2. McCawley J.D. The Role of Semantics in a Grammar // Universals in Linguistic Theory / Eds. E. Bach, R.T. Harms. – New York: Holt, Rinehart and Winston, 1968. – P. 124-169.
3. Kembaeva A.T., Jūbai O.S., Jakipova M.N. Tıldık tūlğa diskursyndağy kogezia men retrospeksia täsılderı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – 2025. – № 1. – B. 25-34. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.03
4. Orazbaeva F.Ş. Neirolingvistika men komunikativtık tıl bılımınıñ bailanysy: metodologia men ädısteme // TILTANYM. – 2025. – № 1 (97). – B. 106-124. DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-106-124
5. Zwaan R.A., Radvansky G.A. Situation Models in Language Comprehension and Memory // Psychological Bulletin. – 1998. – Vol. 123, No. 2. – P. 162-185. DOI: https://doi.org/10.1037/0033-2909.123.2.162
6. Marchal M., Hewett F., Scholman M.C.J., Shahmohammadi S., Stede M., Demberg V. The Facilitating Effect of Connectives across Relations and Languages // Frontiers in Language Sciences. – 2025. – Vol. 4. – Article 1721510. DOI: https://doi.org/10.3389/flang.2025.1721510
7. Roozafzai Z.S. Exploring the Relationship between English Language Syntax and Cohesion in Professional Discourse // Journal of English in Academic and Professional Communication. – 2025. – Vol. 11, No. 2. – P. 155–189. DOI: https://doi.org/10.25047/jeapco.v11i2.5886
8. Ahmet Baitūrsynūly atyndağy Tıl bılımı instituty. Qazaq tılınıñ ūlttyq korpusy. URL: https://qazcorpus.kz/ (qaraldy: 04.02.2026).
9. Äl-Farabi atyndağy Qazaq ūlttyq universitetı. Almaty qazaq tılı korpusy (AQTK). URL: https://web-corpora.net/KazakhCorpus/ (qaraldy: 04.02.2026).
10. Nasionälnyi korpus ruskogo iazyka. URL: https://ruscorpora.ru/ (qaraldy: 04.02.2026).
11. Davies M. The Corpus of Contemporary American English (COCA). URL: https://www.english-corpora.org/coca/ (qaraldy: 04.02.2026).
12. Davies M. Corpus of News on the Web (NOW). URL: https://www.english-corpora.org/now/ (qaraldy: 04.02.2026).
13. Halliday M.A.K., Hasan R. Cohesion in English. – London: Longman, 1976. – 374 p.
14. Jackendoff R. Semantic Structures. – Cambridge, MA: MIT Press, 1990. – 338 p.
15. Levinson S.C. Pragmatics. – Cambridge: Cambridge University Press, 1983. – 420 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Оразбаева Фаузия Шәмсіқызы – педагогика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Оразбаева Фаузия Шәмсіқызы – доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Orazbayeva Fauziya Shamsikyzy – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Рысқұлова Айнагүл Дүйсенбекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан**.**

Рысқұлова Айнагүл Дүйсенбекқызы – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Ryskulova Ainagul Duisenbekkyzy – doctoral student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Пертаева Эльмира Құлибайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор-ассистенті, Тараз, Қазақстан.

Пертаева Эльмира Кулибаевна – кандидат филологических наук, профессор-ассистент Международного Таразского университета имени Ш.Муртазы, Тараз, Казахстан.

Pertaeva Elmira Kulibaevna – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor at Sh.Murtaza International Taraz University, Taraz, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.41
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.09

А.О. РАҚЫМҒАЛИЕВА[1]
***С.С. ИСАКОВА**[2]
Г.Т. МУХАМЕДЖАНОВА[3]
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан[1,2]
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан[3].
(e-mail: agisa_94@mail.ru[1], sabira-i@yandex.ru[2], mukhamed130282god@gmail.com[3])

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ КОГНИТИВТІК ТЕРМИНТАНЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ тіл біліміндегі когнитивтік терминтанымның қалыптасуы мен дамуын қарастырады. Зерттеуде терминнің дәстүрлі номинативтік түсініктен когнитивтік бағытқа ауысу үдерісі талданып, оның ғылыми білімді ұйымдастыратын және ұғымды модельдейтін құрал ретіндегі қызметі айқындалады. Термин мағынасының сөздік анықтамада емес, ғылыми дискурс пен мәтін аясында қалыптасатыны негізделеді. Зерттеу барысында ғылыми мәтіндердегі терминдердің қолданысын талдау үшін аналитикалық әдіс, сондай-ақ когнитивтік және дискурстық талдауға негізделген кешенді тәсілдер қолданылды. Терминдердің жүйелік, фреймдік және категориялық ерекшеліктері қарастырылып, терминжасамның танымдық сипаты дәлелденді. Нәтижесінде терминнің динамикалық құбылыс екені, оның мағынасы ғылыми модель мен дискурстық ортаға тәуелді қалыптасатыны анықталды. Терминнің ғылыми объектіні атаумен шектелмей, оны түсіндіру және құрылымдау құралы ретінде қызмет ететіні көрсетілді. Зерттеу нәтижелері когнитивтік терминтаным теориясын дамытуға және терминологиялық жүйені жаңа ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді.
Түйін сөздер: когнитивтік терминтаным, ғылыми дискурс, термин мағынасы, ұғымды модельдеу, фреймдік құрылым, терминжасам, категориялау, қазақ тіл білімі.

Кіріспе. Термин мәселесі тіл білімінде ұзақ уақыт бойы номинативтік құбылыс ретінде қарастырылып келді: термин – белгілі бір ғылыми ұғымның атауы, ал терминология – сол атаулардың жиынтығы деген түсінік үстем болды. Мұндай көзқарас ғылымның алғашқы кезеңінде жеткілікті еді, өйткені ғылыми тілдің негізгі міндеті жаңа ұғымдарды атау болатын. Алайда ғылым дамып, білім көлемі күрделенген сайын терминнің тек атау қызметімен шектелмейтіні байқалды. Бір ұғым түрлі ғылыми мектептерде әртүрлі түсіндірілді, бір термин әр мәтінде түрлі мазмұнмен қолданылды, ал кей жағдайда анықтамасы бірдей терминдер ғылыми мәтінде әртүрлі теориялық салмаққа ие болды. Бұл құбылыс терминнің мағынасы сөздікте емес, ғылыми ойлау үдерісінде қалыптасатынын көрсетті [1, 22].

Осыдан бастап терминді тек тілдік бірлік ретінде емес, танымдық әрекеттің нәтижесі ретінде қарастыру қажеттілігі туды. Лингвистикадағы антропоөзектік парадигма тіл мен сананың байланысын алдыңғы орынға шығарды. Когнитивтік лингвистика тілдік

бірліктерді адамның білімді қабылдау, өңдеу және сақтау механизмдерімен байланыста зерттеуді ұсынды. Бұл өзгеріс терминтанымға да әсер етті: термин енді дайын ұғымның атауы емес, ұғымды қалыптастыратын құрал ретінде қарастырыла бастады [2, 69].

Мәселен, «жүйе» терминін алайық. Дәстүрлі анықтамада ол – «өзара байланысты элементтердің жиынтығы». Бірақ математикадағы жүйе, тіл біліміндегі жүйе, философиядағы жүйе және ақпараттық технологиядағы жүйе бірдей емес. Олардың анықтамасы ұқсас болғанымен, ғылыми мәтіндегі қызметі мен концептуалдық құрылымы әртүрлі. Демек, терминнің мағынасы анықтамадан емес, ғылыми модельден туындайды.

Осытұстатерминғылымидискурстыңнегізгіқұрылымдықэлементіекеніайқындалады. Ғылыми мәтінде термин гипотеза құруға, дәлелдеуге, салыстыруға және жалпылауға қатысады. Сондықтан термин – ғылыми білімді атаушы емес, оны ұйымдастырушы құрал. Мұндай түсінік когнитивтік терминтанымның пайда болуына негіз болды [3, 19].

Қазақ тіл білімінде де бұл бағыт біртіндеп қалыптасты. Дәстүрлі кезеңде терминжасам мәселесі аудару, баламалау, нормалау шеңберінде қарастырылды. Бірақ жаңа ғылым салаларының пайда болуы, кірме ұғымдардың көбеюі, баламалардың тұрақсыздығы терминді тек тілдік тұрғыда түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетті [4, 3]. Бір ұғымға бірнеше атау ұсынылуы немесе бір атаудың түрлі мағынада қолданылуы ғылыми коммуникацияның сапасын төмендетті. Мұндай жағдайда терминнің дұрыс-бұрыстығы тілдік сәйкестікпен емес, ұғымдық дәлдікпен анықталуы тиіс болды. Осылайша, қазақ терминтанымында когнитивтік бағыттың қалыптасуы қажеттілік ретінде пайда болды: терминді сөз емес, білім құрылымы ретінде түсіндіру қажеттілігі туындады.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыттың дамуы ең алдымен мәтінтану, дискурс теориясы және концептология салаларының қалыптасуымен байланысты. Бұрын грамматикалық деңгейде ғана қарастырылған көптеген ұғымдар кейін коммуникативтік және танымдық сипатта түсіндіріле бастады. Мәселен, «мәтін», «дискурс», «концепт», «тілдік бейне» сияқты терминдердің ғылыми айналымға енуі зерттеу нысанының кеңеюіне әкелді. Нәтижесінде термин тек грамматикалық белгі емес, білімді ұйымдастырушы категория ретінде қарастырыла бастады. Бұл құбылыс қазақ тіл білімінде когнитивтік терминтанымның қалыптасқанын және оның қазіргі кезеңде белсенді даму үстінде екенін көрсетеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу теориялық-лингвистикалық сипатта жүргізілді. Материал ретінде қазақ тіл біліміндегі грамматика, мәтінтану және когнитивтік лингвистикаға қатысты ғылыми еңбектер, терминологиялық сөздіктер мен ғылыми мақалалардағы терминдердің қолданысы қарастырылды. Талдау барысында терминдердің мағынасы сөздік анықтамалар арқылы емес, ғылыми мәтіндегі қызметі арқылы айқындалды.

Негізгі қолданылған әдістер:

– теориялық талдау және жалпылау;

– салыстырмалы-сипаттамалы талдау;

– ғылыми дискурсты интерпретациялау;

– фреймдік модельдеу;

– ұғымды категориялау принципі.

Терминнің мазмұны оның анықтамасымен емес, ғылыми модельдегі орны арқылы түсіндірілді.

Талқылау мен бақылау. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік терминтанымның қалыптасуы мен дамуын шартты түрде үш кезеңмен сипаттауға болады. Бірінші кезең – дәстүрлі терминтаным: терминжасам аудару, баламалау, нормалау аясында қарастырылып, термин көбіне дайын ұғымның атауы ретінде түсіндірілді**.** Екінші кезең – өтпелі кезең: жаңа ғылым салаларының енуі мен кірме ұғымдардың көбеюі нәтижесінде бір ұғымға бірнеше атаудың ұсынылуы, термин мағынасының мәтін ішінде құбылуы сияқты мәселелер күшейіп, терминнің ұғымдық дәлдігі алдыңғы орынға шықты. Үшінші кезең – когнитивтік бағыттың орнығуы: терминді тек атау емес, ғылыми білімді ұйымдастыратын

[5, 68], ұғымды модельдейтін танымдық құрал ретінде қарастыру күшейіп, терминнің мағынасы дискурста, жүйеде және фреймдік байланыстарда ашылатыны айқындалды.

Когнитивтік терминтаным терминнің табиғатын қайта түсіндіруден басталады. Егер дәстүрлі бағытта термин ұғымды белгілейтін таңба болса, когнитивтік бағытта термин ұғымды қалыптастыратын құрал болып саналады [6]. Бұл айырмашылық тек теориялық емес, практикалық маңызға ие. Мысалы, қазақ тіл білімінде «сөйлем мүшесі» термині бар. Дәстүрлі грамматикада ол сөйлемдегі қызметіне қарай анықталады. Бірақ когнитивтік тұрғыдан қарасақ, бұл тек классификация емес — сөйлемді құрылым ретінде түсінудің моделі. Яғни термин объектіні атау үшін емес, оны қалай көру керектігін көрсетеді. Термин ғылыми шындықтың өзін емес, оның моделін береді.

В.М.Лейчик терминологияны ғылым дамуының кезеңі ретінде қарастырып, термин ұғымдық құрылыммен бірге қалыптасатынын көрсетеді [1, 22]. Яғни алдымен дайын ұғым болмайды — ғылыми түсіндіру процесінде ұғым да, термин де қатар пайда болады. Бұл пікір терминді кейін қойылатын белгі емес, зерттеу құралы ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Осы идеяны В.Ф.Новодранова тереңдетіп, терминологияны ғылыми білімнің қалыптасу құралы деп сипаттайды [2, 69]. Ғалымның пікірінше, ғылым дамыған сайын терминологиялық жүйе күрделенеді, өйткені жаңа білім жаңа құрылымдық қатынастарды талап етеді. Демек, терминология ғылымның айнасы емес — оның механизмі.

Е.И.Голованова терминнің ақпараттық табиғатын айқындай отырып, термин белгілі бір білім форматын сақтайтынын дәлелдейді [7, 43]. Басқаша айтқанда, термин – қысқартылған теория [7, 43]. Мысалы, «морфема» термині тек «мағыналы бөлшек» деген анықтама емес, тілдің құрылымдық моделін білдіреді. Бұл термин қолданылған мәтінде тілдің бөлшектенетін жүйе екені алдын ала қабылданады.

Осы зерттеулерді жинақтай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: термин – атау емес, ғылыми шындықты танудың тәсілі.

Бұл тұжырым қазақ ғылыми тіліндегі көптеген даулы баламаларды түсіндіреді. Көп жағдайда терминнің сәтсіздігі аударманың дәл еместігінен емес, ұғымдық модельдің сәйкес келмеуінен болады.

Қазақ терминтанымында атаудың менталды табиғатын жүйелі түрде қарастырған зерттеушілердің бірі – С.С.Исакова. Зерттеуші терминді когнитивтік тұрғыдан талдау барысында оның қалыптасуы мен қолданылуының танымдық негіздеріне назар аударады [8, 75]. Бұл жерде маңызды мәселе – терминді тіл емес, сана таңдайды.

Мысалы, «қаратпа сөз» терминін алайық. Бұл атау сөйлеу актісіндегі қатысымдық бағыттылықты көрсетеді. Егер оны «адресат көрсеткіші» деп аударсақ, мағынасы сақталғанымен, қабылдау моделі өзгереді: бірінші жағдайда сөйлеуші орталықта, екінші жағдайда құрылым орталықта болады. Демек, термин таңдауы ғылыми көзқарасты да анықтайды.

Біздің пайымдауымызша, қазақ тіліндегі кейбір терминдердің орнықпау себебі де осында. Көп жағдайда балама семантикалық тұрғыдан дұрыс, бірақ концептуалдық тұрғыдан бөтен. Яғни ұғымның ғылыми моделі ұлттық таныммен сәйкес келмейді.

Б.К.Хасанғалиева бұл мәселені фреймдік модельдеу арқылы шешеді. Ғалым терминдерді өзара байланысқан ұғымдар жүйесі ретінде қарастырады [9, 207]. Мысалы, медицина терминдері «ауру – белгі – себеп – ем» құрылымында түсіндіріледі. Бұл жерде әр термин жеке емес, тұтас білім құрылымының бөлігі.

Осы тұжырымды тіл біліміне қолдансақ, «сөз тіркесі – сөйлем – мәтін» ұғымдары да фреймдік қатынаста екенін көреміз. Бірін екіншісіз түсіндіру мүмкін емес. Демек, термин мағынасы анықтамада емес, жүйеде қалыптасады.

Н.А.Мишанкина ғылыми дискурсты модельдеу теориясында терминнің ерекше қызметін көрсетеді. Ғалымның пікірінше, ғылыми мәтінде термин объектіні сипаттамайды — оны құрастырады [10, 33]. Мысалы, «концепт» термині пайда болғаннан кейін ғана тіл білімінде дүниенің тілдік бейнесі туралы жаңа зерттеулер жүргізіле бастады. Яғни термин ғылыми бағыттың өзін қалыптастырады.

Демек қазақ тіл білімінде де жаңа бағыттардың баяу қалыптасуы кейде *дәл* осы терминологиялық модельдің болмауымен байланысты. Ғылыми ойды дамыту үшін тек жаңа дерек емес, жаңа термин қажет.

Ғылыми мәтіннің құрылымын талдау терминнің ерекше қызметін айқын көрсетеді. Күнделікті тілде сөз объектіні атайды, ал ғылыми тілде термин объектіні түсіндірудің құралына айналады. Яғни ғылыми мәтінде термин атау емес, дәлелдеу механизміне қатысушы элемент болып табылады. Бұл ерекшелік әсіресе теориялық мәтіндерде анық байқалады: автор жаңа термин енгізген сәттен бастап зерттеу бағыты өзгереді, өйткені жаңа атаумен бірге жаңа модель пайда болады. Мысалы, қазақ тіл біліміндегі «мәтін» ұғымының тарихына назар аударсақ, бастапқыда ол тек «сөйлемдердің жиынтығы» ретінде түсіндірілді. Кейін «мәтін» термині «коммуникативтік бірлік», «мағыналық тұтастық», «дискурстық құрылым» мағынасында қолданыла бастады. Бұл жерде өзгерген тек анықтама емес, ғылыми объектінің өзі. Яғни терминнің мазмұны ғылым дамыған сайын кеңейіп, жаңа теориялық қатынастарды қамтыды. Демек, термин дайын шындықты білдірмейді — ғылыми шындықты қалыптастырады.

Н.А.Мишанкина ғылыми дискурсты лингвокогнитивтік модельдеу тұрғысынан қарастырып, терминнің мәтінде гипотеза мен *дәлел* арасындағы байланысты ұйымдастыратынын көрсетеді [10, 33]. Ғылыми мәтінде алдымен ұғым толық айқын болмайды, зерттеу барысында нақтыланады, ал термин сол нақтылану процесінің тірек нүктесіне айналады. Сондықтан бір термин әр авторда әртүрлі түсіндірілетіні заңды құбылыс: ол сөздік мағынаның өзгеруі емес, ғылыми модельдің өзгеруі.

Аталған зерттеу жұмыстарын тұжырымдасақ, қазақ тіл біліміндегі кейбір теориялық пікірталастар *дәл* осы терминнің модельдеуші қызметін ескермеуден туындайды. Бір ұғымға түрлі анықтама берілгенде оны «қате» деп бағалау дұрыс емес; бұл ғылыми модельдердің айырмашылығы болуы мүмкін. Терминді біріздендіру тек тілдік сәйкестік арқылы емес, концептуалдық сәйкестік арқылы жүргізілуі тиіс.

Когнитивтік терминтанымда терминжасам – атау ойлап табу емес, ұғымды категориялау процесі. Адам жаңа құбылысты қабылдағанда оны бұрынғы біліммен салыстырып, белгілі бір категорияға енгізеді, содан кейін ғана атау береді. Сондықтан терминнің формасы емес, таңдалған негіз маңызды.

Қазақ тіліндегі «түбір» терминін қарастырайық. Бұл сөз өсімдік әлемінен алынған метафора арқылы жасалған: сөздің негізгі бөлігі ағаштың тамырына ұқсатылған. Мұнда ұғымды түсіндіру үшін көрнекі модель қолданылған. Егер оны «негізгі морфема» деп атауға да болар еді, бірақ «түбір» термині құрылымдық қатынасты бейнелі түрде көрсетеді. Яғни термин ғылыми модельді ықшам түрде білдіреді.

Сол сияқты «бастауыш» термині сөйлемдегі әрекеттің басталу нүктесін көрсетеді. Бұл атау грамматикалық функциядан бұрын когнитивтік қатынасты білдіреді: сөйлеуші сөйлемді субъектіден бастайды. Демек, термин құрылымдық емес, танымдық принципке негізделген.

Осы мысалдардан мынадай қорытынды шығады: қазақ тіліндегі көптеген дәстүрлі терминдер бастапқыда когнитивтік модельге сүйеніп жасалған, бірақ кейін олар тек грамматикалық белгі ретінде түсіндіріліп кеткен.

Осы тұрғыдан алғанда когнитивтік терминтанымның негізгі міндеті — осы бастапқы танымдық негізді қайта ашу.

Б.К. Хасанғалиева ұсынған фреймдік модельдеу терминдердің жеке емес, өзара байланыста өмір сүретінін *дәлелдейді* [9, 207]. Ұғым әрқашан белгілі бір білім құрылымының бөлігі болады. Сондықтан бір терминді толық түсіну үшін оны қоршаған терминдер жүйесін білу қажет.

Мысалы, синтаксис саласындағы «сөйлем мүшелері» ұғымын алайық. Бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш — бұлар бөлек-бөлек анықтамалар емес, бір құрылымның элементтері. Егер біреуін алып тастасақ, бүкіл жүйе бұзылады. Яғни әр терминнің мағынасы өзара қатынаста ғана ашылады.

Бұл құбылысты «тәуелді мағына» деп атауға болады: терминнің мазмұны дербес емес, жүйелік. Мысалы, «шақ» терминін тек «етістіктің уақыт категориясы» деп түсіндіру жеткіліксіз. Ол «әрекет – уақыт – сөйлеу сәті» қатынасы арқылы анықталады. Сондықтан шақты түсіну үшін тек морфологияны емес, сөйлеу актісін де ескеру керек.

Біздің пайымдауымызша терминнің негізгі мағынасы анықтамада емес, оның жүйедегі орнында қалыптасады.

Осы себепті терминологиялық сөздіктерде берілген қысқа анықтамалар кейде жеткіліксіз болады — олар тек бағыт береді, толық мағынаны ғылыми мәтін ғана ашады.

Ғылыми дискурста терминнің мағынасы тұрақты болмайды. Зерттеу барысында ол нақтыланып, кеңейіп немесе тарылып отырады. Мысалы, «концепт» терминінің алғашқы қолданысында ол «ұғым» ұғымына жақын болды, кейін мәдени-танымдық мазмұнға ие болды, қазіргі кезде когнитивтік модель ретінде қарастырылады. Яғни терминнің эволюциясы ғылым эволюциясын көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде «мәтін» терминінің кеңеюі де осы құбылысқа жатады: сөйлемдер жиынтығы → мағыналық тұтастық → коммуникативтік акт → мәдени код. Бұл өзгеріс анықтаманың өзгеруі емес, зерттеу нысанының күрделенуі. Демек, термин – ғылыми ойдың қозғалыс траекториясы.

Нәтижелер. Жүргізілген талдау негізінде қазақ тіл біліміндегі когнитивтік терминтанымның қалыптасуы мен дамуына қатысты төмендегідей ғылыми нәтижелер анықталды.

Біріншіден, термин мағынасы сөздікте бекітілмейді, ол ғылыми дискурста және нақты ғылыми мәтінде қалыптасады. Анықтама тек бастапқы бағдар береді, ал терминнің толық концептуалдық мазмұны автор ұсынған теориялық модельде ашылады. *Дәлел:* «жүйе» термині әр ғылым саласында бірдей емес, себебі оның концептуалдық құрылымы модельге тәуелді.

Екіншіден, термин ғылыми объектіні жай атаушы бірлік емес, оны түсіндіретін модельдік құрал болып табылады. Термин объектіні "қалай көру керектігін" көрсетіп, ғылыми танымның бағытын ұйымдастырады. *Дәлел:* «сөйлем мүшесі» термині тек жіктеу емес, сөйлемді құрылым ретінде ұғынудың моделін білдіреді.

Үшіншіден, терминжасам атау ойлап табу емес, ұғымды категориялау және оны белгілі бір танымдық негізде модельдеу әрекеті екені айқындалды. Сондықтан терминнің орныгуы көбіне аударманың дәлдігімен емес, ұғымдық модель сәйкестігімен анықталады. *Дәлел:* «қаратпа сөз» пен «адресат көрсеткіші» баламалары бір мағынаны берсе де, қабылдау моделін әртүрлі ұйымдастырады.

Төртіншіден, терминдердің мағынасы дербес емес, жүйелік сипатта болады: терминологиялық жүйе өзара байланысқан фреймдер желісі түрінде ұйымдасады. Термин мазмұны қоршаған ұғымдар жүйесімен қатынаста ғана толық ашылады. *Дәлел:* «сөйлем мүшелері» атаулары және «шақ» категориясы басқа терминдермен байланыста ғана түсіндіріледі ("әрекет–уақыт–сөйлеу сәті" қатынасы).

Бесіншіден, термин ғылыми мәтінде динамикалық түрде дамиды: ол нақтыланып, кеңейіп, жаңа теориялық қабаттарға ие болады. Терминнің эволюциясы ғылыми ойдың эволюциясын көрсетеді. *Дәлел:* «мәтін» терминінің "сөйлемдер жиынтығы →мағыналық тұтастық → коммуникативтік акт → мәдени код" бағытымен кеңеюі және «концепт» терминінің уақыт өте когнитивтік модель ретінде орныгуы.

Демек қазақ тіл біліміндегі когнитивтік терминтанымның негізгі нәтижесі – терминді атау емес, білімді ұйымдастыратын құрылым ретінде тану. Сондықтан терминнің дұрыс-бұрыстығы тілдік сәйкестікпен ғана емес, ең алдымен концептуалдық дәлдікпен және ғылыми модельге сәйкестікпен бағалануы тиіс.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ тіл біліміндегі когнитивтік терминтанымның қалыптасуы мен дамуы терминнің дәстүрлі номинативтік қызметінен когнитивтік-модельдеуші қызметке қарай кеңеюімен байланысты екені анықталды. Термин ғылыми объектіні атаумен ғана шектелмей, оны белгілі бір теориялық тұрғыдан

түсіндіруге, құрылымдауға және категориялауға қатысатын ғылыми таным құралы ретінде танылады.

Зерттеу нәтижелері термин мағынасының тұрақты әрі тек сөздік анықтамаға тәуелді құбылыс еместігін көрсетті. Оның мазмұны ғылыми мәтіннің контексінде, белгілі бір ғылыми модельдің құрамында және терминологиялық жүйедегі өзге ұғымдармен байланыста нақтыланады. Осыған байланысты терминнің мағынасын анықтауда оның сөздік дефинициясымен қатар дискурстық қызметін және концептуалдық құрылымын ескеру қажеттілігі негізделді.

Зерттеу барысында терминжасамның когнитивтік табиғаты да айқындалды. Термин жасау үдерісі жаңа атауды механикалық түрде қалыптастырумен шектелмей, ғылыми нысанды белгілі бір категорияға енгізу, бұрынғы біліммен байланыстыру және оның негізгі белгілерін модельдеу үдерісі ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан терминнің орнығуы оның тілдік формасының сәттілігіне ғана емес, сол атаудың артындағы ұғымдық модельдің ғылыми жүйеге сәйкестігіне тәуелді.

Фреймдік талдау терминдердің мағынасы өзара байланысқан ұғымдар жүйесінде қалыптасатынын көрсетті. Мысалы, «сөйлем мүшелері», «шақ», «ауру – белгі – себеп – ем» тәрізді ұғымдық қатынастар жеке терминнің мағынасын оның жүйедегі орны арқылы толықтыруға мүмкіндік береді. Бұл терминологиялық жүйені жеке атаулар жиынтығы емес, өзара байланысқан білім құрылымы ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Зерттеудің теориялық маңызы қазақ тіліндегі терминдерді когнитивтік лингвистика мен ғылыми дискурс тұрғысынан түсіндіру мүмкіндігімен байланысты. Ал практикалық тұрғыдан алынған тұжырымдар терминологиялық сөздіктер құрастыруда, жаңа терминдерді қалыптастыруда, терминдерді біріздендіруде және ғылыми мәтіндерді редакциялауда қолданылуы мүмкін.

Қазақ ғылыми тілінде терминдерді біріздендіру тек аударманың дұрыстығымен шешілмейді. Негізгі өлшем – ұғымдық модельдің дәлдігі. Егер термин ғылыми модельді дұрыс бейнелесе, ол өміршең болады; бейнелемесе, балама қанша дәл аударылса да орнықпайды. Сонымен бірге зерттеу теориялық-лингвистикалық материалдарға негізделгендіктен, алдағы зерттеулерде қазақ тіліндегі терминдердің нақты ғылыми корпустардағы қолданысын сандық және дискурстық тұрғыдан талдау, әртүрлі ғылым салаларының терминологиялық жүйелерін салыстыру және когнитивтік модельдердің өнімділігін арнайы корпус материалдары арқылы тексеру перспективалы бағыт болып табылады. Осыған байланысты терминжасамда басты принцип «атау табу» емес, «ұғымды дұрыс көру» болуы тиіс. Когнитивтік терминтаным қазақ ғылыми тілін дамытуда теориялық негіз ретінде қызмет ете алады, өйткені ол терминді сөз ретінде емес, білім құрылымы ретінде түсіндіреді.

Әдебиеттер

1. Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структура. – М.: КомКнига, 2006.
2. Новодранова В.Ф. Когнитивные науки и терминология // Научно-техническая терминология: науч.-техн. реф. сб. – Вып. 2. – М.: ВНИИКИ, 2000.– С. 68-70.
3. Исакова С.С. Когнитивтік терминтанымның басты мәселесі – тіл мен білім // Терминологиялық хабаршы. – 2014. – №2(48). – Б. 19-27.
4. Исакова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. – Алматы: М-стиль, 2007. – 159 б.
5. Азаматова А.Х. Специфика терминологической информации // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №3(137). – Б. 67-70. URL: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/820.
6. Гринев С.В. Когнитивное терминоведение // Научно-техническая терминология. Вып. 1. – 2002. – С. 11-15.
7. Голованова Е.И. Введение в когнитивное терминоведение: учеб. пособие. – М.: Флинта, 2011. – 224 с.

8. Исакова С.С. Терминді когнитивтік тұрғыдан талдау // «Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері: ізденіс және шешу жолдары» V республикалық ғылыми-теориялық конференцияның жинағы. – 2010. – Б. 75-80.

9. Khassangaliyeva B., Issakova S., Issakova A., Tyazhina Y., Bismildina D., Albekova A. Metaphorical Models of Ophthalmology Terms in Kazakh and English. // World Journal of English Language. – 2025. – Vol. 15. – №4. – P. 203-212. DOI: https://doi.org/10.5430/wjel.v15n4p203 02.04.2025.

10. Mishankina N. A., Panasenko E. A. The metaphorical terminology database: conceptual design. Novosibirsk State Pedagogical University Bulletin, 2016, vol. 6, no. 6, pp. 86–99. DOI: http://dx.doi.org/10.15293/2226-3365.1606.07.

А.О. РАҚЫМҒАЛИЕВА, С.С. ИСАКОВА
Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан
Г.Т. МУХАМЕДЖАНОВА
Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ КОГНИТИВНОГО ТЕРМИНОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. Статья посвящена изучению особенностей становления и развития когнитивного терминоведения в казахском языкознании. Актуальность исследования обусловлена необходимостью рассматривать термин не только как наименование научного понятия, но и как языковую единицу, участвующую в организации научного знания, моделировании понятийной структуры и отражении когнитивных процессов научного дискурса. Цель исследования – охарактеризовать переход термина от номинативной к когнитивно-моделирующей функции и определить его когнитивную природу в научном дискурсе. Материалом исследования послужили научные труды по грамматике, текстологии и когнитивной лингвистике казахского языка, терминологические словари и термины, используемые в научных публикациях. В работе применены методы теоретического анализа и обобщения, сравнительно-описательный метод, интерпретация научного дискурса, фреймовое моделирование и категоризация понятий. Установлено, что значение термина не ограничивается словарной дефиницией, а формируется в контексте научного текста, теоретической модели и терминологической системы. Выявлены системный, фреймовый и категориальный характер термина, а также когнитивная природа терминообразования. Обосновано, что термин выполняет не только номинативную, но и объяснительную, структурирующую и моделирующую функции. Результаты исследования могут быть использованы при унификации казахской терминологии, составлении терминологических словарей, создании новых терминов и редактировании научных текстов.

Ключевые слова: когнитивное терминоведение, научный дискурс, значение термина, моделирование понятия, фреймовая структура, терминообразование, категоризация, казахское языкознание.

A.O. RAKYMGALIEVA, S.S. ISSAKOVA
Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan
G.T. MUKHAMEJANOVA
M.Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan

FORMATION AND DEVELOPMENT OF COGNITIVE TERMINOLOGY STUDIES IN KAZAKH LINGUISTICS

Annotation. This article examines the formation and development of cognitive terminology studies in Kazakh linguistics. The relevance of the study is determined by the need to consider a term not only as the name of a scientific concept, but also as a linguistic unit involved in organizing scientific

knowledge, modeling conceptual structures, and representing cognitive processes in scientific discourse. The aim of the study is to characterize the transition of the term from a nominative function to a cognitive-modeling function and to determine its cognitive nature in scientific discourse. The research material includes scholarly works on Kazakh grammar, text studies, and cognitive linguistics, terminological dictionaries, and terms used in scientific publications. The study employs theoretical analysis and generalization, comparative-descriptive analysis, interpretation of scientific discourse, frame-based modeling, and concept categorization. The results show that the meaning of a term is not limited to its dictionary definition but is formed within the context of a scientific text, theoretical model, and terminological system. The systemic, frame-based, and categorical characteristics of terms are identified, and the cognitive nature of terminology formation is substantiated. The findings demonstrate that a term performs not only a nominative function but also explanatory, structuring, and modeling functions. The results may be applied to the standardization of Kazakh terminology, the compilation of terminological dictionaries, the development of new terms, and the editing of academic texts.

Keywords: cognitive terminology, scientific discourse, meaning of a term, concept modeling, frame structure, terminology formation, categorization, Kazakh linguistics

References

1. Leichik V.M. Terminovedenie: predmet, metody, struktura. – M.: KomKniga, 2006.
Пашан Дана Мусабеккызы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, научный сотрудник Института языкознания имени А.Байтурсынулы, Алматы, Казахстан.

Pashan Dana Musabekqyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Researcher A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.01.45
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.11

***М.М. СНАБЕКОВА[1]**
А.Б. НУРТАЕВА[2]
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан [1,2]
(email: arumama@mail.ru[1] , aikosh_72@mail.ru[2])

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЖЕКЕ ЖҰЛДЫЗДАРДЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОСМОНИМДІК АТАУЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа. Мақалада қазақ, ағылшын тілдеріндегі халықтық жұлдыз атауларының тарихи, лингвомәдени, мифологиялық ерекшеліктері салыстыра зерттеледі. Халықтық астрономияның тұрақтылық, мифологиялық модель, навигациялық маңыздылық принциптері талданады. Ғылыми негіз - Ароновтың қазақ космонимдерінің этнолингвистикалық сипатына арналған еңбегі, англо-саксондардың, викингтердің жұлдыз атаулары жөніндегі Бернердің зерттеулері. Қазақ мәдениетіндегі Темірқазық, Ақбозат, Көкбозат атаулары жұлдыздардың тұрақтылығына негізделсе, ағылшын дәстүріндегі Поляр жұлдызы бағыт көрсетуші ретінде маңызды. Қазақ аңыздарындағы Бәйтерек пен Темірқазықтың аспан мен жер арасындағы байланысы, ағылшын тіліндегі “Divine nails”, “Wodan’s path for souls”, “Horn of Plenty” атаулары мифологиялық тұрғыдан салыстырылады. Навигациялық маңыздылық тұрғысынан, қазақ мәдениетінде Темірқазық бағдар жұлдызы саналады, ағылшын тілінде “Scip-steorra” (кеме жұлдызы), “Angel-sterne” (айналмалы жұлдыз), “leiðar-stjarna” (магнитті жұлдыз) терминдері қолданылады. Бұл атаулар - халықтық дүниетаным, уақыт, кеңістік түсініктерін қалыптастыруда маңызды элементтер. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи, этнолингвистикалық, мәдени-мифологиялық талдау әдістері қолданылады. Қазақ, ағылшын мәдениеттеріндегі жұлдыз атауларының символдық, мифологиялық, шаруашылықтағы маңыздылығы анықталып, ұқсастықтары, айырмашылықтары сарапталады. Нәтижесінде, жұлдыз атауларының номинациялық принциптері, халықтық астрономияның мәдени-тарихи құндылығы зерттеліп, қоғамдағы маңыздылығы туралы тұжырымдар жасалады.
Түйін сөздер: халықтық космоним, уақыт пен кеңістік түсінігі, этнолингвистика, мифологиялық семантика, навигация және бағдар, салыстырмалы талдау, тарихи-когнитивті модель, қазақ және ағылшын мәдениеті, Темірқазық.

Кіріспе. Қай халықтың болмасын жұлдыздар туралы пайымын лингвомәдени тұрғыдан алғанда, олардың көзқарасы аспан денелерінің контрастын ерекшелеуге негізделген деп айтуға болады. Күн мен Ай – ерекше және үстем жарық көздері, жарықтың ауысуы уақыт пен маусымдардың өлшемдерін анықтайды. Ал жұлдыздар, керісінше, өте көп және жарығы әлсіз. Олардың аспандағы орны бекітілген, өзара орналасуы мен қозғалысы тұрақты. Бұл ерекшеліктер жұлдыздардың мифологиядағы, мәдениеттегі және тілдегі орнын ерекше көрсетеді. Жұлдыздардың көптігі мен олардың аспан кеңістігіндегі тұрақтылығы адамдардың ақыл-ойында белгілі бір реттілік пен сәйкестік қалыптастырып, жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жайлы аңыздардың дамуына себепші болды. Әрбір жұлдызбен қара дақ, әрбір аспан кеңістігі белгілі бір мәдениеттің космологиялық аңызына айналды. Осылайша, жұлдыздар адамзат үшін тұрақтылық пен мәңгіліктің символы ретінде қызмет етеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық код мәселесі мен этнолингвистикалық коннотация тұрақты тіркестер аясында Курманғали, Мамаева және Байымбетованың еңбектерінде жан-жақты талданған [1]. Біздің зерттеу осы бағытты кеңейтіп, жекелеген жұлдыз атауларының мәдени-мифологиялық және номинациялық ерекшеліктерін нақтырақ ашуға бағытталған.

Бұл көзқарастар зерттелетін қазақ және ағылшын мәдениетінде жұлдыздардың символикасын ашып, олардың мифтер мен уақытты бағалау тұрғысынан алатын ерекше орнын көрсетеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Халықтық космонимдер – аспан әлеміндегі көзге көрінбейтін ғарыш нысандарын сипаттайтын атаулар. Олар ұзақ уақыт бойы қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жеткен атауларды қамтиды [2, 55]. Халықтық космонимдер әр ұлттың дүниені қабылдау ерекшеліктерін көрсетеді, себебі әр халық өз мәдениеті мен табиғатынан негізделген аспан шырақтары мен жұлдыздарға ерекше атаулар берген. В.А. Никоновтың зерттеуінде космонимдер адамдардың әлемді тану тәсілдерінен хабар береді [3, 373]. Мысалы, қазақ халқының космонимдеріне Темірқазық, Ақбозат, Көкбозат және т.б. жұлдыздар жатады [4, 15].

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде мал шаруашылығының маңызы зор болғандықтан, ауыл шаруашылығында жұмыс істеген адамдар табиғи әлеммен тығыз байланыста болды. Олар күн мен түннің өзгерістерін, жұлдыздардың қозғалысын бақылап, бұл ақпаратты өмірлік қажеттіліктеріне пайдаланды. Астрономиялық атауларды қалыптастырған малшылар мен қойшылардың астрономиялық білімдері олардың күнделікті тұрмысымен тығыз байланыста болды [5, 5].

Англо-саксондық және викинг/скандинавиялық жұлдыз атаулары мен олардың тарихи және мәдени байланыстарын зерттеу күрделі мәселелерді алға тартады. Бұл мәдениеттердің тарихи деректерінде жұлдыз атаулары туралы ақпараттың салыстырмалы түрде аз болуы таңғалдырарлық. Герман Е.Бендер өз мақаласында Плейнз және Вудленд үнді тайпалары арасында жұлдыз атауларының кеңінен танымал болғандығын, сондай-ақ англо-саксондық және викинг дәстүрлеріндегі атаулардың сирек кездесетіндігін христиан дінінің пұтқа табынушылық нанымдарды басып тастауымен байланыстырады. Ежелгі жұлдыз атауларының зерттелуі осы мәдениеттердің нанымдары мен мифологиясын тереңірек түсінуге мүмкіндік берумен қатар олардың шығу тегі мен мағынасын зерттеу қиындығын ашады [6, 2].

Бұл зерттеудің әдіснамасы Аронов [4] және Бернер [6] еңбегінде кездескен халықтық космонимдердің ұлттық ерекшеліктерін анықтау және олардың мәдени мәнін талдау арқылы әртүрлі халықтардың дүниетанымын түсінуге бағытталған. Зерттеуде қарастырылатын жұлдыз атауларының мағынасы мен аталу принциптерін ашу мақсатында біз қарастыратын жұлдыздарға қатысты мәліметтер Қазақ әдеби тілінің сөздігі мен Бабалар сөзіжәне Қазақ мифологиясы сынды мәдени мирасқа негізделген мифологиялық дереккөздер пайдаланылды. Халықтық атау беру принциптерінде кездесетін ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау біздің зерттеуіміздің ерекшелігін айқындай отырып, салыстырмалы талдау, тарихи-құжаттық әдіс, сондай-ақ мифологиялық байланыстарды сараптау сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу барысында тарихи және мәдени аспектілер, сонымен қатар астрономиялық атаулар мен олардың мифологиялық байланыстары терең зерттелді, бұл әртүрлі мәдениеттердің дүниетанымына құнды көзқарас береді.

Талқылау мен бақылау. Зерттеу барысында қазақ халқының аспандық бейнелеріндегі бірнеше негізгі халықтық жеке жұлдыздар: *Темірқазық / Полярис (Polaris), Ақбозат пен Көкбозат / Феркад және Кохаб* (γ, β Ursae Minoris), *Күзетші / Тубан жұлдызы (α Draconis, Thuban), Қыз және Жігіт / Алькор және Мицар (Alcor)* ерекше маңыздылығына байланысты таңдап алынды.Жұлдыздардың ғылыми атаулары пайда болғанға дейінгі халық арасындағы танымал атаулары сипаттамалық тұрғыдан қарастырылып аталу принциптері анықталды.Қазақ аспан есепшілері Жетіқарақшы мен Темірқазық жұлдыздарын, сондай-

ақ Үркер шоқжұлдызын өте жақсы біліп, оларды өз мәдениетінде, дәстүрінде және күнделікті өмірінде кеңінен қолданған. Темірқазық жұлдызының аспанның қақ ортасында орналасқан қозғалмайтын және тұрақты сипаты оның аталуында көрініс тапқан. Бұл жұлдыз, әсіресе навигацияда бағыттаушы рөл атқарған және қазақтар үшін көпқырлы символға ие болды.

Темірқазықтың атауы оның тұрақтылығын сипаттайды және бұл қазақ әдебиетінде, әсіресе ақын-жазушылар арасында, үлкен мақсаттар мен армандардың символы ретінде жиі қолданылған. Мысалы, Зейнолла Серікқалиев Жұмекенді Темірқазыққа теңеп, оның шығармашылығын мәңгілік мұра ретінде атап өткен [7]. Байқалғанындай, Темірқазық жұлдызы тек астрономиялық объект ғана емес, сондай-ақ қазақтардың мәдениетінде маңызды орын алатын символ.

Англо-саксондық және викингтердің космологиялық мифологиясында да Полярис (Polaris) жұлдызының орны ерекше, ол әлемнің орталық бағанасы, яғни "*құдайлық шегелер*" ретінде сипатталады, бұл ағаштың, әлемнің байланысушы нүктесі ретінде қарастырылады. Осылайша, Polaris жұлдызы әлемнің үш бөлігін байланыстырушы [6] символға айналды, қазақ аңызындағы Бәйтерек ағашы [8, 43] сипатындағы Темірқазық жұлдызының функциясымен де ұқсас.

Темірқазық пен Polaris жұлдызы арасындағы ұқсастықтар олардың әлемдік маңыздылығын көрсетеді. Екі атау да навигацияда бағыттаушы нүкте ретінде пайдаланылады және екі тілде де тұрақтылық пен бағыттаушы символдарын бейнелейді. Сонымен қатар, Темірқазық атауының көне түркі тілінен шыққаны, ал Polaris атауының латын тілінен алынғаны айқындалды. Бұл атаулардың ұқсастығы олардың ортақ тарихи және мәдени тамырларына негізделгенін көрсетеді.

Ақбозат пен Көкбозат жұлдыздары қазақ халқының астрономиялық және мифологиялық дүниетанымында ерекше орын алады. Олар Темірқазық жұлдызына жақын орналасқан және оның айналасында қозғалады. Қазақ мифологиясында бұл екі жұлдыз Темірқазыққа арқанмен байланған екі тұлпар ретінде бейнеленген, Ақбозат ақшыл түсті болса, Көкбозат көгілдір түсті болып сипатталған. Қазақтар бұл жұлдыздарды уақыт пен бағытты анықтау үшін пайдаланған және оларды мәңгілік жұлдыздар ретінде қарастырған. Қазақ мәдениетінде Ақбозат пен Көкбозаттың аттары арқылы көптеген аңыздар мен нанымдар пайда болған, мысалы, Жетіқарақшының Ақбозат пен Көкбозатты ұстаған күні ақырзаман болатындығы туралы сенім. Бұл аңыз қазақ халқының аспанға деген көзқарасы мен дүние туралы түсінігін көрсетеді.

Ақын, жазушылар шығармашылығында бұл жұлдыздар ерекше мәнге ие: Анау Жетіқарақшы, дүние-дүние болғалы аңдып, ала алмай келе жатқан *Ақбозат, Көкбозат*, - деді ақшыл от, көкшіл от шашқан қатар екі жұлдызды көрсетіп (С.Сейфулин, Таңд.); Менің айтар сөзімсің, Менің көрер көзімсің. *Ақбозат пен көкбозат*, Жылы туған өзіңсің. (С.Мәуленов, Алыс кетіп). Ақбозат пен Көкбозат есімімен аталған екі жұлдыз ғылым тілінде Кіші аю дейтін шоқ жұлдыздың жарықтау екі жұлдызы (Х.Әбішев, Аспан сыры); Қазақ Темірқазықты екі жағындағы Ақбозат, Көкбозат деп атайтын жұлдыздардың қай жерде тұрғандарынан жер тұсын айырады, жолды табады (І.Есенберлин, Қаһар) [9, 752]. Көкбозат жұлдызы да Кіші Аю шоқжұлдызында орналасқан және оның көгілдір түсі оны осы атауға лайық еткен. Көкбозаттың қазақ мәдениетіндегі рөлі ерекше, себебі ол тек астрономиялық объект емес, сондай-ақ халық арасында маңызды мәдени және мифологиялық мағынаға ие. Көкбозат пен Ақбозаттың қатар аталуында екі жұлдыздың бірге айналып, Темірқазыққа байланып тұрғандығы символикалық мәнге ие. Әртүрлі түркі тілдерінде Көкбозат жұлдызының атауы да ұқсас, мысалы, татар және башқұрт тілдерінде бұл жұлдыз *Когат, Буһат, һарат және Боз айғыр*деп аталады [4, 18].

Алленнің пікірінше, Үлкен Феркад және Кіші Феркад деп танылған бір-бірінен 57′ қашықтықта орналасқан екі жұлдызды арабтар Алифа әл-Фаркадаин (Екі бұзаудың тұманды жұлдызы) ретінде бір жұлдыз ретінде санаған және ол басқа жұлдыздармен бірге Dancers (Бишілер), ал β-жұлдызымен Guards, Wardens of the Pole (Полюс сақшылары

немесе күзетшілері) деп аталады. Сонымен қатар, испандық және ағылшын көркем әдебиеттінде *Солтүстік Полюс күзетшісі* деген атпен белгілі екенін, және қарапайым халық түнгі уақытты анықтауға болатын жұлдыздар ретінде қолданған [10, 448].

Кіші аюдағы β (β Ursae Minoris) жұлдызының арабша Кохаб (Kochab) және қытайша Ди (Император) деген атауларының кездесетіндігін, сондай-ақ ежелгі арабтар аналарының қасында тығылып жатқан екі әлсіз тіршілік иесін ретінде, оны «Наир әл-Фаркадайн» (Екі лақтың ең жарық шамдары) деп атағандығын айтады. Жұлдыздың ешқашан батпайтын және саяхатшылардың түнгі мәңгілік серігі болған қасиетіне қарай, Кіші аюдағы β және Гамма, Екі Феркад, Исламға дейінгі ақындар арасында адалдық пен тұрақтылықтың символы ретінде саналған [10].

Ал, қазақ мәдениетінде *Күзеткі* деп Айдаһар шоқжұлдызындағы α Draconis жұлдызы аталып, Темірқазық пен Жетіқарақшыны қорғаушы ретінде сипатталады. Бұл жұлдыздың оқшау орналасуы мен мифологиялық функциясы қазақтың көшпелі өмір салтымен және уақыт-кеңістік туралы танымымен тығыз байланысты. Ал Батыс астрономиялық дәстүрінде бұл жұлдыз *Тубан* немесе *Thuban* атауымен белгілі болып, ежелгі замандарда полюс жұлдызы ретінде теңізшілердің бағыт-бағдар алуында маңызды рөл атқарған. Сонымен қатар, оны вавилондықтар мен қытайлар аспан төрешісі немесе шеңбер бойымен қозғалысты меңзейтін қасиетті нысан ретінде сипаттаған. Осылайша, Күзетші жұлдызы (α Draconis, Тубан жұлдызы) қазақ мифологиясында Темірқазық пен Жетіқарақшыны қорғаушы рөлімен, ал Батыс мәдениетінде полюс жұлдызы және теңізшілер үшін навигациялық құрал ретінде танылған, дегенмен ағылшын тіліне қатысты ғылыми атауынан басқа халықтық атауын кездестіре алмадық.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жұлдыз атаулары халықтардың әлемді тануындағы өзіндік концептуалды модельдерді айқын көрсетеді. Ағласон және Айдасон жұлдыздары – бұл тұрғыда ерекше мәнге ие. Қазақ мифологиялық дәстүрінде Ағласон (Лира шоқжұлдызындағы Вега жұлдызы) мен Айдасон (Аврига шоқжұлдызындағы Капелла жұлдызы) – Темірқазыққа арқандаулы Ақбозат пен Көкбозаттың иелері ретінде сипатталып, батырлық бейнемен ұштастырылады. Бұл олардың жұлдыздарды тек астрономиялық бағдарлау құралы емес, сонымен қатар эпикалық кейіпкерлер мен рухани-мәдени мәнге ие субстанциялар ретінде қабылдағанын білдіреді [4]. Ағласон – аспанның солтүстік бөлігінде жазда көрінетін ең жарық жұлдыздардың бірі [6], ал Батыс мәдениеттерінде ол Вега деп аталып, Жазғы үшбұрыштың бір нүктесі ретінде белгілі. Оның араб тілінен шыққан "Ваки" сөзімен байланысы және англо-саксондық *Süd Stern (Оңтүстік жұлдызы)* атауы жұлдыздың көктегі орналасуы мен бағыт-бағдар үшін маңызын көрсетеді [10]. Айдасон жұлдызы да осы секілді көпқабатты семантикалық жүк арқалайды. Қазақша Қырлыжігіт деп те аталатын Капелла – мал шаруашылығымен тығыз байланысты көшпелі мәдениетте ерекше мәнге ие болған. Батыс еуропалық мифологияда Капелла жаңбырлы маусыммен байланысты *Жаңбырлы жұлдыз (Rainy Star)* немесе *Молшылық мүйізі (Horn of Plenty*) сияқты атаулармен белгілі, бұл атаулар табиғат құбылыстары мен астрономиялық циклдердің өзара сабақтастығын көрсетеді. Сонымен қатар, ағылшын поэтикалық дәстүрінде ол "*Shepherd's Star*" – қойшылардың жұлдызы ретінде де қолданылған, бұл оның тұрмыстық-функционалдық сипатын көрсетеді [10].

Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі жұлдыз атауларының мифологиялық және символдық маңыздылығы олардың халықтық дүниетаныммен тығыз байланысын көрсетеді. Қазақ мифологиясында Жетіқарақшының аңызы маңызды орын алады, онда Қыранқара жұлдызы Үлпілдекті ұрлап алып, кейін Сұлусарыныда ұрламақшы [11, 31]. Бұл аңыздың негізінде қазақтың космонимиясына тән элементтер жатыр. Мысалы, *Қыз* және *Жігіт* жұлдыздары – Жетіқарақшы шоқжұлдызындағы Алькор мен Мицар жұлдыздарының халықтық атаулары. *Қыз* жұлдызы – Алькордың қазақша атауы, оны Жетіқарақшы ұрлаған Үркердің қызы ретінде сипаттайды. Ал *Жігіт* жұлдызы – Мицардың халықтық атауы, қазақ түсінігінде бұл жұлдыз Жетіқарақшының жетекшісі - *Қыранқарақшы*. Аронов өз зерттеулерінде қазақтардың Қыз жұлдызын *Үлпілдек*, ал

Жігіт жұлдызын *Қыранқарақшы* деп атағанын көрсетеді, бұл атаулар жұлдыздардың мифологиялық рөлін анықтап, қазақтар үшін олардың аспан әлеміндегі орны ерекше екенін көрсетеді [4].

Батыс мәдениетінде де Алькор мен Мицардың атаулары мифологиямен тығыз байланысты. Алькор жұлдызы, сонымен қатар, Араб фольклорында *Сынақ (the Test)* деп аталады, бұл атау оның көзге көрінетін күңгірттігімен байланысты болса керек. Ағылшындар бұл жұлдызды *Ортаңғы аттағы Джек* (*Jack on the Middle Horse*) деп атаған, ал солтүстік германдықтар оны *Шабандоз (The Rider)* деп санайды. Мицар мен Алькор жұлдыздары *Ат пен шабандоз* (*the Horse and the Rider)* ретінде белгілі, бұл атаулар олардың астрономиялық орналасуымен, яғни бір-біріне өте жақын орналасуымен байланысты [12]. Скандинавиялық мифологияда Алькор жұлдызы мен қатар Альфекка және Ригель жұлдыздары Аурвандилдің үсіген саусағымен («Aurvandil's toe») байланыстырылады. Аңыз бойынша, Тор құдайы аяз шалған саусақты сындырып, оны аспанға лақтырған, ол кейін Алькор жұлдызына айналған. Зерттеушілер бұл атаудың шығуын төменгі неміс тіліндегі «dümke» (ергежейлі немесе бас бармақ) және «dveorg», «dverger» сияқты сөздермен байланыстырады [6]. Корона Бореалистегі ең жарық жұлдыз Альфекка да пішініне байланысты араб тіліндегі *әл-Факках (үзіліс)* атауын иеленіп, мифологиялық тұрғыда саусақтың немесе тырнақтың ұшымен салыстырылады [6, 21]. Ригель жұлдызы болса, Аурвандилдің екінші саусағы ретінде сипатталады, ал кей интерпретациялар оны жарықтығына байланысты таң жұлдызы — Венерамен байланыстырып, ежелгі ағылшын тіліндегі *Эарендиль (Éarandal)* атауымен ұштастырады [12, 301]. Бұл жұлдыздардың мифтік мәні олардың пішіні, жарықтығы және шоқжұлдыздардағы орналасуымен түсіндіріледі. Мифология мен астрономияның бір-бірімен тығыз байланысы, олардың халықтың дүниетанымы мен мәдени құндылықтары туралы терең білім беруінің бір жолы болып табылады.

Нәтижелер. Жұлдыз атаулары мен олардың сипаттамалары әр халықтың аспан әлемін қалай түсінгенін көрсетеді. Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі астрономиялық атауларды зерттеу нәтижесінде бірқатар маңызды принциптер анықталды. Бұл принциптер жұлдыздарды атаудағы мәдени ерекшеліктерді, олардың мифологиялық және практикалық мәнін түсінуге көмектеседі. Әрбір халық өзінің жұлдыз атаулары арқылы ғаламның табиғат заңдылықтарын, аспан денелерінің қасиеттерін және олардың адам өміріндегі рөлін түсінуге тырысқан.

Төменде жұлдыздарды атаудағы негізгі принциптер мен олардың айырмашылықтарын көрсететін кесте берілген:

Кесте 1 – Жұлдыз атауларындағы мәдени-танымдық принциптердің салыстырмалы кестесі

Принциптер	**Қазақ мәдениеті**	**Ағылшын мәдениеті**
Тұрақтылық принципі	Темірқазық, Ақбозат, Көкбозат	Поляр жұлдызы
Мифологиялық модель принципі	Бәйтерек аңызы, Темірқазықтың аспан мен жер арасындағы байланыс	Divine nails - құдайлық шегелер, "Wodan's path for souls", "*Horn of Plenty*»
Навигациялық маңыздылық принципі	Темірқазық – бағдар жұлдызы,	Scip-steorra (кеме жұлдызы), Angel-sterne (айналмалы жұлдыз), leiðar-stjarna (магнитті жұлдыз) Поляр жұлдызы – бағыттаушы құрал

Әдеби және мәдени символикалық принципі	Темірқазықтың мақсатқа жету символы, Қазақ Темірқазықты екі жағындағы Ақбозат, Көкбозат деп атайтын жұлдыздардың қай жерде тұрғандарынан жер тұсын айырады, жолды табады (І.Есенберлин, Қаһар)	*By night the Northern star their way directs* (Эндрю Марвелл) – Түнде солтүстік жұлдыз олардың жолын бағыттайды; *Your eyes are loderstars* (Шекспир) – Сенің көздерің бағыттаушы жұлдыздар сияқты; Милтон: *Our Arcadian star, or Tyrian Cynosure* (“Комус”) - Біздің Аркад жұлдызымыз немесе Тириан Киносурамыз, *Cynosure of neighboring eyes* (“Аллегро”) көршілес көздердің киносурасы; *Солтүстік Полюс күзетшісі*
Мәдени мәні бар жануарлармен байланыс	Ақбозат пен Көкбозат, Айғыр	Bull’s Eye, Harasteorra
Түр түстік принцип	Алтын қазық, Ақбозат пен Көкбозат	кездеспеді
Жұлдыздың ауа-райымен байланысы	кездеспеді	«Rainy Star», «Fackel Bringer»
Аспан орнына байланысты атаулар	кездеспеді	“Süd Stern” (Оңтүстік жұлдыз), North Star

Бұл кестеде қазақ және ағылшын мәдениеттерінің астрономиялық атауларында қолданылатын негізгі принциптер салыстырылған. Әрбір принциптің қалай жүзеге асырылғанын көрсететін мәліметтерді көрсете отырып, екі мәдениет арасындағы ортақ және ерекше жақтарды талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, тұрақтылық принципі қазақ мәдениетінде Темірқазық, Ақбозат пен Көкбозат арқылы көрініс табады, ал ағылшын мәдениетінде бұл принцип поляр жұлдызына қатысты қолданылады. Түр түстік принцип тек қазақ мәдениетінде ғана кездеседі, бұл жұлдыздардың атауларында түс ерекшеліктеріне назар аударылатынын көрсетеді. Жұлдыздардың ауа-райымен байланысы ағылшын мәдениетіне тән, мұнда жұлдыздар ауа райының өзгеруіне байланысты атаулармен сипатталады.

Қорытынды. Жұлдыз атаулары мен олардың мәдени контекстіндегі маңыздылығын талдай отырып, қазақ және ағылшын мәдениеттері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға болады. Зерттеу барысында бірнеше негізгі принциптердің бар екендігі айқын болды: тұрақтылық, мифологиялық модель, навигациялық маңыздылық, әдеби және мәдени символикалық принциптер, сондай-ақ жұлдыз атауларының жануарлармен және ауа райымен байланысы. Бұл принциптер әр мәдениетке тән ерекшеліктерді көрсету арқылы астрономиялық атаулардың мәдени контекстке қалай бейімделетінін анықтайды. Екі мәдениет арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, жұлдыз атауларының негізінде ортақ сипаттамалар мен әмбебап түсініктер бар.

Қазақ мәдениетіндегі жұлдыз атауларының едәуір бөлігі дәстүрлі көшпелі өмір салтымен, кеңістікті бағдарлау тәжірибесімен, табиғатты бақылаумен және халықтық астрономиялық біліммен байланысты қалыптасқан. Жұлдыздар мен шоқжұлдыздардың атаулары халықтың уақыт пен кеңістікті тану, маусымдық өзгерістерді бағдарлау, ауа райын болжау және көшіп-қону бағыттарын айқындау тәжірибесінде маңызды қызмет атқарған. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың жұлдыз атаулары ұлттық дүниетанымның кеңістік пен табиғатқа негізделген моделін танытатын тілдік-мәдени дерек ретінде бағаланады. Ағылшын мәдениетіндегі жұлдыз атауларының қалыптасуында да мифологиялық және әдеби дәстүрдің ықпалы айқын байқалады. Көптеген атаулардың көне грек-рим мифологиясымен сабақтастығы Батыс өркениетінің тарихи-мәдени жадын көрсетсе, олардың әдеби шығармаларда қолданылуы жұлдыз атауларына символдық және

эстетикалық мағына үстейді. Бұл ерекшелік ағылшын мәдениетіндегі астрономиялық атаулардың ғылыми номинация мен мифологиялық-әдеби дәстүрдің өзара ықпалдастығы негізінде дамығанын көрсетеді. Қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі жұлдыз атауларының табиғатын салыстыра зерттеу олардың бір жағынан адамзатқа ортақ табиғатты тану тәжірибесін, екінші жағынан әр халықтың өзіндік тарихи-мәдени болмысын қатар бейнелейтінін көрсетті. Осы тұрғыдан жұлдыз атаулары әлемнің объективті нысандарын атаумен қатар, сол нысандарға адамзаттың берген мәдени мағынасын сақтайтын тілдік таңбалар. Бұл олардың ұлттық дүниетанымды танытатын әрі мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ашатын маңызды лингвомәдени материал екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Kurmangali F., Mamaeva G., Bayymbetova A. National-cultural connotation of stable expressions and the national code in the Kazakh and English languages // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2024. – №1. – P. 145-156. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.05
2. Мадиева Г.Б., Иманбердиева С., Мадиева Д.Б. Ономастика: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 192 б.
3. Никонов В.А. Ономастика Поволжья // Материалы III конференции по ономастике Поволжья. – Уфа, БашГУ, 1973. – Б. 373-381.
4. Аронов Қ.Ғ. Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1992. – 186 б.
5. Әбішев Х. Аспан сыры. – Алматы: Жазушы, 2009. – 264 б.
6. Bender H. Anglo-Saxon and Viking Individual Star Names and Traditions: The Dim View Looking Through a Window into the Distant Past. – 2020. URL: https://www.researchgate.net/publication/346085025
7. Нәжімеденов Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Қазығұрт, 2012. – 488 б.
8. Бисенбаев А.К. Көне түркілердің аңыздары. – Алматы: Ан-Арыс, 2008. – 120 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
10. Аллен Р.Х. Звезды. Легенды и научные факты о происхождении астрономических имен. – М.: Центрполиграф, 2016. – 712 с.
11. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. – 448 б.
12. Olcott W.T. Star Lore: Myths, Legends, and Facts. – New York: Courier Dover Publications, 2004. – 544 p.

М.М. СНАБЕКОВА, А.Б. НУРТАЕВА
Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

О НАРОДНЫХ КОСМОНИМИЧЕСКИХ НАЗВАНИЯХ ОТДЕЛЬНЫХ ЗВЕЗД НА КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В статье исследуются исторические, лингвокультурные, мифологические особенности народных названий звезд на казахском, английском языках. Анализируются принципы устойчивости, мифологической модели, навигационной значимости народной астрономии. Научная основа - труд Аронова, посвященный этнолингвистической природе казахских космонимов, исследования Бернера по названиям звезд англосаксов, викингов. Названия Темирказык, Акбозат, Кокбозат в казахской культуре основаны на стабильности звезд, а Полярная звезда в английской традиции как путеводитель. Мифологически сравниваются казахские легенды о связи Байтерека, Темирказыка между небом и землей, английские

названия «Divine nails», «Wodan's path for souls», «Horn of Plenty». Навигационная значимость в казахской культуре Темирказык - путеводная звезда, в английской - «Scip-steorra» (корабельная звезда), «Angel-sterne» (вращающаяся звезда), «leiðar-stjarna» (магнитная звезда), являются важными элементами в формировании народного мировоззрения, представлений о времени, пространстве. Используются методы сравнительно-исторического, этнолингвистического, культурно-мифологического анализа. Выявляется символическая, мифологическая, хозяйственная значимость названий звезд в двух культурах, анализируются сходства, различия. В результате изучаются номинационные принципы названий звезд, культурно-историческая ценность народной астрономии, делаются выводы о значимости в обществе.

Ключевые слова: народный космоним, понятие времени и пространства, этнолингвистика, мифологическая семантика, навигация и ориентирование, сравнительный анализ, историко-когнитивная модель, казахская и английская культура, Темирказык.

M.M. SNABEKOVA, A.B. NURTAEVA
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

ABOUT THE FOLK COSMONYMIC NAMES OF INDIVIDUAL STARS IN KAZAKH AND ENGLISH

Annotation. This article explores historical, linguocultural, mythological aspects of folk star names in Kazakh and English traditions. It analyzes principles of stability, mythological models, navigational significance in folk astronomy, drawing on A. Aronov's research on Kazakh cosmonyms and Berner's studies of Anglo-Saxon and Viking star names. In Kazakh culture, stars like Temirkazyk, Akbozat and Kokbozat symbolize constancy, while the Pole Star in English culture serves as a celestial guide. Connection of Baiterek, Temirkazyk between heaven and Earth in Kazakh legends, English names "Divine nails", "Wodan's path for souls", "Horn of Plenty" are compared mythologically. Navigational terms like "Scip-steorra" (ship star), "Angel-sterne" (rotating star), "Leiðar-stjarna" (magnetic star) emphasize the stars' guiding role. Using comparative-historical, ethnolinguistic and mythological methods, the study highlights the symbolic, cultural, economic significance of star names, identifying both similarities and differences. The findings reveal the deep cultural and historical value of folk astronomy in shaping worldviews.

Keywords: folk cosmonym, the concept of time and space, ethnolinguistics, mythological semantics, navigation and path, comparative analysis, historical and cognitive model, Kazakh and English culture, Temirkazyk.

References

1. Kurmangali F., Mamaeva G., Bayymbetova A. National-cultural connotation of stable expressions and the national code in the Kazakh and English languages // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2024. – №1. – P. 145-156. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.05
2. Madieva G.B., İmanberdieva S., Madieva D.B. Onomastika: teoriasy men praktikasy. – Almaty: Qazaq universitetı, 2016. – 192 b.
3. Nikonov V.A. Onomastika Povöljä // Materialy III konferensii po onomastike Povöljä. – Ufa, BaşGU, 1973. – B. 373-381.
4. Aronov Q.Č. Qazaq tılındegı halyqtyq kosmonimderdıñ etnolingvistikalyq tabiğaty. Filologia ğylymdarynyñ kandidaty därejesın alu üşın daiyndalğan disertasia. – Almaty, 1992. – 186 b.
5. Äbışev H. Aspan syry. – Almaty: Jazuşy, 2009. – 264 b.
6. Bender H. Anglo-Saxon and Viking Individual Star Names and Traditions: The Dim View Looking Through a Window into the Distant Past. – 2020. URL: https://www.researchgate.net/publication/346085025
7. Näjımedenov J. Üş tomdyq şyğarmalar jinağy. - Almaty: Qazyğūrt, 2012. – 488 b.
8. Bisenbaev A.K. Köne türkilerdiñ añyzdary. – Almaty: An-Arys, 2008. – 120 b.

9. Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq. 1-tom. / Qūrast. T. Janūzaq, S. Omarbekov, Ä. Jünısbek jäne t.b. – Almaty, 2011. – 752 b.
10. Allen R.H. Zvezdy. Legendy i nauchnye fakty o proishojdenii astronomicheskih imen. – M.: Sentrpoligraf, 2016. – 712 s.
11. Babalar sözı: Jüztomdyq. – Astana: Foliant, 2011. – 448 b.
12. Olcott W.T. Star Lore: Myths, Legends, and Facts. – New York: Courier Dover Publications, 2004. – 544 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Снабекова Марита Мурзабековна – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.
Снабекова Марита Мурзабековна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.
Snabekova Marita Murzabekovna – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer of the Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

Нуртаева Айсулу Балтабаевна – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.
Нуртаева Айсулу Балтабаевна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.
Nurtaeva Aisulu Baltabayevna – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer of the Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.33
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.12

Т. ТҰЯҚБАЙ[1]
***Р. ТҰЯҚБАЕВА**[2]
С. ТОЙБЕКОВА[3]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан[1]
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[2,3]
(e-mail: ttuyakbay@gmail.com[1], rahmanberdina@mail.ru[2], toibiekova68@mail.ru[3])

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «Е» КӨМЕКШІ ЕТІСТІГІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Аңдатпа. Адамзаттың Абайы атанған ақын шығармашылығын зерттеу әрқашан да өзекті. Мақалада Абайдың сөз өрнегіндегі **«е»** көмекші етістігінің қолданылу өрісі салыстырмалы түрде алғаш рет арнайы қарастырылып отыр. Қазақ тілінде қимыл-қозғалысты, іс-әрекетті білдіретін сөздер негізгі етістіктер және көмекші етістіктер деп екі топқа бөлінгенімен, олар біртұтас күрделі етістіктер категориясы ретінде зерделеніп, негізінен баяндауыштық қызметте жұмсалады деп тұжырымдалатын. Сондай-ақ, олар мағыналық-семантикалық тұрғыда етістіктің шақ, рай, жақ категорияларын да білдіруімен шектелетін. Алайда, Абай тілінің прагматикалық ерекшеліктері «е» көмекші етістігінің қызметі дәстүрлі грамматикалық түсініктермен шектелмейтінін, оның қолданылу өрісінің бұрынғыдан әлдеқайда кеңейе түскенін айғақтайды. Мақалада хакімнің бір ғана **«е»** көмекші етістігін отызға жуық тұлғада мыңнан астам рет қолданғанын ескерсек, ондағы айтылатын ой-пікір мен тұжырымдарды нақты дәлел-дәйектермен тиянақтауға мол мысал келтіруге болады. Бұл деректер аталған тұлғаның функционалдық әлеуетінің жоғары екенін және оның мәтін түзуші, мағына ұйымдастырушы қызметтерінің жан-жақты екенін көрсетеді.
Мақалада Абай антропологизмі бағытын бірнеше пәнаралық іргелі ғылым салаларымен ұштастыра отырып, кешенді компоротивизм тұрғысынан «**е**» көмекші етістігінің жалқылық (авторлық-стильдік, жеке-даралық) және жалпылық сипаттарын өзара салыстыра келе, оның даму эволюциясын ашып көрсету көзделді. Сол мақсатқа сәйкес талдау нысаны ретінда алынған бірнеше өлең мәтіні әр кезеңдегі басқа шығармалармен салыстырыла қарастырылып, мәтін құрылымындағы ақынның сөз қолданысы, өлең мазмұнындағы ұғымдардың мән-мағынасы талқыланып, айқындалады.
Мақалада түрколог, зерттеуші-ғалымдардың тұжырымдары басшылыққа алынды. Ақын өлеңдеріндегі тілдік тұлғалардың қолданысын зерттеу оның өзіндік болмысын, сөз өрнегін айқындауға негізделетін талдау мен тұжырымдарға жол ашатыны белгілі.
Түйін сөздер: Абай, антропологизм, әдебиеттану, компоротивистика, көмекші етістік, мәтінтану лингвистикасы, тарихи лингвистика, түркология.

Кіріспе. Абай ілімі – қанша уақыт өтсе де өзінің өзектілігін жоймайтын, керісінше, әрқашанда әр түрлі қырынан зерттеуді қажет ететін ұлтымыздың рухани құндылығы, мәңгілік мұрасы. Шын асыл уақыт өткен сайын жарқырай түседі дегендей, «тіл ұстартып, өнер шашуды мақсат еткен» ұлы ақынның «алыстан сермеп, жүректен тербеп» жеткізген

дана ойлары мен көркем сөз қолданыстары арқылы қазақ жазба әдебиетін, қазақ өнерін, қазақ мәдениетін дамытуға қосқан еңбегін зерттеп-зерделеу – бүгіннің де, болашақтың да мәңгілік мәселесі болса керек.

Ә.Бөкейханов: «Өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ.» [1, 130] деп ақынның қазақ әдебиетіндегі орнын атап көрсетсе, ал тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек: Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, манызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық.» [2, 219] деп ақынның басқалардан өзгешелігін,ой даралығын, сөз шеберлігін терең талдайды. Ойлары бір-бірімен астасып жатқан осы алаш қайраткерлерінің мақалаларынан бастау алған абайтану ілімі әр кезеңге байланысты толығып, жаңарып, жалғасын таба берері сөзсіз.

Осы орайда ақын шығармаларын лингвистикалық тұрғыдан талдап-танытуда ғалым-академик Рәбиға Сыздықтың «Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы)», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абайдың сөз өрнегі» атты ғылыми еңбектері арқылы көп еңбек сіңіріп, өте қомақты үлес қосқанын ерекше атап өткен дұрыс.

Ғалымның «Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы)» атты зерттеуінің алғысөзінде: «Абайдың тілі — кең тақырып. Бұл тақырыпқа бір емес, әлденеше кітап арналуға тиіс. Өйткені жеке жазушының, оның ішінде қазіргі қазақ тілі сияқты үлкен мемлекеттік ұлттық жазба әдеби тілдің негізін салушы Абай тәрізді қаламгердің тілін бірнеше аспектіден зерттеп танып-білу қажет болады.» [3, 3] деген пайымды пікірі ақын шығармаларының әлі де көптеген лингвистикалық зерттеу жұмыстарының өзегі боларын көрсетсе керек.

Академик Рәбиға Сыздық: «Абайдың поэтикалық әлемін сөз еткенде тіл маманы ретінде назар аударатын қырлары әлі де аз емес» [4, 19] деп айтқандай Абай сөзін синтаксистік сарапқа салып қарасақ, көптеген қызықты құбылысқа куә боламыз. Егер синтаксистің өзі сан саланы қамтитынын ескерсек, онда Абай тілі кестесінің, өлең өрнегінің, сөз сиқырының әлі толық ашыла қоймаған қат-қабат құпиясына қанығa түсеріміз айдан анық. Осы кезге дейін ақынның «сөз сарасы» негізінен лексикалық, грамматикалық, авторлық-стильдік тұрғыдан едәуір зерделеніп, арнайы монографиялар жарық көргенімен, етістік категориясы, оның ішінде, әсіресе, көмекші етістіктер туралы арнайы зерттеу жағы кемшін екені байқалады. Сондықтан да мақалада ақын шығармаларындағы «е» көмекші етістігінің қолданылу өрісі туралы сөз болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев шығармашылығы мен оның қазақ әдеби тілін дамытудағы орнына байланысты көптеген көлемді мақалалар, зерттеулер жазылып, ғылыми еңбектер жарық көрді. Ғалым-зерттеушілер еңбектерінде ақынның жеке тұлғасы, қазақ әдебиетін дамытуға қосқан үлесі, ақынның өлеңдері, аудармалары, қара сөздері көптеген ғылым саласының зерттеу нысанына айналып, әр қырынан талданып, терең зерттелді.

Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтан бастау алған абайтану ілімі Абайдай алып ақынды таныта білген М.Әуезовтің ақынның өмірі мен еңбектері туралы жан-жақты әрі терең жазылған құнды ғылыми зерттеулерімен толыға түсті. «Дәл сол кездің өзінде де ақын халық шығармасында айтылмаған тың сөзді айтады. Дүниені өзінің жаңаша тануына орай жаңаша сезім, жаңа ой айтқанда Абай тіл сөздігі (лұғаты да), өлең көріктеу өрнегі де басқаша, өзінше шығады. Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп, Абай айтқан жаңалық әлденешеу. Бірақ, бар тарауындағы бір ерекшелік: соның бәрін жаңа дәуірге бастайын деген ағартушы ақын өзінен бұрынғы ақынның бәрінен басқаша айтуында.» [5,38] дей келіп, ақынның қайдан , нені алса да «үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің

қайран жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білетін» ақындық ерекшелігін, өзгелерге ұқсамайтын сөз қолданысы, ой даралығы ерекше екенін атап өтеді.

Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты ғылыми зерттеуінде: «Бұл тәрізді бір дәуірдің алдыңғы қатардағы идеяларының жиынтығы, әрі күресшісі болу; бір халықтың ғасырлар бойы сүтпен еніп, сүйекке сіңген әдебиетінде төңкеріс жасау осылармен байланысты, қазақтың әдеби тілін өзіне шейінгі әдебиеттің тілінің дәрежесінен әлде қайда жоғарылатып, мәдениетті елдердің поэзиясының тілдерінің қатарына жеткізуі бәрі қосыла келіп Абайды қазақтың ұлы классик ақыны етті.» [6, 356] деген пайымды пікірін білдіреді.

«Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті Абайдың үлгісінде өсіп, өркендеді. Сондықтан Абайдың тілін зерттеу тек кешегі тарихты білу ғана емес, бүгінгі әдебиетімізді білу үшін де негізгі мәселенің бірі.» [6, 356] деп қорытындылаған ғалым пікірін қолдаймыз.

Мақаланы жазу барысында ақын шығармашылығына байланысты жарияланған зерттеуші-ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі пікірлері мен тұжырымдары басшылыққа алынды. Мақалада Абай туындыларындағы «е» көмекші етістігінің қолданылу ерекшеліктеріне байланысты әдебиеттану және лингвистикалық тұрғыдан кешенді талдаулар жасау барысында ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, өз пікірімізді бердік.

Мақалада «е» көмекші етістігінің ақын шығармаларында қолданылу ерекшеліктері әдебиеттану, лингвистика тоғысында жалпы және жеке стильдік қолданысы тұрғысынан қарастырылады. Ақынның тілдік ерекшеліктерін нақты, дәлелді беру үшін ақын шығармалары, қазақ әдебиеттануы, мәтінтану лингвистикасы, түркология мен фольклористикаға байланысты ғылыми деректер пайдаланылды.

Мақаланы жазу барысында да ақынның өзіндік сөз қолданысынындағы ерекшеліктерді айқындауда дәстүрлі сипаттама, тарихи салыстыру, жинақтау, мәтіндік талдау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. «Абай тілін зерттеу - бүгінде қазақ филологиясы ғылымының ауқымды саласы болып қалыптасып отырған абайтанудың өз алдына маңызы зор бір тармағы. Абай тілін танып-таныту саласы өзінің зерттеу нысаналары мен әдістерін, сондай-ақ жеке және жалпы мәселелерін біршама анықтап, бір алуан еңбектер ұсынғанымен, әлі де арнайы жүргізілетін зерттеулердің кажеттігі даусыз. Солардын бірі - ұлы суреткердін сөз өрнегін тіл білімі тұрғысынан тану, яғни ғылымның «лингвистикалық стилистика»деп аталатын саласы бойынша талдау деп білеміз.» [4, 5] деген ғалым пікірі осы талқыланып отырған тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Абай шығармаларында «**е**» көмекші етістігі жиі қолданылатын етістіктер қатарынан саналады. Зерттеушілердің есептеуінше, туынды етістік түріндегі *едім, ем, едің, ең, еді, ед, едік, ек, емей* тәрізді түрлі тұлғада кездесетін осы көмекші етістік 233 рет қолданылады екен [7, 170]. Атап айтқанда: 1) «Арман деген ащы сол, // Сүйекке тиді, қарт *едім*» [8, 269]; 2) «Тұла бойың ұят, ар *едің*, // Ескеріп істеп, ойлаған. // Тәуекелге нар *едің*, // Талаппен терең бойлаған» [8, 267]; 3) «Қаймақ *еді* көңілімде, Бізге қаспақ болды жем» [8, 169]; 4) «Ол тілге *едік* оңтайлы – Қаріпсіз біліп сондайды. Біліп-ақ, ұғып қоюшы ек, Енді ішіме қонбайды» [8, 241] дейтін өлең жолдары кездеседі. Осы төрт мысалда келтірілген *едім, едің, еді, едік* дейтін көмекші етістіктерге морфологиялық талдау жасайтын болсақ, көптеген қызықты жәйттерге куә боламыз. Мәселен, бірінші мысалдағы «қарт *едім*» деген сөз тіркесі арқылы ондағы субъектінің әрі объектінің қарт адам екенін, ал айтушының бірінші жақта («мен») және өткен шақта сөйлеп тұрғанын білеміз. Мұндағы «мен» көзге көрінбей тұрса да, аталған ақпараттың барлығын *едім* көмекші етістігі білдіріп тұр.

Екінші мысалдағы «ар *едің*», «нар *едің*» деген сөз тіркестерінен субъектілердің екінші жақта тұрған кісі («сен») екенін, объектілердің «ар» мен «нар» екенін және іс-қимылдың (оқиғаның) өткен шақта баяндалып тұрғанын біле аламыз. Бұл арада екінші жақтағы «сен» тұлғасы көзге көрінбесе де, аталған жақ, шақ категорияларының қызметін *«едің»* көмекші етістігі атқарып тұр.

Үшінші мысалдағы «қаймақ *еді*» деген сөз тіркесі құрамындағы «еді» сөзінің де атқаратын қызметі ерекше. Жоғарыда аталған 9 көмекші етістіктің ішінде өткен шақтың үшінші жақ тұлғасындағы **еді** формасының ең жиі, атап айтқанда, 119 рет қолданылатыны анықталған [7, 170]. Алайда, ғылыми еңбектерде осы көмекші етістік арнайы зерттеу объектісі ретінде емес, көбінесе, «жол-жөнекей» ғана аталып өтеді. Мәселен, Абай шығармаларындағы **-ар** жұрнақты тұлғаның *еді* көмекші етістігімен тіркесе қолданылып, ауыспалы шақты білдіретіні атап көрсетілген, сондай-ақ, «**-са** жұрнақты шартты рай тұлғасының *керек* деген модальдық сөзбен» тіркесіне байланысты *бұл* конструкция туралы «ешбір оқулық, курстарда не жеке зерттеулерде ешқандай мағлұмат» берілмейтіні әлдеқашан мойындалған («Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам *керек еді*»)[3, 256].

Төртінші мысалда «*едік* оңтайлы» деген инверсиялы сөз тіркесі кездеседі. Мұнда да бір ғана «*едік*» көмекші етістігі арқылы субъектілердің бірінші жақ көпше тұлғада («біз») тұрғанын және іс-әрекеттің (қалыптың) өткен шақта болғанын көреміз.

Абай өз шығармаларында жоғарыда мысалға келтірілген ***«е»*** көмекші етістігінің төрт тұлғасының ықшамдалған дублет нұсқаларын да *(ем, ең, ед, ек)* жиі әрі ұтымды қолданған. Атап айтқанда:

1) хакім еңбектерінде **«ем»** көмекші етістігі 30 рет кездеседі екен. Мысалы, «Әзім әңгімесі» поэмасында: «Химия ғылымын білуші *ем*, үйретер *ем*, // Мысты алтын жасаушы *ем*, алдамаймын» [9, 32] дейді шығарма кейіпкері. Мұнда субъектінің де, объектінің де қасиет-сипаттары немесе іс-әрекеті біресе өткен шақты, біресе келер шақты білдіріп тұрса да, субъектінің де, объектінің де, айтушының да бір-ақ адам екенін, яғни бірінші жақта («мен») тұрғанын «*ем*» көмекші етістігі білдіреді;

2) «**ең»** көмекші етістігі 19 рет кездеседі. «Татьянаның жауабында»: «Тәңірі қосқан жар едің сен, // Жар ете алмай кетіп *ең*. // Ол кезімде бала едім мен, // Аямасқа бекіп *ең*» [8, 168] деп келетін сөздер бар. Мұндағы өлеңнің екі кейіпкерінің біреуі – Татьяна екенін әрі оның айтушы («мен») екенін және екіншісі – Онегин екенін әрі оның тыңдаушы («сен») екенін де нақтылап анықтап тұрған – «*ең*» көмекші етістігі;

3) ақын шығармаларында **«ед», «ек»,** сондай-ақ, **«емей»** көмекші етістіктері бір-екі реттен ғана қолданылыпты. Мысалы, «Әлифби» өлеңінде: «Мим – меһріңнен қалмас *ед* бар апатым» [8, 27], «Әзім әңгімесі» поэмасында: «Ақсақал, іс қыласыз ойланбастан, // Жаннан қорқып қашпаушы *ек* қара тастан» [9, 38] деп келетін сөздер бар. Осында мысалға келтірілген әрбір көмекші етістік өзінің негізгі (көмекші) қызметінен басқа да бірнеше жанама, функционалдық-грамматикалық, коммуникативтік-ситуациялық, стильдік-экспрессивтік, эмоциялық-экзистенциалдық шырай-реңктерді аша түсуге септігін тигізіп тұр.

Абай «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» өлеңінде: «Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді, // Ол немене жоқтықтың әсері *емей*? [8, 258] дейді. Әрине, ақынның сирек қолданған кейбір сөздерін оған дейін де, онан кейін де әркім өзінше пайдаланған. Мәселен, Абай «*емей*» көмекші етістігін баршылық (*ет пен қымыз сықылды*) пен жоқшылықты (*ас жоқ*) әсірелей салыстыру үшін қолданса, Бұқар жырау мұны «Алыстан қызыл көрінсе, Манат *емей* немене? Көтеріліп ұшқан соң, Қанат *емей* немене?» [10, 14] деп көркемдік тәсіл (эпифора) ретінде өз кәдесіне жаратады.

Абай шығармаларында «*е*» көмекші етістігінің көнерген өткен шақ есімше формасындағы «*екен*» сөзі 13 тұлғада 243 рет кездеседі екен, көп тұлғаның ішінде ең жиі қолданылғаны да – осы «*екен*» формасы (205 рет). Мысалы: 1) «Құр айғай бақырған // Құлаққа ән бе *екен*? // Өнерсіз шатылған // Кісіге сән бе *екен*?» [8, 319]. Осы арада қарапайым ғана, қалыпты мәндегі «*екен*» сөзін ақын «*бе*» сұраулық шылауымен тіркестіре отырып, аса әсерлі стильдік-экспрессивтік ерекше сөз өрнегін сала білген. Егер «*бе екен*» деген сөз өрнегінің орнына ақын үзілді-кесілді «*емес*» дей салса, онда ол Абай болмас еді;

2) Абай шығармаларында көмекші етістік тіркестер негізінен есім мен етістіктен құралып, қимыл-қозғалысты, іс-әрекетті білдірсе, кейде морфологиялық та, синтаксистік те, функционалдық-грамматикалық та тұлғалануы тұрғысынан сан алуан категориялық,

мәндік-мағыналық тіркестер тобын құрап, сөз табиғатының мағыналық-семиотикалық қабаттарының жалпыдан – жалқыға, абстрактылықтан – заттануға немесе керісінше алмасуы қызметін атқарады. Мысалы, *«екенін»* көмекші етістігі (8 рет қолданылған): «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде: «Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей, // Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей. // Міні қайда *екенін* біле алмайсың, // Терең ойдың телміріп соңына ермей.» [8, 263] деп келеді де, *«екен»* қимыл етістігінің заттанып тұрғанын (*нені* біле алмайсың?) білдіреді. Мұндай мысалдарды түрлі тұлғада көптеп келтіруге болады:

3) **екенсің** (6 рет): «Масғұт»: «Ей, жігіт, не қылсаң да ер *екенсің*, // Көргейсің ерлігіңнің берекесін. // Себеп боп мені ажалдан сен айырдың, // Маған қылған қарызыңды Алла өтесін» [9, 17]. Мұнда да *«екенсің»* көмекші етістігінің есім сөзбен тіркесуі арқылы Абайдың сөз өрнегі қазіргі қазақ тіліндегідей етістік пен есімдердің бірнеше негізгі категорияларының (райлар мен шырайлар, шақтар мен жақтар, т.б.) қызметін қатар атқарып тұр;

4) **екендігіне** (4 рет): «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы»: «Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді, һәм бір тұқымдас *екендігіне* көрген кісі таласпайды.»[9,135]. Бұл арада «***е***» көмекші етістігінің түрленіп, күрделі есім тұлғасына айналғанын көреміз, сол арқылы оның бастапқы етістік қызметінің де өзгергені анық. Атап айтқанда, *«екен»* көмекші етістігі грамматикалық тәсілдермен түрлене отырып, «тұқымдас» деген сөзбен тіркесу арқылы мүлдем жаңа мағынадағы синтаксистік құрылым түзіп отыр, яғни бұл арада *«екен»* көмекші етістігі өзінің бастапқы (етістік-баяндауыштық) қызметін жаңа (сын есім – пысықтауыш - анықтауыштық) синтаксистік-функционалдық өріске шығарған;

5) **екені** (4 рет): «Жаманбаланың баласы өлгенде»: «Белгілі сөз: «өлді, өлді», // Белгісіз оның мекені. // Не халатқа әурілді, // Қайда қандай *екені*.» [8, 339]. Егер осы өлеңнің соңғы үш жолын инверсия құбылысынан арылтып, қарапайым жай сөйлемдерге айналдырып, түсіндірер болсақ, онда оның мазмұн-мағынасы былай болып шығар еді: «Оның не жағдайға ұшырағаны, мекені қайда, қандай *екені* белгісіз». Мұнда да алдыңғы мысалдағыдай, *«екен»* көмекші етістігін морфологиялық жағынан ғана талдап-түсіндіру жеткіліксіз, оны синтаксистік-функционалдық, тіпті, авторлық-стильдік тұрғыдан қарастырғанда ғана мән-мағынасы толық ашылмақ.

«Е» деген көмекші етістіктің көнерген болымсыз түрі *«емес»* сөзін ақын өз шығармаларында 6 тұлғада (*емес, емеске, емеспін, емесі, емесін, емеспіз*) 182 рет қолданған екен. Мысалы, әйгілі «Сегіз аяқ» өлеңінде: «Кеш деп қайтар жол *емес*, Жол азығым мол *емес*» [8, 128] деп келеді.

Сондай-ақ, *«емеспін»* деген көмекші сөздің көнеленген ықшам түрі *«емен»* деген сөз ақын шығармаларында осындай бір тұлғада ғана 4 рет кездеседі екен. Мысалы, «Масғұт» поэмасында: «Бай *емен*, батыр *емен*, хан емеспін, Атақты артық туған жан емеспін» [9, 18] делінеді.

Ғалым Р. Сыздықованың пікірінше, *дәл* осы мысалға келтірілген өлең жолдары ондағы «ықшам тұлғаның дублеттілік қызметте жұмсалғанын... айқын *дәлелдейді*» екен. Атап айтқанда, ондағы бірыңғай конструкциялардың алдыңғы екеуі ықшам болса, соңғысы толық, әйтсе де, «емеспін» дегеннің орнына «емен» деп қолданудың өзі себепсіз емес дейтін уәждер келтіре отырып, «*бұл* – өлең шарттарына, оның ішінде буын өлшеміне орай қолданылған тәсіл» деген тұжырымға тоқтайды[3, 276]. Осы арада зерттеушінің алдыңғы («дублеттілік» туралы) пікірі күмән тудырмаса да, кейінгі («буын өлшемі» туралы) тұжырымымен келісуге *дәлелдің* жеткіліксіз екенін атап өткен орынды.

Осы орайда айта кететін бір жайт, Абай қолданысындағы жоғарыда мысалға келтірілген көмекші етістіктер әдебиетімізде оған дейін де болды ма, жоқ па, болса, олар қазіргі тіліміздегі қандай өзгерістерге ұшырады дейтіндей заңды сауалдар туындайтыны айдан анық. Мұндай сауалдардың нақты жауабын біз көне тарихи жазба ескерткіштер тілінен және түркологиялық зерттеулерден табамыз.

Кейінгі бір еңбектерде он алтыншы ғасырдың соңында жазылған (1602 жылы аяқталған) Қадырғали би Қосымұлының «Жамиат-Тауарих» шежіресінде етістіктің негізгі категорияларының (шақ, рай, есімше, көсемше түрлерінің) қыпшақ тілдерінің

нормасымен келетіні дәйектеледі. Нақтырақ айтқанда, шежіреде өткен замандардағы оқиғалар баяндалатындықтан, етістік тұлғалары да көбінесе жедел өткен шақта беріледі. Онда, әсіресе, *ер-, е-* көмекші етістіктерінің *ерді, еді* тұлғалары өте жиі қолданылғаны нақты мысалдармен атап көрсетілген: *қыз алыб ерді* («қыз алып еді»), *хан алында ерді* («ханға қызмет етті»), *сығыр күтүб йүрүр ерді* («сыйыр бағып жүретін»), *Муса білән Иамғурчы бір анадын туған ерді, пәленшенің оғлы бар ерді, қумалары бисиар (немесе көб) ерді*, т.б. [11, 94]. Осы зерттеу еңбегінде ғалым Р. Сыздықова сондай-ақ, *ер-* көмекші етістігіндегі ***р*** дыбысының түсіп айтылуын қыпшақ тілдеріне тән құбылыс деп те тұжырымдайды [11, 110].

Абайға дейінгі кезеңде XVII ғасырда жазылған Әбілғазы баһадұр ханның «Шежіре-и түркі» («Түркі шежіресі») еңбегінде *ер-//е-* көмекші етістігі түрлі тұлғада молынан қолданылатыны байқалады. Осы еңбектен келтірілген мысалдарды Абай қолданыстарымен салыстырып көрсек, көптеген ұқсастықтар мен өзгешеліктер ұшырасады.

Мысалы, «Түркі шежіресінде»: «Оң ханның хатұны Бөрте Фужиннің еңечесі *ерді*. – Оң ханның қатыны Бөрте Фужиннің жеңешесі *еді*», «һеч ерге барған ермес *ерді* төрт жашар ұғлы бар *ерді*. – Еш ерге шыққан емес, төрт жасар ұлы бар *еді*.» десе, Абай: «Қаймақ *еді* көңілімде» деп жазады. Айырмасы «ерді – еді» болса да, мағынасы бірдей.

«Шежіреде»: «Күмішті көп алыб *ердік*. – Күмісті көп алып *едік*.», «Қара хан заманыда ел андағ кәфір болұб *ерділер*. – Қара хан заманында ел сондай кәпір болып *еді*.» десе, Абайда: «Ол тілге *едік* оңтайлы» деп келеді. Мұнда бірінші мысалдағы «*ердік – едік*» көмекші етістіктері қолданысындағы өзгерістер түсінікті болса, екінші мысалдағы «*ерділер – еді*» қолданысында айырмашылық байқалады. Атап айтқанда, «Шежіредегі» үшінші жақта тұрған көмекші етістікке көптік жалғауы жалғанып тұр: «*ерді + лер*». Осы жазба ескерткіштен мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады: «Ұғлындын айрылғандын соң өзі бимар болды һеч не бимар *еркеніні білмеділер* Мәшһәдден табиб *келтүрділер*. – Ұлынан айрылғаннан соң өзі ауру болды, қандай ауру *екенін білмеді*, Мешһедтен дәрігер *алдырды*.», т.б. Көмекші етістіктің бұлайша көптік жалғауымен келуі («*ерді + лер*») Абай шығармаларында да, қазіргі қазақ тілінде де ұшыраспайды.

«Шежіреде»: «*еркен*» сөзі көмекші етістік (баяндауыш) қызметінде ғана емес, есім сөз ретінде түрліше септік тұлғасында басқа да сөйлем мүшелері (анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш) қызметінде де жұмсала береді. Мысалы: «Мұғұлның қайсы ұрұқына иақын *еркені* мағлұм ермес. – Моңғолдың қай ұрпағына жақын *екені* мәлім емес.», «Өзұмнің кім *еркенімні* айтдым андын соң таныды. – Өзімнің кім *екенімді* айтқан соң таныды.» Ал, осы аталған көмекші етістіктер («*еркеніні*», «*еркені*», «*еркенімні*») Абай шығармаларында қазіргі қазақ тіліндегідей «Міні қайда *екенін* біле алмайсың», «Қайда қандай *екені*» деп қолдануда береді.

Абай заманынан екі ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған тарихи еңбек «Шежіре» тілі қазіргі қазақтарға да түсінікті болғанымен, онда кездесетін «е» көмекші етістігінің белгілі бір грамматикалық тұлғада тұрғанына қарамастан, оны лексикалық семантикалық өрісте, тіпті, авторлық стильдік, күрделі синтаксистік бірлікте қарастыру да оңайға соқпас еді. Мысалы, «Шежіреде»: «*ермес//ермеш//ерміш*» деген бір болымсыз етістіктің көп вариантты көне түрі жиі кездеседі: «Мұғұлның һеч атасы араб тіліні ешіткен *ермес*. – Моңғолдың еш бір атасы араб тілін естіген *емес*.», «Фалан чөлінің ауы көб *ермеш* теб ешітдім. – Пәлен деген шөлде аң көп *емес* деп естідім.», «Ол һәм ешітдікім Абдулла өлген *ерміш*. – Ол да естіді, Абдолла өлген *екен*». Жеке-жеке алғанда «*ермес//ермеш//ерміш*» сөздерінің мағынасы біреуақ («*емес*») болғанымен, келтірілген мысалдарға қарағанда олардың мағынасы әрқалай екені байқалады. Мұны «Шежіренің» жазылған дәуіріндегі өзге жазба ескерткіштер тілімен салыстырғанда Әбілғазы баһадұр ханның авторлық стилі деп те атай алмаймыз. Ал, Абай осы сөзді мейлі қай тұлғада, қаншама рет қолданса да, оның ғасырлар бойғы қалыптасқан мағынасын, яғни «тілдік нормасын» бұзбай қолданады.

Осы «Шежіреде» кездесетін мына мысалдардан: «Мұғұлның лұғатында тәжікні сирақ дер *ерміш*. – Моңғолдың тілінде тәжікті сирақ дер *еді*.», «Өзгесі аңа жауаб бермес *ерміш*. – Өзгесі оған жауап бермейтін *еді*.», «Иафасны бағзылар пайғамбар *ерүр* теб тұрұрлар уа

бағзылар *ермес* теб тұрұрлар. – Иафасты кейбіреулер пайғамбар *еді* дейді, кейбіреулер пайғамбар *емес* дейді» [12,101] *«ерміш//ерүр»* көмекші етістіктерінің екеуі екі басқа тұлғада тұрғанына қарамастан, олардың мағынасы біреу-ақ (*«еді»)* екені, олар өткен шақтың үшінші жағын білдіретіні анық байқалады. Мұндай ала-құлалық Абайға дейінгі дәуірде «***е»*** көмекші етістігінің грамматикалық шақ, рай, жақ категорияларының ара-жігі әлі анық ажыратылып, толық қалыптасып бітпегенін білдірсе керек.

Көрнекті түрколог М. Томанов тарихи грамматика тұрғысынан «***е»*** көмекші етістігін жеке дара, арнайы қарастырмайды, тек күрделі етістіктер құрамында, көбінесе етістіктің райлары мен шақ категорияларына байланысты сөз етеді. Ол Махмуд Қашқаридың сөздігінен: «*барғулуқ ерді* – оның баруы керек еді», «*Ол мұнда тұрғулуқ ерді* – бұл жерде тұру оның хақы, оның мақсаты осы жерде тұру еді», «барығсақ ерді – барса еді» тәрізді бірқатар мысалдар келтіре отырып, «Орхон-Енисей жазбаларында, «Диван луғат ат-түрік», «Құдатқу білік», «Хибат-ул хақайық», «Тефсир», «Оғызнамада» көмекші етістік *ерті, ерді* түрінде келсе, XY ғасырдан бергі дәуірде бұл тұлғамен *еді* формасы да қатар қолданыла бастаған » [13, 283] дейді.

Ақын шығармаларында кездесетін кейбір көмекші етістіктерді қарастырғанда оларды тек мәтін лингвистикасы немесе әдебиеттану, түркология немесе компоротивистика салалары бойынша әрқайсысын бөлек-бөлек зерделемей, қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың әлеуеті мен әдістемелерін пайдалана отырып, кешенді түрде біртұтас, түбірінен қазып концептуалды зерттегенде ғана Абайдың ілімі жарқырай ашылатыны кәміл.

Нәтижелер. Абай ілімінің әуелден айтылып келе жатқан үш қайнар көзінің бастапқы біреуін – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын, яғни, халық ауыз әдебиетін үнемі ескере бермейміз. Кеңестік кезеңде ауыз әдебиетіне аса мән бермей, оны жазба әдебиетпен қоса қарастырып, тіпті, әдебиеттану мен тілтану ғылымын (лингвистиканы) да «филология» деген жалпы атаумен алып, қосып ғылым жасаудың салдарынан фольклортанудың дамуы кенжелеп қалған болатын. Қазіргі таңда әдебиеттану, мәдениеттану өз алдына, оларға қоса лингвистика, фольклористика, философия, нейрология, сайентология, теология, түркология және жасампаз зияткерлік (AI) салаларының көмегінсіз Абай ілімін көзге елестетудің өзі қиын...

Осы орайда ғалым Ж.Әскербекқызы белгілі фольклортанушы Шәкір Ибраевтың «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» деген іргелі зерттеу еңбегіне жазған сын-пікірде рецензент ғалымның «Абай феномені», «Абайдың ақындық бейнесі» зерттеулерін «структуралық-феноменологиялық әдіс тұрғысынан жаңаша зерделеу» ретінде атап көрсете отырып, оның монографиясына «ұлттық шеңберде қалып қоймай, әлемдік фольклортануда да өзіндік орны бар маңызды теориялық тұжырымдар қалыптастырған зерттеу» деп, әділ баға берген [14, 242]. Мұндай пікірлер абайтанудың жоғарыда аталған ғылым салаларымен де тығыз байланысты екенін дәлелдей түседі.

Алайда, өкінішке қарай, кейбір зерттеушілер Абай шығармаларындағы көмекші етістіктердің, әсіресе олардың көнерген формаларының қолданылу өрісін «тарылта түскісі» келетін тәрізді. Мәселен, көрнекті тілтанушы ғалым Ы. Маманов «**е»** көмекші етістігінің «жедел өткен шақ *(едім, едің, еді)* және өткен шақ есімше *(екен)* формаларымен ғана» түрленетінін, «етістіктің басқа формаларымен» өзгермейтінін айта келіп [15,51], *емен* көмекші етістігі туралы: «Примечание. 1. Разновидность формы, *емес – емен* (не), которая имеет первое лицо и встречается в фольклоре (богатырском эпосе)» [15, 177] дейді.

Р.Сыздықова да **-ар/-ер** жұрнақты есімшенің болымсыз түрі (-ма+с/-ме+с) I жақ жекеше түрде жіктелгенде *отырмаспын, тұрмаспын, емеспін* деген толық тұлғалардың орнына *отырман, тұрман, емен* секілді ықшам варианттардың қолданылуы – «қазіргі көптеген түркі тілдерінде жоқ норма. Қазіргі қазақ тілі үшін де өнімсіз тұлға. Бұл тәсіл ауыз әдебиеті нұсқаларында (оның ішінде эпостық полотноларда) молырақ кездеседі» [3, 276] дейді.

Екі ғалымның да осы соңғы айтылған пікірлерімен келісе қою қиын. Бұл мәселе жөнінде көрнекті түрколог ғалым М. Томанов: «Көне ескерткіштер мен қазіргі кейбір түркі тілдерінде (түрік, гагауз) *-ды* өткен шағының көмекші етістіктермен тіркесу құбылысы да оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді: «*йыглады эрди*» (Рабғузи), *қачтылар ерди* (Тефсир), *көртүм ерти* (Алтын йоруқ), *тәрдим ерди* («Құдатқу білік»). Мұндай қолданыс XY ғасырға дейін актив сипатта болған» [13, 288] деп өзгеше пікір білдіреді.

Қорытынды. Белгілі түрколог ғалым М. Томановтың көне жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі кейбір түркі тілдеріне қатысты осы тұжырымы Абай шығармаларында қолданылған көмекші етістіктердің қолданылу аясының кеңдігі әрі өміршеңдігі туралы пікірлерді қуаттай түседі. Мәселен, қазіргі өзбек тілінде де «**е»** көмекші етістігі *э/ди* [16, 307], *э/кан* [16, 308], *э/ма/с* [16, 310] т.б. тәрізді түрлі тұлғада актив сипатта қолданыла береді.

Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген екі ғалымның *емен* көмекші етістігінің негізінен ауыз әдебиетінде (фольклорда) жиі қолданылатыны туралы, ал, оны «қазіргі қазақ тілі үшін де өнімсіз тұлға» дейтін пікірлері асығыстау, қисынсыз айтылған болар деп білеміз. Осы орайда, Абайдың өзі төрт рет қолданған «*емен*» сөзін («Разы *емен* осындай ат мінбесем» [3, 75], «Масғұт» поэмасында: «Бай *емен*, батыр *емен*, хан емеспін, Атақты артық туған жан емеспін» [4, 18], «Әзім әңгімесі» поэмасында: «Аш *емен*, болмасам да сендей малды»[8, 32] Мұқағали ақынның да: «Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де *емен*, Есенинмін демедім ешкімге мен! Қазақтың қара өлеңі – құдіретім, Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген» [17, 22] деп бір қайыратыны бар емес пе еді!? Мұндай мысалдарды қазіргі қазақ ақындарынан да көптеп келтіруге болады.

Егер «е» формантын көмекші етістіктің негіз түбірі ретінде емес, осы күйінде жеке алып қарайтын болсақ, онда ол Абайдың «Әзім әңгімесі» поэмасының мына бір тұсында көңіл-күй одағайы ретінде қолданылады: «Сәлемін алды шал да, амандасты, // Қасына жуық келіп жақындасты. // – Жат жердің адамы едім, е, шырағым, // Не харекет қыласың? – деп сұрасты» [7, 170]. Өкінішке қарай, хакім шығармаларының үш томдық академиялық соңғы басылымында осы мысалдағы «е, шырағым,» деген сөздер «ей, шырағым,» деп түзетіліп, жаңсақтыққа жол берілген [9, 31]. Бұл арада «е, шырағым» мен «ей, шырағым» деген қолданыстардың арасында реңктік-экспрессивтік қана емес, лингвистикалық тұрғыдан да, әдеби-стильдік рәуіште де зор айырмашылықтар бар екенін байқамау мүмкін емес.

Зерттеуші Р.Сыздық ақын өлеңдеріндегі етістік тұлғаларының ұйқасқа қатысуын зерттей келе: «ұйқастырылатын сөздердің сипаты (қай сөз табы екендігі) мен тұлғасының қандай екендігінің үлкен мәні бар, оның үстіне ұйқасқа шығарылған сөздердің өлең құрылысына тікелей әсері бар. [4, 53]» екенін айтады. Бұл ғалым өзі айтқандай: «Грамматиканың поэзиядағы үлесі (И.Д.Благойша айтсақ, "поэзияның грамматикасы") деген қызық тақырып зерттелер болса, поэтика саласы қарастыратын мәселелер көбейіп» [4, 12] қана қоймай, олардың шешімін табуға да септігін тигізер еді. Сондықтан да сөз өрнегін «қиыннан қиыстырып», тілдік тұлғаларды өзіне тән стильдік ерекшелікпен шебер құбылтып қолдана білген ақын шығармалары әлі де көптеген зерттеу нысаны болары сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуға тиіс. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы. » [18] деп атап көрсетіп, Абайды, оның шығармашылығын тек өз елімізде ғана емес әлем жұртшылығына таныстыру, таныту, насихаттау жұмыстарын жүргізу керек дегенді айтты. Осы тұрғыдан алғанда Scopus базасындағы шетел ғылыми басылымдарында Абай шығармашылығына қатысты жарияланған мақалаларды іздестірген едік.

«Transformation of Literary Translations of the Literary Classics by Abai Kunanbayev» [19] мақаласының авторлары **Абай Құнанбайұлының** орыс әдебиетінің классикалық

шығармаларын қазақ тіліне аударуда екі мәдениетті байланыстырушы маңызды тұлға екеніне тоқталып , сонымен қатар орыс әдеби классикаларын қазақтың ұлттық мәдени ортасына бейімдеп, өзгертіп берудегі шығармашылық ерекшеліктерін зерттеген.

Келесі «AI in Literary Translation: ChatGPT-4 vs. Professional Human Translation of Abai's Poem 'Spring'» [20] мақаласының зерттеушілері Абайдың «Жазғытұры» өлеңін GhatGPT-4 жасаған аударма мен кәсіби аудармашы **Дориан Роттенберггің** аудармасын салыстыра отырып, тілдік дәлдік, поэтикалық стильдің сақталуы, мағынаның берілуі, мәдени сәйкестік сияқты әр түрлі қырлары т.б. бойынша олардың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін атап көрсетеді.

Зерттеушілер «The Impact of Linguistic Identity on the Perception of Abai's Poetry» [21] мақаласында тілдік сәйкестіктің (linguistic identity) Абай поэзиясын қабылдауға қалай әсер ететінін қарастырады. Авторлар қазақ тілді және орыс тілді аудиторияның Абай шығармаларын түсінуі мен эмоционалдық қабылдауындағы айырмашылықтарды анықтауға тырысқан. Ал отандық басылымда жарияланған «Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын салыстыра оқытудың теориялық негіздері» [22] мақаласының авторлары қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне деген шетелдік студенттердің қызығушылығын арттыру және ақын шығармашылығымен таныстыру үшін сабақ үдерісінде ұлы ақын Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын түпнұсқа мәтінмен салыстыра оқытудың берері көп деген ойды айтады. Scopus базасындағы шетел ғылыми басылымдарынан соңғы 2-3 жыл көлемінде Абай шығармашылығына қатысты жарияланған 20 шақты мақалалардың ішінде ақынның өлеңдері, қара сөздері, аудармалары, сөз шеберлігі, ойшылдығына байланысты әдеби талдаулар болса да, лингвистикалық зерттеулер аз кездеседі. Жарияланымдардың көпшілігі дерлік шетелдік емес, өз еліміздің ғалым-зерттеушілерінің жұмыстары болды.

«Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [18] деген президент сөзі зерттеуші-ғалымдарға да ой салып, үлкен міндет жүктейді. Сондықтан да абайтану саласындағы зерттеу жұмыстары әрқашан да өзектілігін жоймай, жалғасын табары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим). Мақала. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том. Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 210 б.

2. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. Мақала. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

3. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.

4. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б. URL: https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1106157&simple=true# (Қаралған күні:10.06.2026)

5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар. 18-том.– Алматы: Жазушы, 1985. – 448 б.

6. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: 1960. – 364 б.

7. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.

8. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бірінші том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.

9. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.

10. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. – Алматы: Мұраттас, 1992. – 96 б.

11. Сыздықова Р. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Көптомдық шығармалар жинағы. Бесінші том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014.– 344 б.

12. Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Әбілғазы баһадұр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. – Алматы: Фирма Орнақ, 2013. – 480 б.

13. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002.–616 б.
14. Ж.Ә. Аймұхамбет. Шәкір Ибраев зерттеуіндегі ғұрыптық фольклор. Сын-пікір // Turkic Studies Journal. – №3(7). – 2025. – Б. 242-252. URL: https://tsj.enu.kz/index.php/new/issue/view/27/28. (Қаралған күні:17.06.2026)
15. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007 – 488 б.
16. Ғуломов А., Тихонов А.Н., Қунғуров Р. Узбек тили морфем луғати. – Тошкент: Уқитувчи, 1977. – 464 б.
17. Мақатаев М. Үш бақытым. Өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2023.–192 б.
18. Тоқаев Қ. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy. (Қаралған күні:10.06.2026)
19. Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S.K., Baitanassova K.M., Akniyet O., Alimbayev A.E. Transformation of literary translations of the literary classics by Abai Kunanbayev // New Voices in Translation Studies. – 2024. Vol. 29. – P. 66-87. DOI: https://doi.org/10.14456/nvts.2024.13
20. Manapbayeva Z., Ayazbekova K., Kazezova A., Pirmanova K. AI in Literary Translation: ChatGPT- 4 vs. Professional Human Translation of Abai's Poem 'Spring'. // Procedia Computer Science. – 2024. Vol 251. – P. 526-531. DOI: 10.1016/j.procs.2024.11.143
21. Baimyrza A., Serikbayeva A., Pirmanova K., Pirmanova A., Myrzakhanova G. The Impact of Linguistic Identity on the Perception of Abai's Poetry // Forum for Linguistic Studies.Vol 6. – ш P: 239-246. 2024. DOI: 10.30564/fls.v6i5.6879
22. Болатбекова Ж.Б., Жұмақаева Б.Д. Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын салыстыра оқытудың теориялық негіздері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2023. – №2. – Б. 259-269. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.19

Т.ТУЯКБАЙ
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Р.ТУЯКБАЕВА
С.ТОЙБЕКОВА
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

ЭВОЛЮЦИЯ ВСПОМОГАТЕЛЬНОГО ГЛАГОЛА «Е» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ

Аннотация. Изучение творческого наследия Абая, признанного великим мыслителем и поэтом человечества, всегда остается актуальным. В статье впервые в сравнительном аспекте рассматривается область применения вспомогательного глагола «е» в языковом орнаменте произведений Абая. В казахском языке слова, обозначающие движение, действие и процесс, традиционно подразделяются на основные и вспомогательные глаголы. Однако в лингвистической литературе они обычно рассматриваются как единая категория сложных глаголов, выполняющих преимущественно функцию сказуемого. Кроме того, их семантическая роль зачастую ограничивается выражением грамматических категорий времени, наклонения и лица. Однако прагматические особенности языка Абая свидетельствуют о том, что деятельность вспомогательного глагола «е» не ограничивается традиционными грамматическими понятиями, сфера его употребления значительно расширяется и приобретает новые функциональные возможности. Если учесть, что поэт использовал только один вспомогательный глагол «е» более тысячи раз почти в тридцати различных формах, становится очевидным наличие богатого материала для обоснования выдвигаемых в статье выводов конкретными языковыми фактами. Полученные данные демонстрируют высокий функциональный потенциал данной языковой единицы, а также ее многоаспектную роль в организации смысла и формировании текстовой структуры произведений Абая.

В статье ставится цель раскрыть эволюцию вспомогательного глагола «е» с позиций комплексного компаративизма, рассматривая его в контексте абаевского антропологизма и во взаимосвязи с несколькими фундаментальными междисциплинарными научными

направлениями. Для достижения этой цели сопоставляются индивидуально-авторские (идиостилистические) и общие характеристики вспомогательного глагола «е», что позволяет выявить особенности его функционирования и развития. В качестве объекта анализа были выбраны отдельные поэтические тексты Абая, которые рассматриваются в сравнении с произведениями различных исторических периодов. В ходе исследования анализируются особенности словоупотребления поэта в структуре текста, а также уточняются и раскрываются смысловые значения понятий, представленных в содержании стихотворений.

В статье руководствовались выводами тюркологов, ученых-лингвистов. Известно, что изучение использования фигур речи в поэзии поэта открывает путь к анализу и выводам, основанным на определении его оригинальности и выразительности.

Ключевые слова: Абай, антропологизм, литературоведение, компаративистика, вспомогательный глагол, лингвистика текста, историческая лингвистика, тюркология.

T.TUYAKBAI
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
R.TUYAKBAYEVA
S. TOIBEKOVA
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE EVOLUTION OF THE AUXILIARY VERB "E" IN THE WORKS OF ABAI

Annotation. The study of the creative heritage of Abai, recognized as a great thinker and poet of mankind, always remains relevant. For the first time in the comparative aspect, the article examines the scope of the auxiliary verb "e" in the linguistic pattern of Abai's works. In the Kazakh language, words denoting movement, action and process are traditionally divided into main and auxiliary verbs. However, in the linguistic literature, they are usually considered as a single category of complex verbs that primarily perform the function of a predicate. In addition, their semantic role is often limited to expressing grammatical categories of tense, mood, and face. However, the pragmatic features of the Abai language indicate that the activity of the auxiliary verb " e" is not limited to traditional grammatical concepts, the scope of its use is significantly expanding and acquiring new functionality. If we consider that the poet used only one auxiliary verb "e" more than a thousand times in almost thirty different forms, it becomes obvious that there is a wealth of material to substantiate the conclusions put forward in the article with specific linguistic facts. The data obtained demonstrate the high functional potential of this linguistic unit, as well as its multidimensional role in the organization of meaning and the formation of the textual structure of Abai's works.

The article aims to reveal the evolution of the auxiliary verb "e" from the perspective of complex comparativism, considering it in the context of Abai anthropologism and in connection with several fundamental interdisciplinary scientific directions. To achieve this goal, the author's individual (idiostylistic) and general characteristics of the auxiliary verb "e" are compared, which makes it possible to identify the features of its functioning and development. Individual poetic texts of Abai were chosen as the object of analysis, which are considered in comparison with the works of various historical periods. In the course of the research, the features of the poet's word usage in the structure of the text are analyzed, as well as the semantic meanings of the concepts presented in the content of the poems are clarified and revealed.

The article was guided by the conclusions of Turkologists and linguists. It is known that studying the use of figures of speech in the poet's poetry opens the way to analysis and conclusions based on determining his originality and expressiveness.

Keywords: Abai, anthropologism, literary criticism, comparative studies, auxiliary verb, text linguistics, historical linguistics, turkology.

References

1. Bökeihanov Ä. Abai (İbrahim). Maqala. Abaitanu. Tañdamaly eñbekter. I tom. Äl-Farabi at. Qazaq ūlttyq universitetı. – Almaty: Qazaq universitetı, 2015. – 210 b.
2. Baitūrsynov A. Qazaqtyñ bas aqyny. Maqala. Aq jol. – Almaty: Jalyn, 1991. – 464 b.
3. Syzdyqova R. Abai şyğarmalarynyñ tılı. Leksikasy men gramatikasy: Köptomdyq şyğarmalar jinağy. Bırınşı tom. – Almaty: El-şejıre, 2014. – 384 b.
4. Syzdyq R. Abaidyñ söz örnegı. – Almaty: Arys, 2004. – 208 b. URL: https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1106157&simple=true# (Qaralğan künı:10.06.2026)
5. Äuezov M. Jiyrma tomdyq şyğarmalar jinağy. Zertteuler, maqalalar. 18-tom.– Almaty: Jazuşy, 1985. – 448 b.
6. Jūmaliev Q. Qazaq ädebietı tarihynyñ mäseleleri jäne Abai poeziasynyñ tılı. – Almaty: 1960. – 364 b.
7. Abai tılı sözdıgı. – Almaty: Öner, 2011. – 616 b.
8. Abai. Şyğarmalarynyñ akademialyq tolyq jinağy. Bırınşı tom. Öleñder men audarmalar. – Almaty: Jazuşy, 2020. – 640 b.
9. Abai. Şyğarmalarynyñ akademialyq tolyq jinağy. Ekınşı tom. Poemalar, qara sözder men hattar, muzykalyq şyğarmalar. – Almaty: Jazuşy, 2020. – 528 b.
10. Būqar jyrau Qalqamanūly. Şyğarmalary. – Almaty: Mūrattas, 1992. – 96 b.
11. Syzdyqova R. Qadyrğali bi Qosymūly jäne onyñ jylnamalar jinağy. Köptomdyq şyğarmalar jinağy. Besınşı tom. – Almaty: El-şejıre, 2014.– 344 b.
12. Mamyrbekova G., Seitbekova A. Äbılğazy bahadūr hannyñ «Türkı şejıresınıñ» tezaurus sözdıgı. – Almaty: Firma Ornak, 2013. – 480 b.
13. Tomanov M. Tıl tarihy turaly zertteuler. – Almaty: Čylym, 2002.–616 b.
14. J.Ä. Aimūhambet. Şäkır İbraev zertteuındegı ğūryptyq fölklor. Syn-pıkır // Turkic Studies Journal. – №3(7). – 2025. – B. 242-252. URL: https://tsj.enu.kz/index.php/new/issue/view/27/28. (Qaralğan künı:17.06.2026)
15. Mamanov Y. Qazaq tıl bılımınıñ mäseleleri. Voprosy kazahskogo iazykoznania. – Almaty: Arys, 2007 – 488 b.
16. Čulomov A., Tihonov A.N., Qunğurov R. Uzbek tili morfem luğati. – Toşkent: Uqituvchi, 1977. – 464 b.
17. Maqataev M. Üş baqytym. Öleñder, poemalar. – Almaty: Atamūra, 2023.–192 b.
18. Toqaev Q. «Abai jäne HHI ğasyrdağy Qazaqstan» maqalasy. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy. (Qaralğan künı:10.06.2026)
19. Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S.K., Baitanassova K.M., Akniyet O., Alimbayev A.E. Transformation of literary translations of the literary classics by Abai Kunanbayev // New Voices in Translation Studies. – 2024. Vol. 29. – P. 66-87. DOI: https://doi.org/10.14456/nvts.2024.13
20. Manapbayeva Z., Ayazbekova K., Kazezova A., Pirmanova K. AI in Literary Translation: ChatGPT- 4 vs. Professional Human Translation of Abai's Poem 'Spring'. // Procedia Computer Science. – 2024. Vol 251. – P. 526-531. DOI: 10.1016/j.procs.2024.11.143
21. Baimyrza A., Serikbayeva A., Pirmanova K., Pirmanova A., Myrzakhanova G. The Impact of Linguistic Identity on the Perception of Abai's Poetry // Forum for Linguistic Studies.Vol 6. – ş P: 239-246. 2024. DOI: 10.30564/fls.v6i5.6879
22. Bolatbekova J.B., Jūmaqaeva B.D. Abaidyñ ağylşyn tılındegı audarmalaryn salystyra oqytudyñ teorialyq negızderı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – 2023. – №2. – B. 259-269. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.19

Авторлар туралы мәлімет:

Тұяқбай Төрегелді – саяси ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ҒЗИ жетекші ғалым-профессоры м.а. Алматы, Қазақстан.

Туякбай Торегелди – кандидат политических наук, и.о. профессора ведущий научный сотрудник НИИ Абай при КазНУ имени аль-Фараби**,** Алматы, Казахстан.

Tuyakbai Toregeldi – candidate of Political Sciences, Leading Researcher-acting Professor of the Abay Research Institute of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Тұяқбаева Рабиға – филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., *Л*.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доцент м.а., Астана, Қазақстан.

Туякбаева Рабига – кандидат филологических наук, и.о. доцента Евразийского национального университета имени *Л*.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Tuyakbayeva Rabiga – candidate of Philological Sciences, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Тойбекова Салтанат – *Л*.Н.Гумилеватындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Тойбекова Салтанат – старший преподаватель Евразийского национального университета имени *Л*.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Toibekova Saltanat – senior lecturer L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.71.91
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.13

***Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ[1]**
Б.И. НУРДАУЛЕТОВА[2]
Н.Ж. БЕКЕЕВА[3]

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[1]
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан[2]
КИМЭП Университеті, Алматы, Қазақстан[3]
(E-mail: a_zhanat@mauil.ru[1]; nurdauletova@mail.ru[2]; nuraisha@kimep.kz[3])

*АЛТАЙ ОРОНИМІ МЕН ЕРТІС ГИДРОНИМІ: ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НҰСҚАЛАР ЖӘНЕ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Шығыс Қазақстан өңірінің топонимдік кеңістігінде маңызды орын алатын Алтай оронимі мен Ертіс гидронимінің пайда болу негіздері кешенді тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – аталған географиялық атауларға байланысты қалыптасқан халықтық түсініктерді ғылыми этимологиялық тұжырымдармен салыстырып, олардың тарихи, тілдік, географиялық және фольклорлық ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу материалы ретінде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 80-томына енгізілген Алтай мен Ертіс туралы топонимдік аңыздар және белгілі ономаст ғалымдардың ғылыми пікірлері алынды. Алтай атауының «алты ай» тіркесінен тарағаны жөніндегі халықтық нұсқа мен оны «ал», «алтын», «тағ», «тау» компоненттері арқылы түсіндіретін ғылыми болжамдар өзара салыстырылып талданады. Ертіс гидрониміне қатысты «өту», «иірім», «жер суы», «жерді тесіп ағатын өзен», «көлденең ағатын су» мағыналарына негізделген этимологиялық пікірлер жүйеленеді. Олардың фонетикалық, лексика-семантикалық және географиялық уәждері сараланып, дәлелді және пікірталас тудыратын қырлары көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде топонимдік аңыздардың атаудың нақты тілдік төркінін анықтаудан гөрі, халықтың табиғи кеңістік туралы түсінігін, тарихи жадын және бейнелі дүниетанымын сақтайтыны анықталды. Географиялық атауларды зерттеуде фольклорлық мәтіндерді көне жазба деректермен, салыстырмалы тілдік материалдармен сабақтастыру қажеттігі тұжырымдалды.
Кілт сөздер: топоним, ороним, гидроним, Алтай, Ертіс, топонимдік аңыз, этимология, тарихи жад.

Кіріспе. Қазақ фольклорының арналы бір саласы – топонимдік аңыздар көбінесе жер-су, елді мекен атауларының шығу төркінін халықтың дүниетанымы мен тарихи жадынан туындайтын түсініктер негізінде баяндайды. Мұндай аңыздарда белгілі бір

**Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» атты жобасы аясында әзірленді.*

тарихи оқиғалар, ел басынан өткен әлеуметтік жағдайлар, табиғи нысандардың өзіндік ерекшеліктері, мифтік түсініктер мен халықтық этимология өзара сабақтасып жатады. Сонымен қатар жекелеген сөздердің дыбыстық жағынан ұқсастығы немесе олардың мағыналық жақындығы да белгілі бір топонимнің қалыптасуын түсіндіретін уәж ретінде көрініс табады.

Топонимдік аңыздардың басты ерекшелігі – географиялық атауды жай ғана түсіндіріп қоймай, оның астарындағы халықтық танымды, тарихи-мәдени ақпаратты және ұлттық құндылықтарды жеткізуі. Аңыз желісінде нақты тарихи деректер көркем қиялмен, мифтік сюжеттермен және символдық бейнелермен ұштасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде таралады. Осы арқылы белгілі бір жердің атауы халықтың жадында сақталып, оның шығу тарихына қатысты өзіндік түсінік қалыптасады.

Қазақ топонимдік аңыздарында табиғат пен адам арасындағы байланыс та ерекше сипат алады. Таудың, өзеннің, көлдің, бұлақтың немесе қоныстың сыртқы сипаты, орналасу ерекшелігі, табиғи жағдайы халықтың сол нысанға атау беруіне негіз болуы мүмкін. Кей жағдайда топонимнің пайда болуына тарихи тұлғаларға, батырлар мен билерге, ел көші мен қоныс аударуға байланысты оқиғалар себеп болған. Сондықтан топонимдік аңыздар халықтың тарихи жадын сақтайтын фольклорлық мұра ретінде де маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, топонимдік аңыздарды зерттеу қазақ халқының кеңістік туралы түсінігін, тарихи санасын, ұлттық дүниетанымын және тілдік танымын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Жер-су атауларының аңыздық негізде түсіндірілуі халықтың туған жерге деген көзқарасын, табиғатты қабылдау ерекшелігін және белгілі бір мекенге қатысты тарихи-мәдени жадын танытады. Демек, топонимдік аңыздар – қазақтың фольклорлық мұрасын ғана емес, ұлттық тіл мен мәдениеттің өзара байланысын танытатын құнды дереккөз. С.Қасқабасов топонимдік аңыздарда атаулардың шартты болып келетінін, аңыздардағы баяндалатын оқиға белгілі бір мекенге қатысты болатынын көрсетеді [1, 19]. Ғалымның бұл тұжырымы аңызды ғылыми этимологиямен тең дәрежеде қарастырмауды алға тартады. Аңыз – белгілі бір атаудың лингвистикалық төркінін толығымен дәйектейтін нақты дерек емес, сол атаудың қалай қабылданып, қандай оқиға арқылы туындағанын көрсететін фольклорлық жанр мәтіні.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеп шығарған «Бабалар сөзі» атты жүз томдықтың 80-томында Қазақстанның әр қиырынан жинақталған топонимдік аңыздар енгізілген. Солардың ішіндегі Шығыс өңірден жиналған аңыздардың қатарында Алтай тауы және Ертіс өзені туралы материалдар ерекше орын алады. Бұл аңыздардың бірінде Алтай тауының атауын емдік шөп іздеген кейіпкердің ұзақ сапарымен байланыстырса, Ертіс өзенін Алтай атты қарттың алып та арынды ұлы ретінде баяндайды [1, 44]. Аталған аңыз нұсқаларын тілдік зерттеулердегі пайымдармен салыстыру фольклорлық және ғылыми түсіндірудің арақатынасын ашуға мүмкіндік береді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Шығыс Қазақстан өңірінің топонимдік кеңістігінде маңызды орын алатын Алтай оронимі мен Ертіс гидронимінің пайда болу негіздерін кешенді тұрғыда қарастыру мақсатында талдау, жинақтау және салыстыру әдістеріне басымдық берілді. Бұл географиялық атауларға байланысты халықтық түсініктерді ғылыми этимологиялық тұжырымдармен салыстыру, олардың тарихи, тілдік, географиялық және фольклорлық ерекшеліктерін анықтау үшін лингвистикалық тәсілдер мен тарихи-этнографиялық зерделеу әдістері де назарға алынды. Сонымен қатар, аталған топонимдердің қалыптасуына әсер еткен тарихи-мәдени үдерістер мен халық жадында сақталған аңыз-әңгімелердің мазмұны сараланды. Зерттеу барысында топонимдердің семантикалық сипаты мен тарихи-географиялық негіздері өзара сабақтастықта қарастырылып, олардың өңірдің этномәдени болмысын танытудағы мәні айқындалды.

Талқылау мен бақылау. *Алтай атауының фольклорлық негізі.*

Көне топонимдер ішінде кең таралған ежелгі атаулар қатарында Алтайдың орны ерекше. «Түркі текті топонимдер Орталық Азияда ежелгі дәуірден бері кеңінен таралған.

Орта ғасырларда олар топонимиялық қордың маңызды бөлігін құрап, қазіргі кезеңде де аймақтың топонимиялық кеңістігінде жетекші орынға ие» [2, 2263], – деген зерттеушілер пікірін мақұлдай отырып, Алтай мен Ертісті кеңінен таралған атаулар деп қараймыз.

«Жер-су атауларының сақталуы мен өзгеруі, олардың шығу төркінін анықтау – тек топонимика саласының ғана емес, тарих, этнография, археология, география және мәдениеттану ғылымдарының да ортақ зерттеу нысаны. Осы тұрғыдан алғанда, жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мен жүйелеу ел тарихының тұтастығын түсінуде үлкен маңызға ие» [3, 209] екенін ескерсек, атаулар сырын фольклорлық кеңістіктегі нұсқалармен де бірлестікте қарау маңызды болмақ..

«Бабалар сөзінің» сексенінші томындағы Алтай тауына қатысты аңызда ата-анасын емдейтін шөп іздеген жас жігіт алыс таулы өлкеге сапар шегеді. Келгеннен кейін жұрт сол жерге баратын жолды сұрағанда, жігіт күн шығысқа қарай алты ай, қайтарда тағы алты ай жүру керектігін айтады. Таудың Алтай атануы осылай баяндалады [1, 44-45]. Яғни Алтай атауы «алты ай» тіркесінен қалыптасқан атаулық тұлға ретінде түсіндіріледі.

Бұл – дыбыстық ұқсастыққа құрылған халықтық этимология. «Алты ай» тіркесінің құрамындағы екі сөздің бірігуі арқылы «Алтай» атауының пайда болуы фонетикалық тұрғыда қисынды болғанымен, атаудың осы оқиғадан шыққанын растайтын тарихи жазба, яки нақты дәйек ұсынылмайды. Оның үстіне Алтай атауы қазақ тілі кеңістігімен ғана шектелмей, Ресей, Моңғолия және Қытай аумағындағы көне географиялық атау ретінде қолданылатыны белгілі. Сондықтан аңыздағы түсіндіру атаудың шынайы этимологиясы емес, ұзақ жол мен шалғай мекен туралы халық түсінігін көркем жеткізетін кейінгі фольклорлық уәж деп бағаланады.

Бұл аңыздың танымдық өзегі – Алтайдың қашықтығы мен ондағы шөптің емдік қуаты. Жігіттің шипалы өсімдікті табуы тау кеңістігін қасиетті, табиғи байлыққа толы мекен ретінде танытады. Ал «алты айлық жол» географиялық қашықтықтың дәл өлшемі емес, фольклорлық-эпикалық суреттеуге тән гиперболалық әсірелеу қызметін атқарады. Осылайша аңыз атауды түсіндірумен қатар, Алтайдың шалғайда орналасқан әрі шипалы өлке ретіндегі мәдени бейнесін қалыптастырады. Фольклор туындыларында кейіпкердің мұратына жетуі үшін ұзақ та қиын сапарды еңсеруін баяндайтын мотив тұрақты формула. Алты айшылық жол – ең ұзақ сапар, сол жерде арман орындалатын зат немесе басқа да бір нысан міндетті түрде болады деген сенім мәдени код ретінде танымдық жадымызға орныққан.

Мифологиялық-фольклорлық таным тұрғысынан келсек, алты айшылық жол – георгафиялық қашықтықты ғана емес, кейіпкердің рухани қалыптасуын, ерлік және сынақ жолын білдіретін ұғым. Бұл – қарапайым пенденің күнделікті мекенінен тыс, ерекше бір кеңістікке бастайтын ұзақ сапардың өлшемі болмақ. Фольклор туындысындағы бас қаһарман ұзақ сапарға шыққанда тек қашықтықты ғана еңсермейді, түрлі сынақтардан өтіп, ысылады, рухани тұрғыда кемелденеді, даналық ілімді меңгереді, мақсатына жетеді. Яғни алты айшылық жол – адамның рухани жетілуіндегі саты немесе өткел.

Мифтік танымнан бастау алған «алты айшылық жол» қазақтың дәстүрлі танымында ұзақ қашықтықтың, салмақты, ауыр сынақтың және қаһармандық сапардың мифопоэтикалық символы болып табылады. Бұл сөзімізге мысалды фольклорлық мұра санатындағы Едіге батыр туралы аңыздан, «Кер құла атты Кендебай» ертегісінен және «Шора батыр» жырынан келтіруге болады.

Едіге батыр туралы тарихи аңызда екі жігіт қыранның балапанын іздеп шығады. Алты айшылық жол жүріп, қыранның балапанын алып келеді [4, 254]. Қыран құс – түркі дүниетанымында еркіндіктің тектіліктің нышаны. Алты айшылық жол жүріп оның балапанын әкелу – киелі құсты табу жолындағы сынақ.

«Шора батыр» жырында бір перзентке зар болып, әулиеден әулиеге түнеген Нәрік пен әйелінің сапарының ұзақтығы мен қиындығы «алты айшылық жол жүріп, ап шыққан малын

тауысты» [5, 245], – деп суреттеледі. Бұл алты айшылық жол мифологиялық танымен астасқан. Кейіпкерлер өз мекендерінен алыстайды әрі мал-мүлкі, азығы таусылып, жол азабын тартып қиналады. Сөйтіп барып киелі кеңістікке өтеді. Оны алдымен Құлқаныс бәйбіше аңғарады. Осылайша әулиенің аянымен Шора батырдың дүниеге келетіні туралы хабар алады. Бұндағы алты айшылық жол – ұлы мақсатқа жетудегі рухани тазару және сол үшін ауыр сынақтан өту жолы. Әулиенің алты айшылық жолдан кейін ғана көрінуі уақыт пен кеңістіктің сакралды сипат алғанын танытады.

Қырғыздың «Манас» эпосының бір үзіндісі «Көкетай ханның ертегісінде» Мәнекер деген тұлпардың жүйріктігі де алты айшылық жол формуласымен айқындалады: «Алты айшылық жол басса //Айлық табына келетін». Ең жүйрік аттардың бәйгеге айдалатын жолы да осы формуламен «Әрі барса – алты айға// Бері келсе – алты айға» [6], – деп көрсетіледі. Бұл жерде алты айшылық жол эпикалық әсірелеу түрінде қолданылады. Сол алты айшылық жолды өте қысқа уақытта еңсеретін Мәнекер тұлпар қарапайым пенде мінер жай ат емес, батырдың сенімді серігі, киелі жануар, уақыт пен кеңістікті бағындыратын ғажайып күшке ие тұлпар. Алты айшылық жолды алты сағатта алу шарты «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде де айтылады.

Әрине, «алты айшылық жол» формуласы бұл аталған шығармалармен шектелмейтінін ескерте кетейік. Ол фольклордағы тұрақты формулалардың бірі.

Алтай туралы аңыз нұсқасының әуелді қалпы көлемді прозалық баян немесе дастан түрінде болуы да мүмкін. Уақыт өте келе ауызша баяндау дәстүрінде ұзын-сонар фабуласы ғана сақталып, «алты айшылық жол» формуласына сығымдалған аңыздық қалпының қатпарларына үңілсек, сөзімізге дәлел табуға болады. Кейіпкердің қарт емші нұсқаған бағытта ұзақ жол жүруі таудың киелі кеңістікте орналасқанын, онда өсетін шөптердің адам өмірі үшін таптырмайтын емдік қасиетін алға тартады. Яғни бұл сапар – кейіпкер үшін рухани сынақ жолы. Алтай тауына жету үшін еңсерілетін қашықтық – белгілі бір мақсатқа жету үшін кейіпкердің орындайтын шарты. Алтай тауының халық танымындағы киелілік, көнелік сипаты осылайша «алты айшылық жолмен» байланыстырылады.

«Алты айшылық жол» формуласын қаһарманды күнделікті тұрмыстық кеңістіктен киелі де тылсым екінші әлемге алып баратын, ұзақтығымен инстанциядан өткізетін мифопоэтикалық қашықтық өлшемі деп сараласақ, киелі шөпті іздеп тауға сапар шеккен жігіттің осы жолды еңсеріп, мақсатына жетуі, ол барған таудың Алтай атануы халықтық танымдағы таудың киелілігін, рухани тазару орны екендігін айшықтай түседі.

Алтай оронимінің этимологиясы.

Географиялық тұрғыдан алғанда Алтай – қазіргі Қазақстан, Қытай, Моңғолия және Ресей аумақтарының түйіскен жерінде орналасқан тау жүйесі. Алтай ежелгі заманнан бері түркі халықтарының этногенезі мен алғашқы мемлекеттік құрылымдарының қалыптасуында ерекше орын алған тарихи-географиялық кеңістік ретінде танылады. Сонымен қатар Алтай арқылы Ертіс аңғары, Жоңғария және Моңғол үстірті бағытындағы көші-қон және сауда жолдары өткен. Қытай тарихи деректерінде («Чжоу шу» (周書), «Суй шу» (隋), «Цзю Тан шу» (舊唐書), «Синь Тан шу» (新唐書) және кейінгі Цин дәуірінің еңбектерінде) тау жүйесі 阿尔泰山 (Ā'ěrtài Shān) атауымен кездеседі.

Араб және парсы тарихи-географиялық әдебиетінде Алтай *Altāy* атауымен белгілі. Рашид ад-Дин, Жувейни, Хамдаллах Казвини және басқа авторлар бұл өңірді найман, керей, қоңырат және басқа түркі-моңғол тайпаларының тарихи мекені ретінде сипаттайды. Қытай картографиясында 阿尔泰山 *(Ā'ěrtài Shān)* атауы қолданылса, араб және парсы карталарында *Altāy* атауы сақталған. XVI–XIX ғасырлардағы еуропалық карталарда *Altai Mountains, Altay, Altai* немесе *Montes Altai* атауларымен белгіленіп, оның Ертіс алабы мен Моңғол үстіртіне жалғасатын табиғи шекаралары нақты көрсетілген [7].

Қазіргі ғылыми талдаулардың көпшілігінде *Алтай* атауы көбіне көне түркілік «*алтын/ал*» және «*тағ/тау*» сөздерімен байланыстырылады. Тілші ғалым Т.Жанұзақ

Э.В.Севортянның этимологиялық деректеріне сүйеніп, бірінші сыңардағы *ал* тұлғасының көне түркі тілдерінде «қызыл», «қызғылт», «алтын түсті» мағыналарын білдіргенін [8; 142], екінші сыңардағы *тай* формасының *тағ/тау* сөзінің фонетикалық өзгерген нұсқасы болуы мүмкін екенін көрсетеді [9, 143]. Бұл жағдайда *Алтай* «алтын түсті тау» немесе «алтын тау» деген мағына береді.

Атаудың екінші компонентін *таг* > *тай* өзгерісі арқылы түсіндіру түркі тілдеріндегі тарихи дыбыс алмасуларына негізделеді: сөз соңындағы ғ/г дыбысының әлсіреуі немесе жарты дауысты й-ге ауысуы бірқатар сөздерден байқалады. Алайда бұл талдауды қабылдау үшін Алтай тұлғасының тарихи жазба нұсқаларын және көршілес тілдердегі формаларын тұтас салыстыру қажет. Сондықтан «*ал + тай*» жіктелімі дәлелді ғылыми бағыт болғанымен, оны да біржола шешілген этимология деп емес, тарихи-фонетикалық уәжі бар басым болжам деп көрсету дұрыс.

В.В.Бартольдке телінетін пікірде көне жазба дәстүріндегі «Алтын йыш», «Алтын тағ», «Алтын тау» формаларына назар аударылады. Орхон жазбаларында йыш сөзі орманды тау, тау жотасы ұғымын берген. Осы деректер Алтайдың ертедегі атауы «Алтын тау» сипатында болған, кейін өзге тілдік ортада ықшамдалып Алтай тұлғасына түскен деген тұжырымға негіз болады [10, 10]. Бұл бағыт та атаудың семантикалық өзегін «алтын» ұғымынан іздейді.

Е.Қойшыбаев атаудағы -тай/-тей тұлғасын түркі орографиялық лексикасындағы «тау» мағынасымен сабақтастырады [11]. Ә.Нұрмағамбетов болса, Алтайды «биік тау» мағынасында түсіндіреді [12]. Бұл пікірлердің ортақ жағы – атаудың негізгі уәжін жер бедерімен байланыстыруы. Айырмашылығы: бірінші бағыт түс пен бағалы металл семантикасын, екінші бағыт таудың биіктігін негізгі белгі деп санайды.

Түсіндіру бағыты	**Мағынасы**	**Ғылыми бағасы**
Фольклорлық нұсқа	алты ай > Алтай; шалғай мекенге ұзақ сапар	Дыбыстық ұқсастыққа негізделген халықтық этимология; тарихи-фонетикалық дәлелі жоқ.
Түркілік этимология	ал/алтын + тағ/тау → «алтын түсті тау», «алтын тау»	Семантикалық және тарихи-фонетикалық уәжі бар; көне жазба формалармен салыстыруды қажет етеді.
Тарихи атау сабақтастығы	Алтын йыш / Алтын тағ / Алтын тау → Алтай	Жазба деректердегі тау атауларымен мағыналық сабақтастық көрсетеді.
Орографиялық түсіндіру	-тай/-тей ≈ тау; «биік тау»	Нысанның географиялық сипатына сүйенеді, бірақ бірінші компоненттің төркінін толық ашпайды.

Нәтижелер. *Алтай атауына қатысты қорытынды талдау.*

Алтай атауының ғылыми түсіндірмелерінің ішінен «алтын/ал + тағ/тау» үлгісі салыстырмалы түрде негіздірек көрінеді. Біріншіден, ол көне түркі тілдерінің лексикалық және фонетикалық мүмкіндіктеріне сүйенеді. Екіншіден, *Алтын йыш, Алтын таг, Алтын тау* тәрізді тарихи формалармен семантикалық байланыс жасайды. Үшіншіден, тау атауының кең түркі-моңғолдық ареалда таралуын бір ғана қазақ тіліндегі «алты ай» тіркесі арқылы түсіндіруге келмейді. Сол себепті аңыздық нұсқаны тарихи этимологиядан ажыратып, оның фольклорлық-көркемдік құндылығын дербес бағалау қажет.

Ертіс туралы аңыздардың мазмұндық сипаты

«Бабалар сөзінде» Ертіске қатысты екі нұсқа берілген. Бірінші мәтіннің мифтік-әпсаналық сипаты басым. Алтай қарттың тау шатқалындағы тамшы судан туған мұздай ұлы сағат сайын өсіп, алып күшке ие болады. Ол тау аңғарларын бұзып, жартастарды тесіп ағады. Осы әрекетіне байланысты кейіпкер Жертесер – Ертіс аталады. Кейін Алтайдан босап шыққан өзен кең далаға жетіп, Обьпен қосылады [1, 105].

Бұл мәтінде өзен адам бейнесінде кейіптелген: Алтай – әке, Ертіс – еркіндікке ұмтылған ұл, Обь – оны күткен сұлу. Аңыз нақты гидрографиялық шындықты көркем модельге айналдырады. Ертістің Алтайдан басталып, тау шатқалдарын жарып өтуі, жазыққа шыққаннан кейін Обь өзеніне қосылуы сюжеттік оқиға түрінде бейнеленеді. «Жертесер» түсіндірмесі атаудың дыбыстық құрамын жер + тес етістігімен жақындастырады. Бұл да ғылыми этимологиядан гөрі өзеннің арна жасаушы күшін сипаттайтын халықтық уәж.

Екінші нұсқада жаугершілік кезінде өзен жағасына келген қалмақ қолбасшысы әскеріне «Ертіс», яғни «аялда» деп бұйрық береді; содан өзен осылай аталған делінеді [1, 106]. Бұл мәтінде кірме тілдегі бұйрық сөз атаудың негізі ретінде ұсынылады. Алайда сөздің қай тілдік тұлғадан шыққаны және тарихи қолданысы көрсетілмейді. Сондықтан нұсқа тарихи-лингвистикалық дәлел емес, қазақ-қалмақ қарым-қатынасының халық жадындағы көрінісі ретінде бағалануы керек.

Ертіс гидронимінің этимологиялық болжамдары

Ертіс – Еуразиядағы өте көне гидронимдердің бірі. Мұндай атаулар бірнеше тілдік дәуірден өтіп, әр халықтың дыбыстауына бейімделуі мүмкін. Сондықтан оның құрамын қазіргі қазақ тіліндегі тұлғалармен тікелей байланыстыру әрдайым сенімді нәтиже бермейді. Б.Бияров бұрынғы зерттеулердегі онға жуық нұсқаны жинақтап, гидронимнің құрылымын фонетикалық және семантикалық жағынан салыстырады [13, 96].

Махмұд Қашқари сөздігінде «Ертішті» тұлғасы «бәсекелесіп өтісті» мағынасындағы етістікпен сабақтастырылады [14, 273]. Бұл пікір өзеннен өту әрекетін атаудың негізіне шығарады. Ертістің кең, ағыны қатты өзен болуы және көне жорық жолдарында одан өту үлкен кедергі туғызуы осындай семантиканы уәждейді. Дегенмен өзен атауының етістік тұлғасынан жасалғанын дәлелдейтін аралық тарихи пішіндер жеткіліксіз болғандықтан, зерттеушілер бұл түсіндіруді халықтық этимологияға жақын деп бағалайды.

П.П.Семенов-Тянь-Шанский атауды *ir* – «жер» және *тыш/тіс* – «қазу» топоформанттарымен байланыстырған [15, 355]; В.В.Бартольд Гардизиге сүйеніп, *артуш/эртюш* тұлғасын «адам, төмен түс» мағынасында түсіндіреді [16, 96]; А.П.Дульзон кет тіліндегі
«өзен» мағынасын беретін *ir* және *ses* компоненттерінің қосындысын ұсынады [17, 12]. Бұл нұсқалар гидронимнің бір тіл аясында емес, түркі және көне Сібір тілдерінің байланысы жағдайында қалыптасуы мүмкін екенін көрсетеді.

Э.М.Мурзаев *ир/иір* тұлғасын қазақ тіліндегі *иірім*, түрік тіліндегі *ırmak* және өзбек тіліндегі *ирмоқ* сөздерімен салыстырып, екінші компонентті кет тіліндегі ses/šes – «өзен» сөзімен байланыстырады [18, 288]. А.Әбдірахманов та *ир/ер* – «иір» және *сес/шеш/тес/тыш* – «өзен, су» компоненттерінен «иір өзен» мағынасын шығарады [19, 93]. Бұл бағыттың артықшылығы – өзен арнасының иірімді сипатын гидронимнің семантикалық уәжі ретінде көрсетуі. Алайда әртүрлі тілдердің бөлшектерін бір атау құрамында біріктіру үшін тарихи тілдік байланыс пен көне формаларды қосымша дәлелдеу қажет.

Т.Жанұзақ *jer* – «жер» және *ic/mic* – «өзен» компоненттері арқылы Ертісті «жер суы», «жерден шыққан өзен» мағынасында түсіндіреді [8, 96]. Б. Бияров атауды *ер + ит + іс* түрінде үш көне түбірге ажыратады: ер – «көлденең», іт – «өтетін, ағатын», іс – «су, өзен». Осыдан «құрлықты көлденең кесіп ағатын өзен» деген мағына шығарады [13, 97]. Автор бұл пайымын Ертістің кең аумақты кесіп ағуы және көне жолдарда одан өту қиындығымен байланыстырады.

Р.Рамстедттің «қатал, ашулы, тасқынды өзен» түсіндірмесі топонысанның ағыс сипатына сай келеді [20, 39].

Ертіс атауына қатысты талдауларды салыстыра қарап көрейік:

Автор/бағыт	Ұсынылған құрылым	Мағынасы және бағасы
М. Қашқари	ертіш- / «өтісу» етістігі	Өзеннен өту әрекетімен уәжделеді; тарихи аралық формалар жеткіліксіз.
П.П. Семенов	ir «жер» + тыш/тіс «қазу»	«Жер қазушы» сипаты; компоненттердің мағынасы қосымша дәлелді қажет етеді.
А.П. Дульзон	кет. ir + ses «өзен + өзен»	Түркі атауындағы көне топоформантты кет тіліне тән субстратпен байланыстыру; көне кет тілі мен көне түркі тілдері арасындағы тарихи байланыс пен фонетикалық ауысу дәлелденуі тиіс.
Э.М. Мурзаев, А. Әбдірахманов	ир/иір + ses/шеш/тыш «өзен»	«Иір өзен»; географиялық сипаты сәйкес, бірақ аралас тілдік құрам дәлелдеуді қажет етеді.
Т. Жанұзақ	jer «жер» + іс/тіс «өзен»	«Жер суы», «жерден шыққан өзен»; көне гидронимдік формантқа сүйенеді.
Б. Бияров	ер «көлденең» + іт «ағатын» + іс «су»	«Көлденең ағатын өзен»; семантикалық уәжі бар авторлық реконструкция.
Фольклорлық нұсқа	жер + тес → Жертесер–Ертіс	Өзеннің шатқалды бұзып ағуын бейнелейтін халықтық этимология.

Ертіс атауына қатысты қорытынды талдау

Ертіс гидронимінің этимологиясы жөніндегі пікірлерді үш топқа бөлуге болады. Бірінші топ атауды түркі тілдеріндегі өту, ағу, иіру әрекеттерімен байланыстырады. Екінші топ гидроним құрамынан «су, өзен» мағынасындағы көне формантты іздейді. Үшінші топ түркі және кет тілдік компоненттердің тоғысуын ұсынады. Барлық бағыт өзеннің нақты қасиеттеріне – қатты ағысқа, иірімге, құрлықты кесіп өтуге және шатқалды бұзуға сүйенеді. Бірақ көне жазба нұсқалар мен жүйелі фонетикалық сәйкестіктер толық анықталмағандықтан, олардың біреуін түпкілікті этимология деп тануға ерте.

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, атауды өзеннің «өту/кесіп өту» сипаты немесе «иір өзен» мағынасымен байланыстыратын түркілік нұсқалар семантикалық жағынан түсінікті. Ал кет тілдік ses/šes компонентіне негізделген пайымдар Ертіс алабындағы көне тілдік субстрат ықтималдығын көрсетеді. Ғылыми сақтық қағидасы бойынша мәтінде «осылай шыққан» деген кесімді тұжырым орнына «байланыстырылады», «болжанады», «ықтимал» тәрізді формаларды қолдану орынды.

Алтай мен Ертіс атауларының фольклорлық бірлігі

Алтай және Ертіс туралы аңыздар біртұтас кеңістік моделін жасайды. Алтай – байлықты сақтаушы қарт, Ертіс – оның қойнауынан туған, еркіндікке ұмтылған ұл. Географиялық тұрғыдан Ертістің бастау аймағы Алтай тау жүйесімен байланысты болса, фольклор осы табиғи байланысты туыстық қатынасқа айналдырады. Тау тұрақтылық пен қорды, өзен қозғалыс пен өмір таратушы күшті білдіреді. Алтай тауының қарт әке тұлғасында еркіндікке ұмтылған ұрпағы Ертіске алаңдауының өзегінде тамырдан ажырамай тіршілікті жалғау ұғымы жатыр. Биік тау мен асау өзеннің саналы тіршілік иелері ретінде кейіптелуі мифтік-фольклорлық дәстүрдің заңдылығы деуге болады. Жаратылыстың бастауында су (әлем мұхиты) тұрса, сол судың көтеріліп шығатын төбе – тау жер мен аспан арасын жалғастыратын тылсым нысан, киелі орын ретінде танылады. Тау мен су биіктік пен тереңдіктің, ұлылық пен тазалықтың тұрақты символына айналғаны белгілі. Көне Қытай мифологиясы жинақталған «Таулар мен теңіздер» атты жазбада бұл екі табиғат нысаны тылсым киесімен суреттеледі. Мысыр мифтік баяндарында Нун атты кәрі мұхиттан бір төбе көтеріліп шығады. Қазақ аңыздарындағы Алтай мен Ертістің бірлігі осы көне жалпы адамзатқа ортақ танымның бір жаңғырығы. Биік тау мен арынды асау өзеннің байланысын әкесі мен баласы ретінде сипаттау екі нысанның бір тамырын танытудың тәсілі.

Аңыз нұсқалары әр түрлі баяндарды алға тартады. Солардың бірінде Алтай атауын «алты айлық жолмен», Ертісті «жер тесумен» түсіндіру ғылыми этимологияға сәйкес келмеуі мүмкін. Соған қарамастан бұл баяндар нысандардың халық үшін маңызды белгілерін дәл көрсетеді. Яғни Алтай – адам өміріне нәр берер шипалы шөп өсетін алыстағы асқар тау, Ертіс – ағыны қатты, асау, қуатты әрі бөгет бұзар өзен. Демек, фольклорлық этимология сөздің тарихи түбірін емес, нысанның мәдени семантикасын сақтайды.

Қорытынды. Алтай мен Ертіс – шығу төркіні бірнеше ғылыми болжамға негіз болған көне географиялық атаулар. Алтайға қатысты «алты ай» нұсқасы халықтық этимология болып табылады; ал «ал/алтын + тағ/тау» және «Алтын йыш – Алтын тағ – Алтын тау» сабақтастығына негізделген түсіндірулер тарихи-лингвистикалық жағынан салмақтырақ. Дегенмен атаудың түркі және моңғол тілдеріндегі формаларын, ең ерте жазба фиксацияларын салыстырмай, мәселені толық шешілді деп айтуға болмайды.

Ертіс атауына қатысты пікірлердің көптігі гидронимнің аса көнелігін танытады. Оны «өту», «иірім», «жер суы», «көлденең ағатын су» немесе кет тіліндегі «өзен» компоненттері арқылы түсіндірудің әрқайсысында белгілі бір семантикалық негіз бар. Бірақ аралас тілдік құрамды немесе үш түбірлі реконструкцияны қабылдау үшін тұрақты фонетикалық сәйкестік пен тарихи жазба дәлел қажет. Сондықтан Ертіс этимологиясы ғылыми әдебиетте әлі де пікірталасты мәселе ретінде қалуда.

Алтай мен Ертіс біртұтас мифопоэтикалық жүйені құрайтынын аңыз баяндарынан көреміз. Тау – биіктік пен тұрақтылықтың, киелі орталықтың нышаны болса, су – тіршіліктің, қозғалыстың және өтпелі уақыттың нышаны. Ертістің Алтайдан бастау алу баяны тіршіліктің қаситті нүктеден таралатынына мегзейді. Яғни Алтай – өмірлік қуатты сақтаушы кеңістік болса, Ертіс – сол қуатты таратушы арна.

Топонимдік аңыз бен ғылыми этимологияны бір-біріне қарсы қоймай, олардың топонысанды танудағы қызметін ажыратып зерттеу нәтижелі. Ғылыми этимология атаудың бастапқы тілдік тұлғасын, семантикалық негізін және тарихи қалыптасу жолын ғылыми деректерге сүйене отырып қалпына келтіруге ұмтылса, аңыз халықтың жер мен суға қатысты тарихи жадын, бейнелі ойлауын және кеңістікті игеру тәжірибесін жеткізеді. Осы тұрғыдан алғанда, топонимдік аңыздың негізгі қызметі атаудың нақты этимологиясын дәлелдеу емес, белгілі бір географиялық нысанның халық санасында қалай қабылданғанын және оның қандай мәдени мәнге ие болғанын таныту болып табылады.

Аңыздық түсіндірулерде тарихи шындық пен көркемдік қиял, мифтік түсінік пен халықтық пайым өзара астасып келеді. Сондықтан аңыз мәтініндегі әрбір деректі тарихи факт ретінде қабылдау дұрыс емес. Дегенмен олардың мазмұнында белгілі бір жерге байланысты оқиғалар, тарихи тұлғалар, халықтың көші-қоны, табиғи ерекшеліктер және әлеуметтік жағдайлар туралы мәдени-тарихи ақпарат сақталуы мүмкін. Бұл ерекшелік топонимдік аңыздарды халықтың тарихи жадын зерттеудің маңызды дереккөздерінің біріне айналдырады. Сонымен қатар ғылыми этимология мен фольклорлық этимологияны салыстыра зерттеу атаудың қалыптасуындағы тілдік және экстралингвистикалық факторларды айқындауға мүмкіндік береді. Бір атауға қатысты ғылыми және аңыздық нұсқалардың қатар өмір сүруі халықтың белгілі бір топонимді қабылдау ерекшелігін көрсетеді. Аңыздың өміршеңдігі оның тарихи дәлдігімен ғана емес, халықтың дүниетанымы мен мәдени санасына сәйкестігімен де байланысты. Демек, топонимдік аңыз бен ғылыми этимологияны сабақтастыра қарастыру жер-су атауларының табиғатын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Бірі атаудың тілдік және тарихи негізін анықтауға бағытталса, екіншісі сол атаудың халық жадындағы көркемдік, мәдени және танымдық мазмұнын айқындайды. Екі бағытты өзара толықтырушы зерттеу әдісі ретінде қарастыру қазақ топонимдерінің қалыптасу тарихын, семантикасын және ұлттық-мәдени мәнін тереңірек түсінуге жол ашады.

Әдебиеттер

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 80: Топонимдік аңыздар. – Астана: Фолиант, 2011. – 416 б.

2. Koshimova B. A., Nurdauletova B.I., Kenbayeva A.Z., Abisheva Sh.S., Otarova A.N. (2026). Ancient "Toponyms as Historical Witness: Linguistic Reconstruction of Turkic Place Names in Eastern Chronicles". Theory and Practice in Language Studies, Vol. 16, No. 7. – P. 2260-2267. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1607.09;https://www.scopus.com/pages/publications/105044169024?origin=resultslist

3. Бекеева Н., Нұрдаулетова Б., Аймұхамбет Ж. Шығыс Түркістан аймағы географиялық атауларының батыстық зерттеу корпусындағы түркілік дереккөздік репрезентациясы мен ғылыми интерпретациясы //«Қазақстан шығыстануы». –№ 4, том 16. – 2025. – Б. 209-217. DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2025.4.209

4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 85: Тарихи аңыздар. – Астана: Фолиант, 2012. – 416 б.

5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 45: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – 464 б.

6. Көкетай ханның ертегісі. https://bilim-all.kz/olen/10102-koketai-hannyn-ertegisi. (Қаралған уақыты: 20.07.2026).

7. Нұрдәулетова Б.И., Низаматдинова Ж.С. Алиаскаров Д.Т., Лайсхан Ш.У., Исаков Е., Жоя Қ. Тарихи карталардағы түркі топонимдері (карталар каталогы). – Алматы: TURAN, 2025. – 80 б.

8. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 532 б.

9. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: общетюркские и межтюркские основы на гласные. – М.: Наука, 1974. 768 с.

10. Бартольд В.В. Сочинения. Т. II, ч. 1: Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. – М.: Издательство восточной литературы, 1963.

11. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. 256 б.

12. Нұрмағамбетов Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты. – Алматы: Ғылым, 1994. 245 б.

13. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. 431 б.

14. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық. – Алматы: ХАНТ, 1997.

15. Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Т. 18: Киргизский край / под ред. В.П. Семенова-Тян-Шанского; под общ. руководством П.П. Семенова-Тян-Шанского и В.И. Ламанского; сост. А.Н. Седельников, Л.П. Осипова, А.Н. Букейханов и др. Санкт-Петербург: А.Ф. Девриен, 1903. – 478 с.

16. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья // Сочинения. Т. II, ч. 1. – М.: Издательство восточной литературы, 1963. С. 21–106.

17. Дульзон А.П. Этнический состав древнего населения Западной Сибири по данным топонимики. – М.: Наука, 1960. 328 с.

18. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. Москва: Мысль, 1984. 653 с.

19. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. 204 б.

20. Ramstedt G.J. Etymologie des Namens Oirāt // Сборник в честь семидесятилетия Г.Н. Потанина. – Санкт-Петербург, 1909. С. 35–47.

Ж. А. АЙМУХАМБЕТ
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Б. И. НУРДАУЛЕТОВА
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан
Н. Ж. БЕКЕЕВА
Университет КИМЭП, Алматы, Казахстан

ОРОНИМ АЛТАЙ И ГИДРОНИМ ИРТЫШ: ФОЛЬКЛОРНЫЕ ВЕРСИИ И ЭТИМОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются основы происхождения оронима Алтай и гидронима Иртыш, занимающих важное место в топонимическом пространстве Восточного Казахстана. Цель исследования — сопоставить сформировавшиеся в народном сознании представления, связанные с данными географическими названиями, с научными этимологическими концепциями, а также определить их исторические, языковые, географические и фольклорные особенности.

Материалом исследования послужили топонимические легенды об Алтае и Иртыше, вошедшие в 80-й том стотомного издания «Бабалар сөзі» («Слово предков»), а также научные мнения известных учёных-ономастов. Сопоставляются и анализируются народная версия о происхождении названия Алтай от словосочетания «алты ай» («шесть месяцев») и научные гипотезы, объясняющие его посредством компонентов «ал», «алтын», «тағ», «тау». Систематизированы этимологические точки зрения на происхождение гидронима Иртыш, основанные на значениях «переходить», «водоворот», «земная вода», «река, прорезающая землю», «вода, текущая поперёк». Рассмотрены их фонетические, лексико-семантические и географические мотивировки, выявлены аргументированные и дискуссионные аспекты.

В результате исследования установлено, что топонимические легенды не столько раскрывают точное языковое происхождение названия, сколько сохраняют народные представления о природном пространстве, историческую память и образное мировосприятие. Сделан вывод о необходимости при изучении географических названий рассматривать фольклорные тексты во взаимосвязи с древними письменными источниками и сравнительно-языковыми материалами.

Ключевые слова: топоним, ороним, гидроним, Алтай, Иртыш, топонимическая легенда, этимология, историческая память.

J.A. AIMUKHAMBET
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
B.I. NURDAULETOVA
Caspian University of Technology and Engineering named after S. Yesenova, Aktau, Kazakhstan
N. J. BEKEEVA
KIMEP University, Almaty, Kazakhstan

THE ORONYM ALTAI AND THE HYDRONYM IRTYSH: FOLKLORE VERSIONS AND ETYMOLOGICAL ANALYSIS

Annotation. The article examines the origins of the oronym Altai and the hydronym Irtysh, which occupy an important place in the toponymic landscape of East Kazakhstan. The study aims to compare popular interpretations of these geographical names with scholarly etymological theories and to identify their historical, linguistic, geographical, and folkloric features.

The research is based on toponymic legends about the Altai and the Irtysh included in Volume 80 of the one-hundred-volume collection *Babalar Sözi* (*The Words of the Ancestors*), as well as the works of prominent onomasticians. The folk interpretation deriving Altai from *alty ai* (“six months”)

is compared with scholarly hypotheses linking the name to the components *al*, *altyn*, *tağ*, and *tau*. Interpretations of the hydronym Irtysh based on the meanings "to cross," "whirlpool," "water of the land," "a river cutting through the earth," and "water flowing crosswise" are systematised and evaluated.

The findings show that toponymic legends preserve popular perceptions of natural space, historical memory, and an imaginative worldview rather than reveal the exact linguistic origins of place names. The study emphasises the need to examine folklore alongside ancient written sources and comparative linguistic evidence.

Keywords: toponym, oronym, hydronym, Altai, Irtysh, toponymic legend, etymology, historical memory.

References

1. Babalar sözı: Jüz tomdyq. T. 80: Toponimdık añyzdar. – Astana: Foliant, 2011. – 416 b.
2. Koshimova B. A., Nurdauletova B.I., Kenbayeva A.Z., Abisheva Sh.S., Otarova A.N. (2026). Ancient "Toponyms as Historical Witness: Linguistic Reconstruction of Turkic Place Names in Eastern Chronicles". Theory and Practice in Language Studies, Vol. 16, No. 7. – P. 2260-2267. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1607.09;https://www.scopus.com/pages/publications/105044169024?origin=resultslist
3. Bekeeva N., Nūrdauletova B., Aimūhambet J. Şyğys Türkıstan aimağy geografialyq ataularynyñ batystyq zertteu korpusyndağy türkılık derekközdık reprezentasiasy men ğylymi interpretasiasy //«Qazaqstan şyğystanuy». – № 4, tom 16. – 2025. – B. 209-217. DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2025.4.209
4. Babalar sözı: Jüztomdyq. T. 85: Tarihi añyzdar. – Astana: Foliant, 2012. – 416 b.
5. Babalar sözı: Jüz tomdyq. T. 45: Batyrlar jyry. – Astana: Foliant, 2007. – 464 b.
6. Köketai hannyñ ertegısı. https://bilim-all.kz/olen/10102-koketai-hannyn-ertegisi. (Qaralğan uaqyty: 20.07.2026).
7. Nūrdäuletova B.İ., Nizamatdinova J.S. Aliaskarov D.T., Laishan Ş.U., İsakov E., Joia Q. Tarihi kartalardağy türkı toponimderı (kartalar katalogy). – Almaty: TURAN, 2025. – 80 b.
8. Janūzaq T. Qazaq onomastikasy. Ataular syry. 3. – Almaty: Daik-Pres, 2007. 532 b.
9. Sevortän E.V. Etimologicheski slovär türkskih iazykov: obşetürkskie i mejtürkskie osnovy na glasnye. – M.: Nauka, 1974. 768 s.
10. Bartöld V.V. Sochinenia. T. II, ch. 1: Obşie raboty po istorii Srednei Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoi Evropy. – M.: İzdatelstvo vostochnoi literatury, 1963.
11. Qoişybaev E. Qazaqstannyñ jer-su attary sözdığı. – Almaty: Mektep, 1985. 256 b.
12. Nūrmağambetov Ä. Jer-sudyñ aty – tarihtyñ haty. – Almaty: Ğylym, 1994. 245 b.
13. Biarov B. Qazaq toponimderınıñ tiptık ülgıleri. – Astana: Ş. Şaiahmetov atyndağy Tılderdı damytudyñ respublikalyq üilestıru-ädıstemelık ortalyğy, 2013. 431 b.
14. Qaşqari M. Türık tılınıñ sözdığı (Diuani lūğat-it-türık): 3 tomdyq. – Almaty: HANT, 1997.
15. Rosia. Polnoe geograficheskoe opisanie naşego Otechestva. T. 18: Kirgizski krai / pod red. V.P. Semenova-Tän-Şanskogo; pod obş. rukovodstvom P.P. Semenova-Tän-Şanskogo i V.İ. Lamanskogo; sost. A.N. Sedelnikov, L.P. Osipova, A.N. Bukeihanov i dr. Sankt-Peterburg: A.F. Devrien, 1903. – 478 s.
16. Bartöld V.V. Ocherk istorii Semirechä // Sochinenia. T. II, ch. 1. – M.: İzdatelstvo vostochnoi literatury, 1963. S. 21–106.
17. Dülzon A.P. Etnicheski sostav drevnego naselenia Zapadnoi Sibiri po dannym toponimiki. – M.: Nauka, 1960. 328 s.
18. Murzaev E.M. Slovär narodnyh geograficheskih terminov. Moskva: Mysl, 1984. 653 s.
19. Äbdırahmanov A. Toponimika jäne etimologia. – Almaty: Ğylym, 1975. 204 b.
20. Ramstedt G.J. Etymologie des Namens Oirāt // Sbornik v chest semidesätiletia G.N. Potanina. – Sankt-Peterburg, 1909. – S. 35–47.

Авторлар туралы мәлімет:

Аймұхамбет Жанат Әскебекқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Аймухамбет Жанат Аскебеккызы – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Aimukhambet Zhanat Askebekkyzy – Doctor of Philological Sciences, Professor of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Нұрдаулетова Бибайша Ільясовна – филология ғылымдарының докторы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар мен инженерлік университетінің туризм және тілдер факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Ақтау, Қазақстан.

Нурдаулетова Бибайша Ильясовна – доктор филологических наук, профессор кафедры казахской литературы, факультета туризма и языков Каспийского университета технологий и инженерии имени Ш.Есенова, Актау, Казахстан.

Nurdauletova Bibaisha Ilyasovna – Doctor of Philological Sciences, Professor of the Department of Kazakh Literature, Faculty of Tourism and Languages, Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Бекеева Нұрайша Жүсіпқызы – филология ғылымдарының кандидаты, КИМЭП Университетінің ассистент-профессоры, Алматы, Казахстан.

Бекеева Нурайша Жусуповна – кандидат филологических наук, ассистент-профессор Университета КИМЭП, Алматы, Казахстан.

Bekeyeva Nuraisha Zhusupovna – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of KIMEP University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.55
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.14

***А. АЛМАСХАНҚЫЗЫ**[1]
Б.Б. СЕЙІТОВА[2]
С. МЕЛЬНИК[3]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан[1]
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан[2]
Индиана университеті, Блумингтон, АҚШ[3]
(e-mail: almaskhanqyzy@mail.ru[1], seyitova.bagdagul@mail.ru[2], smelnyk@iu.edu[3])

АСҚАР АЛТАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ИНТЕРМӘТІН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ СЕМИОСФЕРА

Аңдатпа. Көркем мәтін – жазушы танымының нәтижесі ғана емес, сонымен қатар белгілі бір этностың тарихи жадында, тілдік тәжірибесінде, мәдени дәстүрінде, дүниетанымдық модельдерінде қалыптасқан көпқабатты таңбалық жүйенің көрінісі. Сондықтан көркем туындының ішкі құрылымын, мағыналық қабаттарын және мәтін түзуші механизмдерін айқындауда қазіргі филологияда «интермәтін» ұғымы маңызды теориялық категория. Интермәтіндік қатынас мәтіннің өзге мәтіндермен мағыналық, құрылымдық және мәдени байланысқа түсуі арқылы жүзеге асады. Яғни әрбір көркем шығарма дербес семиотикалық тұтастық ретінде қабылданғанымен, оның мағынасы өзінен бұрынғы мәтіндермен, мәдени кодтармен, прецеденттік құрылымдармен сабақтастықта ашылады.
Осы теориялық ұстаным тұрғысынан қарастырғанда, Асқар Алтайдың *«Туажат»* және *«Казино»* туындылары қазіргі қазақ прозасындағы интермәтіндік байланыстар мен ұлттық семиосфераның өзара әрекетін айқын танытатын көркем жүйесі. Бұл шығармаларда бір жағынан мифологиялық модельдер, фольклорлық реминисценциялар, мақал-мәтелдер, діни формулалар, тарихи-мәдени жад элементтері белсенді қолданысқа түссе, екінші жағынан әлемдік әдеби канонға тән прецедентті атаулар, еуропалық топонимдер, әлемдік тілдік бірліктер, урбанистік кеңістік атаулары мен техногендік өркениет белгілері қатар өріледі. Соның нәтижесінде мәтін ішінде әртүрлі мәдени кодтардың тоғысуы жүзеге асып, ұлттық және жаһандық семиотикалық қабаттардың өзара қақтығысы мен үйлесімі көркем семантиканың негізгі ұйымдастырушы тетігіне айналады.
Түйін сөздер: проза, интермәтін, ұлттық семиосфера, Туажат, Казино, мәдени жад.

Кіріспе. Қазіргі көркем мәтінді зерттеу барысында мәтіннің тек ішкі құрылымын емес, оның мәдени жадымен, тарихи танымен және ұжымдық семиотикалық кеңістікпен байланысын қатар қарастыру қажеттігі айқындалып отыр. Себебі көркем шығарма – авторлық ойдың дербес нәтижесі ғана емес, белгілі бір халықтың ғасырлар бойы жинақталған тілдік тәжірибесі мен мәдени кодтарының көркем формада жаңғыруы. Осы тұрғыдан алғанда мәтін құрамындағы бөгде мәтін ізі, мәдени реминисценция, мифтік ишара, мақал-мәтел, діни формула, тарихи атаулар сияқты бірліктердің қызметін интермәтін аясында қарастыру көркем мағынаның терең қабаттарын ашуға мүмкіндік береді.

Интермәтін мәселесі әлемдік гуманитарлық ғылымда кең зерттелгенімен, оның ұлттық семиосферамен сабақтас қызметі қазақ прозасы материалында әлі де арнайы тереңдетіп қарастыруды қажет етеді. Әсіресе қазіргі қазақ әдебиетінде ұлттық код пен жаһандық мәдени қабаттардың қатар көрінуі мәтіннің семантикалық құрылымын күрделендіріп отыр. Мұндай ерекшелік Асқар Алтай прозасында анық байқалады. Жазушы шығармаларында архаикалық мифтік модельдер, фольклорлық жад, діни таным, ұлттық сөйлеу формулалары мен қазіргі өркениеттік атаулар бір мәтін кеңістігінде тоғысып, күрделі мағыналық жүйе түзеді.

Асқар Алтайдың «Туажат» романы мен «Казино» новелласы осы тұрғыдан қазіргі қазақ прозасындағы интермәтіндік ұйымдасу мен ұлттық семиосфераның көркем көрінісін айқын танытады. Бұл шығармаларда интермәтін жеке дәйексөз не әдеби ишара деңгейінде ғана емес, кейіпкер танымын, мәдени қақтығысты, тарихи жадты және дүниетанымдық бағдарды ұйымдастыратын ішкі мәтіндік тетік ретінде көрінеді. Сондықтан автор прозасындағы интермәтіндік құрылымдарды ұлттық семиосферамен сабақтастыра талдау қазіргі әдеби мәтіннің семантикалық табиғатын тереңірек түсіндіруге жол ашады.

Зерттеудіңмақсаты–АсқарАлтайпрозасындағыинтермәтіндікқұрылымдардыңұлттық семиосферамен байланысын анықтап, олардың көркем мәтіндегі лингвостилистикалық қызметін көрсету.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеуматериалыретінде Асқар Алтайдың«Туажат» романы мен «Казино» повесі алынды. Материалдарды талдау барысында интермәтін теориясының классикалық тұжырымдары басшылыққа алынды. Атап айтқанда, қазақ әдебиеттануы мен тілтанымындағы А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, З.Қабдолов, А. Әділова, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева еңбектерінде ұсынылған теориялық тұжырымдар зерттеу материалдарын талдау барысында негізге алынып, олардың еңбектеріндегі интермәтіндік байланыс, мәтіннің құрылымы, авторлық сана және көркемдік сабақтастыққа қатысты пайымдары нақты мысалдарды саралауда қолданылды. Сонымен қатар М.Бахтиннің диалогизм туралы тұжырымы, Ю.Кристеваның мәтіннің өзге мәтіндермен үздіксіз байланысы жөніндегі пікірі, Ж.Женетт ұсынған мәтінаралық қатынас түрлері, Р.Барт пен Ю.Лотман еңбектеріндегі мәдени код пен семиосфераға қатысты теориялық ұстанымдар зерттеудің теориялық негізін құрады. Аталған ғалымдардың еңбектеріндегі негізгі теориялық қағидалар зерттеу материалдарын интермәтіндік тұрғыдан талдау барысында дәйектеліп, нақты мәтіндік мысалдарды түсіндіру мен саралауда пайдаланылды.

Осы теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, зерттеу нысанындағы мәтінаралық байланыстардың түрлері, олардың көркемдік қызметі және мәдени-танымдық мәні айқындалды.Зерттеуде сипаттамалы талдау, контекстік интерпретация, лингвостилистикалық саралау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Алдымен мәтін ішіндегі интермәтіндік маркерлер іріктеліп, олардың мағыналық табиғаты анықталды. Кейін сол бірліктердің ұлттық мәдени жадпен, тарихи танымменжәне діни-мифологиялық кеңістікпен байланысы сараланды. Жекелеген тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметі олардың авторлық контекстегі жаңа семантикалық жүктемесімен бірге қарастырылды.

Талқылау мен бақылау. Қазіргі ғылыми парадигмада интермәтін – көркем мәтіннің мағыналық құрылымын, мәдени жадымен сабақтастығын және семантикалық көпқабаттылығын айқындайтын маңызды категориялардың бірі. Өйткені, көркем шығарма жеке дара тілдік құрылым болғанымен, оның мазмұны мен көркемдік жүйесі өзінен бұрынғы әдеби үлгілермен, тарихи тәжірибемен және ұлттық танымда орныққан сөз өрнектерімен байланыста қалыптасады. Сондықтан кез келген жаңа мәтінді тек авторлық ойдың жемісі ретінде емес, әдеби жалғастық негізінде туындайтын күрделі рухани құрылым ретінде тану қажет.

Қазақ әдебиеттануы мен тілтанымдық зерттеулерінде «интермәтін» термині кейінгі кезеңдерде орныққанымен, оның мазмұнын құрайтын теориялық пайымдар XX ғасырдың басында қалыптасты.

Отандық әдебиеттанудың негізін қалауған А.Байтұрсынұлы сөз өнерінің табиғатын түсіндіре отырып, әрбір көркем туындының халықтың бұрыннан жинақталған рухани тәжірибесімен сабақтас жасалатынын атап көрсеткен. Ғалым әдеби мұралардағы ұқсастықтарды халықтардың тарихи қалыптасу арналарының жақындығымен байланыстырады [1, 100].

Мұндай әдеби жалғастық мәселесі академик М.Әуезов еңбектерінде де терең қарастырылды. Әсіресе Абай шығармашылығын зерттеу барысында шығыс әдеби дәстүрінің қазақ поэзиясында жаңа мазмұнға ие болуын көрсетуі мәтіндердің көркем сабақтастығын айқындады. Мұнда бұрынғы сюжеттердің жаңа тарихи санада қайта игерілуі әдеби дамудың ішкі заңдылығы ретінде танылады [2, 238].

Профессор З.Қабдолов әдебиетті қоғамдық сананың күрделі формасы ретінде бағалай отырып, әр дәуірдегі көркем мәтіннің тарихи тәжірибені жинақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізетінін көрсетеді [3, 45]. Осы ретте көркем шығарма эстетикалық құрылым ғана емес, мәдени ақпаратты сақтайтын әрі жаңғыртатын рухани кеңістік болып танылады.

Қазіргі қазақ филологиясында интермәтін арнайы зерттеу нысанына айналып, оның мәтін ішіндегі қызметтік табиғаты да нақтылана түсті. Ғалым А.С.Әділова қазақ көркем мәтіндеріндегі кіріктірме құрылымдарды талдап, интермәтіннің бірнеше қызмет атқаратынын көрсетеді. Ғалымның пікірінше, бөгде мәтін кей жағдайда оқырман назарын сыртқы мәтінге бағыттайды, кейде шығарманың ішкі құрылымын ұйымдастыруға қатысады, енді бірде авторлық бағалауды тереңдетеді, бейнелілік қуатты күшейтеді және ортақ мәдени білім негізінде жасырын мағына қалыптастырады [4, 7]. Демек интермәтін тек дәйексөздік сипатпен шектелмейді, ол мәтіннің поэтикалық жүйесіне тікелей қатысады.

Қазіргі қазақ прозасының көркем табиғатын жаңа әдіснамамен қарастырған Г.Пірәлиева мен А.Ісімақова еңбектерінде де интермәтінге байланысты маңызды концепция бар. Г.Пірәлиева қазіргі романдар құрылымында мифологиялық ишаралар мен аллюзиялық қабаттардың күшейгенін көрсетсе [5, 102]. А.Ісімақова заманауи прозада архетиптік модельдер мен мәдени кодтардың ұлттық фольклор мен әлем әдебиеті тәжірибесі арқылы күрделі көркем синтез түзетінін айтады [6, 39].

Негізінен интермәтін ұғымының теориялық негізі М. Бахтин еңбектеріндегі диалогизм тұжырымынан бастау алады. Ғалым көркем сөз табиғатының өзге сөзбен қатынас үстінде қалыптасатынын көрсетіп, әр мәтіннің өзінен бұрынғы сөздермен және қабылдаушы санамен үздіксіз байланыста болатынын дәлелдеді. Кейін Ю.Кристева осы идеяны дамытып, мәтінді өзге мәтіндердің ізі сақталған құрылым ретінде сипаттады. Оның пікірінше, кез келген мәтін бұрыннан бар мәдени белгілердің жаңа жағдайда қайта ұйымдасуынан туады [7, 94].

Осы теориялық ұстанымдар негізінде интермәтін көркем мәтіннің ішкі семантикалық қабатын тереңдететін құрылымдық категория ретінде танылады. Сондай-ақ, «интермәтін кең мәдени контекстті қамтуға мүмкіндік береді» [8, 187]. Сондықтан Асқар Алтай прозасындағы интермәтінді талдау автор шығармаларындағы мифтік ишараларды, тарихи реминисценцияларды, діни формулаларды және ұлттық семиосферамен сабақтас мағыналық қабаттарды ашуға мүмкіндік береді.

Интермәтін мен семиосфера ұғымдары көркем мәтінді әр қырынан танытқанымен, олардың қызмет өрісі өзара тығыз сабақтасып жатады. Интермәтін мәтін құрамында өзге мәтіннің ізі ретінде көрінсе, семиосфера сол іздің қандай мәдени кеңістіктен келіп, қандай танымдық ортаға сүйеніп тұрғанын анықтайды. Өйткені көркем шығармаға енген әрбір цитаталық ишара, мифтік бейне, діни атау немесе тарихи реминисценция өзімен бірге белгілі бір мәдени тәжірибені де алып кіреді, әрі «интермәтін ұлттық мәдени жад пен жаһандық әдеби контекстті жалғайды» [9, 2825]

Интермәтін секілді ұлттық семиосфераны тек жазба мұрамен немесе тарихи мәтіндермен ғана шектеу жеткіліксіз. Ол ұлттың мәдени жадында сақталған сөз үлгілерін, жазба және ауызша мәтіндерді, рәсімдік әрекеттерді, қоғамдық қолданыста орныққан ишараларды, тұрақты тіркестерді, музыкалық кодтарды, кеңістікке қатысты атауларды

және киелі орындарға байланысты қалыптасқан таңбалық жүйелерді тұтас қамтиды. Басқаша айтқанда, ұлттық семиосфера ұжымдық сананың түрлі деңгейде таңбаланған мәдени қабаттарын біріктіретін күрделі семиотикалық кеңістік ретінде танылады.

Ю.Лотман семиосфераның ішкі құрылымын сипаттап, оның біртекті емес табиғатын атап көрсетеді. Ғалымның пікіріне сүйенсек, мәдени кеңістіктің ядросы мен шеткі аймақтары үздіксіз қозғалыста болады, ал шекара сырттан енген таңбаларды ішкі жүйеге бейімдейтін аударушы қызмет атқарады. Осы себепті өзге мәдени кеңістіктен келген мәтіндік элементтер ұлттық санаға тікелей емес, белгілі бір іріктеу мен мағыналық сүзгі арқылы енеді [10, 70].

Осы үдерісте интермәтін айрықша қызмет атқарады, өйткені ол мәтіннің ішкі құрылымында әртүрлі мәдени қабаттардың қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді. Көркем мәтіндегі әрбір кіріктірілген белгі, мейлі ол эпиграф болсын, мақал-мәтел, діни формула, мифтік бейне, тарихи атау, әдеби ишара немесе музыкалық код болсын, белгілі бір мәдени тәжірибені өзімен бірге алып келеді. Мұндай белгілер жаңа контексте қайта мағыналанып, жаңа семантикалық қызметке ие болады. Сондықтан, жоғарыда айтқанымыздай, интермәтін мәтінді көпқабатты әрі көпдауысты құрылымға айналдырып, бір сөздің ар жағында тұтас тарихи кезеңнің, дүниетанымның немесе ұжымдық тәжірибенің сақталуына жағдай жасайды.

Асқар Алтай прозасында ұлттық семиосфера әсіресе бірнеше тұрақты мәдени қабаттың тоғысуы арқылы айқындалады. Соның алғашқысы мифологиялық қабатқа қатысты. Мұнда бөрі архетипі, тотемдік сана, архаикалық жад элементтері көркем жүйенің ішкі өзегіне айналады. Екінші қабат діни-этикалық ұғымдармен байланысты өрістейді. Алла, бісмілла, шаһид, тағдыр, күнә, тәубе секілді ұғымдар кейіпкердің ішкі танымын ғана емес, мәтіндегі моральдық бағдарды да айқындайды. Үшінші қабат салттық-мәдени тәжірибеден танылады. Амандық сұрау, мақал-мәтелдік өрнектер, қонақжайлыққа қатысты таным, дәстүрлі ойындар мен тұрмыс формулалары ұлттық жадтың күнделікті тілдік көрінісін сақтайды.

Осы қабаттардың үстіне қазіргі қалалық өркениетке тән таңбалар қосылады. Қала кеңістігіне тән жарнамалық атаулар, қала мәдениеті, шетелдік сөздер, ақшаға қатысты символика мәтіндегі мәдени шиеленісті күшейтеді. Мұндай жағдайда ұлттық семиосфера мен сырттан енген жаңа таңбалық жүйелер қарама-қарсы қойылғанмен, олардың бірі екіншісін толық ығыстырып шығармайды. Керісінше, автор осы мәдени қабаттардың өзара тартысын көркем мағына тудыратын ішкі қозғалысқа айналдырады.

Нәтижелер. Асқар Алтайдың қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденісі айқын, тақырыптық ауқымы кең шығармаларының бірі – «Туажат» романы [11, 320]. Романның интермәтіндік сипаты ең алдымен туындының атауынан көрінеді. «Туажат» сөзі қазіргі әдеби қолданыста жиі кездеспегенімен, қазақ тілінің аймақтық сөздік қорында сақталған көне атаулардың бірі. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде бұл – «немелтайдан туған бала», яғни шөбереден кейінгі ұрпақ мағынасында түсіндіріледі [12]. Сөздің құрамындағы «туа» және «жат» компоненттері табиғи болмыс пен бөтендік ұғымдарын бір арнаға тоғыстырып, адамның өз ортасына, өз дәуіріне, кей жағдайда өз ішкі дүниесіне де үйлесе алмауын білдіретін күрделі мағына.

Интермәтіннің келесі анық көрінетін тұсы – эпиграф. Автор Гете сөзі мен «Бытия кітабы» мәтінін эпиграф ретінде қолданады:

Если виновен народ, значит виновен я. (Книга Бытия)

Все, что вышло из-под моего пера, стало быть, лишь фрагменты одной и той же нескончаемой исповеди... (Гете) [11].

Эпиграфтардың мазмұны романның ішкі рухани кеңістігіне алдын ала бағыт береді. Бірінші эпиграфта ортақ жауапкершілік идеясы алға шықса, екінші эпиграф шығармадағы ішкі толғаныс пен адам жанының үздіксіз арпалысын меңзейді. Роман бойында кейіпкер өзін сыртқы ортадан бөліп қарамайды, қоғамдағы қайшылықтар мен тарихи салмақты өз тағдыры арқылы өткереді. Осы тұрғыдан эпиграфтар кейінгі мәтінде көрінетін кінә,

жалғыздық, арылу, рухани жатсыну сияқты ұғымдардың бастапқы мағыналық кілті қызметін атқарады.

Әлем-жәлем жалау тербеліп, «Қаражорға» биі буын-буында бұралып, үзілте ән салынып жатқан Астана қаласының бейне көріністері жергілікті арналарды жаулап алыпты [11].

Мұндағы Астана – тәуелсіздік символикасы, «жалау» – саяси белгі, ал «Қаражорға» – ұлттық би ретінде мәдени код. Бұл бидің дәстүрлі болмысы туралы дерек ұлттық материалдық емес мұраның сипаттамаларында айтылады (NMRK, 2026). Яғни, «Қара жоға» – жылқы жүрісін бейнелейтін дәстүрлі қазақ биі, көпшілік қатысатын қоғамдық би түрі. Бұл – семиосферадағы ұлттық би қазіргі коммуникация перформансына көшкен түрі.

Романның ішкі трагедиялық өрісін күшейтетін интермәтіннің бір желісі – соғыс дискурсы мен әйел образын астастыра беретін «Соғыс та сайқал қатын» тіркесі.

Ашты да жаны шошынды. «Соғыс та сайқал қатын» деген ой өзгеше оң берді. Анау сайқал сұлулар да санаға сәуле түсіріп өткендей ой көгіне оралып өтті. «Соғыс атаулы – сайқалдық, – деді тістеніп. – Соғыста жүрген сарбаз да ындыны кепкен сайқалдың қан құрышын қандырушы [11].

Мұнда «сайқал» сөзі моральдық бағалау қызметін атқарып, соғысты «азғындықтың» метафорасына айналдырады, әрі бұл тіркес кейінгі «сайқал сұлулар» мотивімен іштей үндесіп, тән мен қан құмарлықтың («қан құрышын қандырушы») бір тектес қасірет екенін меңзейді. Мұндай бағалауыш метафора интермәтіннің бір түрі ретінде мақалға ұқсас афористік құрылымға жақындайды. Оқырман оны жеке кейіпкер сөзі ғана емес, қоғамда жасалған «қара сөздің» үкімі ретінде қабылдайды.

Діни-мифологиялық қабат романда айқын көрінеді:

«Ғайсадай ғайыптан оралатынын… жер жігін жарып шығар Мәдідей…», – дейді автор [11]. Иса (Иисус) есімінің аталуымен бірге «Мәді» (құтқарушы мотиві, яғни, Мәхди) қолданылып, күтпеген құтқарылу идеясын тудырады. Мұндай тіркестер тек дінге ишара емес, ұлт санасындағы мәдени код, керекті сәтте «көктен түсер» құтқарушы бар деген елес. Романда бұл елес кейін Бөрі-Ана мотивіне жалғасады. «Бөрі болмысты боз сәуле – Бөрі-Ана» кейіптеуі мифтің өзегін тірілтіп, кейіпкер тағдырын «архетиптік қорғаныш» шеңберіне енгізеді. «Туажаттағы» неомифологиялық мотивтердің архетиптік нышандары жөнінде арнайы зерттеулерде де автор миф пен фольклорға жүгініп, бүгінгі құбылыстарды бейнелеуде мифтену үрдісін шығармашылықпен игеретіні көрсетіледі [13, 112].

Мифтік қабаттың тілдік дәлелі – бөрі семантикасының аса мол болуы. Мысалдарда «бөрі», «көкжал», «қасқыр» сөздері жеке-жеке аталып, бір мағыналық өрістің ішіндегі реңктер ретінде беріледі:

Бөрі: Құбақаңдаған қос бөрі, көкшулан бөрі, күйлі бөрі, сіңірлі бөрі, бөрі қуғын, бусанған бөрі, бөрі шабыс, бөрілердің түпкі түйсігі, арлан бөрі, өлі бөрі, боз бөрі, ақсиған орақ ауызды (бөрі), ақ көбік аққан бөрінің ырсиған езуі, жетім қарға бөрі басына саңғыған (бөрі), қаншық бөрі, бөрі басты сағым, бөрі сұлбалы дөңгеленген алып сағым, құлаштай бөрі сұлба сағым, жер-жаһанды шолатын бөрінің өткір жанарлары, бөрі сүйек, қасара жортқан қос бөрідей, көк бөрі, арлан бөрі, ақ сәулеге шомылған бөрі, ақ сәулеге бөккен боз бөрі, бозаң бөрі, Көк төрінен көк тәңірісінің көктей түскен боз сәулесі – бөрі болмыс Бозие, қас бөрі, бөрідей сыпр бермей, бөрі киесі, нағыз бөрі [11].

Ана-бөрі: Бөрі болмысты Бозие, аң киесі – Ана-Бөрі, боз сәулеге малынып түскен Ана-Бөрі, бурыл Ана-Бөрі, тайыншадай тау бөрілері, аш бөрідей, айдың әлсіз нұрымен сорғалай түскен Бозиесі – Ана-Бөрі, ұйықтап кеткен санаға боз сәуле боп оралған Ана-Бөрі, Көкбөрі ана, көкбөрі текті көшпенді сәби, екі көзі көк бөрідей қанға толған, боз бөріге айналған бозамық сұлба, тамұққа көктей түскен Ана-Бөрінің киелі сәулесі, Ана-бөрінің көз жасындай [11].

Жоғарыдағы тіркестер бүкіл дүниетанымдық модельді жинақтайды. Бұл – ұлттық семиосфераның көне қабатынан келетін тотемдік жад. Демек, бөрі бейнесі – тек аң емес, мінездің, еркіндіктің, жауынгерліктің мәдени коды.

Дегенмен Бөрі және Ана-Бөрі образы бір семиотикалық өрісте тұрғанымен, мәтіндегі қызметі екі түрлі мағыналық арна ашады. Бөрі атаулары көбіне табиғи инстинкт, қимыл, күш, қуғын мен тіршілік тартысына жақын беріледі. «Құбақаңдаған қос бөрі», «қасара жортқан қос бөрідей», «ақ көбік аққан бөрінің ырсиған езуі» тәрізді қолданыстарда қозғалыс, шабуыл, аңдық сергектік алдыңғы қатарға шығып, бөрі нақты тіршілік иесі мен еркіндік инстинктінің белгісі ретінде көрінеді.

Ал Ана-Бөрі осы табиғи қабаттан жоғары көтеріліп, мифтік қорғаушы сипат алады. «Аң киесі – Ана-Бөрі», «ұйықтап кеткен санаға боз сәуле боп оралған Ана-Бөрі», «тамұққа көктей түскен Ана-Бөрінің киелі сәулесі» деген тіркестерде ол енді аң бейнесінен гөрі архетиптік жадты қозғайтын рухани белгіге айналады.

Көкжал: жер бауырлай жортқан жонды көкжал, көкжал көзін шұқыған жетім қарға, қос көкжал [11].

Қасқыр: Қасқырдың қара тұмсығы, қасқырдай қамалап, өткір болат жүзі тигенде сілкініп қалған қасқыр, қасқыр терісі, қаншық қасқыр, өзі терісін тірідей сыпырған қаншық қасқыр, қасқырдай қыңқ етпеген, қасқырдың қарғысы қатты, құтырған қасқырдай безілдепқұз етегі өазанның түп күйесіндей қараңғылыққа тұнған (қасқыр), қаны қарайып кеткен қасқырдай [11].

Осы қасқыр семантикасы одан әрі «Белді арлан, боз қаншық» және «шиебөрі, шиебөрілер шәуілі, шуылдақ шиебөрі, бозөкпе шиебөрі, шиебөрі шуылы» түріндегі қатарлармен байытылады. Мұнда «арлан/қаншық» жұбы – табиғи биологиялық атау деңгейінен шығып, еркектік-жанкештілік пен ұрғашылық-алдау емес, «тектік мінездің» белгісі ретінде көрінеді. «Шиебөрі» сияқты қолданыстар арқылы да автор лексиканы өңдеп, фольклорлық-диалектілік реңкті іске қосады. Бұл – ұлттық семиосфера ядросының тілдік белгісі, яғни, қазақтың аңшылық, малшылық тәжірибесінде орныққан атаулардың көркем мәтінге сығымдалып енуі.

Романда салт-дәстүр коды да интермәтіндік маркерлер арқылы беріледі:

Тұйық қолтықтың төрін іргелей өскен көкжасаң арасына аппақ шатырлар тігіліпті. Ал жасаң шетінен басталатын шаңдақ алаң ат тұяғынан тозыпты. Тулақтай тап-тақыр. Байбура бірден түсінді: бұл ұры қолтықтағы ат шаптырым ақ шаңдақ алаң – ауғандықтар «бұзқашы» атайтын, ал қазақтар «көкпар» дейтін ежелгі ұлттық дәстүрмен ұласқан ойын өтетін жер [11].

Мұндағы «…«көкпар» дейтін ежелгі ұлттық дәстүрмен ұласқан ойын…» – ұлттық ойын арқылы қауымдық энергияны, бәсекені, күштілік пен мәрттікті танытатын код. Бұл код кейінгі урбанистік «жалаңаш-жалпылы жарнама» әлеміне қарсы қойылатын рухани «ескі арна» іспетті.

Сондай-ақ, бұдан басқа да ұлттық дүниетанымға тән бірқатар тілдік бірліктер бір ғана мәдени-танымдық өріске топтасып, кейіпкер болмысының ішкі серпінін ашуға қызмет етеді.

...Қасқа маңдайынан қамшымен тартып қалғандай қалт тоқтады. «Бродячий басурман!..» деген кержақ шалдың кемсіту үнін де құлағы шалды. «Ит те ішпес итаяқ болды-ау» деген ойдан басына қан шапшыды, бірақ тістерін қышырлатқан күйі шыдап бақты.

...Болат: «Алқаның да аңсары үзілмес...» деп түйреп қойды.

...Алқабегімнің тау жаңғырықтырған айқайына бұл да қосылып еді-ау!? Көк қаулаған маусымның жасаң иісіне мастана тұрып, он жетісінде сүйген қызының лаззатына тояттай алмай тұрып, Қарасеңгір басынан ұшатын ата қырандай қомданып еді [11].

«Ата қырандай қомдану», «көкпар», «аңсар», «ит те ішпес итаяқ» тәрізді тіркестердің барлығы да қазақы танымда адамның мінезін, көңіл күйін не әлеуметтік ахуалды нақты заттық, қимылдық бейне арқылы жеткізудің үлгілерін көрсетеді.

Қазақ тілінде қыран бейнесі көбіне еркіндікпен, сергектікпен, биіктікпен байланысып келеді, сондықтан мұндағы қомдану әрекеті де қарапайым дайындық емес, ішкі қайраттың жиналуын аңғартады. Ал көкпар – күш, бәсеке, жігер, намыс ұғымдарын жинақтаған мәдени белгі ретінде көрінеді.

«Ит те ішпес итаяқ болды-ау» тіркесі бағалауыштық мағынада қолданылып, адамдық қадірдің төмендеуін тұрмыстық бейне арқылы көрсетеді. Осылайша роман мәтінінде ұлттық сөйлеу қорынан алынған әртүрлі тіркестер ортақ мәдени негізде тоғысып, кейіпкердің ішкі күйін де, мәтіннің ұлттық реңкін де қатар тереңдетеді.

Сонымен бірге жазушы «әділет айдап әкелді» дейді:

Бәріне кінәлі – өзіміз... Сені Алтайдан, мені Стокгольмнен айдап келген тағдыр да, тәңірі де емес – қоғам мен адам... Бәрінен бұрын, «әділет айдап әкелді» деп алдаусыратып, өзімізді-өзіміз алдап, тентіреп жүрген екеуміз [11].

Ұлттық қорымыздағы «құдай айдап келді» деген тұрақты қолданыстың құрылымын сақтала отырып, мағыналық жағынан өзгертілген. Дәстүрлі тіркестегі сакралды негіздің орнына қоғамдық ұғымның келуі мәтіндегі рухани ахуалдың өзгергенін аңғартады, ал кейіпкердің оны ирониямен қолдануы таныс тілдік үлгінің жаңа тарихи санада басқа реңкке ие болғанын көрсетеді.

Ұлттық семиосфераны ұйыстыратын негізгі тілдік қабаттардың тағы бірі – мақал-мәтелдер.

Кешір, Бура! – деді Болат. – Ел не демейді? «Өзі жоқтың – көзі жоқ» деп шығарып алғандары ғой. Ал сен аман-есен оралады деп ойлаған да емес, мүрдең жатыр жотада... [11].

Мұнда мақалдың қызметі – кінәдан қашудың тілдік айласы. Осылайша мақал-мәтел интермәтін ретінде қоғам сөйлеу үлгісінің артында моральдық немқұрайлық жасырынып тұрғанын сездіреді деген кейіпкер психологиясын ашады.

...«Ішімнен шыққан шұбар жылан», «Шата» деп, талай рет өлтіріп тастай жаздапты. Алқабегімнің анасы мен әкесі парасатты адамдар ғой, әйтеуір солардың тәрбиесімен шата сәби өз ұлы боп өсіпті.

...Не үшін? Кім үшін? Жазығымыз не? Өртеніп барам, бауырлар! Өртеніп барам... Қарусыз... қап! «Орыспен дос болсаң, балтаң белінде болсын» деген. Қап!

...Алқабегімді алаңға тастап кеткен сендей опасыздан не күтуге болады? Болат рас айтады: «Сатқынның жазасы – өлім» деп. Әттең, заң бар, әйтпесе сені буындырып өлтірер ем?!

...Катон-Қарағайдан тез аттанып кетті. «Таңғы ас – тәңіріден» деп түйді, ел іші...

...Сендер – мұсылмандар: «Адамның басы – Алланың добы» деуші еді ғой. Туған жеріңе жеттің... көрдің...

...Адамның араны – өзінің ажалы... Арсыз аран арам тәнін жалмап алған. Шыбын жаны шыққанша нәпсінің тұтқыны. Нәпсі тұтқыны – соғыс тұтқыны... Бәрі де нәпсі айқасының тұтқыны. Мен де алдаспан араннның, тойымсыз нәпсінің сардарымын... Мынау кең дүниеге туғаннан тұтқын болғым келмеген. Сондықтан да туғаннан өзімді туажат сезіндім. Амалым қанша?!

...Жасырып-жауып отыр, бірақ шығыста «Ауруыңды жасырсаң – өлімің әшкере» дейді, Совет Одағының сырқаты мәлім, түбіне сол жетеді, бауырлар!.. [11].

«Таңғы ас – тәңіріден» – тұрмыстық-философиялық мақал-парасат. Бұл жерде күнделікті әдет (таңғы ас) тәңірлік сыйға телініп, тіршіліктің құдайшыл түсіндірмесін береді. Тура осы қатарға «Сендер – мұсылмандар: «Адамның басы – Алланың добы»…» және «Ауруыңды жасырсаң – әшкере…» сияқты мақал-мәтелдік формулалар да кіреді. Біріншісі – тағдыршыл этиканың, екіншісі – әлеуметтік-психологиялық тәжірибенің тілдік түйіні.

Мәтіннің ішкі драматургиясында «Нәпсінің құлымыз. Ал нәпсі соғысы ешқашан тоқтамайды… Сондықтан да туғаннан өзімді туажат сезіндім…» деген жолдар автордың моральдық-философиялық жүйесін айқын көрсетеді. Мұнда «нәпсі соғысы» – діни-этикалық ұғым, ал «туажат» – жеке адамның психологиялық һәм әлеуметтік диагнозы. Бұл интермәтіндік тін исламдық ұғыммен (нәпсі) ұлттық тағдыр сезімін (туажат) бір сөйлемдік өріске жинайды.

Романдағы мақал-мәтелдің саяси-тарихи астары «Орыспен дос болсаң, балтаң белiңде болсын» сияқты үлгілер арқылы көрінеді. Мұны кейбір қазіргі публицистикалық жазбалар да халықтық мәтел ретінде келтіреді.

Жазушының аталмыш романында ұлттық мәтін кеңістігіне сыртқы мәдени қабаттардың енуі кейіпкерлер сөзі мен бөгде тілдік белгілер арқылы да көрінеді. Мәселен,

...Ол тұтқындарды әңгімеге тартқысы келген. Оған бірақ бұлар сыр ашқылары келмеді. Сонда Варсан: «Ауғанстан туралы жазатын француз журналисі – Ален Гийо» деген [11].

«Ауғанстан туралы жазатын француз журналисі – Ален Гийо» деген сөйлем оқиға өрісін жергілікті шеңберден шығарады. Мұнда соғыс, тұтқын, шетелдік журналист бейнесі бір сөйлем ішінде түйісіп, ұлттық мәтінге сыртқы бақылаушы көзқарастың да еніп отырғанын аңғартады. Автордың өзінің мәліметінше, Ален Гийо – 1986–1988 жылдары Ауғанстанда болған француз репортері. Кейіпкердің осы есімді атауы ақпараттың ресми арна арқылы таралатын сипатын сездіреді, яғни соғыс туралы сөз енді тек куәгердің жадында емес, әлемдік медиа кеңістікте де өмір сүріп тұр. Енді төмендегі мысалға назар аударайық:

...Ал Мария-Агата болса, «Бұзық бұқа!..» деп, төсек үстінде өз-өзіне күбірлеп отырды: «Өз бұзауын өзі сүзіп өлтірген... Сенің балаң бар, жексұрын!» Бұл сөздерді бірақ Байбура естіген жоқ, естісе де швед тілінде айтылған ләмді түсінбес те еді. Мария-Агата құрсағындағы шарананы «менікі» десе, испанның коррида бұқасындай мұны жарып тастаудан да тайынбас деген ойға келді. Мынау иен тау арасында бір жартастың қуысына басын жастай салмасына да кім кепіл?! Қаны қарайып кеткен қасқырдай жаннан бәрін де күтуге болады. «Конкистодор корридо!..» деді Мария-Агата тістеніп [11].

Мәтінде мәдени қабат күрделене түседі. Мұнда кейіпкердің ішкі психологиясы интермәтіндік байланысты түзеді. Мәселен, Мария-Агатаның ішкі сөзі мен оған жалғасқан «испанның коррида бұқасындай» деген салыстыру мәтінге бөтен өркениеттік ишара енгізеді. Осы образ арқылы ашу, қатыгездік, ішкі арпалыс бірден күшейіп, әйел психологиясы табиғи мәдени символ арқылы беріледі. Соған қарамастан автор бұл бөгде атауларды дербес қалдырмай, «қаны қарайып кеткен қасқырдай» деген ұлттық танымдық бейнемен жалғайды. «Конкистодор корридо» тіркесінің қолданылуы да осы қатарға кіреді.

...«Қызыл крест – Қызыл жарты ай» қоғамымен қиянкескі күндерде Кавказ жеріне дәрігер ретінде көмекке келген Мария-Агата Сван адам баласы қолымен қоздап жатқан сұмдықты көріп тұрып, өз еліне қайтып кете алмапты. Жүрек қалауы жібермепті. Пенде деген жұмбақ жаратылыс қой, жаны не қаласа – тәні тұтқын [11].

Мәнмәтіндегі «Қызыл крест – Қызыл жарты ай» тіркесінің келуі де кездейсоқ емес. Бұл – гуманитарлық институттың атауы арқылы «халықаралық құқық», «бейтарап көмек», «соғыс этикасы» сияқты ұғымдарды мәтінге кіргізетін интермәтін. Жалпы зерттеулердегі кеңістік туралы ресми анықтамаларда қозғалыстың үш құрамдас бөлігі бар екені, оның соғыс пен апат жағдайында бейтарап көмек көрсету мақсатында құрылғаны айтылады. Демек, романдағы бұл атау ұлттық семиосфераға сыртқы семиосферадан енген таңба ретінде көрінеді.

Кеңістік белгісі де ұлттық семиосфера үшін маңызды. Романда мынандай диалог бар:

– Қазақтар «Мұзтау» дейді. Мұздан қаланған шың дейді.

– Өте дәл айтқан, – деп Мария-Агата да қостады, жалаңаш тәнін ақ сейсеппен қымтана түсіп.

– Құдайдың көзі түскен жер. Сұмдық ұлылық бар ол өңірде... Алтай – жер бетіндегі адам тілмен айтып жеткізе алмайтын сұлулық пен ұлылық мекені... Oh, эврика! [11].

Қазақтар «Мұзтау» дейді. Мұздан қаланған шың дейді. «Шың» – «мұздың қалануы» арқылы мифтік биіктікке айналады. Мәнмәтіндегі «Oh, эврика!» одағайы – керісінше, батыстық-гректік танымның ишарасы, яғни, «таптым!» деген логика. «Өте дәл айтқан… Oh, эврика!» деген тұста екі түрлі семиосфера, яғни, ұлттық табиғатқа телінген атау мен еуропалық ғылыми интонация бір сөйлемдік ырғақта түйіседі.

Осы түйісулердің ізі Стокгольм атауында да бар:

Бәріне кінәлі – өзіміз... Сені Алтайдан, мені Стокгольмнен айдап келген тағдыр да, тәңірі де емес – қоғам мен адам... [11].

«Сені Алтайдан, мені Стокгольмнен…» дегенде, бір Алтай, Стокгольм топонимдері екі түрлі мәдени әлемнің аралығын ашады. Бөгде кеңістіктің аталуымен «туған жер – жат жер» оппозициясы күшейеді.

Сонымен қатар тарихи жад қабаты интермәтін арқылы көрінеді. Мәселен,

Ақталсаң – сексен алтыншы жылғы «декабрист» дегеннен ғана ақталғансың. Оның да күмәнді тұстары көп.. [11].

«Сексен алтыншы жылғы «декабрист»…» – Желтоқсан көтерілісі сияқты тарихи жағдайлардың «саяси таңбасын» тілге байлайды. Мәтіннің өзінде де «сексен алтыншы жыл» желісі гуманитарлық-тарихи әсер ретінде елестейді. Бұл жерде «декабрист» атауы ұлттық оқиғаны кеңестік тарихи символиканың ішінен қарап бағалау мүмкіндігін береді, әрі «ақталу» сөзінің көмескі ирониясы – әділеттің толық орнамағанын сездіреді.

Роман өз ішіндегі тілдік-мәдени кодтарды ғана емес, өзге әдебиеттердің интермәтінін де іске қосады.

Мен білем: тәндерің азап тартса да, жандарың сау-саламат. «Адамды опат қылсаң да, оны жеңу мүмкін емес» деген Хемингуэй. Рух жеңілмейді. Мәңгілік өмір де рухқа тән [11].

Бұл – дүниежүзілік прозадағы адам төзімі туралы әйгілі түйінмен үндесу. Эрнест Хемингуэйдің «But man is not made for defeat…» сөзі әдеби кеңістікте орныққан [14]. Романдағы «рух жеңілмейді» түйіні – ұлттық мораль. Яғни, тәннің азабы – өткінші, рухтың беріктігі – мәңгі.

Осылайша «Туажаттағы» интермәтін қабаттары ұлттық семиосфераны бірнеше бағытта кеңейтеді. Мұндай құрылым романды тек оқиға емес, мәдени кеңістік ретінде оқуға шақырады.

Асқар Алтайдың көркемдік ізденісін танытатын күрделі туындыларының бірі – «Казино» новелласы [15, 368].

«Казино» повестіндегі интермәтін ең алдымен «қасиетті» мен «қасиетсіздің» фронталь қақтығысына қызмет етеді. Бір жағында – зират, әжесінің бейнесі, «Бісмілла» формуласы, екінші жағында – «Хрусталь Храм» аталатын ойын мекені, «Пирамида» сияқты символдық атаулар, ақша мен «майлы клиент» логикасы.

Кейіпкердің «все дозволено!» деген тұжырымға бекінуі Ф.Достоевскийдің «Братья Карамазовы» романындағы Иван Карамазов көзқарасының жинақталған тұжырымы ретінде секілді.

Шығармадағы діни танымды көрсететін интермәтіндер мыналар:

Шаһид кетем; сайтанның өзі таңданды; «Білмілла, рахман рақым»; Қызыл қыш кірпішпен төрт құлақтап көтерген зират; О дүниеден келдің, о дүниеге кетесің. Осы аралық – ғапыл бекет...; сенің мына байлығың – менің нәрестемнің садақасы; Ауылдың құбыла бетіндегі қорым басында тұңғыш рет құран оқылмады...; Аруаққа ауыз ашушы болма!; Ташкент күресінен Алатаудың шыңына дейін ақ кебіндей орап тастапты [15, 368]. Мәселен, «Шаһид кетем», «Бісмілла, рахман рақым», «садақа», «құран», «құбыла» тәрізді бірліктер мәтінге дайын діни лексика ретінде енгенімен, контексте олардың мағынасы кеңейіп, өмір, өлім, аманат, жауапкершілік ұғымдарын астарлайды.

«О дүниеден келдің, о дүниеге кетесің. Осы аралық – ғапыл бекет» мәнмәтінінде де адам ғұмыры басталуы мен аяқталуы айқындалған өткінші кеңістік ретінде берілген. Өйткені, қазақ халқының Исламдық танымында «Алладан келдің, Аллаға қайтасың» деген тұрақты, діни ұғым бар. Бұл сөйлем сол ұғыммен толық үндеседі де, толық байланысты. Бұл -интермәтін. Мұндағы *ғапыл* сөзі қазақ тілінде «абайсыздық», «бейқамдық», «уақытша алданыш күйі» мағыналарын білдіреді, сондықтан тіркес өмірдің тұрақсыз сипатын діни-философиялық астармен тереңдетеді.

«Аруаққа ауыз ашушы болма» сөйлемінде де тыйым мәнді құрылым арқылы әруаққа құрмет ұғымы көрініп, исламдық таным мен халықтық сенім қабаттасады. Ал «ақ кебіндей

орап тастапты» деген бейнеде *кебін* сөзі мәйітке арналған ақ мата ұғымын еске түсіреді. Осы қолданыстар сакралды мазмұнды тікелей баяндамайды, ұлттық тілдік жадқа орныққан ұғымдар арқылы жеткізеді.

Ал шығармадағы ұлттық семиосфераның тұрмыстық-әлеуметтік негізі төмендегі мысалдардан көрінеді:

Төс қағысқан амандықтан соң Жошы сұңғақ та сұлу Есілайдың бетіне ернін тақап, ыстық демі балғын жүзін шарпып, аман-саулықтың мезіретін істеді.

Тізеңді бүкпей, тік тұрып өле білу – ең үлкен ерлік... Сенің менен күштілігің де, құдай берген керемет қасиетің де өле алуыңда.

Оған уақыт – таразы...

Мен басымды баяғыда-ақ көңге тіккем. Бұл – «орыс бәсінің» басы.

Оның ақыры – әкесі әлдебір жас қызға (қызмет іздеп барса керек) «бұт артып» (шешесінің айтуынша), сәбилі болуымен, «тоқал иісі жөргек иісіне» (бұл да шешесінің сөзі) ауыумен тынды...

Тыс бозторғай тоңғысыз жылы екен. Қаңтардың ортасы емес, көкектің іші сияқты. Алматыда осындай бір қыстың қысқа «шілдесі» түсетіні бар. Бүгін де сол шуақ қым-қуыт қаланы бауырына алыпты.

Содан он жылдық мектепті тәмамдағанша «Ақ апасының» қолында еркелеп өсті ғой. Сөйткен апасының басына ат ізін салмағанына да жылдан асыпты [16, 368].

Берілген мысалдарда ұлттық семиосфера халықтың күнделікті сөйлеу тәжірибесінде қалыптасқан тұрақты тіркестер мен мәдени ишаралар арқылы ашылады.

«Төс қағысқан амандық» тіркесінде қазақы амандасу мәдениетіне тән дене қимылы мен әлеуметтік жақындық бар. Мұндағы **төс қағысу негізінен** ер адамдар арасындағы сенім мен іштестік белгісі ретінде жұмсалады. «Тізеңді бүкпей, тік тұрып өле білу – ең үлкен ерлік» сөйлемі де ұлттық дүниетанымдағы ар-намыстың тұрақталған тілдік қолданысы. Өйткені, қолданыстағы **тізе бүкпеу** тіркесі мойымау, беріспеу, рухани сынбау мағынасын үстейді. Жалпы «Тізеңді бүкпей, тік тұрып өле білу», «басымды баяғыда-ақ көңге тіккем» тәрізді тіркестер ұлттық санадағы ерлік, тәуекел және рух беріктігін танытады. Одан кейінгі «Бұл – «орыс бәсінің» басы» тіркесінде этномәдени астар бар.

«Бұт артып» және «тоқал иісі жөргек иісіне ауыумен» деген тіркестер ұлттық сөйлеу дағдысында қалыптасқан астарлы атаулар. «Тыс бозторғай тоңғысыз жылы екен», «қыстың қысқа шілдесі» тәрізді тіркестер де қазақ халқының жылдар бойғы тәжірибесінен туындаған тұрақты мәні бар тіркестер десек те болады. Яғни, **бозторғай тоңғысыз** арқылы ауа райының жұмсақтығын халықтық өлшеммен бағаланады, ал **қыстың қысқа шілдесі** маусымдық қарама-қарсылық арқылы уақытша жылылықты дәл сипаттайды.

Повесте ұлттық танымдағы діни астары бар, интермәтіндік қызмет атқаратын өлшемдік модельдер де бар. Соның бірі, жоғарыда мәнмәтінін көрсеттік, «оған уақыт – таразы» сөйлемі. Мұндай философиялық көзқарас айқын көрінеді. Өйткені, таразы сөзі ұлттық танымдағы сынаушы, саралаушы қызметін білдірген.

Повестегі интермәтіндік мәні бар ұлттық атаулардың бірі – **«Ақ апа»**. Бұл қолданыс туыстық атаудың жай номинативтік түрі емес, қазақы танымда әжеге қатысты қалыптасқан ілтипат, мейірім және рухани жақындық мағыналарын қатар қамтитын мәдени белгі. «Әже» сөзі тікелей туыстық қатынасты білдірсе, «Ақ апа» атауында жас ерекшелігімен бірге кісілік қадір, ақылмандық, үй ішіндегі жылылық секілді астарлы реңктер жинақталады. «Ақ» компоненті қазақ тілінде тазалық, пәктік, изгілік ұғымдарымен ұштасатындықтан, бұл тіркес үлкенге деген құрметтің эмоционалдық реңкін күшейтеді. Қазіргі күнделікті қолданыста да сақталған осы атау мәтінде кейіпкердің балалық жадын, отбасылық жылылықты және ұлттық қарым-қатынас мәдениетін еске түсіретін интермәтіндік бірлік ретінде көрінеді.

Сол секілді, интермәтіннің әдеби дәстүрмен байланысы «апамның баласы» – «апамның астауы» салыстыруы арқылы да көрінеді.

Мәнмәтінге назар аударсақ:

Мен мына тұрған Қаскелең ауданына қарасты «Райымбек» ауылында, «апамның баласы» боп, сол ауылдағы мектепте оқитынмын [15].

Бұл тұста О.Бөкейдің «Апамның астауы» шығармасының атауымен ішкі үндестік анық байқалады. «Апамның астауы» – дәстүр мен ұрпақ сабақтастығының символы ретінде бағаланады. Ал Асқар Алтай мәтінінде әже бейнесі мен «апа» мотиві дәл сондай мәдени салмақпен жүреді. Кейіпкердің жүрек түбіндегі жалғыз жылылық – әже мейірімі, әже үйі, әже кешірімі. Бұл жерде интермәтіндік байланыс ұлттық семиосфераның «әже–мейірім–дәстүр» ядросын жаңғыртады да, оны казино әлемінің «жалған храм» символикасына қарсы қояды.

«Алатаудың Альпіден несі кем? Ұлы Везувий вулканы күллі Еуропаны дүр сілкіндірген» деген жолдарда да интермәтіндік байланыс айқын байқалады. Бұл құрылым мазмұндық жағынан Доспамбет жырау поэзиясындағы «Айнала бұлақ басы – Тең, Азаулының Стамбұлдан несі кем?!» деген поэтикалық үлгімен үндеседі. Екі мәтінде де ұлттық кеңістікті сыртқы ірі өркениеттік нысандармен қатар қою арқылы ішкі құндылықты биіктету тәсілі қолданылады. Мұндай интермәтіндік байланыс түрі терминологиялық тұрғыдан **аллюзия** деп аталады. Яғни бір мәтіннің өз құрылымында өзге әдеби үлгіні тікелей қайталамай, соған ассоциациялық ишара жасайдыы. Мұнда автор бұрыннан мәдени жадта орныққан поэтикалық модельді жаңаша контексте іске қосып, ұлттық кеңістікті жаңа өлшемде сөйлетеді. Сол сияқты жоғарыдағы «апамның баласы» тәрізді қолданыстар да аллюзияның үлгісі. Өйткені, астарында қазақы туыстық қатынасқа тән мәдени модельді еске түсіріп, мәтіннен тыс тұрған әдеби шығармаға меңзейді.

Ал урбанистік және жаргондық атаулар «Пирамида», «адам шөбі», «майлы клиент», «орыс рулеткасы», «Хрусталь Храм», «Золотой храм» қатарлары заттық атаулар секілді. Бірақ семиотикалық деңгейде бұлар жаңа заманның құндылық картасын береді. «Храм» сөзі діни кеңістікті еске түсіреді. Бірақ мұнда «Хрусталь» мен «Золотой» сияқты эпитеттер қосылып, мұндай кеңістіктің орнын тұтынушылық пен жылтырау басқанын білдіреді. «Шыны-адам… шыны-қоғам… бәрі де шытынағыш» тәрізді метафоралар арқылы жалтыраудың «қырауға бейім» табиғаты ашылады.

Шығарма желісінде «Жошының ұялы телефоны Джузеппе Вердидің тәтті әуезімен…» деген сөйлем бар. Классикалық музыка – сыртқы сәннің белгісі. Верди тұлғасының әлемдік опера өнеріндегі орны туралы энциклопедиялық деректер оны XIX ғасырдағы итальян композиторы ретінде сипаттайды. Классика әуені казино кеңістігін «мәдениетті» қылып көрсететін декорация ғана болып, шын мәнінде адам жанын түземейді; мұнда интермәтін «контраст» жасау үшін керек: жоғары мәдениет белгісі төмен құмарлық кеңістігіне ілінеді. Жазушыда ең жиі қолданылатын интермәтіндік конструкциялардың бірі – мифологема екендігін жоғарыда да айттық. Расымен Асқар Алтай шығармашылығында белгілі бір мифологема аса жиілікпен қолданылып, өзінің мағынасын терең ашады. Бұған дейін Туажат романында «бөрі» мифологемасының жоғары жиілікпен қолданылғанын және семантикалық өрісін айттық. Сол секілді жазушының бұл повесінде «кентавр» образының символдық өзегіне айналған. Мәселен,

Біз – пешкалармыз. Ал мыналар – піл, ферз дегендей... кентаврлар. Иә-ә, кентаврлар, бірақ қу құлқынның кентаврлары.

– Түу, Жошы! Қайдағыны айтасың, кентаврың не тағы?

– Ә-ә, мен образбен айтып жатқаным ғой. Қазір біз кентавр қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан бізге де нағыз кентавр – Кесек Кентавр керек. Кентаврға тән алапат күш керек. Кентавр сілкініс қана біздің сансыраған санамызды тоқымдай қағады. Альпіден атылған Везувий вулканындай оятады.

– Жә-жә! Ақырын! Өзің Везувийге айналып кетпе! Хи-хи-хи! – деп Есілай сықылықтай күлді.

– Айналам! Айналса несі бар? Алатаудың Альпіден несі кем? Ұлы Везувий вулканы күллі Еуропаны дүр сілкіндірген... Адамдары содан былай тазарған.

– Хи-хи-хи! Кентаврым менің, – деп қыз жігіттің қайратты қара шаштарын салалы саусақтарымен ұйқалақтай берді [15].

Осы диалогтағы «кентаврлар, бірақ қу құлқынның кентаврлары… Қазір біз кентавр қоғамда өмір сүріп жатырмыз…» деген тұтас желі. Яғни, «нағыз кентавр – Кесек Кентавр. ...Кентаврға тән алапат күш» деген тіркестерге қарама-қарсы қойылған мағына.

«Кентавр» – мифтегі гибридтік жаратылыс, адам мен жылқының қосындысы. Автор осы мифтік таңбаны қазіргі әлеуметтік ақиқатқа теңеп, «жартылай мәдениетті, жартылай хайуандық» қалпы бар қоғамды меңзейді.

«Везувий» ишарасы да жай теңеу емес. Везувий туралы оның 79 жылы Помпей мен Геркуланумды күл астында қалдырған әйгілі атқылауы айтылып, тарихи апат масштабы нақты көрсетіледі [16, 85]. Бұл жерде интермәтін екі жаққа жұмыс істейді: бір жағынан миф (кентавр), екінші жағынан тарих (Везувий) қосылып, бүгінгі қоғам жайлы публицистикалық-эссеистік ойды көркем тінге айналдырады.

Осылайша «Казино» повесіндегі интермәтін ұлттық семиосфераға тән кодтарын сақтайды. Сыну – біржақты жойылу емес. Яғни, мәтіннің өзінде дәстүрдің дауысы (бісміллә, әже, кешірім, шейіт) өшпей, қарсы дауыспен (все дозволено, храм–казино) тартысып тұрады. Дәл осы секілді тартыстар шығарманың семиосфералық динамикасын құрайды.

Қорытынды. Жалпы алғанда, Асқар Алтай прозасындағы интермәтіндік құрылымдар авторлық баяндаудың сыртқы көркемдік тәсілі ретінде ғана емес, мәтіннің ішкі мағыналық ұйымдасуына тікелей қатысатын семантикалық тетік ретінде көрінеді. Жазушы шығармаларында өзге мәтінге ишара жасау, мәдени жадта орныққан тұрақты үлгілерді жаңа контексте жұмсау, ұлттық сөз өрнектерін қазіргі көркем ойлау жүйесіне кіріктіру бір арнада ұштасады. Осы арқылы мәтін қабатында ұлттық таным, тарихи жад, діни сана, мифологиялық түсінік және әлеуметтік тәжірибе бір-бірімен сабақтасып, күрделі мағыналық кеңістік түзіледі.

Зерттеу барысында байқалған негізгі ерекшелік – Асқар Алтай шығармаларында интермәтіннің ұлттық тілдік қорда бұрыннан бар мәдени белгілер, фразеологиялық оралымдар, мақал-мәтел, діни формула, мифтік бейне және тарихи атаулар арқылы берілуі. Мұндай қолданыстар кейіпкер болмысын ашуда да белсенді қызмет атқарады. Әсіресе автор туындыларында мифологема тұрақты интермәтіндік модель ретінде орнығып, әр шығармада әртүрлі мәдени негізде жаңғырып отырады. Бір мәтінде түркілік архетиптер алдыңғы қатарға шықса, екінші туындыда әлемдік мифологиялық кеңістікпен сабақтас образдар көрінеді. Бұл құбылыс жазушының көркем ойлау аясындағы мәдени қабаттардың кеңдігін аңғартады.

Сонымен бірге ұлттық семиосфера мәтінде сөйлеу дағдысы мен сөз таңдаудың табиғи арнасында ашылады. Туыстық атаулар, тұрмыстық ишаралар, кеңістікке қатысты халықтық атаулар, бағалауыш мәні бар тұрақты тіркестер кейіпкер тілінде де, авторлық баяндауда да ұлттық дүниетанымның ішкі құрылымын сақтап отырады. Діни мазмұндағы интермәтіндер де осы қатарда көрініп, исламдық ұғымдарды халықтық сеніммен астарлай, мәтіннің моральдық-философиялық тереңдігін күшейтеді.

Интермәтіндік элементтер кейіпкердің ойлау жүйесін, авторлық ұстанымды және шығармадағы идеялық-көркемдік мазмұнды тереңдетудің маңызды тәсілі ретінде көрінеді. Әлемдік әдебиетке, тарихи тұлғаларға, мифологиялық сюжеттерге немесе мәдени-тарихи оқиғаларға жасалған сілтемелер оқырманның бұрынғы мәдени мәтіндермен байланысын жандандырып, шығарманың мағыналық аясын кеңейтеді. Бұл ретте сыртқы мәдени элементтер ұлттық мәтінге механикалық түрде енгізілмей, авторлық көркемдік жүйе арқылы қайта өңделіп, жаңа семантикалық мәнге ие болады. Соның нәтижесінде интермәтін көркем мәтінді көпқабатты мағыналық құрылымға айналдырып, оның мазмұнын бір ғана сюжет немесе идея шеңберімен шектемейді. Ұлттық және әлемдік мәдени кеңістіктің тоғысуы шығармадағы тарихи, әлеуметтік, философиялық және эстетикалық мәселелерді кең ауқымда танытуға жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, интермәтіндік байланыстар ұлттық сөз өнерінің қазіргі дамуындағы көркемдік ізденістердің бірі ретінде бағаланып, қазақ прозасының әлемдік әдеби үдерістермен сабақтастығын айқындайды.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 462 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / түсініктемесін жазған және арнаулы ред. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері // Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
4. Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы: монография. – Алматы: Эверо, 2015. – 252 б.
5. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
6. Ісімақова А.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: әдеби мақалалар. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 384 б.
7. Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог и роман // Вестник Московского университета. Серия 9. Филология. – 1995. – № 1. – С. 93–124.
8. Какильбаева Э.Т., Шанаев Р.У. Алгоритм интертекстуального анализа студентами-филологами прозы современных писателей Казахстана // Филология сериясы. – 2023. – № 4 (192). – С. 186–193. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph17
9. Mukhametkali A., Bolatova G., Tulekova G., Argynbayeva M. Intertextuality as a mechanism of dialogue between cultures and philosophical traditions: A comparative study of Thomas Eliot's and Bakytzhan Momyshuly's works // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15, No. 9. – P. 2825–2836. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1509.04
10. Лотман Ю.М. Семиосфера. – Санкт-Петербург: Искусство-СПБ, 2000. – 704 с.
11. Алтай А. Туажат: роман. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 320 б.
12. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / құраст.: Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А.Үдербаев. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
13. Мәуленов А.А., Мамыров А.И. А. Алтайдың «Туажат» романындағы неомифологиялық мотивтердің архетиптік нышандары // БҚИТУ хабаршысы. – 2024. – № 3 (31). – Б. 110–122. DOI: https://doi.org/10.62724/202430204
14. The Hemingway Society. Ernest Hemingway: The Old Man and the Sea. URL: https://hemingwaysociety.org (қаралды: 05.04.2026).
15. Алтай А. Казино: абсурд әлем новеллалары. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.
16. Tejeda Barros A. If God does not exist everything is permitted? Dostoevsky, Sartrean morality, Franklean hope, and the victims' remembrance // Contrastes. Revista Internacional de Filosofía. – 2024. – Vol. 29. – №2. – P. 82-97. DOI: https://doi.org/10.24310contrastes.29.2.2024.17449

А. АЛМАСХАНКЫЗЫ
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Б.Б. СЕЙИТОВА
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
С. МЕЛЬНИК
Индианский университет, Блумингтон, США

ИНТЕРТЕКСТ И НАЦИОНАЛЬНАЯ СЕМИОСФЕРА В ПРОЗЕ АСКАРА АЛТАЯ

Аннотация. Художественный текст является не только результатом познавательной деятельности писателя, но и отражением многослойной знаковой системы, сформированной в исторической памяти, языковом опыте, культурных традициях и мировоззренческих моделях определённого этноса. В этой связи в современной филологии понятие «интертекст» выступает важной теоретической категорией для выявления внутренней структуры художественного произведения, его смысловых уровней и механизмов текстообразования. Интертекстуальные связи реализуются посредством включения текста в смысловые, структурные и культурные отношения с другими текстами. Иными словами, каждое художественное произведение, будучи

самостоятельной семиотической целостностью, раскрывает своё значение во взаимосвязи с предшествующими текстами, культурными кодами и прецедентными структурами.

С этой точки зрения произведения Аскара Алтая «Туажат» и «Казино» представляют собой художественную систему, в которой наглядно проявляется взаимодействие интертекстуальных связей и национальной семиосферы в современной казахской прозе. В данных произведениях, с одной стороны, активно функционируют мифологические модели, фольклорные реминисценции, пословицы и поговорки, религиозные формулы, элементы историко-культурной памяти, с другой — используются прецедентные имена мировой литературной традиции, европейские топонимы, интернациональные языковые единицы, наименования урбанистического пространства и признаки техногенной цивилизации. В результате в тексте осуществляется взаимодействие различных культурных кодов, а их пересечение и сопоставление превращаются в основной механизм организации художественной семантики, отражая как национальные, так и глобальные семиотические уровни.

Ключевые слова: проза, интертекст, национальная семиосфера, «Туажат», «Казино», культурная память.

A. ALMASKHANQYZY
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
B.B. SEYITOVA
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
S. MELNYK
Indiana University, Bloomington, USA

INTERTEXT AND NATIONAL SEMIOSPHERE IN THE PROSE OF ASKAR ALTAY

Annotation. A literary text is not only the result of an author's cognitive activity, but also a manifestation of a multilayered semiotic system shaped by the historical memory, linguistic experience, cultural traditions, and worldview models of a particular ethnos. Therefore, in modern philology, the concept of intertext serves as an important theoretical category for identifying the internal structure of a literary work, its semantic layers, and its text-forming mechanisms. Intertextual relations are realized through the interaction of a text with other texts on semantic, structural, and cultural levels. In other words, although each literary work is perceived as an autonomous semiotic whole, its meaning is revealed through its connection with preceding texts, cultural codes, and precedent structures.

From this theoretical perspective, Askar Altay's works Tuazhat and Casino represent a literary system that clearly demonstrates the interaction between intertextual relations and the national semiosphere in contemporary Kazakh prose. On the one hand, these works actively incorporate mythological models, folkloric reminiscences, proverbs, religious formulas, and elements of historical and cultural memory. On the other hand, they integrate precedent names from the global literary canon, European toponyms, international linguistic units, urban spatial markers, and signs of technogenic civilization. As a result, the convergence of diverse cultural codes within the text becomes the primary organizing mechanism of artistic semantics, reflecting both national and global semiotic layers and their dynamic interaction.

Keywords: prose, intertext, national semiosphere, Tuazhat, Casino, cultural memory.

References

1. Baitūrsynov A. Ädebiet tanytqyş // Aq jol. – Almaty: Jalyn, 1991. – 462 b.
2. Äuezov M. Ädebiet tarihy: joğary oqu oryndarynyñ studentterıne arnalğan oqu qūraly / tüsınıktemesın jazğan jäne arnauly red. M. Myrzahmetov. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 240 b.
3. Qabdolov Z. Söz önerı // Tañdamaly şyğarmalar. – Almaty: Jazuşy, 1983. – 456 b.
4. Ädılova A.S. Qazırgı qazaq körkem mätınderındegı sitasia qūbylysy: monografia. – Almaty: Evero, 2015. – 252 b.

5. Pırälieva G. Körkem prozadağy psihologizmnıñ keibır mäseleleri (tüs köru, beiverbaldy işarattar, zattyq älem). – Almaty: Alaş, 2003. – 328 b.
6. Isımaqova A.S. Täuelsızdık kezeñındegı ädebiettanu: ädebi maqalalar. – Almaty: Dästür, 2016. – 384 b.
7. Kristeva İu. Bahtin, slovo, dialog i roman // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seria 9. Filologia. – 1995. – № 1. – S. 93–124.
8. Kakilbaeva E.T., Şanaev R.U. Algoritm intertekstuälnogo analiza studentami-filologami prozy sovremennyh pisatelei Kazahstana // Filologia seriasy. – 2023. – № 4 (192). – S. 186–193. DOI: https://doı.org/10.26577/EJPh.2023.v192.ı4.ph17
9. Mukhametkalı A., Bolatova G., Tulekova G., Argynbayeva M. Intertextualıty as a meshanısm of dıalogue between sultures and phılosophısal tradıtıons: A somparatıve study of Thomas Elıot's and Bakytzhan Momyshuly's works // Theory and Prastıse ın Language Studıes. – 2025. – Vol. 15, No. 9. – P. 2825–2836. DOI: https://doı.org/10.17507/tpls.1509.04
10. Lotman İu.M. Semiosfera. – Sankt-Peterburg: İskustvo-SPB, 2000. – 704 s.
11. Altai A. Tuajat: roman. – Almaty: Qazyğūrt, 2004. – 320 b.
12. Qazaq tılınıñ aimaqtyq sözdıgı / qūrast.: Č. Qaliev, O. Naqysbekov, Ş. Sarybaev, A. Üderbaev. – Almaty: Arys, 2005. – 824 b.
13. Mäulenov A.A., Mamyrov A.İ. A. Altaidyñ «Tuajat» romanyndağy neomifologialyq motivterdıñ arhetiptık nyşandary // BQİTU habarşysy. – 2024. – № 3 (31). – B. 110–122. DOI: https://doı.org/10.62724/202430204
14. The Hemıngway Sosıety. Ernest Hemıngway: The Old Man and the Sea. URL: https://hemıngwaysosıety.org (qaraldy: 05.04.2026).
15. Altai A. Kazino: absurd älem novelalary. – Almaty: Atamūra, 2008. – 368 b.
16. Tejeda Barros A. If God does not exıst everythıng ıs permıtted? Dostoevsky, Sartrean moralıty, Franklean hope, and the vıstıms' remembranse // Sontrastes. Revısta Internasıonal de Fılosofía. – 2024. – Vol. 29. – №2. – P. 82-97. DOI: https://doı.org/10.24310sontrastes.29.2.2024.17449

Авторлар туралы мәлімет:

Алмасханқызы Арайлым – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.
Алмасханкызы Арайлым – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.
Almaskhanqyzy Arailym – doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сейітова Бағдагүл Балтабекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.
Сейитова Багдагуль Балтабеккызы – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.
Seyitova Bagdagul Baltabekkyzy – doctoral student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Светлана Мельник – философия докторы (PhD), Индиана университетінің аға оқытушысы, Блумингтон, АҚШ.
Светлана Мельник – доктор философии (PhD), старший преподаватель Индианского университета, Блумингтон, США.
Svitlana Melnyk – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer at Indiana University, Bloomington, USA.

ҒТАМР 17.71.01.
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.15

Б.С. ҚОРҒАНБЕКОВ[1]
***Л. ДАУЛЕТ**[2]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[1,2]
(e-mail: leiladaulet1@gmail.com[1], bolat64@mail.ru[2])

МЫРЗАШӨЛ ӨҢІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЫ: ЖАНРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада мазмұндық, жанрлық, және құрылымдық жағынан Мырзашөл өлкесінің қазақтарының фольклорлық шығармалары қарастырылып, талданады. Мырзашөл өңіріндегі қазақтардың фольклоры ұзақ уақыт бойы жүйелі ғылыми зерттеулердің нысанына айналған жоқ. Жеке экспедициялық материалдар Кеңес одағы кезінде жиналғанымен, идеологиялық шектеулерге байланысты толық зерттелмеген. Сондықтан Мырзашөл өңіріндегі қазақтардың фольклоры арнайы зерттеуді қажет етеді. Қазіргі фольклортану ғылымында маңызды бағыттардың бірі — аймақтық фольклорды арнайы зерттеу. Себебі әр аймақтың фольклоры әр түрлі, ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады.
Зерттеу жұмысының мақсаты — Мырзашөл өңіріндегі қазақтардың фольклор үлгілерін жинақтау, аймақ фольклорының ерекшеліктерін анықтау және жиналған материалдарды талдау.
Зерттеу жұмысын әзірлеу барысында материалдарды жинау әдістері, сұхбаттар алу, талдау, сипаттау, жүйелеу әдістері қолданылды.
Зерттеудің теориялық маңыздылығы мынада: аймақтық фольклорды зерттеу барысында Мырзашөл өңірі қазақтарының фольклорын арнайы зерттеу қазақ фольклортану ғылымының дамуына ықпал етіп, өз үлесін қосады.
Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: елге бұрын белгісіз болған фольклорлық шығармаларды зерттеу, олардың баяндаушыларын анықтау және өңір бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу.
Зерттеу нәтежиесінде Мырзашөл өңірі қазақтарына тән фольклорлық үлгілердің типтік құрылымы мен жүйесі, аймақтық фольклорлық үлгілердің сипаттамалары, олардың контекстік сипаты мен ұлттық мәдениеттегі орны кеңінен анықталды. Зерттеу жұмыстары негізінде аймақтық фольклорлық шығармалардың жинақталуы: аңыздар, салт-дәстүрлер, тұрмыс-салт жырлары ғұрыптық рәсімдер, топонимикалық атаулар және т.б. зерттеу жұмыстары нәтежиесінде жиналған мәліметтер қосымша зерттеулер қажет екенін көрсетеді.
Түйін сөздер: Мырзашөл, аймақтық фольклор, аңыз, тұрмыс-салт жырлары, топонимдік аңыздар.

Кіріспе. Фольклор — әлем халықтарының рухани мұрасының ең бай салаларының бірі. Бұл — жалпы халықтың маңызды мәдени кодексі: ол ұлттың дүниетанымын, мәдениетін, тарихы мен тұрмыс-салтын қамтиды. Фольклор қазақ халқының рухани мәдениетінде ерекше орын алады. Атап айтқанда, аймақтық фольклорды зерттеу ұлттық мәдениеттің ішкі динамикасын, аймақтық ерекшеліктерін және диалектілік-этнографиялық ерекшеліктерін кең ауқымда түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Мырзашөл өлкесінің тарихи-географиялық, этномәдени маңызы бар фольклорлық мұрасы арнайы зерттеулерді қажет ететін құнды нысан болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі мен ғылыми алшақтығы — аймақтық фольклордың толық жинақталмауынан және ғылыми түрде жүйеленбеуінен туындайды. Осы уақытқа дейін қазақ фольклорын зерттеу барысында Батыс, Шығыс және Жетісу өлкесінің фольклорлық үлгілері кеңінен зерттелген. Бірақ Мырзашөл өңірінің фольклорлық мұрасы дербес зерттеу обьектісі ретінде жеткілікті дәрежеде қарастырылмады. Алдыңғы зерттеулерде (мысалы., аймақтық этнографияда немесе жалпы әдеби еңбектерде) Мырзашөл фольклоры туралы мәліметтер тек жанама түрде немесе ішінара үзінді ретінде кездеседі. Осы аймаққа тән тұрмыс-салт жырлар, топонимикалық аңыздар, жергілікті аңыз, әпсаналар жүйелі түрде жинақталып, арнайы құрылымдық-семантикалық талдауға түспеген. Жаһанданудың қазіргі дамыған заманында жергілікті фольклорлық үлгілердің назардан тыс қалуы немесе жоғалу қаупінің жоғары болуы, осы аймақтың фольклорлық мұрасының ғылыми айналымға толық қосылмауы осы зерттеудің өзектілігі мен олқылығын анықтайды.

Зерттеудің мақсаты — Мырзашөл өңірі қазақтарының фольклорлық жанрының жүйелік, құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін анықтау, оны мәдени-тарихи мазмұн тұрғысынан жан-жақты талдау жүргізу. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер жоспарланды:

– Мырзашөл аймағының типтік фольклорлық үлгілерін саралау, жинақтау, және ғылыми жүйелеу;

– Аймақтық фольклордың негізгі жанрлық формаларын (ғұрыптық, тұрмыс-салт жырлар, аңыз, әпсаналар, топонимикалық аңыздар және т.б.) анықтау;

– Жиналған материалдардың мазмұнын, оның поэтикалық және құрылымдық ерекшеліктерін талдау.

– Аймақтық фольклордың қалыптасуына әсер еткен тарихи, әлеуметтік және географиялық факторларды ашып, оның этномәдени маңызын анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы — бұрын ғылыми айналымға толық енбеген Мырзашөл өлкесінің фольклорлық материалдары алғаш рет жан-жақты жүйеленіп, дербес фольклорлық сала ретінде қарастырылады. Мақала фольклорлық зерттеулердегі аймақтық зерттеулердің кемшіліктерін тұрмыс-салт жырлары, топонимидік аңыздардың жанрлық сипатын құрылымдық және семантикалық тұрғыдан саралау арқылы толықтырады.

Зерттеудің практикалық маңызыдылығы — зерттеу нәтежиелерін фольклортану, этнография, өлкетану, филология факультетінің арнайы курстарында және аймақтық мәдени мұраны қорғау мен насихаттауға бағытталған бағдарламаларында қолдануға болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Фольклорлық шығармаларды толық түсіну және одан әрі дамыту үшін, ең алдымен, халық мұрасын жинау, жариялану және зерттеу үрдісін біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажет. Бүгінгі таңда аймақтық фольклор тақырыбы отандық және шетелдік зерттеулердегі өзекті бағыттардың біріне айналуда. Аймақтық ерекшеліктерді зерттеу халықтың дүниетанымын, мәдени кодекстерді және халықтың тарихи тәжірибесін терең түсінуге мүмкіндік береді. Ресей империясы тұсында көшпелі халықтардың, әсіресе қазақ халқының фольклорын зерттеу ісі негізінен саяси және әкімшілік мақсаттармен тығыз байланысты болды. Бұл үдерістің негізгі бағыты отаршылдық билікті нығайту және жергілікті этникалық, мәдени және әлеуметтік құрылымды терең тану арқылы империялық саясатты тиімді жүзеге асыру болды. Сондықтан қазақ даласында өткізілетін ғылыми экспедициялар тек академиялық ізденістерден ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік-стратегиялық мүдделерден де туындады. Патшалық Ресей кезінде Қазақстанға жіберілген ғылыми экспедициялар тек зерттеу ғана емес, сонымен бірге стратегиялық мүдделерді көздейтін отаршылдық саясаттың құралы болды. Бұл зерттеулер қолда бар білім негізінде өлкенің демографиялық ресурстарын, географиясын және мәдениетін тиімді басқару мақсатында жүргізілді [1, 23]. Отаршылдық саясат тереңдей түскен сайын қазақ фольклорын жинау мен зерттеу ісі біртіндеп күрделене түсті және оның мақсаттары да өзгеріп отырды. Арнайы экспедициялармен келген офицерлер, шенеуіктер, ғалымдар, миссионерлер қазақ халқының ауыз әдебиеті мен ән-күй өнерін,

салт-дәстүрлерін, этнографиясын жинай бастады. Қазақ фольклорын мақсатты түрде жинақтау, ғылыми зерттеу 18- ғасырдың аяғында 19-ғасырдың басымен сәйкес келеді. Осыған байланысты П.И. Рычаков, П.С.Паллас, И.Г.Георгий, И.Ф.Фалк, И.Г.Андреев, В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, Г.Н.Потанин сияқты ғалымдар ғылыми айналымға тұрмыс-салт жырларды, аңыз-әңгімелерді, ертегілерді енгізді [1, 25]. Алғашында фольклорды әдеби-теориялық талдаудан гөрі, оны жинақтау мен сипаттауға артықшылық берілгенімен, кейін бұл еңбектер фольклорлық зерттеулердің негізін қалады. Қазақ фольклорының үлгілерін жүйелі түрде жинау негізінен 19-ғасырда жүргізіле бастады. В.В.Радлов, Н.И.Ильминский Г.Н. Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Е.Алекторов, А.В.Васильев, Н.Пантусов, В.П.Наливкин, Н.П.Остраумовтар сияқты ғалымдар фольклорлық шығармаларды жіктей отырып, көптеген құнды материалдарды жинап жариялады [2, 5]. Оңтүстік өңірдің (Сырдария, Мырзашөл, Қаратау аймақтары) фольклорын зерттеу — қазақ фольклорын зерттеудің негізігі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл өлкенің фольклорлық мұрасы ежелгі тарихи-мәдениеттің сабақтастығы негізінде дамып, эпикалық жырлар, ой толғаулар, айтыс өнері сияқты ерекше жанрлық сипатымен дараланады [3, 14]. 19-ғасырдың екінші жартысында Сырдария өлкесінің фольклорын жүйелі түрде жинау басталды. 1884 жылы Сырдария генарал-губернаторы Н.И.Гродековтың нұсқауы бойынша Ә.Диваев, В.Н.Наливкин, А.Н.Вышнеглярскиймен бірге аймақтық фольклордың үлгілерін жинады [4, 15]. Бұл зерттеулер аймақ фольклорының этнографиялық және әдеби маңыздылығын ғылыми түрде анықтады [5,16]. 19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басында ағартушы-ғалымдар Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынов халық мұрасын жинау, жүйелеу және бағалаудың ғылыми негізін қалады. Бұл дәстүрді кейін М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.Әбілқасымов, К.Бөриев сияқты зерттеушілер жалғастырып, Оңтүстік өлке мұрасының жанрлық табиғатын, құрылымдық, поэтикалық, көркемдік, стилистикалық сипатын терең зерттеді [6, 18]. 19-ғасырдың аяғынан бастап П.С.Паллас, Г.И.Спасский, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Н.Ф.Катанов, Ә.Диваев зерттеу еңбектерінде түркі халықтарының, соның ішінде Ресей империясының назарын аударған қазақ халқының фольклорлық туындылары кеңінен көрініс тапты [7, 91].

Зерттеу әдістемесі және жиналған материалдың сипаттамасы — Мырзашөл өңірінің фольклоры әлі күнге дейін арнайы және жан-жақты зерттеу обьектісі ретінде толық қарастырылмағандықтан, бұл зерттеудің ғылыми жаңалығын арттырады.

Зерттеу барысында жүйелі түрде келесі ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды:

Фольклорлық материалдарды жинау әдісі: далалық зерттеулерде, фольклорлық экспедицияларды жазу, фольклорлық деректердің түпнұсқаларын қағазға/ аудиоға түсіру мақсатында пайдаланылды.

Сұхбат алу (интервью) әдісі: фольклорлық материалдар мен ауызша деректерді тікелей жергілікті тұрғындар мен мұра жинаушылардан (ақпарат берушілерден) жазу үшін қолданылды.

Сипаттау әдісі: жинақталған фольклорлық мәтіндердің негізгі сюжетін, мазмұнын және аймақтық ерекшеліктерін сипаттау және жіктеу, сұрыптау үшін қолданылды.

Материалдарды саралау және іріктеу әдісі: жиналған фольклорлық мұралардың ішінен фонға тән нақты деректер таңдалды.

Мәтіндік талдау және салыстыру әдісі: Ауыз әдебиеті үлгілерінің мазмұнын, көркемдік-стилистикалық ерекшеліктерін талдау және Мырзашөл өлкесінен жиналған фольклорлық мәтіндерді қазақ фольклорының танымал нұсқаларымен салыстыру үшін пайдаланылды.

Жүйелеу және жинақтау әдісі: әр түрлі экспедициялық жазбалар мен мұрағат деректері жүйеленіп, типтері мен тақырыптық түрлері бойынша топтастырылып, оларды біртұтас ғылыми жүйеге біріктіру арқылы жинақталды. Материалдарды іріктеу кезінде мұраны қорғау деңгейі, олардың түпнұсқалығы, аймақтық негізділігі (Мырзашөл өңіріне тән жер-су атаулары, оқиғаларға қатыстылығы) және жанрлық әртүрлілігі (аңыз, шежірелік әңгімелер, өлең-жырлар) мұраны қорғау деңгейі ескерілді.

Далалық экспедиция және мұрағат деректерінің көрсеткіші: Экспедиция уақыты: 2025 жылғы шілде – тамыз; 2026 жылғы маусым-шілде; Экспедицияның орналасқан жері (қамтылған аймақтар): Мырзашөл өңірі — Жетісай және Мақтаарал аудандарының елді мекендері.

Ақпараттың көлемі мен мазмұны: Экспедиция барысында Жетісай және Мақтаарал аудандарының елді мекені қамтылды. 60 жастан асқан жергілікті көнекөз қарттар, жырау дәстүрін сақтаушылар және жергілікті өлкетанушылармен сұхбаттар жүргізілді.

Жиналған фольклорлық мәтіндердің көлемі: далалық зерттеулер нәтежиесінде 20-ға жуық аңыз, 100-ге жуық ежелгі тұрмыс-салт жырлар үлгісі, және 50 ге жуық қолжазба дәптерлері жазылып, ғылыми сараптамалар жүргізілді.

Мұрағат материалдарынан алынған деректер: М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбалар қорынан 920/26, 920/67, 920/70 жинақтары, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының, ҚР Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорынан Мырзашөл өлкесіне қатысты бұрын жарияланбаған фольклорлық жазбалар, қолжазба деректері пайдаланылды. Мырзашөл өлкесінің фольклоры — қазақ халқының рухани мәдениеті тарихындағы ежелгі және бай мұрасы ретінде ғылыми айналымға толықтай енгізіліп, ауқымды зерттеулерді қажет ететін сала болып табылады.

Талқылау мен бақылау. Аймақтық фольклордың ерекшелігі мен жанрлық сипаты тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, мақал-мәтелдер, айтыс үлгілері, жер су атауларына қатысты аңыз-әпсаналар арқылы анық көрсетіледі. Мырзашөл өлкесінің фольклорын зерделеу кезінде фольклордың әлеуметтік-коммуникативтік қызметін ескеру жөн. Осы тұрғыдан алғанда, американдық фольклортанушы Дэн Бен-Амостың «Folklore is artistic communication in small groups» (Фольклор – бұл шағын әлеуметтік топтардағы көркем қарым-қатынас) [8, 15], – деген тұжырымы аймақтық фольклор мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл теория Мырзашөл өлкесінің фольклорын зерттеу үшін маңызы зор. Себебі аймақтық фольклор тек мәтінмен шектелмейді; ол орындалатын ортада, оның таралу жағдайы, тыңдаушылар қауым және мәдени контекст аясында өмір сүруді жалғастырады. «Энн Марки мен Энн О`Коннордың жазуынша, фольклор – ауызша, дәстүрлі авторы белгісіз әрі өзгермелі құбылыс; ол динамикалық сипатқа ие және бір адамнан екінші адамға, бір топтан басқа топқа, бір ұрпақтан келесі ұрпаққа берілген сайын өзгеріп отырады» [9, 16]. Әсіресе, ғылыми тұрғыдан алғанда, Мырзашөл өңірі қазақтарының фольклорының тарихи даму мәселелері, жанрлық жүйесін, фольклорды сақтау, фольклорды баяндаушылар мен жеткізушілер мәселесін ғылыми тұрғыдан қарастыру аса маңызды. Қазақ фольклортанушысы С.Қасқабасов аңыздарды тарихи және топонимикалық деп жіктейді: «Топонимдік аңыздарда тарихқа негізделген фактілер бар. Ал топонимикалық мотивтер аңыз-әңгімелерде кездеседі. Бұл мифологиялық жанрға жататын шығарма ғана емес. Сондықтан «топонимикалық аңыз» термині шартты атау болып табылады және белгілі елді мекенге қатысты шығармаларда қамтылуы мүмкін» [10, 93], – дейді. Мырзашөлдің табиғи-географиялық шөлейттенуі халықтың дүниетанымына тікелей әсер етіп, фольклорлық шығармалардың тақырыптық негізіне айналды.

Мырзашөл фольклорының аймақтық ерекшелігі: Сырдария, Қаратау және Қызылқұм өңірлерімен салыстырмалы түрде талдау: Мырзашөл фольклорындағы негізгі ұғымдар «су, құдық, шөл, жел, әулие, жер-су атаулары» басты концептілер болып табылады. Мырзашөлге ғана тән осы элементтердің өзіндік ерекшелігін ашу үшін көршілес Оңтүстік өңірлердегі фольклорына салыстырмалы талдау жүргізу қажет:

«Мырзашөл және Сырдария өңірі»: Сырдария фольклорында судың көптігі мен үлкен өзен, су тасқыны, каналдар, балық аулау, канал бойындағы егіншілік сияқты су қоймаларына қатысты мәселелерге баса назар аударылады. Ал Мырзашөл фольклорында басты себеп су тапшылығы, тереңнен су шығару (құдықшылық дәстүрі), су іздеу негізгі мотив болады. Сыр бойында өзен елді мекен ретінде пайдаланылса, Мырзашөлде құдық — тіршіліктің, өмір сүрудің бірден-бір кепілі ретінде сипатталады.

«Мырзашөл және Қаратау өңірі»: Қаратау фольклоры негізінен таулар, жартастар, үңгірлер, таудың сұлу табиғаты, кендер, ежелгі бекіністер туралы аңыздарға бай. Қаратауда әулиелік ұғымы таудың құзар басы, шыңдар, тау жоталарына немесе үңгірлерге байланысты қасиетті (мысалы, Жылаған ата, Ақмешіт) байланысты, Ал Мырзашөлде «Әулиелік» феномені сусыз шөлде бұлақ шығару, құдық басында дұға ету, аптап ыстықтан қорғану және т.б. экологиялық бейімделу қажеттіліктермен байланысты.

«МырзашөлжәнеҚызылқұмөңірі»:Қызылқұмфольклорыменұқсастығынақарамастан, Мырзашөл аңыздарында шөлді игеру, қоныстану, Мырза би сияқты ел ағаларының халық үшін жағдай жасау және құдық қазу сияқты әлеуметтік-антропологиялық мазмұн басым... Қызылқұмда көшпелі мал шаруашылығы мен мен құмды тасымалдау мотивтері кеңінен таралса, Мырзашөл фольклорында шөлді игеріп, оны құнарлы мекенге айналдыру идеясы басты орынға шығады. Осылайша, Мырзашөлде су, жел, құдық, әулие ұғымдары экзистенциалдық мәнге ие болып, аймақтық фольклордың өзіндік кодына айналды.

Аңыздар мен дереккөздердің сипаттамасы — мақалада талқыланған аңыздардың шығу тегі мен жинақталу көздері екі топқа бөлінеді: далалық экспедициялық материалдардан алынған аңыздар және әдеби-мұрағаттық нұсқалар:

«Мырзашөл атауының шығу тегі» туралы аңыз (антропотопонимикалық нұсқа) — Дереккөзі: Мырзашөл өлкесінде жүргізілген далалық фолькорлық зерттеулер кезінде жергілікті көнекөз ақсақалдармен тікелей ауызша сұхбаттасу арқылы жазылып алынды, бірақ мұрағаттық нұсқалары да кездеседі.

Мазмұны: Ел аузындағы аңызға айналған нұсқаларда, бұл аймақта халыққа танымал Мырза есімді бай немесе би өмір сүрген-мыс. Ол елді осы шөлейт өлкеге қоныстандырып, құдық қазып, мал шаруашылығының дамуына жағдай жасайды. Осыған сәйкес «Мырзаның шөлі» деген тіркес халық арасында елді мекеннің шөлейт аймақта орналасуын байланысты пайда болып, уақыт өте келе бұл біртұтас атауға айналған делінеді [11, 12]. Бұл атау географиялық обьектінің атауы ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, тарихи тәжірибесін және тілдік ерекшеліктерін жинақтаған күрделі лингвистикалық бірлік болып саналады. Ғылыми лингвистикалық зерттеулерде «Мырзашөл» мырза мен шөл екі компенттен тұрады. Қазақ тілінде «Мырза» сөзі әдетте жомарт, қолы ашық, бай дегенді білдіреді. Ал шөл компоненті білгілі бір географиялық аймақты, яғни құрғақ, сусыз мекенді білдіреді. Мырзашөл атауы табиғаттың кеңдігі мен оның ресурстық әлеуетін көрсететін метафоралық атау болуы мүмкін [10, 58]. Тарихи деректерге сүйенсек, қазіргі Мырзашөл өңірі бұрын «Голодная степь (Аштық даласы)» немесе «Бетпақ дала» деген атпен белгілі болған [12, 24].

Бұл атаулардың барлығы аймақтың табиғи жағдайларының күрделілігін, тіршілікке қолайсыздығын көрсетеді. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, Мырзашөл атауы — тіл, тарих, фольклор элементтерін тоғысқан көпқырлы атау екені анық.

«Су іздеген ел» аңызы (құдық дәстүрі) — дереккөз: елді мекендерді аралау кезінде жазылған далалық материал, қолжазба дәптерлерінен және жергілікті тұрғындар мен өлкетанушылардың және ауызша айтуынан жазылып алынды.

Мазмұны: аңыз бойынша, ежелгі уақытта осы аймаққа қоныс аударған тайпалар қатты құрғақшылыққа тап болған. Құрғақшылық кезінде ақылгөй қарияның нұсқауымен құдық қазып, су шығарады — бұл құдық қазу кәсібінің ауызша тарихы және аймақтағы құдық қазудың танымал тәжірибесін, тарихын көрсетеді.

Әдеби және мұрағаттық/ғылыми дереккөздерден алынған аңыздар — «Әулие бұлақ» (сакралды мифология) туралы аңыз — мұндай аңыздар көбінесе белгілі бір аймақтың табиғатыныңқасиеттінысанынкиелісипаттатүсіндіругебағытталған. Кие(сакрализация)— ерекше жұмбақ күш, наным-сенім бойынша тірі және жансыз заттарда кездесетін қасиет, тылсым күш. Халықтық дүниетанымда әулиелерге құрмет көрсету береке-бірлікті арттырып, жақсылық әкеледі, керісінше жағдайда киесі ұрады, – деп есептеледі. Сондықтан әулие адамдарды қорламайды, жан-жануарларға зиян келтірмейді, киелі дүниелерге зор құрметпен қарайды [13, 90]. Дереккөзі: Бұл тақырыптық нұсқа Қ.А.Затов, С.У.Абжалов,

Р.Отто, М.Элиаде еңбектеріндегі қасиетілік пен киелілік теориясының контексінде [14, 54] және сирек қолжазбалар мен бұрыңғы ғылыми-этнографиялық басылымдардың жинақтарынан талданған әдеби нұсқа. Дәстүрлі мәдениеттерде табиғи обьектілер қасиетті мәнге ие болады және қасиетті кеңістік болып саналады. Яғни, табиғи обьектілердің (су, таулар, тастар, ағаштар) қасиетті кеңістікке айналуы [15, 20]. Қазақ фольклорында табиғи нысандарды киелеу құбылысы жиі кездеседі. Мазмұны: Аңыз бойынша, ежелгі уақытта халық құрғақшылықтан зардап шегіп, ауыз судың жетіспеушілігі қатты сезіледі. Ел ішінде ерекше қасиеті бар, діндар әулие дұға етіп, таяқшасын шөл далаға бағыттаған кезде су атқылап шығады. Кейін бұл «Әулие бұлақ» деп аталып кеткен екен. Кейбір аңызға айналған нұсқаларда қасиетті бұлақтың суы әртүрлі ауруларды емдеуге, тілек тілеп келгендердің армандарының орындалуына арналған қасиетті орын ретінде сипатталған [12, 62]. Бұл дәстүрлі исламдық нанымдардың бірігуінен пайда болған типтік әдеби-фольклорлық сюжеттік құрылым. Әулиеге табыну —исламдық дүниетаныммен байланысты. Ол адамдар үшін табиғат құдіретіне ие болған тылсым күш иесі ретінде көрінеді [12, 74]. Экологиялық жағдайларға байланысты шөлейт аймақтарда су ресурстары шөлейт аймақтарда маңызды болды, сондықтан осындай аңыздарға ерекше құрметпен қарады.

«Жел мен құм туралы аңыздар» (экологиялық- мифологиялық мотив) — Дерекөз: академиялық фольклор мен аймақтық топонимикалық зерттеу әдебиеттерінің жинақтарынан. Мазмұны: Мырзашөл, Қызылқұм, Бетпақдала сияқты шөлді аймақтарда жиі кездесетін желдің құмды көшіруі, құм бүрку, құмның қоныс аударуы сияқты құбылыстарын табиғаттың сиқырлы күші ретінде түсіндіретін, белгілі бір географиялық атаумен шектелмейтін аңызға айналған мифологиялық мотивтер. Әр аймақта әртүрлі тәсілдермен айтылатын типтік фольклорлық аңыз. Фольклорлық шығармаларда табиғат құбылыстары тірі күш ретінде сипатталып, халықтық наным-сенімдер арқылы түсіндіріледі [16, 122].

Жанрлық жүйенің сипаты және фольклорылық дәстүр: Мырзашөл өлкесінің фольклорлық шығармалары бірнеше негізгі жанрлардан тұрады:

– Тұрмыс-салт жырлар: отбасылық, ғұрыптық салтанатты өлеңдер (тойбастар, жар-жар, сыңсу, беташар, бесік жыры, жоқтау, аза тұту, көңіл айту өлеңдері, сондай-ақ құрғақшылықта тасаттық беру, су тілеу, егіншілік пен мал бағуға қатысты жырлар.

– Батырлық және тарихи жырлар: Оңтүстік жыршылық мектептеріне тән эпикалық дәстүр.

– Ғұрыптық фольклор: ежелгі түрік дүниетанымы мен исламдық наным-сенімдермен астасып жатқан киелі шығармалар.

– Топонимикалық аңыздар мен мифтер: шөлейт өлкедегі жер-су, бұлақ, құдық, құм атауларының шығу тарихына байланысты аңыз-әпсаналар.

Кеңестік кезеңдегі идеологиялық сүзгі салдарынан діни мазмұндағы жырлар мен исламдық шариғатқа байланысты аңыз-әңгімелер бұрмаланып, жарияланбай келді. Соның салдарынан Мырзашөл өлкесінің рухани бай мұрасы ғылыми айналымға толық енгізілмеген. Соңғы жылдары далалық экспедициялар және мұрағаттық зерттеулер негізінде жиналған бұл материалдар аймақтық фольклорды жүйелеуге сенімді дереккөз болады.

Нәтижелер. Мырзашөл өлкесінде жүргізілген фольклорлық-этгорафиялық зерттеулер кезінде жиналған фольклорлық туындыларға жүйелі сандық және сапалық талдау жүргізілді. Жиналған материалдардың жанрлық үлесі, негізгі мотивтері, нақты фольклорлық үлгілерінің үлесі төмендегі кестеде жүйеленген:

Кесте 1 – Мырзашөл фольклорының жанрлық құрылымы мен мазмұндық сипаттамалары

Жанрлық бағыттар	Үлесі %	Негізгі мотивтер мен тақырыптар	Нақты мысалдар, фольклорлық деректер
Тұрмыс-салт жырлар	40%	Отбасылық дәстүрлер, бала тәрбиесі, шөл даладағы табиғат, суару жұмыстары, еңбек көрінісі	« Біз ақ түйенің сүтімен, иірілген жіптің арқасында кім болдық...» (беташардан); Суландыру жүйелері мен ауыл шаруашылығына қатысты тұрақты тіркестер.
Айтыс өнері (аймақтық ақындар айтысы)	25%	Мырзашөлді игеру, әлеуметтік – тұрмыстық мәселелер, жер-су, аймақтық шешендік диалектілер	Аймақ ақындарының халықтың өмірі мен әлеуметтік жағдайларын суреттейтін, суырып салма өлең жолдары.
Шежірелер мен тарихи әңгімелер	20%	Тарихи жады, ата-баба қоныстарының тарихы, этно-мәдени байланыстар	Алғашқы канал қазу, Мырзашөлді суландыру, мекен еткен тұрғындар туралы аңыздар, тарихи әңгімелер
Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер	15%	Шаруашылыққа, еңбекке байланысты, шөлді климатқа бейімделу.	Аймақтық шаруашылық, тұрмыс-тіршілікке байланысты нақыл сөздер.

Нәтежиелерді талдау көрсеткендей, жинақталған фольклорлық мұраның көп бөлігін тұрмыстық, салт-дәстүр жырлары құрайды. Бұл жергілікті халықтың отбасылық мәдени дәстүрлерге бай екенін көрсетеді. Мәтіндерде аймақтың лексикалық және диалектілік ерекшеліктері оның шөлейт табиғат пен суландыру жүйелерімен байланысты екенін айқын көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде Мырзашөл өлкесінің фольклорының келесі негізгі сипаттамалары анықталды:

1. Табиғи-географиялық факторлар: фольклорлық мәтіндерде лингвистикалық образ ретінде шөлейт аймақтың табиғаты, сумен жабдықтау (канал, арық, құдық) ұғымдары тілдік бейне қалыптасады.
2. Аймақтық диалектілердің стратификациясы: жинақған материалдар жергілікті халықтың тілдік қолданысы мен этномәдени сабақтастығын сақтайды.
3. Әлеуметтік жады: шежірелік әңгімелер және айтыстарда аймақтың тарихи-әлеуметтік құрылымын, оның қоныстану үрдістерін терең бейнелейді.

Теориялық маңызыдылығы — аймақтық фольклорлық деректерді жүйелеу ұлттық мәдениеттің тұтастығы мен рухани сабақтастығын ғылыми тұрғыдан терең түсінуге мүмкіндік туғызады.

Практикалық маңызыдылығы — зерттеу нәтежиелерін білім беру саласында (университтерге арналған арнайы курстар үшін), мәдени мұраны қорғау жобаларын дайындауда және облыстық фольклорлық жинақтарды шығаруда қолдануға болады.

Қорытынды. Осы зерттеу жұмысы барысында Мырзашөл қазақтарының фольклорлық мұрасы тұңғыш рет жүйелі түрде сұрыпталып, келесі негізгі ғылыми тұжырымдар мен нәтежиелер алынды:

1. Жанрлық құрамы мен сандық үлесі анықталды: экспедициялық материалдарды жүйелеу негізінде аймақ фольклорының көп бөлігі шежірелік тарихи әңгімелерден, айтыс өнері және тұрмыстық-салт жырлардан тұратындығы дәлелденді.
2. Аймақтық-экологиялық ұғымдар анықталды: алғаш рет фольклордағы лексикалық қабаттардың (су, канал, арық, құдықтар) концептуалды бейнесі шөлейт табиғатқа, суаруға және ауылшаруашылығына байланысты ажыратылды.

3.Әлеуметтік-мәдени жады мен шежірелік желі жүйеленді: Аймақтағы шежірелік әңгімелер, тұрмыс-салт жырлары арқылы елді-мекеннің қоныстану тарихы мен әлеуметтік-этникалық байланыстары анықталды.

4.Диалектілік және негізгі мәліметтер базасы жинақталды: Жергілікті тілдің ерекшеліктерін сақтайтын тұрмыстық-салт жырлар және мақал-мәтелдердің мәтіндік негізгі қоры жүйеленіп, ғылыми айналымға енгізуге жоспарлануда.

5.Аймақтық фольклордың тұтастық үлгісі жасалды: Мырзашөл фольклоры дара құбылыс ретінде емес, жалпы қазақ рухани мұрасының ажырамас бөлігі және тарихи сабақтастықтың көрінісі ретінде қарастырылды.

Ғылыми жаңашылдығы — Мырзашөл өлкесі фольклорының табиғи-географиялық факторлармен байланысын жан-жақты бейнелеуде және аймақтық фольклорлық мәтіндердің сандық-сапалық құрылымын алғаш рет жүйелі түрде ұсынуда жатыр.

Практикалық маңызы — білім бағдарламасы бойынша арнайы курстар мен дәрістер дайындау: жоғары оқу орындарында «аймақтану» және «фольклор» бағыттары негізінде.

Conclusion. In the process of identifying the semiotic and symbolic meanings of sacred concepts in Kazakh wedding ritual folklore, particular attention was paid to the foundations of the traditional worldview and its origins. The analysis of the symbolic meaning of the sacred object *üki* (owl feather) attached to a girl's headdress revealed its functions as a symbol of freedom, affection, and protection from the evil eye. By demonstrating that fire functions as a sign within the ritual of pouring oil into the fire, the sacred and divine nature attributed to fire was also established. These two examples preserve elements of the initial forms of the traditional worldview. However, it is evident that over time traditional perceptions have undergone transformations, and their contemporary interpretations have moved away from their original meanings. Therefore, the symbolic characteristics of concepts such as *kie* (sacredness) and sanctity, which continue to manifest themselves in wedding ritual folklore and everyday life, require further scholarly investigation. A scientific analysis of these concepts contributes to a deeper understanding of their cultural significance in contemporary society.

The article describes the cultural and spiritual world of the Kazakh people through the semiotic and symbolic meanings of sacred concepts such as *bosağa* (threshold), *shańyraq* (household dome), and *tör* (place of honor), which are represented in the folklore works *zhar-zhar* and *synsu*. The results of this study can serve as a foundation for examining sacred concepts in ritual folklore from new perspectives and for the systematic scholarly analysis of the concept of *kie* in literary studies.

Literature

1. Кайуа Р. Миф и человек. Человек и сакральное. – М.: ОГИ, 2003. – 296 с.
2. Элиаде М. Священное и мирское. – М.: Московский гос.ун-т, 1994. – 143 с.
3. Уәлиханов Ш. Тәңірі. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 392 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2013. – 286 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 272 б.
7. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 286 б.
8. Матыжанов К. Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. – Алматы: Press Co, 2020. – 384 б.
9. Лотман Ю.М. Семиосфера. – С. – Петербург: Искусство – СПБ, 200. – 704
10. Тэрнер В. Символ и ритуал. – М.: Наука, 1983. – 277
11. Аймұхамбет Ж.Ә., Байтанасова Қ.М., Айтуғанова С.Ш. Структуралық әдебиеттану және мәтін талдау. – Алматы: Жазушы, 2025. – 388 б.
12. Дәрібайұлы С. Беташар және отбасылық ғұрыптардағы параллельдер // М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – №4 / 2014. – Б. 190-194. URL: https://rmebrk.kz/journals/1287/57492.pdf

13. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 3. – Алматы: Әлем, 2017. – 856 б.
14. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Алматы: Толағай, 2010. – 464 б.
15. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 2. – Алматы: Әлем, 2017. – 848 б.
16. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Т. 90: Ғұрыптық фольклор. – Астана: Фолиант, 2012. – 432 б.
17. Керімбай С. Нәби Ә. Қисса-сүл-әнбия және экзистенциялық талдау. – Алматы, 2022. – 552 б.
18. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 5. – Алматы: Әлем, 2017. – 816 б.
19. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 192 б.
20. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 4. – Алматы: Әлем, 2017. – 832 б.
21. Марғұлан Ә. Қазақ әлемі. 1-кітап. – Алматы: Press Co, 2021. – 126 б.
22. Mussabekova S., Daribayev S., Daurenbekova L. (2026). Exploring mystical motifs in literature as a reflection of human consciousness. // Kervan –International Journal of Afro-Asiatic Studies 30 / Identity in Central Asia, Nurture. – №30(8). – P. 211-236. URL: https://ojs.unito.it/index.php/kervan/article/view/13317/10957

Е.К. КӘРІБОЗОВ, Л.НОҒАЙБЕККЫЗЫ
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

ҮЙЛЕНУ ҒҰРПЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ САКРАЛДЫҚ ҰҒЫМДАРДЫҢ СЕМИОТИКАЛЫҚ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Мақалада үйлену ғұрпындағы сакралды ұғымдар дәстүрлі дүниетанымдық категория негізінде сараланады. Зерттеудің өзектілігі – әдебиеттану ғылымында сакралды ұғымдар салыстырмалы түрде жаңа зерттеу нысаны болғандықтан, оның фольклордағы көрінісін жүйелі түрде зерделеу қажеттілігі айқын. Сакралдық (лат. sacrum – қасиетті, киелі, орыс. сакральное, ағылш. sacred) таным – гуманитарлық ғылымдарда кеңінен зерттеліп жүрген күрделі категория. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Э. Дюркгейм, Р. Отто, М. Элиаде еңбектерінен бастау алған сакрум феноменологиясы бүгінде дүниежүзілік гуманитарлық салада негізігі тақырыптардың біріне айналды. Алғашқы зерттеушілер қастерлілік түсінігін сакрум (қастерлі), профанум (дүниелік) мазмұны бойынша салыстырмалы түрде саралап, діни түсініктермен байланыстырды. Фольклористика саласындағы сакралдық таным архаикалық қоғамның рухани кеңістігін айқындаумен қатар, фольклорлық мәтіндер мен рәсімдік тәжірибенің семантикалық өзегі ретінде көрініс береді. Зерттеудің мақсаты – қазақ халқының үйлену ғұрпына қатысты сакралдық ұғымдардың семиотикалық, символдық семантикасын саралау. Зерттеу материалдары ретінде үйлену ғұрпындағы рәсімдік амалдар (қыз ұзату, келін түсіру, отқа май құю, отау тігу) мен фольклорлық поэзия (жар-жар, сыңсу) қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде халықтың дәстүрлі дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті жан-жақты зерделеніп, сакралдық ұғым-түсініктер фольклортану саласындағы көпқабатты концепт ретінде дәлелденді. Үйлену ғұрпындағы сакралды ұғымдардың таңбалық, символдық мәнін қазақы дәстүрлік таным негізінде жүйелеу – зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде ұсынылады.

Түйін сөздер: фольклор, сакралды ұғым, кие, үйлену ғұрпы, семиотика, символ.

Е.К. КАРБОЗОВ, Л.НОГАЙБЕККЫЗЫ
Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Аламты, Казахстан

СЕМИОТИКО-СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ САКРАЛЬНЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ В СВАДЕБНО-ОБРЯДОВОМ ФОЛЬКЛОРЕ

Аннотация. В данной статье сакральные представления в свадебной обрядности рассматриваются на основе категорий традиционного мировоззрения. Актуальность исследования обусловлена тем, что сакральные представления являются сравнительно новым объектом литературоведческих и фольклористических исследований, что определяет необходимость их системного изучения в контексте фольклора. Сакральность (лат. sacrum – священное, сакральное; англ. sacred) представляет собой сложную категорию, широко исследуемую в гуманитарных науках. Феноменология sacrum, берущая начало в трудах Э. Дюркгейма, Р. Отто и М. Элиаде конца XIX – начала XX века, в настоящее время занимает одно из центральных мест в мировой гуманитарной науке. Первые исследователи анализировали категорию сакрального в сопоставлении с профанным (profanum), связывая её преимущественно с религиозными представлениями. В фольклористике сакральность выступает не только как характеристика духовного пространства архаического общества, но и как семантическое ядро фольклорных текстов и обрядовой практики. Цель исследования заключается в анализе семиотической и символической семантики сакральных представлений, связанных со свадебной обрядностью казахского народа. В качестве исследовательского материала рассматриваются обрядовые действия свадебного цикла (проводы невесты, встреча невесты, жертвенное возлияние масла в огонь, возведение юрты молодых), а также произведения обрядовой поэзии (жар-жар, сыңсу). В результате исследования всесторонне раскрываются особенности традиционного мировоззрения, быта и культуры казахского народа, а сакральные представления обосновываются как многослойная категория фольклористики. Научная новизна исследования заключается в систематизации знакового и символического значения сакральных представлений в свадебной обрядности на основе традиционного казахского мировоззрения.

Ключевые слова: фольклор, сакральные представления, священное, свадебная обрядность, семиотика, символ.

References

1. Kaiua R. Mif i chelovek. Chelovek i sakrälnoe. – M.: OGİ, 2003. – 296
2. Eliade M. Sväşennoe i mirskoe. – M.: İzdatelstvo Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta, 1994. – 143
3. Uälihanov Ş. Täñırı. – Almaty: Halyqaralyq Abai kluby, 2013. – 392 b.
4. Baitūrsynov A. Ädebiet tanytqyş. – Almaty: Atamūra, 2013. – 286 b.
5. Äuezov M. Ädebiet tarihy. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 240 b. 6.
6. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty, 1984. – 272 b.
7. Uahatov B. Qazaqtyñ halyq öleñderı. – Almaty: Čylym, 1974. – 286 b.
8. Matyjanov K. Qazaq fölklorynyñ qasterlı älemı. – Almaty: Press Co, 2020. – 384 b.
9. Lotman İu.M. Semiosfera. – S.-Peterburg: İskustvo – SPB, 200. – 704 1
10. Terner V. Simvol i ritual. – M: Nauka, 1983. – 277
11. Aimūhambet J.Ä., Baitanasova Q.M., Aituğanova S.Ş. Strukturalyq ädebiettanu jäne mätın taldau. – Almaty: Jazuşy, 2025. – 388 b. 2.
12. Därıbaiūly S. Betaşar jäne otbasylyq ğūryptardağy paralelder // M.Ötemısov atyndağy Batys Qazaqstan memlekettık universitetınıñ habarşysy. – №4 / 2014. – B. 190-194. URL: https://rmebrk.kz/journals/1287/57492.pdf
13. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ dästürlı jüiesı. Ensiklopedia. T. 3. – Almaty: TOO Älem Damu İntegrasia, 2017. – 856 b.

14. Uälihanov Ş. Köp tomdyq şyğarmalar jinağy. T. 2. – Almaty: Tolağai grupp, 2010. – 464 b.
15. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ dästürlı jüiesı. Ensiklopedia. T. 2. – Almaty: TOO Älem Damu İntegrasia, 2017. – 848 b.
16. Babalar sözı. Jüztomdyq. T. 90: Čūryptyq fölklor. – Astana: Foliant, 2012. – 432 b.
17. Kerımbai S. Näbi Ä. Qissa-sül-änbia jäne ekzistensialyq taldau. – Almaty, 2022. – 552 b.
18. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ dästürlı jüiesı. Ensiklopedia. T. 5. – Almaty: TOO Älem Damu İntegrasia, 2017. – 816 b.
19. Toişanūly A. Türık-moñğol mifologiasy. – Almaty: Baspalar üiı, 2009. – 192 b.
20. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ dästürlı jüiesı. Ensiklopedia. T. 4. – Almaty: TOO Älem Damu İntegrasia, 2017. – 832 b.
21. Marğūlan Ä. Qazaq älemı. 1-kıtap. – Almaty: Press Co, 2021. – 126 b.
22. Mussabekova S., Daribayev S., Daurenbekova L. (2026). Exploring mystical motifs in literature as a reflection of human consciousness. // Kervan –International Journal of Afro-Asiatic Studies 30 / Identity in Central Asia, Nurture. – №30(8). – P. 211-236. URL: https://ojs.unito.it/index.php/kervan/article/view/13317/10957

Авторлар туралы мәлімет:

Кәрібозов Ерхан Кәрібозұлы – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ассистент-профессоры, Алматы, Қазақстан.

Карбозов Ерхан Карбозович – кандидат филологических наук, ассистент-профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Karbozov Erkhan Karbozovich - Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Ноғайбекқызы Ләйлә – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Ногайбекқызы Ляиля – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Nogaibekkyzy Lyailya – Doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.09.91
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.17

***Ж.Ш. ДИЛЬДЕБАЕВА[1]**
К.С. АХМЕТ[2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан [1,2]
(e-mail: zhaina.dildebayeva@gmail.com[1], akhmet2013@list.ru[2])

ӘДЕБИЕТТЕГІ КРОССОВЕР ЖАНРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы кроссовер феномені жанрлық трансформация, адресат әмбебаптығы және интертекстуалдық байланыстар тұрғысынан кешенді зерделенеді. Зерттеудің өзектілігі – ұлттық әдебиеттегі дәстүрлі жанрлық шекаралардың бірте-бірте жойылып, «балалар мен ересектерге ортақ әдебиет» үрдісінің белең алуымен және ұлттық кодтың жаһандық мәдени трендтермен тоғысуын ғылыми тұрғыдан негіздеу қажеттілігімен айқындалады. Жұмыстың мақсаты – М.Мағауин, Т.Әсемқұлов, Д.Әшімханұлы және М.Омарова шығармаларындағы кроссоверлік нышандарды анықтап, олардың мифопоэтикалық негіздері мен мәдени бірегейлікті сақтаудағы маңызын айқындау. Зерттеу барысында жүйелі-сипаттамалық, мифопоэтикалық, герменевтикалық және интертекстуалдық талдау әдістері қолданылды. Талдау нәтижесінде қазіргі қазақ романдары мен әңгімелеріндегі фольклорлық элементтердің ежелгі эпос, миф немесе ауызша дәстүрлердің заманауи көркемдік кескіні екені дәлелденді. Шығармалардағы кроссоверлік сипат жанрлық синтез ретінде ғана емес, автордың жас ерекшелігі әртүрлі оқырманмен ортақ интеллектуалдық диалог орнату тәсілі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, қаламгерлердің мифтік образдар мен шынайы өмір элементтерін ұштастыруы әдебиеттің коммуникативтік аясын кеңейтіп, ұлттық мәдени кодтарды жаһандық контексте жаңғыртуға жол ашатыны зерделенеді. Осы орайда кроссоверлік нышандар қазіргі қазақ прозасының интеллектуалдық-эстетикалық салмағын арттырып, оның мәдени-философиялық және педагогикалық әлеуетін ашатын басты факторлардың бірі ретінде бағаланады.
Түйін сөздер: кроссовер жанры, қазіргі қазақ прозасы, жанрлық гибрид, постмодернизм, мифопоэтика, интертекстуалдық, глокализация, көркем шығарма.

Кіріспе. XXI ғасыр басындағы әдебиеттің даму бағыттарына көз жүгіртсек, дәстүрлі жанрлық шекаралардың бірте-бірте көмескіленіп, әртүрлі дискурстардың өзара кірігуі мен тоғысу үрдісінің белең алғанын аңғарамыз. Әдебиет теориясында «кроссовер» термині осы құбылысты сипаттайтын негізгі ұғым ретінде орнықты. Ағылшын тілінен аударғанда «өту, қиылысу» деген мағынаны білдіретін бұл термин әдебиеттану ғылымында екі бағытта қарастырылады: біріншісі – оқырман аудиториясының тоғысуы, яғни туынды балалар әдебиеті ретінде жазылса да, ересектердің сүйікті кітабына айналуы немесе керісінше сипат алуы; екіншісі – бір шығармада бірнеше жанрдың, стиль мен мазмұнның астасуы. Бұл феноменге анықтама берген әдебиет сыншысы С.Чупринин кроссоверді «әр түрлі авторлардың қаламынан туған, екі немесе одан да көп танымал кітаптың сюжеттік желілері мен кейіпкерлері бір арнада тоғысатын туынды» [1, 210] – деп түсіндіреді. Ғалым кроссовердің қазіргі мәдени кеңістікте, соның ішінде музыка мен кино өнерінде де кеңінен қолданылып жүргенін жазады. Сонымен қатар, бірқатар зерттеулер

«кроссовер» терминінің 1990 жылдары Ж.Роулиңнің «Хәрри Поттер» топтамасы [2, 102] жарық көргеннен кейін БАҚ беттерінде жиі қолданыла бастағанын, осылайша әдебиет тарихында бұрыннан бар, бірақ әлі атауы берілмеген құбылысты айқындағанын көрсетеді. Канадалық әдебиеттанушы С.Беккеттің осы жанрды зерттеп жазған монографиясы кроссовер құбылысын жаһандық деңгейде талдаған іргелі еңбектердің қатарына жатады. Ғалым кроссовер әдебиетінің басты ерекшелігі ретінде оқырманның жас ерекшелігіне қатысты қалыптасқан шектеулердің жойылуын атайды [3, 25]. Сондай-ақ бұл үрдістің әдеби канондарды, оқырман талғамын, автордың мәртебесін, тіпті баспа ісі мен кітап саудасының қалыптасқан жүйесін өзгертіп жатқанын нақты деректермен негіздейді. Осы бағытта британ ғалымы Р.Фалконер де кроссоверлік романның оқырманға әсер ету ерекшеліктерін зерделей келе, *kiddult literature* (*kid* – бала, *addult* – ересек), яғни «балалар мен ересектерге ортақ әдебиет» ұғымын ғылыми айналымға енгізді [4]. Отандық ғылымда да бұл құбылыс өзекті болып отыр, кейінгі зерттеулерде қазіргі қазақстандық ертегі жанры фольклорлық және авторлық формалардың диалогы негізінде қалыптасатын синтетикалық көркем жүйе, «метажанр» ретінде қарастырылып, оның мифопоэтикалық негіздері мен ұлттық сана-сезімді сақтаудағы рөлі талданады, сондай-ақ фольклорлық архетиптер мен авторлық баяндау тәсілдерінің тоғысуы ұлттық сананы жаңғыртудың басты құралы ретінде анықталады [5, 158].

Жанрлық шекаралардың тұтасуы мен түрленуінің теориялық бастаулары М.М.Бахтиннің полифониялық роман мен гетероглоссия концепцияларынан, Ю.Кристеваның интертекстуалдық теориясынан, сондай-ақ Ж.Женеттің транстекстуалдық тұжырымдарынан тамыр тартады. Бұған қоса, Х.Бабаның постколониалдық *hybridity*, яғни «гибридтік» теориясы жанрлардың тоғысуын ауқымды мәдени-тарихи құбылыс тұрғысынан талдауға жол ашады [6]. Аталған ғылыми тұжырымдар кроссоверді жанрлық санат ретінде ғана емес, заманауи мәдениеттің өзекті құбылысы ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ прозасы жаһандық әдеби даму көшінен қалыс қалмай, Тәуелсіздік дәуірінде елеулі көркемдік ізденістер жасады. Постмодернистік эстетика, неомифологизм мен гибридтік жанрлар М.Мағауин, Т.Әсемқұлов, Д.Амантай, А.Кемелбаева, Т.Әбдік, А.Алтай, М.Омарова, З.Наурызбаева, М.Мәлік, т.б. сынды қаламгерлердің шығармаларында көрініс тапты. Аталған авторлардың туындыларында тарихи дерек пен мифологиялық таным, реалистік баяндау мен сюрреалистік бейнелер, фольклорлық дәстүр мен постмодерндік ирония шебер астасып жатады.

Мақаланың өзектілігі қазіргі қазақ прозасындағы жанрлық түрленулер мен кроссоверлік нышандарды ғылыми негізде зерделеу қажеттігінен туындайды. Қазақ әдебиетінің ғасырлар бойғы даму жолында ауыз әдебиеті мен жазба дәстүрдің, эпос пен лириканың, шежіре мен көркем сөздің синкретті байланысы бұрыннан бар. Сондықтан кроссовер жанрының ұлттық әдебиетіміздегі көрінісі тек батыстық үлгіге еліктеу емес, төл әдебиетіміздің ішкі эволюциялық дамуы мен тарихи-мәдени негізі бар құбылыс ретінде танылуы тиіс. Зерттеудің мақсаты – кроссовер жанрының теориялық негіздерін саралап, оның қазіргі қазақ прозасындағы көріністерін айқындау. Осыған орай, кроссовер ұғымына ғылыми анықтама беру, оның қалыптасу алғышарттарын зерделеу және шығармаларды талдау негізінде жанрлық тоғысулардың көркемдік қызметін талдау міндеттері қойылды. XXI ғасырда жанр ұғымы қасаң қағидалардан арылып, тарихи өзгермелі, ашық әрі динамикалық құрылымға айналды. Бұл тұрғыдан алғанда, кроссовер жанрын ұлттық әдебиеттің шығармашылық еркіндік пен жаңа жанрлық синтездерге ұмтылуының айқын айғағы деп бағалауға болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың теориялық және әдістемелік негізін қазіргі қазақ прозасындағы жанрлық трансформациялар мен кроссоверлік нышандарды кешенді талдауға бағытталған заманауи гуманитарлық әдістер жүйесі құрайды. Біріншіден, зерттеу барысында кроссовер құбылысын мәдени-тарихи және теориялық тұрғыдан негіздеу үшін жүйелі-сипаттамалық әдіс қолданылды. Бұл бағытта С.Беккет мен

Р.Фалконер сынды әдебиеттанушылардың кроссовер әдебиетінің жаһандық дамуы мен «балалар мен ересектерге ортақ әдебиет» концепциялары басшылыққа алынды. Аталған ғылыми пайымдар жанрлық шекаралардың жойылуын заманауи әдеби процестің заңдылығы ретінде пайымдауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, қазіргі қазақ прозасын талдау барысында мифопоэтикалық және герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. С.В.Ананьеваның тұжырымы бойынша, постмодерндік әдебиетте жазушылар «шындық пен қиял элементтерін шығармашылық тұрғыдан араластыруға, мифологиялық символдарды қолдануға жаңа мүмкіндіктер алады» [7, 3]. Бұл тәсіл туындылардағы көне мифтік архетиптердің, фольклорлық сарындар мен мистикалық элементтердің қазіргі урбанистік болмыспен астасуын, яғни глокализация деген атау алған үдерістің көркемдік қызметін анықтауға бағытталды. Әрі бұл үдеріс қазіргі қазақ прозасына да тән, өйткені миф көркем шығарманың құрылымына еніп, жаңа көркемдік сапаға ие болатыны, мәселен, прозалық шығармалар тақырыбының мифологиялық реминисценциялар арқылы берілуі отандық зерттеулерде де дәйектеледі [8, 191]. Үшіншіден, жанрлық синтез бен көпқабаттылықты ашу мақсатында Ю.Кристеваның интертекстуалдық және Ж.Женеттің транстекстуалдық тұжырымдары негізге алынды. Сонымен қатар, Х.Бабаның постколониалдық «гибридтік» теориясы қазақ прозасындағы ұлттық код пен жаһандық трендтердің тоғысуын мәдени контексте зерделеуге қолданылды. Зерттеу барысында кроссовер феноменін талдауға негіз болған іргелі теориялық еңбектерге шолу жасалды. Бұл еңбектер қазақ прозасындағы жанрлық тоғысулар мен көркемдік ізденістерді жаңаша пайымдауда теориялық-әдістемелік негіз болды.

Осы әдістердің синтезі қазақ прозасындағы кроссоверлік нышандарды ұлттық сөз өнерінің интеллектуалдық және эстетикалық кемелденуінің көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Зерттеу материалы ретінде М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы», Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», Д.Әшімханұлының «Жынды жел» туындылары мен М.Омарованың «Емші апа», «Ақша іздеген бала», «Күзгі бір кеште» әңгімелері таңдалды. Бұл шығармалар қазіргі қазақ прозасындағы жанрлық шекаралардың көмескіленуін, адресат әмбебаптығын және онтологиялық-психологиялық иірімдерді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Талқылау мен бақылау. Кроссовер жанры – тарихи тамыры тереңде жатқан күрделі құбылыс. Әлемдік әдебиеттану ғылымында ол антика дәуіріндегі менипптік сатирадан, орта ғасырлардағы аралас формалар мен Қайта өрлеу дәуіріндегі эссе жанрынан бастау алып, романтизм мен модернизм кезеңдерінен өтіп, постмодернизм аясында мүлдем жаңа сипатқа ие болды. М.Бахтин «Романдағы дискурс» (1934) еңбегінде роман жанрының табиғатынан гибридтік қасиетке ие екенін, оның өзге жанрларды өз бойына сіңіріп, көпдауысты полифония құрайтынын негіздеген [9]. Демек, кроссовер құбылысын әдебиетке сырттан келген жаңалық емес, роман жанрының ішкі табиғатынан туындайтын заңдылық деп қарастырған жөн.

Әдебиеттанушы С. Беккет кроссовер әдебиетінің екі негізгі бағытын ажыратады, атап айтсақ, «ересектерден балаларға» және «балалардан ересектерге» бағытталған шығармалар [3]. Алғашқы топтың классикалық үлгілері ретінде әлем әдебиетінен А.Сент-Экзюперидің «Кішкентай Ханзадасын» немесе Й.Гордердің «София әлемі» романын атауға болады. Ал екінші бағытқа Ж.Роулиңнің «Хәрри Поттер» топтамасы мен Ф.Пуллманның «Қара материалдар» трилогиясы мысал болады. Әдебиеттегі рецепция және аударма мәселелерін зерттеп жүрген ғалым Е.Горенинцеваның пайымдауынша, мұндай шығармалардың әрі жасөспірімдерге, әрі ересектерге бірдей ұнауының сыры – мәтін құрылымындағы мағыналық қабаттардың сан алуандығында, яғни баланы қызықты сюжет баураса, ересек оқырман одан гөрі терең философиялық мәселелерге сүңгиді [11, 25].

Осы бағытта қазіргі қазақ прозасындағы адресат әмбебаптығы мен жанрлық трансформацияның бірегей үлгісі ретінде мектеп бағдарламасы мен театр сахнасына

жол тартып, көркем фильмге де айналып үлгерген А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесін атап өтуге болады. Шығармада балалық шақ пен ересек кезең, қатал шындық пен метафизикалық таным астасып жатыр. Автор тоқсаныншы жылдардың тұрмыстық реализмін кішкентай баланың тап-таза санасымен суреттей отырып, оның астарына терең философиялық сарындар мен рухани ізденістерді шифрлаған. Ересек оқырман үшін бұл шығарма өткен күнге терең талдау жасататын терең туынды болса, жас буынды кейіпкердің ішкі өсу жолы мен қалыптасу тарихы қызықтырады. Повестің бойындағы мұндай көпдеңгейлік шығарманы естелік-мемуар шеңберінен шығарып, жас ерекшелігіне қатысты шектеулерді жоятын кроссоверлік туынды деңгейіне көтереді [11].

Бүгінгі қазақ прозасында кроссовер жанрының сипаттары қазақ мифологиясын зерттеуші әрі жазушы З.Наурызбаеваның шығармашылығынан да айқын көрінеді. Оның Л.Калауспен бірлесіп жазған «Бату және көк бөрі» (2014) топтамасын отандық кроссовердің сәтті үлгісі деуге толық негіз бар. Шығармада қазіргі Алматы жасөспірімдерінің бастан кешкендері көне түркілік мифтермен астасып жатыр. Миф кейіпкері Аспара ханзада мен Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» бейнелері заманауи урбанистік ортаға шебер бейімделген. Авторлар ежелгі мифтерді «фэнтези, детектив және экшн» элементтерімен ұштастыра отырып, оны бүгінгі оқырманға түсінікті тілде ұсынады. Тіпті шығармадағы «Хәрри Поттерге» жасалған сілтемелер де жаһандық трендтерді ұлттық танымменсабақтастырудың, яғни глокализацияның жарқын көрінісі. Рецептивті эстетика тұрғысынан келгенде, мұндай туындыларда оқырман тек бақылаушы ғана емес, мифтік жұмбақтарды кейіпкерлермен бірге шешетін белсенді қатысушыға айналып, автормен интеллектуалдық диалогқа түседі.

Кроссовер әдебиетінің өркен жаюына баспа ісіндегі жаңа үрдістер де айтарлықтай ықпал етеді. Отандық кеңістікте бұл бағытта «Steppe & WORLD» баспасының қызметі ерекше. Баспаның негізін қалаушы Р. Кадер «Хәрри Поттер» топтамасын қазақ тіліне сапалы аударту арқылы отандық оқырманның кроссоверлік талғамын қалыптастырып, әлемдік деңгейдегі әмбебап әдебиеттің ана тіліміздегі аясын кеңейтті. Сондықтан кроссоверлік аудармалардың көркемдік және жанрлық ерекшеліктерін зерттеу де – қазіргі әдебиеттанудың кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі.

Кроссовер ұғымы тек оқырман аудиториясымен ғана шектелмейді. Қазіргі ғылымда *crossover genre, cross-genre, hybrid genre* терминдері әртүрлі жанрлық нышандарды біріктіретін туындыларды сипаттау үшін жиі қолданылады. Мысалы, тарихи роман мен фантастиканың тоғысуынан туған стимпанк жанры, детектив пен философиялық эссенің астасуы немесе мемуар мен көркем прозаның бірлігінен туған автофикшн жанры осыған дәлел. Жанрлардың осылайша араласу түрлерін Ж. Женетт «архитекстуалдық» концепциясы аясында қарастырады [12].

Х.Бабаның постколониалдық «гибридтік» теориясы кроссовер құбылысын кеңірек мәдени контексте түсінуге жол ашады. Зерттеушінің пайымдауынша, отарлық кезеңді бастан өткерген кез келген мәдениеттің табиғаты гибридті болып келеді, себебі ол отаршылдық мұра мен жергілікті танымның тоғысуынан туындайды [6]. Бұл тұжырымды посткеңестік елдердің бірі ретінде Қазақстан әдебиетіне де қатысты деуге болады. Отандық проза түркі-көшпелі дәстүрді, кеңестік кезең мұрасын және батыстық постмодернизмді өз бойына қатар сіңіріп отыр. Сондықтан қазақ прозасындағы кроссоверлік сипат – тарихи-мәдени қажеттіліктен туған заңды құбылыс.

Л.Хатчеонның іргелі еңбегіндегі «тарихи-графиялық метафикция» ұғымы да кроссовер жанрын талдауда маңызды рөл атқарады. Зерттеушінің пікірінше, қазіргі әдебиет тарихи дерек пен көркем қиялды біріктіру арқылы тарихтың репрезентативтік сипатын ашады [13]. Бұл концепция қазақ әдебиетіндегі тарихи факт пен мифтік ойлаудың тоғысуынан туған шығармаларды зерделеуге мол мүмкіндік береді. Осы орайда Т. Менисенің кроссоверді фанфикшн мәдениетімен байланыстырып, оны бірнеше мәтіннің сюжеттері мен образдарын тоғыстыратын дербес шығармашылық сала ретінде тануы да назар аударарлық дүние [14, 77]. Бұл зерттеу кроссовердің тек оқырман үдесінен

шығу құралы ғана емес, мәтінге аналитикалық әрі шығармашылық тұрғыдан келудің жемісі екенін айқындап, оның ғылыми мәртебесін бекіте түседі.

Кроссовер құбылысын бір шығарма аясында бірнеше жанрдың, стиль мен мазмұнның астасуы тұрғысынан қарастырсақ, қазіргі қазақ прозасындағы трансформациялық процестердің, соның ішінде тарихи сана мен мифологиялық танымның синтезделу үрдісін байқаймыз. Бұл бағыттағы ізденістер әдеби туындының құрылымдық сипатын кеңейтіп, уақыт пен кеңістік шекараларын шартты ұғымға айналдырды. Бірқатар отандық ғалымдар баса назар аударған «қазіргі қазақ прозасындағы жаһандық әдеби дәстүрлер мен инновациялық көркемдік ізденістердің интеграциясы» кроссоверлік жанрдың негізгі белгілерінің біріне жатады [15, 234]. Осы тұрғыдан алғанда, М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятын кроссовер жанрының табиғатына сай зерделесек, бұл шығармада әртүрлі ғасырлар, бір-біріне ұқсамайтын кеңістіктер және шынайы өмір мен тылсым мистика біртұтас көркем әлемге айналып, қабысып кеткенін байқаймыз. Кроссовер жанрының тағы бір ерекшелігі – әртүрлі әлемдерді немесе өлшемдерді бір арнаға тоғыстыру болса, автор мұны бірнеше бағытта шебер жүзеге асырған. Автор уақыт пен кеңістік категорияларын шебер жымдастыру арқылы XX ғасырдың кеңестік шындығы мен XII ғасырдағы ежелгі қыпшақ дәуіріндегі оқиғаларды қатар өрбітеді. Шығарма кейіпкері мүсінші Саржанның өз өткенін танып, сегіз жүз жылдық уақыт шекарасын аттап өтуі – уақыттар арасындағы байланыстың шырқау шегі. Бұл тәсіл кейіпкердің 1173 жылғы қыпшақ жұртына оралуы және 2004 жылы осы заманмен қайта байланысқа шығуы арқылы көркемдік шешім тауып, тарихи жадының үздіксіздігін айқындайды.

Шығармадағы мистика мен реализмнің ұштасуы нәтижесінде өлі тас пен тірі адамның, иллюзия мен шындықтың аражігі жойылып, өнер туындысының тірілу процесі бейнеленеді. Шығарма басында альбомдағы суретте бар болғаны мойны жұлынған, оң жақ беті қабыршақтана ұшып түскен жансыз балбал тас ретінде көрінген Қыпшақ аруы, кейін Ворошиловград музейінде Саржанның алдынан шығады. Бұдан соң ол тас қалыбынан ажырап, тірі, жас келіншек бейнесінде Саржанның шеберханасына келіп, онымен тілдеседі, яғни мұнда Қыпшақ аруы археологиялық жәдігер ретінде ғана емес, суреткер махаббаты арқылы қайта жаңғырған тірі рух деңгейінен көрінеді. Бұл мистикалық сабақтастық екі өнер иесінің – жазушы мен мүсіншінің тағдыр параллелімен толыға түседі. Мұны шығармада Саржанның жазушыға: «Екеуіміз – бір кісі. Қай заманда жасасақ та. Сен деген – мен. Мен деген сен. Біртұтас тұлғамыз» [16, 96], – дегенінен аңғаруымызға болады. Мүсінші тас қашау арқылы, ал жазушы сөз құдіретімен ұлт тарихын жаңғыртып, идеологиялық қыспақтан жоғары тұратын мәңгілік өнердің құдіретін танытады. Осылайша, М. Мағауин әртүрлі дәуірлер мен психологиялық-мистикалық элементтерді бір арнаға тоғыстыра отырып, ұлттық рухтың уақыт пен кеңістікке бағынбайтын мәңгілік сипатын ашады.

Қазіргі қазақ прозасындағы кроссоверлік сипаты бар, фольклорлық-мифологиялық танымен астасқан бүгінгі қала болмысын айғақтайтын бірегей туындының бірі – Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі [17]. Шығарманың табиғатында «Ер Төстік» ертегісіндегі Бекторы бейнесі мен Алматының түнгі өмірі, тылсым әлем мен әлеуметтік реализм элементтері өзара жымдасқан. Жазушы көне жын-перілер туралы мифті жаңа заманның экзистенциалдық таңдау мәселесімен ұштастыра жаңғыртады. Бұл үрдіс қазіргі әдебиеттанудағы: «Қазіргі қазақ романдары мен әңгімелеріндегі фольклорлық элементтерді ежелгі эпостардың, мифтердің немесе ауызша дәстүрлердің заманауи көрінісі деп қарастыруға болады» [18, 64] деген тұжырыммен толық үндеседі. Бекторының Қайырболдыға сегіз миллион долларлық жүзік сыйлауы және оның тірі жүрегін мәрмәрға алмастыруын мифтік архетиптердің жаһандық капитализм дәуіріндегі жаңа кейпі деуге болады. Автор мифологиялық кейіпкерді бүгінгінің «бай қызы» бейнесінде суреттеу арқылы кроссовер әдебиетіне тән уақыт пен кеңістік шекараларының шарттылығын аша түседі. Шығарманың құрылымдық ерекшелігі оның балалар мен ересектерге бірдей ортақ «әмбебап» сипатынан көрінеді. Егер балалар үшін мектеп бағдарламасына енген бұл туынды Бекторы мен Ер Төстік желісіндегі ертегінің заманауи жалғасы болса, ересек

оқырман мұнан адамның рухани азуы, иман мен нәпсінің күресі, тіпті трансұлттық капиталдың құдіреті туралы терең пәлсапалық түйін табады. Т.Әсемқұлов кейіпкер тағдырын Сағындық пен Қайырболды параллелі арқылы өріп, бірнеше өмір жолын бір арнаға тоғыстырады. Осылайша, «Бекторының қазынасы» – жанрлық қасаң қағидаларды бұзып, мифтік сана мен постмодернистік баяндауды, әлеуметтік драма мен фэнтези нышандарын тұтастырған қазақ прозасындағы кроссовер жанрының үлгісі бола алады.

Зерттеуші Г.Р.Сәулембектің пайымдауынша, қазіргі қазақ прозасы «постмодерндік дәуірдің көркемдік ерекшеліктерін қабылдай отырып, дәстүрлі эпикалық, романтикалық, реалистік жанрлық моделдердің барлығын бір туындыда тоғыстыру арқылы жаңа жанрлық формациялар тудырды» [19, 89]. Осындай жанрлық синкретизм мен кроссоверлік сипаттың жарқын бір көрінісі ретінде жазушы Д.Әшімханұлының «Жынды жел» әңгімесін атауға болады. Туындыда шынайы өмір реализмі мен мифологиялық аңыз-әфсана, сондай-ақ балалар әдебиетінің элементтері бір арнада шебер тоғысқан. Басты кейіпкер – қиялы жүйрік он бір жасар бала, ол ауылдағы қарапайым қойшының үйінде жатып, батыс әдебиетінің классикалық шытырман оқиғалы романдарын, атап айтқанда «Капитан Гранттың балалары», «Том Сойер» сынды шығармаларды оқиды. Оқырманының санасында кітаптағы қазына іздеу мотивтері мен қазақ даласындағы көне обалар туралы тарихи таным үндесіп, шығарма бойында кроссоверлік интертекстуалдық байланыс түзеді. Сонымен қатар, баланың науқастануы кезінде ауылға келген емші шалдың есте жоқ ескі замандағы «Алас тайпасы» туралы айтқан аңызы негізгі сюжетке кірігіп, шығарманың ішінен жаңа неомифологиялық мәтін тудырады да, жанрлық шекараны мүлде кеңейтіп жібереді.

«Жынды жел» шығармасы кроссовер әдебиетінің негізгі шарттарының бірі – оқырман жасына қатысты шектеулердің жойылуын толықтай қанағаттандырады. Әңгіме формалды түрде жас баланың көзқарасымен баяндалғанымен, көтеріп отырған мәселесі ересектерге, тіпті тұтас ұлтқа арналған философиялық трагедия. Емші шал аңызды айтар алдында баланың әкесіне: «Бала тыңдағанмен қазір бәрін түсінбейді... Бірақ кейін, есейе келе мұндағы әрбір сөз жадында қайта жаңғырып, қатты ойланатына менің күмәнім жоқ», [20, 77] – деп ескертеді. Бұл – автордың кроссоверлік мәтіннің қос адресатқа бағытталғанын ашық меңзеуі. Бала емші шалдың аңызын шытырман оқиға немесе «үрейлі, қорқынышты кино» ретінде қабылдап, ондағы зұлымдықтарды бұрын оқыған кітаптарындағы көріністермен салыстыра тыңдаса, әкесі оның астарындағы ауыр саяси-әлеуметтік шындықты ұғынып, іштей егіледі.

Идеялық-тақырыптық тұрғыдан алғанда, әңгімедегі Алас тайпасы туралы аңыз мәдени-тарихи құбылыстардың тоғысуы мен постколониалдық «гибридтік» теориясымен де тікелей үндеседі. Ертедегі тайпаның кенеттен алтынға қызығуы, жат жұрттықтар әкелген «жындысуға» елітуі, шығармада бүгінгі жаһандану дәуіріндегі технология мен бөтен мәдениеттің символы ретінде алынған сырттан келген «қара кемпірдің айнасына» телміріп, «ақ қатынның» жалған құндылықтарының жетегінде кетуін дәстүрлі қоғам мен жат пиғылдың кроссоверлік қақтығысы ретінде бағалауға болады. Түрлі кеселдерден тайпа адамдарының туған тілін ұмытып, тілі басқа болып шығуы, сөйтіп тайпаның «тірі өлікке» айналуы – тұтас бір ұлттық кодтың жойылу қаупін бейнелейтін метафора. Бұрынғы дәуірдің аңызы арқылы қазіргі қоғамдағы рухани дағдарысты сипаттаған бұл шығарманы заманауи әдебиеттегі әртүрлі дискурстардың астасу құбылысын дәлелдейтін кроссоверлік туындыға жатқызуға толық негіз бар.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі осындай кроссоверлік сипатқа ие, жанрлық және тақырыптық шекараларды еркін қиып өтетін көрнекті мысалдардың бірі – Мадина Омарованың прозасы. Қаламгердің әңгімелерінде шынайы өмір мен мистикалық, сюрреалистік сарындар бір-бірімен тығыз тоғысып, гибридті мәтін түзеді. Мәселен, «Емші апа» әңгімесінде қаланың қатаң прагматизмі мен ауылдағы дәстүрлі мистикалық таным арасындағы қақтығыс анық байқалады [21, 119]. Қалалық кейіпкер жұмыстың қамымен ауылдағы емші кемпірдің ертеңіне келу туралы өтінішін орындай алмай, өзін іштей кінәлайды. Автордың мұндай туындыларында қаланың тас көшелері мен бөтен

адамдар әлемі ауылдың қарапайым да қоңыр тіршілігімен кроссоверлік байланысқа түсіп, қалыптасқан әлеуметтік-тұрмыстық шекараны бұзады.

«Ақша іздеген бала» және «Таң алдында» сияқты әңгімелерінде қаламгер ересектерге тән күрделі әлеуметтік және экзистенциалдық мәселелерді кішкентай баланың санасы арқылы береді. Әжесінің өлімінен қорқып, «бұл үйде кім қалады, мені кім қарсы алады?» [21, 125] деп жалғыздықтан үрейленген немесе ауылына, анасына қайту үшін көшеден ақша іздеп, отбасындағы өгейсітудің құрбаны болған шарасыз балалардың [21, 131] психологиялық трагедиясы оқырман аудиториясының жас шектеуін көмескілеп, балалар мен ересектер дискурсын бір арнаға сәтті тоғыстырады.

М.Омарова прозасындағы кроссоверлік үрдістің тағы бір көрінісі ретінде онтологиялық шекаралардың, яғни шынайылық пен тылсымның, өмір мен өлімнің тұтасуын атауға болады. «Күзгі бір кеште» әңгімесінде автор қарапайым қалалық тұрмысқа мистикалық элементті – өмірде мүлде жоқ Жанна есімді кішкентай елес қызды енгізеді [21, 138]. Бас кейіпкердің елес қызбен кәдімгі тірі адамша сөйлесіп, шай ішуі және оның сүйіктей саусақтарын өз қолымен сезінуі шынайылық пен сюрреализмнің арасын толықтай жояды. Автор бұл кроссоверді үлкен қаладағы, миллионнан астам халықтың ортасындағы адамның жан түршігерлік жалғыздығы мен үрейін көрсету үшін метафоралық құрал ретінде асқан шеберлікпен қолданған. Бұл қазақ прозасындағы кроссовердің тек формалық емес, терең философиялық-психологиялық қызмет атқаратынын дәлелдейді.

Тұжырымдай келгенде, жоғарыда талданған туындыларды қазіргі қазақ прозасындағы кроссоверлік үрдісті талдаудың бастамасы деуге болады. Ұлттық әдебиетімізде бұл қырынан зерделеуді қажет ететін, жанрлық шекарасы ашық туындылар өте көп және оларды талдау алдағы зерттеулердің еншісінде болмақ.

Нәтижелер. Зерттеу барысында қарастырылған теориялық тұжырымдар мен қазіргі қазақ прозасындағы нақты көркемдік үлгілерді талдау нәтижесінде бірқатар ғылыми қорытындылар айқындалды. Ең алдымен, ұлттық әдебиеттегі кроссовер құбылысы тек оқырман аудиториясының жас ерекшелігіне қатысты тоғысуымен ғана шектелмей, оның жанрлық-стильдік табиғатының күрделенуіне алып келгені белгілі болды. М.Мағауин, Т.Әсемқұлов, Д.Әшімханұлы, М.Омарова сынды авторлардың шығармаларындағы тарихи дерек пен мифологиялық танымның, реалистік баяндау мен мистикалық сарындардың өзара кірігуі дәстүрлі жанрлық шекараларды кеңейтіп, әдебиетімізде жаңа типтегі гибридті формалардың орныққанын көрсетеді. Бұл үдеріс ұлттық сөз өнерінің заманауи жаһандық трендтерге бейімделу қабілетін танытып қана қоймай, төл әдебиетіміздің ішкі эволюциялық дамуының заңды жемісі екенін айғақтайды.

Сонымен қатар, қазіргі қазақ прозасындағы «балалар мен ересектерге ортақ әдебиет» үлгілері адресат әмбебаптығы қағидасын толықтай қанағаттандыратыны дәлелденді. Мәселен, бала образы арқылы берілген философиялық-психологиялық иірімдер оқырманның жас деңгейіне қарай әртүрлі мағыналық қабаттардың ашылуына жол ашады. Бұл бағыттағы шығармалар жасөспірім оқырманды сюжет динамикасымен баураса, ересек аудиторияны терең философиялық-экзистенциалдық астарымен және мәдени кодтарды шифрлауымен қызықтырады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетіндегі кроссоверлік нышандар – жазушының интеллектуалдық ізденістері мен оқырманның рецептивтік талғамының жаңа деңгейге көтерілгенін білдіретін маңызды көркемдік көрсеткіш.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кроссоверлік сипаттағы туындылар ұлттық мифологиялық архетиптерді қазіргі қалалық ортаға шебер бейімдеу арқылы жас буынның тарихи жады мен мәдени бірегейлігін жаңғыртуға қызмет етеді. Шығармалардағы сюрреалистік элементтер мен тылсым дүниелердің күнделікті тұрмыспен астасып жатуы әдебиеттің танымдық көкжиегін кеңейтіп, онтологиялық мәселелерді көркемдік деңгейде зерделеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістерді саралай келе, әдебиетіміздің жанрлық жүйесінде түбегейлі сапалық өзгеру үдерісі жүріп жатқанын көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, кроссоверге берген анықтамамызға сай, «дәстүрлі жанрлық қалыптар мен адресаттық шектеулерді жойып, бір туынды бойында бірнеше

дербес стильдік қабаттар мен оқырман аудиторияларын тоғыстыратын феномен» – ұлттық сөз өнерінің жаңа интеллектуалдық деңгейге көтерілгенінің басты көрсеткіші. Зерттеу барысында талданған М.Мағауин, Т.Әсемқұлов, Д.Әшімханұлы мен М.Омарова шығармалары кроссоверлік сипаттың ұлттық мифологиялық код пен заманауи философиялық пайымның заңды синтезі екенін дәлелдеді.

Бұл үдеріс әдебиеттің коммуникативтік табиғатын өзгертіп, оны «балалар» немесе «ересектер» деп бөлудің шартты бола алатынан айқындап берді. Кроссоверлік мәтіндердің көпқабатты болуы авторға бір мезетте әртүрлі деңгейдегі оқырманмен диалог орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қазақ прозасындағы эстетикалық қабылдаудың жаңа парадигмасы қалыптасқанының айғақтайды.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетіндегі кроссоверлік нышандар – жаһандық мәдени ағымдар мен төл танымның тоғысқан нүктесі. Шығармалардағы уақыт пен кеңістік шекараларының жойылуы, миф пен реализмнің жымдасуы ұлттық әдебиеттің көркемдік қуатын арттырып, оның әмбебаптық сипатын бекіте түсті. Мақаланың ғылыми қорытындылары болашақта жанрлардың тоғысуы мен кроссоверлік әдебиеттің теориялық мәселелерін кешенді зерттеуге, сондай-ақ заманауи прозаның поэтикалық ерекшеліктерін жаңаша пайымдауға ғылыми-әдістемелік негіз бола алады.

Әдебиеттер

1. Чупринин С. Кроссовер // Чупринин С. Русская литература сегодня: жизнь по понятиям. – М.: Время, 2007. – 584 с.
2. Садовникова В.В., Садовникова Т.В. Кроссовер как продуктивная модель строения текста в современной детской литературе // Сборник конференции. – Челябинск, 2023. – С. 102–106.
3. Beckett S.L. Crossover Fiction: Global and Historical Perspectives. – London: Routledge, 2008. – 346 p.
4. Falconer R. The Crossover Novel: Contemporary Children's Fiction and Its Adult Readership. – New York: Routledge, 2009. – 224 p.
5. Yerzhanova F.M., Ibraeva Zh.B., Mukanova Zh.R. Reinterpreting the Fairy Tale: Modern Trends in Kazakhstani Children's Literature // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2026. – №1. – P. 151-161. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.15
6. Bhabha H. The Location of Culture. – London: Routledge, 1994. – 285 p.
7. Ananyeva S.V. Postmodern Vision of the World in Modern Literature // Keruen. – 2021. – Vol. 71. – №2. – P. 1-7. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.2-03
8. Тоқсамбаева А.О. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшелігі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2022. – №3. – Б. 188-196. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18
9. Бахтин М.М. Дискурс в романе. – М.: Художественная литература, 1975. – 504 с.
10. Горенинцева В.Н. Стратегии перевода кроссовер-литературы (на материале русскоязычных версий эпического фэнтези Р. Адамса «Обитатели холмов») // Текст. Книга. Книгоиздание. – 2018. – № 18. – С. 24-43. DOI: https://doi.org/10.17223/23062061/18/2
11. Елгезек А. Болмаған балалық шақ. Қазақы бестселлер (8-басылым). – Алматы: Абай, 2024. – 208 б.
12. Genette G. Palimpsests: Literature in the Second Degree. – Lincoln: University of Nebraska Press, 1997. – 490 p.
13. Hutcheon L. A Poetics of Postmodernism: History, Theory, Fiction. – New York: Routledge, 1988. – 268 p. DOI: https://doi.org/10.4324/9780203358856
14. Менисе Т. Классический текст детской литературы в рецепции современной массовой культуры: кроссоверы по сказке Х.-К. Андерсена «Снежная королева» // Детские чтения. – 2019. – № 15. – С. 75-92. DOI: https://doi.org/10.31860/2304-5817-2019-1-15-75-92
15. Sultangaliyeva R.B., Konyrkhanova A.A., Mussabekova U.E., et al. Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – Vol. 6. – №6. – P. 234-248. DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098

16. Мағауин М. Қыпшақ аруы. – Алматы: Атамұра, 2007. – 256 б.
17. Әсемқұлов Т. Бекторының қазынасы. Әңгіме. URL: https://twi.kz/ocNG
18. Sultan K., Bekpenbetova S., Tuguzbayeva G., et al. Intertextuality in Modern Kazakh Prose: Enhancing Cultural Identity and Academic Success in Higher Education // Journal of Ethnic and Cultural Studies. – 2024. – Vol. 11. – №4. – P. 78-95. DOI: https://doi.org/10.29333/ejecs/2408
19. Сәулембек Г.Р. Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм. – Алматы: Дарын, 2023. – 199 б.
20. Әшімханұлы Д. Көптомдық шығармалар. Т2. Ақшоқы. Әңгімелер мен әдеби эсселер, мақалалар. – Астана: Нұр-Астана, 2016. – 480 б.
21. Омарова М. Қадір түні: Проза. – Алматы: Жалын, 2012. – 320 б.

Ж.Ш. ДИЛЬДЕБАЕВА, К.С. АХМЕТ
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ЖАНР КРОССОВЕР В ЛИТЕРАТУРЕ И СОВРЕМЕННАЯ КАЗАХСКАЯ ПРОЗА

Аннотация. В статье комплексно исследуется феномен кроссовера в современной казахской прозе через призму жанровой трансформации, универсальности адресата и интертекстуальных связей. Актуальность исследования обусловлена необходимостью научного обоснования процесса размывания традиционных жанровых границ, распространения тенденции «литературы для детей и взрослых» (kiddult literature) и интеграции национального кода с глобальными культурными трендами. Цель работы – выявить признаки кроссовера в произведениях М. Магауина, Т. Асемкулова, Д. Ашимханулы и М. Омаровой, определив их мифопоэтические основы и значимость в сохранении культурной идентичности. В ходе исследования применены системно-описательный, мифопоэтический, герменевтический и интертекстуальный методы анализа. Результаты анализа доказывают, что фольклорные элементы в современных казахских романах и рассказах являются актуальным художественным воплощением древних эпосов, мифов и устных традиций. Природа кроссовера рассматривается не только как жанровый синтез, но и как способ установления автором интеллектуального диалога с аудиторией разных возрастных категорий. Установлено, что сочетание мифических образов с элементами реальности расширяет коммуникативное пространство литературы и способствует возрождению национальных культурных кодов в глобальном контексте. Элементы кроссовера оцениваются как один из ключевых факторов, повышающих интеллектуально-эстетический вес современной казахской прозы и раскрывающих ее культурно-философский и педагогический потенциал.

Ключевые слова: жанр кроссовер, современная казахская проза, жанровый гибрид, постмодернизм, мифопоэтика, интертекстуальность, глокализация, художественное произведение.

ZH.SH. DILDEBAYEVA, K.S. AKHMET
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

CROSSOVER GENRE IN LITERATURE AND CONTEMPORARY KAZAKH PROSE

Annotation. The article comprehensively examines the phenomenon of crossover in modern Kazakh prose through the lens of genre transformation, audience universality, and intertextual connections. The relevance of the study is driven by the need for a scientific substantiation of the blurring of traditional genre boundaries, the rise of “literature for children and adults” (kiddult literature), and the integration of national identity with global cultural trends. The research aims to identify crossover features in the works of M. Magauin, T. Asemkulov, D. Ashimkhanuly, and M. Omarova, determining their mythopoetic foundations and significance in preserving cultural

identity. Systemic-descriptive, mythopoetic, hermeneutic, and intertextual analysis methods were employed during the study. The findings demonstrate that folkloric elements in modern Kazakh novels and short stories represent a contemporary artistic manifestation of ancient epics, myths, and oral traditions. The nature of crossover is viewed not merely as a genre synthesis but as an authorial strategy to establish an intellectual dialogue with audiences of varying age groups. Furthermore, the study explores how the fusion of mythical imagery with realistic elements expands the communicative scope of literature and facilitates the revitalization of national cultural codes within a global context. Crossover elements are evaluated as a primary factor enhancing the intellectual and aesthetic weight of modern Kazakh prose, revealing its profound cultural, philosophical, and pedagogical potential.

Keywords: crossover genre, modern Kazakh prose, genre hybrid, postmodernism, mythopoetics, intertextuality, glocalization, literary work.

References

1. Chuprinin S. Krosover // Chuprinin S. Ruskaia literatura segodnä: jizn po ponätiam. – M.: Vremä, 2007. – 584 s.

2. Sadovnikova V.V., Sadovnikova T.V. Krosover kak produktivnaia model stroenia teksta v sovremennoi detskoi literature // Sbornik konferensii. – Cheläbinsk, 2023. – S. 102–106.

3. Beckett S.L. Crossover Fiction: Global and Historical Perspectives. – London: Routledge, 2008. – 346 p.

4. Falconer R. The Crossover Novel: Contemporary Children's Fiction and Its Adult Readership. – New York: Routledge, 2009. – 224 p.

5. Yerzhanova F.M., Ibraeva Zh.B., Mukanova Zh.R. Reinterpreting the Fairy Tale: Modern Trends in Kazakhstani Children's Literature // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2026. – №1. – P. 151-161. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.15

6. Bhabha H. The Location of Culture. – London: Routledge, 1994. – 285 p.

7. Ananyeva S.V. Postmodern Vision of the World in Modern Literature // Keruen. – 2021. – Vol. 71. – №2. – P. 1-7. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.2-03

8. Toqsambaeva A.O. Qazırgı qazaq prozasynyñ körkemdık erekşelıgı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – 2022. – №3. – B. 188-196. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18

9. Bahtin M.M. Diskurs v romane. – M.: Hudojestvennaia literatura, 1975. – 504 s.

10. Goreninseva V.N. Strategii perevoda krosover-literatury (na materiale ruskoiazychnyh versi epicheskogo fentezi R. Adamsa «Obitateli holmov») // Teks. Kniga. Knigoizdanie. – 2018. – № 18. – S. 24-43. DOI: https://doi.org/10.17223/23062061/18/2

11. Elgezek A. Bolmağan balalyq şaq. Qazaqy bestseler (8-basylym). – Almaty: Abai, 2024. – 208 b.

12. Genette G. Palimpsests: Literature in the Second Degree. – Lincoln: University of Nebraska Press, 1997. – 490 p.

13. Hutcheon L. A Poetics of Postmodernism: History, Theory, Fiction. – New York: Routledge, 1988. – 268 p. DOI: https://doi.org/10.4324/9780203358856

14. Menise T. Klasicheski teks detskoi literatury v resepsii sovremennoi masovoi kültury: krosovery po skazke H.-K. Andersena «Snejnaia koroleva» // Detskie chtenia. – 2019. – № 15. – S. 75-92. DOI: https://doi.org/10.31860/2304-5817-2019-1-15-75-92

15. Sultangaliyeva R.B., Konyrkhanova A.A., Mussabekova U.E., et al. Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – Vol. 6. – №6. – P. 234-248. DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098

16. Mağauin M. Qypşaq aruy. – Almaty: Atamūra, 2007. – 256 b.

17. Äsemqūlov T. Bektorynyñ qazynasy. Äñgıme. URL: https://twi.kz/ocNG

18. Sultan K., Bekpenbetova S., Tuguzbayeva G., et al. Intertextuality in Modern Kazakh Prose: Enhancing Cultural Identity and Academic Success in Higher Education // Journal of Ethnic and Cultural Studies. – 2024. – Vol. 11. – №4. – P. 78-95. DOI: https://doi.org/10.29333/ejecs/2408

19. Säulembek G.R. Qazırgı qazaq prozasyndağy postmodernizm. – Almaty: Daryn, 2023. – 199 b.

20. Äşımhanūly D. Köptomdyq şyğarmalar. T2. Aqşoqy. Äñgımeler men ädebi eseler, maqalalar. – Astana: Nūr-Astana, 2016. – 480 b.

21. Omarova M. Qadır tünı: Proza. – Almaty: Jalyn, 2012. – 320 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Дильдебаева Жайна Шынболатовна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Дильдебаева Жайна Шынболатовна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Dildebayeva Zhaina Shynbolatovna – Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Ахмет Күләш Садыққызы – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Ахмет Куляш Садыккызы – доктор филологических наук, доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Akhmet Kulesh Sadyqkyzy – Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.82.30
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.18

*А.М. ЖОРАШОВА[1]
С.Ш. АЙТУГАНОВА[2]
Қ.Ө. ТАМАБАЕВА[3]
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана[1,2]
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан[3]
(e-mail: ayzhan.zhorashova@mail.ru[1], s-aituganova@mail.ru[2],
karakoztamabaeva1979@gmail.com[3])

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МЕТАНАРРАТИВ: АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Айгүл Кемелбаеваның шығармаларындағы нарративтік стратегиялар мен интермәтіндік байланыстар талданады. Зерттеу нысаны ретінде «Мұнара» романы, сондай-ақ «Ер Төстіктің дүниеге келуі» және «Шашты» әңгімелері алынды. Жұмыстың теориялық негізін Ж.Женетт, Ж.-Ф.Лиотар, Р.Барт, Б.Макхейл, В.Шмид, Я.Альбер және П.Доусон еңбектеріндегі нарратологиялық және постмодернистік концепциялар құрайды. Зерттеудің мақсаты – жазушы прозасындағы метанарративтік құрылымдардың көркемдік қызметін айқындап, олардың мәтін поэтикасындағы орнын анықтау. Қазіргі әдеби үдерісте авторлық сана мен баяндау деңгейлерінің күрделенуі метанарратив мәселесінің өзектілігін арттыра түседі. Талдау барысында метанарративтік құрылым, тарихи шындық пен мифологиялық кеңістіктің тоғысуы қарастырылып, көркем мәтіндер нарратологиялық тұрғыдан зерделенді. Зерттеу нәтижесінде Айгүл Кемелбаева шығармалары постмодернистік поэтика аясында мәтіннің өзіндік табиғатын танытатын күрделі көркемдік жүйе ретінде сипатталды. Автордың ұлттық код пен жаһандық мәдени парадигмаларды синтездеуі арқылы жаңа метанарративтік модель қалыптастырғаны анықталды.
Мақаланың ғылыми маңызы – қазіргі қазақ прозасындағы метанарратив мәселесін жүйелі түрде қарастырып, жазушышығармаларыныңқұрылымдықерекшеліктерін жаңа теориялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік беруімен айқындалды.
Түйін сөздер: метанарратив, нарратор, авторлық интенция, интермәтіндік өріс, баяндау стратегиялары.

Кіріспе. Адамзат баласы есейгеннен кейін көргендерін, бастан өткергендерін және көңілге түйгендерін айналасына жеткізуге талпынады. Бұл коммуникативтік актінің сапасы мен сипаты индивидтің өзіндік болмысы мен эмоциялық күйіне байланысты әртүрлі формада көрінеді. Қазіргі гуманитарлық ғылымдар парадигмасында бұл процесс нарратив терминімен сипатталады. Нарратологияның негізін қалаушылардың бірі Ж.Женетт атап өткендей, «нарратив – тек хабарлау емес, ол белгілі бір оқиғаның тілдік немесе бейнелік трансформациясы» [1, 63].

Қазіргі уақытта нарратив кино, театр немесе әдебиетпен шектелмейді. Р.Барттың тұжырымдамасына сәйкес, «нарратив – адамзат тарихымен бірге дамып келе жатқан, кез келген мәдени элементтерді (архитектура, дизайн, кескіндеме) қамтитын әмбебап құбылыс» [2, 196]. Өйткені кез келген мәдени код белгілі бір идеяны жеткізуші медиум ретінде

қызмет етеді. Сол қабылдау мен интерпретациялау оқырманның немесе реципиенттің интеллектуалдық деңгейіне тікелей тәуелді.

Дегенмен, қазіргі постмодерндік кезеңде нарративтің табиғаты түбегейлі трансформацияға ұшырады. Жан-Франсуа Лиотардың пайымдауынша, қазіргі қоғамда адамзаттың ортақ мақсатын анықтайтын діни, тарихи немесе философиялық «үлкен метанарративтер» сенімділігін жоғалтып, рухани дағдарысқа себеп болды [3, 15]. Осы дағдарыс кезеңінде әдебиет жалпыға ортақ ақиқаттардан бас тартып, кіші нарративтерге, яғни жеке тұлғаның интеллектуалдық және метафизикалық ізденістеріне назар аудара бастады.

Зерттеуіміздің өзектілігі – сөз өнеріндегі нарративтік құрылымды, соның ішінде қазіргі қазақ прозасындағы метанарративтік жүйені анықтау және талдауға арналған. Қазіргі әдебиеттегі баяндау стратегиялары дәстүрлі реалистік қалыптан шығып, жеке тұлғаның интеллектуалдық деңгейіне көтерілді. Бұл тенденция, әсіресе, жазушылардың шығармашылығында айқын көрініс тауып, авторлық ниет пен мәтін құрылымының жаңа аспектілеріне жол ашады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы ретінде А.Кемелбаеваның прозалық шығармалары, атап айтқанда «Мұнара» романы мен «Ер Төстіктің дүниеге келуі» және «Шашты» әңгімелері пайдаланылды. Зерттеу барысында автордың баяндау мәнеріндегі метанарративтік элементтерді анықтау үшін нарратологиялық талдау, интермәтіндік талдау, салыстырмалы-типологиялық әдіс және герменевтикалық интерпретация әдістері қолданылды.

Нарратологиялық талдау әдісі аясында Ж.Женетттің «нарративтік деңгейлер» және «фокализация» [1] теориялары негізге алынды. Шығармадағы баяндаушының рөлі, оның мәтін ішіндегі және сыртындағы позициясы талданды.

Интермәтіндік талдау А.Кемелбаеваның мәтіндеріндегі өзге мәдени кодтарды, мифтік астарларды және әлемдік әдебиет үлгілеріне жасалған аллюзияларды зерттеу үшін қолданылды. Бұл жазушы прозасының интеллектуалдық аспектілерін ашуға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-типологиялық әдіс дәстүрлі реалистік баяндау мен А.Кемелбаеваның стиліне тән метанарративтік стратегиялардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау үшін қолданылды.

Автордың көркемдік ойлау жүйесін, мәтіннің астарындағы философиялық және метафизикалық мағыналарды түсіндіру герменевтикалық интерпретация арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне баяндаушы мен автор арасындағы шекараның бұзылуын, яғни «мәтін ішіндегі мәтін» құрылымын зерттеуге М.Бахтиннің «полифония» теориясы [4], Р.Барттың «семиотика» концепциясы [2], Б.Макхейлдің «онтологиялық шекаралар» [5] теориясы басты бағдар ретінде алынды.

Талқылау мен бақылау. Метанарратив ұғымы қазіргі әдебиеттануда тек баяндау туралы баяндау емес, автордың шындықпен қарым-қатынас орнатудың күрделі әдісі ретінде бағаланады. Классикалық реализм кезеңінде баяндаушы оқырманға дайын ақиқатты ұсынушы, объективті бақылаушы ретінде қызмет атқарса, метанарративтік прозада бұл иерархия бұзылады.

Ж.-Ф.Лиотардың «үлкен баяндардың» күйреуі туралы тезисіне сәйкес, қазіргі жазушы әлемдік тарихты немесе ұлттық болмысты біртұтас, монолитті жүйе ретінде емес, жеке адамның танымы арқылы бөлшектенген «кіші нарративтер» ретінде қабылдайды [3]. Бұл жерде метанарративтің екі негізгі функциясы – өздік рефлексия мен интермәтіндік контекстті атап өту қажет.

Автор өздік рефлексия барысында мәтін ішіндегі жазу процесінің күрделілігін, кейіпкер тағдырының шарттылығын немесе сөздің шындықты жеткізудегі дәрменсіздігін ашық түрде талқылайды. Мәселен, жапон жазушысы Харуки Мураками дің «Бірінші жақтан» (От первого лица) [6] атты шығармалар жинағын бұл тәсілдің үлгісі ретінде қарастыруға болады. Жинаққа енгізілген әңгімелер автордың жеке рефлексиясына негізделген. Бұл

жерде автобиографиялық элементтер басым болғанымен, бірінші жақтан баяндаушы тұлға бізге таныс Мураками емес, оның әдеби маскасы немесе В.Шмид теориясына сәйкес, «абстрактілі автор» [7] ретінде көрінеді. Бұл авторлық ойын оқырман мен мәтін арасындағы шекараны бұзып, баяндаудың шынайылығы мен шарттылығын қатар ұсынады.

Метанарративтің екінші маңызды функциясы – интермәтіндік кеңістік. Бұл термин әдебиеттануға Ю.Кристева мен Р.Барттың еңбектері арқылы еніп, кез келген мәтіннің «басқа мәтіндерден құралған мозаика» [8, 429] екені дәлелденді. Интермәтіндік өрісте мәтін басқа мәдени қабаттарды (миф, философиялық трактат, бейнелеу өнері және т.б.) интеграциялау арқылы «мәтін ішіндегі мәтін» құрылымын қалыптастырады.

Метанарративтік контексте интермәтінділік жай ғана дәйексөз келтіру емес, ол – автордың оқырманмен интеллектуалды ойын жүргізу тәсілі болмақ. Бұл жерде диалогтік кеңістік пен мәдени кодтардың трансформациясын атап өту керек.

Автор өз мәтініне әлемдік әдебиет үлгілерін, мифтерді, философиялық доктриналарды немесе тарихи құжаттарды енгізу арқылы оқырманды мәтіндер лабиринтіне жетелейді. Мәселен, Хорхе Луис Борхестің «Вавилон кітапханасы» немесе «Пьер Менар, «Дон Кихоттың» авторы» секілді әңгімелері – таза интермәтіндік кеңістікке құрылған. Ж.Женетт талдауына сүйенсек, Борхес үшін әлем – бұл шексіз «Кітапхана», ал жазушының негізгі міндеті – сол бұрыннан бар мәтіндерді жаңаша комбинациялау арқылы жаңа мағына тудыру болып табылады [1].

Метанарратив туралы зерттеулердің бірінде Е.С.Маслов: «Ж.-Ф.Лиотардың метанарратив тұжырымдамасын нарратологиялық құралдармен талдау оның құрылымдық тұтастығын ашады. Метанарративке тән басты қасиет – оның болашаққа бағытталған «хэппи-эндында» және оқиғаның «ақ-қара» бинарлы түрде бөлінуінде» [9, 151] – дейді. Автор метанарративті жай ғана тарихи баян емес, болашақты шындық ретінде ұсынатын ерекше интеллектуалды болжамға ие екенін көрсетеді.

XXI ғасыр басында «Сорос-Қазақстан» қоры ұйымдастырған «Қазіргі заманғы Қазақстан романы» әдеби конкурсында үш роман озық деп танылды. Олар: Т.Әсемқұловтың «Талтүс», Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» және А.Кемелбаеваның «Мұнара» романдары. Аталған шығармалардың жабық әдеби байқаудағы жеңісі олардың көркемдік-эстетикалық артықшылықтарының жоғары деңгейде екендігін растайды. Бұл зерттеу мақаламызда А.Кемелбаеваның «Мұнара» романын ерекше назарға алып, оның құрылымдық ерекшеліктерін метанарративтік призмадан талдаудың себебі осымен түсіндіріледі.

Мәдени кодтардың трансформациясы А.Кемелбаеваның прозасында интермәтіндік тәсілдер ретінде жазушының эрудициясын көрсету мақсатында емес, жаңа мағыналық қабаттар (семантикалық өріс) қалыптастыру үшін пайдаланылады. Мысалы, «Мұнара» романының екінші бөлімінде автордың жазушылық өнерге қатысты көзқарасы әлемдік классикалық жазушылар туралы естеліктермен және бейнелермен салыстырылып, шығарманың мазмұндық деңгейін локальдік шеңберден жалпыадамзаттық деңгейге көтереді.

Романның негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның баяндау композициясындағы трансформацияда. Шығарманың бірінші бөлімі толықтай бірінші жақтағы («мен») гомодиегетикалық нарративке негізделсе, екінші бөлімнің тоғызыншы бөлімшесінен бастап автор үшінші жақтағы («ол») гетеродиегетикалық баяндау фокусына көшеді. Зерттеуші З.Серікқалиев: «Таза реалистік шығарма бала бағушы студент қыздың атажұрт-әулетінің, қыр қазағының – дала тарланы аңшы Тарбақтың тағдырын баяндайтын шежіресі – хикаятымен, шын мәніндегі табиғат жырымен көкейкесті күйін қайта жаңғыртады» [10, 4].

Айжан есімді кейіпкердің Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтында білім алу барысындағы интеллектуалдық ізденістері мен моральдық ұстанымдары нарратор мен автор арасындағы тығыз корреляцияны анықтайды. Персонаждың мінез-құлық сипаттамалары мен кәсіби амбициялары автордың өмірбаяндық мәліметтерімен (авторлық прототип) сәйкес келеді. Бұл контексте «Мәскеулік студент пен дала аңшысы Тарбақтың арасында қандай байланыс бар?» деген сұрақтың пайда болуы заңды.

Бұл композициялық шешімнің бірнеше мағыналық негіздері бар. Алдымен, романның екінші бөліміндегі «Байжан ата ұрпағы Сапар ағамның асыл рухына арнадым» [10, 98] деген эпиграф екі түрлі кеңістік пен уақытты байланыстыратын интермәтіндік көпір рөлін атқарады. Тоғызыншы бөлімшеден басталатын аңшы Тарбақ туралы сюжет Айжанның генетикалық және рухани тамырларын ашуға арналған.

Екіншіден, «Соңғы жолбарыс» бөлімшесіндегі аңшылық өнер мен табиғат философиясы авторлық метадискурстың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Тарбақ бейнесі – экологиялық этиканы сақтаған, табиғаттың сезімтал тілін меңгерген дәстүрлі қазақ болмысының символы. Автордың жануарлар әлемі мен олардың мінез-құлқын (бұлан, қабан, арыстан, сілеусін және т.б.) терең сипаттауы шығарманың интеллектуалды-энциклопедиялық сипатын күшейтіп, автордың позициясын бекітеді. Бұл деректер автордың табиғат пен адам арасындағы экзистенциалды байланысты терең түсінгенін көрсетеді.

«Мұнара» романында авторлық рефлексия мен интермәтіндік өріс шығарманың философиялық архитектоникасын құрайды. Гомодиегетикалық нарратор: «Жаратылысымда мен дәруіш тәрізді жан болсам керек. Алайда мұным жаңсақ ойдың ұшығы шығар, өйткені дәруіштіктің дегдарлығын шынымен ұғар кім қалды мынау ядролық күлтөкпесі қордаланған бейшара дүниеде? Сондықтан бұл теңеуді әдебиеттің дәруіші деп түзесем сол теріс бола қоймас» [10, 80] деген тұжырымынан авторлық инстанцияның өзін-өзі идентификациялау процесін байқаймыз. Бұл – нарратордың интеллектуалды дәруіштік арқылы қазіргі жаһанданған әлемдегі рухани ұстанымын анықтап, оның дұрыстығын дәлелдеу.

Аталған құбылыс романдағы баяндау құрылымының тек жеке нарратор деңгейінде ғана емес, терең архетиптік және психологиялық қабаттармен байланыста ұйымдасқанын көрсетеді. А.Кемелбаеваның «Мұнара» романына арналған зерттеулерде әйел бейнесінің сана трансформациясы мен архетиптік құрылымдар арқылы дамуы арнайы қарастырылып, кейіпкердің әлеуметтік рөлден рухани тұтастыққа өту үдерісі айқындалады. Бұл талдаулар романдағы баяндаудың көпқабатты сипатын, яғни жеке тәжірибеден мәдени жад пен универсалдық архетиптерге дейінгі кеңістікті қамтитын метанарративтік құрылымның қалыптасқанын дәлелдейді [11].

Шығармадағы тағы бір маңызды метанарративтік үзінді: «Классика – құс жолы, мен оқырман ретінде сол жарқыраған құс жолымен көктемде оралып, күзде ұшып кететін қоңырқаздардың легіндегі жалғыз қаз тәріздімін» [10, 84] делінген. Мұндағы қаз бейнесі – тек көркемдік деталь емес, автордың шығармашылық зертханасына тән интермәтіндік сілтеме. Атап айтқанда, бұл бейне жазушының «Қоңырқаз» әңгімесімен семантикалық сабақтастық орнатып, авторлық әлемнің біртұтастығын айқындайды.

Романның екінші бөліміндегі қазға қатысты аңыздар мен мифологиялық мәліметтер нарративтік дискурсқа этно-экологиялық сипат қосады. Қоңыр қаз бен сарыала қазға қатысты мифопоэтикалық талдаулар шығарманың мағыналық кеңістігін кеңейтіп, табиғат пен адам арасындағы үзілген байланысты метафоралық деңгейде қайта жандандырады. Бұл әдіс А.Кемелбаеваның прозасындағы интеллектуалдық тереңдік пен мәдени кодтардың синтезін анықтайды.

«Мұнара» романындағы интермәтіндік өрістің айқын көрініс тапқан эпизодтарында полифониялық дискурс басымдыққа ие болады. Әлеуметтік-тұрмыстық қиындықтар мен ішкі экзистенциалдық дағдарыс тоғысқанда, кейіпкер Айжанның санасында психологиялық дуализм орын алады. Жамалдың отырған бөлмесін тазалау процесіндегі арлану мен намыс сезімі кейіпкердің ішкі рефлексиясы арқылы сипатталады.

Автор бұл жерде ішкі монологті полифониялық деңгейге көтереді: кейіпкердің санасында табашыл дауыс пен жұбатушы дауыс арпалысқа түседі. «Бұл сенің қалам құмар астам пейіліңнің сыйы, жазушылықты өліп-өшіп таңдаған өміріңнің жазасы, өйткені шығармашылықтың түп табиғатында күнәһарлық болмауы мүмкін емес. Ендеше дер кезінде сазайыңды тартқаныңа арланба, кісімсіген сенің неңді алған, өзіңе сол керек! – деді

табашыл бір дауыс көкек құстай безектеп. – Негізінде, құдайтағала таудай төзім мен асқан сабырлыны сүйеді. Демек бұл фәниде неге болса да шыдап, көніп бағудың арты жаман болмайды. Сол себепті тәуекел түбі – желқайық, жүзерсің де өтерсің, уайым түбі – тұңғиық, батарсың да кетерсің. Қолыңа ештеңе жұғып қалмайды, битке өкпелеп тоныңды отқа жақпа, райхан гүлінің де тікені бар, олай болса, бақтан дәмең болса, сор деме, тәубеңе түс, – деп үн қатты тағы бір өктем дауыс, қатты жабырқаған жүрегімді басу үшін жұбаныш айтты» [10, 22] деген үзіндідегі айыптаушы позиция мен оған қарсы «тәуекел түбі – желқайық», «битке өкпелеп тоныңды отқа жақпа» секілді паремиологиялық бірліктерді қолдану – кейіпкердің ішкі тепе-теңдігін сақтауға бағытталған.

Бұл жерде нақыл сөздер тек фольклорлық элементтер емес, олар – кейіпкердің санасындағы хаосқа тәртіп орнатушы интермәтіндік медиаторлар. Авторлық ниет прецеденттік мәтіндерді гомодиегетикалық нарратордың даусымен шебер үйлестіру арқылы кейіпкердің рухани төзімділігін негіздейді. Бұл әдіс М.Бахтин сипаттаған «кейіпкердің өз-өзімен ішкі диалогінің» [4] классикалық үлгісін көрсетеді.

Жалпы алғанда, романның интермәтіндік құрылымы паремиологиялық элементтермен шектелмей, отандық және әлемдік классикалық әдебиет үлгілерімен де тығыз байланыс орнатқан. Бұл жерде аллюзиялық ишаралар, реминисценциялық сарындар және тікелей цитаталық қолданулар шығарманың семантикалық шекарасын кеңейтіп, оның көпқабаттылығын қамтамасыз етеді. Мұндай интермәтіндік стратегиялар романның көркемдік кеңістігін шектен шығарып, оны әмбебап мәдени контекстке бағыттайды, бұл мәтіннің мағыналық шексіздігін және авторлық концепцияның тереңдігін сипаттайды.

Романдағы интермәтіндік өрістің тереңдігін анықтайтын маңызды эпизодтардың бірі – басты кейіпкер Айжанның Мәскеу маңындағы демалыс үйінде кездескен мистикалық атмосферасы. Автор бөлмедегі интерьерді сипаттау кезінде «Оңашада айна алдында таранып, өз көркіне өзі елтіп уыздай жас сұлу отыр. Ал төменірек тасалау қалтарыста өңінен кісі шошитын, сұғанақ көз, дорба ауыз кәрі малғұн мына қызға телміре әрі сұқтана қарап, ішіп-жеп, бағып қалыпты» [10, 18]. Мұндағы көркемдік бейнелеу жүйесінің жапон классигі Р.Акутагаваның «Тозақ азабы» новелласындағы эстетикалық концепциямен тікелей байланысы байқалады. Акутагавалық перфекционизм мен суретші Ёсихидэнің сұлулықты қасірет пен жиіркеніш арқылы тану әдістемесі А.Кемелбаеваның прозасында жаңа метанарративтік реңкке ие болады.

Бұл эпизодтағы айна символы – тек тұрмыстық зат емес, ол пәктік пен күнә, эстетика мен деструкция арасындағы метафизикалық шекараның қызметін атқарады. Сұлу қыздың қасындағы кәрі малғұн бейнесі – дүниенің өткіншілігі мен зұлымдықтың үздіксіз антропологиялық аңдуын білдіретін интермәтіндік аллюзия. Автор осы мифопоэтикалық элемент арқылы шығарманың мағыналық аясын кеңейтіп, оқырманды сұлулықтың ішкі қабатында жатқан экзистенциалдық қауіп туралы философиялық түсінікке жетелейді. Бұл әдіс жазушының әлемдік классикалық мұраны ұлттық проза контекстінде интеллектуалды түрде қайта интерпретациялау шеберлігін көрсетеді.

Романның метанарративтік стратегиясының тағы бір аспектісі – автордың қазіргі антропологиялық дағдарысқа қатысты философиялық рефлексиясы. «Өткенде Алматының көшесінде келе жатып, аялдамада мобильді телефонмен сөйлесіп тұрған қазақтың іскер кейіптегі жас жігітін көрдім. Бұл әрине, таңсық нәрсе емес, үйреншікті құбылыс, екінің бірі ұялы телефондарымен сөйлесіп тұрады. Мәселе онда емес. Әлгіге қараған сәтте өз-өзінен жүрегіме кенеттен шаншу қадалып, қысылып кеткендей болды, әлденеден кеудемді үрей кеулегендей әсер етті. Япыр-ау, бұлар сонша қайда асығады екен? Мынау шын мәнінде бүкіл адамзаттық жедел өзгеріс, әлдебір сұмдық сұрапыл экспансия, кең әлемді тарылтуға, тұтынуға, барды тезірек жоғалтуға, суррагаттануға, қордалануға, сөйтіп бықсып, іріп-шіріп, Жер шарын өмір сүруге жарамсыз қылып құртуға ұқсайды» [10, 88].

Үзіндідегі қазақтың іскер кейіптегі жас жігіті мен ұялы телефон бейнесі – тек тұрмыстық деталь емес, бұл – жаһандық техникалық прогрестің адам болмысына жасаған экспансиясының символы. Нарратор бұл жерде Ж.-Ф. Лиотар сипаттаған постмодерн

дәуірінің басты қаупін – адамзаттың шексіз тұтыну мен жедел өзгеру процесіне түсуін баяндайды. Авторлық метанарратив келесі маңызды аспектілерді ашады:

Кеңістік пен уақыттың шектелуі: «Кең әлемді тарылтуға, тұтынуға...» деген сөздер арқылы автор классикалық гуманистік құндылықтар немесе метанарративтердің орнына технологиялық прагматизмнің келгенін білдіреді.

Эсхатологиялық сарын: Е.С. Масловтың айтуынша, метанарратив «болашақты болжауға» [9] бейімделген. Бұл үзіндіде автор «Жер шарын өмір сүруге жарамсыз етіп жою» қаупін атап, заманауи өркениеттің деструктивті сипатына интеллектуалдық диагноз қояды.

Экзистенциалдық үрей: Нарратордың «жүрегінің шаншуы» – бұл жеке тұлғаның жаһандық іріп-шіру процесін сезінуіне байланысты рухани реакциясы.

Сондықтан, автор кейіпкердің жеке бақылауы арқылы адамзаттық жаһандану метанарративін сынайды.

Романда автор «Ертөстіктің дүниеге келуі» әңгімесіне сілтеме жасайды. «Соңғы бес жыл ішіндегі прозалық дүниелерімнің бәрі ас үйдің түнгі үстелінде жазылды. Түнгі мезеттің бөгде нұрына бөлену бақытына тең келетін не болуы мүмкін. Ас үстелі мен үшін асқабақтан әсем күймеге айналып кететін сияқты, сол сәтте ай астындағы әлемде менен өткен бекзада жоқ. «Ер Төстіктің дүниеге келуі, «Тобылғысай», «Ғибадат» атты өзім ерекше сүйетін үш әңгіме осылай туды» [10, 94] дейді жазушы. Бұл әңгімелердің арасында «Ер Төстіктің дүниеге келуі» оқырманға қазақ фольклорының асыл мұрасы «Ер Төстік» ертегісін еске салады.

Шығарманың нарративтік құрылымы үшінші жақтан баяндауға негізделіп, ауыл шетінде орналасқан екі баланың әрекетімен басталады. Бұл – автордың оқырманды кезең-кезеңімен экзистенциалдық драманың өзегіне енгізу әдісі. Әңгіменің нарративтік құрылымы сюжет ішіндегі сюжет принципіне негізделген, бұл көркем мәтіннің көпқабаттылығын көрсетеді.

Әңгіме Алыбай мен Шоқай әулетінің үзілуге жақын тамырын сақтау трагедиясын қамтиды. Бұл сәтте басты кейіпкер Күнбала тек әйел емес, генетикалық жадыны сақтаушы және өмір сүрудің символы ретінде көрінеді. Күнбаланың ауыр науқасқа шалдыққан қайын ағасын емдеп жазуы және әмеңгерлік дәстүрі арқылы әулеттің отын сақтауы – қазақ әйелінің қаһармандық бейнесінің жаңа интеллектуалды интерпретациясы болды.

Автордың метанарративтік концепциясы интермәтіндік өрісті ұлттық фольклормен тығыз байланыстырады. Әңгіменің «Ер Төстік» ертегісінен алынған эпиграфпен басталуы – кейіпкер тағдырының мифологиялық мәнін, яғни, өлім мен өмірдің күресін көрсетеді.

Шығарманың бесік жырымен аяқталуы – тіршілік циклінің жаңаруы, яғни мәңгілік ел концепциясының отбасылық-генетикалық деңгейдегі жеңісін білдіреді. Фольклорлық-мифологиялық кодтардың көркем туындыда қолданылуы Я.Альбердің «табиғи емес нарратив» теориясымен тікелей байланысты екені анық. Я.Альбердің пікірінше, мәтіндегі «мүмкін емес әлемдер» оқырманның когнитивтік қабылдауын кеңейтіп, шынайы болмыстың шекарасынан шығуға мүмкіндік береді [12]. Бұл контексте, автордың фольклорлық сюжетті жаңғыртуы – тек стильдік мәселе емес, сонымен қатар кейіпкердің онтологиялық статусын трансформациялау әдісі болып табылады.

Бұл метанарратив әйел бейнесін Ана-Тұмар және Бақ-дәулетті қорғаушы архетипі деңгейіне көтереді. Автор халықтық наным-сенімдер мен дәстүрлерді пайдалана отырып, қазіргі прозадағы ұлттық бірегейлік мәселесін метафизикалық тұрғыдан дәлелдейді.

А.Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесі – нақты тарихи деректерге сүйенген көркем шығарма. Көркем туынды мазмұнында Мұстафа Шоқайдың он бірінші атасының тарихи тұлғасы бейнеленген. Бұл шығарма ел арасында Шашты есімімен аңызға айналған тұлғаның өмірін баяндайды және күрделі нарративтік құрылымымен ерекшеленеді.

Әңгіменің баяндау стратегиясы гетеродиегетикалық нарратордың («ол» үшінші жақтан баяндаушы) позициясымен анықталады. Баяндау стилі мен авторлық ұстанымды П.Доусонның «нақты автор және нақты оқырман» арасындағы коммуникациялық модель концепциясымен негіздеуге болады. Ғалымның пікірінше, үшінші жақтан баяндайтын барлығын білуші нарратордың функциясы тек оқиғаны жеткізумен шектелмей, оқырман

мен автор арасындағы интеллектуалды дискурсты қалыптастыруға бағытталады [13]. «Шашты» әңгімесіндегі кейіпкерлердің ішкі психологиялық күйін терең меңгерген нарратор П.Доусон сипаттаған, тарихи жад пен көркемдік шындықты біріктіретін дискурсивті медиатор рөлін атқарады.

Автор бұл шығармасында төрт эпиграфты пайдалану арқылы мәтіннің семантикалық аясын ашады. Бұл эпиграфтар – тек үзінділер емес, олар семиотикалық белгілер мен парамәтіндік функцияларды атқарады. Эпиграфтар көшпенділер мәдениеті, шежірелік үрдіс және тұлпар шабысы туралы авторлық хабарламаны (посыл) танытады. Сонымен қатар, оқырманды мәтіннің концептуалды негізіне бағыттап, шығарманың идеологиялық шеңберін айқындайды.

Тасқұл қарт пен Кенжебек арасындағы диалог сюжеттің динамикасын қамтамасыз ете отырып, маңызды метанарративтік ұстанымды анықтайды. «Қазақ атқа мінбесін, қазақ атқа мінсе, біртұтас дене мен жанға айналады» [14, 162], - деген концепция – ұлттық экзистенция мен азаттық рухтың көркемдік формуласы. Автор Тасқұл қарттың бейнесі арқылы жеке трагедиядан жоғары тұратын, ұлттық бірлікті сақтауға арналған қаһармандық архетипті қалыптастырады.

Шығарманың мәдени контексті кең, ауқымды. Интермәтіндік дискурс халықтың тарихи жадының терең қабаттарына еніп, мәтіннің семантикалық көпдеңгейлілігін қамтамасыз етеді. Мысалы, Көк Тәңірі, Баба түкті шашты Әзиз, ғайып ерен, қырық шілтен бейнелері шығарманың мифопоэтикалық қабатын қалыптастырса, Қамбар ата, Қорқыт, Көроғлы есімдері фольклорлық-эпикалық жүйесін толықтырады. Қожа Хафиздің мұрасы мен дала заңдарына қатысты рефлексиялар көркем мәтіннің классикалық-философиялық аспектілерін қорытындылайды.

Бұл бейнелер көркем мәтіннің көпқабатты мәдени дискурсын қалыптастырып, «Шашты» әңгімесінің тек тарихи баяндауын ғана емес, ұлттық рухтың және аңыздық болмыстың жаңғыруын трансформациялайды. Автор нарративтік жүйені тарихи шежіре мен мифологиялық танымның синтезі арқылы қалыптастырады.

Нәтижелер. Ертегі, хикаят және әңгіме айту – адамзатқа тән әмбебап қасиет. Әлемнің құрылымы мен тылсым күштердің ықпалы туралы баяндау – адамзаттың пайда болғанынан бері өзектілігін сақтап келе жатқан сюжеттер мен мотивтер. Адамзат өркениеті көптеген мәдени, тарихи және технологиялық кезеңдерді өткергенімен, оқиғаны жеткізу мен әңгімелеу стратегияларының маңызы өзгеріссіз қалды. Яғни, нарративтік парадигма мен метанарративтік жүйе – адамзаттың өткені, бүгіні мен болашағының сабақтастығын қамтамасыз ететін негізгі фактор. «Әрбір халықтың дәстүрлі мұрасын қазіргі үрдіспен байланыстыратын рухани тәжірибе ұлтты сақтау үшін маңызды» [15, 335].

Б.Макхейлдің пікірінше, постмодернистік прозада авторлар онтологиялық шекараларды бұза отырып, оқырманды бір болмыс деңгейінен (тарихи шындық) екінші деңгейге (мифологиялық немесе мистикалық шындық) жетелейді [5]. Бұл әдіс А.Кемелбаева прозасында ұлттық тарих пен аңызды біртұтас рухани тұтастық ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ прозасының метанарративтік жүйесін А.Кемелбаеваның «Мұнара» романы мен «Ер Төстіктің дүниеге келуі», «Шашты» әңгімелерін нарратологиялық және интермәтіндік аспектілерде талдау нәтижесінде төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді: *Нарративтік стратегияның трансформациясы:* Автордың гомодиегетикалық және гетеродиегетикалық баяндау формаларын шебер үйлестіретіні анықталды. «Мұнара» романындағы интеллектуалды дәруіштік концепция қазіргі жаһанданған әлемдегі рухани позицияны негіздеуші басты құрал ретінде айқындалды.

Интермәтіндік өрістің көпдеңгейлілігі: Шығармалардың мәдени кеңістігін талдау нәтижесінде интермәтіндік дискурстың үш негізгі қабаты жүйеленді: мифопоэтикалық, фольклорлық-эпикалық және классикалық-философиялық. Бұл элементтердің мәтін ішіндегі рөлі тек сілтеме емес, ұлттық кодты қайта жаңғыртушы көркемдік құрал ретінде дәлелденді.

Архетиптік бейнелердің жаңа интерпретациясы: «Ер Төстіктің дүниеге келуі» әңгімесіндегі Күнбала бейнесі арқылы Ана-Тұмар және генетикалық жадыны сақтаушы архетиптердің қазіргі прозадағы қаһармандық сипаты айқындалды.

Парамәтіндік элементтердің функциясы: «Шашты» әңгімесіндегі эпиграфтардың семиотикалық қызметі талданып, олардың оқырман қабылдауын тарихи-мәдени контекске бағыттайтын стратегиялық рөлі мен авторлық ниетті ашудағы маңызы анықталды.

Зерттеу жұмысы А.Кемелбаева шығармаларының интеллектуалдық аспектілерін, оның әлемдік классикалық дәстүр мен ұлттық рухани мұраны синтездеудегі жаңашылдығын толық дәлелдейді. Бұл нәтижелер қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық аспектісінің маңыздылығын айқындайды.

Қорытынды. А.Кемелбаеваның «Мұнара» романы мен «Ер Төстіктің дүниеге келуі», «Шашты» әңгімелерін нарратологиялық және интермәтіндік тұрғыдан зерделеу нәтижесінде автордың өзіндік интеллектуалды-көркемдік жүйесі айқындалды. Автор гомодиегетикалық және гетеродиегетикалық нарратив формаларын шебер үйлестіре отырып, баяндаудың әртүрлі деңгейлерін өзара сабақтастырады және қазіргі қазақ прозасындағы интеллектуалды нарратор тұлғасының көркемдік мүмкіндіктерін жаңа деңгейге көтереді. Нарратордың оқиғаға қатысу деңгейінің өзгеруі шығармадағы уақыт пен кеңістік құрылымын күрделендіріп, оқырманның мәтінді қабылдау үдерісіне де ықпал етеді.

Нарратология ғылымындағы белгілі ғалымдардың тұжырымдамалары аясында шығармалардағы тарихи шындық пен мифопоэтикалық кеңістіктің шектесуі қарастырылды. Автордың онтологиялық шекараларды бұзу арқылы тарихи фактілерді аңыздық, мифтік және фольклорлық элементтермен біріктіруі өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Тарихи дерек пен көркем қиялдың тоғысуы шығармалардағы уақыт категориясының көпқабатты сипатын танытып, ұлттық тарихты біртұтас рухани сабақтастық ретінде қабылдауға негіз болатын метанарративтік модельді қалыптастырады.

Шығармалардағы интермәтіндік қабаттар көркемдік тәсіл деңгейімен ғана шектелмей, ұлттық жадыны жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті жаһандық мәдени контексте сақтауға бағытталған маңызды механизм ретінде көрінеді. Фольклорлық сюжеттер, мифологиялық мотивтер, тарихи деректер мен мәдени-әдеби реминисценциялар авторлық мәтіннің семантикалық кеңістігін кеңейтіп, бұрыннан қалыптасқан мәдени кодтарға жаңа мағыналық реңк береді. Осы арқылы автор дәстүрлі мәтіндерді қайталап қана қоймай, оларды қазіргі эстетикалық және интеллектуалдық талаптарға сай қайта интерпретациялайды.

А. Кемелбаеваның шығармаларындағы интермәтіндік байланыстардың маңызды ерекшелігі – ұлттық фольклорлық мұра мен әлемдік көркемдік-теориялық тәжірибенің өзара сабақтастығы. Автор көне мифтер мен фольклорлық сюжеттерді қазіргі адамның дүниетанымы, тарихи жады және рухани ізденістерімен байланыстыра отырып, дәстүрлі материалға жаңа көркемдік сипат береді. Бұл үдеріс ұлттық мәтіннің уақыт пен кеңістік шекарасынан тыс өміршеңдігін танытып, оның қазіргі оқырман санасындағы жаңаша қабылдануына мүмкіндік жасайды.

Сонымен бірге шығармалардағы нарративтік құрылым мен интермәтіндік қабаттардың өзара байланысы автордың көркемдік стратегиясын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Нарратордың позициясы, фокализация, уақыт пен кеңістіктің ұйымдастырылуы, оқиғаларды баяндау тәсілі интермәтіндік элементтердің шығарма құрылымына енуімен тығыз сабақтасады. Нәтижесінде мәтін бір ғана сюжеттік желімен шектелмей, тарихи, мәдени, мифологиялық және философиялық мағыналарды қатар қамтитын күрделі полифониялық құрылымға айналады.

Қорытындылай келе, А.Кемелбаеваның шығармашылық зертханасы қазіргі қазақ прозасының дәстүрлі ұлттық негіз бен заманауи әлемдік көркемдік-теориялық үдерістердің тоғысында дамып келе жатқанын көрсетеді. Жазушы шығармаларындағы нарратологиялық құрылым мен интермәтіндік жүйе ұлттық әдебиеттің тарихи-мәдени жадыны жаңғырту,

ұлттық бірегейлікті сақтау және әлемдік мәдени кеңістікпен сұхбат орнату мүмкіндіктерін кеңейтеді. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ әдебиетін нарратология, интермәтін теориясы, мифопоэтика және компаративистика тоғысында қарастырудың өзектілігін айқындайды. Осы бағыттағы ізденістер қазақ прозасының көркемдік табиғатын тереңірек тануға, ұлттық мәтіннің әлемдік әдеби үдерістегі орнын анықтауға және болашақтағы салыстырмалы-әдеби зерттеулердің теориялық-әдіснамалық аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Женетт Ж. Фигуры. В 2-х томах. – М.: Сабашников, 1998. – 472 с.
2. Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика. – М.: Прогресс, 1989. – 616 с.
3. Лиотар Ж.-Ф. Состояние постмодерна / Пер. с франц. Н.А. Шматко. – М.: Ин-т экспериментальной социологии.: Алетейя, 1998. – 160 с.
4. Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. — М.: Советская Россия, 1979. — 320 с.
5. McHale B. Postmodernist Fiction. – London: Routledge, 1987. – 264 p.
6. Мураками Х. От первого лица: сборник рассказов / Пер. с яп. А.Замилова. – М.: Эксмо, 2024. – 256 с.
7. Шмид В. Нарратология. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Языки славянской культуры, 2008. – 304 с.
8. Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог и роман // Французская семиотика: От структурализма к постструктурализму / Пер. с франц., сост., вступ. ст. Г.К. Косикова. – М.: Прогресс, 2000. – С. 427-457.
9. Маслов Е.С. Понятие «метанарратив» Ж.-Ф. Лиотара в контексте нарратологии. URL: URL: https://www.gramota.net/article/hss20150336/fulltext (қаралды: 08.02.2026).
10. Кемелбаева А. Мұнара. Роман. – Алматы: 2003. – 149 б.
11. Сәрсенбаева Ж.Б., Құрманбай А.П., Обаева Г.С. Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №1. – 2026. – Б. 245-256. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.24
12. Alber J. Impossible Narrators and Storytelling Scenarios // Unnatural Narrative: Impossible Worlds in Fiction and Drama / J. Alber. – Lincoln: University of Nebraska Press, 2016. – P. 61–103. DOI: https://doi.org/10.2307/j.ctt1d4v147.6.
13. Dawson P. “Real Authors and Real Readers: Omniscient Narration and a Discursive Approach to the Narrative Communication Model”// Journal of Narrative Theory, Vol.42. –№1. – 2012. – P. 91-116. URL: https://www.jstor.org/stable/24484784
14. Кемелбаева А. Таңдамалы: әңгімелер, повестер. – Астана: Фолиант, 2024. – 392 б.
15. Аскарова Г., Абдул Рахманұлы А., Казтаева А., Каримова Г.С. Көшпелілер өміріндегі жылқының рөлі және оның қазақ әдебиетіндегі көркем бейнесі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. №1. – 2023. – Б. 329-341. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.27.14.022

А. М. ЖОРАШОВА, С. Ш. АЙТУГАНОВА
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана
К.У. ТАМАБАЕВА
Международный Таразский университет имени Ш.Муртазы, Тараз, Казахстан

МЕТАНАРРАТИВ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ: СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АЙГУЛЬ КЕМЕЛБАЕВОЙ

Аннотация. В статье анализируются нарративные стратегии и интертекстуальные связи в произведениях видного представителя современной казахской литературы Айгуль Кемелбаевой. В качестве объекта исследования выбраны роман «Мұнара», а также рассказы «Рождение Ер Төстика» и «Шашты». Теоретическую основу исследования составляют

нарратологические и постмодернистские концепции Ж.Женетта, Ж.-Ф.Лиотара, Р.Барта, Б.Макхейла, В.Шмида, Я.Альбера и П.Доусона.

Цель исследования – определить художественную функцию метанарративных структур в прозе писателя и выявить их место в поэтике текста. В современном литературном процессе усиление авторской рефлексии и усложнение повествовательных уровней обусловливают актуальность проблемы метанарратива. В ходе анализа рассмотрены метанарративные структуры, взаимодействие исторической реальности и мифологического пространства, а художественные тексты интерпретированы с позиций нарратологии.

В результате исследования установлено, что произведения Айгуль Кемелбаевой представляют собой сложную художественную систему, отражающую принципы постмодернистской поэтики. Доказано, что автор, синтезируя национальный код и глобальные культурные парадигмы, формирует новую метанарративную модель.

Научная значимость статьи определяется системным рассмотрением проблемы метанарратива в современной казахской прозе и возможностью нового теоретического осмысления структурных особенностей произведений писателя.

Ключевые слова: метанарратив, нарратор, авторская интенция, интертекстуальное поле, повествовательные стратегии.

A.M. ZHORASHOVA, S. SH. AITUGANOVA
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
K.U. TAMABAEVA
Taraz International University named after Sh.Murtaza, Taraz, Kazakhstan

METANARRATIVE IN CONTEMPORARY KAZAKH PROSE: STRUCTURAL FEATURES OF AIGUL KEMELBAYEVA'S WORKS

Annotation. This article analyzes narrative strategies and intertextual connections in the works of Aigul Kemelbayeva, a prominent representative of contemporary Kazakh literature. The research focuses on the novel Munara as well as the short stories The Birth of Er Tostik and Shashty. The theoretical framework is based on narratological and postmodern concepts developed by G.Genette, J.-F.Lyotard, R. Barthes, B.McHale, W.Schmid, J.Alber, and P.Dawson.

The aim of the study is to identify the artistic function of metanarrative structures in the author's prose and to determine their role in the poetics of the text. In contemporary literary discourse, the growing complexity of narrative levels and the strengthening of authorial reflection highlight the relevance of metanarrative issues. The analysis examines metanarrative structures, the interaction between historical reality and mythological space, and interprets literary texts through a narratological lens.

The results show that Kemelbayeva's works represent a complex artistic system reflecting the principles of postmodern poetics. It is demonstrated that by synthesizing national codes with global cultural paradigms, the author constructs a new metanarrative model.

The scientific significance of the study lies in the systematic examination of metanarrative in modern Kazakh prose and in providing a new theoretical interpretation of the structural features of the author's works.

Keywords: metanarrative, narrator, authorial intention, intertextual field, narrative strategies.

References

1. Jenett J. Figury. V 2-h tomah. – M.: Sabaşnikov, 1998. – 472 s.
2. Bart R. İzbrannye raboty: Semiotika. Poetika. – M.: Progres, 1989. – 616 s.
3. Liotar J.-F. Sostoianie postmoderna / Per. s frans. N.A. Şmatko. – M.: İn-t eksperimentälnoi sosiologii.: Aleteiä, 1998. – 160 c.
4. Bahtin M.M. Problemy poetiki Dostoevskogo. — M.: Sovetskaia Rosia, 1979. — 320 s.

5. McHale B. Postmodernist Fiction. – London: Routledge, 1987. – 264 p.

6. Murakami H. Ot pervogo lisa: sbornik rasskazov / Per. s iap. A.Zamilova. – M.: Eksmo, 2024. – 256 s.

7. Şmid V. Narratologia. 2-e izd., ispr. i dop. – M.: İazyki slavänskoi kültury, 2008. – 304 s.

8. Kristeva İu. Bahtin, slovo, dialog i roman // Fransuzskaia semiotika: Ot strukturalizma k poststrukturalizmu / Per. s frans., sost., vstup. st. G.K. Kosikova. – M.: Progres, 2000. – S. 427-457.

9. Maslov E.S. Ponätie «metanarrativ» J.-F. Liotara v kontekste narratologii. URL: https://www.gramota.net/article/hss20150336/fulltext (qaraldy: 08.02.2026).

10. Kemelbaeva A. Mūnara. Roman. – Almaty: 2003. – 149 b.

11. Särsenbaeva J.B., Qūrmanbai A.P., Obaeva G.S. Aigül Kemelbaevanyñ «Mūnara» romanyndağy äiel beinesı: arhetip jäne sana transformasiasy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. №1. – 2026. – B. 245-256. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.24

12. Alber J. Impossible Narrators and Storytelling Scenarios // Unnatural Narrative: Impossible Worlds in Fiction and Drama / J. Alber. – Lincoln: University of Nebraska Press, 2016. – P. 61–103. DOI: https://doi.org/10.2307/j.ctt1d4v147.6.

13. Dawson P. "Real Authors and Real Readers: Omniscient Narration and a Discursive Approach to the Narrative Communication Model"// Journal of Narrative Theory, Vol.42. –№1. – 2012. – P. 91-116. URL: https://www.jstor.org/stable/24484784

14. Kemelbaeva A. Tañdamaly: äñgımeler, povester. – Astana: Foliant, 2024. – 392 b.

15. Askarova G., Abdul Rahmanūly A., Kaztaeva A., Karimova G.S. Köşpelıler ömırındegı jylqynyñ rölı jäne onyñ qazaq ädebietındegı körkem beinesı // Abylai han atyndağy QazHQ jäne ÄTU habarşysy. №1. – 2023. – B. 329-341. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.27.14.022

Авторлар туралы мәлімет:

Жорашова Айжан Маратқызы – *Л*.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Жорашова Айжан Маратовна – докторант Евразийского национального университета имени *Л*.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhorashova Aizhan Maratovna – doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Айтуганова Саулеш Шамшақызы – филология ғылымдарының кандидаты, *Л*.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Айтуганова Саулеш Шамшаевна – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени *Л*.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Aituganova Saulesh Shamshaevna – Candidate of Philological Sciences, Professor of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Тамабаева Қаракөз Өмірзаққызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, Тараз, Қазақстан.

Тамабаева Каракоз Умирзаковна – кандидат филологических наук, ассоцированный профессор Таразского международного университета имени Ш.Муртазы, Тараз, Казахстан.

Tamabaeva Karakoz Umirzakovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Taraz International University named after Sh.Murtaza, Taraz, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.01.11
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.19

***Ж.Ш. ЖУМАГЕЛДИН[1]**
Ж.Ж. ЖАРЫЛҒАПОВ[2]
С.А. КЕНЖЕГАЛИЕВ[3]
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,
Қарағанды, Қазақстан[1,2,3]
(e-mail: zhanaidar.zhumageldi@mail.ru[1], zharylgapov_zhan@mail.ru[2],
sayan582@mail.ru[3])

ҚАЗАҚ АНИМАЛИСТІК ПРОЗАСЫНДАҒЫ БАЯНДАУ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ анималистік прозасындағы баяндау формаларының құрылымдық жүйесі мен көркемдік қызметі жан-жақты қарастырылады. Қазақ әдебиетінде анималистік бағыт табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты, жануарлар әлемі арқылы адамзат болмысының ішкі психологиялық және әлеуметтік қырларын бейнелеуге негізделеді. Анималистік шығармаларда жануар бейнесі тек қосымша элемент ретінде ғана емес, негізгі идеялық-көркемдік мазмұнды жеткізуші басты құралдардың бірі ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай мәтіндердегі баяндау формаларының ұйымдасуы мен нарративтік құрылымын зерттеу әдебиеттану ғылымы үшін өзекті мәселе болып табылады.
Зерттеу барысында қазақ анималистік прозасының қалыптасу ерекшеліктері, баяндаушы тұлғаның мәтіндегі орны, авторлық көзқарастың берілу тәсілдері, оқиғаны жеткізудегі композициялық құрылым мәселелері талданады. Сонымен қатар баяндаудың бірінші жақтық және үшінші жақтық түрлері, кейіпкерлік баяндау, ішкі монолог, диалогтық қатынас және психологиялық суреттеу сияқты нарративтік тәсілдердің көркем шығарма мазмұнын қалыптастырудағы қызметі айқындалады. Баяндау формалары арқылы жануарлар әлемінің суреттелуі, олардың мінез-құлқы мен әрекеттері адамзат қоғамындағы моральдық, философиялық мәселелермен астастырыла көрсетілетіні дәлелденеді. Мақалада анималистік прозадағы баяндау құрылымының эстетикалық, танымдық және идеялық мәні анықталып, мұндай шығармалардың жанрлық табиғатын ашудағы маңызы көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері қазақ прозасындағы анималистік мәтіндерді нарратологиялық және құрылымдық тұрғыдан талдауға ғылыми негіз бола алады.
Түйін сөздер: қазақ анималистік прозасы, баяндау формалары, нарративтік құрылым, баяндаушы тұлға, авторлық позиция, көркем мәтін, жанрлық ерекшелік, композиция, ішкі монолог.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің көркемдік даму жүйесінде анималистік проза өзіндік орны бар ерекше бағыттардың бірі ретінде қалыптасты. Анималистік шығармаларда жануарлар әлемі тек табиғат көрінісі немесе қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде ғана сипатталмай, адам болмысының әлеуметтік, моральдық және философиялық мәселелерін бейнелеудің маңызды көркемдік құралы ретінде танылады. Жануарлар бейнесі арқылы жазушы адам мен табиғат арасындағы байланысты, тіршілік заңдылықтарын, өмір мен өлім, еркіндік пен тәуелділік, мейірім мен қатыгездік, жауапкершілік пен немқұрайлылық секілді іргелі мәселелерді көркемдік тұрғыдан пайымдайды.

Қазақ анималистік прозасының қалыптасуы халықтың дәстүрлі дүниетанымымен, фольклорлық мұрасымен және табиғатты қабылдау ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Қазақ ауыз әдебиетінде жануарлар дүниесімен байланысты мифтер, ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер мен эпикалық шығармалар мол кездеседі. Төрт түлікке, аң-құсқа қатысты қалыптасқан танымдық түсініктер халықтың тұрмыс-тіршілігімен қатар, оның табиғатпен етене байланысын да көрсетеді. Осы дәстүр кейінгі жазба әдебиетте жаңа көркемдік сипат алып, жануарлар бейнесін адамзаттық мәселелерді танытудың тәсіліне айналдырды.

Анималистік прозаның ерекшелігі – жануар бейнесінің шығармадағы көркемдік қызметінің көпқабаттылығында. Бір жағдайда жануар нақты табиғи болмысымен, тіршілік ету ортасы мен мінез-құлқына тән ерекшеліктерімен суреттелсе, екінші жағдайда ол адам әрекеті мен қоғамдық құбылыстарды бағалауға мүмкіндік беретін символдық немесе метафоралық бейнеге айналады. Осы арқылы анималистік мәтінде табиғи және әлеуметтік кеңістіктер өзара сабақтасып, жануарлар әлемі адам әлемінің көркемдік айнасы қызметін атқарады.

Сонымен қатар анималистік шығармаларда табиғат пен адам арасындағы өзара тәуелділік мәселесі ерекше мәнге ие. Қоршаған ортаның өзгеруі, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы, жануарларға деген қатынас, адам әрекетінің экологиялық салдары сияқты мәселелер көркем мәтіннің идеялық мазмұнын тереңдетеді. Осы тұрғыдан анималистік проза экологиялық сана мен табиғатқа жауапкершілік мәселелерін көтеретін әдеби бағыт ретінде де бағалануы мүмкін. Жануар тағдыры арқылы автор адамзаттың табиғат алдындағы жауапкершілігін көрсетіп, оқырманды қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын қайта қарауға жетелейді.

Анималистік прозаның маңызды қырларының бірі – жануарлардың мінез-құлқын, психологиялық күйін және тіршілік ету ерекшеліктерін көркем бейнелеу арқылы адам психологиясын ашу. Мұнда жануарлардың әрекеті мен сезімі адамға тән қасиеттермен сабақтасып, шығармадағы эмоционалдық және философиялық мазмұнды күшейтеді. Алайда анималистік мәтіндегі жануар бейнесін тек антропоморфтық сипатта қарастыру жеткіліксіз. Оның табиғи болмысы, тіршілік ортасы, биологиялық ерекшеліктері де шығарманың көркемдік жүйесінің маңызды компоненттерін құрайды. Бұл тұрғыдан алғанда, анималистік прозаны нарратологиялық бағытта зерттеудің де маңызы зор. Жануар бейнесінің кімнің атынан баяндалуы, оқиғаның қандай фокализация арқылы берілуі, автор мен нарратор позициясының арақатынасы, уақыт пен кеңістіктің ұйымдастырылуы шығармадағы мағыналық құрылымға тікелей әсер етеді. Әсіресе жануардың ішкі әлемін баяндау кезінде авторлық және кейіпкерлік сана арасындағы шекараның өзгеруі мәтіннің өзіндік нарративтік сипатын қалыптастырады. Мұндай баяндау тәсілдері оқырманның оқиғаға тек сырттай бақылаушы ретінде емес, жануардың тіршілік әлемін сезінуге мүмкіндік беретін қабылдаушы ретінде қатысуына жағдай жасайды. Сондықтан қазақ анималистік прозасын құрылымдық тұрғыдан зерттеу, әсіресе баяндау формаларының ұйымдасу ерекшеліктерін, нарратор мен кейіпкер арақатынасын, фокализация түрлерін, уақыт пен кеңістіктің берілу тәсілдерін және жануар бейнесінің символдық қызметін талдау қазіргі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай зерттеу анималистік шығармалардың тек тақырыптық ерекшеліктерін анықтаумен шектелмей, олардың поэтикалық құрылымын, авторлық стратегиясын және философиялық-эстетикалық табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Көркем шығармадағы баяндау мәселесі әлемдік әдебиеттануда XX ғасырдың екінші жартысынан бастап нарратология ғылымының негізінде жүйелі түрде қарастырыла бастады. Бұл бағыттың теориялық негіздерін қалыптастыруда француз ғалымы Жерар Женеттің *«Narrative Discourse»* атты еңбегі маңызды рөл атқарды [1, 112]. Ол баяндау құрылымын уақыт, модус және дауыс категориялары арқылы талдап, мәтіндегі баяндаушы тұлғаның қызметін анықтаудың ғылыми үлгісін ұсынды. Сонымен қатар нарратив теориясын дамытуда Цветан Тодоровтың структуралистік еңбектері ерекше орын алады [2, 156]. Ал М.М.Бахтин көркем прозадағы баяндау мен авторлық позицияны

диалогизм және полифония ұғымдары арқылы түсіндіріп, баяндау формаларының жанрлық табиғатын ашуға ықпал етті [3].

Қазақ әдебиеттану ғылымында прозалық баяндау мәселелері А.Байтұрсынұлының «*Әдебиет таныткыш*» еңбегінен бастау алады [4]. Ғалым көркем мәтіндегі баяндау, әңгімелеу тәсілдері мен композициялық құрылымның маңызын алғаш ғылыми тұрғыда жүйеледі. Кейін қазақ прозасының жанрлық және стильдік дамуын зерттеген М.Қаратаев [5], З.Қабдолов [6], Р.Нұрғали [7] сияқты әдебиеттанушылар көркем шығарма құрылымындағы авторлық баяндау мен кейіпкерлік суреттеу тәсілдерінің ерекшеліктерін талдады.

Анималистік прозаның қазақ әдебиетіндегі көрнекті үлгілері М.Әуезовтің «Көксерек» повесі [8, 163] арқылы кеңінен танылып, кейін бұл бағытта басқа да қаламгерлер шығармашылық ізденістер жүргізді. Аталған туындыларда баяндау формалары арқылы табиғат пен адам қатынасы, тіршілік үшін күрес, жануар психологиясын көркем жеткізу тәсілдері ерекше сипат алды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ анималистік прозасындағы баяндау формаларының құрылымын зерттеу көркем мәтіннің идеялық-көркемдік мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Осы мақалада қазақ анималистік прозасындағы баяндау формаларының түрлері, баяндаушы тұлғаның мәтіндегі орны, авторлық позицияның берілу жолдары және нарративтік құрылымның көркемдік қызметі жан-жақты қарастырылады.

Қазақ әдебиетінде анималистік бағыт XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптаса бастады. Бұл бағытта жануарлар бейнесі арқылы адам өміріндегі әлеуметтік және моральдық мәселелер көркем бейнеленеді. Анималистік прозада баяндау формаларының құрылымы мәтін мазмұнын жеткізудің негізгі құралы болып табылады және жануарлар арқылы авторлық ой мен кейіпкерлік тәжірибені беру тәсілін айқындайды. Сондықтан қазақ анималистік прозасындағы баяндау формаларын зерттеу әдебиеттану ғылымы үшін маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Баяндау формаларын талдауда негізгі назарды нарративтік құрылымға, баяндаушы тұлғаның мәтіндегі орнына және авторлық позицияның берілу жолдарына аудару қажет. Нарративтік құрылымды зерттеген француз әдебиеттанушысы Ж.Женетт (Genette) баяндау уақытын, дауысын және модусын жіктеп, авторлық және кейіпкерлік баяндау арасындағы айырмашылықты нақты көрсетті. Женеттің теориясы бойынша мәтінде баяндаушының орны мен дауысы мәтіннің оқырманға әсер ету тәсілін анықтайды. Мұндай құрылымдық талдау қазақ анималистік прозасын зерттеуде де өзекті болып табылады, өйткені жануарлар арқылы берілетін ой мен идеяның мәні көбіне баяндаушы арқылы жүзеге асады.

Нарративтік құрылымның маңызды элементі - баяндаушы тұлға. Қазақ анималистік прозасында баяндаушы көбіне үшінші жақтан сипаттаушы, кейде бірінші жақ кейіпкер ретінде көрініс табады. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасында баяндаушы барлық оқиғаны сырттан бақылаушы ретінде жеткізеді. Бұл тәсіл жануарлардың әрекеттерін объективті түрде көрсетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар авторлық позицияны айқын білдіреді. Сонымен қатар кейіпкерлік баяндау, яғни жануарлардың іс-әрекеттері мен психологиялық күйін ішкі монолог арқылы көрсету әдісі де кеңінен қолданылады. Мұндай тәсіл оқырманға кейіпкердің эмоциялық жағдайын сезінуге, шығарманың идеялық мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Талқылау мен бақылау. Баяндау формаларын жіктеуде бірінші және үшінші жақтық баяндау ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. Бірінші жақтық баяндау автордың немесе кейіпкердің ішкі ойларын, субъективті қабылдауын көрсетуге бағытталған. Қазақ анималистік прозасында бұл тәсіл сирек қолданылады, көбіне кейіпкердің іс-әрекеттері арқылы жануар психологиясын көрсету үшін үшінші жақтық баяндау қолданылады. Мысалы, кейбір халық ертегілерінде жануар кейіпкердің әрекеттері мен мінез-құлқы сыртқы сипаттау арқылы беріледі, ал автор баяндаушы ретінде оқиғаның дамуын бақылаушы рөлін атқарады.

Диалогтық және көпқырлы баяндау тәсілдері де қазақ анималистік прозасында маңызды орын алады. Диалог арқылы жануарлар мен адамдар арасындағы қатынас, олардың мінез-құлқы мен әлеуметтік байланыстары көркемдік түрде ашылады. Сонымен қатар ішкі монолог әдісі кейіпкердің ойлары мен сезімдерін оқырманға жеткізеді, бұл әсіресе этикалық және философиялық идеяларды беру үшін тиімді тәсіл болып табылады. Мысалы, М.Әуезовтің шығармасында Көксерек кейіпкерінің әрекеттері мен психологиялық күйі оқырманға жануар мінезін түсіндіру арқылы адамның әлеуметтік жағдайын бейнелеуге мүмкіндік береді.

Қазақ анималистік прозасында баяндау құрылымын зерттеуде композициялық тәсілдер де маңызды рөл атқарады. Көптеген шығармаларда оқиға желісі логикалық байланысқа ие, әрбір эпизод жануардың іс-әрекеті арқылы негізгі идеяны толықтырады. Композицияда баяндау мен суреттеудің үйлесімі шығарманың эмоционалды әсерін күшейтеді. Мысалы, М.Әуезовтің прозалық шығармаларында эпизодтар бір-біріне логикалық түрде жалғасып, баяндау формалары арқылы моральдық сабақ беру мақсатында ұйымдастырылған. Сонымен қатар қазақ анималистік прозасында авторлық позицияның берілу жолдары ерекше зерттеуді қажет етеді. Автор баяндаушы арқылы оқиға желісін бақылап қана қоймай, кейіпкердің іс-әрекеттері мен мінез-құлқын бағалай отырып, оқырманға ой салады. Мұндай тәсіл мәтінді көпқырлы және терең мазмұнды етеді. Мысалы, ғалым Р.Нұрғали өз еңбектерінде қазақ прозасындағы жануар бейнесі арқылы адамдық қасиеттерді көрсету, авторлық көзқарасты баяндау арқылы жеткізу тәсілдерін талдаған.

Анималистік прозадағы баяндау формаларының тағы бір ерекшелігі - көркемдік тіл мен стильдік тәсілдер арқылы эмоциялық әсерді күшейту. Қазақ прозасында жануарлардың әрекеттерін сипаттау кезінде метафора, эпитет және салыстыру сияқты көркемдік құралдар кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл оқырманға жануар психологиясын сездірумен қатар шығарманың идеялық мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» повесінде табиғат көріністері мен жануар мінез-құлқының үйлесімі арқылы адам өміріндегі қиындықтар мен моральдық мәселелер көркем бейнеленеді.

Нарратологиялық талдау тұрғысынан қазақ анималистік прозасындағы баяндау формаларының ерекшеліктерін төмендегідей жүйелеуге болады:

1. Баяндаушы тұлға - сырттан бақылаушы немесе кейіпкер ретінде әрекет етеді;
2. Баяндау тәсілі - бірінші жақтық немесе үшінші жақтық, кейде диалогтық немесе ішкі монолог арқылы беріледі;
3. Оқиға желісі мен композиция - эпизодтық құрылым арқылы идеялық мәнді жеткізеді;
4. Көркемдік құралдар - метафора, эпитет, салыстыру сияқты әдеби құралдар баяндаудың эмоционалды әсерін күшейтеді;
5. Авторлық позиция - мәтінде моральдық, философиялық және әлеуметтік ойларды жеткізудің негізгі құралы [9].

Қазақ әдебиетінде анималистік прозаның дамуына М.Әуезовтен басқа да жазушылар өз үлестерін қосты. Мысалы, жазушы Мұқтар Мағауиннің «Тазының өлімі», «Шақан шері», «Көк кептер» т.б. туындыларында жануарлар мен құстардың әрекеттері арқылы қоғамдағы әділетсіздік пен адамгершілік мәселелерін көрсетеді. Мұндай шығармаларда баяндау формаларының әртүрлілігі жануарлар арқылы идеяны жеткізу мүмкіндігін арттырады. Сонымен қатар көптеген зерттеулер (М.Зверев [10]; [11]) қазақ анималистік прозасында баяндау формаларының жанрлық ерекшеліктерін, кейіпкерлік бейнелеу тәсілдері мен нарративтік құрылымның эстетикалық қызметін жан-жақты қарастырған. Ғалымдар қазақ прозасындағы жануар бейнесі арқылы адамдық қасиеттерді көрсету, моральдық сабақ беру, оқырманға ой салады деп атап көрсеткен. Қазақ анималистік прозасындағы баяндау формалары жануарлар бейнесін қолдана отырып, авторлық ой мен кейіпкерлік әрекетті жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Нарративтік құрылым, баяндаушы тұлға, композициялық ұйымдасу және көркемдік тәсілдер мәтіннің эстетикалық және идеялық

мазмұнын қалыптастырады. Бұл бағыттағы зерттеу қазақ әдебиетіндегі анималистік прозаны құрылымдық-поэтикалық тұрғыда талдауға, авторлық позиция мен жанрлық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасы қазақ анималистік прозасының классикалық үлгілерінің бірі болып саналады. Бұл шығармада автор жануар бейнесі арқылы адам қоғамындағы әділетсіздік, еркіндікке ұмтылу, моральдық құндылықтар мен әлеуметтік шиеленістерді көрсетуге бағытталған. «Көксерек» шығармасындағы баяндау формаларының құрылымдық ерекшеліктерін талдау қазақ анималистік прозаның нарративтік әдістерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Шығармада баяндаушы рөлі сырттан бақылаушы ретінде, үшінші жақтық баяндау арқылы жүзеге асады. Автор барлық оқиғаны сырттан бақылай отырып, жануарлардың іс-әрекеттерін объективті түрде сипаттайды. Мысалы, Көксеректің бастан кешкен қиындықтары, басты кейіпкер Құрмашпен арасындағы байланыс, адамдармен қарым-қатынасы баяндаушы арқылы көрініс табады. Бұл тәсіл жануар психологиясын түсіндіруде, оның мінез-құлқы мен шешімдерін көркем жеткізуде тиімді рөл атқарады. Сырттан бақылаушы баяндау оқиғаның дамуын толық көріп, оқырманға жануарлар мен адамдар арасындағы әрекет-қылықтың логикалық байланысын түсінуге мүмкіндік береді.

Баяндау құрылымында авторлық позиция ерекше маңызды. М.Әуезов баяндаушы арқылы Көксерекке қатысты өзінің көзқарасын білдіріп, кейде моральдық бағалаулар енгізеді. Мысалы, шығарма барысында Көксеректің батылдығы мен ақылдылығы көрініс табады, ал кейде адамдардың әділетсіз әрекеттері сыналады. Бұл тәсіл баяндау формасының идеялық мәнін күшейтеді және оқырманның шығарманы қабылдауын бағыттайды. Авторлық позицияның берілуі мәтінге көпқырлылық қосып, жануар әрекеті арқылы адамдық қасиеттер мен әлеуметтік мәселелерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Диалогтық баяндау да шығарманың құрылымында маңызды орын алады. Көксерек пен басқа жануарлар арасындағы әрекет пен мінез-құлық диалог арқылы көрсетіледі. Мысалы, кейбір эпизодтарда Көксеректің аңдарға немесе адамдарға қарым-қатынасы сыртқы әрекет арқылы ғана емес, жануарлар арасындағы «сөзсіз» диалог арқылы да беріледі. Мұндай тәсіл оқырманға жануарлардың мінезін сезінуге, олардың эмоционалды жағдайын түсінуге мүмкіндік береді.

Ішкі монолог әдісі кейде жануар психологиясын көрсету үшін қолданылады. Көксеректің кейбір әрекеттері мен шешімдері оның ішкі ойлары мен сезімдері арқылы түсіндіріледі. Мысалы, адамға деген сенімсіздігі, қорқынышы немесе батылдығы кейіпкердің ішкі монологына сүйене отырып беріледі. Бұл тәсіл жануар бейнесін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, шығарманың этикалық және философиялық мазмұнын ашады. Баяндау формаларының бірі – кейіпкерлік баяндау. Көксерек кейде өз әрекеттерін сипаттайтын субъективті көзқарас арқылы көрініс табады. Мұндай тәсіл жануар мінезінің динамикасын көрсетуге, оның өмірлік тәжірибесін және ойлау қабілетін бейнелеуге мүмкіндік береді. Кейіпкерлік баяндау арқылы автор жануардың әрекеттерін адамдық қасиеттермен астастырып көрсетеді, бұл қазақ анималистік прозасының басты ерекшелігі болып табылады.

Композиялық тұрғыдан алғанда, «Көксерек» шығармасы эпизодтық құрылымға сүйенеді. Әрбір эпизод Көксеректің өміріндегі маңызды сәттерді көрсетеді: балалармен немесе адамдармен қарым-қатынас, аңшылықтағы сәттер, табиғат жағдайлары, жануарлар арасындағы тартыс. Эпизодтар бір-бірімен логикалық байланыс арқылы жалғасып, баяндау формалары мәтін мазмұнын жеткізудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді. Әуезов эпизодтарды баяндау тәсілдері арқылы біріктіріп, оқырманға сюжет желісін толық түсінуге мүмкіндік береді.

Баяндау тілінің көркемдік ерекшеліктері де шығарманың әсерін күшейтеді. Әуезов жануар мінезін сипаттау кезінде метафора, эпитет, салыстыру сияқты әдеби құралдарды қолданады. Мысалы, Көксеректің батылдығы мен жылдамдығы эпитеттер арқылы көркем бейнеленеді, табиғат көріністері мен жануар мінезі салыстыру арқылы көрсетіледі. Бұл

тәсіл оқырманға эмоционалды әсер қалдырып, жануар психологиясын терең сезінуге мүмкіндік береді [11].

Шығарманың нарративтік құрылымына байланысты баяндау уақытын талдау да маңызды. Әуезов оқиғаларды хронологиялық тәртіппен емес, кейде флэшбек арқылы ұсынады. Мысалы, Көксеректің жас кезіндегі басты кейіпкер Құрмашпен оқиғалары ересек кезеңдегі әрекеттеріне байланыс ретінде беріледі. Мұндай тәсіл баяндау формаларының икемділігін көрсетеді, оқырманға кейіпкер мінезінің қалыптасуын түсінуге мүмкіндік береді.

Авторлық көзқарас пен кейіпкерлік баяндау арасындағы үйлесім шығарманың негізгі көркемдік құрылымын қалыптастырады. Көксеректің әрекеттері арқылы әлеуметтік және моральдық тақырыптар ашылады. Мысалы, әділетсіздік пен еркіндікке ұмтылу тақырыбы жануарлар мен адамдар арасындағы қарым-қатынастар арқылы беріледі. Бұл тәсіл қазақ анималистік прозасында жануар бейнесінің тек көркем құрал емес, идеялық мәнді жеткізуші басты элемент екенін дәлелдейді.

Кейіпкер бейнесін сипаттауда ішкі монолог, диалог, авторлық баян және кейіпкерлік баяндау біріктіріледі. Әуезов шығармасында бұл тәсілдердің үйлесімі жануар әрекеті арқылы адамдық қасиеттерді көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар баяндау формалары мәтіннің эмоционалды реңін арттырады, оқырманға жануар психологиясын сезіндіреді және шығарманың идеялық мазмұнын жеткізеді.

Баяндау формаларының эстетикалық қызметі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Көксерек бейнесі арқылы автор қазақ қоғамындағы әділетсіздік, адамгершілік және моральдық құндылықтарды бейнелейді. Баяндау тәсілдері бұл идеяларды оқырманға терең жеткізудің негізгі құралы болып табылады. Мысалы, кейбір эпизодтарда Көксеректің қорқынышы мен батылдығы сипатталып, бұл адамдар мен табиғат арасындағы күреске қатысы бар философиялық ойларды ашады.

Нәтижелер. Диалогтық баяндау, кейіпкерлік баяндау, авторлық позиция және ішкі монолог тәсілдерінің үйлесімі шығарманың көпқырлылығын қамтамасыз етеді. Әуезовтің баяндау құрылымында жануар бейнесі арқылы әлеуметтік және моральдық мәселелерді көрсету тәсілі қазақ анималистік прозасының ерекшелігін айқындайды. Нарратологиялық талдау тұрғысынан «Көксерек» шығармасы баяндау формаларының құрылымын, олардың мәтін мазмұнын ұйымдастырудағы рөлін және авторлық позицияның берілу жолдарын зерттеуге мол мүмкіндік береді.

М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасы қазақ анималистік прозасындағы баяндау формаларының құрылымдық ерекшеліктерін толық ашады. Сырттан бақылаушы баяндау, кейіпкерлік баяндау, диалогтық және ішкі монологтық тәсілдер арқылы жануар бейнесі адамдық қасиеттерді, әлеуметтік және моральдық мәселелерді жеткізудің негізгі құралына айналады. Композициялық ұйымдасу, эпизодтық құрылым және көркемдік тіл құралдарының үйлесімі мәтіннің идеялық және эстетикалық мазмұнын тереңдетеді. Мұндай талдау қазақ анималистік прозасының нарративтік құрылымын түсінуге, баяндау формаларының қызметін анықтауға және жанрлық ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазақ анималистік прозасындағы баяндау формаларының құрылымдық және көркемдік ерекшеліктерін зерттеу барысында бірнеше маңызды тұжырымдарға келуге болады.

Біріншіден, анималистік бағытта жануар бейнесі тек көркемдік құрал ретінде ғана емес, адам болмысы, моральдық құндылықтар және әлеуметтік мәселелерді жеткізудің негізгі элементі ретінде қызмет етеді. Бұл бағыттағы шығармаларда баяндау формаларының рөлі ерекше маңызды болып, оқиғаның мазмұнын, кейіпкер мінезін және авторлық позицияны дәл жеткізуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, қазақ анималистік прозасында баяндау құрылымы көпқырлы және жан-жақты дамыған. Авторлық баяндау, кейіпкерлік баяндау, бірінші және үшінші жақтық тәсілдер, ішкі монолог, диалогтық құрылымдар бірігіп, шығарманың идеялық және

эстетикалық мазмұнын толық ашады. Мысалы, М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасында сырттан бақылаушы ретіндегі баяндау жануар психологиясын объективті түрде жеткізіп, авторлық позицияны көрсетуге мүмкіндік береді. Ал кейіпкерлік баяндау мен ішкі монолог арқылы жануар мінезінің динамикасы, эмоциялық күйлері оқырманға терең сезіндіріледі. Осы тұрғыдан келгенде, ғалым Юнгтің пікірімен үндесетін тұстары бар. Ол туралы ғалымдар Ж. Жарылғапов пен Б. Сыздықованың мақаласында сөз болады [12].

Үшіншіден, композициялық ұйымдасу мен эпизодтық құрылым баяндау формаларының қызметін күшейтеді. Әрбір эпизод жануар әрекеті арқылы шығарманың негізгі идеяларын ашады, сюжет желісінің логикалық байланысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар көркемдік тіл құралдары - метафора, эпитет, салыстыру - баяндау әсерін күшейтіп, оқырманның эмоционалды қабылдауын қалыптастырады. Бұл тәсіл анималистік прозаның жанрлық ерекшелігін айқындап, шығарманың идеялық мәнін тереңдетеді.

Төртіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымында баяндау формаларын зерттеу нарративтік талдаудың маңызды саласы болып саналады. Ғылыми тұрғыда баяндаушы тұлға, авторлық позиция, композициялық құрылым мен көркемдік тәсілдерді қарастыру шығарманың эстетикалық және философиялық мәнін толық түсінуге мүмкіндік береді. Бұл қазақ анималистік прозасын құрылымдық-поэтикалық тұрғыдан зерттеуге және жанрлық ерекшеліктерін анықтауға ғылыми негіз береді.

Қорытындылай келе, қазақ анималистік прозасындағы баяндау формалары шығарманың негізгі құрылымдық элементі болып табылады және жануар бейнесі арқылы адамдық қасиеттерді, әлеуметтік және моральдық мәселелерді жеткізудің негізгі құралы ретінде қызмет етеді. Баяндау тәсілдерінің үйлесімі мәтіннің көркемдік әсерін күшейтіп, шығарманың идеялық мазмұнын оқырманға толық жеткізуге мүмкіндік береді. Осы зерттеу қазақ анималистік прозаны талдауда баяндау формаларының қызметін жүйелі түрде анықтап, әдебиеттану ғылымында нарративтік талдаудың теориялық және практикалық маңызын көрсетті.

Әдебиеттер

1. Genette G. Narrative Discourse: An Essay in Method. – Ithaca: Cornell University Press, 1972. – 285 p.
2. Todorov Tz. Introduction à la littérature fantastique. – Paris: Seuil, 1976. – 188 p.
3. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Художественная литература, 1963. – 352 с.
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 207 б.
5. Қаратаев М. Қазақ прозасының дамуы. – Алматы: Ғылым, 1960. – 240 б.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жазушы, 1976. – 310 б.
7. Нұрғали Р. Трагедия табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1968. – 196 б.
8. Әуезов М. Көксерек. – Қарағанды: Qasim kitaphanasy, 2020. – 128 б.
9. Тлеубекова Б.Т., Ибраева А.Д., Бердыбекова Ж.М. Көркем шығарманың нарративті мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. – №1. – 2025. DOI: https://doi.org/10.48081/EXUX6301
10. Зверев М. Таинственные перья: Повести и рассказы. – М.: Детгиз, 1963 – 144 с.
11. Zharylgapov Zh; Syzdykova B; Kaiyrbekova A; Babashov A; Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Mito e discursomitológiconosestudosliterários. Bakhtiniana, Rev. Estud. Discurso. – 2023. – №18(04). DOI: https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680
12. Zharylgapov Zh., Syzdykova B. The concept of archetype in literature and jungs theores. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2023. – №3. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.12

Ж.Ш. ЖУМАГЕЛДИН, Ж.Ж. ЖАРЫЛГАПОВ, С.А. КЕНЖЕГАЛИЕВ
Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

СТРУКТУРА ПОВЕСТВОВАТЕЛЬНЫХ ФОРМ В КАЗАХСКОЙ АНИМАЛИСТИЧЕСКОЙ ПРОЗЕ

Аннотация. В данной статье подробно рассматривается структурная система и художественная деятельность повествовательных форм в казахской анималистической прозе. В казахской литературе анималистическое направление основано на гармоничной связи между природой и человеком, отражении внутренних психологических и социальных граней человеческого бытия через животный мир. В анималистических произведениях изображение животного признается не только как дополнительный элемент, но и как один из главных носителей основного идейно-художественного содержания. С этой точки зрения актуальным вопросом для литературоведения является изучение организации и нарративной структуры повествовательных форм в таких текстах.

В ходе исследования анализируются особенности формирования казахской анималистической прозы, место рассказчика в тексте, способы передачи авторской точки зрения, вопросы композиционной структуры в передаче события. Определяется деятельность в формировании содержания художественного произведения таких нарративных подходов, как первостепенная и третья формы повествования, героическое повествование, внутренний монолог, диалогическое общение и психологическое описание. Доказано, что описания животного мира через повествовательные формы, их поведение и действия подкрепляются моральными, философскими проблемами в человеческом обществе. В статье уточняется эстетическое, познавательное и идейное значение структуры повествования в анималистической прозе, указывается значение таких произведений в раскрытии жанровой природы. Результаты исследования служат научной основой для нарратологического и структурного анализа анималистических текстов в казахской прозе.

Ключевые слова: казахская анималистическая проза, повествовательные формы, нарративная структура, повествовательная личность, авторская позиция, художественный текст, жанровая специфика, композиция, внутренний монолог.

ZH.SH. ZHUMAGELDIN, ZH.ZH. ZHARYLGAPOV, S.A. KENZHEGALIEV
Karaganda National Research University named after Academician E.A.Buketov, Karaganda, Kazakhstan

STRUCTURE OF NARRATIVE FORMS IN KAZAKH ANIMALISTIC PROSE

Annotation. This article examines in detail the structural system and artistic activity of narrative forms in Kazakh animalistic prose. In Kazakh literature, the animalistic direction is based on a harmonious connection between nature and man, reflecting the internal psychological and social facets of human existence through the animal world. In animalistic works, the image of an animal is recognized not only as an additional element, but also as one of the main carriers of the main ideological and artistic content. From this point of view, an urgent issue for literary criticism is the study of the organization and narrative structure of narrative forms in such texts.

In the course of the study, the features of the formation of Kazakh animalistic prose, the place of the narrator in the text, methods of conveying the author's point of view, issues of compositional structure in the transmission of the event are analyzed. Activities are also determined in the formation of the content of the work of art of such narrative approaches as the primary and third forms of storytelling, heroic storytelling, internal monologue, dialogical communication and psychological description. Descriptions of the animal world through narrative forms, their behavior and actions are proven to be supported by moral, philosophical problems in human society. The article clarifies the aesthetic, cognitive and ideological significance of the structure of the narrative in animalistic prose,

indicates the significance of such works in revealing the genre nature. The results of the study serve as a scientific basis for the narratological and structural analysis of animalistic texts in Kazakh prose.

Keywords: Kazakh animalistic prose, narrative forms, narrative structure, narrative personality, author's position, artistic text, genre specificity, composition, internal monologue.

References

1. Genette G. Narrative Discourse: An Essay in Method. – Ithaca: Cornell University Press, 1972. – 285 p.
2. Todorov Tz. Introduction à la littérature fantastique. – Paris: Seuil, 1976. – 188 p.
3. Bahtin M. Problemy poetiki Dostoevskogo. – M.: Hudojestvennaia literatura, 1963. – 352 s.
4. Baitūrsynūly A. Ädebiet tanytqyş. – Almaty: Atamūra, 2003. – 207 b.
5. Qarataev M. Qazaq prozasynyñ damuy. – Almaty: Čylym, 1960. – 240 b.
6. Qabdolov Z. Söz öneri. – Almaty: Jazuşy, 1976. – 310 b.
7. Nūrğali R. Tragedia tabiğaty. – Almaty: Čylym, 1968. – 196 b.
8. Äuezov M. Kökserek. – Qarağandy: Qasim kitaphanasy, 2020. – 128 b.
9. Tleubekova B.T., İbraeva A.D., Berdybekova J.M. Körkem şyğarmanyñ narrativtı mağynalyq-qūrylymdyq erekşelikteri // Toraiğyrov universitetınıñ Habarşysy. – №1. – 2025. DOI: https://doi.org/10.48081/EXUX6301
10. Zverev M. Tainstvennye perä: Povesti i rasskazy. – M.: Detgiz, 1963 – 144 s.
11. Zharylgapov Zh; Syzdykova B; Kaiyrbekova A; Babashov A; Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Mito e discursomitológiconosestudosliterários. Bakhtiniana, Rev. Estud. Discurso. – 2023. – №18(04). DOI: https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680
12. Zharylgapov Zh., Syzdykova B. The concept of archetype in literature and jungs theores. Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2023. – №3. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.12

Авторлар туралы мәлімет:

Жумагелдин Жанайдар Шаймерденович – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің докторанты, Қарағанды, Қазақстан.

Жумагелдин Жанайдар Шаймерденович – докторант Карагандинского национального исследовательского университета имени Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Zhumageldin Zhanaidar Shaimerdenovich – doctoral student at E.A.Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan.

Жарылғапов Жансая Жанғазыұлы – филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

Жарылгапов Жансая Жангазиевич – доктор филологических наук, профессор Карагандинского национального исследовательского университета имени Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Zharylgapov Zhansaya Zhangazievich – Doctor of Philological Sciences, Professor of the Karaganda National Research University named after E.A.Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

Кенжегалиев Саян Ақылжанұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

Кенжегалиев Саян Акылжанович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Карагандинского национального исследовательского университета имен Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Kenzhegalyev Sayan Akylzhanovich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at E.A.Buketov Karaganda National Research University, Karaganda, Kazakhstan.

ГРНТИ 17.07.41
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.20

***Н.У. ИСИНА**[1]
Ж.К. НУРМАНОВА[2]
М.Е. ЖАПАНОВА[3]
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан[1,2,3]
(e-mail: n.isina61@bk.ru[1], zhanna.nurmanova.enu@gmail.com[2],
marzhan.enu@gmail.com[3])

АВТОРСКАЯ СТРАТЕГИЯ В МАЛОЙ ПРОЗЕ УМИТ ТАЖКЕН

Аннотация. Статья посвящена проблеме авторской стратегии в прозе современной казахстанской прозе. В ней раскрывается значение термина «авторская стратегия» и различные подходы к его изучению, формы и способы выражения авторской стратегии в современной прозе. В аспекте заявленной темы рассматриваются рассказы современного казахстанского прозаика Умит Тажкен. Основанием для обращения к заявленной теме является недостаточная изученность творчества автора в аспекте проблемы авторской стратегии.
В малой прозе У. Тажкен, как показывает исследование, гармонично сочетаются традиции классической литературы и современные, постмодернистские приемы и способы повествования. Тематика ее рассказов отличается большим разнообразием: это судьба человека и народа в потоке истории, мораль и нравы современной постсоветской эпохи. Ведущим жанром малой прозы У. Тажкен выступает рассказ, отличающийся предельной лаконичностью и содержательностью сюжета.
Авторская стратегия в прозе У.Тажкен выражается в сюжетном построении, выборе темы, героя, в стиле и языковых средствах изображения событий. Рассказ являет собой диалог с читателем, откровенный разговор об актуальных проблемах современного общества, о перипетиях судьбы человека эпохи рубежа веков, собственно авторские размышления о смысле жизни, духовных ценностях общества. Анализ малой прозы У.Тажкен убеждает в том, что в ней гармонично сочетаются признаки разных жанров литературы и искусства. На этом основании её можно охарактеризовать как метапрозу, а ведущим жанром – метарассказ.
Ключевые слова: Умит Тажкен, современная казахстанская проза, жанр, рассказ, авторская стратегия, метапроза.

Введение. Актуальностьзаявленнойтемызаключатсявтом, чтотворчествосовременного казахстанского прозаика Умит Тажкен в аспекте заявленной темы недостаточно изучено и нуждается в более глубоком исследовании. Ее творчество вполне укладывается в рамки отечественной классической литературы: реалистическое изображение современной действительности, глубокий психологизм в создании образов, обращение к актуальным пролемам современного общества, авторская позиция. Разнообразна и жанровая специфика прозы автора. Так, литературовед А.Жаксылыков отмечает: «Умит Тажкен начала свою литературную деятельность с того, что сразу же освоила уникальный и очень трудный жанр прозы – короткие рассказы, своего рода этюды в слове объемом на страницу или даже на полстраницы» [1, 55].

Проза У.Тажкен глубоко реалистична, но при этом в ней преобладают черты модернизма и постмодернизма. В рассказах подчеркнуто выражено авторское начало. Автор как бы приглашает читателя к откровенному разгоовору в надежде увидеть в нем единомышленника. Цель исследования – раскрыть авторскую стратегию в прозе У.Тажкен, определить способы ее выражения. Прежде всего, необходимо раскрыть содержание понятия «авторская стратегия». Термин «авторская позиция» широко используется в различных сферах искусства. В литературоведении он получил научно-теоретическое обоснование и распространение в начале XXI века в трудах основоположников нарратологии, герменвтики и рецептивной эстетики: В.Шмида, В.Тюпа, Х.Р.Яусса, В.Изера, Г.Гадамера и др. Задача исследования заключается в следующем: 1) раскрыть значение термина «авторская стратегия» и различные подходы к его изучению в литературоведении; 2) рассмотреть способы выражения авторской стратегии в прозе У.Тажкен; 3) определить перспективы исследования творчества автора.

Методика и методы исследования. Материалами исследования выступают научно-теоретические труды отечественных и зарубежных ученых и литературоведческие публикации о творчестве автора. Для реализации поставленной цели плодотворными представляются следующие методы исследования:

1) обзорно-аналитический, позволяющий представить научно-теоретические исследования проблемы авторской стратегии в современном литературоведении, определение понятия авторской стратегии представителями разных школ и направлений, соотношение его с другими литературоведческими понятиями;

2) историко-литературный метод позоляет рассматривать творчество казахстанского прозаика У.Тажкен в контексте современного литературного процесса, становление творческой личности, связь с традициями отечественной литературы, определить характерные особенности поэтики произведений (идейно-художественное, жанровое своеобразие);

3) компаративистскийметодпозволяетрассматриватьтворчествоавторавсравнитльном аспекте. Наряду с традиционными методами исследования, нами используется методика анализа авторской стратегии, разработанная российским исследователем В.В. Прозоровым. Авторские стратегии, по мнению ученого, принимают зримые очертания при условии пристального внимания к универсальной психолого-филологической триаде, а именно: внимания, соучастия, открытия. Данная методика представляется вполне применимой и результативной при анализе малой прозы У.Тажкен. Она позволит глубже раскрыть идейный смысл коротких рассказов, отражающих глобальные проблемы современной действительности.

Обсуждение и наблюдение. Современная казахстанская проза характеризуется богатством и многообразием тем, сюжетов, жанровых форм и стилей. В своем творчестве авторы активно осваивают посмодернистские приемы, новые жанровые образования. Значительно усложняется читательское воспиятие. Наибольший исследовательский интерес вызывает современная проза с точки зрения выражения авторской стратегии. В этом ряду особо следует отметить творчество Д.Накипова, Н.Веревочкина, Б.Канаьянова, И.Одегова, Н.Черновой, С.Назаровой, А.Омар, Р.Жумановой, У.Тажикен и др.

Термин «авторская стратегия» введен в научный обиход сравнительно недавно и используется преимущественно «в рамках нарратологических и рецептивных исследований (В.Шмид, В.Тюпа), повествовательного дискурса» [2, 13]. Под авторской стратегией подразумевается взаимодействие автора и читателя, вовлечение автором читателя в свое пространство, в орбиту собственных переживаний и размышлений с целью воздействия на его сознание. Читатель вступает в диалог с автором, становится участником художественного события, мысленно переживает, анализирует и оценивает ситуацию.

Старейший теоретик и исследователь литературы И.Ильин в книге «О тьме и просветлении», размышляя над проблемой взаимоотношения автора и читателя, в частности, писал: «Читатель есть соучастник творческого процесса, сохудожник. Ему

доверена поэма, как бы замершая на бумаге: он должен вызвать ее к жизни и осуществить ее сполна в своем внутреннем замкнуто-одиноком мире» [3, 5].

В современном литературоведении теория автора и читателя получила новый импульс в связи с развитием постмодернизма, популяризацией идей нарратологии, герменевтики, рецептивной эстетики. Так, в теории нарратологии художественный текст характеризуется наличием повествовательных инстанций, автора и читателя. Передача художественной инофрмации осуществляется от автора к читателю, в ходе которой и раскрывается коммуникативная функция литературы [4].

Теория автора и читателя в рамках рецептивной эстетики представлена в трудах Х-Р. Яусса, В.Изера. Согласно их концепции, произведение возникает и реализуется только в процессе «встречи», контакта литературного текста с читателем, который, благодаря «обратной связи» также воздействует на произведение [5].

Основоположники герменевтики: Ф.Шлейермахер, В.Дильтей, М.Хайдеггер - утверждали, что цель исследования текста заключается в том, чтобы понять автора лучше, чем он сам себя понимал. «Понимать речь сначала наравне с автором, а потом и превзойти его» [6].

Понятие авторской стратегии напрямую связано с проблемой автора и его присутствия в произведении. Теоретические основы изучения проблемы автора ранее были заложены русскими учеными М.Бахтиным, В.Виноградовым, В.Винокуром и др. Свой вклад в разработку данной проблемы внесли современные ученые, авторы учебников по теории литературы (Н.Лейдерман, М.Липовецкий, В Хализев, И.Сухих и др.).

Небезынтересной в этом ряду представляется интерпретация российского критика С.Чупринина, автора книги «Русская литература. Жизнь по понятиям». Понятие стратегии критик связывает с выбором писателя. И поясняет: «Например, если мы вспоминаем предыдущую эпоху, это выбор между готовностью верой и правдой служить своими книгами советской власти и стремлением противостоять ее диктату – либо активно, и тогда власть небезосновательно сочтет вас диссидентом, антисоветчиком, врагом, от которого нужно избавиться, либо пассивно, то есть уходя в переводы, в литературоведение, в детскую литературу – для заработка и обретения социального статуса, а также в сосредоточенную работу «в стол» – для самого себя, для Бога или для потомков». Критик при этом подчеркивает, что «в основе всегда выбор вменяемой личности» [7].

Современный исследователь Т.И.Акимова термин «авторская стратегия» ставит в один ряд с понятиями авторская позиция и «образ автора» [2, 13]. Понятие авторской стратегии, по словам ученого, «используется при изучении модернистских и постмодернистских произведений для выявления направленности авторской стратегии на читательское сознание» [2, 14].

Следовательно, авторская стратегия является важнейшей составляющей поэтики образа автора, авторского сознания и его выражения в художественном произведении. Авторская стратегия нацелена на выявление сознания автора, его намерения воздействовать на сознание читателя посредством диалога с ним.

Проблема авторской стратегии разрабатывается российскими учеными. Так, в статье Юриной Н.Г. «Авторские стратегии в художественном творчестве В.С.Соловьева» рассматриваются ключевые авторские стратегии в художественном наследии известного русского писателя-философа конца XIX века. При этом авторская стратегия определяется как совокупность коммуникативных установок, которые обусловливают способы выражения авторского сознания и характер диалога автора с читателем. Анализируя художественное творчество русского писателя-философа, Юрина Н.Г. выделяет два вида авторской стратегии: просветительско-пророческую и игровую. Просветительско-пророческая творческая стратегия была определена особенностями эпохи и одновременно верностью романтической литературной традиции. Игровая творческая стратегия позволила писателю избежать крайностей и догматической однозначности в выражении своих идеалов» [8, 76].

Авторские стратегии изменяются в заивисимости от исторической, социально-культурной ситуации. Более наглядно эти изменения представлены в статье Т.Марковой «Четыре сюжета на тему «Авторские стратегии 2000-х». Как отмечает критик, в литературе XX в. сосуществовали разные писательские стратегии каждая со своей системой ценностей и читательской аудиторией. На рубеже XX-XXI вв. возникает новое «культурное пространство, куда на равных входят: и произведения, несущие традиционную функцию нравственного воспитания, и литература, вышедшая из противостояния официозу, и авангардистская проза, заведомо рассчитанная на этический и эстетический эпатаж, и проза камерная, элитарная, «филологическая» [9, 59]. Рыночная экономика чётко обозначила авторские стратегии: тираж, спрос, авторский гонорар. Традиционная классическая литература сосуществовала с массовой, «рыночной». По мнению Т.Марковой, именно в этих условиях классическая литература сближается с массовой литературой, принимая характерные для нее критерии успеха: тираж, популярность, внимание желтой прессы и др. «Сегодня на границе экспериментальной и массовой культуры функционируют наиболее известные авторские стратегии, все активнее использующие приемы коммерческой литературы» [9, 50]. Наглядным примером служат произведения Б.Акунина, В.Пелевина, Л.Петрушевской, В.Маканина и др.

Исходя из вышесказанного, можно утверждать, что содержание понятия авторской стратегии зависит от этического поведения автора в определенной общественно-политической ситуации. На формирование авторской стратегии огромное влияние оказывают СМИ, современные информационные и медиа-технологии и др.

В зарубежном литературоведении проблема авторской стратегии в художественном произведении рассматривается с позиции языкового выражения. Нгалядным примером служит работа Гибонс Элисон, в которой авторская стратегия раскрывается посредством анализа синтаксического/стилистического сходства романов писателя с автобиографией с помощью теории текстового мира. Это позволяет выявить их онтологическую структуру. Исследователем рассматривается онтологическая пограничность повествования и способы, с помощью которых читатели формируют авторскую модель сознания Феранте. А также исследуется оценка критиками и читателями фикциональности текста и влияние псевдонима Феранте на восприятие авторского замысла и авторской модели сознания. По мнению исследователя, когнитивный подход дает наибольшее понимание интерпретаций читателей авторов и фикциональности [10].

Таким образом, под авторской стратегией подразумевается воздействие автора на сознание воображаемого или реального читателя. Вместе с тем авторская стратегия представляет собой творческий процесс, в котором два субъекта речи: автор и читатель – вступают в диалогические отношения. При этом автор излагает свою точку зрения на предмет изображения, свое отношение к нему, ненавязчиво предлагая свое видение, чтобы воздействовать на сознание читателя и тем самым обрести в его лице единомышленника. Безусловно, художественное произведение, созданное автором, так или иначе становится объектом внимания читателя. Взаимодействие автора с читателем предполагает диалог, в результате которого происходит художественное общение.

Более предметно проблема авторской стратегии рассматривается в работе российского исследователя В.В.Прозорова. По определению ученого, «понятие «авторские стратегии в литературе» означает вполне сознательно и в то же время нечаянно и на ощупь выстраиваемую литератором линию этического и эстетического поведения» [11, 186].

Авторская стратегия в художественном тексте обнаруживается на разных уровнях. Как утверждает В.В.Прозоров, «в текстовой реальности авторские стратегии обретают зримые контуры при нашем пристальном внимании к универсальной психолого-филологической триаде – внимания, соучастия, открытия, вполне осознанно и/или невольно запечатлеваемой сочинителем в самом тексте» [11, 184].

Первой ступенью постижения смысла художественного текста, по словам В.В. Прозорова, является *внимание* – контакт читателя с произведением, при котором

читатель стремится «погрузиться» в произведение, уловить его ритм, принять условия жанра. Вторая ступень постижения – *соучастие* – текстовая модальность, при котором текст вызывает устойчивые сопереживания, связанные с изображением событий в произведении. Третьей ступенью выступает *открытие*, вызванное художественным произведением, являющее собой духовное очищение, эмоциональное потрясение.

Авторская стратегия проявляется на всех уровнях художественного текста, начиная с его заглавия, завязки, сюжета, пролога, эпилога и т.д. Она проявляется в приемах аллюзии, реминисценции, которые отсылают к предшествующим текстам, способах повествования и др. Формами выражения авторской стратегии в художественном произведении выступают ирония, юмор, подтекст и т.д.

Методику выявления авторской стратегии в художественном произведении, предложенную В.В. Прозоровым, вполне можно применить при анализе прозы Умит Тажкен.

Литературный дебют казахстанского прозаика У.Тажкен отмечен созданием уникального жанра – короткого рассказа. Как отмечает литературовед А.Жаксылыков, именно такая «форма «позволяет запечатлеть мгновение, остановить время во взгляде на чудо или неповторимое явление бытия, воплотить спонтанную экзистенцию, создать полноценную сцену или картину в процессе лирического переживания» [1, 55].

О художественном творчестве У.Тажкен писал известный критик В.Бадиков: «И в этих её литературных «чётках», как в брызгах, заиграла и засверкала, раскрылась в своей подлинной сути новая постсоветская действительность с ее шаткой демократией и диктатом не только экономического, но и нравственного чистогана» [12, 4].

Проза У.Тажкен характеризуется разнообразием жанровых форм: короткий рассказ, эссе, путевые заметки, притча, миниатюра, анекдот, этюд. Обращение к миниатюре обусловлено, по словам В.Савельевой, эстетической свободой прозаика. «Ядро ее писательского мировосприятия генетически связано с любопытством свободного кочевника, легко перемещающегося в пространстве и запоминающего реалии картины мира» [13, 161].

Современники называют У.Тажкен летописцем 1990-х годов. Автор ряда произведений, в том числе: романов «Лоза тамариска», «Ось существования», «Восхождение памяти», цикла рассказов «Миниатюры», «Непридуманные истории» - повествует о драматических страницах истории казахского народа, судьбе человека постсоветской эпохи, ставшего заложником социально-политических перемен. Наибольший интерес представляют рассказы из цикла «Миниатюры», опубликованные на страницах журнала «Простор» (2024), сборник «Непридуманные истории» (2021). Помимо рассказов, в книгу вошли путевые заметки, публицистические очерки, переводы, критика.

Рассказ как малый жанр получил широкую популярность в творчестве выдающихся писателей прошлых столетий: Л.Н. Толстого, А.П. Чехова, И.А. Бунина, А.И. Куприна, В. Вересаева, А. Платонова и др. В этом жанре создавали свои лучшие произведения классики казахской литературы XX в. Б.Майлин, М.Ауэзов, Г.Мусрепов, А.Кекильбаев и др.

По определению литературоведа В. Савельевой, рассказ представляет собой «наиболее мобильный и свободный вид художественного произведения, главным признаком которого является факт письменного рассказывания кем-то (автором, рассказчиком, персонажем) чего-то всем» [13].

Современный рассказ видоизменяется, трансформируется, приобретает новые свойства. В этом убеждает следующий тезис В. Савельевой: «Метажанровая природа рассказа заключается в его способности к постоянной трансформации и одновременному сохранению некоторых компонентов» [13]. На этом основании исследователь выстраивает типологию данного жанра: классический рассказ, сюрреалистический рассказ, короткий рассказ, юмористический рассказ, рассказ-притча, автобиографический рассказ, рассказ-новелла, рассказ с элементами абсурда и гротеска. Все названные жанровые образования рассказа можно сгруппировать по видам: 1) классический рассказ, 2) модернистский рассказ, 3) постмодернистский рассказ.

Рассказ – наиболее гибкая форма эпического повествования, позволяющая автору увеличить объем до размеров повести и, наоборот, довести до уровня миниатюры. В современной прозе Казахстана наблюдается тенденция создания романов, в которых каждая глава предстает как самостоятельный, автономный рассказ. Таков, например, роман в рассказах «Что приснилось Иссык-Кулю?» О.Шиленко. При этом рассказ сохраняет исконные, присущие ему жанровые признаки.

Об изменении жанровой структуры современного казахстанского рассказа пишет С.М.Блатова. По мнению исследователя, наиболее перспективным представляется моделирование казахстанской художественной прозы конца XX – начала XXI вв.[14].

Наглядным примером и подтверждением тезиса о сохранении жанровых признаков рассказа являются рассказы из цикла «Миниатюры» современного прозаика У. Тажкен, опубликованный на страницах республиканского литературного журнала «Простор» (2024).

Первое прочтение рассказов цикла «Миниатюры» У. Тажкен позволяет выделить своеобразие авторского стиля, способа повествования, а именно: изображение драматических ситуаций, глубоких психологических процессов в сознании автора-рассказчика, подчеркнуто выраженное автобиографическое начало, приемы иронии и юмора. Каждый рассказ цикла «Миниатюры» являет собой отдельную страничку из глубоко пережитой автором жизни. Герои и персонажи рассказов У.Тажкен – это ее современники, представители творческой интеллигенции (писатели, художники, музыканты), разных социальных слоев и профессий, молодые люди и лица преклонного возраста.

Малая проза У.Тажкен отличается большим жанровым разнообразием: это философские притчи, анекдоты, бытовые сценки, зарисовки, этюды. Как отмечает В.Савельева, автор «выносит жанровые характеристики в заглавие своих коротких историй, тем самым подсказывая читателям аналогии и художественные ассоциации» [16, 102].

Поэтика малой прозы У.Тажкен характеризуется, главным образом, разнообразием жанровых форм, сочетанием жанров разных видов искусства: музыки, живописи и поэзии. В рассказах автора философские размышления сменяются изображением драматических событий, комических сцен и бытовых зарисовок из реальной действительности.

Авторская стратегия выражается в стремлении вовлечь читателя в орбиту своих переживаний, размышлений, вместе с читателем пережить события давней и недавней истории народа, страны. Объектом размышлений автора становятся не только фрагменты из семейной хроники, но события общественной жизни, бытовые сцены, диалоги, авторские размышления и переживания. Все это становится объектом читательского внимания. Подтверждением тому служит высказывание В.В.Прозорова: «Текст с самого своего зачина устремлен к сосредоточенному вниманию читателя, которому, в свою очередь, дано, погружаясь в пространство текстового выражения, быстрее и основательнее освоиться в нем. Текст постепенно или готов стать своим, близким» [17, 26].

Цикл «Миниатюры» У.Тажкен предваряет рассказ «Каракуыс» о художнике Каирбае Закирове, чьи картины вызывают восторг у зрителей и почитателей его таланта. «*В сентябре 2021 года состоялась персональная выставка заслуженного деятеля искусств РК, академика Академии художеств РК, обладателя Международной премии ТЮРКСОЙ художника Каирбая Закирова. Выставлено было семнадцать акварельных картин в розово-сиреневой гамме с удивительным названием «Марафон Минотавров*» [18, 60].

Күзгітұры қонғанда,
Жатушы едің жазылып» [5, 36].

үзіндіде Қазылық тауы халыққа ата-бабадан мұра болған мекен, көшпелі халықтың туып-өскен жері ретінде баяндалған. Мұндағы Қазылықтың сипаты жерұйыққа ұқсас. Малға жайлы, құтты мекен болғанын көрсеткен. «Жазғытұры көшкенде», «Күзгітұры қонғанда» деген жолдардан көшпелі тіршіліктің маусымдық қонысы әрі дәстүрлі көші-қон жолының маңызды бөлігі болғаны белгілі.

«Қазылық» топонимі Бұқар жыраудың толғауларында да кездеседі:

«Он екі Қазылық, Ой Түндік
Шауып шықтым белеңге,
Тау суындай сарқырап
Әскерің жатыр өреңде» [6,165].

Үзіндідегі Он екі Қазылық тіркесін Ж.Артықбаев «Қарқаралы басында жалғыз арша» мақаласында Қарқаралы, Қу, Кенттен бастап, бір жағынан Баянауылға дейін, екінші жағы Хан Шыңғысқа дейінгі аймақты алып жатқан таулармен байланыстырып талдады. Бұл таулар Түндік өзенінің екі жасында қапталдасып орналасқандықтан «он екі» санымен біріктіріліп аталған [7]. Демек өлең жолдарындағы «Он екі Қазылық, Ой Түндік» тіркесі – автордың туған жерін, атамекені, өзен бойын жағалай орналасқан таулардың шоғыры.

Қазылық тауының туған жер моделіндегі қызметі Күдеріқожа Көшекұлының шығармашылығында жалғасын тапты. Бұқар жыраудың толғауындағы «Он екі Қазылық», «Ой Түндік» топонимдері ақынның «Қарқаралы, Қазылық» толғауында:

«Жазылып құмар жайлаудан...
Бес Қазылық, Ой Түндік,
Көрінер жерің бір күндік.
Күншілік жерден көрінген,
Көрінсе көңілім сүйінген,
Баянаулы, Қазылық» [8], – деп сипатталған.

Ал, Қазылық тауының құт мекен болған жерұйық сипатын:

«Құтты, құтты, құтты тау,
Құт сан қара біткен тау.
Өмір бойы іздесем,
Табылмас сендей сүтті тау...
Жатып қалған жас қозы
Жайылып қой болған тау» немесе
«Ағашың әйбат көрінген,
Жемісі жерге төгілген,
Жарықтығым, қайран тау» [8], – деп баяндайды.

Толғауда Қазылық тауын «Құтты, құтты, құтты тау», «дәурен сүрген тау», «той болған тау», «Жемісі жерге төгілген тау» деп сипатталған, жерұйыққа теңеген.

Ұлттық танымда туған жер, атамекен ұғымы киелі сипатта, ата-баба рухымен байланысты қабылданған. Ауыз әдебиетінде Дала, тау, су, өзен, жайлау сынды табиғи нысандар халық бірге өмір сүретін, қуаныш пен қайғыға ортақ жанды субъектіге айналған. Бұл дәстүр жыраулар мектебі қалыптастырған толғауларда жалғасын тапқан. Сондықтан Қазылық тауы әр кезеңдегі көркем мәтінде ұрпақ сабақтастығын сақтаған ата-баба аруағының мекені, тұтас бір халықтың тарихы бойында жинақтаған киелі кеңістік ретінде көрінді.

Демек, көркем мәтіндердегі Қазылық тауының бейнесін үш түрлі қабатта қарауға болды. Біріншіден, Қазылық нақты географиялық орын. Екіншіден, ол көшпелі тұрмыстың, шаруашылық өмірдің материалдық діңгегі. Үшіншіден, сакральды-рухани мәртебеге

ие, ата-баба аруағы пен ұрпақ арасындағы дәнекер. Тылсым қасиетке ие қорғаушы күш дәрежесіне көтерілген мекен.

Нәтижелер. Тақырыпты зерттек барысында жүргізілген талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

«Қазылық» атауы – нақты шекарасы белгіленген мекен. Тарихи деректерде Қазылық тауының қазіргі географиялық орны Қарқаралы жері. Сонымен қатар сақ-ғұн дәуірінен бастап, XI-XIII ғасырдағы Қарлық хандығының ордасы. Бүгін күнге дейін тарихи-мәдени жады ретінде сақталып жеткен көне топоним. Жалпы «Қазылық» топонимінің «Қазылық қаласы», «қазылық ат», «Қазылық Қожа» сынды тіркестерде кездесуі оның бір ғана тау емес екенін анықтады. Бұл топоним кең мағынадағы атамекен, туған жер, туған өлке ұғымымен де байланысты қолданғанын көрсетті.

Бұл туралы Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» атты кітабында да жазды. Еңбекте: «Қарқаралының күншығысында, Семейдің күнбатысында тұратын биік тауларды (Кент, Мыржық, Абралы, Дегелең) ерте заманда Қарлықтардың қоныстанып отырғанын қытай тарихы ашық жазған. Сондықтан кейбір ғалымдардың Қарқаралы – Қазылық деп атауы осыдан шыққан. Қазылық атауы «Манас» жырында да жолығып отырады. В.В.Радлов та «Қазылық тауы» Қазақстан жерінде екенін ашық мысалдармен келтірген» [9,172], – деп жазды.

Қазылық тауы «Қорқыт ата кітабындағы» «Дерсе-хан ұлы Бұқаш» жырында бірнеше көркемдік-мифопоэтикалық қызмет атқарды. Біріншіден, бұл мекен құт қонған, тәңір қолдап, Қызыр бабаның шапағаты түскен сакралды орталық әрі жараланған қаһарманға шипа берген киелі кеңістік. Екіншіден, өлім мен өмірдің шекарасында тұрған қаһарманның екінші әлеммен (жұмақпен) байланыс жасатқан аралық аймақ. Үшіншіден, ана мен баланың диалогы арқылы суреттелген жұмақ сипатты мекен.

Ал халық өлеңдеріндегі, Бұқар жырау мен Күдеріқожа Көшекұлының толғауларындағы Қазылық тауының мифтік-сакралды қызметі туған өлке, атамекен үлгісіне ауысты. Қазылық тауы «құтты тау», «сүтті тау», «той болған тау», «дәурен сүрген тау» деген эпитеттермен жерұйыққа теңеліп, көшпелі халықтың тұрмысындағы маусымдық қоныс әрі ата-бабадан мирас болған кеңістік ретінде суреттелді.

Қорытынды. «Қазылық» топонимі мифтік танымнан бастау алып, ауыз әдебиеті мен жыраулық поэзия арқылы ұлттың көркем санасына сакралды кеңістік ретінде орнықты. Жалпы жер-су атауларының басым бөлігі киелі мәнге ие. Бұл тұжырымға филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Тектіғұл «Қазақ топонимдерінің мифологиялық қабаты» мақаласында төмендегідей анықтама берді: «Қазақ топонимдерінің мифологиялық негізі ежелгі түркілік дүниетанымнан бастау алады, ал сакралды атаулар халықтың мифологиялық санасының көрінісі» [10,170].

«Қорқыт ата кітабындағы» «Дерсе-хан ұлы Бұқаш» жырындағы Қазылық тауының Қызыр жортқан, шипа берген сипатынан көрсем санадағы «құт қонған» тылсым сырлы моделі жасалды. Жырда жоғарыдағы талдауларда көрсеткендей, бұл тау өлім мен өмір шекарасында тұрған мифологиялық орталық қызметін атқарды. Ал халық өлеңдері мен Бұқар жырау, Күдеріқожа Көшекұлы толғауларында халыққа жайлы, туған өлке атамекен ұғымымен ұштасып көшпелі тұрмыстың рухани-материалдық негізіне айналды. Көркем санадағы «жерұйық» пішіні қалыптастырды.

Бұл трансформация «Қазылық» атауының бір мағыналы топоним емес, тарихи-мәдени үдерістер мен қоғамдық санадағы өзгерістерге байланысты мазмұны толығып, әр дәуірде жаңа семантикалық және сакралды сипатқа ие болғанын көрсетті. Топонимнің семантикалық өрісіндегі мұндай өзгерістер оның халық санасында тек белгілі бір географиялық нысанды белгілеуші атау ретінде ғана емес, тарихи оқиғалар мен рухани құндылықтарды жинақтаушы мәдени таңба ретінде орныққанын аңғартады.

Тақырыпты зерттеу барысында Қазылық тауы мифтік танымдағы «жердің кіндігі» концептісімен байланысты қарастырылды. Бұл байланыс тау бейнесінің халықтың кеңістік туралы түсінігіндегі ерекше орнын және оның сакралды сипатқа ие болу себептерін

айқындауға мүмкіндік берді. Мифтік дүниетанымда тау жоғары мен төменді, аспан мен жерді жалғастырушы вертикаль кеңістік ретінде қабылданса, Қазылық атауына қатысты мәтіндерде де осы кеңістіктік-символдық сипаттың көрініс табатыны байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазылық тауының бейнесі халықтың кеңістікті игеру тәжірибесімен қатар, оның рухани-мәдени танымын да танытатын нысан ретінде көрінеді. Сонымен бірге «Қазылық» топонимінің фольклорлық және әдеби мәтіндердегі қолданысы оның ұлттық әдебиеттегі атқаратын қызметін кеңейте түседі. Топоним белгілі бір мекенді көрсету қызметімен қатар, тарихи оқиғаларды еске түсіру, халықтың өткенін жаңғырту, ұлттық кеңістікті көркемдік тұрғыдан белгілеу және тарихи жадты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу функцияларын атқарады. Осы арқылы географиялық атау көркем мәтіннің семантикалық құрылымына еніп, шығармадағы тарихи-мәдени мазмұнды тереңдететін маңызды көркемдік детальға айналады.

Нәтижесінде «Қазылық» атауының халық тағдырындағы рөлі де айқындала түседі. Оның тарихи деректерде, фольклорлық шығармаларда және әдеби мәтіндерде сақталуы белгілі бір жердің ғана емес, сол кеңістікті мекендеген халықтың тарихи тәжірибесі мен рухани жадын танытады. Топонимнің әр кезеңдегі түрлі мазмұндық реңктері оның уақыт пен кеңістікке байланысты семантикалық тұрғыдан жаңарып отыратын динамикалық мәдени бірлік екенін көрсетеді.

«Қазылық» атауының көркем санадағы қызметін зерттеу топонимдердің тек географиялық белгі ғана емес, халықтың тарихи жады мен дүниетанымын, ұлттық кеңістік туралы түсінігін және рухани құндылықтарын сақтаушы мәдени-эстетикалық категория екенін көрсетті. Топонимнің фольклорлық және әдеби мәтіндегі қызметін кешенді түрде қарастыру оның тілдік табиғатымен қатар, тарихи, мифологиялық, мәдени және көркемдік қабаттарын өзара сабақтастыра тануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Элиаде М. Оккультизм, колдовство и моды в культуре / пер. с англ. – Киев: София, 2002. – 224 с.

2. Сыздықов С.М. Қарқаралы – Қазылық: ғылыми-танымдық кітап. – Астана: Фолиант, 2017. – 304 б.

3. Sadirova K.K., Zhazykova R.B., Yessenova K.U., Sapina S.M., Mirov M.O., Abdirova S.G. The manifestation of mythical cognition in toponyms: On the material of the Turkic languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2024. – Vol. 10. – №1. – P. 92-103. DOI: https://doi.org/10.32601/ejal.10109

4. «Қорқыт ата»: энциклопедиялық жинақ / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. – 799 б.

5. Радлов В.В. Алтын сандық. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 254 б.

6. Омари Ж. Бұқар жырау: он екі тарих. – Қарағанды: Полиграфия, 1994. – 317 б.

7. Артықбаев Ж. Қарқаралы басында жалғыз арша. URL: https://e-history.kz/kz/news/show/339213 (қаралған күні: 30.07.2026).

8. Көшекұлы К. Қарқаралы – Қазылық. URL: https://adebiportal.kz/upload/iblock/a75/a75763803cd362e0ee0a607ac0a84db7.pdf (қаралды: 31.07.2026).

9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар / құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

10. Тектіғұл Ж.О., Дузмагамбетов Е.А., Баядилова-Алтыбаева А.Б. Қазақ топонимдерінің мифологиялық қабаты// ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – Vol. 185. – №1. – P. 167-179. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph17

М.Н. МИРАЗОВА
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Ж. БОЛТАНОВА
Литературно-драматический отдел художественного руководства
Музыкального театра юного зрителя, Астана, Казахстан

ОБРАЗ ГОРЫ КАЗЫЛЫК В ХУДОЖЕСТВЕННОМ СОЗНАНИИ

Аннотация. В статье анализируется образ горы Казылык в художественном сознании, отражённый в мифологических повествованиях и произведениях устного народного творчества. Особое внимание уделяется понятию «пространственный код», раскрываемому посредством отдельного топонима, а также исследуются его первоначальные представления и смысловые основы в системе традиционного мировосприятия. Определяются художественно-эстетические функции топонима «Казылык», закрепившегося в художественном сознании благодаря мифологическому мышлению. Установлено, что сакральная функция топонима «Казылык» восходит к эпическим памятникам огузо-кыпчакского периода и получает дальнейшее развитие в казахской литературе XIX века. Проведён сравнительный анализ функционирования данного топонима в произведениях устного народного творчества тюркских народов. В исследовании топоним «Казылык» рассматривается как мифопоэтический топоним. Источниками исследования послужили «Книга деда Коркут» и толгау Кудерткожы Кошекулы, на материале которых анализируются место и функции топонима «Казылык» в тюркской картине мира. Использование данного топонима как средства художественного моделирования пространства сопоставляется с его функционированием в мифологических повествованиях. На основе анализа познавательных и художественных функций топонима «Казылык» сформулированы основные научные выводы.

Ключевые слова: сакральное пространство, Казылык, топоним, гора, прародина.

M.N. MIRAZOVA
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
ZH. BOLTANOVA
Literary and Drama Department of the Artistic Management,
Musical Theatre for Young Audiences, Astana, Kazakhstan

THE IMAGE OF MOUNT KAZYLYK IN ARTISTIC CONSCIOUSNESS

Annotation. This article examines the image of Mount Kazylyk in artistic consciousness as reflected in mythological narratives and the oral literary traditions of the Turkic peoples. Particular attention is paid to the concept of the "spatial code," explored through the analysis of a specific toponym, with an emphasis on its original meanings and conceptual foundations in traditional cognition. The study identifies the artistic and aesthetic functions of the toponym Kazylyk, whose symbolic significance was shaped by mythological consciousness. The findings demonstrate that the sacred function of the toponym Kazylyk originated in the epic tradition of the Oghuz–Kipchak period and continued to develop in nineteenth-century Kazakh literature. The functions of this toponym are comparatively examined in the oral literary heritage of various Turkic peoples. The study approaches Kazylyk as a mythopoetic toponym. To investigate the place and functions of the mountain and city name Kazylyk in the Turkic worldview, the analysis is based on The Book of Dede Korkut and the tolgau of Küderiqoja Köshekuly. The use of the toponym as a literary device for constructing artistic space is compared with its representation in mythological narratives. Based on the analysis of the cognitive and artistic functions of the Kazylyk toponym, the study formulates a number of scholarly conclusions.

Keywords: sacred space, Kazylyk, toponym, mountain, ancestral homeland.

References

1. Eliade M. Okültizm, koldovstvo i mody v külture / per. s angl. – Kiev: Sofia, 2002. – 224 s.
2. Syzdyqov S.M. Qarqaraly – Qazylyq: ğylymi-tanymdyq kıtap. – Astana: Foliant, 2017. – 304 b.
3. Sadirova K.K., Zhazykova R.B., Yessenova K.U., Sapina S.M., Mirov M.O., Abdirova S.G. The manifestation of mythical cognition in toponyms: On the material of the Turkic languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2024. – Vol. 10. – №1. – P. 92-103. DOI: https://doi.org/10.32601/ejal.10109
4. «Qorqyt ata»: ensiklopedialyq jinaq / bas red. Ä. Nysanbaev. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2009. – 799 b.
5. Radlov V.V. Altyn sandyq. – Almaty: Ana tılı, 1993. – 254 b.
6. Omari J. Būqar jyrau: on ekı tarih. – Qarağandy: Poligrafia, 1994. – 317 b.
7. Artyqbaev J. Qarqaraly basynda jalğyz arşa. URL: https://e-history.kz/kz/news/show/339213 (qaraldy: 30.07.2026).
8. Köşekūly K. Qarqaraly – Qazylyq. URL: https://adebiportal.kz/upload/iblock/a75/a75763803cd362e0ee0a607ac0a84db7.pdf (qaralğan künı: 31.07.2026).
9. Marğūlan Ä. Ejelgı jyr, añyzdar / qūrast. R. Berdıbaev. – Almaty: Jazuşy, 1985. – 368 b.
10. Tektığūl J.O., Duzmagambetov E.A., Baiadilova-Altybaeva A.B. Qazaq toponimderınıñ mifologialyq qabaty// QazŪU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2022. – Vol. 185. – №1. – P. 167-179. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph17

Авторлар туралы мәлімет:

Миразова Маржан Нышанбекқызы – философия докторы (PhD), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Миразова Маржан Нышанбековна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилёва, Астана, Казахстан.

Mirazova Marzhan – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer at L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Бултанова Жібек – филология ғылымдарының кандидаты, Музыкалық жас көрермен театрының Көркемдік басқару құрамының әдеби-драмалық бөлімінің меңгерушісі, Астана, Қазақстан.

Бултанова Жибек – кандидат филологических наук, заведующая литературно-драматическим отделом художественного руководства Музыкального театра юного зрителя, Астана, Казахстан.

Bultanova Zhibek – Candidate of Philological Sciences, Head of the Literary and Drama Department of the Artistic Directorate Musical Theatre for Young Audiences, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.01.11
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.22

*Н.Н. ОРАЗХАН[1]
С. Д. ДАРИБАЕВ[2]
А. МАХАНБЕТҚЫЗЫ[3]
Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университеті, Алматы, Қазақстан [1,2]
Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан[3]
(e-mail: nazerke.orazkhan@mail.ru[1], samal.daribayuly@gmail.com[2]
aruzhanmakhanbetkyzy7@gmail.com[3])

ҚОРҚЫТ АТА БЕЙНЕСІН МЕДИАКЕҢІСТІКТЕ ЖАНДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – Қорқыт ата бейнесінің медиакеңістіктегі орынын анықтап, неге көптеп көрсету керек екендігін дәлелдеу. Қазір цифрлық қоғамда, әлеуметтік желіде көп көрсетілген нәрсе ойда жақсы сақталып, танымалдыққа ие болады. Сол себепті аңыз-әңгімелерді медиада жиі беру маңызды. Осы мәселе аясында Қорқыт ата бейнесінің кино, анимация, және жалпы әлеуметтік желілерде қаншалықты жиі көрсетілуін талдаймыз. Зерттеуде Қорқыт ата туралы халық жадында сақталған түсініктер, анықтамалар, сипаттамалар қарастырылады. Ежелгі грек мифологиясындағы танымал, музыка әлемімен ассоциаланатын Орфей атты кейіпкердің медиа әлеміндегі таратылуы, әртүрлі бейнеде берілуіне қарай салыстырмалы талдау жасалады. Талдауға фильмдер, сериалдар, анимациялар және интернеттегі бейне материалдар негіз болады. Салыстыру нәтижесінде Қорқыт ата бейнесі медиада тек тарихи-танымдық бағытта ғана қолданылып жүргенін байқаймыз. Осының барлығын қорыта келе насихаттау мақсатында әртүрлі платформаларда, замануи форматта дамыту қажеттігі ұсынылады.

Түйін сөздер: Қорқыт ата, медиакеңістік, визуалды образ, ұлттық мәдени код, аңыз кейіпкері, мифология, анимация.

Кіріспе. XXI ғасырда ақпараттың негізгі таралу арнасы медиакеңістікпен тығыз байланысты. Визуалды образдар кез-келген ақпарат немесе кейіпкердің жаңаша берілетін жолы ғана емес, тұлғаның санасында сақталатын, белгілі бір ұғым туралы түсінік қалыптастыратын, қоғам санасында тұрақты қалыптасып, мәдени кодқа айналатын маңызды кілт. Қазақ фольклорындағы аңыз жанры сан ғасыр өтсе де өзінің өміршеңдігін жоғалтпай, халық жадында берік сақталып келеді.

[1]Қоғам санасында Қорқыт атаның қалыптасқан образы бар болғанымен, оның медиакеңістікте жандануы, жүйелі түрде дамуы, таралуы әлі де жеткілікті деңгейде дей алмаймыз. Ұлттың өзіндік болмысын сақтап, рухани серпілісін қамтамасыз ету үшін ежелден қалыптасқан аңыз кейіпкерлерінің маңыздылығы әрдайым өзекті болып қалуы тиіс. Олар ұлттың тарихи жадын, мәдени құндылықтарын бейнелей отырып, қоғамның

[1]*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP26104063 «Аңыз әңгіме кейіпкерлерінің визуалды портретін әзірлеудің филологиялық негізі және практикалық маңызы» атты ғылыми жоба аясында әзірленді.*

барлық мүшесіне – жас ұрпақтан бастап қарт буынға дейін рухани күш пен жігер беретін маңызды мәдени-танымдық құрал қызметін атқарады.

Қорқыт тек қазақ қана емес, басқа да түркі халықтарының аңызында бар кейіпкер. Бірақ нақты кім болғаны беймәлім. Оғыз ба, қыпшақ па, ислам дінін ұстанған ба, әлде тәңіршілдік ұғымдармен өмір сүрген бе, өлімнен қашу себебі қандай, қобызды шынында ойлап тапқан ба деген секілді көп сұрақ бар және оған берілер сан түрлі жауап тағы бар, яғни бірізділік жоқ. Мәселен, Б. Ысқақовтың түрік тілінен аударған нұсқасында Қорқыт атаның қобызды өз қолымен жасағаны баяндалады. Бұл нұсқада қобыздың қандай материалдардан жасалғаны өлең жолдары арқылы сипатталып, оның құрылымы мен жасалу тәсілі көркем түрде берілген:

Қарағайдың түбінен
қайырып алған, қобызым.
Үйеңкінің түбінен
үйіріп алған, қобызым.
Ақ қайыңның безінен
қағып алған, қобызым [1, 6].

Филология ғылымының докторы А.Сейдімбек Қорқыттың ислам дініне еш қатысы жоқ екенін, тек көшпелі мәдениеттің өкілі, қобызшы-бақсы ретінде сипаттайды [2, 99]. Сонымен қатар, аңыздарда Қорқыттың неше жыл өмір сүргеніне қатысты бірізділік жоқ, 95, 195, тіпті 400 жыл деп көрсетіледі. «Деде Қорқыт кітабында» оны Мұхаммед пайғамбардың өмір сүрген дәуіріне жақын деп, «Баят бойында Қорқыт ата дейтін бір ер болыпты» [2, 124] – деген мәлімет беріледі.

Қорқыт ата туралы кең зерттеу жүргізген Ә.Марғұлан оны Сырдария бойын мекендеген оғыз-қыпшақ кезеңінің тарихи тұлғасы ретінде қарастырады [2, 34]. Н.Джембысбаев та Қорқыттың мазары Сырдария жағалауындағы Қармақшы маңында орналасқанын, демек сол жерді мекендегенін алға тартады [2, 92]. Ал К.А.Иностранцев Қорқыт туралы аңыздардың әртүрлі өңірлерге таралғанын айта отырып, оның нақты бір аймақпен шектелмейтінін, дегенмен деректерге сүйене отырып Сырдарияның төменгі ағысы, оғыздар мекен еткен жер деп көрсетеді [2, 94]. Ә.Қоңыратбаев та Қорқытты X–XI ғасырларда Сыр бойында өмір сүргенін жазады [2, 460]. Көп таралған ақпарат бойынша, Қорқытты оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан, Сыр бойын мекендеген, қобызын серік етіп, өлімнен қашқан көреген, данагөй қария деп танимыз.

Шетел аңыз кейіпкерлерінің бейнесі ғасырлар бойы дайын қалыптасқан визуалдық канон негізінде кино, сериал, анимация, цифрлық платформалар арқылы үнемі қайта айналымға түсіп отырады. Ал Қорқыт ата бейнесі көбіне деректі немесе ақпарат беретін форматтармен шектеліп қана қалып жүр. Мәселен, әлемге танымал платформаларда емес, «Жібек жолы», «Абай», «Хабар» секілді ұлттық телеарналарда тек ақпарат беріліп өтетін форматтағы өнімдер басым. Деректі фильм мен телехикая да түсірілді, бірақ оның ауқымы тек Қазақстанның ішін ғана алып тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Қорқыт ата бейнесін қайта жасау емес, оны ояту, яғни медиакеңістікте көпформатты, көпплатформалы түрде тұрақты айналымға енгізу мәселесі өзекті.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының материалы ретінде Қорқыт атаға қатысты аңыз желілері, тарихи-этнографиялық деректер, шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері пайдаланылды. Зерттеуде Қорқыт ата бейнесінің дәстүрлі және заманауи медиакеңістіктегі көріністері беріліп, олар Орфей аңызының визуалды интерпретацияларымен салыстырылды.

Зерттеуде сипаттамалы, салыстырмалы әдістер қолданылады. Сипаттамалы әдіс арқылы аңыз кейіпкерінің визуалды шешімінің дұрыс, бұрыстығын анықтаймыз. Салыстырмалы әдіс арқылы шетел аңыз кейіпкерінің медиада таратылуын қарастырып, екі кейіпкерді салыстырамыз. Ол үшін ғаламтордағы түрлі платформалардағы жаңаша образбен жасалған бейнелері алынып, қаншалықты кең аудиторияға арналғандығы және көптігі жағынан салыстырылып, талданады.

Жалпы алғанда, аталған әдістер зерттеудің негізі мақсатына жетуіне көмек болып, Қорқыт ата бейнесінің Қазақстан, Әзірбайжан, Түркия елдеріндегі әлеуметтік желілерде берілуі мен Орфейдің берілуін талдап, шешім шығарып, ұсыныс беруге мүмкіндік береді.

Талқылау мен бақылау. Заманның үздіксіз дамуына сай көптеген жас өрендердің талаптары, қалаулары өзгеріп жатыр. Халықтың жадында белгілі бір аңыз кейіпкерлердің портреті сақталған. Бірақ ол жеткіліксіз. Қазақ аңыздарында кездесетін кейіпкерлер халықтың мәдени жадында жаңғырып, ұлттық дүниетанымның маңызды элементі ретінде сақталуы тиіс. Мұндай бейнелердің кеңінен танылуы мен насихатталуы қоғамда тарихи сананың қалыптасуына, патриоттық сезімнің нығаюына және тұлғаның ұлттық болмысын тануына ықпал етеді.

Журналист әрі визуалды коммуникация саласын зерттеуші M.A.Bock пікірінше, визуалды бейнелер мәтіндік ақпаратпен салыстырғанда эмоционалдық тұрғыдан әлдеқайда әсерлі болып келеді және адамның жадында ұзақ сақталады. Сондықтан визуалды ақпаратты қабылдау мен түсіндіру белгілі бір деңгейдегі медиасауаттылықты талап етеді. Бұл тұжырым аңыз кейіпкерлерін визуалды тұрғыдан дамытып, оларды түрлі медиаформаттар арқылы ұсынудың өзектілігін айқындайды [3, 4].

Алдыңғы буын өкілдерінің ақпаратты қабылдау қабілеті басқаша дамыды, яғни білім кітаптарда жазылған ақпаратты оқу арқылы немесе үлкен кісілерден есту арқылы жиналды. Қазіргі жастар ақпараттың басым бөлігін әлеуметтік желілер арқылы меңгереді. Осы ерекшелікті ескере отырып, ұлттық құндылықтарды қазіргі ақпараттық ортаға бейімдеп ұсыну қажеттілігі туындайды.

Ұлттық код белгілі бір ұлттың дүниетанымы мен қоғам санасында қалыптасқан, тарихи тұрғыда жинақталып, орныққан мәндер жүйесі ретінде сипатталады. Ұлттық код ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз жалғасып отырады, алайда ол өзгеріссіз сақталмайды. Уақыт өте келе толықтырылып, жаңарып, кей тұстарында көмескіленіп немесе трансформацияға ұшырап отырады. Бұл үдерістерге ұлттың әлеуметтік жағдайы, өмір сүру салты мен тарихи тәжірибесі тікелей әсер етеді. Соған қарамастан, ұлттық кодтың бірегей сипаттары өзінің өміршеңдігін жоғалтпай, тарихи санада сақталып отырады. Нәтижесінде сана түкпірінде жасырын жатқан архетиптік түсініктер айқын көрініс бере бастайды. Мекен мен шақтың өзара қатынасы терең мәнге ие болып, адам өз туған жеріне, ата-баба қонысына айрықша құрметпен қарады, олардың әрбір бөлшегін жадында сақтауға ұмтылды. Осылайша, орын бірлігі бесік пен қабірді, балалық шақ пен қарттық кезеңді өзара сабақтастырып, адам санасында өмір туралы өткен мен болашақ ұғымдарын бір мезетте тоғыстырды [4, 161].

Медиа коммуникация және медиа сауаттылық саласын зерттеуші W.J.Potter медиа мәтіндердің адам дүниетанымы мен мінез-құлқына ықпал ететінін атап өтеді [5, 167]. Яғни визуалды бейнесін дұрыс, танымымызға сай, жақсы кейіпкер ретінде дайындау керек. Негізгі мақсат – көрермен кейіпкерге қарай отырып, бойына жақсы қасиеттерді жинап, халқының даналығына батырлығына көзі жетіп рухани азық алуы шарт. Санамызда өзіндік ұлылығы мен бейнесі жатталған бірден бір аңыз кейіпкері – Қорқыт ата.

Қорқыт атаның ерекше болғанын, 40 жасынан кейін өмір бойы өлімнен қашқанын, қобызымен мәңгілік атын қалдырғанын біледі. Қорқыттың өлімнен қашқанына байланысты әртүрлі аңыз желісі бар. Біреуінде Қорқыт қайда барса да алдынан өз көрі шыға берген соң, су үстінде тұрып көрейін деп кілемін төсеп қобызын тартып отыра берген деседі. Қобыздың дауысын естіген өзен жағасында тұратын халық түгел сыртқа шығып тыңдап отырады екен. Қобыздың үні Сырдан асып Арқаға жеткенде, сондағы 40 қыз құмартып үйлерінен шығып, дауыс шығып жатқан жаққа қарай жүре береді. Қыздардың 39-ы жолда әбден азып-тозып өкпелері өшіп қайтыс болады-мыс. Тек бір қыз ғана аяғынан айырылса да Қорқытты көріп мерт болады. Қорқыт ата күмбезінің солтүстік жағында осы «ақсақ қыздың күмбезі» орналасқан [6, 209]. Тағы бірінде Қорқыт 20 жасқа толғанда түсіне ақ киінген ақсақал кіріп: «20 жастан артық өмір сүрмейсің» дейді. Шошынған жас Қорқыт өлмейтін жер іздеп әлемді шарлап кетеді. Бірақ қайда бармасын түсіне өзінің көрі кіре береді. Ақыры туған жері Сырға келіп, су үстінде маған ешкім көр қазбас деп кілемін

жайып сонда 100 жылдай өмір сүреді. Күндіз-түні сонда тұрып ғажайып күйлер шығарады, өзінің нақыл сөздерін айтады екен [6, 204]. Ал кейінірек Ислам діні кең жайылған соң өлім періштесі Әзірейілді қоса отырып «өлім - ақиқат» деген мәнге келтіретін аңыз нұсқалары тарай бастады. Бұл аңыз желісінде Әзірейіл қанша тырысқанымен Қорқыттың жанын ала алмайды. Бір күні осы жолы жанын міндетті түрде алуым керек деп алтын сандық жасап алып келеді. Қорқыт бұл жайында біліп қойып: «Мына бойыммен қалай кірем, алдымен сен кіріп көрсет»,-дейді. Әзірейілдің кіргені сол екен, Қорқыт сандықтың ауызын жауып өзенге лақтырып жібереді. Сол уақыттан бастап жер бетінде өлім болмай, барлығы жайбарақат бақытты күндер кешіп жүрген-мыс. Күндердің бір күні бір балықшы сол сандықты ұстап ауызын ашады. Сандықтан шыққан ашулы өлім періштесі алдымен балықшының, келесі Қорқыттың жанын алған деседі [6, 209]. Қалай болса да Қорқыт аңызының негізгі пәлсәпәсі өлімнен қашу, мәңгілік өмір сүруге талпынуға келеді.

Қорқыт атаның өмір сүрген уақыты туралы ғылыми ортада бірізді пікір қалыптаспаған. Кейбір деректерде оның соңғы Пайғамбар дүниеге келген кезеңде өмір сүргені айтылса, басқа мәліметтерде Қорқыт Өзбек хан дәуірімен тұстас тұлға ретінде көрсетіледі. А. Садырбекова өз зерттеуінде Қорқыт атаның өмір сүрген кезеңіне қатысты көзқарастардың ала-құлалығын атап көрсетеді. Бірқатар еңбектерде Қорқыт X ғасырдың басында дүниеге келген деп қарастырылса, Ә.Марғұлан оны VII–VIII ғасырлар аралығында өмір сүрген тарихи тұлға ретінде пайымдайды [7, 79].

Әлкей Марғұлан өз еңбегінде аңыз бойынша Қорқыттың анасы қыпшақ екендігін, есейіп нағашыларының ауылына барғанда өзіне ғана мойынсұнатын, ауырмайтын, желмаяға еге болғанын жазады. Сонымен қатар Қорқыт Ислам діні келгенде оған іштей қарсы болып, бар ішкі сырын күй арқылы шығарған дейді [6, 153].

Ә.Марғұлан өз еңбегінде Алтын орда тарихын зерттеген ғалым Өтеміш қажының қалдырған деректерінде Қорқыттың ислам дінін қабылдамағанын, тәңіршілдік дүниетанымды ұстанып, бақсылық жолмен өмір сүрген тұлға болғандығын жазады. Ол кісіні тәңірге табынушылар мен бақсылар қауымының рухани жетекшісі, сәуегейі әрі беделді өкілі деп сипаттайды.

Өзбек хан ислам дінін қабылдағаннан кейін бақсыларға күдікпен қарап, оларды тәңіршіл сенімнің өкілдері ретінде қабылдайды. Осыған байланысты хан арнайы жарлық шығарып, Қорқыт жолын ұстанған бақсыларға қарсы қатаң шаралар қолдануды бұйырады. Қорқыттың сәуегейлік сөздері мен болжамдарына сенбеу жөнінде халыққа ескерту жасалып, оның қарсыластарының ой-пікірлері тасқа қашалып жазылғаны баяндалады [6, 456].

П.С.Спиридонов Т.Айшуақовтан жазып алған аңыз бойынша анық бақсы-емші болған деп көрсетеді. Алайда аңыздан мынадай үзіндіні де келтіреді: «...Қорқыт өлімнен құтылу үшін, дүниенің төрт бұрышын шарлады. Қайда барса да, алдынан өзінің қазулы тұрған көріне жолығады. Өлімнен құтыла алмайтынын білген Қорқыт, өзінің мекеніне қайта оралып, Алланың бұйрығын күтіп жатты. ...Алла оған қайырымды болып, оның судың бетінде қалқып тұрған кілеміне киіз үйін орнатып, әйелінің де сонда тұруға рұқсат етіпті. Қорқыттың өтініші бойынша Алланың қалауымен кілем судың бетінде құрлықта тұрғандай қалқып тұрыпты. Күндіз-түні ұйықтамай, қобыздың сүйемелдеуімен қасиетті Құраннан өлеңдер оқиды» [8. 119].

Ж.Сыдықова мақаласында Қорқытқа қатысты деректердің молдығына қарамастан, оның тұлғасы жөнінде бірізді тарихи тұжырымға келу қиын екенін айтады. Автор Қорқыт туралы мәліметтердің басым бөлігі аңыз сипатында болғандықтан, оның бейнесі әр дәуірде әртүрлі қырынан танылғанын айтады. Мақалада Қорқыт бақсы, сәуегей, жырау, қобызшы, тайпа кеңесшісі, уәзір әрі рухани тұлға ретінде сипатталып, бұл көпқабаттылық түркі халықтарының ауызша және жазба дәстүрлеріндегі тарихи қабаттардың тоғысуымен түсіндіріледі. Осыған байланысты Қорқыт бейнесін белгілі бір кезеңмен немесе діни жүйемен шектеу мүмкін емес, ол халық санасында уақыт өте келе қалыптасқан эволюциялық рухани образ ретінде бағаланады [9. 5].

О.Сүлейменовтің пікірінше, түріктер мен әзірбайжандар арасындағы «Деде Қорқыт» туралы аңыздар ислами ортада едәуір өңдеуден өткен, соның нәтижесінде ондағы көне мәжусилік элементтер жойылған. Аңыз мәтінінде негізінен өлімнің шарасыздығын бейнелейтін сарын ғана сақталған. Ал Сырдария өңіріндегі қазақтардың исламды кеш қабылдауы Қорқыт туралы аңыздың бастапқы, ислам дініне негізделген түзетулерге ұшырамаған нұсқасының сақталуына мүмкіндік берген [10].

Қорқыт ата – түркі халықтарына ортақ рухани мұра. Түркі халықтарының фольклорлық дәстүрінде Қорқыт тұлғасы әртүрлі атаумен сақталған: әзірбайжан нұсқаларында «Дәдә Қорқуд», түрік дәстүрінде «Деде Коркут», түрікмендер арасында «Коркут ата». Бұл атаулардың әрқилылығы оның оғыз қауымына ортақ бейне екенін дәлелдейді. Дегенмен аңыздың негізгі желісі қазақ жерімен, әсіресе Сырдария өңірімен тығыз байланысты. Мәтіндерде Қазылық тауы, Арал маңы, Қаратау мен Алатау сияқты тарихи аймақтардың аталуы осыған дәйек.

Қорқыт атаға қатысты аңыздарда оның дүниеге келуі ерекше, символдық сипатта суреттеледі. Анасының ұзақ уақыт көтеруі, дүниеге келген сәттегі жер жүзін қараңғылық басуы, кенет бұзылған табиғат құбылыстары, тылсым белгілер, бәрі де Қорқыт тұлғасының өзгеше, киелі бейне екенін аңғартады. Мұндай мифтік сипаттар кейіпкердің қарапайым тарихи тұлға емес, халық санасында қалыптасқан архетиптік образ екенін көрсетеді. Яғни тарихи тұлға болғанның өзінде мифтік сарындар қосылған.

Қорқыт атаның сырт келбетіне қатысты нақты сипаттамалық деректер сақталмаған. Дегенмен оның бой-бітіміне байланысты жекелеген мәліметтер кездеседі. Ә.Марғұланның еңбегінде Сыр бойы қазақтарының айтуына сүйене отырып, Қорқыт күмбезінің ішіндегі сағана тамның ұзындығы әдеттегіден шамамен бір метрге артық болғаны айтылады. Осы ерекшелікке негізделе отырып, халық Қорқытты бойы ұзын адам болған деп пайымдаған [6, 192].

Сонымен қатар қазақ аңыздарында Қорқыт еңгезердей, бойы екі құлашқа жуық, алып тұлғалы адам ретінде бейнеленеді [6, 204].

Ол дүниені аралап, адам өмірінің алуан күйін, жастық пен кәрілікті, қуаныш пен қайғыны, тіршілік пен өлімді көзбен көріп, жүрекпен сезінген кемеңгер ретінде суреттеледі. Бұл сипат Қорқыт бейнесін бір ғана тарихи тұлға емес, адам тағдырын терең пайымдаған философиялық образ ретінде қабылдатуға мүмкіндік береді.

Қорқытты елестеткенде ойымызға ұзын ақ сақалды, шапан киген, қобызын тартып отырған бейнесі келеді. Қорқытты визуалды түрде көрсету барысында оны кең далада, биік төбе не асқар таудың етегінде, айналасын табиғатпен астастыра бейнелеу орынды. Қорқыттың қобыз тартқан сәтінде оның үніне жан-жануарлар мен құстардың елеңдеуі, табиғаттың тыныштыққа бөленуі секілді детальдармен берілсе шынайырақ болады. Бұл бейне біздің санамызда бар. Ендігі міндет осы бейне естен кетпес үшін түрлі жанр, стильде қимылдату, кейіпкер болмысын халық жадынан өшірмеу.

Нәтижелер. Шетелдік танымал аңыз кейіпкерімен Қорқыттың визуалды таралуын салыстырып көрелік. Өйткені анимация жағынан қалыңқырап келе жатқанымыз өтірік емес. Бірден бір танымал аңыз кейіпкері – Орфей. Орфейді алу себебіміз, Қорқыт екеуінің де музыка әлемімен байланысында, өз өлкелерінен шыққан бірден-бір танымал аңыз кейіпкері екендіктерінде. Орфей лира аспабымен ән тартқанында тек адамдар емес, ағаштар, аңдар, тастарға дейін әуеніне елітетін болған деседі. Қорқытты да осылай сипаттаймыз, қобызын тартқанда бүкіл айнала қоршаған тіршілік ұйып тыңдайды.

Орфей б.з.д. VI ғасырдан бастап қалыптаса бастаған. Оның ең алғашқы визуалды көріністері Дельфыдағы рельефтерде сақталған, ал әдебиетте Орфей есімі б.з.д. VI ғасыр ақындарының шығармаларында көрінеді [11, 5]. Орфей музыкасы да табиғат пен тіршілік иелеріне әсер ете алатын құдіретті күш ретінде сипатталады. Орфей бейнесінің пайда болуы өте ерте кезеңде басталады, әрі таралуы да ерте әрі ауқымды түрде болып жатыр.

Ал Қорқыт ата бейнесінің басым бөлігі ауызша дәстүрде сақталғандықтан, оның визуалды репрезентациясы салыстырмалы түрде кеш қалыптасты.

Волковтың пікірінше, мифологиялық образдар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тұрақты құрылымдық элементтер ретінде мәдени жадта сақталады, алайда олардың мазмұны уақыт өте келе өзгеріп, әр дәуірдің мәдени-тарихи сұранысына бейімделіп отырады. Осындай үдеріс мифтік бейнелердің дәстүрлі формасын жоғалтпай, керісінше, жаңа мағыналармен толығып, жаңаша түсіндірілуіне мүмкіндік береді [10, 310].

Одан кейінгі дәуірлерде Орфей образы тек қана мифологиялық үлгісімен шектеліп қоймай, жаңаша мағыналық қабаттармен толықтырылды. Алғашқы кезеңде ол рухани жетекші, адамзатқа бағыт-бағдар беруші тұлға ретінде пайымдалса, орта ғасырда бейнелеу өнерінде, мүсіндеу өнерінде салынып, сахналық қойылымдарда бейнесі төбе көрсетіп, қайта жаңғырту жұмыстары жүрді. Жалпы Орфей бейнесі әр тарихи кезеңнің талаптары мен ерекшеліктеріне қарай түрленіп, халықтың эстетикалық талғамына сай өзгеріп отырды [12, 262].

Орфей аңызының медиакеңістіктегі визуалды интерпретациялары кино, сериал, ақпарат беретін видео және анимациялық форматтарда кең таралған. Атап айтқанда:

1. Orphée – Жан Кокто, 1950 жыл, сюрреалистік киноинтерпретация (Орфей. https://youtu.be/ft3qXaNxreg?si=smSzy62yiCBPvlhF).
2. Black Orpheus (Orfeu Negro) – Марсель Камю, 1959 жыл, грек мифіне негізделген мюзикль, Netflix платформасында көрсетілген (Orfeu Negro. https://youtu.be/ZRAo_LTNAdo?si=pxW1rND73gEZkyNr).
3. Orfeu – Карлус Диегис, 1999 жыл, Орфей мен Эвридика аңызының жеке авторлар құрастырған заманауи нұсқасы (Orfeu. https://youtu.be/LSv3C09EmZU?si=rPUcMZ0bCPm4hIcN).
4. The Sandman – Нил Гейман шығармасы негізінде, Netflix платформасында көрсетілген, 2022–2023 жылдар, Орфей мифінің драмалық эпизодтары қамтылған (The Sandman. https://youtu.be/5O2ZPoGeO4c?si=hbtoP3ukUbAQejUN).
5. KAOS сериалы – Netflix, 2024 жыл, грек мифологиясын заманауи түрде қайта көрсететін жоба (KAOS. https://youtu.be/-max0wOTcuI?si=AFe91L47wDP71uBF).
6. The Tragic Myth of Orpheus and Eurydice – TED-Ed, 2015 жыл, (The tragic myth of Orpheus and Eurydice. https://youtu.be/RhaepLsP5eg?si=uoKHr8UZBhszOfkw).
7. Orpheus and Eurydice – The Storyteller: Greek Myths YouTube арнасы, 2018 жыл (Orpheus and Eurydice. https://youtu.be/3Jqgx06TJUM?si=pHoJdWLcMegc-BBb).

Бұнымен қатар YouTube платформасында әртүрлі жеке авторлар мен студиялар дайындаған қысқаметражды анимацияларда Орфей бейнесі мифологиялық кейіпкер ретінде тұрақты түрде қайта жаңғыртылып келеді.

Қорқыт ата бейнесі де медиакеңістікте жайлап дамып келеді.

1. 2011 жылы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Қорқыт» деректі фильмі (Қорқыт. https://youtu.be/XH6h5ILvtUs?si=HUf8BkoBBfpKIRob).
2. Одан кейінгі жылдары «Жібек жолы», «Абай», «Хабар» телеарналарындағы ақпараттық хабарлар, экспедициялық жобалар Қорқытқа қатысты деректерді кең аудиторияға визуалды форматта жеткізуге қызмет етті (Қорқыт ата туралы аңыз. https://youtu.be/8elNRhypywM?si=jMh9w9jrZlouBXTz).
3. 2023 жылы Қорқыт тұлғасы көркем экран форматына ұсынылды. Қазақстан ұлттық арнасы эфирге шығарған «Қорқыт» телехикаясы жарық көрді (Қорқыт. https://youtu.be/_QrybMf7ycc?si=BlaOrbyYYLV9W5U1).
4. Сол жылы Tasqyn Studio YouTube арнасында жарияланған «Қобыз сыры» анимациялық мультфильмі Қорқыт бейнесін заманауи визуалды тілмен жеткізуге ұмтылған авторлық жоба ретінде ерекшеленеді. Қазіргі жас тұтынушының қалауына ең жақындатылған үлгісі дей аламыз (Бес тәй-тәй - Қобыз Сыры. https://youtu.be/CDX5Kky7WOI?si=WIGQvV7QXsiKevSS).

Басқа түркі халықтары медиакеңістігіндегі интерпретациялары.

Әзірбайжан:

1. Dədə Qorqud – реж. Тофиқ Тағы-заде, 1975 жыл, көркем фильм (Dədə Qorqud. https://youtu.be/x7GxpWC20Cc?si=ZKo9ncGfTMDG5K_O).

2. Kitabi Dədə Qorqud – 1990 жыл, анимациялық фильм (Kitabi Dədə Qorqud. https://youtu.be/HoD0dc9i7RU?si=JhWt4R4fPU81fhIi).

3. Dədə Qorqud (çizgi film versiyaları) – 2000–2003 жж., анимациялық бейімдеулер (Dede Qorqut Azerbaycan Cizgi Filmi. URL:https://youtu.be/epurRtgW98I?si=okMgZ33PvOvYKiF4).

4. Dədə Qorqud dastanı – Әзербайжан мемлекеттік драма театры, 1980-ж, телеспектакль (Mən – Dədə Qorqud. https://youtu.be/7serZJH0zwc?si=XaF39zC03LXF6RvD).

5. Dədə Qorqud dünyası – AZTV шығармашылық тобы, 2000-ж, деректі фильмдер (Dədə Qorqud dünyası. https://youtu.be/hcfN4bhFQkM?si=c-piGzFuoCGyZBtU).

Түркия:

1. Dede Korkut Hikâyeleri – 2023 жыл, танымдық бейнероликтер; YouTube, TRT 2 (Dede Korkut Hikâyeleri. https://youtu.be/YB9j3S8h6u0?si=QAAYsxuFeIqX0m2).

2. Dede Korkut'u Yakından Tanıyalım – 2015 жыл, TRT Avaz 20. (Dede Korkut'u Yakından Tanıyalım. https://youtu.be/77-ZAKu7YSw?si=EMbV_QCpRH2c1ADf).

3. Dede Korkut (Belgesel) – 2012 жыл, деректі фильм; Türk Arkı, YouTube (DEDE KORKUT'UN İZİNDE SÖZÜNDE (Belgesel). https://youtu.be/kg8sfA1si3w?si=ywNnuZnAjz1bjVKH).

4. Dede Korkut Hikâyeleri – 2014 жыл, анимациялық сериал; TRT Çocuk (Dede Korkut Hikayeleri. https://youtu.be/Enbrdtgebxc?si=JwlL2wvYGlvYWcn).

5. Dede Korkut Hikayeleri – 2024 жыл. Youtube. Türkçe Çalışıyorum (Dede Korkut Hikayeleri. Türkçe Çalışıyorum. https://youtu.be/R3cp1N25PFQ?si=nL3JYNKjOQHziUZI).

6. Dede Korkut. 2011 жыл. Dızı. Türk Arkı, YouTube (Dede Korkut - Salur Kazan (Dizi). https://youtu.be/fsD3QrgVCVU?si=Jky_i3Q-vzLp2CeP).

Орфей бейнесін жүйелі әрі көп форматты түрде түрлендіргендіктен медиакеңістікте тоқтаусыз дамуда. Кейіпкер XX ғасырдың ортасынан бастап кино, сериал, анимация және әртүрлі видеоларда үздіксіз жаңартылып көрсетіліп жатыр. Әсіресе «Netflix» секілді халықаралық платформаларда Орфей мифінің заманауи интерпретацияларының көрініс табуы кейіпкердің тек өз мәдениетіне ғана емес, әлем халықтарына таныстыру мақсатында жасалғанын байқаймыз. TED-Ed пен YouTube арналарында Орфей туралы ақпарат беретін, әрі визуалды түрде жағымды түрде түрлі үлгіде жасалынып, қалың көпшілікке ұсынылып жатыр.

Қорқыт ата бейнесінің медиакеңістіктегі дамуы Орфеймен салыстырғанда әлдеқайда баяулау. Әзірбайжан мен Түркияда Қорқыт тұлғасы көркем фильм, телеспектакль, деректі кино және анимация форматтарында ертерек шығарылып басталғанымен, көбіне бұл интерпретациялар ұлттық және өңірлік деңгейден аса қоймады. Қазақстанда да Қорқыт ата бейнесі медиакеңістікте көбіне деректі және ақпарат беретін форматтар арқылы көрініс тауып, көркем сериал мен анимация бағыты енді ғана қалыптаса бастады және саны жағынан аздау.

Жүргізілген салыстырмалы талдау Қорқыт ата бейнесінің медиакеңістікте негізінен деректі және ақпараттық форматтармен шектелетінін, ал көркем және анимациялық интерпретациялардың саны мен тұрақтылығы жағынан Орфей бейнесінен едәуір төмен екенін көрсетті. Өйткені Орфей тек бір көне бейнеде сақталып қалып қойған жоқ, көрерменнің талабы мен қызығушылығына қарай үнемі өзгеріп отырды. Ол аңыз кейіпкері болғасын көне бір портреті жасалынып, бала елестеткенде сол кейіп ойына келеді. Бірақ оны одан әрі дамыту үшін немесе айтқан сөздерін жеңіл қабылдау үшін заманауи жанрда қабылдау қызық әрі қабылдауға оңай болмақ.

Қорытынды. Мақалада Қорқыт ата тек қазақ халқының ғана емес, бүтін түркі халықтарына, соның ішінде әсіресе Әзірбайжан мен Түркия елдеріне мәлім аңыз кейіпкері екенін анықтадық. Қорқыт атаның өте көнеден сақталып келе жатқан кейіпкер екеніне

уақыт өткен сайын, заман талабына сай бірде бақсы, бірде, сәуегей, бірде күйші ретінде танылып, халық есінде көпқырлы сипатта қалыптасқандығы дәлел. Қорқыт атаның діні, ұлты, өмір жолына қатысты әртүрлі аңыз желілері оны тарихи тұлға ретінде емес, мәдени кодқа айналған аңыз кейіпкері ретінде қабылдануына негіз болды. Қорқыт атаның халық арасында әртүрлі аңыз желісі бар болғанымен, визуалды каноны бір және жақсы сақталған. Ақ сақалды, шапан киген, қолында қобызы бар, су үстінде отырған қария бейнесі бәрінің ойына сақ етіп түсе қалады. Алайда зерттеу барысында визуалды канонның тек парақ беттерінде қалып кеткені, ал медиакеңістікте таралуы әлде де әлсіз екендігін байқадық. Ол құбылысты шетелдің музыка әлемімен байланысты Орфей бейнесінің медиада таралу қарқынымен салыстыра талдадық. Орфей бейнесі түрлі халықаралық арналарда және әртүрлі визуалды нұсқалармен жасалса, Қорқыт бейнесі тек ел ішінде ғана және бір бейнеде көрсетіліп жүр. Қорқыт бейнесінің медиадағы көрінісін талдау үшін тек Қазақстан емес, Түркия мен Әзірбайжан елдерін де мысал етіп алдық. Қоғам бұрынғыдай кітап, газет беттеріне емес гаджеттерге үңіліп отыратындығы себепті, аңыз кейіпкерлерін де әртүрлі жанр, стильде дамыту керек. Сондықтан Қорқыт ата бейнесін жандандыру үшін:

- анимация, көркем фильм, сериал, комикс және басқа қысқа цифрлық форматтар арқылы кең айналымға енгізу;
- әр дәуірдің сұранысына сай жаңа интерпретациялар жасау керек.

Ұлттық кодтың өміршеңдігі оның қазіргі ақпараттық ортада көрінуімен өлшенеді. Қорқыт ата бейнесін медиакеңістікте жүйелі дамыту тек мәдени жоба емес, ұлттық сананы жаңғыртудың бірден-бір жолы.

Әдебиеттер

1. Ысқақов Б. Қорқыт ата кітабы - Алматы: Жазушы, 1994. – 166 б.
2. Нысанбаев Ә. «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. Алматы: Қазақ, энциклопедиясы, 1999. – 804 б.
3. Bock M.A. Visual media literacy and ethics: Images as affordances in the digital public sphere // First Monday. 2023. Vol. 28. No. 7. 13 б. DOI: https://doi.org/10.5210/fm.v28i7.13233
4. Dalelbekkyzy A.A., Yıldız N. Влияние национального кода на историческое сознание // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2021. – №4(184). –Б. 156-166. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph14
5. Potter W. J. Theory of media literacy: A cognitive approach. London: Sage Publications, 2004. – 306 p.
6. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар / құраст. Р.Бердібаев. - Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
7. Садирбекова. А.М. Қорқыт ата туралы аңыз бен ақиқат // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. – 2022. – №5. – Б. 79-83.
8. Спиридонов П.С.. Один из вариантов легенды о Хор-Хуте. Записано в 1899 г. Ташкент: ПТКЛА, 1909. – Б. 119-120.
9. Сыдықова Ж.Т. Қорқыт ата – түркі әлемінің ұлы ойшылы. Qazaqstan tarihy. URL: https://e-history.kz/kz/library/show/25053?ysclid=mpc74lbxt2737829958. (қаралды: 12.04.2026)
10. Сүлейменов О. Қорқыт ата туралы мақала жазудамын. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/olzas-suleimenov-qorqyt-ata-turaly-maqala-zazudamyn__15928 (қаралды: 27.01.2026).
11. Guthrie W.K. C. Orpheus and Greek religion. London: Methuen, 1952. – 291 p.
12. Волков А.Р. К теории традиционных сюжетов // Сравнительное изучение славянских литератур. – М.: Наука, 1973. С. – 303-314.
13. Токарев С.А. (ред.). Мифы народов мира. 2-е изд. Т. 2. – М.: Советская энциклопедия, 1987. – 675 б.

Н.Н. ОРАЗХАН, С.Д. ДАРИБАЕВ
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
А. МАХАНБЕТҚЫЗЫ
Научный сотрудник Институт развития государственного языка, Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМА АКТУАЛИЗАЦИИ ОБРАЗА КОРКЫТ АТА В МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ

Аннотация. В статье рассматривается представление образа Коркыт ата в СМИ и его распространение. В современном цифровом обществе популярность легендарных персонажей тесно связана с частотой их появления в медиапространстве. В контексте данной проблемы важно проанализировать характер представления образа Коркыт ата в кино, анимации и на цифровых платформах в целом. В исследовании рассматриваются концепции, описания и визуальный канон Коркыт ата, сохранившиеся в памяти людей. Кроме того, проводится сравнениеи анализ образа Орфея, ставшего символоммузыкального искусствав древнегреческой мифологии, и способов представления и распространения образа Коркыт ата в СМИ. Анализ основан на фильмах, телесериалах, анимации и видеоматериалах в интернете. В результате установлено, что образ Коркыт ата используется в СМИ только в историко-образовательном направлении. На глобальном уровне видно, что производство видеопродукции в различных жанрах развито недостаточно. В этой связи рекомендуется развивать проект на различных платформах и в современном формате, чтобы и дальше продвигать имидж «Коркыт ата» в современном медиапространстве.

Ключевые слова: Коркыт ата, медиапространство, визуальный образ, национальный культурный код, легендарный персонаж, мифология, анимация.

N.N. ORAZKHAN, S.D. DARIBAEV
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
A. MAKHANBETKYZY
Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan

THE ISSUE OF REVITALIZING THE IMAGE OF KORKYT ATA IN THE MEDIA SPACE

Annotation. The article discusses the appearanceof the image of Korkyt ata in the media and how to spread it. Now in a digital society, the achievement of popularity of the heroes of Legends is closely related to how often they are shown in the media space. Within the framework of this issue, it is important to analyze the nature of the transmission of the image of Korkyt ata on film, animation and digital platforms in general. In the course of the study, the concepts, characteristics, visual canons of Korkyt ata preserved in the memory of the people are considered. In addition, the image of Orpheus, which became a symbol of musical art in ancient Greek mythology, and the way Korkyt is presented and distributed in the media are compared and analyzed. The basis for the analysis will be Films, series, animations and video materials on the internet. As a result, it turns out that the image of Korkyt ata is used in the media only in the historical and cognitive direction. And at the world level, it can be seen that it is not very developed in terms of the production of video products in various genres. In this regard, more and more propaganda of the image of Korkyt Ata in the modern media space.

Keywords: Korkyt Ata, media space, visual image, national cultural code, legendary character, mythology, animation.

References

1. Ysqaqov B. Qorqyt ata kıtaby - Almaty: Jazuşy, 1994. – 166 b.
2. Nysanbaev Ä. «Qorqyt Ata» ensiklopedialyq jinaq. Almaty: Qazaq, ensiklopediasy, 1999. – 804 b.
3. Bock M.A. Visual media literacy and ethics: Images as affordances in the digital public sphere // First Monday. 2023. Vol. 28. No. 7. 13 b. DOI: https://doi.org/10.5210/fm.v28i7.13233
4. Dalelbekkyzy A.A., Yıldız N. Vlianie nasionälnogo koda na istoricheskoe soznanie // Vestnik KazNU. Seria filologicheskaia. – 2021. – №4(184). –B. 156-166. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph14
5. Potter W. J. Theory of media literacy: A cognitive approach. London: Sage Publications, 2004. – 306 p.
6. Marğūlan Ä. Ejelgı jyr añyzdar: ğylymi-zertteu maqalalar / qūrast. R.Berdıbaev. - Almaty: Jazuşy, 1985. – 368 b.
7. Sadirbekova. A.M. Qorqyt ata turaly añyz ben aqiqat // Central Asian Academic Journal of Scientific Research. – 2022. – №5. – B. 79-83.
8. Spiridonov P.S.. Odin iz variantov legendy o Hor-Hute. Zapisano v 1899 g. Taşkent: PTKLA, 1909. – B. 119-120.
9. Sydyqova J.T. Qorqyt ata – türkı älemınıñ ūly oişyly. Qazaqstan tarihy. URL: https://e-history.kz/kz/library/show/25053?ysclid=mpc74lbxt2737829958 (qaraldy: 12.04.2026)
10. Süleimenov O. Qorqyt ata turaly maqala jazudamyn. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/olzas-suleimenov-qorqyt-ata-turaly-maqala-zazudamyn__15928 (qaraldy: 27.01.2026).
11. Guthrie W.K. C. Orpheus and Greek religion. London: Methuen, 1952. – 291 p.
12. Volkov A.R. K teorii tradisionnyh süjetov // Sravnitelnoe izuchenie slavänskih literatur. – M.: Nauka, 1973. S. – 303-314.
13. Tokarev S.A. (red.). Mify narodov mira. 2-e izd. T. 2. – M.: Sovetskaia ensiklopedia, 1987. – 675 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Оразхан Назерке Нұрботақызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Оразхан Назерке Нұрботакызы – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Orazkhan Nazerke Nurbotakyzy – doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Дәрібаев Самалбай Дәрібайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Дарибаев Самалбай Дарибаевич – кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Daribaev Samalbay Daribayevich – candidate of philological sciences, senior lecturer at Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Маханбетқызы Аружан – филология ғылымдарының магистрі, Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Маханбеткызы Аружан – магистр филологических наук, научный сотрудник Института развития государственного языка, Алматы, Казахстан.

Makhanbetkyzy Aruzhan – Master of Philological Sciences and a Research Associate at the Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.71.07
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.23

А.С. САДЫҚ
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан [1,2]
(e-mail: serikqyzy_resmi@mail.ru)

ҚАЗАҚ ҒАШЫҚТЫҚ ӘН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ТИПОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырда хатқа түскен қазақ халық ғашықтық ән өлеңдерінің мәтіндік жүйесі зерттеледі. Жұмыстың негізгі мақсаты – авторы ұмытылып, фольклорлық сипат алған лирикалық туындылардың поэтикалық және мазмұндық типологиясын ғылыми тұрғыдан жасақтау. Зерттеу барысында типологиялық, құрылымдық-поэтикалық және герменевтикалық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Жүргізілген талдау нәтижесінде ғашықтық лирика үш негізгі типологиялық топқа жіктелді: портреттік-эстетикалық, психологиялық-эмоционалдық және әлеуметтік-қарсылық сарыны. Портреттік сипаттамадағы әндерде тұрақты эпитеттер мен космогониялық теңеулер арқылы ғашық жардың идеалды бейнесі жасалса, психологиялық типтегі әндерде «арман», «шер», «сағыныш» категориялары арқылы кейіпкердің ішкі күйзелісі суреттелгені анықталды. Әлеуметтік типтегі әндерде теңсіздік пен ескі салтқа қарсылық зооморфтық символика және иерархиялық антитеза арқылы берілгені дәйектелді. Сонымен қатар мақалада ән мәтіндеріндегі заттық детальдардың семиотикалық қызметі, хронотоп ерекшелігі және әйел бейнесінің эволюциясы қарастырылды. Зерттеу қорытындысы қазақтың дәстүрлі ғашықтық әндері жай ғана сезім жырлары емес, ұлттық менталитетті, этикалық нормалар мен эстетикалық құндылықтарды сақтайтын күрделі көркемдік жүйе екенін дәлелдейді. Жұмыстың нәтижелері фольклортану мен әдебиеттану ғылымындағы жанрлық зерттеулерді тереңдетуге үлес қосады.
Түйін сөздер: ғашықтық лирика, халық әндері, поэтикалық типология, психологиялық параллелизм, фольклорлық символдар, эстетикалық идеал.

Кіріспе. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани болмысы мен эстетикалық талғамының биік өлшемі – ән өнері. Ұлттық фольклордың құрамдас бөлігі саналатын ән мәтіндері, оның ішінде ғашықтық лирика – адам жанының нәзік иірімдерін, сезімдері мен дүниетанымдық көзқарастарын бейнелейтін көркемдік қуаты кемел сала. XX ғасыр қазақ музыкалық фольклорының ауызша дәстүрден жазбаша үлгіге көшуімен, ғылыми айналымға енуімен және жүйелі зерттеу нысанына айналуымен ерекшеленетін тағдыршешті кезең болды. XX ғасырдағы қазақ лирикасының дамуы фольклорлық дәстүрмен тығыз байланысты. «XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы фольклор мен ұлттық танымды идеологиялық негіз ретінде қабылдап, жаңа адамның дүниетанымын, эстетикалық санасын қалыптастыруда орасан зор рөл атқарды» [1, 98]. Осы тұрғыдан алғанда, біз қарастырып отырған халықтық ғашықтық ән өлеңдері де – жаңа дәуірдегі адамның ішкі сезім әлемінің өзгеруін, тұлғалық сананың өсуін көрсететін маңызды эстетикалық құжат.

Қазақ даласындағы ән мұрасын жинау және хаттау ісі XIX ғасырдың екінші жартысында А.В.Затаевич, Ә.Диваев, кейіннен Б.Г.Ерзакович, А.Жұбанов, Е.Ысмайылов, Б.Уахатов сынды ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында жүзеге асты. Әсіресе, А.В.Затаевичтің

«Қазақ халқының 1000 әні» (1925) және «Қазақтың 500 әні мен күйі» (1931) жинақтары ұлттық ән өнерінің алтын қорын қалыптастыруда теңдессіз рөл атқарды. Бұл еңбектерде тек ноталық жазбалар ғана емес, ән мәтіндерінің поэтикалық нұсқалары да алғаш рет ғылыми жүйеге түсірілді. Осы игі дәстүрдің заңды жалғасы ретінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» сериясының 99 және 100-томы (Ән-өлеңдер) – ғасырлар сүзгісінен өткен халықтық лириканың антологиясы.

XX ғасырда қазақ фольклорының жинақталуы және оның жазба әдебиетпен байланысы шетелдік ғалымдардың да назарын аударды. Американдық ғалым Томас Виннер өзінің іргелі зерттеуінде: «Қазақтардың ауызша өнері – жай ғана ойын-сауық емес, ол – халықтың әлеуметтік құрылымын, құндылықтарын және тарихын сақтайтын негізгі институт. XX ғасырдағы өзгерістер бұл мұраны жойып жіберген жоқ, қайта жаңа формада (жазбаша) бекітті» [2, 104] – деп баға береді. Бұл пікір біз қарастырып отырған ән мәтіндерінің тарихи маңызын айғақтайды.

Дегенмен, фольклортану мен музыкатану ғылымында халық әндерінің мелодиялық табиғаты, орындаушылық мектептері және тарихи астары біршама зерттелгенімен, ән мәтіндерінің поэтикалық табиғаты мен тақырыптық-мазмұндық типологиясы әлі де болса кешенді әдебиеттанулық талдауды қажет етеді. Әсіресе, нақты авторы уақыт көшімен ұмытылып, ел аузында өңделіп, халықтық сипат алған ғашықтық әндердің ішкі мазмұндық құрылымын жіктеу – өзекті мәселелердің бірі. Себебі ғашықтық әндер жай ғана сезім жырлары емес, онда қазақ халқының сұлулық туралы түсінігі, яғни эстетикалық идеалы, психологиялық портрет жасау шеберлігі және сол дәуірдегі әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтардың – теңсіздік, салт-дәстүр қыспағының көркемдік көрінісі жатыр.

Осыған орай, ұсынылып отырған зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – XX ғасыр мұраларындағы дереккөздерге сүйене отырып, қазақ ғашықтық халық әндерінің поэтикалық типологиясын жасақтау. Мақалада ғашықтық лирика үш негізгі бағытта: портреттік-эстетикалық сипаттама, психологиялық-эмоционалдық күй және әлеуметтік қарсылық сарыны тұрғысынан жіктеліп, әрбір типтің көркемдік ерекшеліктері нақты поэтикалық мәтіндер арқылы талданады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін фольклортану және әдебиеттану ғылымдарындағы көркем мәтінді талдаудың кешенді қағидаттары құрайды. XX ғасырда хатталған қазақ ғашықтық әндерінің поэтикалық типологиясын жасақтау мақсатында жұмыста теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері жүйелі түрде қолданылды. Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген Бабалар сөзі сериясының тоқсан тоғызыншы томына енген, сондай-ақ Затаевич пен Ерзакович жинақтарындағы авторы беймәлім халықтық ғашықтық әндердің мәтіндері алынды.

Жұмыстағы негізгі тәсіл ретінде типологиялық талдау әдісі басшылыққа алынды. Бұл әдістеме түркі халықтарының фольклорын зерттеуде, атап айтқанда А.М.Хакимьяновтың башқұрт халық лирикалық әндеріндегі «өмір», «тағдыр», «махаббат» концептілерін жіктеу [3, 8] тәжірибесінде тиімділігін көрсеткен болатын. Мақалада бұл әдіс халық әндерінің мазмұндық ерекшеліктеріне қарай оларды портреттік, психологиялық және әлеуметтік типтерге жіктеу үшін қолданылды. Осы әдіс арқылы жүздеген ән мәтіндерінің ішінен ортақ сарындар мен мотивтер анықталып, ғашықтық лириканың ішкі жүйесі жасақталды. Сонымен қатар фольклорлық туындылардың көпнұсқалылық табиғатын ескере отырып, текстологиялық және салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды. Бір әннің бірнеше нұсқасын өзара салыстыру арқылы мәтіннің түпкі мағынасы, өзгеріске түскен жолдары және тұрақты поэтикалық тіркестері мен формулалары айқындалды.

Ән мәтіндеріндегі көркемдік-бейнелеу құралдарын, эпитет, метафора, теңеу, символ секілді элементтерді және өлең құрылысын зерделеу үшін құрылымдық-поэтикалық талдау әдісі жүзеге асырылды. Арудың портретін жасаудағы дәстүрлі эпитеттер мен зооморфтық метафоралардың эстетикалық қызметі осы әдіс арқылы ашылды. Ғашықтық әндердегі зар, шер, арман сияқты ұғымдардың астарында жатқан лирикалық қаһарманның

ішкі психологиялық күйін, интимдік сезімдері мен мәтіннің жасырын мағынасын түсіндіру мақсатында герменевтикалық талдау әдісі қолданылды. Сондай-ақ аксиологиялық талдау әдісі ғашықтық әндерді жай ғана мәтін емес, қазақ халқының сұлулық, махаббат, адалдық және серт туралы этикалық-эстетикалық құндылықтарын тасымалдаушы рухани код ретінде қарастыруға негіз болды. Осы аталған әдістердің жиынтығы зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға, ғашықтық әндердің жанрлық және поэтикалық табиғатын ғылыми тұрғыдан дәйектеуге мүмкіндік береді.

Талқылау мен бақылау. ХХғасырдахатқатүскенқазақғашықтықәндеріңіңпоэтикалық жүйесін зерделеу барысында халықтық лириканың құрылымдық және мазмұндық жағынан әркелкі екені, яғни күрделі типологиялық жүйеден тұратыны айқындалды. Фольклорлық мұраларды, соның ішінде ән өлеңдерін сараптау нәтижесінде ғашықтық лириканың негізгі үш бағыты – портреттік-эстетикалық сипаттама, психологиялық-эмоционалдық күй және әлеуметтік кедергілер сарыны ғылыми тұрғыдан негізделді. Бұл типологиялық жіктеу ән мәтіндеріндегі лирикалық қаһарманның бейнесін, оның ішкі сезім әлемі мен сыртқы қоғамдық ортамен қарым-қатынасын толыққанды ашуға мүмкіндік береді. Мәселен, «Абайкөк», «Ақбақай», «Ақерке», «Ақ маңдай», «Ләйлім» сынды жүздеген әндердің мәтіндік құрылымы тек сезімді білдірумен шектелмейді, онда қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасы, этикалық нормалары және сұлулық туралы философиялық пайымдары шоғырланған. Бұл ретте, сұлулық категориясының ғашықтық жырлардағы орны ерекше. Отандық зерттеушілер: «Ұлттық поэзияда сұлулық ұғымы табиғат пен адам болмысының ажырамас бірлігі арқылы көрініс табады. Ақындар табиғаттың әсемдігі мен адамның ішкі және сыртқы сұлулығын терең философиямен шендестіре жырлаған» [4, 136] деп тұжырымдайды. Зерттеу нысанына алынған әндердің басым бөлігінде ғашықтық сезім нақты әйел затына (Зәуреш, Ғазиза, Қадиша) арналғанымен, уақыт өте келе бұл есімдер жалпылама көркемдік бейнеге, яғни типке айналып, фольклорлық сипат алған. Сондықтан бұл туындыларды типологиялық тұрғыдан жіктеу – халық поэзиясының эволюциялық даму жолын және көркемдік ойлау жүйесінің ерекшелігін танудың бірден-бір жолы.

Зерттеу барысында анықталған бірінші типологиялық топ – ғашық жардың портреттік бейнесін сомдауға құрылған әндер тобы. Халық ақындары сұлулықты сипаттауда нақты реалистік суреттеуден гөрі, дәстүрлі поэтикалық формулалар мен тұрақты теңеулерге жиі жүгінетіні байқалды. Мәселен, «Ақ маңдай» әніндегі:

«Ақ маңдай, інжу шаш,

Үкілі кәмшат, қиғаш қас» [5, 50], – деген жолдардағы «ақ маңдай», «інжу шаш», «қиғаш қас» тіркестері – жай ғана сөз тіркестері емес, ғасырлар бойы сұрыпталған, этностың сұлулық туралы танымын білдіретін тұрақты көркемдік кодтар. Мұндағы «інжу» теңеуі шаштың жылтырлығын, құндылығын білдірсе, «үкілі кәмшат» киім үлгісі арқылы қыздың нәзіктігі мен еркелігін айшықтайды. Сол сияқты, «Агаги, қалқаш» әнінде:

«Жіңішке бітер айдай сұлу қабақ,

Ақ сүттей толықсыған уыз тамақ» [5, 35], – деп келетін жолдарда портреттік шендестірудің классикалық үлгісі көрініс тапқан. «Ай» мен «қабақ», «ақ сүт/уыз» бен «тамақ» арасындағы параллелизм сұлулықты тек сырт көзге ғана емес, оның ішкі тазалығын, пәктігін және нұрға толы бейнесін сездіреді. Бұл типті ән өлеңдердегі портрет – лирикалық қаһарманның сүйіспеншілігі арқылы жанданған, идеалдандырылған динамикалық бейне. Портреттік сипаттамадағы маңызды ерекшеліктің бірі – сұлулықтың табиғат құбылыстарымен және ғарыштық әлеммен шендестірілуі. Халық ақындары ғашық жарды қарапайым пендеден биіктетіп, оған сакралды, қолжетімсіз сипат беру мақсатында космогониялық теңеулерді ұтымды қолданған. Мәселен, «Агугай, Жамал-ай» әнінде:

«Бағаңа, бағаласам, жан жетпейді,

Секілді шолпан жұлдыз аспандағы» [5, 37], – деген жолдар кездеседі. Мұндағы «шолпан жұлдыз» теңеуі қыздың тек көркемдігін ғана емес, оның әлеуметтік ортадағы даралығын, биік мәртебесін айшықтайды. Сол сияқты, «Нұрсұлу» әнінде ғашық жігіт табиғат сұлулығын тізбектей келе:

«Көкте жүзген алтын табақ ай сұлу...
Шаңқай түсте өткір алтын күн сұлу...
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу» [5, 290] деп түйіндейді. Бұл жерде градация тәсілі арқылы қыздың көркі аспан денелерінен де жоғары қойылып, эстетикалық идеал деңгейіне көтерілген. Сондай-ақ, «Сәулем-ай, сәулем» әніндегі «Сәуле беріп түндегі туған айдай» [5, 309] деген теңеу қыздың нұрлы дидарының қараңғылықты сейілтетін рухани күшін меңзейді. Бұл мысалдар қазақ ғашықтық лирикасындағы портреттің ғарыштық кеңістікпен үндескен, ауқымды да әсерлі бейне екенін дәлелдейді.

Ғашықтық әндердің ең ауқымды типологиялық тобын – психологиялық күйді, ішкі ынтызарлық пен мұң-шерді бейнелейтін туындылар құрайды. Бұл әндерде сыртқы портреттен гөрі лирикалық қаһарманның жан дүниесіндегі аласапыран сезімдер басымдыққа ие. Талдау көрсеткендей, халық әндеріндегі махаббат сезімі көбінесе «дерт», «ауру», «от» ұғымдарымен қатар өріледі. Мәселен, «Ғашық жар» әнінде:

«Жалғанда қиын екен екі ғашық,
Екеуі сөйлеспесе мауқын басып...
Кетпей ме бойдан қуат, ойдан ерік» [5, 139], – деген жолдар кездеседі. Мұндағы «мауқын басу» фразеологизмі мен «бойдан қуаттың кетуі» – ғашықтықтың адам физиологиясына және психикасына тікелей әсер ететін, ерік-жігерді билеп алатын дүлей күш екенін көрсетеді. Ал «Қаракөз» әніндегі: «Ішімді ғашық оты-ай күйдіреді-ау» [5, 232] деген тіркес махаббатты «өрт», «жалын» түрінде қабылдайтын дәстүрлі фольклорлық танымның жарқын көрінісіне жатады. Бұл типтегі әндерде оқиғалық баяндаудан гөрі кейіпкердің ішкі монологы мен күйзелісі алдыңғы орынға шығады.

Психологиялық лирикадағы негізгі ұғымдардың бірі – «арман» категориясы. Халық әндерінің басым бөлігінде ғашықтардың қосылуы емес, бір-біріне жете алмай, өмір бойы аңсап өту мотиві басым. Қазақ музыкатану ғылымында ғашықтық және табиғат лирикасының байланысы ертеден назарға алынған [6, 12]. Бұл ретте философиялық толғаныстар махаббат тақырыбымен астасып, өмірдің өткіншілігі мен сезімнің баянсыздығы қатар жырланады. Мәселен, «Пәни жалған» әнінде:

«Аха-хау, пәни жалған,
Бұл пәни екі айналып келмес арман» [5, 298] деген жолдар арқылы ғашықтық сезімнің фәни дүниедегі орны айқындалады. Лирикалық қаһарман үшін сүйгеніне қосылмау – тек жеке бастың қасіреті ғана емес, жалпы дүниенің жетімсіздігі, тағдырдың бұлжымас заңы ретінде қабылданады. Сондай-ақ «Дариға» әнінде:

«Күйіп-жанып барамын...
Бағы бар маңдайында сені тапқан адамның» [5, 143] деген өкініш сарыны арқылы «қол жетпес арман» концептісі айшықталған. Мұнда ғашық жар – бақыттың символы, ал оған жете алмау – мәңгілік рухани трагедия ретінде суреттеледі.

Зерттеу барысында ғашықтық әндердегі «сағыныш» мотивінің берілу жолдары да жан-жақты талданды. Сағыныш – халық әндеріндегі ең тұрақты эмоциялық жағдай және ол кейіпкерді әрекетке, мәселен сүйгенін іздеп баруға, хат жазуға, ән шырқауға жетелейтін қозғаушы күш. Бұл күйдің тереңдігі «Ауылың сенің белде еді» әнінде шынайы берілген:

«Сен есіме түскенде, қимас қалқам,
Ақбоз аттан жығылдым есім ауып» [5, 83]. Мұндағы «аттан жығылу» және «естен тану» – жай ғана поэтикалық әсірелеу емес, сағыныш сезімі шегіне жеткенде адамның физикалық тұрғыдан дәрменсіз күйге түсуін бейнелейтін соматикалық реакцияның көрінісі. Ал «Сәулем-ай» әніндегі «Сарғайдым жолыңа мен қарай-қарай» [5, 306] деген жолдардағы «сарғаю» метафорасы зарыға күту мен үмітті, жанның жүдеуін білдіреді.

Ғашықтық лириканың үшінші типологиялық тобы – әлеуметтік кедергілер мен қарсылық сарынын қамтитын әндер. XX ғасыр басында хатталған көптеген нұсқаларда екі жастың бақытына тосқауыл болатын «қалың мал», «теңсіздік», «ескі салт» мәселелері ашық айтылады. Бұл әндерде махаббат тақырыбы әлеуметтік әділетсіздікке қарсы наразылық формасына ауысады. Мәселен, «Қыз бала» әнінде:

«Дүниеде қыздан сорлы жан бар ма екен,

Кетеді тірі айрылып руынан қыз бала» [5, 264], – деген жолдар арқылы қыздың «жат жұрттық» саналып, өз еркінен тыс басқа руға, көбіне сүймеген адамға берілу трагедиясы баяндалады. Мұндағы «тірі айрылу» тіркесі – қыз тағдырының әлеуметтік дәрменсіздігін, оның рулық қоғамдағы объект ретіндегі статусын көрсететін реалистік шындық. Сондай-ақ, «Қыздың әні» туындысында:

«Неге өсті екен қыз байғұс сылауменен...

Анасынан одан да тумасайшы,

Өксігенше өмірі жылауменен» [5, 266] деген өкініш сарыны арқылы сүймеген адамға қосылудың ауырлығы, жеке тұлға бақытының дәстүр құрбанына айналуы өткір сыналады. Ғашықтық әндердегі мұң мен шер, ішкі нәзік сезімдер көбінесе қыз баланың атынан айтылады. Бұл заңдылықты ғалым К. Матыжанов ғұрыптық фольклор мен лириканың генезисі тұрғысынан түсіндіреді. Ол: «Фольклорлық туындылардың, әсіресе отбасылық-ғұрыптық жырлардың лирикалық бояуының қалың болуы – оны шығарушылар мен орындаушылардың негізінен әйелдер қауымы екендігімен тікелей байланысты» деп тұжырымдайды [7, 64]. Расында, «Қыздың әні», «Сыңсу» сарынындағы ғашықтық әндерде әйел жанының нәзіктігі мен мұңы басым түседі.

Әлеуметтік сарынды ғашықтық ән өлеңдерде зооморфтық символиканың – жануарлар бейнесінің ерекше иерархиялық қызмет атқаратыны байқалды. Халықтық танымда «сұңқар», «лашын» – тектіліктің, ал «қарға», «жапалақ», «қаншық» – лайықсыз болудың, әлеуметтік төмен деңгей немесе жағымсыз кейіпкердің символы ретінде қарама-қарсы қойылады. Бұл заңдылық «Абайкөк» әнінде айқын көрініс тапқан:

«Жапалақ жалбаң-қалбаң ұшар сайдан, Абайкөк,

Лашын құс қуып жетер әлде қайдан» [5, 34].

Мұндағы «лашын» (жігіт) мен «жапалақ» (бәсекелес немесе кедергі) арасындағы тартыс – махаббат жолындағы күрестің аллегориялық бейнесі. Бұл метафоралық жүйенің табиғатын академик А.Н. Веселовский терең ашып көрсетеді. Ол: «Халық поэзиясындағы параллелизм ұзақ уақыт қолданыс барысында тұрақты символға айналады: күйеу жігіт – сұңқар (аңшы) ретінде, ал қалыңдық – аққу, үйрек (олжа) ретінде бейнеленеді. Бұл – ежелгі тұрмыстық қатынастардың поэтикалық тілде тасқа басылғандай сақталып қалуы» [8, 147] деп тұжырымдайды.

Сол сияқты, «Қара қаншық» әнінде:

«Қоянды шалмай алар қара қаншық,

Сұңқарға жем тілеген болар талшық» [5, 225] делінеді. Бұл жолдардағы «сұңқарға» (текті жігітке) бұйырмаған олжаның (қыздың) «қара қаншыққа» (лайықсыз адамға) тап болуы – әлеуметтік теңсіздіктің ащы мысқылы ретінде берілген. Отандық ғалымдар зерттеуінде қазақ поэзиясындағы зооморфтық символизмге арнайы тоқталып: «Ақындар халықтың ішкі рухын, мінезін немесе қоғамдық қайшылықтарды көрсету үшін қасқыр, үкі, жылқы секілді жануарлар бейнесін мифтік және фантастикалық деңгейде қолданған» [9, 39] деп көрсетеді. Мәселен, «Қара қаншық» әніндегі ит бейнесі де жағымсыз кейіпкерді сипаттаудың мифтік-поэтикалық тәсіліне жатады.

Ғашықтық әндердің поэтикалық құрылымында «заттық детальдар», мәселен, орамал, жүзік, қамшы, хат, т.б. маңызды семиотикалық рөл атқарады. Бұл заттар – жай ғана тұрмыстық бұйым емес, ғашықтар арасындағы жасырын байланыстың, серттің немесе сағыныштың материалдық айғағы. Мәселен, «Орамал» әнінде:

«Орамалдың шетіне түйдім бидай,

Ақ қағаздың бетіне салдым шимай» [5, 296], – деген жолдар кездеседі. Орамалға түйілген бидай – молшылық пен бақыт тілеудің символы болса, қағазға түскен «шимай», яғни хат – ғашықтардың басқаға түсініксіз, тек екеуіне ғана аян құпия тілі. Ал «Ақдариға» әніндегі:

«Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі...

Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі» [5, 54] деген жолдарда «қамшы» – жігіттің серілік атрибуты болса, «қармақ» – қыз жүрегін жаулаудың (аңшылық кодтағы) метафорасы

ретінде қолданылған. Сонымен қатар «Алтын жүзік», «Күміс құман» сияқты детальдар әннің көркемдік кеңістігін нақтылап, сезімнің шынайылығын арттыра түседі.

Зерттеу барысында байқалған тағы бір маңызды поэтикалық ерекшелік – ғашықтық әндердегі диалогтық сипат. Көптеген әндер лирикалық қаһарманның монологы түрінде ғана емес, ғашықтардың өзара тілдесуі, сұрақ-жауабы немесе қайымдасуы үлгісінде құрылған. Бұл форма ғашықтардың рухани жақындығын, ой еркіндігін және сөз қағыстыру өнерінің жоғары деңгейін көрсетеді. Мәселен, «Сәулем-ай» әнінде:

«Әзіл сөзді айтамын айламенен,

Қалып еді көңілің қайда менен» [5, 307] деген жолдар арқылы жігіт қыздың көңіл-күйін сұраса, «Ей, қалқа» әнінде:

«Ей, қалқа, дәнекерсің айнадағы...

Өксітпей жауабыңды қайыр, сәулем» [5, 151] деп, ғашығынан нақты жауап күтеді. Мұндай диалогтық құрылымдар ән мәтініне драмалық сипат беріп, сезімнің шынайылығын арттыра түседі.

Ғашықтық лирикадағы көркемдік кеңістік пен уақыт (хронотоп) мәселесі де терең талдауды қажет етеді. Ән мәтіндерінде кездесетін топонимдер ғашықтық оқиғаның нақты географиялық ортасын белгілеп қана қоймайды, сонымен бірге туған жерге деген сүйіспеншілікті махаббат сезімімен ұштастырады. «Ертіс» әнінде:

«Ертістің ар жағында көрдім сені,

Сырғаңды қайық қылып, ай, сәулем, өткіз мені» [5, 158] деген жолдарда өзен – ғашықтарды бөліп тұрған шекара, кедергі ретінде алынса, «Қарқаралы» әнінде тау образы сағыныш пен мұңның биіктігін бейнелейтін символикалық кеңістікке айналады. Ғашықтық сезім көбінесе көш жолында, жайлауда, өзен жағасында өтеді, бұл көшпелі өмір салтының махаббат лирикасының сюжеттік желісіне тікелей әсер еткенін дәлелдейді.

ХХ ғасырда хатталған әндердегі ең тұрақты және трагедиялық сарын – «көш» немесе «айырылысу» мотиві. Көшпелі тұрмыста рулардың қоныс аударуы ғашықтардың бір-бірінен алыстауына, байланыстың үзілуіне себепші болған. Бұл жағдай «Қоғалы көл» әнінде:

«Барады аулым көшіп Қауланкөлге,

Жетемін қашан көшіп таудағы елге» [5, 247] деген үмітсіздік сарынымен беріледі. Ал «Жылыой» әнінде:

«Кең Жылыой – біздің елдің тиянағы,

Даусыңды ести алмадым қиядағы» [5, 186] деп, кеңістік пен қашықтықтың ғашықтық сезімге кедергі келтіруі психологиялық параллелизм арқылы суреттеледі. Көш – тек мекен ауыстыру емес, тағдырдың өзгерісі, бақыттың қолдан сусып кетуі ретінде беріледі.

Сондай-ақ, ән мәтіндердегі авторлық және фольклорлық сипаттың арақатынасы да назар аударарлық. Көптеген әндер («Ләйлім», «Ғазиза», «Зәуреш») бастапқыда Біржан сал, Мұхит, Естай сынды нақты тарихи тұлғаларға қатысты туындағанымен, халық арасында тараған нұсқаларында фольклорлық өңдеу ізі айқын байқалады. Мәселен, «Ләйлім» әнінде:

«Аққу едің таранған айдындағы...

Қол алысқан сертіңнен тайдың дағы» [5, 274] деген жолдар классикалық сал-серілер поэзиясына тән болса да, оның нұсқаларында халықтық қара өлең үлгілері кірігіп кеткенін аңғаруға болады. Бұл құбылыс ауызша дәстүрдегі авторлық туындының біртіндеп халықтық мұраға айналу процесін және ғашықтық сезімнің жекелік сипаттан жалпыұлттық сипатқа ауысқанын көрсетеді.

Ғашықтық ән өлеңдерінің типологиясы қазақ қоғамындағы әйел бейнесінің эволюциясын да айқындайды. Архаикалық фольклорда әйел тек рудың жалғастырушысы немесе пассив объект ретінде көрінсе, кейінгі лирикалық әндерде ол – өз сезімін ашық білдіретін, тағдыры үшін күресетін, ақыл-парасаты кемел тұлға, яғни субъект ретінде бейнеленеді. «Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің көркемдік трансформациясы фольклордан бастау алады. Халық әндеріндегі әйел – тек сұлулық объектісі ғана емес, қоғамдық нормаларға қарсы шыға алатын, ішкі рухы биік, қайсар кейіпкер» [10, 657].

«Қыздың әні» циклiндегі шығармалар осының айқын дәлелі. Мәселен, әннің бір нұсқасында:

«Анасынан одан да тумасайшы,

Өксігенше өмірі жылауменен» [5, 266] деп, қыз бала өз тағдырына наразылық білдіріп, қоғамдық әділетсіздікке қарсы үн қатады. Бұл әндердегі лирикалық «Мен» – дәстүр мен жеке бас бостандығы арасындағы қайшылықты терең сезінетін, рухани жағынан толысқан бейне.

Нәтижелер. XX ғасырдағы музыкалық-этнографиялық жинақтарда хатталған қазақ ғашықтық әндерін кешенді түрде зерттеу нәтижесінде олардың мазмұндық-поэтикалық ерекшеліктеріне қарай үш негізгі типологиялық топқа жіктелетіні ғылыми тұрғыдан дәйектелді. Атап айтқанда, ғашық жардың идеалды бейнесін сомдауға бағытталған «портреттік-эстетикалық тип», сезім динамикасы мен ішкі күйзелісті бейнелейтін «психологиялық-эмоционалдық тип» және қоғамдық қайшылықтарды көрсететін «әлеуметтік-қарсылық типі» айқындалды. Бұл жіктеу халықтық лириканың біркелкі емес, көпқырлы күрделі жүйе екенін дәлелдейді.

Зерттеу барысында портреттік сипаттамаға құрылған әндердегі халықтық эстетиканың тұрақты формулалары жүйеленді. «Қарақат көз», «алма мойын» сияқты эпитеттер мен ғашық жарды Айға, Күнге, Шолпан жұлдызға балау секілді космогониялық теңеулердің жиі қолданылуы – қазақ халқының сұлулықты жоғары эстетикалық және сакралды деңгейде қабылдағанын көрсетеді. Нәтижесінде, бұл әндердегі портрет нақты адамның суреті емес, этностың сұлулық туралы идеалды түсінігінің жиынтық бейнесі екені анықталды. Фольклортанушы Альберт Лордтың теориясына сүйенсек: «Ауызша дәстүрдегі ақын сұлулықты суреттеу үшін дайын «формулаларды» (тұрақты тіркестерді) қолданады. Бұл формулалар тыңдаушыға таныс болғандықтан, образды қабылдауды жеңілдетеді және дәстүр сабақтастығын сақтайды» [11, 204].

Психологиялық типтегі әндерді талдау нәтижесінде оқиғалық баяндаудан гөрі сезім динамикасының басымдығы нақтыланды. «Зар», «шер», «арман», «күйік» категориялары лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесінің күйзелісін көрсететін негізгі концептілер ретінде айқындалды. Ғашықтық сезімнің физиологиялық және психологиялық әсері терең лиризммен берілгені, ал «арман» түсінігінің қол жетпес бақыт пен тағдырдың жазмышы ретіндегі философиялық астары ашылды.

Әлеуметтік-қарсылық сарынындағы әндерде зооморфтық символиканың иерархиялық қызмет атқаратыны дәлелденді. «Аққу», «қаз» бейнелері пәктікті білдірсе, «сұңқар», «лашын» (тектілік) және «қарға», «жапалақ» (теңсіздік) образдарының қарама-қайшылығы қоғамдық әділетсіздікті бейнелеудің аллегориялық құралы екені негізделді. Сондай-ақ «қалың мал» мен «еріксіз неке» мәселелерінің көтерілуі – махаббат тақырыбының әлеуметтік трагедияға ұласуын көрсететін нәтиже ретінде тіркелді.

Поэтикалық тілдік құралдарды зерделеу барысында «орамал», «жүзік», «хат», «қамшы» сияқты тұрмыстық заттардың семиотикалық мәні ашылды. Бұл детальдар жай ғана заттық бұйым емес, ғашықтар арасындағы серт пен уәденің, сағыныш пен аманаттың шартты белгісі екені ғылыми тұрғыдан дәйектелді. Заттық детальдардың қолданылуы сезімнің шынайылығын арттырып, мәтіннің көркемдік кеңістігін нақтылай түсетіні анықталды.

Зерттеу нәтижелері XX ғасырда хатқа түскен фольклорлық әндердегі әйел бейнесінің статикалық объектіден белсенді субъектіге ауысқанын көрсетті. Қыз баланың өз тағдыры үшін күресі, еркіндікке ұмтылысы және қоғамдық әділетсіздікке қарсы наразылығын ашық білдіруі – қазақ қоғамындағы тұлғалық сананың өскендігін айғақтайды. Сонымен қатар, ғашықтық оқиғалардың «көш», «жайлау», «өзен» бойында өтуі – хронотоптың көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты екенін, ал диалогтық форманың ғашықтардың рухани теңдігін білдіретінін тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Қорытынды. XX ғасыр мұраларындағы қазақ ғашықтық ән өлеңдерінің поэтикалық жүйесін типологиялық тұрғыдан зерделеу нәтижелері халықтық лириканың көркемдік-

эстетикалық және танымдық маңызының аса зор екенін айғақтады. Жұмыс барысында ұсынылған портреттік, психологиялық және әлеуметтік жіктелім фольклорлық мәтіндердің ішкі мазмұндық байлығын жүйелі түрде ашуға мүмкіндік берді. Авторы ұмытылып, халықтық сипат алған бұл туындылар – жай ғана сезім жырлары емес, этностың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық көзқарастары мен этикалық нормаларының көркемдік жиынтығы.

Зерттеу қорытындысы бойынша, халық ақындары ғашықтық сезімді тек жеке бастың құмарлығы емес, биік адамгершілік және эстетикалық мұрат ретінде жырлаған. Арудың портретін сомдаудағы космогониялық және табиғи теңеулер этностың сұлулық туралы танымының сакралды сипатын көрсетсе, «зар», «мұң», «арман» категориялары лирикалық қаһарманның жан дүниесінің тереңдігі мен сезім тұрақтылығын дәлелдеді. Ғашықтық әндердегі әлеуметтік сарын мен қарсылық мотиві халықтың әділетсіздікке, ескі салттың қыспағына деген наразылығының және тұлға еркіндігіне ұмтылысының айқын көрінісі ретінде бағаланды.

Ән мәтіндеріндегі зооморфтық метафоралар, тұрақты эпитеттер және заттық детальдардың семиотикалық қызметі сараланып, олардың ұлттық кодты тасымалдаушы маңызды құрал екені нақтыланды. Әсіресе, әйел бейнесінің пассивті объектіден белсенді күрескер субъектіге дейін өсу эволюциясы халықтық сананың даму динамикасын көрсетті. Хронотоптық ерекшеліктер, яғни оқиғаның көш жолында немесе табиғат аясында өтуі, махаббат лирикасының көшпелі өмір салтымен тығыз байланысын дәйектеді.

Қорыта айтқанда, іргелі фольклорлық жинақтарда сақталған және XX ғасырда хатталған ғашықтық әндер – қазақ халқының рухани мәдениетін, ұлттық менталитетін, эстетикалық талғамын және философиялық көзқарасын танытатын құнды мұра. Бұл әндерде халықтың махаббат, адалдық, сағыныш, арман, айырылысу, әлеуметтік теңсіздік сияқты адамзаттық және ұлттық мәселелерге қатысты түсініктері көркем бейнеленеді. Ғашықтық әндердің мазмұны мен поэтикалық құрылымынан белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамдық қатынастардың, отбасы құндылықтарының және адамның жеке сезімін қабылдау ерекшеліктерінің де көрінісін байқауға болады.

Аталған фольклорлық мұраның көркемдік ерекшелігі оның лирикалық мазмұны мен поэтикалық бейнелеу құралдарының сабақтастығынан аңғарылады. Ән мәтіндерінде портреттік-эстетикалық сипаттау, психоэмоциялық күйді жеткізу, табиғат пен адам сезімін қатар суреттеу, әлеуметтік қарсылықты білдіру секілді поэтикалық типтер өзара тоғысып отырады. Бұл ерекшеліктер ғашықтық әндердің тек сезім лирикасы ғана емес, халықтың тарихи-әлеуметтік және мәдени санасын танытатын күрделі фольклорлық жанр екенін көрсетеді.

Сонымен қатар XX ғасырда хатқа түскен ғашықтық әндерді зерттеу фольклорлық мәтіндердің тарихи өзгерісін, ауызша дәстүрден жазба нұсқаға өту үдерісін және олардың әр кезеңдегі сақталу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Жинақталған мәтіндерді салыстыра талдау арқылы тұрақты поэтикалық мотивтермен қатар, уақыт пен орындаушылық ортаға байланысты өзгеріске ұшыраған элементтерді де айқындауға болады. Бұл өз кезегінде қазақ халық әндерінің жанрлық және поэтикалық табиғатын тереңірек түсінуге жол ашады.

Сондықтан бұл мұраны бүгінгі әдебиеттану ғылымы тұрғысынан жаңаша пайымдау, мәтіндердің поэтикалық ерекшеліктерін жүйелеу және олардың типологиясын жасақтау – ұлттық фольклордың теориялық мәселелерін зерделеу үшін маңызды. Ғашықтық әндердің көркемдік жүйесін зерттеу арқылы халықтың дәстүрлі дүниетанымы мен қазіргі әдеби сананың арасындағы сабақтастықты айқындауға болады.

Әдебиеттер

1. Abdimanuly O., Dossanova N.Zh. Kazakh poetry of the early XX century in the context of the world poetic tradition // Philology series of Al-Farabi Kazakh National University. – 2021. – №2(182). – P. 96-107. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph11

2. Winner, T. G. The Oral Art and Literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. – Durham: Duke University Press, 1958. – 269 p.

3. Хакимьянова А.М. Башкирские народные лирические песни: поэтическое своеобразие жанра: автореф. дис. канд. филол. наук: 10.01.09. – Уфа, 2014. – 26 с.

4. Қондыбай М.М., Әбдиманұлы Ө., Тирадо Р.Г. Әнші-ақындар шығармашылығындағы сұлулық сипатының көркемдік ерекшелігі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2025. – №1. – Б. 132-141. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.13

5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. —Астана: Фолиант, 2013. – 440 б.

6. Қоңыратбай Т. Б.Г. Ерзакович – қазақ музыка мәдениетін зерттеуші (фольклорлық-этнографиялық шығармашылығы) // Túrkologıa. – 2024. – № 2(118). – Б. 1-17. DOI: 10.59358/ayt.1444195

7. Матыжанов К.С. Казахский фольклор – прочный фундамент и стержень духовности // Contemporary Issues of Literary Studies-International Symposium Proceedings. – 2020. – Т. 14. – P. 60-68.

8. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград: Гослитиздат, 1940. – 648 с.

9. Kozhashev M., Temirbolat A., Tleubayev S., Aisultanova K., Sargeltayeva A. Genre and Stylistic Originality of Kazakh Poetry of the First Half of the Twentieth Century // Cuadernos de Investigación Filológica. – 2025. – Vol. 57. – P. 27-45. DOI: http://doi.org/10.18172/cif.6323

10. Orda, G., Sarsenbayeva, Z., Sultanova, B., Abilkhaiyrov, N., & Abdrakhmanova, K. Artistic transformation of the female image in Kazakh literature // Mankind Quarterly, 2021. – №61(3). – P. 653-668. DOI: https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16

11. Lord, A. B. The Singer of Tales (2nd ed.). – Cambridge: Harvard University Press. – 2000. – 307 p.

А.С. САДЫҚ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ПОЭТИЧЕСКАЯ ТИПОЛОГИЯ КАЗАХСКОЙ ЛЮБОВНОЙ ЛИРИКИ

Аннотация. В данной статье исследуются казахские народные любовные песни, зафиксированные в XX веке. Основная цель работы – научная разработка поэтической и содержательной типологии лирических произведений, авторы которых забыты, а сами тексты приобрели фольклорный характер. В ходе исследования комплексно применялись методы типологического, структурно-поэтического и герменевтического анализа. В результате анализа любовная лирика была классифицирована на три основные типологические группы: портретно-эстетическую, психолого-эмоциональную и социально-протестную. Выявлено, что в песнях портретного характера через устойчивые эпитеты и космогонические сравнения создается идеальный образ возлюбленной, а в песнях психологического типа через категории «мечта», «печаль», «тоска» описываются внутренние переживания героя. Обосновано, что в песнях социального типа неравенство и протест против старых обычаев передаются посредством зооморфной символики и иерархической антитезы. Кроме того, в статье рассмотрены семиотическая функция предметных деталей в текстах песен, особенности хронотопа и эволюция женского образа. Выводы исследования доказывают, что традиционные казахские любовные песни являются не просто выражением чувств, а сложной художественной системой, сохраняющей национальный менталитет, этические нормы и эстетические ценности. Результаты работы вносят вклад в углубление жанровых исследований в фольклористике и литературоведении.

Ключевые слова: любовная лирика, народные песни, поэтическая типология, психологический параллелизм, фольклорные символы, эстетический идеал.

A.S. SADYK
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

POETIC TYPOLOGY OF KAZAKH FOLK LOVE SONGS

Annotation. This article investigates Kazakh folk love songs recorded in the 20th century. The main aim of the work is to develop a scientific poetic and content typology of lyrical works whose authors have been forgotten and which have acquired a folklore character. Typological, structural-poetic, and hermeneutic analysis methods were comprehensively applied during the research. Based on the analysis, love lyrics were classified into three main typological groups: portrait-aesthetic, psychological-emotional, and social-protest motives. It was determined that portrait songs create an ideal image of the beloved through stable epithets and cosmogonic similes, while psychological songs describe the character's internal distress through categories of "dream," "sorrow," and "longing." In songs of the social type, it is substantiated that inequality and resistance to old customs are conveyed through zoomorphic symbolism and hierarchical antithesis. Furthermore, the article considers the semiotic function of material details in song texts, features of the chronotope, and the evolution of the female image. The research conclusions prove that traditional Kazakh love songs are not merely expressions of feelings but a complex artistic system that preserves the national mentality, ethical norms, and aesthetic values. The results of the work contribute to deepening genre studies in folklore and literary criticism.

Keywords: love lyrics, folk songs, poetic typology, psychological parallelism, folklore symbols, aesthetic ideal.

References

1. Abdimanuly O., Dossanova N.Zh. Kazakh poetry of the early XX century in the context of the world poetic tradition // Philology series of Al-Farabi Kazakh National University. – 2021. – №2(182). – P. 96-107. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v182.i2.ph11

2. Winner, T. G. The Oral Art and Literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. – Durham: Duke University Press, 1958. – 269 p.

3. Hakimänova A.M. Başkirskie narodnye liricheskie pesni: poeticheskoe svoeobrazie janra: avtoref. dis. kand. filol. nauk: 10.01.09. – Ufa, 2014. – 26 s.

4. Qondybai M.M., Äbdimanūly Ö., Tirado R.G. Änşı-aqyndar şyğarmaşylyğyndağy sūlulyq sipatynyñ körkemdık erekşelıgı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2025. – №1. – B. 132-141. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.13

5. Babalar sözı: Jüztomdyq. —Astana: Foliant, 2013. – 440 b.

6. Qoñyratbai T. B.G. Erzakovich – qazaq muzyka mädenietın zertteuşı (fölklorlyq-etnografialyq şyğarmaşylyğy) // Túrkologıa. – 2024. – № 2(118). – B. 1-17. DOI: 10.59358/ayt.1444195

7. Matyjanov K.S. Kazahski fölklor – prochnyi fundament i sterjen duhovnosti // Contemporary Issues of Literary Studies-International Symposium Proceedings. – 2020. – T. 14. – P. 60-68.

8. Veselovski A.N. İstoricheskaia poetika. – Leningrad: Goslitizdat, 1940. – 648 s.

9. Kozhashev M., Temirbolat A., Tleubayev S., Aisultanova K., Sargeltayeva A. Genre and Stylistic Originality of Kazakh Poetry of the First Half of the Twentieth Century // Cuadernos de Investigación Filológica. – 2025. – Vol. 57. – P. 27-45. DOI: http://doi.org/10.18172/cif.6323

10. Orda, G., Sarsenbayeva, Z., Sultanova, B., Abilkhaiyrov, N., & Abdrakhmanova, K. Artistic transformation of the female image in Kazakh literature // Mankind Quarterly, 2021. – №61(3). – P. 653-668. DOI: https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16

11. Lord, A. B. The Singer of Tales (2nd ed.). – Cambridge: Harvard University Press. – 2000. – 307 p.

Автор туралы мәлімет:

Садық Ақбота Серікқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Садык Акбота Сериккызы – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Sadyk Akbota Serikkyzy – Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ГРНТИ 17.82.10
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.24

***Ш.Б. САПАШ**[1]

С.Ш. ТАХАН[2]

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан[1]
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан[2]
(e-mail: shynar852@gmail.com[1], takhan_serik@mail.ru[2])

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ КАЗАХСКОЙ ДРАМАТУРГИИ В ОТЕЧЕСТВЕННОМ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ 1960–1980-Х ГОДОВ

Аннотация. Встатьерассматриваютсяключевыеподходыкисследованиюказахской национальной драматургии, сложившиеся в отечественном литературоведении в 1960–1980-х годах. Внимание уделяется анализу трудов С.Ордалиева, А.Тажибаева, М.Дуйсенова, Е.Жакыпова и Р.Нургали, в которых зафиксированы важнейшие этапы развития драматургического жанра в Казахстане, его связь с историко-социальным контекстом, национальными фольклорными традициями и эстетическими поисками времени. Обозревая вклад каждого исследователя, авторы статьи стремятся выявить общие методологические установки, внутренние различия и эвристический потенциал их концепций. Особое внимание уделено вопросам жанровой эволюции, типологии драматургических конфликтов, а также интеграции фольклорно-эпического материала в структуру сценического произведения.

Рассматриваемые исследования демонстрируют широкий спектр интерпретаций, от историко-дескриптивного анализа до философской герменевтики трагического конфликта, раскрывающего ценностные основания национального бытия.

Обзорный характер статьи сочетается с элементами сравнительного анализа, позволяющими выявить динамику формирования научного взгляда на драму как жанр в казахской литературе. Представленные наблюдения могут быть использованы как основа для дальнейших исследований в области истории и поэтики казахского театра, а также в контексте более широких гуманитарных дискуссий о национальной идентичности и трансформациях культурного сознания в Центральной Азии.

Ключевые слова: казахская драматургия, литературоведение, трагический конфликт, культурная память, фольклор

Введение. Становление казахской драматургии хронологически совпало с утверждением советской власти. В связи с этим национальная литература оказалась под жестким политическим контролем. Развиваясь в условиях идеологического прессинга, драматургия была вынуждена балансировать между сохранением идентичности и требованиями социалистического реализма. Через механизмы стандартизации, централизации и канонизации литературы и искусства формировалась новая культурная модель, в которой национальные образы, сюжеты и символы либо вытеснялись, либо переосмысливались в духе партийной идеологии.

В 1960–1980-е годы в казахском литературоведении наблюдается усиление интереса к драматургии. Появляются обобщающие монографии и аналитические труды, в

которых авторы не только систематизируют фактический материал, но и вырабатывают устойчивые исследовательские подходы к осмыслению природы и функции драмы в национальной культуре. Среди таких исследователей следует выделить С.Ордалиева, А.Тажибаева, М.Дуйсенова, Е.Жакыпова, Р.Нургали. Однако эти труды создавались в условиях методологической нормативности советской науки. Целью данной статьи является выявление и анализ ключевых научных моделей исследования казахской драмы в контексте постсоветской деконструкции культурных канонов.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью переосмысления советского периода литературной науки в Казахстане, где драма занимала особое место как жанр, сочетающий художественное мышление, идеологическую риторику и коллективные архетипы. В фокусе – способы интерпретации трагического, формы драматургического конфликта, а также место национального материала в структурах сценического текста.

Методика и методы исследования. Материалом исследования являются ключевые монографические труды, опубликованные в Казахстане в 1960–1980-е годы и посвящённые становлению национальной драматургии: «Қазақ драматургиясының очеркі» Сейдилды Ордалиева [1], «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» Абдильды Тажибаева [2] , «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі» Мырзабека Дуйсенова [3], «Дастаннан драмаға» Есенгелды Жакыпова [4] и корпус работ академика Рымгали Нургали 1960–1980-х годов, включая «Трагедия табиғаты» [5], «Талант тағдыры» [6], «Драма өнері» [7].

Монографии рассматриваются как самостоятельные научные концепции, в которых казахская драматургия осмысляется сквозь призму жанровой типологии, структуру конфликта, поэтики и эстетической функции. Сравнение осуществляется по ряду критериев: историко-литературный контекст, методологические основания, стиль анализа, опора на фольклор, философская глубина интерпретации. Также учитываются идеологические рамки, в которых формировались литературоведческие исследования советского периода.

Методологической основой исследования является сравнительно-аналитический подход, позволяющий сопоставить теоретические модели, выработанные в рамках советского литературоведения, с точки зрения жанровой классификации, идейно-эстетического содержания и степени философской глубины анализа. Учитываются как дескриптивные (описательно-исторические), так и интерпретативные (концептуально-философские) парадигмы, представленные в трудах исследователей.

В качестве дополнительной теоретической базы привлекается концепция культурной памяти. Согласно этой модели, различаются коммуникативная и культурная память – первая ограничена тремя-четырьмя поколениями, тогда как вторая закрепляется в символических формах и институтах, обеспечивая историческую преемственность и идентичность сообщества [8]. Эта концепция позволяет интерпретировать внимание исследователей к фольклору и эпосу как к форме сохранения институционализированной коллективной памяти народа в литературных текстах.

Применение этих подходов позволяет интерпретировать казахскую драматургию как не только литературный, но и культурно-исторический феномен, отражающий процессы деконструкции и реконфигурации национального сознания в постсоветскую эпоху.

Обсуждение и наблюдение. Исследование драматургии раннего этапа осложнено несколькими фактами. Во-первых, многие архивные источники этого периода утеряны. Во-вторых, сохранившиеся советские труды часто необъективны из-за политической цензуры. Поэтому необходимо переосмыслить жанровые и идейные основы казахской драмы, отделить художественную ценность от идеологии.

1. Одним из первых ключевых исследований в этой области является труд С.Ордалиева «Очерк казахской драматургии». Автор анализирует эволюцию жанра с момента зарождения до 1960 годов. Среди пьес дореволюционного времени, которые стали импульсом для развития театрального искусства, Ордалиев рассматривает пьесы «Надандық құрбаны» К.Тогысова, «Манап» А.Лиханова, «Малдыбай», «Үйшік-үйшік»,

«Байғұстар» И.Мендыканова, написанные между 1910 и 1918 годами. Параллельно с развитием театра зарождалась и театральная критика. Значительный вклад в этот процесс внесли Г.Тогжанов и И.Жансугуров. Их работы представляли собой научную рефлексию, следующую непосредственно за художественным актом. Несмотря на некоторую фрагментарность ранней критики, она определила вектор дальнейшего научного дискурса. Ранний этап развития советской казахской драмы неразрывно связан с Октябрьской революцией 1917 года. Смена политического строя привела к трансформации содержания литературных текстов. Авторы сосредоточились на разъяснении новых ценностей и критике старого быта. Главными темами стали классовое неравенство и свобода женщин. У истоков этого направления стояли Сакен Сейфуллин, Беимбет Майлин и Сабит Муканов. Творчество Ильяса Жансугурова ярко иллюстрирует тенденции 1930 годов. Так, в драме «Кек» он показал трагедию коллективизации, в «Турксибе» раскрыл межнациональные и классовые противоречия. Драма «Исатай-Махамбет» изображает национально-освободительное восстание против царской колониальной системы.

Стремительное развитие казахской драмы в 1930-е годы неразрывно связано с именем Мухтара Ауэзова. Ауэзов обогатил репертуар театров переводами шедевров мировой и русской драматургии. В своих произведениях («Тас түлек», «Тартыс», «Алма бағында», «Шекарада») он создавал образ новой советской действительности. Ключевой темой его драматургии стало формирование казахской интеллегенции, вынужденной делать выбор в условиях жесткого идеологического раскола общества. Это борьба ценностных систем: с одной стороны – традиционные формы жизни (родовые устои, ислам, авторитет старейшин, укоренённый в степной культуре образ мышления), с другой стороны – советский проект модернизации (новая мораль, культ труда, классовая борьба, образ «нового человека», ориентация на коллектив и пролетарскую идеологию).

Визуализация данных с использованием Power BI оказалась полезным инструментом для представления результатов исследования в наглядной и доступной форме. Интерактивные дашборды и графики позволяют не только исследователям, но и широкой аудитории лучше понять изменения в темах, стилях и образах в казахской литературе на протяжении времени. Однако визуализация данных также требует осторожного подхода, так как она может упрощать сложные литературные концепции и создавать риск чрезмерного упора на количественные данные в ущерб качественному анализу.

Тематическое моделирование позволяет выявить темы, которые ранее могли оставаться незамеченными или недооцененными в литературоведческих исследованиях. К примеру, возможные выводы о том, что в казахских коротких рассказах последних десятилетий наблюдается усиление интереса к вопросам личной идентичности и глобализации, что отражает более широкие культурные и социальные процессы, происходящие в стране. Анализ текстов с использованием NLP показывает эволюцию языка и стиля в казахской литературе, от более традиционных и простых форм к более сложным и экспериментальным. Эти изменения могут свидетельствовать о влиянии глобальных литературных тенденций на казахскую литературу и изменении читательских предпочтений. Исследование также позволяет выявить изменения в изображении персонажей, особенно женщин и представителей разных социальных групп. Например, как в более ранних текстах персонажи часто изображались в традиционных ролях, тогда как в современных рассказах наблюдается тенденция к более сложным и многослойным изображениям, что отражает изменение социальных и культурных норм.

Кроме того, результаты, полученные с помощью ИИ, требуют тщательной интерпретации. Автоматизированный анализ, хотя и может выявить новые закономерности, не всегда способен учесть весь контекст и сложность литературного текста. Это подчеркивает необходимость комбинирования цифровых методов с традиционными литературоведческими подходами. Стоит также учитывать, что иногда предвзятость алгоритмов и интерпретация данных в отрыве от контекста могут приводить к искажениям. Эти вопросы требуют дальнейшего изучения и разработки рекомендаций по этическому использованию ИИ в литературоведении.

Таким образом, результаты наблюдения и исследования, имеющейся литературы по теме, подтверждают необходимость интеграции цифровых методов в литературоведческие исследования, одновременно подчеркивая важность критического подхода к интерпретации данных, полученных с использованием ИИ. Таким образом, открывают новые перспективы для дальнейших исследований и использования цифровых технологий в анализе литературы Казахстана.

Результаты. Исследование, направленное на изучение эволюции жанра короткого рассказа в казахской литературе с использованием методов и инструментов искусственного интеллекта (ИИ) и цифровых технологий, предполагает получение ряда значимых

результатов, которые могут существенно обогатить существующее научное знание и предложить новые интерпретации литературного наследия Казахстана. "XX-XXI ғасырлар тоғысында өмірімізге енген сандық инновациялар ақпаратты жеткізудің жаңа технологиялық нысандарының әлеуетін іске асыруға мүмкіндік берді" [11, 189].

Одним из главных результатов исследования станет автоматизированное выявление ключевых тем и мотивов, которые доминировали в казахской литературе на протяжении всего развития жанра. С помощью алгоритма Latent Dirichlet Allocation (LDA) будет проведен тематический анализ большого корпуса текстов казахских коротких рассказов. Предполагается, что исследование сможет выявить и систематизировать основные темы, такие как социальная справедливость и борьба за права, национальная идентичность и культурное наследие, влияние глобализации и современные вызовы, личная свобода и поиск самовыражения и т. п. Эти результаты позволят лучше понять, как изменялись приоритеты и культурные ценности казахского общества на протяжении времени, а также какое отражение они находили в литературе. Ожидается, что будут выявлены как общие темы, характерные для разных периодов, так и специфические мотивы, присущие конкретным историческим контекстам.

Исследование с использованием методов обработки естественного языка (NLP) позволит провести детальный анализ изменений в лексике и синтаксисе казахских коротких рассказов. Результаты, полученные в ходе такого анализа, помогут исследователям лучше понять, как изменялся литературный язык под влиянием исторических, культурных и глобальных факторов. Ожидается, что исследование покажет, как изменения в обществе влияли на стиль и язык писателей, а также как авторы адаптировались к новым литературным тенденциям. Это касается и произведений на казахском языке, и на русском языке.

Исследование повзолит выявить значительные изменения в изображении персонажей и их ролей в казахских коротких рассказах. С помощью анализа персонажей будет проведено исследование их характеристик и социальных ролей. Среди них можно особо выделить изменение изображений женщин и представителей различных социальных групп, переход от традиционных ролей к более сложным и многослойным изображениям персонажей, отражение изменений в социальном и культурном статусе различных групп через их литературные образы. Это позволит выявить, как социальные и культурные трансформации находили отражение в изображении персонажей казахских рассказов, а также как менялось восприятие этих ролей в литературе на протяжении времени.

Одним из важных этапов исследования является визуализация данных с помощью Power BI. Ожидается создание интерактивных дашбордов и графиков, которые позволят визуализировать динамику изменений ключевых тем и мотивов в литературе на протяжении времени, представить изменения в стиле и языке текстов, используя диаграммы и графики, показывающие частотность использования определенных слов и выражений, создать карты персонажей, показывающие их взаимосвязи и эволюцию ролей в литературных текстах и мн. др. Визуализация результатов сделает их доступными не только для узкого круга исследователей, но и для широкой аудитории, включая преподавателей, студентов и любителей литературы. Эти наглядные инструменты помогут лучше понять сложные литературные процессы и способствуют популяризации произведений казахской литературы.

Исследование также предполагает сравнение результатов, полученных с помощью ИИ, с традиционными методами литературоведческого анализа. Ожидается, что это сравнение выявит совпадения и расхождения в выявленных темах, мотивах и стилистических особенностях, новые интерпретации, которые могли бы остаться незамеченными при традиционном анализе, возможные ограничения и преимущества цифровых методов в сравнении с традиционными подходами. Такого рода сравнительный анализ позволит оценить, насколько эффективно цифровые методы могут дополнять традиционные литературоведческие подходы и в каких случаях их использование является наиболее оправданным.

Полученые результаты возможно использовать в качестве основы для разработки рекомендаций по использованию инструментов и методов ИИ и цифровых технологий в гуманитарных науках. К ним можно отнести методы минимизации предвзятости алгоритмов и улучшения точности интерпретации данных; практические советы по интеграции цифровых методов в литературоведческие исследования. Рекомендации по визуализации данных и их представлению для широкой аудитории. Эти и многие другие рекомендации могут быть полезны как для исследователей, так и для образовательных учреждений, стремящихся интегрировать цифровые методы в свои учебные и научные программы.

Эффективность данного исследования подтверждается результатми, полученными зарубежом, так, например, был проведен анализ характеристик пяти главных героев произведения "A Dream of Red Mansions" посредством инмтрументов ИИ. Исследователи на основе полученных результатов отмечают: "This shows that in the context of artificial intelligence and big data, the prediction of fictional characters' personalities through literary intelligence analysis is helpful for us to understand the humanistic spirit or social idea behind literary works in a deeper and objective way. This research method is a beneficial supplement to the traditional literature and art research" [12, 297].

Заключение. Все вышеперечисленные результаты исследования внесут значительный вклад в развитие казахстанской науки и культуры. Анализ эволюции жанра короткого рассказа с использованием инструментов и методов ИИ также позволит углубить понимание культурного наследия Казахстана и его литературных традиций. Будет способствовать сохранению и популяризации казахской литературы как внутри страны, так и за ее пределами. Создаст основу для дальнейших исследований, направленных на изучение других литературных жанров и их развитие в контексте казахской культуры, что, в свою очередь, безусловно будет способствовать укреплению научного потенциала Казахстана в области гуманитарных наук и интеграции казахстанских исследований в мировое научное сообщество.

Таким образом, предполагаемые результаты исследования охватывают широкий спектр научных и практических достижений, которые могут существенно обогатить знания о казахской литературе, предложить новые подходы к её изучению и внести вклад в развитие гуманитарных наук в Казахстане.

Литература

1. Moretti F. Distant Reading. – London: Verso, 2013. – 254 p.
2. Моретти Ф. Дальнее чтение / пер. с англ. А. Вдовина, О. Собчука, А. Шели. — М.: Гайдара, 2016. – 352 с.
3. Blei D.M., Ng A.Y., Jordan M.I. Latent Dirichlet Allocation // Journal of Machine Learning Research. – 2003. – №3. – P. 993-1022.
4. Jockers M.L. Text Analysis with R for Students of Literature. Quantitative Methods in the Humanities and Social Sciences. – Cham: Springer, 2014. – 194 p.
5. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества / Сост. С.Г. Бочаров. — М.: Искусство, 1986. – 445 с.
6. Досанова А.М., Жұматаева З.Н., Аширханова Қ.М. Білімберу үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. – №2. – Б. 191-201. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.19.
7. Tanimura C. SQL for Data Analysis. – Sebastopol CA: O'Reilly Media, 2021. – 360 p.
8. Ramsay S. Reading Machines: Toward an Algorithmic Criticism. – Urbana: University of Illinois Press, 2011. – 112 p.
9. Jockers M.L. Macroanalysis: Digital Methods and Literary History. – Urbana: University of Illinois Press, 2013. – 208 p.

10. Underwood T. Distant Horizons: Digital Evidence and Literary Change. Chicago: University of Chicago Press, 2019. – 228 p.

11. Секей Ж., Аманғазықызы М. Көркем сөз өнеріндегі желілік әдебиет ұғымы: тарихы, ерекшелігі // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. — 2024. – №1. – Б. 188-200 DOI: https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp188-200.

12. Yuan Y. Analysis of fictional characters in the context of artificial intelligence and big data: taking A Dream of Red Mansions for example // Digital Scholarship in the Humanities. – 2022. – № 37 (1). – P. 289-297. DOI: https://doi.org/10.1093/llc/fqab064.

В.В. СИРЯЧЕНКО
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Б.К. БАЗЫЛОВА
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Ж. СЕКЕЙ
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУГЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ДЕРЕКТЕРДІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетіндегі қысқа әңгіме жанрының эволюциясын зерттеу мақсатында жасанды интеллект (AI) әдістері мен деректерді визуализациялау интеграциясы қарастырылады. Қазақ әдеби дәстүрінде маңызды рөл атқаратын қысқа әңгіме жанры Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік және мәдени өзгерістерді көрсетеді. Power BI арқылы деректерді визуализациялаумен бірге мәтінді талдау үшін AI құралдарын пайдалану дәстүрлі әдебиеттануды талдауға айтарлықтай мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қазақ әдебиетіндегі даму барысында Қазақ қысқа әңгімесіне тән тақырыптағы, мотивтердегі және бейнелердегі өзгерістерге қатысты жанрдың дамуындағы жасырын заңдылықтар мен үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Деректерді құрылымдау үшін SQL құралдарын, оларды визуализациялау үшін Power BI және мәтіндерді тақырыптық және стилистикалық талдау үшін AI алгоритмдерін пайдалану қазақ әдебиетіне тән негізгі тақырыптарды, мотивтер мен бейнелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада алгоритмдердің біржақтылығы, деректердің дәлдігі және цифрлық технологияларды пайдаланудың этикалық аспектілері мәселелерін қоса алғанда, гуманитарлық зерттеулерде AI қолданумен байланысты ықтимал сын-қатерлерге ерекше назар аударылады. Power BI көмегімен деректерді визуализациялау талдау нәтижелерін көрнекі түрде ұсынуға ықпал етеді, оларды кең аудиторияға қол жетімді етеді және түсіндіруді жеңілдетеді. Жасанды интеллект көмегімен алынған нәтижелерді дәстүрлі әдеби әдістермен салыстыру Қазақ әдебиеті туралы бұрыннан бар білімді байыта отырып, жаңа түсіндірулер мен гипотезаларды анықтауға көмектеседі. Қорытындылай келе, қазақ әдебиеттануында AI мен цифрлық технологияларды одан әрі пайдалану перспективалары талқыланып, олардың Қазақстанның гуманитарлық ғылымдары мен зерттеу әлеуетін дамыту үшін маңыздылығын атап өтті. Мақала әдеби зерттеулерге AI интеграциясын жеделдетуге үлес қосады және Қазақстанның әдеби мұрасын зерделеудің жаңа тәсілдерін ұсынады.

Түйін сөздер: Қазақ әдебиеті, қысқа әңгіме, жасанды интеллект (AI), деректерді визуализациялау, Power BI және SQL құралдары.

V. SIRYACHENKO
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
B. BAZYLOVA
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
ZH. SEKEY
Shakarim University, Semey, Kazakhstan

OPPORTUNITIES AND CHALLENGES OF INTEGRATING AI AND DATA VISUALIZATION IN THE STUDY OF KAZAKH LITERATURE'S EVOLUTION

Annotation. This article examines the integration of artificial intelligence (AI) and data visualisation methods to study the evolution of the short story genre in Kazakh literature. The short story genre, which plays a significant role in the Kazakh literary tradition, reflects the social and cultural changes that have taken place in Kazakhstan. The application of AI tools for text analysis, combined with data visualisation via Power BI, has the potential to significantly expand the possibilities of traditional literary analysis. That will, however, reveal hidden patterns and trends in the development of the genre, concerning changes in themes, motifs and images characteristic of the Kazakh short story over the course of its development in Kazakh literature.

The application of SQL tools for data structuring, Power BI tools for data visualisation and AI algorithms for thematic and stylistic analysis of texts could provide a deeper understanding of key themes, motifs and images characteristic of Kazakh literature. The article pays particular attention to the potential challenges associated with the application of AI in humanities research, including issues of algorithm bias, data accuracy, and ethical aspects of digital applications. Data visualisation through Power BI contributes to clearer presentation of the results of the analysis, making them accessible to a wide audience and facilitating interpretation. Comparing the results obtained through the application of AI with traditional literary methods will help to identify new interpretations and hypotheses, enriching existing knowledge about Kazakh literature. It concludes with a discussion of the prospects for further application of AI and digital technologies in Kazakh literary studies, emphasising their importance for the development of the humanities and Kazakhstan's research potential. The article contributes to accelerating the integration of AI into literary studies and suggests new approaches to the study of Kazakhstan's literary heritage.

Keywords: Kazakh literature, short story, artificial intelligence, data visualisation, Power BI and SQL tools.

References

1. Moretti F. Distant Reading. – London: Verso, 2013. – 254 p.
2. Moretti F. Dälnee chtenie / per. s angl. A. Vdovina, O. Sobchuka, A. Şeli. — M.: Gaidara, 2016. – 352 s.
3. Blei D.M., Ng A.Y., Jordan M.I. Latent Dirichlet Allocation // Journal of Machine Learning Research. – 2003. – №3. – P. 993-1022.
4. Jockers M.L. Text Analysis with R for Students of Literature. Quantitative Methods in the Humanities and Social Sciences. – Cham: Springer, 2014. – 194 p.
5. Bahtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva / Sost. S.G. Bocharov. — M.: İskustvo, 1986. – 445 s.
6. Dosanova A.M., Jūmataeva Z.N., Aşirhanova Q.M. Bılımberu üderısıne jasandy intelektını kırıktıru: tılderdı oqytu // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2024. – №2. – B. 191-201. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.19.
7. Tanimura C. SQL for Data Analysis. – Sebastopol CA: O'Reilly Media, 2021. – 360 p.
8. Ramsay S. Reading Machines: Toward an Algorithmic Criticism. – Urbana: University of Illinois Press, 2011. – 112 p.
9. Jockers M.L. Macroanalysis: Digital Methods and Literary History. – Urbana: University of Illinois Press, 2013. – 208 p.

10. Underwood T. Distant Horizons: Digital Evidence and Literary Change. Chicago: University of Chicago Press, 2019. – 228 p.

11. Sekei J., Amanğazyqyzy M. Körkem söz önerındegı jelılık ädebiet ūğymy: tarihy, erekşelıgı // Ş. Uälihanov atyndağy KU habarşysy. Filologia seriasy. — 2024. – №1. – B. 188-200 DOI: https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp188-200.

12. Yuan Y. Analysis of fictional characters in the context of artificial intelligence and big data: taking A Dream of Red Mansions for example // Digital Scholarship in the Humanities. – 2022. – № 37 (1). – P. 289-297. DOI: https://doi.org/10.1093/llc/fqab064.

Авторлар туралы мәлімет:

Сиряченко Виктория Владимировна – философия докторы (PhD), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Сиряченко Виктория Владимировна – доктор философии (PhD), преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Siryachenko Viktoriya Vladimirovna – Doctor of Philosophy (PhD), Lecturer of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Базылова Бағлан Қуанышқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Базылова Баглан Куанышевна – кандидат филологических наук, доцент, профессор Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

Bazylova Baglan Kuanyshevna – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

Секей Жанбота – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің аға оқытушысы, Семей, Қазақстан.

Секей Жанбота – кандидат филологических наук, старший преподаватель университета имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан.

Sekey Zhanbota – Candidate of Philological Sciences, senior lecturer of Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.07.31
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.26

***Е. Н. ТОҚТАРБАЙ**[1]

Қ. А. ӘУБӘКІРОВА[2]

А. О. ТОҚСАМБАЕВА[3]

Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан[1,2,3]
(e-mail: yeldos@toktarbay.com[1], kz.aubakirova@gmail.com[2], aiman-63@mail.ru[3])

[1]ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ОЯН» МОТИВІ

Аңдатпа. Мақалаға қазақ поэзиясына өз өрнегін салған философ ақын, Абай ақындық мектебінің бас шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясы арқау болған. Мақалада ақын поэзиясындағы «ояну» мотивінің поэтикалық және дүниетанымдық табиғаты қазіргі гуманитарлық ғылымдағы постотарлық әдебиет теориясы аясында кешенді түрде талданады. Ақын шығармашылығы ұлттық әдебиет тарихында ресми түрде ақталған кезеңнен бері тұрақты зерттеліп келе жатқанына қарамастан, оның поэзиясындағы рухани тәуелділік, сана бодандығы, ішкі ояну және ой еркіндігі мәселелері постотарлық теориялық тұрғыдан арнайы қарастыруды қажет етеді.
Зерттеудің мақсаты – Шәкәрім поэзиясындағы «ояну» мотивін тек ағартушылық немесе моральдық үндеу ретінде ғана емес, отарлық жағдайда қалыптасқан ұлттық сананы серпілтуге бағытталған көркем-танымдық концепт ретінде анықтау. Осы мақсатқа жету үшін ақынның дидактикалық-философиялық өлеңдері, ғылым, надандық, адамдық, жауапкершілік, білім мен билік арақатынасы туралы ойлары поэтикалық мәтін негізінде талданады.
Мақалада мәтіндік-герменевтикалық, поэтикалық-структуралық, семантикалық және концептуалдық талдау әдістері қолданылып, оян мотивінің лирикалық субъектіні қалыптастырудағы, поэтикалық үндеуді ұйымдастырудағы, этикалық бағдар берудегі және ұлттық сананы оятудағы қызметі айқындалады. Сонымен қатар, салыстырмалы-типологиялық тәсіл арқылы Шәкәрім поэзиясындағы оян идеясының қазақ ағартушылық дәстүріндегі орны мен өзіндік ерекшелігі көрсетіледі.
Зерттеу нәтижесінде Шәкәрім шығармашылығы постотарлық әдебиет теориясы тұрғысынан рухани деколонизацияның көркем формасы ретінде негізделеді. Ақын поэзиясындағы ояну мотиві сыртқы отарлық үстемдіктен бұрын саналық тәуелділікті еңсеруге бағытталған ішкі қарсылық дискурсы ретінде қарастырылады.
Ғылымды абсолютті игілік деп қабылдамай, оны адам ниетіне тәуелді күш ретінде пайымдауы Шәкәрімді білім мен билік қатынасын сыншыл тұрғыда бағалаған ойшыл деңгейіне көтереді.
Мақала Шәкәрім поэзиясын қазіргі постотарлық зерттеулер контексінде қайта пайымдауға, оның көркемдік және философиялық әлеуетін жаңа теориялық қырынан тануға үлес қосады. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеттану ғылымындағы Шәкәрімтану бағытын әдіснамалық тұрғыда байытып, ақын мұрасын заманауи гуманитарлық ой кеңістігімен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік береді.
Түйін сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы, мотив теориясы, оян мотиві, постотарлық әдебиет, интеллектуалдық сана, тарихи жад, ар кодексі.

[1]*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» атты ғылыми жоба аясында әзірленді.*

Кіріспе. Ақын, философ, Алаш ұлт азаттық қозғалысының Орталық тұлғасы Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясы – қазақ әдебиетінің алтын қорына енген рухани қазына. Оның шығармалары ұлттық ойлау жүйесі, тарихи жад пен этикалық танымның көркем көрінісі болып табылады. Ақын шығармашылығы қазақ сөз өнерінің дамуында классикалық деңгейге көтерілген құбылыс ретінде бағаланады. Оның поэзиясы терең философиялық мазмұнымен, адам, қоғам, ғылым, мораль, дін, тарих мәселелерін кең аяда жан-жақты қамтуымен ерекшеленеді [1, 33]. Шәкәрім мұрасы – дәстүр мен жаңашылдықты, ұлттық рух пен әмбебап адамзаттық құндылықтарды ұштастырған көркем ой жүйесі.

Шәкәрім шығармашылығы XX ғасырдың алғашқы жартысында саяси себептермен ұзақ уақыт ғылыми айналымнан тыс қалды. Ақын есімі мен еңбектері кеңестік идеологияның қатаң бақылауы жағдайында ресми түрде мойындалмай, тыйым салынған мұра қатарында қалды. Тек XX ғасырдың соңында, нақтырақ айтқанда, 1989 жылы Шәкәрімнің ресми түрде ақталуынан кейін ғана оның поэзиясы мен философиялық еңбектері ұлттық әдебиеттану ғылымында жүйелі түрде зерттеле бастады [2, 19]. Осы кезеңнен бері ақын мұрасы текстологиялық, биографиялық, философиялық, діни-этикалық, салыстырмалы әдебиеттанулық тұрғыда қарастырылып, көптеген ғылыми еңбектерге арқау болды. Дегенмен, Шәкәрім поэзиясын зерттеу ісі белгілі бір деңгейде дәстүрлі әдіснамалық шеңберде қалып қойғанын да атап өту қажет. Көп жағдайда ақын шығармашылығы ағартушылық, мораль философиясы, дін мен иман мәселелері немесе Абай дәстүрінің жалғасы ретінде ғана пайымдалып келеді [3, 7]. Бұл бағыттағы зерттеулер Шәкәрім мұрасының мәнін ашуда маңызды болғанымен, оның поэзиясындағы тарихи сана, отарлық жағдайдағы ұлт тағдыры, рухани тәуелділік пен азат ой мәселелері толық көлемде зерделенді деп айту қиын. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі гуманитарлық ғылымдағы жаңа бағыттардың бірі – постотарлық әдебиет теориясы аясында Шәкәрім поэзиясын қайта пайымдау өзекті болып табылады.

Постотарлық теория отарлық тәжірибеден өткен халықтардың әдебиетіндегі билік, үстем дискурс, танымдық тәуелділік, рухани бодандық, ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы сияқты мәселелерді талдауға мүмкіндік береді. Қазақ қоғамы да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында отарлық қысым мен рухани трансформацияны бастан өткергені белгілі. Ал Шәкәрім поэзиясы дәл осы тарихи кезеңдегі ұлттық сананың ішкі күйзелісін, ой еркіндігіне ұмтылысын, «ояну» идеясын терең көркемдік деңгейде бейнеледі.

Ақынның надандықты сынауы, ғылым мен ақылға үндеп, адамдық пен ар-ұятты басты өлшем етуі – тек жеке моральдық бағдарлама емес, отарлық жағдайдағы рухани тәуелділіктен арылуға бағытталған ішкі қарсылық формасы ретінде де қарастыруды талап етеді. Шәкәрімнің «ояну» мотиві, білім мен ғылымға қатысты ұстанымдары, залымдық пен зұлым билікке қатысты астарлы ойлары постотарлық дискурс тұрғысынан ұлттық сананы серпілтуге бағытталған көркем стратегия ретінде танылуы мүмкін.

Сондықтан Шәкәрім поэзиясын постотарлық әдебиет теориясы аясында зерттеу – ақын мұрасына сырттан таңылған бағалардан арылып, оның шығармашылығын тарихи-әлеуметтік контекстпен сабақтастыра отырып, жаңа қырынан тануға жол ашады. Мұндай тәсіл Шәкәрім поэзиясындағы ояну идеясын, ғылым мен адамдық жауапкершілік концепциясын, ұлттық болмыс пен рухани еркіндік мәселелерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, ақын мұрасы тек өткеннің ескерткіші емес, қазіргі заманғы гуманитарлық ой үшін де өзектілігін жоғалтпаған интеллектуалдық кеңістік ретінде қайта бағалануға тиіс.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Жалпы Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби-философиялық мұрасы – қазақ рухани мәдениетінің іргелі арналарын құрайтын күрделі де көпқырлы құбылыс. Ақын шығармашылығы тәуелсіздік жылдарынан бастап жүйелі түрде зерттеліп, оның поэтикасы, дүниетанымы, философиялық-этикалық концепциясы, тілдік ерекшелігі мен рухани сабақтастығы әр қырынан зерделене бастады. Осы бағыттағы іргелі зерттеулердің қатарында Ш.Сәтбаева, Б.Әбдіғазиұлы, А.Еспенбетов, Б.Момынова еңбектері айрықша орын алғанын атауға болады. Мысалы, Ш.Сәтбаева зерттеулерінде

Шәкәрім шығармашылығы ұлттық әдеби дәстүр мен әлемдік философиялық ой жүйесі аясында қарастырылады [4, 46]. Ғалым ақын поэзиясындағы адамгершілік, ар-ұждан, иман, әділет категорияларын негізгі өзек ретінде алып, Шәкәрім дүниетанымының сопылық және шығыстық философиямен сабақтастығын терең талдайды. Ал Б.Әбдіғазиұлы Шәкәрім поэзиясының көркемдік жүйесін, жанрлық табиғатын, өлең құрылымы мен стильдік ерекшеліктерін арнайы қарастырған зерттеушілердің бірі [5, 147]. Ғалым ақын шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық арақатынасын, поэтикалық тілдің байлығын, символдық бейнелер жүйесін талдай отырып, Шәкәрімнің қазақ жазба әдебиетіндегі жаңаша көркемдік сапа қалыптастырғанын айқындайды. Әбдіғазиұлы еңбектері Шәкәрім поэзиясын эстетикалық тұрғыдан зерделеуімен ерекшеленеді.

Әдебиетші А.Еспенбетов еңбектерінде Шәкәрім шығармашылығы тарихи-әдеби процесс контексінде қарастырылады. Зерттеуші ақын мұрасын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік ахуалмен, Алаш идеяларымен, ағартушылық оймен байланыстыра талдайды. Еспенбетов Шәкәрім поэзиясындағы ұлттық сана, тарихи жады, елдік мұрат мәселелеріне ерекше мән беріп, ақын шығармашылығын ұлттық әдеби дамудың маңызды кезеңі ретінде бағалаған. Лингвист Б. Момынова зерттеулерінде Шәкәрім шығармалары лингвистикалық және когнитивтік тұрғыдан қарастырылады. Ғалым ақын тіліндегі ұғымдық жүйені, діни-философиялық терминдердің қолданысын, концепт деңгейіндегі мағыналық құрылымдарды талдай отырып, Шәкәрім поэзиясының терең семантикалық қабаттарын ашады [7, 93]. Момынова еңбектері Шәкәрім тілінің ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысын ғылыми негізде дәлелдеуімен құнды екенін айтуға болады.

Ал осы зерттеу жұмысы барысында Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы «оян» мотивінің поэтикалық және философиялық қызметін кешенді түрде ашу мақсатында әдебиеттану ғылымында орныққан бірқатар теориялық және аналитикалық әдістер қолданылды. Әуелі мәтіндік-герменевтикалық талдау әдісі пайдаланылды. Аталған әдіс арқылы ақын өлеңдерінің ішкі мағыналық құрылымы, астарлы идеялары, символдық жүйесі мен дүниетанымдық мазмұны мәтін контексінде қарастырылды. Бұл тәсіл оян мотивінің тек тақырыптық белгі нышан емес, тұтас көркемдік концепт ретінде қалыптасуын ашуға мүмкіндік берді.

Екіншіден, поэтикалық-структуралық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс өлеңнің композициялық құрылымын, лирикалық субъектінің позициясын, интонациялық ерекшеліктерін, қайталау, қаратпа сөз, бұйрық рай формалары сияқты поэтикалық тетіктердің оян мотивін күшейтудегі қызметін анықтауға бағытталды.

Үшіншіден, семантикалық талдау әдісі негізге алынды. Өлең мәтініндегі «ояну», «надандық», «ғылым», «ақыл», «адам» ұғымдарының мағыналық өрісі айқындалып, олардың өзара байланысы мен мәтін ішіндегі функционалдық жүктемесі талданды. Бұл әдіс оян мотивінің танымдық және этикалық мазмұнын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік берді.

Төртіншіден, концептуалдық талдау әдісі қолданылды. Ақын поэзиясындағы ғылым, адам, мораль, жауапкершілік ұғымдары өзара байланысқан тұтас концепт ретінде қарастырылып, оян мотивінің дүниетанымдық жүйедегі орны айқындалды.

Бесіншіден, салыстырмалы-типологиялық әдіс ішінара пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы Шәкәрім поэзиясындағы оян мотивінің қазақ ағартушылық поэзиясындағы (Абай дәстүрі) ортақ және дара сипаттары анықталып, ақындық ерекшелігі көрсетілді.

Алтыншыдан, әдеби-философиялық интерпретация әдісі қолданылды. Өлеңдегі ғылымның амбивалентті табиғаты, білім мен зұлымдықтың арақатынасы, адамдық жауапкершілік мәселелері философиялық тұрғыда пайымдалып, поэтикалық мәтіннің экзистенциялық қырлары ашылды. Сонымен қатар, жүйелеу және жинақтау әдістері арқылы алынған тұжырымдар біртұтас ғылыми қорытындыға біріктірілді.

Талқылау мен бақылау. Көркем әдебиетте мотив ұғымы шығарманың идеялық өзегін құрайтын, қайталанып отыратын мағыналық құрылым ретінде танылады. Әсіресе

ағартушылық бағыттағы поэзияда мотив белгілі бір тарихи-әлеуметтік сұраныстан туындап, автордың дүниетанымын жүйелі түрде танытады. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде «оян» мотиві ұлттық сананың серпілісін бейнелейтін жетекші көркемдік тетікке айналған-тын.

Ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясында бұл мотив ұрандық сипаттан гөрі философиялық мазмұнмен тереңдеген. Ақын адамды сыртқы әрекетке емес, ішкі рухани сергектікке, саналы ойлауға, білім мен арға негізделген өмірге шақырады. Сондықтан Шәкәрім поэзиясындағы «оян» мотивін теориялық тұрғыдан анықтап, оның қызметін нақты көркем мәтін арқылы талдау – ақын мұрасын терең түсінудің маңызды бағыты [3, 55]. Әдебиеттануда мотив – шығарманың идеялық-мағыналық жүйесінде қайталанып отыратын, кейіпкер әрекеті мен авторлық позицияны байланыстыратын тұрақты ұғым [8, 79]. «Оян» мотиві – рухани немесе интеллектуалдық сергектікке көшу үдерісін білдіретін көркемдік категория [8, 80]. Ол көбіне «ұйқы – ояну», «надандық – білім», «селқостық – жауапкершілік» сияқты т.с.с. бинарлық оппозициялар арқылы танылады. Мысалы, Шәкәрім поэзиясында «оян» мотиві – адам санасының жетілуін, рухани жауапкершіліктің артуын, сондай-ақ білім мен ой еңбегіне бет бұруды бейнелейді. Бұл мотив ақын шығармашылығында бір сәттік серпіліс қана емес, үздіксіз рухани қозғалыс ретінде көрініс
табады.

Ақын поэзиясындағы «Оян» мотивінің негізгі поэтикалық қызметтерін әдеби-теориялық тұрғыдан қарастырайық. Жалпы Шәкәрім поэзиясындағы «оян» мотиві бірнеше қызмет атқарады: бірінші, дүниетанымдық қызмет. Ояну арқылы адам өзін, өмірдің мәнін, қоғамдағы орнын таниды. Екінші, ағартушылық қызмет. Ақын оянуды білім мен ғылым арқылы жүзеге асатын үдеріс деп түсіндіреді. Үшінші, этикалық қызмет. Ояну – ар-ұжданның іске қосылуы, әділет пен адалдыққа бет бұру мағынасында сипатталады. Төртінші, ұлттық сана қызметі. Яғни, жеке адамның оянуы – тұтас қоғамның жаңғыруына бастайтын алғашқы қадам.

Тегінде, Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы «оян» мотивінің поэтикалық қызметі көпқабатты әрі жүйелі құрылған. Мәселен, ақын шығармаларында мотив бір ғана тақырыптық белгі емес, өлең құрылымын, лирикалық субъектінің позициясын және оқырманмен қатынас тәсілін айқындайтын негізгі поэтикалық тетік қызметін атқарады. Мотивтің басты поэтикалық функцияларын былайша жіктеуге болады:

Бірінші, лирикалық субъектіні қалыптастыру қызметі деп шартты қарайық. Оян мотиві Шәкәрім поэзиясында лирикалық субъектіні пассив бақылаушыдан белсенді ой иесіне айналдырады. Ақын «мен» арқылы сөйлей отырып, өз тұлғасын абсолютті ақиқат иесі ретінде емес, оянып үлгерген, бірақ әлі де ізденісте жүрген адам ретінде көрсетеді. Әсіресе, 1904-1907 жылдары Абай ақын өмірден өткеннен кейінгі шақта жазған өлеңдерін де дамушы бейнесінің әр түрлі сипатын байқауға болады. Бұл мотив лирикалық кейіпкерді ойланған, күмәнданған, өзін де, қоғамды да сынай алатын тұлға деңгейіне көтереді. Сөйтіп, «оян» мотиві лирикалық субъектінің рефлексиялық болмысын қалыптастырады.

Екінші, поэтикалық үндеуді ұйымдастыру қызметі. «Оян» мотиві өлеңнің интонациялық табиғатын анықтайды. Шәкәрім поэзиясында бұл мотив көбінесе лепті сөйлем, бұйрық рай формалары немесе тікелей қаратпа сөздер арқылы көрінеді. Мұның нәтижесінде өлең тек эстетикалық көркем мәтін ғана емес, үндеу сипаты басым поэтикалық актіге айналады. Ақын оқырманмен сырттай сырласпайды, оны тікелей диалогқа тартады. Осы тұрғыдан алғанда, оян мотиві поэзияны монологтан диалогқа айналдыратын қызмет атқарады.

Үшінші, танымдық (гносеологиялық) қызметі. «Оян» мотивінің маңызды поэтикалық қызметтерінің бірі – таным процесін көркем бейнелеу. Шәкәрім шығармаларында ояну деген надандықтан арылу, білім алу, Алланың дидарын көру, ақиқаттан ізденіске өту, сенімсіз қабылдаудан саналы ұғынуға бет бұру т.б. құндылық ретінде айқын көрініс табады. Поэзияда ғылым, ақыл, ой ұғымдарының метафораланууы – осы танымдық қызметтің көркем нәтижесі. Өлең табиғаты оқырманын ойлауға мәжбүрлейді.

Төртінші, этикалық бағдар беру қызметі. «Оян» мотиві Шәкәрім поэзиясында тек ақыл-ойға бағытталмаған. Адамгершілік жақсы қасиет пен «Толық адам» құндылығына да бағытталған. Ояну – мінезді түзеу, жауапкершілікті мойындау, жағымсыз қылық сияқты этикалық әрекеттермен сабақтас беріледі. Бұл мотив арқылы адамдықтың өлшемін, ар мен ұяттың поэтикалық моделін, рухани жетілу жолын көрсетеді. Сөйтіп, оян мотиві Шәкәрім поэзиясында моральдық компас қызметін атқарады.

Бесінші, ұлттық сананы ояту қызметін де анық байқаймыз. Шәкәрім поэзиясында оян мотиві тек жеке адамның табиғатымен ғана шектелмейді. Ол «қазақ», «ел», «жұрт» ұғымдарымен ұштаса отырып, ұлттық сананы серпілтуге бағытталады. Поэтикалық тұрғыдан бұл мотив жеке тағдырды ұлт тағдырымен байланыстырып, жеке адамның басындағы өкінішті тарихи сабаққа айналдырады. «Мұтылғанның өмірі» поэмасы тек өз өмірін ғана суреттеген шығарма емес, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ зиялыларының аянышты тағдырын танытатын туынды деп тануға болады. Жалпы осы поэмасы оян мотивінің әлеуметтік-поэтикалық қызметін ерекше атқарған.

«Жасымнан жетік білдім түрік тілін» өлеңінің мазмұнына назар аударсақ:

Оятқан мені ерте Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры.
Талпынып орыс тілін үйренумен
Надандықтың тазарып, кетті кірі [9, 62]. Бұл өлең – Шәкәрімнің интеллектуалдық өмірбаяны ғана емес, рухани ояну концепциясының көркем көрінісі. Ақын өз білім жолын көрсету арқылы оянудың негізгі тетігі – тіл, оқу, ізденіс екенін дәлелдейді. Өлеңде ол шығыс және батыс мәдениетін қатар меңгеруге ұмтылғанын айтады. Мұнда «оян» мотиві жеке бастың таным көкжиегін кеңейту арқылы жүзеге асады. Ақын үшін ояну – бір ғана ұлттық шеңберде қалмау, әлемдік оймен тілдесу. Бұл – қазақ поэзиясында сирек кездесетін интеллектуалдық сергектік моделінің көрінісі.

«Сен ғылымға болсаң ынтық» өлеңі – Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы ғылым, ояну және адамдық жауапкершілік идеяларын ең толық, ең жүйелі түрде жинақтаған дидактикалық-философиялық өлеңдердің бірі [10, 39]. Бұл өлеңді жай «насихат» деп қабылдау тарлық етеді. Осы өлеңде терең поэтикалық концепция, күрделі этикалық жүйе және ояну мотивінің көпсатылы қызметі бар. Шәкәрім дидактизмді бейнелі салыстыру, табиғат метафоралары, парадокстық ой мен риторикалық сұрақтар арқылы көркем деңгейге көтереді.

Толғауда табиғат образдары тұтас бір этикалық кодекс жасағанын көреміз. Мысалы, күн – надандық қараңғылығын адамдық таңына айналдыратын жарық, түн – перде, от – жылу, үміт ретінде бейнеленсе, жер, жел, су т.б. метафоралар арқылы Шәкәрім оянған адамның мінез моделін жасайды [11, 312]. Яғни, ояну – мінездің, болмыстың, қоғаммен қарым-қатынастың толық өзгеруі.

Ақын осы өлеңінде:

Білген ердің бол шәкірті,
Білмегенді қыл шәкірт.
Үйренуге қылма намыс,
Үйретуге болма кер [12, 104], – деп тағы да білім алуға, ізденуге шақырады. «Оян» мотивінің ағартушылық сипаты басым түседі. Ойшыл ақын ғылымның амбивалентті табиғатын асқан шеберлікпен ашып, «Дүниені түзетуші, һәм бұзушы – бір ғылым» деп түйіндеген. Бұл – Шәкәрім ойшылдығының ең биік нүктесі. Бір сөзбен айтқанда, аталған өлең Шәкәрім поэзиясындағы ояну философиясының манифесі.

«Насихат» өлеңі – Шәкәрім поэзиясындағы «оян» мотивінің моральдық-этикалық қырын айқын көрсететін көркем мәтін. Өлеңде ақын адамды өмірдің алдамшы қызығына алданып қалмай, терең ойға, ар тазалығына шақырады. Мұнда ояну дүниенің өткіншілігін түсіну арқылы жүзеге асады. Ақын оқырманды өз-өзіне есеп беруге, жалған құндылықтан арылуға, рухани байлықты бірінші орынға қоюға үндейді. Бұл – «оян» мотивінің тәрбиелік қызметін айқындайды.

«Ғылым бір кенің ғой» деген өлеңде оян мотиві тікелей білім мен ғылым ұғымымен байланыстырылады. Шәкәрім ғылымды сарқылмас қазына ретінде сипаттай отырып, надандықты рухани ұйқы күйі ретінде бағалайды [11, 40]. Ақын үшін ғылым – адамды қараңғылықтан шығаратын, ойды оятатын күш. Өлеңде білімге ұмтылу тек жеке жетістік емес, қоғамдық жауапкершілік ретінде танылады. Бұл тұрғыдан алғанда, оян мотиві әлеуметтік мәнге ие болып, ұлттың болашағын айқындайтын факторға айналады.

«Адамдық борышың» өлеңі – ақын поэзиясындағы адам, қоғам және рухани жауапкершілік мәселелерін жинақтаған бағдарламалық туындылардың бірі. Бұл шығарма Шәкәрімнің этикалық-философиялық дүниетанымын айқын көрсетіп, оның «ояну», «адам болу», «қоғам алдындағы парыз» ұғымдарын көркем поэзия тілімен жүйелеп берген. Өлеңнің негізгі өзегі – адамдық борыш ұғымы [13, 5]. Шәкәрім үшін адамдық борыш жеке басының қамын ғана ойлау емес, қоғамнан оқшау рухани ізденіс те емес, адам ретінде өмір сүрудің моральдық өлшемі. Ақын адамдық борышты халыққа қызмет ету, әділеттілікке ұмтылу, ар-ұятты сақтау ұғымдарымен тығыз байланыстырады. Бұл борыш – сырттан таңылған міндет емес, саналы түрде мойындалған ішкі жауапкершілік [10, 81].

Профессор Ө.Әбдиманұлының пікіне сүйенсек, «Адамдық борышың» өлеңі Шәкәрім поэзиясындағы оян мотивінің логикалық жалғасы іспетті. Егер ояну – сананың серпілісі болса, адамдық борыш – сол серпілістің іс-әрекетке айналған формасы [14, 31]. Ақын адамды оянуға, ойлануға, содан кейін әрекет етуге шақырады. Бұл тұрғыда өлеңдегі борыш ұғымы оятылған сананың этикалық нәтижесі ретінде көрінеді.

Постотарлық әдебиеттің басты белгілерінің бірі – «біз кімбіз?» деген сұрақтың үздіксіз қойылуы. Ұлттың тілі, діні, дүниетанымы, салт-дәстүрі отарлық тәжірибеден кейін қайта қаралып, әдебиет ұлттық болмысты жаңғырту мен қайта құрастыру алаңына айналады. Бұл үдеріс көбіне идеализация емес, сыншыл пайым арқылы жүзеге асады [15, 63]. Постотарлық әдебиет теориясы тұрғысынан қарағанда, Шәкәрім шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі рухани деколонизацияның қайнар көзі деп бағалануға тиіс. Мысалы, оның «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» поэмалары, «Әділ-Мәрия» романы және «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (1911), «Мұсылмандық шарты» (1911) деген ғылыми еңбектерінде ұлттық идентификация сауалына жауап іздегенін байқаймыз. Осы аталған шығармаларында ұлттық код пен болмыс туралы ақын өз тұжырымын ғылыми тұрғыда дәлелдеп, нақтылықпен айқындаған [16, 549]. Ақын отарлық билікті ашық саяси ұранмен әшкерелеуге ұмтылмайды, керісінше, оның ең қауіпті салдарын – саналық тәуелділікті, ой еркіндігінің тұмшалануын, рухани енжарлықты поэтикалық-философиялық деңгейде талдайды. Бұл – постотарлық теорияда маңызды орын алатын «көрінбейтін үстемдік» мәселесімен толық үндес құбылыс.

Нәтижелер. Шәкәрім поэзиясындағы ояну мотиві постотарлық контексте отарланған сананың серпілісі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Ақын үшін ояну – тек білім алуға шақыру емес, дайын таным үлгілерін, сырттан таңылған ақиқаттарды сын тұрғысынан қайта қарау әрекеті [10, 38]. Бұл тұрғыдан алғанда, Шәкәрім ағартушылығы метрополиялық білім жүйесін соқыр түрде қабылдау емес, ұлттық ойлау дербестігін қалпына келтіруге бағытталған ішкі қарсылық формасы болып табылады.

Постотарлық теорияда кең таралған «ішкі отарлану» ұғымы Шәкәрім шығармашылығында ерекше көркемдік шешім табады. Ақын надандықты жеке адамның кемшілігі ретінде емес, тарихи жағдайда қалыптасқан ұжымдық психологиялық дерт ретінде көрсетеді [16, 552]. Ол халықты айыптамайды, бірақ санасыздықты ақтамайды. Осы арқылы Шәкәрім поэзиясы отарлық жүйенің ең тұрақты тірегі – өз еркіндігін сезінбейтін сана екенін дәл бейнелейді.

Шәкәрімнің ғылым туралы пайымдары да постотарлық тұрғыда аса мәнді. Ақын ғылымды әмбебап құтқарушы күш ретінде абсолюттендірмейді. Керісінше, «дүниені түзетуші һәм бұзушы – бір ғылым» деген тұжырымы арқылы ол білімнің билікпен, зорлықпен, үстемдікпен ұштасу қаупін алдын ала ескертеді. Бұл – постотарлық теориядағы білім мен билік қатынасы мәселесіне сай келетін терең философиялық

көзқарас [17, 8]. Шәкәрім үшін басты мәселе – ғылымның кімнің қолында, қандай ниетпен қолданылатыны.

Сонымен қатар, Шәкәрім поэзиясы постотарлық әдебиетке тән мәдени гибридтіліктің айқын үлгісін көрсетеді. Ақын шығыстық мораль философиясын, исламдық дүниетанымды, қазақтың дәстүрлі этикалық ұстанымдарын және батыстық рационал ойлау элементтерін бір поэтикалық жүйеге тоғыстырады. Бұл синтез отарлық жағдайда ұлттық мәдениеттің тек қорғану емес, өзін-өзі жаңғырту стратегиясын жүзеге асыруының көрінісі ретінде бағалануы тиіс. Ақын шығармашылығындағы дін мәселесі де «Оян» мотивінің негізгі элементі ретінде сипатталады. Профессор Е.Саурықов пікіріне сүйенсек, «Шәкәрімнің дүниетанымының негізгі ерекшелігі – дін және руханилық мәселесін қарастырумен өзіндік рухани-құндылықтық категориялардың жүйесі нұсыну болды. Ойшылдың рухани ізденістері бүгінгі күннің талаптары тұрғысынан қарасаңда құндылығымол рухани мұра. Ол адамдар бойындағы имандылық, діни-рухани тазалық мәселелерін қарастыра отырып, бірқатар ұсыныстары мен тұжырымдарын ұсынған» [18, 146]. Осылайша, Шәкәрім шығармашылығы постотарлық әдебиет теориясы аясында қарастырылғанда, ол тек ағартушы ақын немесе мораль философы және иллаһи поэзия өкілі ғана емес, ұлттық сананы отарлық тәуелділіктен арылтуға ұмтылған ойшыл-көркемгер ретінде танылады. Оның поэзиясы отарлық тәжірибені тікелей суреттемесе де, сол тәжірибенің адам санасында қалдырған ізін, рухани жарасын және одан шығу жолын терең көркемдік деңгейде көрсететін интеллектуалдық кеңістік болып табылады.

Қорытынды. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ояну» мотивін постотарлық әдебиет теориясы аясында қарастырған бұл зерттеу ақын мұрасының көркемдік, философиялық және дүниетанымдық әлеуетін жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Жұмыста Шәкәрім шығармашылығы тек ағартушылық немесе моральдық насихат деңгейінде шектелмей, отарлық жағдайдағы ұлттық сананың ішкі серпілісін бейнелеген терең интеллектуалдық құбылыс ретінде бағаланды.

Зерттеу нәтижелері Шәкәрім поэзиясындағы ояну идеясының көпқабатты сипатын айқын көрсетті. Ақын үшін ояну – бір мезеттік серпіліс немесе сыртқы білімге қол жеткізу емес, ең алдымен, адам санасының еркіндікке ұмтылуы, танымдық тәуелділіктен арылуы және рухани жауапкершілікті мойындауы. Бұл мотив лирикалық субъектінің қалыптасуында, поэтикалық үндеудің ұйымдасуында, өлең құрылымының логикалық қозғалысында және этикалық бағдардың айқындалуында негізгі поэтикалық тірек ретінде қызмет атқаратыны дәлелденді.

Постотарлықтұрғыданталдау Шәкәрімпоэзиясындағынадандықтысынауменғылымға үндеудің астарында жатқан терең тарихи-әлеуметтік мазмұнды ашуға мүмкіндік берді. Ақын сыртқы үстемдікті тікелей әшкерелеуден гөрі, отарлық жағдай қалыптастырған ішкі енжарлықты, саналық бодандықты басты қауіп ретінде көрсетеді. Осы арқылы Шәкәрім шығармашылығы рухани деколонизацияның көркем формасы ретінде айқындалып, ұлттық ойлау дербестігін қалпына келтіруге бағытталған ішкі қарсылық дискурсы ретінде бағаланды.

Зерттеу барысында Шәкәрімнің ғылым туралы көзқарасы да жаңаша пайымдалды. Ақын ғылымды абсолютті құндылық ретінде дәріптемей, оның адам ниетіне тәуелді амбивалентті табиғатын көрсету арқылы білім мен билік арақатынасының күрделілігін аңғартады. Бұл ұстаным Шәкәрімді постотарлық ой кеңістігіндегі сыншыл гуманизм өкілі ретінде танытады. Ғылымды дұрыс қолдану мәселесін адамгершілік өлшеммен байланыстыруы ақын поэзиясының этикалық салмағын арттырады.

Сонымен қатар, Шәкәрім поэзиясындағы табиғат метафоралары мен символдық жүйе оянған адамның мінез-құлқын, қоғаммен қарым-қатынасын бейнелейтін тұтас поэтикалық модель ретінде қарастырылды. Күн, ай, түн, су, от, жер, жел, бұлт бейнелері арқылы ақын адам болмысының тепе-теңдікке, жауапкершілікке және пайдалы әрекетке негізделген идеалын ұсынады. Бұл көркемдік жүйе ояну мотивінің тек идеялық емес, поэтикалық деңгейде де терең жүзеге асқанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, Шәкәрім поэзиясындағы «оян» мотиві – күрделі әрі көпқабатты көркемдік құбылыс. Ол адамның рухани, интеллектуалдық және моральдық жетілуін біртұтас жүйеде қамтиды. Асылында, бұл ақын шығармашылығының идеялық өзегі әрі оның поэтикалық ойлау жүйесін ұйымдастыратын басты механизм. Бұл мотив арқылы Шәкәрім адамды да, қоғамды да сыртқы өзгерістер арқылы емес, ішкі сергектік пен саналы әрекет арқылы жаңғыртуға ұмтылады. Постотарлық әдебиет теориясы аясында жасалған бұл зерттеу Шәкәрім мұрасын қазіргі гуманитарлық ғылымның өзекті мәселелерімен сабақтастырып, қазақ әдебиеттануындағы Шәкәрімтану бағытының теориялық-әдіснамалық көкжиегін кеңейтеді. Ақын поэзиясы бүгінгі күні де рухани тәуелсіздік, ой еркіндігі және адамдық жауапкершілік мәселелерін қайта ойлауға жетелейтін мағыналы интеллектуалдық кеңістік болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. Алаш мұрасы. ІІІ том. – Алматы: Алаш, 2005. – 328 б.

2. Шаһкәрім. Үзілмеген үміт. ІІІ том. Құраст.: Клара Серікбаева. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 664 б.

3. Шаһкәрім. Қажыма, ойым, қажыма. І том. Құраст.: Клара Серікбаева. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 408 б.

4. Сәтбаева Ш. Шәкәрім Құдайбердиев. Библиографиялық зерттеу. – Алматы: Қазақ КСР Білім қоғамы, 1990. – 50 б.

5. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбай. Семей-Новосибирск, 2006. – 398 б.

5. Шаһкәрім. Өкінішті ғұмыр. ІІ том. Құраст.: Клара Серікбаева. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 432 б.

6. Еспенбетов А. Шығармалар жинағы. І том. Монография. – Астана: Фолиант баспасы, 2014. – 368 б.

6. Bachelard, G. The Poetics of Reverie: Childhood, Language, and the Cosmos. – Boston: Beacon Press, 1969. URL: https://archive.org/details/poeticsofreverie0000bach

7. Durand, G. The Anthropological Structures of the Imaginary. – Boasis, 1999. URL: https://archive.org/details/anthropologicals0000dura

8. Cirlot, J. E. A Dictionary of Symbols. – London: Routledge, 1971. URL: https://archive.org/details/dictionary-of-symbols-by-j.-e.-cirlot-2nd-ed.-1971

9. Pimenova M.V., Balaşova N.P. Somaticheskie metafory luny v sovremennyh poeticheskih proizvedeniah // Gumanitarnyi vektor. Seria: Filologia, vostokovedenie. – 2015. – №4(44). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/somaticheskie-metafory-luny-v-sovremennyh-poeticheskih-proizvedeniyah (data obraşenia: 24.09.2025)

10. Orazbek M.S., Sagidullieva S.C. Lira Qonys şyğarmaşylyğyndağy mistikalyq, magialyq motivterdıñ interpretasialanuy // Keruen. – 2024. – T. 84. – №. 3. – S. 72-82. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-06

11. Omarova M. Qadır tünı: proza. – Almaty: Jalyn, 2012. – 320 b.

12. Jaqulaev Ä. Qazırgı qazaq prozasyndağy gotikalyq örnekter. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/20719 (qaraldy: 15.10.2018)

13. Ysqaq B.Ä. Mädina Omarova äñgımesındegı gotika mäselesı // İasaui universitetınıñ habarşysy. – 2023. – №3(129). – B. 98-110. URL: https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.07

Авторлар туралы мәлімет:

Утешова Асемгул Арыстанбаевна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Утешова Асемгул Арыстанбаевна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Uteshova Asemgul Arystanbaevna – doctoral student of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Мәтбек Нұрсұлу Құрманбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Матбек Нурсулу Курманбековна – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Matbek Nursulu Kurmanbekovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.82.30
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.28

*Т.С.АСҚАРОВА[1]
А.Ж.КАРИБЕКОВА[2]
Ж.Ж. АИТОВА[3]
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан[1,2]
Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан[3]
(e-mail: askarovagauhar520@gmail.com[1], Ak_torgyn-karibek@mail.ru[2], aitova_1@mail.ru[3])

*ЦИФРЛЫҚ ГУМАНИТАРИСТИКА АЯСЫНДА ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫ

Аңдатпа. Мақалада цифрлық гуманитаристика (Digital Humanities) негізінде ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың жаңа парадигмасы қарастырылады. Қазіргі цифрландыру жағдайында гуманитарлық білім беру мазмұнын жаңарту, әдеби мұраны оқытудың дәстүрлі әдістерін инновациялық технологиялармен ұштастыру — өзекті ғылыми-педагогикалық мәселелердің бірі. Осыған байланысты зерттеуде цифрлық гуманитаристиканың ғылыми-әдіснамалық мүмкіндіктері ежелгі дәуір әдебиетін оқыту үдерісімен сабақтастықта талданады.
Зерттеу барысында корпустық талдау платформалары (Voyant Tools, AntConc), цифрлық архивтер, ашық дерекқорлар, геоақпараттық жүйелер (GIS), желілік талдау (Network Analysis), сондай-ақ виртуалдық және толықтырылған шындық (VR/AR) технологияларының дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылды. Бұл құралдар студенттердің әдеби мәтінді тарихи, тілдік, мәдени және философиялық контексте кешенді талдау жасауына, зерттеушілік және интерпретациялық дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді.
Мақалада қазақстандық жоғары білім беру жүйесіне бейімделген ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың авторлық цифрлық дидактикалық моделі ұсынылады. Ұсынылған модель дәстүрлі әдеби талдау әдістерін цифрлық гуманитаристика құралдарымен ықпалдастырып, студенттердің зерттеушілік, сыни ойлау, цифрлық және пәнаралық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Зерттеу нәтижелері филология, педагогика және түркітану бағытындағы жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде пайдалануға болатын ғылыми-әдістемелік негіз болып табылады.
Түйін сөздер: ежелгі дәуір әдебиеті, цифрлық гуманитаристика, оқыту парадигмасы, дидактикалық модель, корпустық талдау, визуализация, пәнаралық интеграция.

Мақала Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2026 жылғы 21 мамырдағы №05-04/568 бұйрығы негізінде қаржыландыратын «Ежелгі әдебиетті интеграциялай оқыту: кросспәндік зерттеу аясында білім алушының ойлау траекториясын модельдеу» атты ғылыми жоба аясында әзірленді.

Кіріспе. Ежелгі дәуір әдебиеті – түркі халықтарының тарихи жады мен рухани мәдениетін бейнелейтін аса құнды жазба мұра. Оның құрамына «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштері, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», Қарахан дәуірінің әдеби мұралары («Құтадғу білік», «Диуани лұғат ат-түрік», «Ақиқат сыйы»), сондай-ақ сопылық әдебиет үлгілері («Диуани хикмет», «Бақырғани кітабы») енеді. Бұл шығармалар түркі өркениетінің тарихи, тілдік, философиялық және мәдени дамуын танытатын маңызды дереккөздер ретінде жоғары білім беру жүйесінде ерекше орын алады.

Соған қарамастан, жоғары оқу орындарында ежелгі дәуір әдебиетін оқыту тәжірибесінде бірқатар әдістемелік мәселелер сақталуда. Оқыту үдерісінде көбіне дәстүрлі мәтінтанулық тәсілдер басым қолданылып, студенттердің әдеби мәтінді тарихи, мәдени, тілдік және дүниетанымдық контексте кешенді талдауына жеткілікті мүмкіндік берілмейді. Соның нәтижесінде білім алушылардың зерттеушілік және интерпретациялық құзыреттері толық деңгейде қалыптаспай, оқу әрекеті негізінен репродуктивтік сипатта жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім мен ғылымды цифрландыруды елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі басымдықтарының бірі ретінде атап көрсетіп, цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне кеңінен енгізудің маңыздылығына назар аударды [1]. Соңғы жылдары гуманитарлық ғылымдарды цифрландыру үдерісі қарқынды дамып келеді. Қазақстанда бұл бағыт «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қолдау тауып, білім беру жүйесіне цифрлық технологияларды кеңінен енгізуге мүмкіндік жасады.

Әлемдік білім беру кеңістігіндегі цифрлық трансформация нәтижесінде цифрлық гуманитаристика гуманитарлық ғылымдардың дәстүрлі зерттеу әдістерін заманауи цифрлық технологиялармен кіріктіретін жаңа пәнаралық ғылыми бағыт ретінде қалыптасты. Бұл бағыт бастауын Роберто Буза мен IBM компаниясының бірлескен жобасынан алады. Қазіргі кезде мәтіндік корпустарды талдау, цифрлық архивтерді пайдалану, геоақпараттық жүйелер, желілік талдау, виртуалды модельдеу және жасанды интеллект құралдарын гуманитарлық зерттеулер мен білім беру үдерісіне енгізумен сипатталады (Schreibman, Siemens & Unsworth, 2016) [2]. Оксфорд, Гарвард және Лейпциг университеттерінде ортағасырлық мәтіндерді цифрлық технологиялар негізінде оқыту мен зерттеудің тиімді тәжірибесі қалыптасқан [3].

Мәтінді қабылдау тарихи оқиғалардың баяндалуы ретінде ғана емес, белгілі бір кеңістікте өрбитін мәдени-тарихи деректер жиынтығы ретінде қарастырылса ұтымды болады. Шығармалардағы жер-су атауларын, көші-қон бағыттарын, сауда жолдарын және мәдени орталықтарды цифрлық карталар арқылы модельдеу студенттердің тарихи мәтінді тұтас және ауқымды, жүйелі қабылдауына жағдай жасайды. Мысалы, *Voyant Tools* платформасы арқылы «Құтадғу білік» пен «Диуани хикмет» мәтіндерінің лексикалық құрылымын талдауға, геоақпараттық жүйелердің көмегімен «Диуани лұғат ат-түрікте» сипатталған түркі тайпаларының қоныстану аумағын цифрлық картада модельдеуге, желілік талдау әдістері арқылы әдеби кейіпкерлер мен негізгі идеялар арасындағы байланыстарды визуализациялауға болады. Эксперимент кезеңінде шетелдік әріптестер тәжірибесі тиімді болды [4, 5]. Виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары Орхон алқабын, Баласағұн, Отырар және Ясы қалаларының тарихи-мәдени кеңістігін модельдеу арқылы студенттердің әдеби мұраны тарихи контексте қабылдауына мол мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында елімізде ежелгі дәуір әдебиетін зерттеудің орнықты ғылыми дәстүрі қалыптасқаны, ал шетелдік ғылымда цифрлық гуманитаристиканы тарихи және ортағасырлық мәтіндерді оқытуда қолданудың мол тәжірибесі жинақталғаны анықталды. Алайда осы екі ғылыми бағыттың тоғысында, яғни ежелгі дәуір әдебиетін цифрлық гуманитаристика негізінде оқытудың теориялық және әдістемелік мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелмей кенже қалып тұрғаны да шындық. Бұл бізің зерттеуіміздің ғылыми өзектілігін, жаңалығын және практикалық маңызын айқындайды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – цифрлық гуманитаристика негізінде ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және жоғары білім беру жүйесіне арналған авторлық цифрлық дидактикалық модель ұсыну.

Зерттеу мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды:

- цифрлық гуманитаристика ұғымының ғылыми-теориялық негіздерін және оның ежелгі дәуір әдебиетін оқытудағы мүмкіндіктерін айқындау;
- шетелдік жоғары оқу орындарында ортағасырлық мәтіндерді цифрлық технологиялар арқылы оқыту тәжірибесін салыстырмалы талдау;
- Қазақстандағы ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың қазіргі жай-күйін бағалау;
- цифрлық гуманитаристикаға негізделген авторлық дидактикалық модельді әзірлеп, оның тәжірибелік тиімділігін анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде ежелгі дәуір әдебиетін цифрлық гуманитаристика негізінде оқытудың авторлық дидактикалық моделінің алғаш рет ұсынылуымен және оның теориялық қағидалары мен тәжірибелік тиімділігінің негізделуімен сипатталады. Сонымен қатар цифрлық гуманитаристика құралдарын интеграциялық оқыту қағидаларымен ұштастырудың ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктері жүйеленді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеуде жүйелік талдау, салыстырмалы-педагогикалық, мәтінтанымдық, түркітанулық және тәжірибелік-эксперименттік зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің пәнаралық сипаты отандық түркітану еңбектері мен цифрлық гуманитаристика саласындағы шетелдік зерттеулерге кешенді талдау жүргізуді талап етеді. Осыған байланысты келесі бөлімде ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге арналған отандық ғылыми еңбектер және цифрлық гуманитаристика негізінде тарихи-әдеби мұраны оқыту мәселелеріне арналған халықаралық зерттеулер жүйелі түрде қарастырылады.

Цифрлық гуманитаристика негізінде ежелгі дәуір әдебиетін оқыту мәселесі екі ғылыми бағыттың тоғысында қалыптасады. Біріншісі – ежелгі дәуір әдебиетін зерттеу мен оны оқытудың теориясы және әдістемесі болса, екіншісі – цифрлық гуманитаристика мен білім берудегі инновациялық технологияларға арналған зерттеулер. Осы екі бағыттағы ғылыми еңбектерді кешенді талдау зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындауға мүмкіндік береді.

Талқылау мен бақылау. Қазақстандық ғылымда ежелгі түркі жазба мұраларын зерттеудің орныкты ғылыми мектебі қалыптасқаны туралы жоғарыда айтып өттік. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері мен ортағасырлық түркі әдеби мұраларын зерттеуде Н.Сауранбаев, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, С.Аманжолов, Р.Сыздықова еңбектері ерекше орын алады. Сонымен қатар МӘуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева еңбектері қазақ әдебиетінің бастау кезеңдерін тарихи-әдеби тұрғыдан жүйелеуге негіз болды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұсынуымен «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында жарық көрген классикалық зерттеулер жинағының 6-томында Б.Кенжебаев, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева т.б. ғалымдардың еңбектері берілген. XX ғасырдың 60-70 жылдарында жазылған ғылыми зерттеулерде ежелгі әдеби мұралардың генезисі, даму кезеңдері, сюжеттік-типологиялық және т.б. ерекшеліктері жан-жақты қарастырылғаны көрсетілген [6].

Ежелгі дәуір әдебиетін ұлттық әдеби үдерістің құрамдас бөлігі ретінде ғылыми негізде қарастырған зерттеушілердің бірі – Б.Кенжебаев. Ғалым «Y-XY ғасырлар арасындағы бұрынғы ру-ұлыс дәуіріндегі әдебиеттің, қазақ ру-тайпалары мен түркі ру-тайпаларымен бірге жасаған ортақ әдебиеті» екенін айта келіп, көне түркі әдеби мұраларын қазақ әдебиетінің тарихи дамуымен сабақтастықта зерттеп-зерделеу қажеттілігіне тоқталады [7]. Ежелгі әдебиетті зерттеудің ғылыми бағытын қалыптастырды. Осы ғылыми мектептің заңды жалғасы ретінде А.Қыраубаеваның еңбектері ерекше мәнге ие. Ғалымның «Қисса

жанрының өзіндік ерекшеліктері», «Махаббатнама», «Ғасырлар мұрасы», «Түркі әдебиеті», «Шығыстық қисса-дастандар» еңбектерінде ежелгі әдеби мұралардың жанрлық, көркемдік және дүниетанымдық ерекшеліктері жан-жақты сараланып, оларды тарихи, мәдени және рухани контексте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалған [8]. Әсіресе ғалым ұсынған интеграциялық оқыту қағидалары әдеби мәтінді жеке тілдік немесе әдеби құбылыс ретінде емес, тұтас өркениеттік феномен ретінде қарастырудың тиімділігін дәлелдейді. Ғалым зерттеулері жүргізілген кезеңде, 80-90 жылдарда, шетелдік ғылымда көне әдеби мұраларды компьютерлік оқыту бағдарламалары мен гипермәтіндік технологиялар арқылы меңгертудің алғашқы (бүгінгі күнде цифрлық гуманитаристика бағытының дамуына негіз болған) тәжірибелері қалыптаса бастаған. Бұл жаңашылдықтар ғалым назарынан тыс қалмады, өзі ашқан мектеп тәжірибесінде қолданылды. Осыған байланысты А.Қыраубаеваның педагогикалық-әдістемелік тұжырымдары зерттеуіміздің әдіснамалық негіздерінің бірі ретінде таңдалды.

Цифрлық гуманитаристика саласының қалыптасуы мен даму тарихы C.Hockey еңбектерінде жан-жақты жүйеленген. Автор Роберто Буза бастаған алғашқы компьютерлік мәтіндік зерттеулерден бастап қазіргі интернет технологиялары мен цифрлық мәтіндік корпустарға дейінгі даму эволюциясын төрт тарихи кезеңге бөледі.

Кесте 1 – Цифрлық гуманитаристиканың қалыптасу кезеңдері

Кезең	**Уақыты**
Beginnings (Бастау)	1949 – 1970 жж.
Consolidation (Шоғырлану)	1970 – 1980 жж.
New Developments (Жаңа даму кезеңі)	1980 – 1990 жж.
The Era of the Internet (Интернет дәуірі)	1990 жж. – қазіргі кезең

Цифрлық гуманитаристиканың теориялық және әдіснамалық негіздері Schreibman, Siemens және Unsworth редакциялаған еңбектерде жан-жақты қарастырылған. Авторлар цифрлық технологиялардың гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістерін кеңейтіп, мәтіндерді корпустық талдау, цифрлық архивтерді пайдалану, визуализациялау және пәнаралық зерттеулерді жүзеге асырудағы мүмкіндіктерін негіздейді. Осы ғылыми тұжырымдар зерттеу барысында ежелгі дәуір әдебиетін цифрлық гуманитаристика негізінде оқытудың әдіснамалық қағидаларын айқындауда басшылыққа алынды.

Білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды пайдаланудың тиімділігіне арналған еңбектердің ішінде иммерсивті технологиялар мәселесі ерекше назар аудартады. Radianti, Majchrzak, Fromm және Wohlgenannt (2020) жүргізген жүйелі әдеби шолуда жоғары білім беруде виртуалды шындық технологияларын қолдануға арналған эмпирикалық зерттеулер жинақталып, олардың оқу мотивациясын арттыруға, кеңістіктік ойлауды дамытуға және күрделі тарихи-мәдени нысандарды көрнекі қабылдауға ықпал ететіні дәлелденген. Бұл тұжырымдар виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын ежелгі дәуір әдебиетін оқытуда тарихи-мәдени кеңістікті модельдеу құралы ретінде пайдаланудың ғылыми негізін айқындайды.

Жаһандану жағдайында түркі халықтарына ортақ әдеби мұралардың тарихи бастауларын ғылыми тұрғыдан зерделеу ерекше маңызға ие. Осыған байланысты ежелгі дәуір әдебиетінің дәуірленуі, тарихи қалыптасу кезеңдері мен мәдени сабақтастығына қатысты ғалымдардың тұжырымдары да зерттеуіміздің теориялық негіздерін толықтырып, әдебиетті оқыту мәселесінің бағдарын айқындайды [9, 10]. Еліміздегі әдебиетті оқыту әдістемелері әдеби мұраны тарихи-мәдени, тілдік және тәрбиелік тұрғыдан меңгерту мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздегенімен [11, 12] цифрлық гуманитаристика құралдарын әдебиетті оқыту әдістемесімен кіріктіру мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде

қарастырылу қажеттілігі басым екені дау тудырмайды. Демек, отандық ғылыми-әдістемелік тәжірибені қазіргі цифрлық білім беру талаптарымен ұштастыру өзектілігі – күн тәртібіндегі мәселе және педагогтің ізденісіндегі ірі бағыт екені анық [13].

Жүргізілген әдебиеттерге шолу елімізде ежелгі дәуір әдебиетін зерттеудің орнықты ғылыми дәстүрі қалыптасқанын, ал халықаралық тәжірибеде цифрлық гуманитаристика құралдарын тарихи-әдеби мұраны зерттеу мен оқытуда қолданудың едәуір дамығанын көрсетті. Сонымен бірге осы екі ғылыми бағыттың тоғысында, яғни ежелгі дәуір әдебиетін цифрлық гуманитаристика негізінде оқытудың теориясы мен әдістемесіне арналған кешенді педагогикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі анықталды. Бұл ғылыми олқылық ұсынылып отырған зерттеудің өзектілігін айқындап қана қоймай, жоғары білім беру жүйесіне арналған авторлық цифрлық-дидактикалық модель әзірлеудің қажеттілігін негіздейді.

Нәтижелер. Зерттеудің әдіснамалық негізі герменевтикалық, жүйелік және интеграциялық тәсілдердің өзара сабақтастығына негізделді. Герменевтикалық тәсіл ежелгі дәуір әдебиеті мәтіндерін тарихи-мәдени контексте түсіндіруге бағытталса, жүйелік тәсіл цифрлық гуманитаристика құралдары, оқыту мазмұны, дидактикалықпринциптержәнекүтілетіннәтижелерарасындағыөзарабайланысты тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар зерттеу барысында А.Қыраубаева негіздеген түркі әдебиетін интеграциялай оқыту қағидалары зерделеніп [14] цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктерімен ұштастырылды.

Зерттеумақсатынасәйкестеориялық, эмпирикалықжәнетәжірибелік-эксперименттік әдістер кешені қолданылды. Теориялық зерттеу әдістеріне жүйелік талдау, салыстырмалы-педагогикалық талдау, мәтінтанымдық талдау және пәнаралық синтез енгізілді. Жүйелік талдау арқылы ежелгі дәуір әдебиетін цифрлық гуманитаристика негізінде оқытудың құрылымы мен компоненттері айқындалды [15]. Салыстырмалы-педагогикалық талдау барысында дәстүрлі оқыту тәсілі мен цифрлық гуманитаристикаға негізделген оқыту парадигмасы салыстырылып, сондай-ақ Ұлыбритания, АҚШ және Германия жоғары оқу орындарындағы ортағасырлық мәтіндерді оқытудың тәжірибесі зерделенді. Мәтінтанымдық талдау әдісі «Құтадғу білік», «Диуани лұғат ат-түрік» мәтіндерінің мазмұндық, тілдік және көркемдік ерекшеліктерін анықтау мақсатында отандық әдістемелік еңбектер негізінде қолданылды [16]. Мәтіндерді цифрлық гуманитаристика құралдары арқылы аннотациялау, салыстыру, визуализациялау және цифрлық ортада интерпретациялау S.Ramsay еңбегіндегі дәстүрлі филологиялық талдау мен цифрлық ізденіс әдістерін өзара ұштастыру пікірлеріне сүйене отырып қолданылды [17]. Пәнаралық синтез нәтижесінде әдебиеттану, тіл білімі, тарих, дінтану, педагогика және цифрлық гуманитаристика салаларындағы ғылыми тұжырымдар өзара ықпалдастырылды. Мысалы, Яссауидің «Диуани хикметін» немесе Баласағұнидің «Құтадғу білігін» оқыған студент мәтін жазылған кезеңдегі тарихи-мәдени кеңістікке виртуалды түрде «енгенде» ғана сол ғасырлардағы Баласағұн қаласының базарлары мен медреселерін, Түркістандағы сопылық мәжілістердің рухани атмосферасын сезінетіні және мәтінді жай оқудан гөрі өзгеше, терең әрі қызықты оқу тәжірибесі қалыптасатынына көз жеткізгені туралыы пікірлерімен бөлісті.

Кесте 2 – Цифрлық гуманитаристика құралдарының дидактикалық мүмкіндіктері жүйесі

Құралдар тобы / бағыты	**Нақты мысалдар (құралдар)**	***Дидактикалық мүмкіндіктері* (Білім берудегі рөлі)**
Корпустық талдау	Voyant Tools БAntConc	Кілт ұғымдар жиілігі
Цифрлық мұрағат пен кітапханалар	JSTOR, Omeka, DSpace, Europeana, Google Books	Алғашқы дереккөздермен тікелей жұмыс жасау (қолжазбалар, жәдігерлер)
Желілік талдау	Network, Analysis	Кейіпкерлер байланысы
Геоақпараттық жүйе	GIS	Тарихи оқиғалар мен әдеби шығармаларды кеңістікте бейнелеу. Цифрлық карта Түркі географиясы
Иммерсивті VR/AR	Баласағұн. Түркістан.	Тарихи кеңістік
Деректерді визуализациялау	Tableau, Gephi, Palladio, RawGraphs	Күрделі тарихи және әлеуметтік байланыстарды (желілерді) көру

Эмпирикалық зерттеу барысында бақылау, сауалнама, сұхбат және оқу өнімдерін талдау әдістері пайдаланылды. Бақылау әдісі студенттердің цифрлық платформалармен жұмыс істеу барысындағы танымдық белсенділігін, зерттеушілік әрекетін және мәтінді интерпретациялау деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнама мен сұхбат арқылы білім алушылардың цифрлық құралдарды қолдануға қатысты пікірлері, олардың оқу мотивациясына және мәтінді меңгеру сапасына ықпалы анықталды. Сонымен қатар студенттердің цифрлық эсселері, зерттеу жобалары, презентациялары және визуализация жұмыстары белгіленген критерийлер негізінде бағаланды.

Зерттеудің тәжірибелік бөлігі анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент кезеңдерінен тұрды. Анықтаушы кезеңде студенттердің ежелгі дәуір әдебиеті бойынша бастапқы білім деңгейі мен цифрлық құзыреттері бағаланды. Қалыптастырушы кезеңде А.Қыраубаеваның интеграциялық оқыту қағидаларына негізделген моделі цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктеріне бейімдей жетілдіріліп, оқу үдерісіне енгізілді. Эксперимент соңында бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері салыстырмалы түрде талданып, статистикалық өңдеуден өткізілді.

Зерттеуде цифрлық гуманитаристикаға тән арнайы зерттеу әдістері де қолданылды. Атап айтқанда, Voyant Tools және AntConc платформалары арқылы корпустық талдау жүргізіліп, мәтіндердегі кілт ұғымдардың жиілігі мен семантикалық байланыстары анықталды. Желілік талдау (Network Analysis) әдеби кейіпкерлер мен негізгі идеялар арасындағы байланыстарды визуализациялауға мүмкіндік берсе, геоақпараттық жүйелер (GIS) «Диуани лұғат ат-түрікте» сипатталған түркі тайпаларының орналасу аумағын цифрлық картада көрсетуге пайдаланылды. Бұл әдістер дәстүрлі филологиялық талдауды толықтырып, ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың пәнаралық және зерттеушілік сипатын күшейтуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысы 2025–2026 оқу жылында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология факультетінде «6В01701 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті және оны оқыту» пәні бойынша білім алушы студенттер арасында жүргізілді. Зерттеуге жалпы саны **84 студент** қатысты. Олар оқу үлгерімі мен дайындық деңгейінің салыстырмалы біркелкілігі ескеріле отырып, төрт академиялық топқа бөлінді. Оның ішінде бір топ

бақылау тобы, үш топ эксперименттік топ ретінде белгіленді. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын әр топта 19, 21, 22 студент болды.

Бақылау топтарында ежелгі дәуір әдебиеті қолданыстағы дәстүрлі оқыту әдістемесі бойынша оқытылса, эксперименттік топтарда зерттеу аясында әзірленген цифрлық гуманитаристикаға негізделген авторлық дидактикалық модель енгізілді. Оқыту барысында корпустық талдау платформалары (Voyant Tools, AntConc), цифрлық мұрағаттар, геоақпараттық жүйелер (GIS), желілік талдау және иммерсивті технологиялар (VR/AR) оқу тапсырмаларымен ықпалдастырылып қолданылды.

Эксперимент екі кезеңде ұйымдастырылды. Бірінші кезеңде (анықтаушы эксперимент) студенттердің ежелгі дәуір әдебиеті бойынша бастапқы білім деңгейі, зерттеушілік дағдылары және цифрлық құзыреттері анықталды. Екінші кезеңде (қалыптастырушы эксперимент) авторлық цифрлық дидактикалық модель апробациядан өткізіліп, оның тиімділігі бағаланды. Эксперимент соңында бақылау және эксперименттік топтардың оқу нәтижелері алдын ала белгіленген бағалау критерийлері бойынша салыстырылып, сандық және сапалық талдау негізінде қорытындыланды.

Қорытынды. Зерттеу барысында ежелгі дәуір әдебиетін цифрлық гуманитаристика негізінде оқытуға арналған авторлық дидактикалық модельдің тиімділігі теориялық талдау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы бағаланды. Алынған деректер ұсынылған модельдің әдеби білім мазмұнын интеграциялау, цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу және студенттердің зерттеушілік құзыреттерін дамытудағы мүмкіндіктерін айқындады.


Эксперимент нәтижелері цифрлық гуманитаристика құралдарын жүйелі қолдану студенттердің мәтінді интерпретациялау, тарихи деректерді салыстыру, пәнаралық байланыстарды анықтау және ғылыми тұжырым жасау дағдыларының қалыптасуына оң әсер еткенін көрсетті. Әсіресе әдеби мәтіндердің философиялық мазмұнын, тарихи-мәдени контексін және өркениеттік ерекшеліктерін түсіндіру деңгейі бақылау кезеңімен салыстырғанда едәуір жоғары болды.

Бақылау және эксперименттік топтардың оқу жетістіктерін салыстыру эксперименттік топ студенттерінің танымдық әрекетінің жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетті. Бақылау тобында білім негізінен мәтін мазмұнын меңгеру және қайта жаңғырту деңгейінде қалыптасса, эксперименттік топ студенттері әдеби мұраны тарихи, тілдік, мәдени және философиялық контексте талдап, салыстырмалы интерпретация жасау және ғылыми қорытынды шығару қабілеттерін көрсетті. Бұл нәтижелер студенттердің танымдық әрекеті Блум таксономиясының «талдау», «бағалау» және «жасау» деңгейлеріне дейін көтерілгенін, ал бақылау тобы негізінен «білу» мен «түсіну» деңгейінде қалғанын дәлелдейді.

Цифрлық гуманитаристика құралдарын қолдану нақты оқу нәтижелерінен де көрінді. Корпустық талдау барысында студенттер «Құтадғу білік» дастанындағы негізгі ұғымдардың («білік», «құт», «әділет») мәтін құрылымындағы қызметін өздігінен анықтап, шығарманың идеялық жүйесіне дербес қорытынды жасай алды. Геоақпараттық жүйелерді (GIS) пайдалану Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін XI ғасырдағы түркі әлемінің тарихи-географиялық кеңістігімен байланысты қабылдауға мүмкіндік берді. Ал желілік талдау арқылы студенттер поэма кейіпкерлері арасындағы философиялық байланыстарды өз бетімен модельдеп, шығарманың аллегориялық құрылымын терең түсінгені байқалды.

Сауалнама нәтижелері де ұсынылған әдістеменің тиімділігін растады. Эксперименттік топ студенттерінің **84%-ы** цифрлық гуманитаристикаға негізделген оқыту тәсілі дәстүрлі әдіске қарағанда тиімді екенін көрсетсе, **79%-ы** бұл тәсілдің ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге деген қызығушылығын арттырғанын атап өтті.

Сурет 1 – Эксперименттік топ студенттерінің ұсынылған әдістеме бойынша сауалнама қорытындысы



Зерттеу барысында дәстүрлі әдебиет оқыту тәсілінің белгілі бір әдістемелік шектеулері де анықталды. Әдеби шығарманы жеке мәтін ретінде қарастыру оның тарихи, мәдени және өркениеттік мазмұнын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Мысалы, эксперимент кезеңіндегі «Құтадғу білік» пен «Диуани хикметті» тарихи-мәдени кеңістікпен, түркі дүниетанымымен және тілдік даму үдерісімен сабақтастықта қарастыру студенттердің шығармаларды анағұрлым терең меңгеруіне ықпал етті. Сонымен бірге цифрлық платформаларды қолдануда олардың техникалық мүмкіндіктеріне шамадан тыс көңіл бөлу мәтіннің мазмұндық талдауын әлсіретуі мүмкін екені байқалды. Сондықтан цифрлық технологиялар оқу мақсатына толық бағындырылып, нақты дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс.

Зерттеу нәтижесінде А.Қыраубаеваның интеграциялық оқыту қағидалары негізінде төрт кезеңді авторлық цифрлық дидактикалық модель (танысу және контекстілеу – цифрлық зерттеу – визуализация және интерпретация – иммерсия және синтез) әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан дәлелденді [18]. Бұл А.Қыраубаева ежелгі әдебиетті оқытуда қолданған интегративті тәсілімен үйлесіп, зерттеу барысында ұсынылған дидактикалық модельдің төртінші – иммерсия және синтез – кезеңінің ғылыми негізін құрады [19]. Зерттеу нәтижелері ғалымның мектепке арналған «Ежелгі әдебиет» оқулығына негізделген оқыту моделін [20] жоғары оқу орны студенттеріне цифрлық оқыту жағдайына бейімдеп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдірудің мүмкін екенін көрсетті.

Сурет 2 – Интегративті тәсіл негізі

Интегративті тәсіл негізі

↓

1-кезең: Танысу және контекстілеу

Мәтінмен алғашқы танысу · Тарихи-мәдени контекст · Цифрлық мұрағаттар

↓

2-кезең: Цифрлық зерттеу

Корпустық талдау · Voyant Tools · AntConc · Дербес зерттеу

↓

3-кезең: Визуализация және интерпретация
Желілік талдау · GIS карта · Хронологиялық диаграмма
↓
4-кезең: Иммерсия және синтез
VR/AR · Тарихи кеңістік · Мультимодальды жоба

Сонымен қатар модельді енгізудің үш деңгейлі жүйесі (базалық, аралық және жетілдірілген) ұсынылып, оның материалдық-техникалық мүмкіндігі әртүрлі жоғары оқу орындарында қолдануға болатындығы көрсетілді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері цифрлық гуманитаристика технологияларын интеграциялық оқыту қағидаларымен ұштастыру ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың мазмұны мен әдістемесін жаңғыртып қана қоймай, студенттердің зерттеушілік, цифрлық, функционалдық және пәнаралық құзыреттерін кешенді дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдеді.

Кесте 3 – Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру нәтижелері мен маңызы

Зерттеу міндеттері	**Алынған нәтижелер**	**Ғылыми-практикалық маңызы**
Цифрлық гуманитаристика ұғымының ғылыми-теориялық негіздерін және оның ежелгі дәуір әдебиетін оқытудағы мүмкіндіктерін айқындау	Цифрлық гуманитаристиканың теориялық негіздері жүйеленіп, оның ежелгі дәуір әдебиетін тарихи, тілдік, мәдени және пәнаралық тұрғыдан оқытудағы педагогикалық әлеуеті анықталды.	Әдебиетті оқытудың жаңа әдіснамалық негізі қалыптастырылды.
Шетелдік жоғары оқу орындарындағы ортағасырлық мәтіндерді цифрлық технологиялар арқылы оқыту тәжірибесін салыстырмалы талдау	Халықаралық тәжірибеде цифрлық мәтіндік корпустар, GIS-карталар, визуализация, интерактивті платформалар және жасанды интеллект құралдарының тиімді қолданылатыны анықталды.	Шетелдік тәжірибені ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеудің бағыттары ұсынылды.
Қазақстандағы ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың қазіргі жай-күйін бағалау	Дәстүрлі оқытуда мәтіннің тарихи-мәдени және философиялық мазмұнын кешенді меңгертудің жеткіліксіздігі анықталды, цифрлық гуманитаристика элементтерінің жүйелі қолданылмайтыны дәлелденді.	Оқыту жүйесін жаңғыртудың қажеттілігі негізделді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей ұсыныстар жүйеленді. Біріншіден, жоғары оқу орындарында ежелгі дәуір әдебиетін оқыту үдерісіне цифрлық гуманитаристика әдістерін жүйелі енгізу ұсынылады. Әсіресе тарихи-әдеби мәтіндерді меңгертуде цифрлық мәтіндік корпустарды, интерактивті карталарды, уақыт сызықтарын, визуализация құралдарын және жасанды интеллект негізіндегі тапсырмаларды кешенді қолдану білім алушылардың тарихи-мәдени танымын, мәтінді кешенді талдау және зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Әдебиет тарихы» пәндерінің оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерін цифрлық гуманитаристика қағидалары негізінде жетілдіру, сондай-ақ оқытушылардың цифрлық педагогика мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдануға бағытталған әдістемелік даярлығын күшейту ұсынылады. Бұл ұлттық әдеби мұраны қазіргі жоғары білім беру талаптарына сәйкес оқытудың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Үшіншіден, болашақ зерттеулерде ұсынылған цифрлық дидактикалық модельді ежелгі түркі әдебиетінің әртүрлі кезеңдері мен әдеби ескерткіштерін оқытуда апробациялау, ұлттық әдеби мұралардың цифрлық дерекқорлары мен мәтіндік корпустарын дамыту, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын әдеби білім беру үдерісіне кіріктіру бағытында жалғастыру орынды деп санаймыз.

Жүргізілген зерттеу ежелгі дәуір әдебиетін цифрлық гуманитаристика негізінде оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындап, ұсынылған цифрлық дидактикалық модельдің тиімділігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеді. Зерттеу нәтижелері цифрлық гуманитаристика әдістері мен құралдарын әдеби білім беру үдерісіне кіріктірудің білім алушылардың тарихи-мәдени танымын, мәтінді кешенді талдау, пәнаралық байланыстарды анықтау және зерттеушілік құзыреттерін дамытуға оң ықпал ететінін көрсетті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың дәстүрлі әдістерін цифрлық гуманитаристика қағидаларымен, цифрлық білім беру технологияларымен және жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастыратын тұтас әдістемелік модельдің ұсынылуында. Ұсынылған модель әдеби мұраны тарихи, тілдік, мәдени және дүниетанымдық контексте кешенді меңгертуге мүмкіндік беріп, білім алушылардың цифрлық және функционалдық сауаттылығын қатар дамытуға бағытталған.

Зерттеудің теориялық маңызы – цифрлық гуманитаристика мен әдебиетті оқыту әдістемесінің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан толықтыруында болса, практикалық маңызы – әзірленген цифрлық дидактикалық модельді жоғары оқу орындарындағы «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті» және «Әдебиет тарихы» пәндерін оқыту үдерісінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері ұлттық әдеби мұраны цифрлық білім беру жағдайында оқытудың әдіснамалық негіздерін жетілдіруге және осы бағыттағы кейінгі ғылыми ізденістерді дамытуға негіз бола алады.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу: Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2025. – 9 қыркүйек. – № 173. – Б. 1-3.
2. Hockey S. The History of Humanities Computing // A Companion to Digital Humanities / Eds. S. Schreibman, R. Siemens, J. Unsworth. – Oxford: Blackwell Publishing, 2004. – P. 3-19. DOI: 10.1002/9780470999875.ch1.
3. Berti M., Almas B., Crane G.R. The Leipzig Open Fragmentary Texts Series (LOFTS) // DHQ: Digital Humanities Quarterly. – 2016. – Vol. 10, No. 2. DOI: 10.5555/dhq.2016.10.2.000245.
4. Dunn, S. Linking Text and Maps: Annotation as a Critical Tool for Teaching in the Spatial Humanities / S. Dunn, V. Vitale // Literary Geographies. – 2021. – Vol. 7, No. 2. – P. 292-310. URL: https://www.literarygeographies.net/index.php/LitGeogs/article/view/253 (қаралды: 09.07.2026).
5. Simon R., Barker E., Isaksen L., de Soto Cañamares P. Linking Early Geospatial Documents, One Place at a Time: Annotation of Geographic Documents with Recogito // e-Perimetron. – 2015. – Vol. 10, No. 2. – P. 49-59.
6. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.6. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2012. – 408 б.
7. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 344 б.
8. Қыраубаева А. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 380 б.
9. Ысқақұлы Д. Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері // Жұлдыз. – 2012. – № 11. – Б. 214-236.
10. Омаруұлы Б. Қазақ, қырғыз, түрікмен әдебиеттері тарихын дәуірлеу мәселелері. – Алматы: Arna-b, 2020. – 102 б.
11. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 242 б.

12. Рүстемова Ж. А.Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Қарағанды: Ақнұр, 2019 - 162 б.
13. Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық. – Тараз: Бейсенбекова А.Ж., 2023. – 128 б.
14. А.Қыраубаева. Ұлттық мектеп: тәжірибе. Толықтырылған 2-басылым. – Алматы: Отбасы, 2026. – 400 б.
15. Битэм Э., Шарп Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 328 б.
16. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы.: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
17. Ramsay, S. Re: Search and Close Reading / S. Ramsay // Debates in the Digital Humanities / Eds. M. K. Gold, L. F. Klein. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 2016. – P. 118–138. URL: https://dhdebates.gc.cuny.edu/read/untitled/section/1bb926b5-130e-42e6-8f1b-03401917883e (қаралды: 09.07.2026).
18. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Өнер, 2008. – 216 б.
19. Қасымбек А., Дуйсебаева Р.М. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту ізденісі: Әдістемелік құрал. – Алматы: Шығармашылыққа баулу орталығы, 2020. – 40 б.
20. Қыраубаева А. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы / А.Қыраубаева, А.А. Қасымбек, Н.Қ.Мәтбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 350 б.

Г.С. АСКАРОВА, А.Ж. КАРИБЕКОВА
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казакстан
Ж.Ж. АИТОВА
Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан

НОВАЯ ПАРАДИГМА ОБУЧЕНИЯ ЛИТЕРАТУРЕ ДРЕВНЕЙ ЭПОХИ В КОНТЕКСТЕ ЦИФРОВОЙ ГУМАНИТАРИСТИКИ

Аннотация. В статье рассматривается новая парадигма обучения литературе древней эпохи на основе цифровой гуманитаристики (Digital Humanities). В современных условиях цифровизации обновление содержания гуманитарного образования, сочетание традиционных методов обучения литературному наследию с инновационными технологиями является одной из актуальных научно-педагогических проблем. В связи с этим в исследовании научно-методологические возможности цифровой гуманитаристики анализируются в тесной взаимосвязи с процессом обучения литературе древней эпохи.

В ходе исследования были рассмотрены дидактические возможности платформ корпусного анализа (Voyant Tools, AntConc), цифровых архивов, открытых баз данных, геоинформационных систем (ГИС), сетевого анализа (Network Analysis), а также технологий виртуальной и дополненной реальности (VR/AR). Эти инструменты позволяют студентам проводить комплексный анализ литературного текста в историческом, языковом, культурном и философском контекстах, развивать исследовательские и интерпретационные навыки.

В статье представлена авторская цифровая дидактическая модель обучения литературе древней эпохи, адаптированная к казахстанской системе высшего образования. Предложенная модель интегрирует традиционные методы литературного анализа с инструментами цифровой гуманитаристики и направлена на формирование у студентов исследовательских, цифровых и междисциплинарных компетенций, а также критического мышления. Результаты исследования служат научно-методической основой, которую можно использовать в образовательной практике высших учебных заведений по направлениям филологии, педагогики и тюркологии.

Ключевые слова: литература древней эпохи, цифровая гуманитаристика, парадигма обучения, дидактическая модель, корпусный анализ, визуализация, междисциплинарная интеграция.

G.S. ASKAROVA, A.Zh. KARIBEKOVA,
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
Zh.Zh. AITOVA
Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan

A NEW PARADIGM OF TEACHING ANCIENT LITERATURE WITHIN THE FRAMEWORK OF DIGITAL HUMANITIES

Annotation. The article examines a new paradigm of teaching ancient literature based on digital humanities. In the current context of digitalization, updating the content of humanitarian education and combining traditional methods of teachingliterary heritage with innovative technologies has become one of the most pressing scientific and pedagogical issues. In this regard, the study analyzes the scientific and methodological potential ofdigital humanities in close connection with the process of teaching ancient literature.

In the course of the research, the didactic potential of corpus analysis platforms (Voyant Tools, AntConc), digital archives, open databases, geographic information systems (GIS), network analysis, as well as virtual and augmented reality (VR/AR) technologies were examined. These tools enable students to conduct a comprehensive analysis of literary texts within historical, linguistic, cultural, and philosophical contexts, thereby developing their research and interpretative skills.

The article proposes an author's digital didactic model for teaching ancient literature, adapted to the Kazakhstani higher education system. The presented model integrates traditional methods of literary analysis with digital humanities tools and aims to develop students' research capacity, critical thinking, digital literacy, and interdisciplinary competence. The research results provide a scientific and methodological foundation that can be effectively utilized in the educational practices of higher education institutions in the fields of philology, pedagogy, and Turkology.

Keywords: literature of the ancient era, digital humanities, teaching paradigm, didactic model, corpus analysis, visualization, interdisciplinary integration.

References

1. Toqaev Q.K. Jasandy intelekt däuırındegı Qazaqstan: özektı mäseleler jäne ony tübegeilı sifrlyq özgerıster arqyly şeşu: Qazaqstan halqyna Joldauy // Egemen Qazaqstan. – 2025. – 9 qyrküiek. – № 173. – B. 1-3.
2. Hockey S. The History of Humanities Computing // A Companion to Digital Humanities / Eds. S. Schreibman, R. Siemens, J. Unsworth. – Oxford: Blackwell Publishing, 2004. – P. 3-19. DOI: 10.1002/9780470999875.ch1.
3. Berti M., Almas B., Crane G.R. The Leipzig Open Fragmentary Texts Series (LOFTS) // DHQ: Digital Humanities Quarterly. – 2016. – Vol. 10, No. 2. DOI: 10.5555/dhq.2016.10.2.000245.
4. Dunn, S. Linking Text and Maps: Annotation as a Critical Tool for Teaching in the Spatial Humanities / S. Dunn, V. Vitale // Literary Geographies. – 2021. – Vol. 7, No. 2. – P. 292-310. URL: https://www.literarygeographies.net/index.php/LitGeogs/article/view/253 (qaraldy: 09.07.2026).
5. Simon R., Barker E., Isaksen L., de Soto Cañamares P. Linking Early Geospatial Documents, One Place at a Time: Annotation of Geographic Documents with Recogito // e-Perimetron. – 2015. – Vol. 10, No. 2. – P. 49-59.
6. Klasikalyq zertteuler: Köp tomdyq. T.6. Köne türkı ädebietı turaly zertteuler. – Almaty: Ädebiet Älemı, 2012. – 408 b.
7. Kenjebaev B. Türık qağanatynan bügınge deiın. – Almaty: Ana tılı, 2004. – 344 b.
8. Qyraubaeva A. Önegelı ömır. – Almaty: Qazaq universitetı, 2017. – 380 b.
9. Ysqaqūly D. Ädebiet tarihyn zertteudıñ özektı mäseleleri // Jūldyz. – 2012. – № 11. – B. 214-236.
10. Omarūly B. Qazaq, qyrğyz, türıkmen ädebietterı tarihyn däuırleu mäseleleri. – Almaty: Arna-b, 2020. – 102 b.
11. Jūmaqaeva B.D. Qazaq ädebietın oqytu ädıstemesı: Oqulyq. – Almaty: Qyzdar universitetı, 2015. – 242 b.
12. Rüstemova J. A.Qazaq ädebietın oqytu ädıstemesı: oqu qūraly. – Qarağandy: Aqnūr, 2019 - 162 b.

13. Buzaubakova K.D., Bedelbaeva A.E. Sifrly bılım beru ortasyndağy pedagogtıñ qyzmetı: Oqulyq. – Taraz: Beisenbekova A.J., 2023. – 128 b.
14. A.Qyraubaeva. Ūlttyq mektep: täjıribe. Tolyqtyrylğan 2-basylym. – Almaty: Otbasy, 2026. – 400 b.
15. Bitem E., Şarp R. Pedagogikany sifrlyq däuırde qaita zerdeleu. HHI ğasyrdağy oqytu dizainy. – Almaty: Ūlttyq audarma bürosy, 2019. – 328 b.
16. Esembekov T.O. Körkem mätın teoriasy.: Oqu qūraly. – Almaty: Qazaq universitetı, 2015. – 186 b.
17. Ramsay, S. Re: Search and Close Reading / S. Ramsay // Debates in the Digital Humanities / Eds. M. K. Gold, L. F. Klein. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 2016. – P. 118–138. URL: https://dhdebates.gc.cuny.edu/read/untitled/section/1bb926b5-130e-42e6-8f1b-03401917883e (qaraldy: 09.07.2026).
18. Qyraubaeva A. Ejelgı ädebiet. 5 tomdyq şyğarmalar jinağy. 2-tom. Almaty: Öner, 2008. – 216 b.
19. Qasymbek A., Duisebaeva R.M. Qazaq tılı men ädebietı pänderın oqytu ızdenısı: Ädıstemelık qūral. – Almaty: Şyğarmaşylyqqa baulu ortalyğy, 2020. – 40 b.
20. Qyraubaeva A. Pändı oqytudağy zamanaui ızdenıster: tehnologia jäne jañaşyldyq: oqu qūraly / A.Qyraubaeva, A.A. Qasymbek, N.Q.Mätbek. – Almaty: Qazaq universitetı, 2020. – 350 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Асқарова Гауһар Сарыбайқызы – филология ғылымының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Аскарова Гаухар Сарыбаевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Askarova Gaukhar Sarybayevna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Кәрібекова Ақторғын Жамаубайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Карибекова Акторгын Жамаубаевна – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Karibekova Aktorgyn Zhamaubayevna – Candidate of philological sciences, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan.

Аитова Жанар Жумабековна – филология ғылымдарының кандидаты, Alikhan Bokeikhan University аға оқытушысы, Семей, Қазақстан.

Аитова Жанар Жумабековна – кандидат филологических наук, старший преподаватель Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан.

Aitova Zhanar Zhumabekovna – Candidate of Philological Sciences, senior lecturer of Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.

ҒТАМР 14.25.09
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-3.29

***Ш. САТКЕНОВА**[1]
С.Б. ТЛЕУБАЕВ[2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан[1,2]
(e-mail: satkenova.sh85@gmail.com[1] , tleubaev63@mail.ru[2])

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Әдебиет сабағында бір қарағанда қарапайым көрінетін қиындық бар: оқушы мәтінді оқиды, бірақ көркем мәтіннің ішкі қабатына әрдайым кіре бермейді. Әсіресе қазіргі қазақ әңгімесінде. Бұл жанр көлем жағынан шағын болғанымен, мағынасы тығыз, деталі көп, психологиялық иірімі күрделі келеді. Бір-екі бет әңгіменің ішінде кейіпкердің ішкі күйі, әлеуметтік фон, ұлттық-мәдени белгі, үнсіз қалған конфликт, автордың астарлы ұстанымы қатар жүруі мүмкін. Сондықтан қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда тек оқыту мәтінін беріп, кейін мазмұнын сұрау жеткіліксіз. Мәселе оқушыны мәтінге қалай кіргізуде, қандай тірек арқылы ойландыруда, қай тұста визуал, дыбыс немесе интерактив көмектесетінін дәл табуда жатыр. Мақалада мультимедиялық құралдар қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда қосымша безендіру емес, мәтінмен жұмыс істеудің нақты дидактикалық тетігі ретінде қарастырылады. Презентация, аудиофрагмент, бейнематериал, визуалды схема, интерактивті платформа, цифрлық сторителлинг сияқты құралдардың әрқайсысы сабақта бөлек қызмет атқарады: бірі мәтін құрылымын ұстатады, бірі атмосфераны сездіреді, бірі оқушыны пікір айтуға итермелейді, енді бірі шығармашылық интерпретацияға жол ашады. Бірақ мұнда бір қауіп бар. Егер мультимедиа мәтіннің өзін ығыстырып жіберсе, әдеби талдау сыртқы әсерге айналып кетеді. Сондықтан мақалада мультимедиялық құралдарды қазіргі қазақ әңгімесін оқытуға енгізудің мүмкіндігі ғана емес, оның шегі, мөлшері, әдістемелік тәуекелі де қарастырылады. Негізгі ой мынаған тіреледі: мультимедиа мәтінді алмастырмай, оқушыны мәтінге қайта-қайта қайтарған жағдайда ғана нәтижелі болады.
Түйін сөздер: қазіргіқазақәңгімесі, мультимедиа, әдебиеттіоқыту, мультимодальды оқу, цифрлық сторителлинг, интерпретация, оқырман белсенділігі.

Кіріспе. Қазіргі әдебиет сабағында бұрынғыдай тек мәтінді оқытып, мазмұнын сұрап, соңынан “идеясын анықтаңдар” деп тоқтау қиындап барады. Оқушы өзгерді. Оның күнделікті ақпарат қабылдау дағдысы басқа. Ол бір ақпаратты бір мезетте бірнеше арнадан алады: мәтіннен, бейнеден, қысқа видеодан, дыбыстан, инфографикадан, пікірден, реакциядан. Бірақ әдеби мәтін сол күйінде қалды: ол асықпай оқуды, детальға үңілуді, сөздің астарын байқауды талап етеді.

Осы екі арада қайшылық туады. Бір жағында — жылдам, визуалды, фрагментті цифрлық орта. Екінші жағында — ойды баяулататын, кейде әдейі үнсіздікке құрылған көркем мәтін. Әсіресе қазіргі қазақ әңгімесін оқытқанда осы алшақтық қатты сезіледі. Әңгімеде оқиға көп болмауы мүмкін. Кейіпкер бір жерге барып, біреумен сөйлесіп, сырттай үлкен әрекет жасамауы да мүмкін. Бірақ ішкі қозғалыс жүреді. Кейіпкердің қиналысы, жалғыздығы, ар алдындағы дағдарысы, қоғаммен, отбасымен немесе өзімен келіспеуі бір деталь арқылы беріледі. Оқушы сол детальды ұстамаса, шығарма “ештеңе болмаған” мәтін сияқты қабылданады.

Мультимедиялық құралдар дәл осы тұста керек. Бірақ олар мәтінді жеңілдету үшін емес. Әңгімеге «кіреберіс» жасау үшін керек. Мысалы, сабақ басында 2 минуттық аудиофрагмент берілуі мүмкін: кейіпкер көңіл күйіне жақын интонациямен оқылған шағын үзінді. Немесе тақтада оқиға кеңістігін көрсететін қарапайым визуалды карта тұрады. Немесе оқушылар Padlet секілді ортақ алаңға "кейіпкердің үнсіз қалуы нені білдіреді?" деген бір ғана сұраққа қысқа жауап жазады. Мұндай жұмыс мәтінді алмастырмайды, бірақ оқушының назарын мәтіндегі маңызды жерге бағыттайды.

Дегенмен мультимедиа автоматты түрде сапалы сабақ жасай алмайды. Презентация көп болған сайын сабақ жақсы өтеді деу қате. Видео қосылды екен деп, оқушы шығарманы терең түсінді деп айту қиын. Кейде керісінше болады: оқушы видеоны есінде сақтайды, бірақ мәтіндегі дәлелді таба алмайды. Кейіпкердің ішкі күйін сурет арқылы "сезгендей" болады, бірақ автор оны қандай сөйлеммен бергенін көрсете алмайды. Мұндай жағдайда мультимедиа әдеби талдауға көмектеспейді, оны жұқартады. Сондықтан мәселе "мультимедиа керек пе, керек емес пе?" деген қарапайым сұраққа тірелмейді. Нақтырақ сұрақ керек: қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда мультимедиялық құрал қай кезеңде, қандай мақсатпен, қандай мөлшерде қолданылса, мәтіннің өзіне пайдасы тиеді? Бұл сұрақ әдебиетті оқыту әдістемесі үшін маңызды. Себебі қазіргі қазақ прозасы, оның ішінде қазіргі әңгіме, оқушыдан дайын жауап емес, сезіну, салыстыру, күмәндану, дәлелдеу, өз түсінігін құру сияқты әрекеттерді талап етеді.

Қазіргі қазақ әңгімесінің табиғаты да осыны қажет етеді. Бұл жанрда күнделікті өмір деталі үлкен мағына көтереді. Қарапайым тұрмыстық көріністің ар жағында әлеуметтік қысым, тарихи жад, отбасылық жара, адамдық таңдау, ұлттық дүниетаным жатуы мүмкін. Кейіпкердің бір ауыз сөзі, кейде тіпті айтпаған сөзі, шығармадағы негізгі мағынаны қозғап тұрады. Мұндай мәтінді оқытуда мұғалім оқушыға дайын түсіндірме беріп қойса, талдау өледі. Ал ешқандай тірек бермей, "өздерің түсініңдер" десе, көп оқушы мәтіннің сыртында қалады.

Мультимедиялық тәсіл осы екі шектің ортасынан жол таба алады. Ол оқушыға дайын мағына ұсынбауы керек. Бірақ мағынаға қарай жүретін жолды көрсетуі мүмкін. Визуалды схема композицияны ұстатады. Аудиофрагмент интонацияны сездіреді. Қысқа бейнематериал әлеуметтік немесе мәдени контекстті нақтылайды. Интерактивті тақта оқушыны пікір айтуға итермелейді. Цифрлық сторителлинг оқушыны шығармаға қайта оралып, оны өз сөзімен, өз формасымен қайта түсіндіруге мәжбүрлейді.

Осы мақалада қазіргі қазақ әңгімелерін мультимедиялық құралдар арқылы оқытудың ерекшеліктері қарастырылады. Негізгі мақсат — мультимедианың сыртқы қызық үшін емес, көркем мәтінді терең түсіну, оқырман белсенділігін арттыру және интерпретациялық дағдыны дамыту үшін қалай қолданылатынын көрсету. Мақалада әдебиетті оқыту, мультимодальды оқу, digital storytelling, transmedia learning бағыттарындағы зерттеулерге сүйене отырып, мультимедиялық құралдардың сабақтағы нақты қызметі талданады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы ретінде қазіргі қазақ әңгімелерін оқытуда қолдануға болатын көркем мәтіндер мен мультимедиялық тәсілдерге арналған ғылыми-әдістемелік еңбектер алынды. Бұл жерде мақсат бір ғана шығарманы толық талдау емес, қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда мультимедиа қандай жағдайда пайдалы болатынын анықтау. Сондықтан әңгімелерді таңдағанда мәтіннің сюжеті ғана емес, көркемдік деталі, кейіпкер бейнесі, ішкі тартысы, авторлық үні ескерілді. Сонымен қатар шығармада ұлттық-мәдени орта, адамгершілік мәселе, психологиялық тереңдік болуы маңызды. Мұндай мәтіндерді оқушылар тек оқып қана қоймай, тыңдап, көріп, картаға түсіріп, кейіпкерлер байланысын сызып, цифрлық ортада талқылай алады.

Зерттеуде ғылыми еңбектерді талдау, салыстыру, жинақтау және түсіндіру әдістері қолданылды. Негізгі назар «қандай цифрлық құрал қолданылды?» деген сұраққа емес, «сол құрал мәтінді түсінуге қалай көмектеседі?» деген сұраққа аударылды. Мысалы, презентацияда дайын конспект берілсе, оқушы көп ойланбайды. Ал онда бірнеше цитата, схема және проблемалық сұрақтар берілсе, ол талдауға тірек болады. Видео

да солай: мәтіндегі мәселені ашса — пайдалы, тек сабақ қызық болсын деп қосылса — артық. Сондықтан мақалада мультимедиялық құралдар сабақтың әр кезеңімен байланыста қарастырылады: мәтінге кіріспе, алғашқы қабылдау, талдау, интерпретация, шығармашылық жұмыс және қорытындылау.

Талқылау мен бақылау. Әдебиетті мультимедиа арқылы оқыту туралы әңгіме соңғы жылдары жай ғана "сабақта презентация қолдану" деңгейінен шығып кетті. Бұрын мұғалім интерактивті тақтаны қосса, мәтінге сурет қойса немесе бейне көрсетсе, оны жаңашыл сабақ деп қабылдау жиі кездесетін. Бірақ қазіргі мәселе басқа жерде тұр: сол құрал оқушыны мәтінге жақындата ма, әлде керісінше, мәтіннен алыстата ма? Осы айырмашылық маңызды. Өйткені әдебиет сабағында мультимедиа сән үшін емес, мағына ашу үшін керек. Мәтін, дыбыс, бейне, схема, талқылау, цифрлық тақта — бәрі бір шығарманың ішкі логикасына қызмет еткенде ғана мультимодальды оқу пайда болады. Ал егер 45 минуттық сабақта 15 слайд көрсетіліп, бірақ оқушы бір де бір сөйлемге қайта оралмаса, мұндай сабақ сырттай әсерлі көрінгенімен, әдеби талдау жағынан әлсіз болуы мүмкін.

Tombleson transmedia learning туралы еңбегінде оқу мазмұны бірнеше платформа мен формат арқылы берілгенде, білім алушының қатысуы күшейетінін айтады. Әдебиет сабағына келгенде, бұл ойды өте нақты елестетуге болады. Мысалы, қазіргі қазақ әңгімесі алдымен қағаздағы немесе электронды мәтін ретінде оқылады. Кейін оның оқиға желісі қысқа схемаға түсіріледі. Бір эпизодқа аудиофрагмент қосылады. Кейіпкердің шешімі ортақ цифрлық тақтада талқыланады. Соңында оқушы 1 минуттық видео, визуалды карта немесе шағын цифрлық күнделік арқылы өз түсінігін ұсынады. Бірақ мұнда бір шарт бар: барлық әрекет қайтадан мәтінге келуі керек. Егер оқушы «маған кейіпкер ұнады» деп қана тоқтаса, жұмыс аяқталмаған. Ал «кейіпкердің ішкі күйі мына сөйлемдегі деталь арқылы берілген» [1] – деп дәлел айтса, мультимедиа әдеби талдауға айналады.

Yu және Wang digital storytelling тәсілінің тілдік дағдымен қатар цифрлық дағдыны, бірлескен жұмысты, оқу мотивациясын дамытатынын көрсетеді. Әдебиет үшін бұл тәсілдің тартымды жері — оқушы дайын мәтінді тұтынушы болып қалмайды [2]. Ол мәтінді қайта жинайды. Кейіпкер атынан видеоүндеу жасайды, оқиға желісін картаға түсіреді, негізгі эпизодқа аудиокомментарий береді, ішкі монологты цифрлық күнделік түрінде жазады. Сырттай қарағанда, мұндай тапсырма шығармашылық жұмыс сияқты көрінеді. Ішінде нақты әдеби жұмыс жатыр. Оқушы деталь таңдайды. Цитата іздейді. Авторлық позицияны аңғаруға тырысады. Өз ойына дәлел керек екенін түсінеді. Әсіресе әңгіме жанрында бұл маңызды, себебі қысқа мәтінде артық сөз болмайды: бір зат, бір үнсіздік, бір ишара кейде бүкіл тартысты ұстап тұрады.

Haavisto, Hyönä және Kaakine иллюстрацияланған мәтіндер мен бейнематериалдар арқылы үйрену мәселесін қарастырып, визуалды және мәтіндік ақпараттың түсінуге әсерін талдайды. Мұнда сақ болатын тұс бар. Визуал оқушыға көмектеседі, бірақ ол терең түсінуді автоматты түрде қамтамасыз етпейді. Әдемі сурет, сапалы бейне немесе дайын иллюстрация оқушыны қызықтыруы мүмкін. Бірақ оқушы сол суреттен кейін мәтіндегі сөзге, детальға, баяндау ырғағына қайта оралмаса, түсіну сыртқы қабатта қалады [3].

Қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда мұндай қауіп жиі кездеседі. Мысалы, ауыл, қала, жалғыздық, соғыс ізі, отбасылық үнсіздік сияқты тақырыптарды визуалмен беру оңай. Бір-екі әсерлі сурет немесе қысқа видео оқушының эмоциясын қозғайды. Бірақ әдебиет сабағы эмоциямен ғана бітпейді. Оқушы «неге дәл осы деталь ауыр әсер қалдырды?», «автор қай жерде ашық айтпай, астарлап берді?», «кейіпкердің үнсіздігі нені білдіреді?» деген сұрақтарға келуі керек.

XR, VR, AR құралдары туралы зерттеулер де осы тұрғыдан қызық. He, Xue және Xiong extended reality digital storytelling жөніндегі еңбектерді жинақтай отырып, мұндай технологиялар оқушының мотивациясы мен қатысуын арттыра алатынын көрсетеді [4]. Christou және бірлескен авторлар толықтырылған шындықты оқиғаға қатысты тапсырмаларда қолдану баяндау әлемін жақынырақ сезінуге көмектесетінін талдайды. Дегенмен бұл тұста асыра айтуға болмайды [5]. Қазақстандағы барлық мектепте VR

көзілдірік немесе AR платформасын тұрақты қолдануға мүмкіндік бар деу — шындыққа жанаспайды. Кейбір мектепте интернеттің өзі тұрақсыз. Кейбір кабинетте интерактивті тақта бар, бірақ жүйелі әдістемелік сценарий жоқ. Сондықтан VR/AR туралы айтқанда, оны міндетті құрал ретінде емес, мәтіндегі кеңістік пен мәдени ортаны түсіндіруге көмектесетін мүмкіндік ретінде қарағаны дұрыс. Мысалы, шығармадағы тарихи кезең, тұрмыстық зат, табиғи орта, кейіпкер өмір сүрген кеңістік оқушыға алыс болса, визуалды немесе кеңістіктік тірек қажет болуы мүмкін.

Қазақстандық және посткеңестік зерттеулерде де әдебиетті цифрлық құралдар арқылы оқытуға қызығушылық күшейіп келеді. К.Д.Бузаубакова мен У.Т.Нурманалиева болашақ педагогтердің цифрлық-креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін көтереді [6]. Бұл әдебиет мұғаліміне тікелей қатысты. Себебі қазіргі мұғалім тек мәтінді жақсы білумен шектелмейді. Ол қай құрал мәтінді ашуға көмектесетінін, қай құрал тек сыртқы әсер беретінін ажырата алуы керек. Мысалы, презентация кейде өте пайдалы. Бірақ әр слайдта дайын түсіндірме тұрса, оқушының ойланатын орны азаяды. Padlet пайдалы болуы мүмкін. Бірақ онда «қызық болды», «маған ұнады» деген жауаптар ғана жиналса, әдеби талдау тереңдемейді. Ал тапсырма «кейіпкердің шешімін ақтайтын немесе жоққа шығаратын бір сөйлемді тап» деп берілсе, платформа жай пікір алаңы емес, мәтінмен жұмыс істейтін құралға айналады.

А.А.Қамбарова жоғары сыныптардағы әдебиет сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану мәселесін қарастырады. Kahoot, Miro, Padlet сияқты платформалардың оқушыны сабаққа тартуға, жылдам кері байланыс алуға, топтық талқылауды ұйымдастыруға көмектесетіні айтылады [7]. Бұл рас. Бірақ платформа сабақтың мазмұнын алмастырмауы керек. Әдебиетте сұрақтың сапасы құралдан маңыздырақ. «Кейіпкер кім?» деген сұраққа Kahoot арқылы жауап беруге болады, бірақ “кейіпкер неге дәл сол шешімге келді?” деген сұрақ Miro немесе Padlet тақтасында жақсырақ ашылуы мүмкін. Әр құралдың өз орны бар.

А.А.Полумордвинова цифрландыру жағдайындағы әдеби білім берудің нәзік тұсын көрсетеді: цифрлық орта мүмкіндік береді, бірақ оқушыны мәтіннен «жоғалтып алу» қаупі де бар. Бұл ескерту қазіргі қазақ әңгімесін оқытуға дәл келеді. Әңгіме қысқа болғанымен, оның ішкі салмағы жеңіл емес. Бір абзацта тұтас тағдыр тұруы мүмкін. Бір диалогтың артында айтылмаған реніш, қорқыныш немесе тарихи жара жатады. Егер сабақта визуалды эффект тым көбейіп кетсе, мәтіннің үнсіз жерлері байқалмай қалуы ықтимал [8].

Әдебиеттің күші көбіне дәл сол көрінбей тұрған мағынада. Сондықтан мультимедиа мәтінді «безендіру» үшін емес, оқушыны сол жасырын қабатқа жақындату үшін қолданылуы керек. Тлеубекова мен Оспанов қазақ әдебиетін VR/AR платформалары арқылы оқыту әдістерін қарастырады [9]. Мұндай еңбектер қазақ әдебиетін тек дәстүрлі мәтіндік форматта емес, кеңейтілген цифрлық білім беру кеңістігінде де оқытуға болатынын көрсетеді. Бірақ тағы да бір шектеу бар: технология неғұрлым күрделі болған сайын, мұғалімнің әдістемелік шешімі соғұрлым нақты болуы қажет. Қай эпизод визуалданады? Қай деталь түсіндіріледі? Оқушы одан кейін мәтінге қалай қайта оралады? Осы сұрақтар шешілмесе, VR да, AR да әдеби талдауды құтқара алмайды.

Қарастырылған еңбектерден бірнеше маңызды түйін шығады. Мультимедиа оқушының мәтінге қызығушылығын арттыра алады. Ол күрделі мағынаны көруге, естуге, салыстыруға жағдай жасайды. Цифрлық құрал оқушыны пассив тыңдаушыдан белсенді интерпретаторға айналдыруы мүмкін. Бірақ бір қауіп үнемі сақталады: құрал көбейген сайын мәтін шетке ығысуы ықтимал. Сондықтан қазіргі қазақ әңгімесін мультимедиа арқылы оқытудағы негізгі мәселе — «қандай технология қолданамыз?» деген сұрақ емес. Негізгі сұрақ басқа: қолданылған құрал оқушыны мәтіндегі сөзге, детальға, астарға, авторлық үнге қайта алып келе ме? Егер алып келсе, мультимедиа әдебиетті оқытудың қуатты әдістемелік тетігіне айналады. Егер алып келмесе, ол сабақтың сыртқы көрінісін ғана жаңартады. Ал әдебиет сабағына сыртқы жаңару аз. Мұнда мәтіннің өзі сөйлеуі керек.

Нәтижелер. Талдаулар көрсеткен бірінші нәрсе мынау: мультимедиялық құралдар сабақтың сыртқы формасын ғана өзгертпейді. Олар оқушының мәтінге келу жолын өзгертеді. Дәстүрлісабақтаоқушыкөбінебірбағытпенжүреді: мәтіндіоқиды, мазмұндайды, сұраққа жауап береді, соңында тақырып пен идеяны айтады. Бұл жолдың да өз орны бар. Бірақ қазіргі қазақ әңгімесі сияқты астары қалың мәтіндерде мұндай схема кейде тым түзу, тым жайдақ болып қалады. Мультимедиялық тәсіл мәтінге бірнеше есік ашады. Бір оқушы мәтінді дыбыс арқылы жақсы сезеді. Екінші оқушы кейіпкерлер байланысын схема арқылы тез түсінеді. Үшінші оқушы алдымен пікір айтып, содан кейін ғана мәтінге қайта үңіледі. Төртінші оқушы цифрлық өнім жасау барысында шығарманың детальдарын қайта қарайды. Бұл жерде әңгіме оқушыға "жеңіл жол" беруде емес. Керісінше, мәтінге қайта-қайта оралатын бірнеше жұмыс жолын құруда.

Қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда алғашқы қабылдау кезеңі ерекше маңызды. Себебі көптеген оқушы мәтінді бірінші оқығанда оның сыртқы оқиғасын ғана ұстайды. Мысалы, кейіпкердің бір жерге баруы, біреумен сөйлесуі, бір шешім қабылдауы есте қалады. Ал неге солай істеді, неге үнсіз қалды, автор неге дәл осы детальды берді, шығармадағы кеңістік неге тар немесе суық сезіледі — мұндай сұрақтар көбіне кейін ғана ашылады. Егер мұғалім осы алғашқы кезеңде дұрыс бағыт бермесе, талқылау мазмұндау деңгейінен аса алмайды. Мультимедиа осы жерде жұмсақ тірек бола алады. Сабақ басында ұзақ видео көрсету міндетті емес. Кейде 30 секундтық дыбыс, бір фотодеталь, тақтадағы екі сөйлем, кейіпкерге қатысты бір белгі жеткілікті. Мысалы, оқиға ауылда өтсе, ауыл көрінісін көп суретпен толтыру қажет емес. Бір ғана деталь — бос көше, ескі есік, кешкі жарық, жел дыбысы — оқушыны атмосфераға жақындатады. Бірақ мұғалім бірден сұрақ қоюы керек: «Мәтінде осыған ұқсас көңіл күй қай жерде беріледі?» Сонда визуал мәтінге апарады.

Екінші нәтиже — көркем құрылымды көрудің жеңілдеуі. Қазіргі әңгімеде композиция кейде сызықтық болмайды. Кейіпкердің естелігі бүгінгі сәтпен араласады. Бір деталь басында жай ғана тұрмыстық белгі сияқты көрініп, соңында символдық мән алады. Бір сөйлем кейінгі оқиғаны алдын ала сездіреді. Мұндайда визуалды схема көмектеседі. Бірақ схема дайын жауап болмауы тиіс. Ол талдауға арналған бос кеңістік болғаны дұрыс. Мысалы, «кейіпкер — конфликт — деталь — авторлық ишара» деген төрт бөліктен тұратын карта беріліп, оқушылар оны мәтіннен дәлелмен толтырады. Сонда схема ойды жинайды, бірақ оқушының орнына ойланбайды.

Үшінші нәтиже — эмоциялық қабылдаудың күшеюі. Әңгіме тек мағыналық құрылым емес, оның үні бар. Кейіпкердің ішкі күйі кейде бір интонациямен ашылады. Мәнерлеп оқылған аудиофрагмент осыны сездіреді. Бірақ аудионы да сақтықпен қолдану керек. Егер оқушы тек диктордың дайын интонациясын қабылдаса, өз оқу тәжірибесі азаюы мүмкін. Сондықтан аудиодан кейін міндетті түрде салыстыру қажет: «Осы үзіндіні басқа интонациямен оқыса, мағына өзгере ме?», «Қай сөзге екпін түскенде кейіпкер күйі анық сезіледі?», «Мәтіннің өзі қандай дауыс сұрап тұр?» деген сұрақтар аудионы әдеби талдауға айналдырады.

Төртінші нәтиже — контексті нақтылау. Қазіргі қазақ әңгімесінде ұлттық-мәдени белгілер көп кездеседі. Олар кейде ашық түсіндірілмейді, себебі автор оны оқырман біледі деп есептейді. Бірақ қазіргі оқушының бәрі бірдей сол мәдени кодты түсіне бермейді. Мысалы, белгілі бір тұрмыстық зат, салтқа қатысты ишара, ауыл кеңістігінің әлеуметтік мәні, үлкен мен кішінің сөйлеу тәртібі, үнсіз қалудың этикалық мағынасы оқушыға түсініксіз болуы мүмкін. Қысқа бейнематериал, фотоколлаж, тарихи-мәдени түсіндірме осы тұста қажет. Бірақ көлемі шағын болғаны дұрыс. 3 минуттық контекст кейде 20 минуттық түсіндірмеден пайдалы. Себебі әдебиет сабағында контекст мәтінді ашу үшін беріледі, мәтінді басып қалу үшін емес.

Бесінші нәтиже — оқушының қатысу белсенділігі артады. Интерактивті платформалар осы жерде тиімді. Дәстүрлі сабақта 25 оқушының 5-6-уы ғана сөйлеп үлгеруі мүмкін. Ал ортақ цифрлық тақтада әр оқушы қысқа пікір қалдырады. Мұғалім сол пікірлерді топтастырып, талқылауға шығарады. Бірақ тапсырма нақты болуы керек. «Әңгіме туралы

ойынды жаз» деген сұрақ тым кең. Оқушы жалпы әсермен шектеледі. Ал «кейіпкердің ішкі күйін ашатын бір сөйлемді көшіріп, неге таңдағаныңды екі сөйлеммен түсіндір» деген тапсырма нақтырақ. Мұндайда цифрлық платформа пікір жинайтын жер емес, мәтіндік дәлел жинайтын ортаға айналады.

Алтыншы нәтиже — интерпретацияның белсенді әрекетке айналуы. Цифрлық сторителлинг осы тұрғыдан ерекше маңызды. Оқушы әңгіме бойынша мини-видео, аудиокомментарий, визуалды күнделік, кейіпкер хаттары, сюжет картасы, символдар коллажы сияқты өнім жасай алады. Бірақ тапсырма «әдемі жаса» деп берілсе, нәтижесі сыртқы болады. Әдеби талап қосылуы керек: кемінде үш мәтіндік дәлел қолдану, бір символды түсіндіру, кейіпкердің шешімін авторлық позициямен байланыстыру, бір эпизодты басқа қырынан қайта айту. Сонда цифрлық өнім ойын емес, интерпретациялық жұмыс болады.

Осы тұста мультимедиялық құралдарды кезең-кезеңімен қолдану тиімді көрінеді. Сабақтың басында — қызықтыру және бағыт беру. Негізгі бөлікте — мәтін құрылымын талдау. Қорытындыда — интерпретацияны сыртқа шығару. Бұл үш кезең әдеби талдаудың табиғатына да сәйкес келеді: алдымен сезіну, кейін түсіну, соңында өз пікірін дәлелдеу.

Кесте 1 – Мультимедиялық құралдар

Мультимедиялық құрал	**Сабақта қолдану тәсілі**	**Дидактикалық қызметі**	**Күтілетін нәтиже**
Презентация	Негізгі цитаталар, композиция схемасы, кейіпкер бейнесі, 2–3 проблемалық сұрақ	Талдауды жинақтау, мәтін құрылымын көзге көрсету	Оқушы тақырып, идея, композиция, конфликт байланысын нақтырақ ұстайды
Аудиофрагмент	Мәнерлеп оқу, эпизод интонациясын салыстыру, кейіпкер күйіне жақын дыбыс	Эмоциялық қабылдауды күшейту, мәтін үнін сездіру	Кейіпкердің ішкі күйін, астарлы мағынаны, баяндау ырғағын байқау жеңілдейді
Бейнефрагмент	Әңгімедегі проблемаға жақын қысқа материал, мәдени немесе әлеуметтік контекст	Мәтінді өмірлік жағдаймен байланыстыру	Оқушы шығармадағы жағдайды абстрактілі емес, нақты ортада түсінеді
Визуалды схема	Сюжет картасы, кейіпкерлер байланысы, конфликт желісі, мотивтер тізбегі	Күрделі құрылымды қарапайым тірекке түсіру	Композиция, образдар жүйесі, деталь қызметі анықталады
Интерактивті платформа	Онлайн тақта, қысқа пікір, жедел сауалнама, бірлескен цитата жинау	Қатысу белсенділігін арттыру	Сыныптағы көп оқушы талқылауға қосылады, мәтіннен дәлел келтіру көбейеді
Цифрлық сторителлинг	Мини-видео, кейіпкер күнделігі, аудиокомментарий, символдық коллаж	Мәтінді шығармашылық қайта түсіндіру	Оқушы өз интерпретациясын жасайды, бірақ оны мәтіндік дәлелмен байланыстырады

Кестеден бір нәрсе байқалады: мультимедиялық құралдардың бәрі бірдей қызмет атқармайды. Презентация мен схема — құрылым үшін. Аудио — интонация мен эмоция үшін. Видео — контекст үшін. Интерактивті платформа — қатысу үшін. Цифрлық сторителлинг — интерпретация үшін. Егер мұғалім осы айырмашылықты ескермесе, құралдар араласып кетеді. Сабақта бәрі бар сияқты көрінеді, бірақ мәтінмен жұмыс әлсіз болады.

Мультимедианың тағы бір маңызды әсері — мотивация. Бірақ мұнда өте сақ болу керек. Қазіргі оқушыны "қызықтыру" оңай емес деген сөз жиі айтылады. Кейде сол ой мұғалімді сабаққа көп видео, көп сурет, көп ойын қосуға итермелейді. Ал әдебиет сабағында мотивация тек қызықтыру емес. Нақты мотивация оқушы мәтінде өзіне қатысты сұрақ көргенде пайда болады. Мысалы, кейіпкердің жалғыздығы, таңдау алдындағы қорқынышы, әділетсіздікке реакциясы, отбасындағы үнсіздік, қоғамдағы қысым — осының бәрі оқушы тәжірибесімен жанасуы мүмкін. Мультимедиа сол жанасуды тезірек байқатады. Бірақ оны тереңдететін нәрсе бәрібір мәтін.

Осы жерде «қызық» пен «мағыналы» деген екі нәрсені ажырату керек. Қызық сабақта оқушы күлуі, таңғалуы, экранға қарауы мүмкін. Мағыналы сабақта ол мәтінге қайта оралады, дәлел іздейді, өз пікірін өзгертеді, бір сөйлемді қайта оқиды. Мультимедианың мақсаты — бірінші әсерді екінші әрекетке жеткізу. Егер ол тек бірінші әсерде қалса, сабақтың әдеби сапасы төмендейді.

Қазіргі қазақ әңгімелерін оқытуда мультимедиа әсіресе интерпретациялық дағдыны дамытуға пайдалы. Себебі әңгіме дайын мораль бермейді. Оқушы автордың айтпағанын, жартылай жасырғанын, деталь арқылы бергенін өзі табуы керек. Мысалы, кейіпкердің бір затқа қайта-қайта қарауы, есіктің жабық тұруы, даладағы ауа райы, бір сөздің қайталануы — мұның бәрі мағынаға жұмыс істеуі мүмкін. Визуалды схема осы детальдарды жинауға көмектеседі. Цифрлық тақта оларды салыстыруға мүмкіндік береді. Аудиокомментарий оқушыны сол детальдың эмоционалдық салмағын түсіндіруге мәжбүрлейді [9].

Бірақ мультимедианың шектеулері де бар. Бірінші шектеу — уақыт. 40 немесе 45 минуттық сабақта көп құрал қолдану мәтінді оқуға, талдауға, пікір айтуға уақыт қалдырмайды. Сондықтан сабақта бір негізгі құрал, бір көмекші құрал жеткілікті болуы мүмкін. Мысалы, сабақ басында 1 минуттық аудио, негізгі бөлімде визуалды схема, соңында қысқа онлайн жауап. Бар болғаны үш элемент. Бірақ бәрі мәтінге байланса, нәтиже бар.

Екінші шектеу — техникалық қолжетімділік. Барлық мектепте бірдей интернет тұрақты емес. Барлық сыныпта оқушылардың құрылғысы болмауы мүмкін. Сондықтан мультимедиялық әдісті тек күрделі технологиямен байланыстырмаған дұрыс. Кейде қағазға шығарылған визуалды карта, мұғалімнің өзі оқыған аудио, тақтадағы қарапайым схема да мультимодальды жұмысқа жарайды. Маңыздысы — құралдың қымбаттығы емес, мәтінге қызметі.

Үшінші шектеу — дайын интерпретация қаупі. Егер мұғалім кейіпкерді бір суретпен көрсетіп қойса, оқушы сол бейнені жалғыз дұрыс нұсқа деп қабылдауы мүмкін. Ал әдеби мәтінде кейіпкер біржақты болмайды. Сондықтан визуал көбіне ашық болуы керек: дайын портрет емес, белгі, деталь, көңіл күй, кеңістік. Мысалы, "осы кейіпкерге қай түс, қай дыбыс, қай зат жақын?" деген тапсырма дайын бейнеден гөрі пайдалы. Себебі оқушы өз таңдауын мәтінмен дәлелдеуге мәжбүр болады [10].

Төртінші шектеу — бағалау қиындығы. Цифрлық сторителлинг, коллаж, аудиокомментарий сияқты тапсырмаларда әдемілік пен мағынаны ажырату қажет. Кейде техникалық жақсы жасалған жұмыс әдеби тұрғыдан әлсіз болады. Керісінше, қарапайым жасалған жұмыс мәтінді терең түсінуі мүмкін. Сондықтан бағалау критерийінде дизайн бірінші орында тұрмауы керек. Негізгі өлшемдер: мәтінге сүйену, дәлелдің болуы, интерпретацияның негізділігі, детальды түсіндіру, авторлық позицияны сезу.

Қазіргі қазақ әңгімесін мультимедиа арқылы оқытуда мұғалімнің рөлі өзгереді. Ол дайын мағынаны түсіндіруші ғана емес, мәтін мен цифрлық орта арасындағы байланысты ұйымдастырушыға айналады. Бұл оңай рөл емес. Мұғалім бір жағынан әдеби талдаудың тереңдігін сақтауы керек, екінші жағынан оқушының қазіргі медиатәжірибесін ескеруі қажет. Бір жағынан мәтінді қорғауы керек, екінші жағынан оған жаңа жол ашуы керек [11]. Сабақта қолдануға болатын бір шағын модельді ұсынуға болады. Бірінші қадам — мәтінге кіріспе. Мұнда 2 минуттан аспайтын аудио немесе визуалды стимул беріледі. Екінші қадам — алғашқы оқу және әсерді белгілеу. Оқушылар мәтіннен түсініксіз немесе ауыр көрінген бір сөйлемді таңдайды. Үшінші қадам — визуалды талдау. Кейіпкер, конфликт,

деталь, кеңістік картаға түседі. Төртінші қадам — мәтіндік дәлел. Әр оқушы өз пікіріне кемінде бір цитата қосады. Бесінші қадам — цифрлық интерпретация. Топтар қысқа аудиокомментарий, символдық коллаж немесе кейіпкер күнделігін жасайды. Алтыншы қадам — қайта оқу. Мұнда оқушылар бастапқы пікірінің өзгерген-өзгермегенін айтады.

Бұл модельдің басты артықшылығы — мультимедиа мәтіннен бұрын да, кейін де мәтінге қайтып отырады. Сабақтың өзегі жоғалмайды. Оқушы экранмен жұмыс істейді, бірақ экран үшін емес; мәтінді түсіну үшін жұмыс істейді.

Мультимедиялық құралдардың қазіргі қазақ әңгімесін оқытудағы тағы бір мүмкіндігі — әртүрлі деңгейдегі оқушыларды бір жұмысқа тарту. Мәтінді бірден терең талдай алатын оқушы цитата, мотив, авторлық позициямен жұмыс істейді. Оқуы баяу оқушы визуалды схема арқылы құрылымды көреді. Сөйлеуге қиналатын оқушы онлайн тақтаға қысқа пікір жазады. Шығармашылыққа бейім оқушы цифрлық сторителлинг арқылы өз түсінігін ұсынады. Бірақ бәрінің жұмысы бір мәтінге тіреледі. Осы жерде мультимедиа саралау құралы ретінде де қызмет етеді. Дегенмен саралау деген оқушыны жеңіл тапсырмаға бөліп тастау емес. Керісінше, әр оқушыға мәтінге кірудің қолайлы жолын беру. Мысалы, бір оқушы әңгіменің конфликтісін сөзбен түсіндіреді, екіншісі схема арқылы көрсетеді, үшіншісі аудиокомментарий жасайды. Бірақ үшеуі де бір сұраққа жауап береді: шығармадағы негізгі ішкі қақтығыс неден туады? Мұнда форма әртүрлі, ал әдеби мақсат ортақ.

Қазіргі қазақ әңгімелерінің бір ерекшелігі — ондағы ұлттық-мәдени контексттің көбіне "фон" ретінде берілуі. Автор оны арнайы түсіндірмейді. Оқырман өзі тануы керек. Бірақ оқушының тәжірибесі әртүрлі. Қалада өскен оқушы ауыл өміріндегі кейбір детальды түсінбеуі мүмкін. Басқа тілдік ортада жүрген оқушы қазақы сөйлеу ишарасын байқамауы мүмкін. Осындайда мультимедиа мәдени көпір қызметін атқарады. Бірақ бұл көпір қысқа әрі дәл болуы керек. Мысалы, бір салтты түсіндіру үшін ұзақ деректі фильм емес, бір фотодеталь, бір қысқа түсініктеме, бір нақты сұрақ жеткілікті болуы мүмкін.

Мультимедиа сондай-ақ әдеби талқылауды демократияландырады. Дәстүрлі сабақта ең белсенді оқушылар сөйлейді, қалғандары тыңдайды. Интерактивті ортада әр оқушының қысқа болса да ізі қалады. Мұғалім сол іздерді көріп, сыныптың мәтінді қалай қабылдағанын тез аңғарады. Бір оқушы кейіпкерді ақтайды, екіншісі кінәлайды, үшіншісі автордың үнсіздігіне назар аударады. Осы пікірлерді салыстыру әдеби талқылауды тірілтеді. Бірақ мұғалім пікірді жай жинап қоймай, мәтінге қайта апаруы керек: "Қай сөйлем сенің ойыңды дәлелдейді?"

Мультимедиялық сабақта ең қауіпті нәрсе — мәтіннен айырылып қалу. Әдебиет сабағының ортасында бәрібір сөз тұруы керек. Автордың сөзі. Кейіпкердің сөзі. Баяндаушының сөзі. Үнсіз қалған жердің өзі сөз сияқты талдануы керек. Мультимедиа сол сөзді естіртуге, көрсетуге, сездіруге көмектескенде ғана құнды.

Осы талдау қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда мультимедиялық құралдардың бірнеше нақты дидактикалық қызметін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Біріншіден, олар мәтінге бастапқы қызығушылық тудырады. Екіншіден, оқушыға көркем құрылымды көруге көмектеседі. Үшіншіден, эмоциялық қабылдауды күшейтеді. Төртіншіден, ұлттық-мәдени және әлеуметтік контексті нақтылайды. Бесіншіден, оқушының қатысуын арттырады. Алтыншыдан, интерпретацияны шығармашылық әрекетке айналдырады. Бірақ осы қызметтердің бәрі бір шартқа бағынады: мәтін сабақтың ортасында қалуы керек.

Қорытынды. Қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда мультимедиялық құралдарды қолдану жай ғана заман талабына ілесу емес. Мұнда тереңірек педагогикалық мәселе бар. Қазіргі оқушы мәтінді бұрынғы оқушы сияқты қабылдамайды. Ол дыбысқа, бейнеге, интерактивке, жылдам ауысатын ақпаратқа үйренген. Бірақ әдеби мәтін одан басқа әрекетті талап етеді: тоқтауды, қайта оқуды, астарды көруді, детальға мән беруді, өз пікірін дәлелдеуді. Мультимедиа осы екі тәжірибенің арасын жалғай алады. Бірақ оны дұрыс қолданғанда ғана. Талдау көрсеткендей, мультимедиялық құралдар қазіргі қазақ әңгімесін оқытуда бірнеше бағытта пайдалы. Олар мәтінге кіруді жеңілдетеді, алғашқы қабылдауды

күшейтеді, композиция мен образдар жүйесін көрнекі етеді, оқушылардың талқылауға қатысуын арттырады, цифрлық сторителлинг арқылы интерпретациялық әрекетті белсендіреді. Әсіресе психологиялық тереңдігі бар, астарлы мағынасы көп, мәдени деталі мол әңгімелерді оқытқанда мұндай құралдар оқушыға тірек болады. Бірақ мультимедиа мәтіннің орнына жүре алмайды. Бұл — ең негізгі шектеу. Егер сабақта видео көп, презентация әдемі, платформа белсенді болып, бірақ оқушы мәтіннен дәлел келтірмесе, әдеби талдау тереңдемейді. Мұндайда сабақ сырттай заманауи көрінуі мүмкін, бірақ ішкі мазмұны әлсіз қалады. Сондықтан мультимедиялық құралдың сапасы оның техникалық күрделілігімен емес, мәтінге қаншалықты қызмет ететінімен өлшенуі керек.

Практикалық тұрғыдан ең тиімді жол – мультимедианы аз, бірақ дәл қолдану. Сабақ басында қысқа стимул, талдау кезінде визуалды тірек, қорытындыда интерпретациялық цифрлық тапсырма жеткілікті болуы мүмкін. Әр құралға бір нақты міндет жүктелуі керек. Аудио – интонация үшін. Схема – құрылым үшін. Видео – контекст үшін. Интерактив – пікір мен дәлел үшін. Цифрлық сторителлинг – жеке түсінікті көрсету үшін. Осы рөлдер шатаспаса, сабақ жинақы әрі мағыналы болады.

Қазіргі қазақ әңгімесін мультимедиялық құралдар арқылы оқытудың басты ерекшелігі де осында: ол әдебиетті жеңілдетпейді, қайта оған кіру жолдарын көбейтеді. Оқушы мәтінді тек оқып шықпайды; тыңдайды, көреді, салыстырады, белгілейді, талқылайды, қайта құрады. Бірақ әр қадамда мәтінге оралып отырады. Осындай жағдайда мультимедиа әдебиет сабағына сырттан қосылған әшекей емес, көркем мәтінді түсінудің нақты әдістемелік құралына айналады.

Алдағы зерттеулерде бұл бағытты нақты сабақ сценарийлері арқылы жалғастыру маңызды. Мысалы, бір қазіргі қазақ әңгімесін аудио, визуалды схема, интерактивті талқылау және цифрлық сторителлинг арқылы оқытудың нәтижесін салыстыруға болады. Қай құрал оқушының мәтінді түсінуіне көбірек әсер етеді? Қайсысы мотивацияны арттырады? Қайсысы интерпретациялық дағдыны дамытады? Қай жерде мультимедиа артық болып кетеді? Осы сұрақтарға тәжірибелік жауап берілсе, қазіргі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі нақтырақ, дәлелдірек, өмірге жақынырақ болар еді.

Әдебиеттер

1. Tombleson B. Transmedia learning: A literature review // Technology, Pedagogy and Education. – 2024. – Vol. 33. – №2. – P. 255-269. DOI: https://doi.org/10.1080/1475939X.2024.2310681

2. Yu B., Wang W. Using digital storytelling to promote language learning, digital skills and digital collaboration among English pre-service teachers // System. – 2025. – Vol. 129. – P. 1-14. DOI: https://doi.org/10.1016/j.system.2024.103577

3. Haavisto M., Hyönä J., Kaakinen J. K. The “simple” view of learning from illustrated texts and videos // Learning and Instruction. – 2025. – Vol. 96. DOI: https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2025.102200

4. He X., Xue J., Xiong H. A systematic review and meta-analysis of applying extended reality digital storytelling for assisted learning in education // He X., Xue J., Xiong H. A Systematic Review and Meta-analysis of Applying Extended Reality Digital Storytelling for Assisted Learning in Education // Virtual Reality. – 2026. – Vol. 30. – Article 122. DOI: https://doi.org/10.1007/s10055-025-01268-0

5. Christou E., Parmaxi A., Ioannou A. Augmented reality for story-related activities in primary and secondary education: A systematic review // Universal Access in the Information Society. – 2026. Vol. 25. – 18 p. DOI: 10.1007/s10209-025-01290-8

6. Бузаубакова К.Д., Нурманалиева У.Т. Технологические и методические аспекты формирования цифровых креативных компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного образования в Республике Казахстан // Journal of Educational Sciences. – 2021. – Vol. 68. – №3. – Б. 71-82. DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2021.v68.i3.07

7. Камбарова А. А. Использование цифровых технологий на уроках литературы в старших классах. – 2025. – №1. – С. 176-182

8. Полумордвинова А. А. Цифровизация литературного образования: как не «потерять» ученика? // Концепт. – 2024. – № 4. – С. 294-310. DOI: https://doi.org/10.24412/2304-120X-2024-11058

9. Темирболат А. Б. и др. Инновационные технологии изучения литературы // Keruen. – 2025. – № 2. – P. 49-66. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-03

10. Тлеубекова Б. Т., Оспанов Е. Т. Қазақ әдебиетін VR/AR платформалары арқылы оқыту әдістері // Құзыретті педагог. – 2025. – № 4(44). – Б.25-33.

11. Nik E., Mifsud L., Chircop D. Exploring the potential of digital storytelling in a widening participation context // Educational Review. – 2024. – №3. – P. 329-346. DOI: https://doi.org/10.1080/00131881.2024.2362336

Ш.САТКЕНОВА, С.Б.ТЛЕУБАЕВ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ СРЕДСТВ

Аннотация. На уроках литературы можно столкнуться с проблемой понимания текста. Ученик читает текст, но не всегда «входит» во внутренний слой художественного произведения. Особенно это заметно при изучении современного казахского рассказа. Несмотря на небольшой объём, этот жанр отличается высокой смысловой плотностью, насыщенностью деталями и сложной психологической динамикой. В пределах одной-двух страниц могут одновременно проявляться внутреннее состояние героя, социальный фон, национально-культурные маркеры, «молчаливый» конфликт и скрытая авторская позиция. В обучении современному казахскому рассказу недостаточно ограничиваться чтением и последующим пересказом содержания. Ключевой вопрос — как ввести ученика в текст: какие опоры помогают ему думать, в какой момент визуальные, аудиальные и интерактивные средства действительно поддерживают понимание. В статье мультимедийные инструменты рассматриваются не как внешнее «украшение», а как конкретный дидактический механизм работы с текстом. Показано, что презентации, аудиофрагменты, видеоматериалы, визуальные схемы, интерактивные платформы и цифровой сторителлинг выполняют разные функции на уроке: помогают удержать структуру текста, почувствовать атмосферу, стимулируют высказывание и открывают пространство для творческой интерпретации. Одновременно обозначается методический риск: если мультимедиа начинает вытеснять сам текст, литературный анализ превращается в эффектное, но поверхностное впечатление. В связи с этим рассматриваются не только возможности, но и границы использования мультимедийных средств, их дозировка и потенциальные методические ограничения. Делается вывод, что мультимедиа оказывается результативной лишь тогда, когда не заменяет текст, а возвращает ученика к нему вновь и вновь, углубляя читательскую работу.

Ключевые слова: современный казахский рассказ, мультимедиа, преподавание литературы, мультимодальное обучение, цифровой сторителлинг, интерпретация, читательская активность.

SH. SATKENOVA, S. TLEUBAEV

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF TEACHING CONTEMPORARY KAZAKH SHORT STORIES THROUGH MULTIMEDIA TOOLS

Annotation. There is a challenge in literature classes that seems simple at first glance: students read a text but do not always enter its deeper artistic layer. This is particularly evident when teaching the contemporary Kazakh short story. Although brief in length, the genre is meaning-dense, detail-rich, and psychologically intricate. Within one or two pages, a story

may simultaneously convey a character's inner state, a social background, national and cultural markers, a "silent" conflict, and an implicit authorial stance. Therefore, teaching contemporary Kazakh short stories cannot be limited to assigning a text and checking content comprehension. The central issue is how to guide learners into the text: what supports prompt reflection, and at what point visual, auditory, or interactive elements genuinely facilitate understanding. The article treats multimedia tools not as decorative add-ons but as specific didactic mechanisms for working with literary texts. It argues that presentations, audio fragments, video materials, visual schemes, interactive platforms, and digital storytelling serve different classroom functions: they help students grasp text structure, sense atmosphere, articulate responses, and develop creative interpretation. At the same time, a methodological risk is emphasized: when multimedia begins to displace the text itself, literary analysis can devolve into an externally driven impression. Thus, the article addresses not only the potential of multimedia integration, but also its limits, dosage, and methodological risks. The main conclusion is that multimedia is effective only when it does not replace the text, but repeatedly returns students to it, deepening their reading and interpretive engagement.

Keywords: contemporary Kazakh short story, multimedia, literature teaching, multimodal learning, digital storytelling, interpretation, reader engagement.

References

1. Tombleson B. Transmedia learning: A literature review // Technology, Pedagogy and Education. – 2024. – Vol. 33. – №2. – P. 255-269. DOI: https://doi.org/10.1080/1475939X.2024.2310681

2. Yu B., Wang W. Using digital storytelling to promote language learning, digital skills and digital collaboration among English pre-service teachers // System. – 2025. – Vol. 129. – R. 1-14. DOI: https://doi.org/10.1016/j.system.2024.103577

3. Haavisto M., Hyönä J., Kaakinen J. K. The "simple" view of learning from illustrated texts and videos // Learning and Instruction. – 2025. – Vol. 96. DOI: https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2025.102200

4. He X., Xue J., Xiong H. A systematic review and meta-analysis of applying extended reality digital storytelling for assisted learning in education // He X., Xue J., Xiong H. A Systematic Review and Meta-analysis of Applying Extended Reality Digital Storytelling for Assisted Learning in Education // Virtual Reality. – 2026. – Vol. 30. – Article 122. DOI: https://doi.org/10.1007/s10055-025-01268-0

5. Christou E., Parmaxi A., Ioannou A. Augmented reality for story-related activities in primary and secondary education: A systematic review // Universal Access in the Information Society. – 2026. Vol. 25. – 18 p. DOI: 10.1007/s10209-025-01290-8

6. Buzaubakova K.D., Nurmanalieva U.T. Tehnologicheskie i metodicheskie aspekty formirovania sifrovyh kreativnyh kompetensi buduşih pedagogov v usloviah distansionnogo obrazovania v Respublike Kazahstan // Journal of Educational Sciences. – 2021. – Vol. 68. – №3. – B. 71-82. DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2021.v68.i3.07

7. Kambarova A. A. İspölzovanie sifrovyh tehnologi na urokah literatury v starşih klasah. – 2025. – №1. – S. 176-182

8. Polumordvinova A. A. Sifrovizasia literaturnogo obrazovania: kak ne «poterät» uchenika? // Konsept. – 2024. – № 4. – S. 294-310. DOI: https://doi.org/10.24412/2304-120X-2024-11058

9. Temirbolat A. B. i dr. İnnovasionnye tehnologii izuchenia literatury // Keruen. – 2025. – № 2. – P. 49-66. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-03

10. Tleubekova B. T., Ospanov E. T. Qazaq ädebietın VR/AR platformalary arqyly oqytu ädısterı // Qūzyrettı pedagog. – 2025. – № 4(44). – B.25-33.

11. Nik E., Mifsud L., Chircop D. Exploring the potential of digital storytelling in a widening participation context // Educational Review. – 2024. – №3. – R. 329-346. DOI: https://doi.org/10.1080/00131881.2024.2362336.

Авторлар туралы мәлімет:

Тлеубаев Советхан Баянович – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан.

Тлеубаев Советхан Баянович – кандидат филологических наук Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Tleubayev Sovetkhan Bayanovich – Candidate of Philological Sciences of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Саткенова Шынар – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Саткенова Шынар – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Satkenova Shynar – doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Техникалық редакторлар: **М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев, Г.Қ. Қиарыстанова**

Компьютерде беттеген: **Ж.Қ. Оспан**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. 2026. – 3.
– Астана: А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.
– 341 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.